Социокультурное пространство социализма детерминировало противостояние «бывших» и «новых», гражданская война разделила страну на «благонадежных» и «неблагонадежных», сначала чистки, самокритика и разоблачение, затем аресты и расстрелы. Ответы на вопросы «Почему начались репрессии», «Зачем», «С какой целью», «Кто кукловод» и пр., вызывают жаркие дискуссии. Вопросов больше, чем ответов. По истории политических репрессий накоплен значительный эмпирический материал, процесс реабилитации жертв насилия продемонстрировал абсурдность обвинений, фабрикации судебных процессов, вряд ли мы сможем получить ответ касаясь причин массовых репрессий. Можно подтвердить директивное планирование и руководство репрессивным механизмом, регламентацию действий органов НКВД, шаблонность операций во взаимосвязи регионов с центром.

<sup>1</sup> Сигизмунд Леваневский летчик, направленный на спасение челюскинцев, потерпел аварию, в результате которой его тоже спасали.

<sup>2</sup> Ванкарем чукотское стойбище, ставшее центром операции по спасению челюскинцев

<sup>3</sup> Михаил Водопьянов полярный летчик, участник операции по спасению челюскинцев

Задача исследователей советской истории на текущем этапе комплексный междисциплинарный подход в выявлении глубинных процессов и явлений политических репрессий, критическое переосмысление имеющихся в открытом доступе материалов. Вне фокуса ученых остались национальные, кулацкие операции, персональная история жертв политического террора, судьбы женщин, детей членов семьи изменника родины (ЧСИР) и многое другое, в том числе участники Туркестанского легиона, крестьянских восстаний. История политических репрессий содержит множество неизвестных страниц, трагических судеб «маленьких людей», оказавшихся в безжалостном молохе строительства нового порядка.

#### Список использованной литературы

1 Юзефович Н. Идеологизированный субстрат номинаций счастье и тоска в России предвоенного периода в статье Шейлы Фицпатрик//*Политическая лингвистика* 1 (47)'2014 С. 279-283

2 Гринева-Гринева С.В., Сорокина Э.А. Язык как средство изучения познания и эволюции человека (к 10-летней годовщине появления антропологической лингвистики)// *Вестник МГОУ. Серия: Лингвистика.* 2014. №5. С.12-25

3 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.2. Д.3355.

4 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.1. Д. 2403

5 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.2. Д.2633

6 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.2. Д.2577

7 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.2. Д.2574

8 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.2. Д.2632

9 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.2. Д.2604

10 ГАВКО. Ф. 135. Оп. 1. Д. 418. 155 л.

11 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.1. Д. 2392

12 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.1. Д. 2391

13 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.1. Д. 2390

14 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.1. Д. 2433

15 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.2. Д.2396

16 Архив ДВД ВКО Ф.19. Оп.2. Д.3664

17 Сидорчик А. Трагедия, ставшая триумфом. «Челюскин» погиб из-за ошибки Отто Шмидта?//*Аргументы и факты.* 13.02.2014

УДК 94(574)

ГРНТИ 03.20.09

Сәрсембина Құралай Қуандыққызы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
археология және этнология кафедрасының доценті, т.ғ.к.,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

E-mail: kuralai\_sk@mail.ru

### САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ӘЙЕЛДЕР (1925-1938 жж.)

#### Аңдатпа

Мақалада сталиндік саяси қуғын сүргіннің зардаптары деректер негізінде зерделенеді. Саяси қуғын-сүргін жүйесінің орнығуы, 1937-1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін саясатына даярлық 1920-шы жылдардың ортасынан басталғандығы, саяси қуғын-сүргін шараларының құқықтық актілермен, нормативтік құжаттар негізінде жүргізілгендігі адамның табиғи бостандығын шектеуге негізделген саясат рухани құлдықты оятқандығы тұжырымдалады. Сонымен қатар, саяси қуғын-сүргін жылдарында жазықсыз жазаланған тұлғалардың отбасы мүшелерінің қудалануы, әйелдердің түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлерінде азап көргендігі баяндалады.

Саяси қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз жазаланған әйелдердің тағдыры деректер негізінде зерделенген. АЛЖИР – де жазықсыз азап шеккен аналар тағдыры тоталитарлық жүйенің қылмысы екендігі дәйектеледі.

**Кілт сөздер:** саяси қуғын-сүргін, тоталитаризм, ұлттық сана, отбасы, саясат, мемлекет, руханилық, қуғын-сүргін шаралары



Сәрсембина Құралай Қуандыққызы<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
к.и.н., доцент кафедры археологии и этнологии  
E-mail: kuralai\_sk@mail.ru

## ПОЛИТИЧЕСКИ РЕПРЕССИРОВАННЫЕ ЖЕНЩИНЫ (1925-1938 гг.)

### Аннотация

В статье изучаются последствия сталинских репрессий на основе исторических данных. Поддержание системы политических репрессий, массовых репрессий во время 1937-1938 годов, а также начиная с середины 1920-х годов политические меры и политические репрессии проводились на основе правовых норм, действовавших на основе естественного ограничения свободы человека что вдохновило духовное рабство. В статье также описываются преследования членов семей невинных жертв политических репрессий, пытки женщин в тюрьмах и трудовых лагерях.

Судьба женщин, подвергшихся политическим репрессиям и невинным наказаниям, изучалась на основе данных. АЛЖИР утверждает, что судьба невинных жертв является преступлением тоталитарной системы.

**Ключевые слова:** политическая репрессия, тоталитаризм, национальное сознание, семья, государство, духовность.

<sup>1</sup>Sarsembina Kuralai Kuandykkyzy  
<sup>1</sup>Eurasian National University. L.N. Gumilyov, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the  
Department of Archeology and Ethnology

## WOMEN, THAT MET POLITICAL TO THE REPRESSION

### Annotation

In the article studied on the basis of the data on the fate of the innocent women suffering persecution, labor camps and prisons in the years of Stalin's political repression.

The article examines the fate of women who suffered innocent victims of ALZHIR camp (Akmola camp of wives of traitors to the motherland). The fate of women is described who found innocent in prison during the years of Stalin's political repressions. In the prison camp had been the wives, siblings, mothers of intelligent public figures. The "mothers of convicts" work not only suffered losses but also earned to the state. They did hard work and were numbered and justified, and had no spiritual rights to suffer. The Soviet policy has aggravated people from their society, imprisoned in prisons and instilled fear and anxiety. The captive mother has also heard a grave word from the prison staff, and sometimes they took hard strike, the fact that women in the camps have a hard time, hunger and cold, and frequent deaths among women in the illness.

**keywords:** repression, totalitarianism, national consciousness, state, society, labor camp.

Қазақ ұлты басынан небір қилы кезеңдерді өткеріп, тағдыр тауқыметін көп көрген ұлт. Империялық мүдденің қитұрқы саясатының құрдымына жұтылып барып, қазақтығынан, түйіндеп айтсақ ұлттық болмысының ерекшелігі арқасында ұлттық қуатынан айрылмаған жұрт. Әрбір адамның отбасына, ұлтына, адам баласына (адамзат) қызмет ете білуі табиғи заңдылық екендігін тілге тиек ете отырып, ұлтын сүю қасиеті арқылы ұлттық рухтың тамырын тереңге жаятындығын, ұлттық қуаттың өміршең болатындығын да мойындаймыз. Өкінішке орай, жат пиғылдағы саясат (патшалық, одан қалды кеңестік үлгідегі Ресей) қазақты ұлттық қуатынан ажыратудың неше түрлі әдіс – тәсілдерін өмірге әкеліп, ұлттық рухымызды жасытты. Кең даланың төсінде емін - еркін өсіп, «Мен Алашпын, Мен қазақпын» деген тұзу санамен жетіліп, жан-жақтан анталаған жаудан елі мен жерін қорғауды парызы деп ұғынған қазақ баласын бодандықтың қамыты рухани қажытты. Алайда, әр ғасыр шеңберінен бір-бірімен рухани сұхбаттасқан тұлғалар арқылы қазақ рухы өзінің күре тамырынан ажырамады. Өйткені, қазақты ұлттық болмысынан алшақтатуға ұмтылған өктем саясатқа қазағын сүйген нағыз зиялылар бөгет болды.

Ұлтын сүйгендер қазақ баласының тұзу тәрбиесіне сызат түсірмеу үшін, ұлтты аман сақтау жолында өз жандарын аямады. Әрине, олардың феноменін түсіну, халыққа түсіндіру, сол тұлғалардай жас буынды тәрбиелеу мәселесі арнайы зерделенетін тақырып. Қуғын-сүргін шаралары ой еңбегінің рухани болмысын меңгерген зиялылар үшін өте ауыр болды. Олар рухани жағынан адам айтып түсіндіре алмас азап шекті.

Бұл да өз алдына арнайы зерделенетін мәселе. Ал, біздің айтқымыз келгені, сталиндік саяси қуғын-сүргін жылдарының ұлтты рухынан, тұлғаны ұлтынан, отбасын қоғамнан, әйелді күйеуінен, баланы ата-анадан, адамдарды бір-бірінен өгейлендірген сұмдық саясатының ұлт санасына түсірген зардаптары. Қазақты қазақтықтан «сақтандырған» кеңестік «тәрбиенің» зардаптарын ой елегінен өткізу арқылы, ұлт санасына түскен сызаттың қазіргі таңдағы қалдықтарын жоюға жұрт болып жұмылар едік. Әлі күнге дейін қызылдар салған сүрлеудің ылаңы байқалып қалады. Оған мысал ретінде паракорлық, әділетсіздік, шенқұмарлық, атаққұмарлық және т.б. адамды тексіздікке жетелейтін жат қылықтарды атауға болады.

«Рухани жүдеген, іштей азғындаған жан жеңілтек мінезге немесе дөрекілікке тез ұрынады. Әлсіздіктен құбылады. Қасіретті сәттерде жеңілтектің қолы қанжарға үйір болады да, опасыздығымен үлкен кесепатқа ұшыратады, жағымды іске жетелетпейді. Тірлігі, мақсаты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолында жақсылар сирейді, зиялылар өзіне деген сенімнен арылады. Халық бақытсыздыққа ұшырайды... Тірегінен айрылған халықта қауымдастық қожырайды, бірліктің берекесі кетеді» [1, 5 б.], - деп жазған философ Ж.Молдабековтың ойлары, тоталитаризмнің іретасын берік қалаған Сталин заманына арналғандай. Қуғын-сүргін саясаты бұрынғы интеллигенцияны “кеңестендіру процесінен” бастау алды. Осылайша басталған саяси қуғын-сүргін жүйесі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде де орныға бастады.

1937-1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін саясатына даярлық 1920-шы жылдардың ортасынан басталды. 1920 жылдың ортасына дейін ауыл шаруашылығына зиян келтіруші жәндіктер мен жануарларға қолданылған “зиянкес” сөзі 1925-жылдан бастап саяси мәнге ие болып, қуғын-сүргін тұсындағы айыптау процестерінде, әсіресе ОГПУ коллегиясында 1934 жылға дейін жиі пайдаланылды. Алайда, Қылмыстық Кодекске еңбей қалып, оның орнына Қылмыстық Кодекстің “контрреволюциялық бүлік” және “мемлекеттік өндірісті бүлдіру”-деген 58-14, 58-7 баптары өмірге келеді [2, 63б.].

Саяси қуғын-сүргін зобалаңының ауқымы жантүршігерлік. Жазықсыз жазаланғандар саны әлі күнге дейін әр түрлі мөлшермен айтылады. Батыс әлемінде “ұлы тазарту”, “сталиндік тазарту” деген атпен белгілі. Жак Россидің айтуынша 1,5 млн. адам жаппай жүргізілген жабық процестерде ату жазасына кесілген. Сонымен қатар “контрреволюциялық іс-әрекет үшін” сотталғандарға 1935 жылға дейінгі сақталынып келген жеңілдіктер жойылады. “Ұлы тазарту” құрбандары арасында “За что боролся, на то напоролся”, - деген сөз кеңінен тарайды [2, с.49].

Кеңес өкіметін орнатуға атсалысқан большевиктер де, кейін кеңестік құрылысқа тартылғандар да жаппай, өздері сенім артқан мемлекет тарапынан қуғын-сүргінге ұшырады. 1935 жылы КСРО ІХК “контрреволюциялық іс-әрекеті үшін” сотталғандарға жазаларын өтегеннен кейін де тұрғылықты жерді өз еркімен таңдауға тиым салды. Кез-келген “саяси қылмысы” үшін айыпталғандар “аса қауіпті рецидивист” атанған.

Адамдарды жаратылысына тән еркін ойлау қабілетінен айыру, әрбір адамның өз ұлтына тән ұлттық сана-сезімін жою саясаты 1920-1950 жылдардағы қуғын-сүргін шараларымен жүзеге асырылды. Адамның табиғи бостандығын шектеуге негізделген саясат рухани құлдықты оятты. Саяси қуғын-сүргін шаралары құқықтық актілермен, нормативтік құжаттар негізінде жүргізілді. 1926 жылы Бүкілодақтық Атқару комитеті РСФСР қылмыстық кодексін қабылдап, саяси қуғын-сүргінді негіздейтін баптардың бірқатарын өмірге әкелді. Әсіресе, 14 бөлімнен тұратын 58-бап жұртшылыққа қайғылы жағымен танымал болды. Оның 12 бөлімі «контрреволюциялық қылмысқа» қарсы бағытталып, ату жазасы үкімін белгілейтін еді. Аталған кодексте ату жазасы үкіміне кесетін 46 бап көрсетілді. 1927 жылдың 27-ақпанында мемлекеттік қылмыс туралы ереже күшіне еніп, қылмыстық кодекстің бірінші тарауы «мемлекеттік қылмыс» деп аталынды. 58 бап «контрреволюциялық қылмысқа» арналса, 59 бап «басқару тәртібіне қарсы КСРО үшін аса қауіпті қылмыстарды» жүйеледі. Сондай-ақ қуғын-сүргін шараларына жол ашатын жаңа баптар жылма-жыл қылмыстық кодекске қосылып отырды. Осылайша, саяси қуғын-сүргін қоғам өмірінен берік орын ала бастады. РСФСР ҚК-нің 58-бабының бөлімдері ішінде, 10-шы бөлім ғана (Кеңес өкіметі әлсірету үшін үгіт жүргізу) “залалсыз” болған. Себебі, аталмыш бап 8-10 жыл мерзіммен бас бостандығынан айыру жазасын белгілейтін еді. Ал, 58 баптың қалған бөлімдері адамдар үшін аса қауіпті болды [2, с.37].

1937 жылы 20 қаңтарда Ежовтың құпия бұйрықтарының бірінде атылғандардың жерленген жерін көрсетпеу туралы айтылады[3]. Стефан Куртуа, Николя Верт және өзге де авторлар бірігіп жазған “Черная книга коммунизма: преступления террор репрессии, 95 млн. жертв” деп аталатын кітапта кеңес өкіметі 60 млн. адамды репрессияға ұшыратқандығы, сондай-ақ репрессияның 1922, 1928, 1931 жылдары баяу, ал 1937 жылы наурыз-сәуірде өте жоғары деңгейде болғаны көрсетіледі[4].

1937 жылы жоғару оқу орындары тексеріліп, профессор-оқытушылар құрамына қатты мән беріледі. Дәлел келтірсек: “Әлеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасы саяси үйірмелер мен семинарларға көмек

бермейді. Оқу орындарында таптық саяси насихаттаулар жоғарыдан нұсқау берілгенде ғана жүргізіледі. Барлық жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысының жоспары да жоқ. Дінге қарсы үгіт жүргізілмейді. Партияға аз кіруде. ҚазПИ-де партияға кіруге 1 арыз ғана, ҚазГУ-де 3, СХИ-де 3 және тағы басқаларда да осындай мардымсыз деңгейде арыздар берілген. Троцкистік-Бухариншіл және ұлтшыл-фашист бандит, шпиондарды ғылыми зерттеу мекемелерінен талқандап, сынау, өзін-өзі сынауды күшейту керек. Кітапханалар мен ғылыми-зерттеу институттарын тексеру-тазартуды аяқтап, әйел ғалымдарды қоғамдық саяси жұмыстарға белсенді араластыру керек” [5, 17 п.]. Сот қызметкерлері және мұғалімдерге аттестация жүргізу кезінде 1937 жылы репрессияға ұшырағандар саны күрт артады. Аттестация кезіндегі сотталғандар саны мен тізімі мұрағатта сақталғанымен, оның ішінде әйелдер нақтылы көрсетілмеген. Тек қана партия мәжілістерінің хаттамаларынан ғана әйелдерді табуға болады.

1937-1938 жылдары барлық өңірлердегі әртүрлі деңгейдегі партия комитеттері мәжілістерінің қалай өткізілгені, оған қанша адамның қатысқандығы да қатаң бақылауға алынады. Мысалы, Қарағанды облыстық партия комитетінің 1938-жылғы 9-тамыздағы мәжілісіне 3 партия мүшесі ғана қатысқан, ал шығыс Қазақстанда 11-шілдеде 4 партия мүшесі ғана қатысқан бюро отырысы өткізілгендіктен, “партиялық қағиданы” бұзғандар жауапқа тартылған. Осы жылдары партия бюросын жиі-жиі шақыру және оған көп адамның қатысуы, күн тәртібіндегі мәселелерді қызу талқылау арқылы партияны құрметтеу қажеттілігі ескеріліп, нәтижесінде мәжілістердің бірнеше сағаттарға созылуы (кейде 7-8 сағатқа да созылған) үйреншікті құбылысқа айналады.

Осы тұста Юстиция Халық Комиссариатының апта сайын қуғын-сүргінге ұшырағандардың санын сұратып отырғанын ескерсек, осы мәселе төңірегінде қордаланған көптеген жайттың мәнін ұғынар едік. Мәселенің түйіні саяси қуғын-сүргін жүйесінің орнығуына, саяси қуғын-сүргіннің тетіктеріне келіп тіреледі. Сол жылдары орта ғасырлық жазалау тәсілдерін қолдану нәтижесінде “қылмыскерлер” саны қолдан көбейтілген. Сот процестері А.Я.Вышинскийдің “дәлелдердің ханшасы” (царица доказательств) теориясының нәтижесінде жемісті болды. Әсіресе, 1937-1938 жылдары «конвейер» жүйесімен тергеу ісі ПХК-ты органдарының басты тірегі болды. Жак Росси «Справочник по ГУЛАГУ» деген еңбегінде «Конвейер дегеніміз бірнеше сағат, тәулік, апта бойы үздіксіз, демалыссыз жүргізілетін тергеу», - дей келе, әрі қарай айыпкерді қинау тәсілдеріне тоқталады[2, с.79].

Қуғын-сүргін саясаты қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтыды. Тіпті, экономикалық науқандар төңірегінде ғана емес, сонымен қатар ұлтаралық қатынастар саласында да ұйымдастырылды. Тіпті, 1926 жылдың өзінде-ақ қазақ өлкелік БК(б)П комитетінің хатында: «...қазақ коммунистеріне еуропалықтармен жақын араласып, оларға жат көңілмен қарамау қажеттілігі» ескертілген болатын[6, 138-п.].

«Революциялық заңдылықты қорғау» шаралары қуғын-сүргін саясатымен ұштасты. Қазақ қоғамының дәстүрлі дамуын күйретуге бағытталған қуғын-сүргін саясатына ер азаматтармен бірге әйел-аналарда, бейкүнә сәбилер де ілінді. Қуғын көрген бір тағдыр, бір адамның жан азабы оның төңірегіндегілерге, отбасы мүшелері мен тума-туыстарына зор қайғы-қасірет әкеліп, ұлттық санаға сызат түсті. Өйткені, адам тағдырынан ұлт тағдыры анықталады. Біздерге сталиндік саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар есебі сол кезеңнің қылмысын ашып, оның ауқымы мен ақиқатын тануға ғана көмектеседі.

Мұрағат құжаттарына кезек берсек: Ақмола түрмесіндегі сотталған 93-әйелдің (оның 14-і қазақ) істерін қарағанда, РСФСР ҚК-ң 162 және 58-баптарымен сотталғандардың көптігі бірден байқалады[7, 74-п.]. РСФСР Қылмыстық кодексінің 162-178 баптары мүліктік қылмысқа, ал 58 баптары контрреволюциялық қылмысқа арналған болатын. Ал, 58-баптың 1-бөлімі «Кеңес өкіметінің билігін» әлсіретуге бағытталған іс-әрекеттердің барлығы контрреволюциялық болып табылады» - деген мазмұнда, 10 жылдан бас бостандығынан айыру немесе ату жазасы үкімін белгіледі. Сотталғандардың жасы әртүрлі және жеке істері де жүйесіздікпен толтырылған. Мысалы Варишкешкина Агрошиния деген әйелдің ісінде (№ 1214 іс) 75 жаста. 1932 жылы 26 тамызда сотталған. Нан ұрлағаны үшін 10 жылға айдалған деп қана жазылған. Сонымен қатар сотталған әйелдердің әлеуметтік жағдайы да қатаң ескерілген. Мәселен, орташа және ауқатты, бай тегінен шыққандардың арыздары қанағаттандырылмаған[8, 138-п.]. Сонымен қатар өзге аймақтардан арнайы жер аударылған әйелдер де қудалауға көп ұшыраған. Айыпқа тартылған әже-апалардың қылмыстық істерін қарағанда Кеңес өкіметінің адам тағдырын тәлкек қылған саясаты айқындалады. Мысалы, 79 жасында РСФСР ҚК-ң 58-бабымен ОГПУ шешімімен сотталған Кубжасарова Райса әжеміздің № 523-ші, үш парақтан тұратын қылмыстық ісінде адам айтарлықтай қылмыс жазылмаған. Ол кісінің ауылшаруашылығымен айналысқандығы және 1931 жылы 20 қарашада сотталғандығы айтылған. Сонымен қатар кәнігі қылмыскерше саусақтарының таңбасы алынған[9, 7-п.]. Мұрағат құжаттарында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің аты-жөні, тегі, үкімі, туған жылы және өзге де қажетті дерек көздерінің кейде жазылмай қалғандығын да ескеру шарт. Тұтқындардың

кылмыстық іс-қағаздары дұрыс толтырылмаған. Осы мәселе 1931-жылы айтылғанымен, еш нәтиже шықпаған. Сонымен қатар грамматикалық қателер де өте көп. Түрмедегі айыпқа тартылғандар санын дәл есептеу туралы 1933-1934 жылдары қайта-қайта айтылғанымен еш нәтиже шықпаған. Оны мұрағат құжаттары дәлелдейді. Тұтқындау орындары сотталғандар тізімін бергенде жүйесіздікке орын алдырған. Мәселен, бір айдағы тізімде әйелдер болғанымен, екінші айдағы тізімде жазылмай қалады. Қарандашпен жазылған парақтар сарғайып кеткендіктен, кейбір адамдардың аты-жөні көрінбейді де. Кейбір кылмысқа тартылған әйелдердің жеке істерінде зерттеу ісіне қажетті деректер кездеспейді. Мәселен, Ақмола түрмесіндегі сотталған әйелдердің кылмыстық істерінің басым көпшілігі 1-ғана парақтан тұрады. Сол бір парақтың өзінде де толық мәлімет жазылмаған. Дәлел келтірер болсақ, «№ 1092 іс: Байғанатова Татий 1932 жылы ҚК-ң 166-72 баптарымен сотталған. Жасы 45-те. Партияда жоқ. Кедей. Колхозда жұмыс жасайды. Байғанатов Мақсұтпен бірге ат ұрлаған». Ол кісінің ары қарайғы тағдыры беймәлім. Басқа мәліметтер жазылмаған. Қылмыс жасаудың себеп-салдары анықталмаған. Осы тұста экономикалық науқандардың барысында халықтың әбден ашынғандықтан өз малын өзі сойып жеген, баласын аштан өлтірмеудің қамы үшін бір уыс бидай ұрлаған шарасыздығы кылмыс ретінде бағаланғандығын да ескеру шарт. Қылмыстық істердің кейбірінде жазаға тартылған әйелдердің бармақтарының ізі басылып, түр сипатына (шашының түсі, бойының ұзындығы және т.б.) қысқаша анықтама берілген[10, 1 п.]. Сол кезеңдегі ЮХК құжаттарына қарай отырып заңсыздықта шек болмағандығын анық байқаймыз. 1925 жылы да сот тергеу орындары тарапынан заңсыздықтар қатары көп жіберілген. Тіпті, үстінен кылмыстық іс қозғалғанын да білмей, сотталған және дәлелдің жеткіліксіздігінен іс тоқтатылса да жұмысқа орналаса алмаған әйелдер көп болған. [11, 11п.].

1937 жылы 15 тамызда Ішкі істер Халық Комиссарының 00486 нөмерлі шұғыл бұйрығы шығып, отбасы бірлігін тамырынан қиюға деген науқан басталды. 1937-1938 жылдары қуғын-сүргіннің шарықтаған тұсында әйелдердің ұсталуы да жиілейді. Қазақ даласы бұрын – соңды болып көрмеген жантүршігерлік оқиғалардың куәсі болды. Жазықсыз атылған адамдардың, жазықсыз сотталған аналардың, ата - анадан тірідей айрылып, балалар үйіне тоғытылған өмірдің қатыгездігінен бейхабар бейкүнә сәбилердің, ұл мен келіннен, немереден айрылып, аңыраған кейуаналардың адам айтып жеткізе алмас қасіретіне қазақ даласы куә болды.

35 жасында Алматы түрмесінде атылған Шаһизада Шонанованың қудалау көргендігі туралы танымал тарихшы ғалым, профессор Ә.Тәкенов көптеген ашылмаған жайларды көпшілікке жария еткен еді. Шыққан тегі (әкесі Арон Қаратаев Бақытжан Қаратаевтың інісі) және күйеуі Телжан Шонановтың «халық жауы» ретінде тұтқынға алынуы, сонымен қатар өзінің білімді, әрі көптеген зиялы азаматтармен қызметтес болуы «халық жауы» деген атақты мойнына артты. Халық ағарту комиссариатында және ұлттық мәдениетті ғылыми зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер және басқа да көптеген қызметтерді атқарған Шаһизада Шонанова апамыз 1938-жылдың 9-наурызында күйеуі Т.Шонановтан 10 күннен соң атылады. ІХК жендеттері ҚазМҰУ-де 1936 жылы анатомия кабинетінде болған өртті Шаһизада Шонанованың «кеңестерге қарсы зиянкестігі» деп дәлелдейді. Ал Ш.Шонановамен қызметтес болған Темірбек Жүргенов ҚазМҰУ-ді өртеген диверсиялық топты ұйымдастырушы ретінде жауапқа тартылып, осы «іс» төңірегінде 29 адам айыпталды[12, 3 б.]. Сөйтіп, бір адамнан жауап алу арқылы бірнеше адамды кылмыскер атандыру жалғаса берді.

33 жасында күйеуімен бірге атылған Торғай Сүлейменованың тағдыры да адам жанын түршіктіретін жағдай. Клара Әмірқызының “Қиылған ғұмырлар” атты еңбегіндегі «Таяққа сүйеніп, жасы 70-ке келіп отырған ананың 33 жасар келінін «халық жауы» деп үйден сүйретіп әкетіп бара жатқанда, үш жасар немересі – Еркіні мен алты жасар Сайдалысы қара киімділерден үріккен күйде күнірене дауыс салған аруана әженің бауырына тығылып қала берген екен» [13, 26 б.]- деген жолдар сол заманның адам айтқысыз жауыздығын көрсетеді. Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағасы Шаймерден Бектұрғанов 1938 жылы «халық жауы» болып атылғанда, оның жұбайы Әбиде апай сол жылы уксус ішіп, ауруханада уланып өледі. Осы тұста Ш. Бектұрғановтың сотталғандарға көп қайырым көрсеткендігін айта кету де қажет[14, 24 - п.].

Жазықсыз айыпталған аналарды санап бітіру мүмкін емес. Кезінде ІХК жендеттері жойып жіберген біз білмейтін құжаттармен бірге жоғалған тағдырлардың қаншама екендігін кім біледі.

Жақып Ақбаевтың қарындасы, Нығмет Нұрмақовтың жұбайы, өмірінің 17 жылын түрме, лагерьде өткізген Зүпнұн апай және Әзиза Рысқұлова, Күләндам Қожанова, С.Меңдешовтың жұбайы Рәзия, Т.Жүргеновтің жұбайы Дәмеш, С.Асфендияровтың әйелі Рабиға және Елизавета Садуақасова, Мария Ескараева, Мариям Тоғжанова, Әйіш Құлымбетова, Бибіжамал Сырғабекова, Сағадат Тәшитов, Шәкітай Тәтімова, Айша Қабылова, «Алжир» күзетшісі атып өлтірген Қира Нұрмағамбетова, Хадиша Мусина,

Жанбике Шанина, Зарап Темірбековтың жұбайы Сақыпжамал Назирова және Зағипа Тінәлина, Баршын Қалменова, Майнұр Сарымолдаева және тағы да басқа танымал қайраткерлердің жұбайлары РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 17-ші тармағымен сотталды. Күйеулері «халық жауы» ретінде ату жазасына кесілген әйелдердің көпшілігі 8 жыл мерзіммен бас бостандығынан айырылған. Лагерде «жазаларын» өтеп жүргендердің әйелдері 3-5 жыл мерзіммен сотталған. «Сотталған аналардың» көрген қиыншылығын, тауқыметін айтып жеткізу мүмкін емес. Олар күйеулерінің «кеңестерге қарсы іс-әрекеттерін жасырғаны» үшін жазаланды.

Аргуня Жақыпқызы (Жақып Ақпаевтың қызы) өз бастарынан кешірген зобалаңды “1931-жылы ағамыз Мұратты ұстады. Көп ұзамай шешемді де қамап қойды. Төрт бала, үлкені мен үйде жалғыз қалдық. Бірнеше күн бұрышқа тығылып жылап отырғанымыз есімде. Туыскандар да жоқ емес, бірақ ешкім есік ашпайды. Өйткені халық жауының балаларынан қамқорлық жасады деген айыптан қорқады...”, - деп өз естелігінде жазады [15, 13 б.]. Ал, Сұлтанбек Қожановтың қызы Зиба: “...Әлі күнге дейін есімде. Мұны ұмыту мүмкін емес. Таңертең мен мектепке жиналып жатқанмын. Есік қағылды. Анамның есікті ашқаны сол еді, үйге ПХК қызметкерлері кіріп келіп әкеме “Сіз тұтқындалдыңыз!” деді. Біз тұрған орнымызда қаттық та қалдық. Әкем болса орнынан атып тұрып, “Қалайша? Не үшін тұтқындалдым?”-деді. ПХК қызметкерлері әкеме бір қағазды көрсетті... Әкем орындыққа үнсіз сылқ етіп отыра кетті. Әкемді “қара қарға” машинасына отырғызып жатқаны әлі күні көз алдымда... Көп ұзамай мектепте біздің пионерлік галстугімізді шешіп алды. Біз “халық жауының” балалары болғандықтан оны тағу құқынан айырылды. Таныстарымыз, жолдастарымыз бізден сырт айнала бастады. Біраз уақыт өткен соң анамды да тұтқындап, бізді балалар үйіне жіберді. Біздің бағымызға орай туыстарымыз болған жайдан хабардар болып, бізді балалар үйінен ұрлап алып, әкемнің туып-өскен ауылына алып келді. Тіпті, біздің жасы келген атамды да “халық жауының” әкесі ретінде ен далаға айдап жіберген екен”,-дейді [16, 156.].

Сәкен Сейфуллиннің інісі Мәжиттің қызы Рымжан апай өз естелігінде Сейфуллиндер отбасының қайғысын жазады. Ол кісі, Сәкеннің әкесі Сейфулланы Киров колхозының (жаңа-Арка ауданы) “Бестоған” жерінде мал бағып жүргенде даладан ұстап әкеткенін, ал інісі Мәлік қудалаумен Түркістанға барып, әйелімен екеуінің аштан өлгендігін, Сәкеннің қалайша ұсталғандығын айтады: “Сәкеннің ең көз тоқтатып қарағаны-шашылып жатқан кітаптары мен бума-бума папкалары болды. Аяңды қолына алып бетінен сүйді. Бала жылап жабыса берді. Күлбарамға ғана "қош",- деді. Қозғалар алдында бізге қарап:- қорықпаңдар, мен кешікпей қайтуға тиіспін. Мен өзім қолдан құрысқан өкіметтен мұны күткен жоқ едім. Ақ-қарасын анықтап босататын шығар”,- деді. Сөйтіп, көз алдымыздан, тал түсте НКВД-ның төрт адамы қоршап, Сәкенді үйден алып кетті”,- деп қайғылы сәтті жеткізеді. Сәкеннің көзіндей қарашығы Аяны айдалып бара жатқанда вагон ішінде қайтыс болады. Өлген баланы екі күндей қымтап, айрылмаған Гүлбаһрамның қолынан баланы жұлып алғанда, Гүлбаһрам әлгі солдаттың аяғын құша жығылып: Жалғыз ботамды қолыммен қояйыншы, сосын мейлі, өлтіресің бе, айдайсың ба, рұқсат етші...”- деп зар илесе, Күнжамал Майлина үш айлық қызынан төрт баласына дейін жан-жақтағы балалар үйіне таратып, өзін лагерге айдағанда, ішіне сыймаған қасіретті шығару үшін ен далада қой бағуға сұранған. Қой соңында жүріп, аңыратып таңертеңнен кешке дейін жоқтау айтатын болған [17, 756.]. Алматыдағы тамақ өндіру мекемесінде экономист болған Фазылағзам Ақатайұлы Әлихановтың әйелі Хабиба Мұрфарқызы да 8 жыл лагерде отырған. Ал, осы Әлихановтың қарындасы Мариям Әлиханова-Есенгельдина 1942 жылға дейін лагерде болған. Ол кісінің жолдасы Қалық Есенгельдин 1932-1934 жылдары Мәскеуде Қазақстанның сауда жөніндегі тұрақты уәкілі қызметін атқарып, 1936-жылы Семей қаласына қызмет бабымен ауысады. 1937-жылы ұсталады [18, 96.]. Кейін әйелі де түрмеге қамалады.

Кеңестік тоталитарлық қоғам талай баланы ата-анасына қарсы тәрбиеледі. Сондай саясаттың салдарынан ата-анасынан бас тартқандар да болды. “Халық жауының” балаларына колония балалар үйінде көп қорлық көрсетілген. Тіпті, ата-анасын сұрағандарды шаштарын крест үлгісімен қиып жазалаған да [19, с.116]. Өздерін ақтау туралы хабарды естігенде жүрегі жарылып өлгендер де болған [19, с.138].

ОГПУ мәліметтеріне қарай отырып, жаңсақ айтылған пікір үшін де сотталған әйелдерді кездестіруге болады. Сол кездегі тұтқындау орындары мен еңбекпен түзету лагерлері, колонияларының құжаттарды жүйесіз толтыру салдарынан қуғын-сүргінге ұшырағандардың толық әрі нақтылы есебін келтіру мүмкін емес. Күйеулерінің «халық жауы» болғандығына сенбей тиісті орындарға шағымданған әйелдер де айыпқа тартылған. Себебі, олар партияның сенімді орындаушысы ПХК мен сот тергеу орындарының шешіміне «сенбестік» білдірген.

Қуғын-сүргінге ұшыраған әртүрлі деңгейдегі зиялы қауым өкілдерінің отбасы мен туған-туыстарына ІХК «асқан сақтықпен» қараған. Олардың жазған шағым хаттары тек қана Ішкі Істер Халық комиссариатында сақталатын болған. Себебі, 00486 номерлі бұйрықта «халық жауының» әйелдері мен 15 жастан жоғары әлеуметтік қауіпті және кеңестерге қарсы іс-әрекет жасауға бейім балаларына қарсы қылмыстық іс қозғап, қысқаша айыптау қорытындысын жазу және қылмыстық істерді КСРО ІХК-ның ерекше мәжілісіне жіберу айтылған болатын. Аталмыш бұйрықтың 34-бөлімінде «халық жауының әйелдерін тұтқындау шаралары және осыған байланысты шұғыл оқиғаларды КСРО ІХК-ның басшысына хабарлау», ал 35-бөлімде «әйелдерді репрессияға ұшырату шараларын 1937-жылдың қазан айының 25-не дейін аяқтау» жазылса, 36-бөлімде, «Отанын сатқандардың әйелдерін күйеулерімен бір мезгілде тұтқындау» бұйырылады. Осылайша, жазықсыз жандарды «кәнігі қылмыскерше» тану өмірдің құнын төмендетіп, мәнін кетірді. ЮХК құжаттары арасындағы «Азаматтардың өтініштері мен арыздары» деп аталатын істерді қарағанда, қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғалардың КСРО Прокурорына, тіпті Мәскеуге жазған шағым хаттары жиі кездеседі. Онда өздерінің ОГПУ тарапынан көп қудалау көргендіктерін жазады. Осы тұста жауапқа тартылғандарға ІХК тарапынан көрсетілген қорлықтар туралы прокурорлардың тиісті орындарға хабарлағандығын да айтуымыз қажет. Алайда, әділдік іздегендер көп кешікпей жаппай тұтқынға алынады.

Адамды шыққан әлеуметтік тегіне қарап соттау үрдіске айналып, нәтижесінде тегі үшін ұялатын ұрпақ тәрбиеленді. Осылайша тексіздікке жол ашылды. Ал, социалистік құрылыс жаппай жазалау, қудалау саясатымен нығайтылды. Адам құқығын таптаудың классикалық үлгілерімен әлемге танымал болған кеңес қоғамының жаңаша зерттелінетін тұстары жеткілікті.

Ал, саяси қуғын-сүргін зобалаңында жазықсыздан – жазықсыз ер – азаматтармен бірдей қудаланып, өмірлік жолдасынан, бауыр еті баладан, ата-анадан, туған-туыстан, ел-жұрттан айрылып, қайғы-шерге белшеден батса да, өзіндік болмысынан ажырамай, тағдыр тәлкегіне қайратпен қарсы тұра білген аналардың асқақ рухы ұлт санасында мәңгілікке қалды. Өйткені, олар өле-өлгенше күйеулерін іздеп өткен, еңбекпен түзету лагерінен шығып, балаларын тауып алып, жоқшылықтың азабын тарта жүріп, оқытып, тегін білуге тәрбиелеп, жетелі ұрпақты қалыптастырған ерекше әйелдер еді. Асқақ рухты аналардың тарихи бейнесі қазіргі әйелдер қауымына мәңгі үлгі – өнеге болып табылмақ. Жалпы, қазақы танымда әйел адам отбасының ұйытқысы екендігі ақиқат. Ал, зобалаң жылдарында өмір сүрген аналарымыз, көрген бейнеттері мен қасіретті тағдырларына карамастан, еуропалық білімі болмаса да, қанына сіңген қазақы рухтың арқасында елдік санамен қаруланған талай тұлғаны тәрбиелеп, ұлтымызға зор қызмет етіп кетті.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Молдабеков Ж. Тектілік өнеге ажары // Ұлт тағдылымы. - 2000. - № 3. -9-15 бб.
- 2 Жак Росси. Справочник по ГУЛАГУ.- М.: Просвет, 1991. -Ч.1. -548 с.
- 3 Безелянский Ю. От Рюрика до Ельцина. Календарь Российской истории. - М.: Политиздат, 1993.- 352 с.
- 4 Куртуа С., Верт Н. Черная книга коммунизма. -Пер. с фран.-М.: Три века истории, 1999. -763 с.
- 5 Циркуляры сводные ведомости и акты за 1936 г. апрель-май // Ақтөбе ОММ.- 13-қ.; 6-т., 46-іс.- 32-п.
- 6 Постановления КазЦИКа за 1926 г. // ҚРПМ.-141-қ.; 1-т., 488 Б-іс.- 138-п.
- 7 Постановления КазЦИКа за 1926 г. // ҚРПМ.-141-қ.; 1-т., 488 Б-іс.- 138-п.
- 8 Астана ҚММ.- 65-қ.; 1-т., 5765-іс.- 71-п.
- 9 Астана ҚММ.- 65-қ.; 1-т., 523-іс.- 7-п.
- 10 ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 164-іс. - 115п.
- 11 Астана ҚММ. -65-қ.; 1-т., 1092-іс.- 1-п.
- 12 Тәкенов Ә. Ату жазасына кесілген ару // Егемен Қазақстан.-1997.-8 қаңтар.
- 13 Әмірқызы К. Қиылған гұмырлар.-Ақмола, 1997.-205 б.
- 14 Докладные записки НКЮ КазССР за 1937 г. //ҚРОММ.- 1680-қ.; 1-т., 1-іс.- 24-п.
- 15 Жақыпқызы Аргуня // Қазақстан әйелдері.-1992.-№ 3.-12-15 бб.
- 16 Тасымбеков А. Дети НКВД // Заря. -1989. -10 октября.
- 17 Хакімжанова М. Мәңгілік қасірет // Жалын.-1988.-№ 1. -70-76 бб.
- 18 Дулатова Г. Тағдырластар немесе 20-30 жылдары «халық жауы атанып, қуғынға ұшыраған азаматтардың жарлары мен перзенттері жайлы естелік //Қазақстан әйелдері.-1993.-№ 12.-7-9 б.
- 19 Абрамов Д. Места заключения и репрессированные.-Алматы: Глобус, 2001.-142 с.

УДК 94(574).084.6

УДК 795-19

ГРНТИ 03.01.09

Халидуллин Г.Х.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>д. и. н., профессор кафедры Истории Казахстана  
им. академика Садыкова Т.С. КазНПУ им. Абая

## СОВЕТИЗАЦИЯ КАЗАХСКОГО АУЛА И ЕЕ ПОСЛЕДСТВИЯ

### Аннотация

Данная статья посвящена изучению противоречивых вопросов политики советской власти в проведении силовой коллективизации и раскулаивании в аулах и деревнях Казахстана. Изучение сферы материального производства является, пожалуй, одной из самых болезненных точек развития нашего переходного общества. Проблемы, с которыми имеет дело современность, возникли не сегодня. Она имеет свою предисторию, которая корнями уходит не такое уже далекое прошлое, а именно в период сталинской аграрной революции 1920-1930-х годов. Именно тогда силовым образом были разрушены традиционные организационно-хозяйственные и социальные структуры, на руинах которых была создана советская альтернатива в виде колхозов и совхозов. Структуры эпохи великого перелома испытывают сегодня сильнейший кризис и, по сути сходят с исторической арены.

**Ключевые слова:** кулачество, зажиточны, товарищество, ликвидация, фискальная политика, хозяйство, тройка, ОГПУ, НКВД, ЦИК, контрреволюция, крестьянство, хозяйство, выселение, колхознолог, полуфеодалы, полупомещики, противоречье.

Халидуллин Г.Х.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ – нің т.ғ.д., профессоры

## ҚАЗАҚ АУЫЛДАРЫН КЕҢЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ

### Аңдатпа

Мақалада Кеңес үкіметінің 20-30жж. Қазақ ауылына жүргізген ұжымдастыру және кулактарды тап ретінде жою жөнінде жүргізген асыра сілтеушілік саясатына мән бере отырылып, оның қазақ шаруаларына тигізген зиянды ықпалының зардаптарын ашып көрсетеді. Сол жылдары қазақ ауылындағы аштықпен демографиялық жағдайдың ақуалын ашық көрсетеді.

**Тірек сөздер:** кулак, бай-манаптар, жою, салық саясаты, шаруашылық, үштік, ОГПУ, НКВД, ЦИК, шаруа қожалықтары, жер аудару, қарсылықтар.

Khalidullin G.K.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of History of Kazakhstan named after Academician Sadykov TS KazNPU named after Abai

### Annotation

This article is devoted to studying of inconsistent policy issues of the Soviet power in carrying out power collectivization and dispossession of kulaks in auls and the villages of Kazakhstan. Studying of the sphere of production of goods is today, perhaps, one of the most painful points of development of our transitional society. Problems with which the present deals, arose not today. It has the prehistory which roots consigns to such already remote past, namely during Stalin agrarian revolution of the 1920-1930<sup>th</sup> years. Then in a power way traditional organizational and economic and social structures on which ruins the Soviet alternative in the form of collective farms and state farms was created were destroyed. Structures of an era of a great change experience the strongest crisis today, and, posut descend from the historical arena.

**Keywords:** a kulachestvo, are prosperous, association, elimination, fiscal policy, economy, OGPU, peoples Commissariat for Internal Affairs, CEC, counterrevolution, peasantry, eviction, semi-feudal lords, semi-landowners, contradiction.

Период «вытеснения и ограничения» эксплуататорских элементов в деревне, и последующий переход к политике ликвидации кулачества как класса ни по сути, ни по характеру между собой не отличались. Еще до провозглашения Москвой своего политического курса в казахских аулах осуществлялось сильнейшее давление на зажиточные и середняцкие слои населения. В 1928 году, например, началась кампания по чистке коллективных хозяйств от «социально нужных элементов», которая приняла массовый характер и продолжалась вплоть до «победы социализма» в деревне. Так, партийно-советская комиссия, работавшая в южных районах Казахстана с 15 по 24 февраля 1928 года, из 8 колхозов, охваченных проверкой, «вычистила» 29 человек, которые подпали под следующие категории:

«а) баи; б) лица, имеющие индивидуальное хозяйство; в) аткаминеры; г) муллы, старшины; д) родственники мулл». Когда чиновная фантазия не шла дальше этих определений, то навешивался привычный ярлык «эксплуататор».<sup>1</sup> В марте 1929 года такая же комиссия из колхоза им. Ерназарова Темирского района Актюбинского округа исключила 8 баев, из Акчийской артели - 2 торговцев, артели им. Голощекина - 3 «зжиточных». «Из-за преобладания кулаков» были ликвидированы товарищества «Интернационал» и «Труд бедноты», что в Новороссийском районе того же округа, товарищества «Майское», «Красномайское», «Украинец» Маргукского района. Чисткой и ликвидацией были охвачены колхозы Акбулакского, Илекского и других районов округа.<sup>2</sup>

В связи с письмом Казкрайкома ВКП(б) всем окружкам «О чистке колхозов от кулаков и баев» от 13 августа 1929 года,<sup>3</sup> подобные меры приняли повсеместный характер, охватив почти все колхозы. Предлагаемые мероприятия по изоляции кулаков и баев «обосновались» активным сопротивлением их колхозному строительству, хотя оно сколько-нибудь в массовых масштабах тогда еще не имело места.

Имущие слои деревни и аула подвергались гонениям и вне колхоза, что особенно наглядно было видно по фискальной политике советской власти. Почти в каждом документе о сельхозналоге подчеркивалась необходимость «более полного выявления и обложения кулацких хозяйств в индивидуальном порядке» (по фактической доходности, а не по нормам),<sup>4</sup> что открывало простор для всяких беззаконий и произвола. Этому же способствовала и путаница в отношении установления критериев определения кулацких и байских хозяйств. В соответствии с постановлением Совнаркома СССР «О признаках кулацких хозяйств, в которых должен применяться кодекс законов о труде» (21 мая 1929 года) к таковым относились все крестьянские хозяйства, обладавшие одним из следующих признаков: систематическое применение наемного труда, наличие мельницы, маслобойни, крупорушки и тому подобного промышленного предприятия, в которых применяется механический двигатель; систематическая сдача в наем постоянно или на сезон оборудованных помещений под жилье или предприятие; занятие торговлей или ростовщичеством, коммерческим посредничеством или наличие других нетрудовых доходов (в том числе служители культа). К кулацко-байским хозяйствам относили и те, у которых «размер дохода, исчисляемого при обложении единым сельхозналогом, превышал 300 рублей на едока и 1 500 рублей на хозяйство».

Комиссия Молотова, занимавшаяся разработкой конкретных аспектов ликвидации кулачества, разделила его на три категории. Кулаки и баи первой категории по специальному указанию наркома юстиции СССР от 3 февраля 1930 года подлежали немедленному аресту и заключению в концлагеря, а руководители и вдохновители контрреволюционных выступлений приговаривали к расстрелу.<sup>5</sup> Оперативным расследованием дела кулаков данной категории занимались «тройка», созданные при ОГПУ. Семьи осужденных подлежали высылке в отдаленные районы.<sup>6</sup>

Относящиеся к вопросу о ликвидации кулацких хозяйств документы - постановление ЦК ВКП(б) от 30 января 1930 года и постановление ЦИК и СНК СССР, а также РСФСР от 14 февраля 1930 года были приняты, когда раскулачивание кулаков и баев развернулось уже повсеместно.

В соответствии с ними ЦИК и СНК КАССР 19 февраля 1930 года приняли постановление «О мероприятиях по укреплению социалистического переустройства сельского хозяйства в районах сплошной коллективизации и по борьбе с кулачеством и байством»<sup>7</sup>. Согласно директиве сплошной коллективизации отменялось действие закона о разрешении аренды земли и о применении наемного труда в единоличных крестьянских хозяйствах. Советским органам на местах предоставлялось право «в районах сплошной коллективизации... выселить и расселить кулаков, баев, полупомещиков, полуфеодалов в отдельные округа Казахстана и в пределах округа - в отдельные его районы, на новых, отводимых им за пределами колхозных хозяйств участках, с конфискацией всего имущества, за исключением оставляемого им в размерах, минимально необходимых для ведения хозяйства»<sup>8</sup>.

Кулацко-байским хозяйствам запрещались без разрешения районных исполкомов как переселение так и распродажа имущества. Практическим воплощением в жизнь лозунга о ликвидации кулаков и баев



занималась республиканская комиссия при Казкрайкоме партии, куда входили представители ЦИК и ОГПУ. Она рассматривала и утверждала контингент районы сплошной коллективизации и кулацко-байских хозяйств, подлежащих ликвидации, намечала районы расселения этих хозяйств. Кроме того во всех округах создавались оперативные тройки из представителей исполкомов и ОГПУ, секретаря окружкома партии. В своих действиях они руководствовались Секретной инструкцией ЦИК СССР, от 4 февраля 1930 года, в которой предписывалось следующее: «В районах сплошной коллективизации мероприятия по ликвидации кулацких хозяйств осуществить немедленно, а в остальных районах - по мере действительного массового развертывания коллективизации. Общее число ликвидируемых кулацких хозяйств по всем районам должно составлять около 3-5 процента»<sup>9</sup>.

Предварительно крайкомом был утвержден список 20 районов, где должны были проводиться акции по ликвидации кулачества и байства. Сообщая об этом окружным комитетам партии, крайком в секретной телеграмме потребовал от них, чтобы в районах, не вошедших в данный список, были приняты «самые жесткие меры ограничения кулачества: быстрый тщательный учет всего байско-кулацкого имущества, особенно рабочего скота, средств производства; установление контроля, наблюдения». В случае самоликвидации хозяйств и их переселения, казкрайком требовал осуществить немедленную конфискацию имущества.<sup>10</sup>

19 февраля 1930 года Наркомат юстиции КАССР к ранее определенным 20 районам сплошной коллективизации добавил еще два района: Иссыкский и Калининский Алма-Атинского округа<sup>11</sup>. Ликвидация кулачества и байства в Казахстане должна была завершиться досрочно - к 1 апреля 1930 года, т.е. на месяц раньше, чем по стране в целом.<sup>12</sup>

Казкрайкомом ВКП(б) было запланировано выселить за пределы мест проживания 30 тысяч кулацких семей. Для их размещения в республике было определено 9 районов,<sup>13</sup> в основном пустынные участки вдали от железных дорог и промышленных центров. Одним из крупных пунктов выселения казахстанских кулаков также стало побережье Аральского моря.

12 февраля 1930 года нарком земледелия Токтабаев и начальник ОГПУ Альпанский телеграфировал в Кзыл - Орду о намеченных для расселения кулаков пунктах: «Для вселения кулаков, выселяемых из других районов, в Вашем (т.е. Кзыл-Ординском) округе намечены: 1) для 3 000 семейств - побережье Аральского моря, за исключением южной стороны; 2) районы озер Телекуль, Ащиккуль вместе с системой реки Сарысу вверх по течению; затем прилегающие близко к Сарысу районы, Джетыконур, низовые Каракенгир,

Тогускен, захватывая часть Сырдарьинского округа с протяжением 400-600 километров для 5 000 семейств».<sup>14</sup>

В числе других, столь же отдаленных и малообустроенных, районов «кулацкой ссылки» указывались : «Западное побережье озера Балхаш - 2 тысяч хозяйств; побережье Каспия (Жилокосинский район Гурьевского округа) - 2 тысяч хозяйств; Акадырлинский, Кусмурунский, Каширлинский районы, побережье рек и озер Керей, Кыпчак, Денгиз (Акмолинский округ) - 5 тысяч хозяйств; Кустанайский округ - от Тургая до границы Актюбинского округа (в песках Турсун, Аккум, побережье Аккол, р. Жыланшык) - 1 500 хозяйств; от Иргиза до побережья озера Челкар (Актюбинский округ) - 1500 хозяйств; от реки Эмба, Сагыз и Шаган до песков Большие Барсуки (Актюбинский и Гурьевский округа) - 2 тысяч хозяйств; районы гор Чингис, Дегелен и Мыржык (Семипалатинский и Каркаралинский округа) - 2 тысяч хозяйств»<sup>15</sup>.

Комиссия по подготовке и осуществлению мер по ликвидации кулачества как класса при Казкрайкоме партии на своем заседании от 23 января 1930 года, обсуждала и вопрос об устройстве кулаков численностью 30 тысяч человек, высланных в Казахстан из России и Украины. Они должны были поселиться в тех же районах, что были определены и для казахстанских кулаков.<sup>16</sup> Из прибывших в республику 4 294 спецпереселенцев были расселены в районе Аральского моря. Пункты расселения их Аральске, Кок- Арале, Куланды, на острове «Возрождение» и других местах были подчинены 15 и 19 комендатурам сперва ОГПУ, затем НКВД<sup>17</sup>. Каждое поселение не должно было превышать 50 хозяйств. Остров «Возрождение» до 1930 года был местом заключения для людей, приговоренных к расстрелу.

Установленный «жесткий недельный срок представления конкретных сведений» об условиях передвижения кулаков к месту прибытия, так и распределительных пунктах, не говоря уже о пунктах поселения, оказался нереальным. То же можно сказать о решении республиканской комиссии по раскулачиванию от 23 января 1930 года, обязавшем органы ОГПУ в двухдневный срок предоставить сведения о персональном составе кулацких хозяйств, подлежащих выселению.<sup>18</sup> Округа в спешном порядке высылали республиканским партийным и советским органам сведения о раскулаченных

хозяйствах. Сведения эти столь разноречивы, что обозначить точный контингент раскулаченных сейчас практически не представляется возможным. Опираясь на официальные сведения, известные историки Г. Дахшлейгер и К. Нурпеисов указывают, что к концу января 1930 года в 60 районах республики была осуществлена ликвидация 3 123 кулацко-байских хозяйств.<sup>19</sup> А. Турсунбаев же утверждает, что на 1 января 1930 года в тех же 60 районах республики было ликвидировано 19 163 кулацких хозяйств.<sup>20</sup> Столь разительное противоречие в данных о раскулаченных хозяйствах свидетельствуют о том, что первоначальные «победные реляции» не соответствовали действительности.

Даже в марте 1930 года составлялись списки хозяйств, подлежащих раскулачиванию, определялись категории, районы выселения и т. п. В этой связи вызывает интерес протокол заседания комиссии Казкрайкома ВКП(б) от 1 марта 1930 года, на котором рассматривался вопрос об окончательном утверждении «цифр по районам ликвидируемых кулацко-байских хозяйств по второй категории». Как следует из документа, всего по Казахстану было установлено 2 450 кулацких хозяйств, относимых к данной категории. Наибольшее число было «обнаружено» в Уральском округе, где раскулачиванию по второй категории подлежало 510 хозяйств.<sup>21</sup> Комиссия установила срок прибытия выселяемых кулацко-байских хозяйств на побережье Аральского моря и на станции Аральск не позднее 15-20 марта 1930 года.

Списки кулаков, отнесенных к первой категории, составлялись непосредственно органами ОГПУ, они немедленно брались под арест, приговаривались к расстрелу или выселялись за пределы республики. Комиссия вынесла решение такого содержания: «Все остальные подлежащие ликвидации кулацко-байские хозяйства, за исключением отнесенных к первой категории, должны быть расселены в других районах этих же округов»<sup>22</sup>.

Наибольшее количество кулаков было «выявлено» по третьей категории. В некоторых округах республики контингент хозяйств всех трех категорий доходил до 10-11 процентов всех хозяйств района,<sup>23</sup> вместо нормы 5-6 процентной определенной Секретной инструкцией ЦИК СССР. Например, в одном Кармакчинском районе Кызылординского округа было «раскулачено» и конфисковано 287 байских хозяйств<sup>24</sup>, в Акбулакском районе Актюбинского округа - 150 хозяйств.<sup>25</sup>

Раскулачиванию подвергались не только зажиточные, но и середняцкие, и даже бедняцкие слои, так называемые «подкулачники». В Таусском аулсовете Западно-Казахстанской области к примеру 20 «кулаков», среди которых оказались: Медеталиев Сейткали, имевший в 1928 году 8 десятин посевов, 9 коров, 2 лошади, 2 верблюда, 30 овец; Бияков Заки, владевший 13 десятинами, 17 коровами, 10 лошадьми, 5 верблюдами, 45 овцами.<sup>26</sup> Такая же участь постигла середняков Нурина района Карагандинской области Аймагамбета Омирбекова, Айдара Омарулы.

Раскулачивание должно было продемонстрировать непреклонность властей в их стремлении подавить крестьянскую оппозицию. Угроза быть включенными в списки кулаков и баев нависла над всеми сельчанами, что толкало их целыми селами и аулами записываться в колхозы. В ходе

коллективизации и раскулачивания органы ОГПУ параллельно активизировали свою деятельность по «разоблачению антисоветских элементов». Так, в одной из телеграмм ОГПУ из Сырдарьинского округа сообщалось: «В ходе проведения политических мер за 1929-1930 годы по линии ОГПУ привлечено к уголовной ответственности 122 хозяйства, осуждено судами 703 хозяйства. В 11 районах, охваченных сплошной коллективизацией, возбуждено уголовное дело против 827 баев и кулаков»<sup>27</sup>.

В телеграмме окружной «тройки» посланный, в Казкрайком партии Кулсартов, Макин и Костенко, сообщалось: «Подвергнуты конфискации: в Келесском районе 250 хозяйств, Ирджарском - 180, Беловодском - 120, Караспанском - 100, Аулие-Атинском - 310, Жуалинском - 160, Туркестанском - 220, Каратасском - 205, Сайрамском - 150, Бадамском - 200, Арысском - 200 хозяйств». Кроме того в районах сплошной коллективизации выявлено 1 258 баев - кулаков, еще не задетых конфискацией».<sup>28</sup> Если, по данным этой «тройки», только Сырдарьинскому округу было подвергнуто конфискации 2 095 хозяйств и еще 1 258 хозяйств баев - кулаков ожидало своей участи, то весьма несложно представить всю масштабность разгрома наиболее состоятельных в экономическом отношении крестьянских хозяйств.

Основная же масса верующих мусульман суннитов и шиитов сосуществуют вполне мирно и бесконфликтно. Это объясняется тем, что шииты полноценно вписались в сложное этноконфессиональное пространство Азиатской части Российской Федерации, а в настоящее время стараются держаться автономно и не занимаются активным распространением своей идеологии.

#### *Список использованной литературы*

1. Алишина Х.Ч. Семантическая и генетическая дистрибуция истории ономастиконо средневековых памятников письменности // *Тюркские народы: материалы V Сибирского симпозиума «Культурное наследие народов Западной Сибири»*. Тобольск; Омск, 2002.
2. Баринов И.А. Взаимоотношения шиитов и суннитов в Восточном Забайкалье (1907–1909 гг.) // *Известия Иркутского государственного университета. Серия: Политология. Религиоведение*. 2012. № 1 (8). С. 221-225.
3. Для мусульманина не знать хотя бы суру «Фатиха» стыдно // *Исламский край*. 2009. июль.
4. Ибрагимов С.Д. *Генерал Али Ага Шихлинский. (Жизнь и деятельность)*. Баку, 1975.
5. Интервью с П.А. Агаджановым в г. Тюмени 11.02.2018 г. // *Полевые материалы А.Н. Старостина*.
6. Интервью с Ф.Ш. Касумовым и М.М. Талыбовым в г. Мыски Кемеровской области 10.08.2016 г. // *Полевые материалы А.Н. Старостина*
7. Исламовед проехался по мечетям Тюмени // *Муслим-инфо (Тюмень)*. 2018. № 2 (77) февраль.
8. Исмаилов Э.Э. *Георгиевские кавалеры – азербайджанцы*. М., 2005. С. 130-137.
9. Кабузан В.М. *Дальневосточный край в XVII – начале XX в.: историко-демограф. очерк*. М., 1985.
10. Кальмина Л.В. Этническая политика самодержавия и некоренные этнические группы в Байкальском регионе. // *Вестник археологии, антропологии и этнографии*. 2009. № 10. С. 96-101.
11. Кириллов И.И. *Очерки истории Восточного Забайкалья. Читинская область. Т. 1. Чита, 2007. С. 131*
12. Константинова Н.Н. «Не может произойти соблазна в вере...» // *Забайкалье: наука, культура, жизнь*. 2003. № 5. С. 42.
13. Курганскому террористу вынесли приговор. URL: <http://uralpolit.ru/article/kurgan/29-08-2017/118627> (дата обращения: 15.07.2018)
14. Лобанов В.Г. *Старая Чита. Чита, 2001. С. 149*
15. Малащенко А.В., Старостин А.Н. *Ислам на российском Дальнем Востоке // Россия в глобальной политике*. 2016. Т. 14. № 4. С. 196-212.
16. Мечети и мусульманские организации Тюмени // *Муслим-инфо (Тюмень)*. 2018. №1 (76) февраль.
17. Осетинский О. Если бы я был Бен Ладеном... // *Известия*. 2002. 3 октября.
18. *Откровения отца Филофея // В.В. Маркович, Три атамана*. М., 2003. С. 226.
19. *Перинов В.В. Мусульмане в Забайкалье: середина XIX века – 1917 год: автореф. дисс. к. ист. н. Улан-Удэ, 2010.*

20.Потапова, Н. В. Вероисповедная политика Российской империи и религиозная жизнь Дальнего Востока во второй половине XIX – начале XX вв. (на примере Сахалина): монография / Н. В. Потапова. Южно-Сахалинск, 2009.

21.Россия – это разноцветие культур. URL: <http://www.edinros-zaural.ru/rossiya-eto-raznocvete-kultur.html> (дата обращения: 15.07.2018)

22.Салманов Ф.К. Сибирь – судьба моя. М., 1988.

23.Семёнов Г.М. О себе (Воспоминания, мысли и выводы). М., 1999. С. 94.

24.Силантьев Р.А. Ислам в современной России: энциклопедия. М., 2008. С. 479.

25.Старостин А.Н. По мусульманским общинам Урала и Сибири. Материалы к курсу «Краеведение: история ислама на Урале». Екатеринбург: УГГУ, 2015. 132 с.

26.Тоценко Ж.Т. Теократия: фантом или реальность? М., 2007.

27.Трофимова О.В. Ведомость Тюменской воеводской канцелярии 1746 года как источник по этнической истории татар // Тумашевские чтения: актуальные проблемы тюркологии: материалы Всероссийской научно-практической конференции, посвященной 80-летию акад. Д.Г. Тумашевой. Тюмень, 2007. С. 208.

28.Чехов А.П. Остров Сахалин (из путевых записок). Южно-Сахалинск, 1995.

29.Шохуморов А. Разделение Бадахшана и судьбы исмаилизма / отв. ред. Н.М. Емельянова. М.: ИВ РАН; Душанбе: ИВ АНТ, 2008. 128 с.

30.Центральный государственный архив Республики Узбекистан (ЦГА РУ). Ф. И-461. Оп. 1. Д. 1260.

**УДК 930**

**ГРНТИ 03.01.03**

*Dayrabayeva A.E.*<sup>1</sup>

*<sup>1</sup>candidate of historical sciences, associate professor,*

*Shormanova A.K.*<sup>2</sup>

*<sup>2</sup>candidate of historical sciences, Abay Kazakh national pedagogical university*

## **QUASI-STATES AT THE PRESENT STAGE**

### **Abstract**

The changes in the relations of the people and the states happening in the first decades of the XXI century considerably influence earlier accepted mankind tenor of life. Cardinal changes in economy, policy, social structure, progress in the scientific and technical sphere play a significant role in formation of new type of thinking of a human civilization, etc. In this article modern position of again proclaimed states is considered. The problem is connected with the fact that the status of a number of the states as independent is not recognized as the international community, the quasi-states which thereby received the name.

Among such states it is necessary to pay attention on such as the Turkish Republic of Northern Cyprus, Abkhazia, South Ossetia, etc. These states are defined as quasi-states. In the last decades growth of emergence of the new states on the world scene owing to cardinal changes in the system of world order accelerated. Currently quasi-states are an integral part of modern world politics.

Keywords: state, people, economy, policy, international community, world order, world politics

<sup>1</sup>Дайрабаева А.Е.

<sup>1</sup> тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,

<sup>2</sup>Шорманова А.К.

<sup>2</sup> тарих ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

## ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ КВАЗИ МЕМЛЕКЕТТЕР

### *Андатпа*

XXI ғасырдың алғашқы онжылдықтарында өтетін халықтар мен мемлекеттердің қарым-қатынастарындағы өзгерістер адамзаттың қалыптасқан өмір салтына айтарлықтай әсер етеді. Экономиканың, саясаттың, әлеуметтік құрылымның, ғылыми-техникалық прогресс саласындағы түбегейлі өзгерістер адамзат өркениетінің жаңа түрін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл мақала жаңадан жарияланған мемлекеттердің қазіргі жағдайы қарастырылады. Бұл мәселе бірқатар мемлекеттердің тәуелсіз мемлекеттер ретінде мәртебесі әлемдік қауымдастықпен танылмайтындығына байланысты, квазимемлекеттік деп аталуында.

Мұндай мемлекеттер арасында Солтүстік Кипр Түрік Республикасы, Абхазия, Оңтүстік Осетия және т.б. сияқты мемлекеттерге назар аудару қажет. Бұл мемлекеттер квази-штаттар ретінде анықталады. Соңғы онжылдықтарда әлемдік деңгейдегі жаңа мемлекеттердің пайда болуы әлемдік тәртіптің түбегейлі өзгеруі нәтижесінде жеделдетілді. Бүгінгі күні квази-мемлекеттер қазіргі заманғы әлемдік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

**Түйін сөздер:** мемлекет, халық, экономика, саясат, әлемдік қауымдастық, әлемдік жүйе, әлемдік саясат

*Дайрабаева А.Е.* <sup>1</sup>

<sup>1</sup> кандидат исторических наук, доцент,

*Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

*Шорманова А.К.* <sup>2</sup>

<sup>2</sup> кандидат исторических наук, *Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

## КВАЗИГОСУДАРСТВА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

### *Аннотация*

Перемены в отношениях народов и государств, происходящие в первые десятилетия XXI столетия значительно влияют на ранее принятый уклад жизни человечества. Кардинальные изменения в экономике, политике, социальной структуре, прогресс в научно-технической сфере играют значительную роль в формировании нового типа мышления человеческой цивилизации и т.д. В данной статье рассматривается современное положение вновь провозглашенных государств. Это проблема связана с тем, что статус ряда государств как независимые не признается мировым сообществом, тем самым получившие название квазигосударства.

Среди таких государств следует обратить внимание на такие как Турецкая Республика Северного Кипра, Абхазия, Южная Осетия и др. Эти государства определяются как квазигосударства. В последние десятилетия ускорился рост появления новых государств на мировой арене вследствие кардинальных изменений в системе мироустройства. На настоящий момент квазигосударства являются неотъемлемой частью современной мировой политики.

**Ключевые слова:** государство, народ, экономика, политика, мировое сообщество, мироустройство, мировая политика

In the 21st century on the world map appeared many states which are not recognized by the international community. Now two states gained the international legal recognition. Those are East Timor and South Sudan. The international recognition came with acceptance of those to ranks of full members of the UN in 2002 and 2011 respectively. Entry into the United Nations for other quasi-states is represented a cherished dream for the personal reasons of each of the countries. With the actual control of the territory carry the Turkish Republic of Northern Cyprus, Abkhazia, South Ossetia, Abkhazia to the category of partially recognized states. The Republic of China, the Sahrawi Arab Democratic Republic, the state of Palestine, the Republic of Kosovo treat partially recognized

states controlling a part of the territory with a claim for it. The group of quasi-states includes the Dnestr Moldavian Republic, the Nagorno-Karabakh Republic, Somaliland, the Islamic State, the Donetsk People's Republic, the Lugansk People's Republic. Consideration of Taiwan, the Kosovo's conflict and quasi-states in the former Soviet Union is an example of emergence and existence of quasi-states in modern realities.

The problem of Taiwan has very specific and interesting conflict for the reason that the population of China on the continent and Taiwan uniformly, that is treat to one ethnic group. The question of non-recognition of Taiwan has especially political character. The government of the People's Republic of China does not recognize independence of this formation, does not maintain diplomatic relations with the states recognizing the Republic of China and also includes Taiwan in the list of the provinces. For example, in the book by Dobronravin "Modernization on a roadside: survival and development of quasi-states in XX - the beginning of the 21st century", was mentioned that the Russian Federation maintaining the relations with Taiwan in the sphere economic, sending letters to the Republic of China, specified in the address "the People's Republic of China, province Taipei", for the reasons given above the relations [1]. Despite it Taiwan states that it adheres to policy of "one China", at the same time emphasizing that this China is operated by "two governments in the divided country".

It would be right to consider that the population of the People's Republic of China and Taiwan is the one nation, and would be logical to consider that the nation in everyday occurrences seeks for reunion. However, within the matter, this rule does not work. The contrast of social and economic, political systems, the difference of the standard of living of two societies is the reason for that.

Problem of Kosovo and Metokhiya – one of examples of extreme complexity of the territorial-national conflicts. Both Serbians, and the Albanians living in this territory consider this earth [2].

During the present period of time of Kosovo recognized 56% of member states of the UN. However for admission of Kosovo in full members of the organization, not exchange needs to collect 2/3 votes, considering lack of the veto of one of permanent members of the UN [3].

The Kosovo's conflict is one of components of a series of the conflicts in the Balkans. Inherently, the conflict in Kosovo began as the internal conflict between separatists of the Province of Kosovo and Metokhiya and the power of Yugoslavia. Owing to transition of the Kosovo's conflict to the international level, positions of four powers of Western Europe strongly approached [4]

One of bright flashes, the brought world to creation of a new world order, the crash of the USSR was. As a result of disintegration of the USSR at the end of the second millennium, there passed the wave of the local conflicts in the territory of the former federal republics which led to emergence on the international scene of the states which are partially recognized by the international community.

Owing to disintegration of the socialist camp and also the "parade of independence" which followed it, the system of the international relations gained the character which is very destabilizing a world order.

The Russian researcher S.M. Markedonov noted that, locks for free floating of "young democracies" which ideology was based on the principle of ethno national self-determination that led to ethno political conflicts against the background of obvious weakening of the regional leader – the Russian Federation opened. The most striking examples it is possible to call the conflicts which arose in the territory of South Caucasus [5].

According to opinion Russian A.G. Dugin's geopolitics, application of the doctrine of "post-imperial legitimacy" at disintegration of a socialist system led to the fact that its internal, administrative components received "full-fledged legal status irrespective of whether this education meets criterion of the full-fledged state or not". As a result of reduction of this doctrine in the framework of modern realities, quasi-states which arose in the territory of the former Soviet Union appeared beyond the scope of international legal legality [5].

In other words, as a result of loss of civil identity in the territory of the former unions, to these states the thought of ethnic identity of territorial aspect came.

In this context the birth of quasi-states, in fact, represents flight to "the earth": "the earth" becomes the central element of new ethnic identity. From now on only the ethnos is allocated with the rights of the Supreme owner and manager of the earth" [5].

In more detail, it is possible to consider a question on the example of quasi-states of the former Soviet Union.

Currently Transnistria and Nagorno-Karabakh remain completely unrecognized, independence of Abkhazia and South Ossetia was recognized by Russia in 2008 and several more countries later.

The cardinal changes in the relations of the people and the states happening in the first decades of the XXI century radically change earlier accepted mankind tenor of life. Changes in economy, policy, social structure, progress in the scientific and technical sphere, etc. play a significant role in formation of new type of thinking of a human civilization.

In the last decades growth of emergence of the new states on the world scene in a consequence of cardinal changes in the system of world order accelerated.

Currently quasi-states are an integral part of modern world politics.

Consideration of a phenomenon of quasi-states in theoretical aspect leads to an unambiguous conclusion that despite the solid theoretical baggage which is saved up generally foreign researchers, the sharp debatable nature of a problem, keen interest from outside not only scientific, but also political circles to it, it is impossible to come to a uniform denominator in international and political perception of the states so far. Any situation with recognition/non-recognition of again formed territories lies in the plane historical, political, cultural, economic, religious, social, geopolitical or some was still a context. There is no universal approach to a solution of the problem of quasi-states still, as cause's existence of the term "phenomenon" applicable in it.

The question of the scientific and categorical device of a problem as well as phenomenon in general, is in a stage of consideration and discussions. There are many names of the states which do not have recognition. Quasi-states are called "stateless territories", "the unrecognized states", "gray zones", "the insurgent states", etc. However in each of interpretations that actually is also reflected in above-mentioned concepts, there are certain conditions for classification of the states. Uniform approach of universal character to a question of a name it is not developed yet. Researchers until now hold active discussions for the choice of the most exact term reflecting international and political reality of existence of quasi-states.

The legal aspect of perception of a question has similar situation. Principles of self-determination of the people and territorial integrity cause furious fights on the present moment. The reason consists not in a contradiction of two principles of the right, but in interpretations of conditions and also political system of the world. Besides the above conditions the positions of the countries arising as a result the differences of interests and escalating players in force on a world chessboard play an essential role. Practical approach to a solution is also ambiguous. Apparently, quasi-states are absolutely great from each other. They are various in the status, economic level of development, a geographical location, political stability, etc.

Occasions and the reasons of emergence of data of the states are similar in many respects: emergence of separatist sentiments, kindling of hostility between the people, ethnic disagreements, a difference in understanding of world order, aspiration to formation of own earth which accessory is considered within the interests of the states, based on the historical forerunner, a tendency to secession, etc. On the present two states, East Timor and South Sudan fighting for office and recognition of independence are recognized. But their situation in spite of the fact that they achieved so desired objective — recognition of the international community leaves much to be desired. Obtaining independence does not hide under itself a gift in the form of sharp improvement of a state at all. Recognition gives only the chance to formation of the state in aspects of precepts of law. Thus, the states should lay hopes for own forces, without waiting for the benefits which are on a silver platter from the rest of the world. Therefore, the states need to think seriously of a question of how to codify such norms as: "recognition", "non-recognition of the state"; to decide on interpretation of such concepts as: "unrecognized political education", "people". Unrecognized political education represents the passing type of political education with steady tendencies to finding of the status of the sovereign participant of the interstate relations (because of the gaps stated above in the right). Recognition of "quasi-state" does not fit into an outline of modern international law for the reason that such political education declared the independence contrary to the imperative principles of international law: sovereign equality of the state, territorial integrity of the state, inviolability of borders of the state.

Experts in the field of international law have to be concerned by position of the natural persons living in the territory of the unrecognized state, it is known that the state is not only management personnel, but, first of all, people, many of which became hostages of current situation. In view of the fact that the parent state does not exercise control over the territory of "the self-proclaimed state", and the last in most cases only declares the ability of ensuring due protection of human rights, the states need to develop international legal tools for protection of the population of such illegitimate education.

Thus, studying of quasi-states requires bigger attention as from political scientists, representatives of international and political science and lawyers, and political practicing, in many respects on opinion of which the destiny not just territories, but people, on them living depends.

1 *Добронравин Н. А. Модернизация на обочине: выживание и развитие квазигосударств в XX — начале XXI века. СПб.: Изд-во Европейского университета в С.-Петербурге, 2013.*

2 *Терзич С. Историческая подоплека событий в Косово и Метохии //Обозреватель. – 1998. – № 10.*

3 *Гуськова Е.Ю. История югославского кризиса (1990-2000). – М., 2001.*

4 Тренин Д., Степанова Е. Косово: международные аспекты кризиса /Московский Центр Карнеги. – Гендальф, 1999.

5 Маркедонов С. Де-факто образования постсоветского пространства: двадцать лет государственного строительства// Институт Кавказа. Ереван, 2012 / <http://www.c-i.am/wp-content/uploads/2012/04/CI-RP5/>

УДК 798-11  
ГРНТИ 03.09.03

*Қалқаман Тұрсынұлы Жұмағұлов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>т. г. д., профессор, академик, Геттинген университетінің (Германия) Құрметті профессоры, тарих, археология және этнология факультеті, әл-Фараби ат. ҚазҰУ., Дүние жүзі тарихын зерттеу бойынша Республикалық ғылыми зерттеу орталығының директоры*

*Альдибекова Айгерим Ериковна<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup> - курс магистрант, тарих, археология және этнология факультеті, әл-Фараби ат. ҚазҰУ*

## Н. МАКИАВЕЛЛИДІҢ ФЛОРЕНЦИЯ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСЫ

*Аңдатпа*

Мақалада Никколо Макиавеллидің Флоренция тарихындағы жоғарғы үкімет билігіне, қоғамға, мәдениет пен дінге деген жаңа ойлары - қайта өрлеу дәуіріндегі саяси - әлеуметтік өзгерістер, экономикалық, капиталистік қатынастарының дамуы, адамдардың бас бостандығы мәнінің, ұлттық сезімнің жандануын туғызады. «Флоренция тарихы» шамамен бес жүз жыл бұрын жазылғанымен әлі күнге дейін терең мәнге толы. Макиавелли Рим республикасы мен Флоренцияның арасында тарихи параллельді жүргізеді. Ежелгі Римде аралас билік – халық пен ақсүйектердің арасындағы күрес пен келіссөздер бола тұра, аграрлық құқық айналасындағы қақтығыстар салдарынан республиканың құлауына алып келді. Флоренция тарихында қарапайым халық - популярлар және елеулі адамдар - нобилер арасындағы кекілжіндер ең басынан ымырасыз мінез тудырған бұл даудамай, Флоренция республикасының әлсіздігін көрсетті. Оның мазмұны - Ренессанс дәуірінің кернеуі бар драматизмін - ұлы көтерілістер мен құлдырау, ұлы тұлғаларға толы.

**Түйін сөздер:** мемлекет, билеуші, демократия, республика, популяр, нобилер.

*<sup>1</sup>Калкаман Турсунович Жумагулов*

*<sup>1</sup>д. и. н., профессор, академик, факультета истории, археологии и этнологии, КазНУ им. аль-Фараби., почетный профессор Геттингенского университета (Германия), директор Республиканского научно- исследовательского центра по изучению всемирной истории*

*<sup>2</sup>Альдибекова Айгерим Ериковна*

*<sup>2</sup>магистрант 2 - курса, факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби*

## ИСТОРИЧЕСКИЙ ВЗГЛЯД МАКИАВЕЛЛИ ОБ ИСТОРИИ ФЛОРЕНЦИИ

*Аннотация*

В статье рассматривается взгляды Н.Макиавелли об истории Флоренции, от зарождения итальянской средневековой цивилизации до конца XV века. Взгляды об высшей власти, общества, религии, культуры и новой мысли - в эпоху возрождения социально - политических изменений, экономических, развитие капиталистических отношений, сущности и свободы людей, вызывает активизацию национального сознания. Хоть и «История Флоренции» написано примерно пятьсот лет назад, до сих пор полна глубокого значения. Макиавелли удивительно красочно воссоздает исторические события, он приводит историческую параллель между Римской республикой и Флоренцией. В древнем Риме смешанная власть

– борьба между народом и знатью, из-за конфликтов вокруг аграрного права, в результате привело к падению республики. И в Флоренции между бескомпромиссной борьбой простого народа и знатных людей - популяров и нобии показали уязвимость республики. В его содержании полно драматизма эпохи Ренессанс - великих людей, восстании и падении.

**Ключевые слова:** государство, правитель, демократия, республика, популяры, нобии.

<sup>1</sup>*Kalkaman Tursunovich Zhumagulov*

<sup>1</sup>*doctor of historical sciences, professor, academician, faculty of history, archeology and ethnology, Kazakh National university named after Al-Farabi., honorable professor, University of Göttingen (Germany), director of the republican research center for the study of world history*

<sup>2</sup>*Aldibekova Aigerim Erikovna*

<sup>2</sup>*Master student, faculty of history, archeology and ethnology KazNU named after al-Farabi*

## **HISTORICAL VIEW OF MACIAVELLI ABOUT THE HISTORY OF FLORENCE**

### *Abstract*

The article being considered the views of N.Machiavelli about the history of Florence, from the birth of the Italian medieval civilization to the end of the XV century. Views on higher authority, society, religion, culture and new thought - in the era of the revival of socio - political changes, economic, development of capitalist relations, the essence and freedom of people, causes the activation of national consciousness. Although the “History of Florence” was written about five hundred years ago, it is still full of deep meaning. Machiavelli surprisingly colorfully recreates historical events, he cites the historical parallel between the Roman Republic and Florence. In ancient Rome, mixed power - the struggle between the people and high society, due to conflicts around agrarian law, as a result led to the fall of the republic. And in Florence, between the uncompromising struggle of the common people, nobye and popiular, showed the vulnerability of the republic. In its volume is full of drama of the Renaissance - great people, rebellion and fall.

**Keywords:** state, ruler, democracy, republic, populars, nobyes.

Никколо Макиавелли - тарихшы, қайта өрлеу дәуірінің саяси ғылымдардың негізін қалаушы, мемлекет қызметшісі, жазушы. Оның өмірі еуропа мемлекеттеріндегі капитализмнің дамуы мен сауда саттық жолдарының өзгеруіне себеп болған қатаң саяси - экономикалық дағдарыс кезеңінде өтті. Республика кезеңінде Макиавелли саяси кезметпен айналысты. Жиырма жеті жасында - Флоренция Республикасының Оныншы Кеңесінде хатшы, кейін батыс еуропа мемлекеттерінің бірінде елшілік қызмет атқарды. Республика құлағаннан кейін билік Медичи отбасының қолына көшті, ал Н. Макиавелли жұмысынан босатылып, өз иелігіне кетеді. Осы кездері «Патша» (1513), «Тит Ливийдің бірінші декадаға ой-толғаныстары» (1519), сондай-ақ «Флоренция тарихы» (1532), атты тарихи еңбектерінде айқын көрінетін тарихи көзқарастары жазылады. Саяси қызметтің бай тәжірибесі мен оның уақытындағы тарихи үдерістер туралы жеткілікті ақпаратқа ие Макиавелли саяси-тарихи теорияның эмпирикалық негіздерін терең зерттеді. Макиавеллидің ілімі өте қайшы, өйткені ол екі түрлі дәуірлердің тәжірибесін бейнелейді: Роман герцогі Чезарь Борджиа және Италиян соғыстары кезіндегі Папаның заманы; испан-швейцар әскерлеріне сый ретінде Флоренция беріліп, бейтараптылық саясат ұстанған уақыт; Флоренциядан контрибуция алуға рұқсат алу және мемлекеттегі Медичи билігінің қалпына келтіру кезеңімен сәйкес келді [1, 191-192 бб.]. Бұл уақыт - Флоренция ұзақ күткен бейбітшілік пен гүлдену, ең жарқын және ағартушы билеушілерінің бірі Лоренцо-де-Медичи кезеңі.

1532 жылы 25 наурызда, Никколо Макиавелли қайтыс болғаннан кейін бес жыл өткен соң, оның «Флоренция тарихы» Римде жарық көрді. Бұл ауқымды трактатты Никколо Макиавелли, 1520-1527 жылдар аралығында кардинал Джулио Медичиге тікелей бағынған, Флоренция университетінің тапсырысымен жазды. Бұл кітапта 1492 жылға дейін оқиғалар сипатталған. Никколо Макиавелли еңбегін, іс жүзінде қаланы басқарып отырған Медичи отбасын биліктен кеткенге дейін екі жыл бұрын тоқтатты.

1512 жылы Медичи отбасының өкілдері билікке қайта оралды, ал Макиавеллидей демократиялық нанымдарды ұстанған адамдарға күш көрсетілді. Макиавелли өз еңбегімен Медичи отбасының кешірімі мен қайырымдылығына және мемлекеттік лауазымға ие болуға үміттенді. Алайда, ол үмітінен біршама айырылған Макиавелли, Медичилердің қысқа мерзімдегі халықты басқарғаны туралы теріс жазуға өзін мәжбүрлей алмады.

Ол өткен уақыттағы оқиғалар туралы қарапайым азаматтардың көтерілісін басқарған Микеле Ландоның тарихын жазған, республикашыл Джинно Каппонидің; Козимо Медичидің тақтан тайдырылып, қайта қайтып келгені туралы, Медичилердің жақтасы Джованни Ковалькантидың еңбектеріне сүйенді [2, 9-16 бб.]. Осы оқиғалардың негізінде Макиавелли таң қаларлық риясыздық танытып Флоренция тарихын баяндайды. Әсіресе, Батыс империясының ыдырағаннан, 1434 жылдан бастап Лоренцо де Медичи өліміне дейін, яғни 1492 жылға дейін оқиғалар туралы айтылады.

Енді итальяндықтар Никколо Макиавелли туралы Италияның бірігуін қалайтын патриот ретінде құрметпен айтады. Бірақ өмір бойы оған, жақтаушылар да, Медичилердің қарсыластары да жанашырлық танытпады. Ол Медичилерден мейірімділік күтті, олар оған ешқандай лауазымды орын бермеді, бұрынғы елшіні, кедейлік мәжбүрледі, монахтардың және саудагерлердің тапсырмаларын орындаумен жүрді. Ақырында, флоренциялықтар Медичилерді тақтан тайтырды. Макиавелли Флоренцияға лауазымды орын алумен үміттеніп қайта оралды. Бірақ республикашылдар Макиавеллиді кезіндегі Медичилер секілді салқындықпен қарсы алды. Ол 1527 жылы 22 маусымда қайтыс болды. Оның «Патша» трактаты 1532 жылы жарық көрді және оның қазіргі заманғы ойшылдардың арасында беделін төмендетті, ол шынымен де биліктегі адамдарға, мемлекеттердің тағдырына зиянды әсер етті [3, 87 б.]. Макиавелли бұл кітапты Урбин герцогына арнаған. Лоренцо де Медичидің қызы, француз ханшайымы Екатерина Медичи өзі де Макиавеллидің саясатының ізбасары бола тұра еңбектерін өз балаларына оқыған, олардан шәкірт іздеген. Ворфоломей түні және Людовик XIV-нің деспотизмінің құбылыстары Макиавеллидің ілімімен сәйкес келіп қалды. Ол XVI және XVII ғасырлардағы барлық патшалар мен министрлердің ерекше құрметіне ие болды. Әрбір билік басындағы кіші деспот Макиавеллидің «Патша» еңбегін оқуды және сол кеңестерді қолдануды сөзсіз парыз деп қабылдады. Сол жүйенің тәжірибесін сақтап келген Ұлы Фридрих, масқара етіп жария қылуда, өзіне пайда алып келу ойымен, Вольтердің көмегімен 1740 жылы «Антимакиавелли» еңбегін жазды. Бұл деген Макиавеллидің ілімдеріне қарсылық таныту.

Оның келесі бір атақты еңбектерінің бірі - «Флоренция тарихы» папа Климент VII-шіден басталады. Жоғарыда айтылғандай Макиавеллиге Медичи отбасының ұлы істерін сипаттап жазу тапсырылды. Бірақ бұл бұйрық олар күткендей орындалмады. Ол кіріспеде, тапсырылған істі ешбір жағымпаздықсыз жазғанын және олардың еңбекке риза болмайтынын айтады. Алайда, Клемент VII-ші сыпайы болғандықтан, наразылық білдірмеді және бұл кітап үшін тіпті Макиавеллиді мадақтады. Макиавелли еңбегін өзінің ең басты оқырманы, мемлекет қызметшісі, басшысына, мемлекеттегі ішкі талас-тартыстар туралы оқиғалар маңызды болады деген оймен, өткеннен сабақ алып, мемлекет ішіндегі келісім мен бірлікті сақтап қалуға үлгі болады деп жазды [4, 89 б.]. Келісім мен бірлік - Макиавеллидің негізгі идеяларының бірі.

«Флоренция тарихында» Макиавелли саяси және тарихнамалық сипаттағы кейбір жалпы міндеттерді көрсетеді, «Флоренция тарихы» атты барлық 8 кітапта мәліметтер толық келтірілген. Бастапқы екі кітабы «алғашқы орта ғасырлар» туралы жазылған. Макиавеллидің айтуынша, «елге келіп, жақсы климатқа қол жеткізді, сол себепті тез арада саны артып, нәтижесінде территорияларын кеңейтуге, мекендеуге мәжбүр болған варварлар - Рим империясын жойды. Император да белгілі себептермен осыған ықпал етті, олар өз астанасын Римнен Константинопольге ауыстырды, осылайша империяның бір бөлігін варварларға қалдырды» [4, 94 б.]. Макиавелли тарихты кимвр варварларының басып кіруінен бастап, весготтармен жалғастырады. Ол көптеген материалдарды, тұтастай алғанда фактілер тізбегі дұрыс келтірген. Макиавелли бойынша, Батыста Рим империясы IV ғасырда құлайды. Оның орнына жаңа келген – Ұлы Карл империясының тарихына терең үңілмейді. Макиавелли Ұлы Карл империясының тарихын Рим империясымен байланыстырмайды [4, 104-105 бб.]. Орта ғасырлық жылнамашыларға қарағанда, Макиавеллидің орта ғасырлар тарихының алғашқы кезеңдеріне деген реалистік көзқарасын байқалады. Макиавелли үшін, Рим тарихынан кейін орта ғасырлардағы тікелей ізін жалғастырушылар жоқ. Ол Рим империясының құлдырауы - жаңа кезеңнің басы болғанын көреді.

Макиавеллидің айтуынша, варварлардың қағандары Италияда ұзаққа тоқтамаған, оларды тонап, әрі қарай басып өткен. Италияда алғаш тоқтаған варварлар Одоакр мен Теодорих болған. Макиавелли Италияның бірігуі туралы көзқарасымен байланысты, осы Италияны «біріктірушілердің» іс-әрекеттерін, әсіресе Теодорихты жоғары бағалайды.

Ол Теодорихке «панегирика» әндерін арнаған, оның пайымдауынша, «остроготтарға және Рим мемлекетіне, қала құрылысына, бекіністерге, т.б. құрылыстарға Теодорихтың үлкен ықпалы тиген. Оның билігі кезінде Рим және Италия бой көтерді, жақсы тәртіп орнатты» [5, 225-227 бб.] деп жазды.



Макиавеллиді Рим империясының құлдырай бастауы, Теодорихтың билігі кезеңі арасындағы Италияның тағдыры, варварлардың бірінен соң бірі кезектеп жаулауы, биліктің дереу әрі жиі өзгеруі, мемлекет үшін қаншалықты зиян екені, осының барлығы саяси ойларға толғандырады.

Макиавеллидің христиан дініне деген көзқарасында: Рим империясының құлдырау кезеңінде және варварлық мемлекеттердің пайда болуы, христиан дініне теріс рөл атқарды, себебі империяға жаңа бүліншілік таратылуы, жаңа және ескі діндер арасындағы саяси қақтығыстардың ушығуы, варварлардың империяны жаулап алуына ықпал етті. Макиавелли христиан дініне деген көзқарасы мүлдем теріс. Ол антикалық дін - адамдарды азаматтық шеберлік, батылдыққа тәрбиелейді, ал христиан діні болса, азаматтық моральға, әдепке босансу не жағымсыз әсер қалдыруымен, империяны әлсіретті [5, 245 б.] деп есептейді.

Оның көзқарасы бойынша христиан діні біртұтас болмаған, әртүрлі секталарға бөлініп тарап кеткен. Мысалға, ариакилер католик шіркеуі күресі, империяға варварлардан кем емес қасірет әкелді.

Лангобардтар тарихына жүгінгенсек, Макиавелли, лангобард патшасы Клифтың қатыгездігі себебінен патша билігі жойылып, мемлекеттің жоғарғы билеушілері болып герцогтар тағайындалғанын ерекше атап кетеді. Бұл оқиға ол үшін жалпыға ортақ саяси тұжырымдар жасаудың сылтауы болып табылады. Ол корольдік биліктің болмауы лангобардтардың саяси әлсіреуіне әкеліп соқтырды, олардың жауынгерлік рухының құлдырауы, нәтижесінде олар Италияда өз беделін сақтай алмады. Италияда патшалық билік қалпына келтірілген уақытта, Лангобарддың билеушілері өз еріктеріне үйреніп те алды, ал бұл өз кезегінде бүліншілік кезеңіне, лангобардтардың франктерге бағынуына алып келді [6, 185-197 бб.]

Макиавелли папалық биліктің пайда болу мәселесіне тоқталды. Ол папалыққа деген көзқарасы өте жағымсыз болғанымен, кітабының Рим Папасына арналғаны оған кедергі болмады. Макиавеллидің еңбегі «Константин сыйы» туралы сұрағына тікелей қатысты емес болса да, жазылған жолдары арасынан оқысақ, халық батыстағы папалар билікті өздерінің жағымды қасиеттері мен ілімдеріне құрметпен қарағаны үшін қолданады деп бекітеді, басқаша айтқанда, Рим Папасының мемлекеттік билігі болмады. Макиавеллидің айтуынша, папалардың билігі Рим империясының құлағаннан кейін ғана күшейе бастады. Алғашқы кездері папалар лангобардтар мен Шығыс Рим империясы арасында қалып отырды, ал кейін франктерден көмек сұрады [7, 85 б.]. Макиавелли Италияға франктерді шақырған папаларды айыптайды, соның салдарынан, франктер варварлардың келулеріне себепші болғанын, бұның барлығы өз заманына дейін жалғасқаны және Италияның саяси бөлшектенуінің негізгі себептерінің бірі болғанын айтады. Макиавелли Ұлы Карл империясының құрылуын атап өткендей, ешқандай мағына бермейді, керісінше, Ұлы Карлдың Папаның қолдауымен тәж кигені, жеңіске қалай жеткенін көрсетеді.

Крест жорықтарының бір себебі деп, Рим Папасы Урбан II Италияда өзіне қарсы жеккөрушілік туғызғаны үшін, Италиядан Францияға кетуге мәжбүр болды деп көрсетеді. Өз беделін көтеру үшін, ол Крест жорықтарын уағыздай бастады. Келесі бір оқиғаны - гвильфтер мен гибиллингтер арасындағы күресінің басталуын Макиавелли, Генрих IV-ші мен Григорий VII-нің арасындағы даудамайдан шығарады [8, 295 б.].

Макиавелли Италия тарихын 1434 жылға дейін жеткізеді, бірақ одан әрі оның мазмұны күңгірт. Содан кейін ол Флоренцияның тарихымен жалғасады.

Дегенмен, Макиавелли Флоренция тарихындағы оқиғалардың әрі қарай қалай жүретінін толық түсіндірмейді. Ол болашақ мемлекет басшысын, Италияны біріктіруші және оны жаулап алушыларға қарсы тұра алатын, ежелгі аңызға ұқсаған ұлы патшаны елестетеді. Бірақ Медичи отбасының қалпына келтірілу уақытында Макиавеллидің нақты жоспарлары әлі де ұзаққа бармады. Қалай болғанда да, өзінің тарихи тұжырымдамасында да, саяси идеяларында да жалпыға ортақ оптимистік көзқарастар мен пессимистік ескертулер де байқалады. Бұл тығырықтан шығар жолды, Италияның бірігуін қалайтын, күшті және ар-ұжданның алдында азап шегуден қорықпайтын патшаны көреді.

Адам, азамат, адамдар, халық - бұл Никколо Макиавеллидің «Тарихының» басты тақырыптары. Ауыр әлеуметтік кекілжіңдер – бүкіл тарихи үдерістерді басқаратын заңдылық, тарихшы – Макиавеллидің тұжырымдамасы. Флоренция тарихы - кең көзқараспен, адам өмірінің терең талдауын біріктірген, еуропалық ойда жазылған алғашқы кітап және Италия тарихын ағартқан алғашқы зерттеу. Мұнда өткен оқиғалар қазіргі заманның аясында Италиядағы жеңістер мен жеңілістердің болашақ тәжірибесінде қолдану үшін маңызды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

*1. Жұмағұлов Қ.Т. Орта ғасырлар тарихы: оқу құралы / Қ.Т. Жұмағұлов, Р.С. Мырзабекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 254 б.*

2. Макиавелли Н. Государь. – М.: Планета, 1990. – 79 с.
3. Макиавелли Н. Государь. Размышления над первой декадой Тита Ливия. – Ростов н/Д.: Пресс, 1998. – 136 с.
4. Рутенбург В.И. Жизнь и творчество Никколо Макиавелли // Никколо Макиавелли. История Флоренции. – М.: Наука, 1987. – 390 с.
5. Макиавелли Н. История Флоренции. – Л.: Наука, 1973. – 440 с.
6. Алексеев А.С. Макиавелли как политический Мыслитель. моногр./ А.С. Алексеев. – М.: Тип. Т. Малинецкого, 1880. – 336 с.
7. Юсим М.А. Этика Макиавелли. Моногр. / Отв. ред, В.И. Рутенбург; АН СССР. – М.: Наука, 1990. – 155 с.
8. Тененбаум Б. Великий Макиавелли: Темный гений власти: Цель оправдывает средства?. – М.: Яуза, 2012. – 480 с.

**ӘОЖ: 958.4**  
**МРНТИ 03.01.17**

Қ.Қ.Базарбаев<sup>1</sup>, А.Н.Джумадуллаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қ., [Қазақстан.Kanat-08@mail.ru](mailto:Kanat-08@mail.ru)

<sup>2</sup> т.ғ.к, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қ., Қазақстан. [damir.smanov@yandex.ru](mailto:damir.smanov@yandex.ru)

## ЖАСТҮРІКТЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ «БІРЛІК ЖӘНЕ ДАМУ» ПАРТИЯСЫНЫҢ САЯСИ ТҰҒЫРНАМАСЫ

*Аңдатпа*

Жастүріктер қозғалысының ең жоғарғы шыңы ретінде 1908 ж. революция Осман империясындағы ортағасырлық деспоттық биліктің іргетасын шайқалтты. Сонымен бірге еуропалық державалардың саяси, экономикалық басқыншылығына тосқауыл қоя алды. Елдің саяси-әлеуметтік және экономикалық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге этникалық жағынан да реформаның жаңғыртуға мүмкіндік алды. Жастүріктер революциясының басты жетістігі деп бағалауға болады. Жастүріктер қозғалысының саяси-идеялық қалыптасуы мен оның атқарған қызметтерінде «Бірлік және Даму» партиясы маңызды рөл атқарды. Партияның ұзақ жылдарға тәжірибесі арқылы қабылданған саяси бағдарламасы жастүріктер революциясының бағыт-бағдарын айқындап, олардың саяси- әлеуметтік және мәдени реформаларына негіз қалады.

**Кілт сөздер:** Осман империясы, Стамбул, Бірлік және Даму партиясы, жастүріктер, ұлт-азаттық қозғалыс, саяси эмиграция.

К.К.Базарбаев<sup>1</sup>, А.Н.Джумадуллаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD, *Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А.Ясауи, г.Туркестан, Казахстан.*  
[Kanat-08@mail.ru](mailto:Kanat-08@mail.ru)

<sup>2</sup>к.и.н, *Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясауи, г.Туркестан, Казахстан.*  
[damir.smanov@yandex.ru](mailto:damir.smanov@yandex.ru)

## ДВИЖЕНИЕ МЛАДОТУРКОВ И ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПЛАТФОРМА ПАРТИИ «ЕДИНЕНИЕ И ПРОГРЕСС»

*Аннотация*

Ставшая самым пиком младотюркского движения революция 1908 г., подшатнула основу средневековой деспотичной власти Османской империи. Вместе с тем смогла стать преградой для политической, экономической агрессии европейских держав.

Страна смогла модернизировать не только этнические, но и политические, социальные и экономические аспекты реформы.

Это можно оценить как самое главное достижение революции младотурков. В политическо-идейном формировании младотурков а также деятельности большую роль сыграла партия «Единство и развитие». Политическая программа принятая посредством долголетнего опыта партии, определила направление революции младотурков, и стала основой для политических-социальных и культурных реформ.

**Ключевые слова:** Османская империя, Стамбул, Партия «Единение и прогресс», младотурки, национально-освободительное движение, политическая эмиграция.

*K.K.Bazarbayev<sup>1</sup>, A.N. Jumadullayeva<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*PhD, H.A.Yasawi International Kazakh-Turkish University. Turkestan, Kazakhstan. [Kanat-08@mail.ru](mailto:Kanat-08@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Candidate of Historical Sciences, H.A.Yasawi International Kazakh-Turkish University. Turkestan, Kazakhstan. [damir.smanov@yandex.ru](mailto:damir.smanov@yandex.ru)*

## **YOUNG TURKS MOVEMENT POLITICAL PLATFORM OF THE “BIRLIK AND DAMU” (UNITY AND DEVELOPMENT) PARTY**

### *Annotation*

The 1908 revolution, which became the peak of the Young Turk movement, pushed the foundations of the medieval despotic power of the Ottoman Empire. At the same time, she was able to become an obstacle to political and economic aggression of the European powers. The country was able to modernize not only ethnic, but also the political, social and economic aspects of reform. This can be assessed as the most important achievement of the Young Turk revolution. The “Birlik and Damu” (Unity and Development) Party played a major role in the political and ideological formation of the Young Turks as well as in their activities. The political program adopted by the long experience of the party, determined the direction of the revolution of the Young Turks, and became the basis for political, social and cultural reforms.

**Key words:** Ottoman Empire, Istanbul, “Birlik and Damu” (Unity and Development) Party, Young Turks, national liberation movement, political emigration.

1889 ж. Стамбулдағы әскери-медициналық мектептің оқушыларынан құралған топ Осман империясының падишахы мен дүние жүзіндегі мұсылмандардың рухани көшбасшысы халифа II Абдулхамитті тақтан құлату мақсатында төңкеріс жасайтын ұйым құрды.

Әскери-медициналық мектеп орналасқан жер мен бұл ұйымның арасында біршама қызықты байланыстың болғандығы аңғарылады. Топқапы Сарайы мен Сиркежи теміржол вокзалының арасының құрылысы жоспарланғанда сол кездегі әскери-медициналық мектеп екеуінің ортасына түскен еді. Бұл теміржол вокзалына ұйым құрылмай тұрып бір жыл бұрын алғаш рет Парижден жолаушылар поезы келген еді. Осман империясына енген алғашқы батыстық ой-пікірлердің көпшілігі Парижде туындаған [1]. Осы сәйкестіктің үлкен тарихи сабақтастыққа ұласқандығы аңғарылады. Демек, Парижден енген саяси ой-пікірлер әскери-медициналық училищедегі жастүріктер ұйымының қызметі арқылы қоғамдық-саяси өмірді модернизациялау идеясына айналып, Топқапы сарайы бейнесіндегі Осман империясы Түркия Республикасына айналдыруына ұласты.

Абдулхамитке қарсы шығуды мақсат еткен жастүріктер қозғалысы осы ұйымнан бастау алады. Бұл ұйымның құрылуына Ибрахим Темо (немесе Этхем) есімді албан азаматы түрткі болғаны белгілі. Мектепке алғаш қабылданған Темо өзімен пікірлес басқа оқушылардан серіктер тауып, мектеп басшылығына қарсы ереуілге шыққан кезден бастап бірқатар мүмкіндіктерге қол жеткізген. Олардың көтерген идеялары ел арасында кеңінен тарап, қолдауға ие бола бастады да жастүріктер қозғалысын ұйымдық жағынан нығайту міндеті күн тәртібінде тұрды.

«Бірлік және Даму» партиясы Сұлтанселим кезінде Чуқурбостанда қабылданған соңғы шешіммен әскери-медициналық мектептің оқушылары Ибрахим Темо, харпуттық Абдуллах Жевдет, кавказдық Мехмед Решид, бакулік Хусейнзаде Али және диярбакырлік Ысқақ Сукути тарапынан 1892 ж. құрылды [2].

Әскери-медициналық мектепте құрылған «Бірлік және Даму» партиясы алғашқы кезде өзіне жақтастар табуды, өзінің өкілдерін көбейтуді ойлағанымен іс жүзінде нақты іс-әрекетке кіріскен жоқ. Бірақ, 1894 ж.

Стамбулда болған көтеріліске, сондай-ақ армяндардың Бабыали (Осман үкіметі) мен Осман банкісіне шабуыл жасауына байланысты Англия мен Франция үкіметтерінің қимылынан секем алған партия өкілдері ендігі кезекте нақты саяси іс-әрекетке көше бастады. Сөйтіп, партияның әскери-медициналық мектептегі оқушылары мешіт қабырғаларына «Ей иман еткендер (мұсылмандар) бірігіңдер!» деп жазылған алғашқы ұнпарақтарын іле бастады. Осыдан кейін халық көп жиналатын жерлерге, мешіттерге, қабырғаларға ұнпарақтарын ілу жұмыстары жалғаса берді.

Бекзада Сабахаддин Бейдің баяндамасымен ашылған конгресте негізінен екі мәселе қаралды. «1. Тек үгіт-насихат жұмыстарымен және газет-журналдар шығарумен ғана төңкеріс болмайды. Бұған әскери күштердің де қатыстырылуын қамтамасыз ету керек. 2. Шетелдік үкіметтердің араласуы үшін оларды елге шақырып, реформа жүргізуге әрекет ету керек.

Бірінші мәселені өзі осы конгреске әскери күштің өкілі ретінде қатысып отырған Исмаил Кемал Бей көтерген.

Ал, екінші ұсыныс армяндар тарапынан көтерілді. Олар Абдулхамит сұлтан уәде еткен реформаның осы күнге дейін іске аспағандығын және бұдан кейін де іске аспайтындығын айтып, мемлекетте нағыз төңкерістің шетелдің араласуымен болатындығын алға тартты. Тіпті, олар Берлин келісімінің 61-бабында жазылған 1895 ж. 11 мамыр күні қол қойылған меморандумды жүзеге асыруды талап етті [3]. Бұндай көзқарастардың саяси сипат алып, өткір пікірталасқа ұласуы жастүріктер қозғалысындағы терең идеялық алауыздыққа негіз болды.

Жастүріктердің II конгресінің (Париж, 1907) ұйымдастыру комитеті саяси қозғалысты біріктіруді көздеп барлық оппозициялық ұйымдарға шақыру жібереді. Бірақ конгресс мәжілістеріне тек қана «Бірлік және Даму», «Осман қоғамы», «Жеке бастама және орталықсыздандыру қоғамы», Армян буржуазиялық-ұлтшылдық «Дашнакцотун» партиясы, еврейлердің «Лавора» жұмысшы ұйымы, арабтардың «Ахди османи», «Хайфет» оппозициялық қоғамдары, сонымен бірге эмиграциялық «Мешверет», «Шурои Уммет» және «Албания» газеттерінің өкілдері қатысты.

Дегенмен, Конгреске қатыспаған ішкі Македонияның революциялық ұйымы, түрік либералдарының қоғамы, османдық революционерлер қоғамы және басқалар кейін оның шешімдеріне қосылады [4]. Осы конгрестің төралқасын «Иттихад ве Тераккидің» Париж комитетінің төрағасы Ахмед Риза бей, «Жеке бастама және орталықсыздандыру қоғамының» жетекшісі Сабахаддин ханзада, «Дашнакцотун» төрағасы К.Малумян құрамындағы үштік басқарды. Конгрестің оппозициялық күштерді біріктіру жөніндегі әрекеті конгресс барысында жастүріктер және ұлттық азшылық өкілдері талаптарын бірқатар шегіністер жасау арқылы қол жетті.

Жастүріктер қозғалысының саяси-идеялық қалыптасуы мен оның атқарған қызметтерінде «Бірлік және Даму» партиясы маңызды рөл атқарды. Партияның ұзақ жылдарға тәжірибесі арқылы қабылданған саяси бағдарламасы жастүріктер революциясының бағыт-бағдарын айқындап, олардың саяси- әлеуметтік және мәдени реформаларына негіз қалады. «Бірлік және Даму» партиясының қалыптасқан ұйымдық құқығы мен саяси тұғырнамасының мазмұны оның Азия аймағындағы еуропалық үлгідегі алғашқы демократиялық ұйым болғандығын айғақтайды. Осы жерде жастүріктер қозғалысына ықпал етуші факторларды айқындап алған жөн.

Жастүріктер қозғалысына 1905 ж. орыс төңкерісі тәжірибесіне сүйенген жастүріктер қозғалысының басшылары саяси күресті шартты түрде екі бағытта дамытуды жоспарластырады. Бірінші кезеңдегі басты стратегиялық мақсат ретінде жастүріктер буржуазия-либералдық сипаттағы әрекеттерді таңдап, II Абдулхамиттің шексіз билігіне қарсы тек қана наразылықпен шектелді [5]. Кеңестік тарихнамада орныққан бұл тұжырымға сын тұрғысында қарайтын болсақ, 1905 ж. бірінші орыс төңкерісінің тікелей ықпалымен жастүріктер басшылары осындай шешімге келді деп айтуға болмас еді. Бұл жағдайды тікелей ықпал деп емес, саяси қозғалыстың даму заңдылығына сай ұқсастық деп бағалаған орынды. Өйткені, тарихнамалық шолуымызда жастүріктер қозғалысы жетекшілерінің Ресейлік социал-демократиялық қозғалыс басшыларымен тығыз байланыс жасағандығы жөнінде деректер кездестіре алмадық. Демек, жастүріктер революциясының дайындығы кезеңіне бірінші орыс революциясының тікелей ықпалы болған жоқ, ол ұлт-азаттық қозғалыстың жалпы дамуы барысында Осман империясындағы саяси-әлеуметтік ахуалға сай жеке дара қалыптасқан саяси құбылыс деп бағалауға болады.

Жастүріктер қозғалысы саяси құбылыс ретінде өзіне дейінгі тәжірибелерге сүйенгендігі ақиқат. Осы мәселеге қатысты кеңірек тоқтауға болады. 1850 ж. Иранда жаңа діни реформа жүргізу әрекетіне кіріскен Бабилердің Түркияны паналауы 1864 ж. Абдулазиз сұлтан кезінде жүзеге асты. Кейіннен олардың бір бөлігі Кипрге, ал қалған бөлігі Аққаға барып қоныстанды.

Деректерде Бабилердің кеңесшісіне айналған Иран реформаторы Жемаледдин Афғанидің жас османдықтармен қарым-қатынас орнатқандығы айтылады. Жемаледдин 1900 ж. кейін жастүріктерге түрікшілдік идеологиясының ықпал етуіне себепкер болды. 1892 ж. Абдулхамит Жемаледдинді Түркияға шақырады. Ол, осы кезден түрік зиялыларымен апта сайын сұхбат өткізе бастайды. Бұл сұхбатқа тұрақты қатысып тұрған азаматтардың бірі Мехмет Әмин болды. Жемаледдин Мехмет Әминнің түрікшілдік сезімін оятады.

Жемаледдин Афғани Стамбулдағы Бабилерді «жаспарсы» қоғамы ретінде ұйымдастырып, олардың бір бөлігін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін жасырын түрде Иранға жіберді. Бұл «жаспарсылықтар» Еуропадан жас түріктердің тиым салынған басылымдарын әкелу арқылы және жасосмандықтардың шығармаларын қайтадан басып шығарумен саяси өмірге қадам басты. Бұл деректер жастүріктер қозғалысына тарихи жағдайларға байланысты Иран елінде қуатты саяси ағымға айналған жаспарсылар қозғалысының белгілі дәрежеде ықпал әсері болғандығын айғақтайды. [6].

XIX ғ. аяғында сұлтан үкіметінің қудалауы нәтижесінде Осман империясындағы патриоттық күштер Түркиядан Еуропаға мұғажырлыққа кете бастады. Шетелдерде жастүріктер ұйымдарын құру процесі одан әрі жалғасын тапты. Түрік зиялыларының саяси эмиграциясының орталығы Париж қаласы болды. 1891 ж. мұнда Женевада, Каирде, Лондонда, Неапольде және басқа қалаларда көптеген өкілдігі бар «Осман қоғамының даму және бірігу» партиясының негізі қаланды. Ол қаладағы ұйымдардың өз баспаханалары болды. XIX ғ. 90 ж. ортасында Парижде түрік саяси эмигранттарының саны едәуір өсті. Солардың арасында алғашқы жастүріктер ұйымы «Бірігу және даму» партиясының негізін салушылар Искахи Сюкути, Ахмед бей, Мехмед Решидтердің Парижге келуіне мүмкіндік туды. 1895 ж. Парижде Осман қоғамының «Бірлік және даму» ұйымы «Мешверет» (Пікірталас) газеттерін шығара бастады. 1879-1907 жж. аралығында шет елде түрік тілінде немесе түрік зиялылары Еуропа тілдерінде шығарған 120-ға жуық оппозициялық газеттер жарық көріп тұрған. Бұл деректердің өзі түрік саяси мұғажырлығының шетелде II Абдулхамит билігіне қарсы күрестің ұйымдық құрылымының осы газеттер болғандығына танытады [7].

Жастүріктердің елдегі деспоттық билікке тойтарыс беру әрекеті шетелдегі түрік баспасөзінде көбірек қолдау тауып отырды. 1898-1902 жж. аралығында сұлтан билігіне қарсы көңіл-күй өсе түсті. Осы кезде жастүріктердің эмиграциядағы саяси орталығы Женевада, Фолкстонда (Англия) және Каирде орналасты.

Олардың ішінен өте белсенділері 1897 ж. аяғында «Османлы» газетін шығарған женевалық жастүріктер болды. Бұл газет төңірегіне топтасқандар өздерін «Жас Түркия» ұйымы деп атап, 1902 ж. дейін мұғажырлықтағы жастүріктердің түрік тілінде жарық көретін. Ал газет ең маңызды баспасөз құралы болып саналды. Осыған байланысты «Османлы» газеті әртүрлі саяси топтар арасында таралып, газет беттерінде жастүріктердің өз мақсаттарына жету жолындағы іс-әрекеті туралы әртүрлі мәселелер талқыға салынды. «Мизан» мен «Мешверет» газеттерімен салыстырғанда «Османлы» газетінің тілі жеңіл және оқырмандары да көп болды. Газет беттерінде үкіметке және сұлтанға қарсы күресті насихаттау мазмұнындағы материалдар үнемі жарияланып тұрды. Газет II Абдулхамитті «қылмыскер», «Ислам әлемінің ең үлкен жауы», «Осман сұлтандығының үлкен бақытсыздығы», «сатқын» деп атады [8].

Түркиядағы әскери мектептердегі II Абдулхамитке қарсы жұмыстар тоқтамай, үздіксіз жалғасып жатты. Бірақ, осы мектепті бітірген алғашқы түлектердің бір бөлігі өздерін сырттай бақылап жүргендерін білгенде, елден кетудің уақыты келді деген бір шешімге келіп, 1894-1895 жж. Еуропаға қашады. Олардың басым көпшілігі Парижге келіп тұрақтайды. Олардың арасында Абдулхамид сұлтанның азабынан құтылып, оқуларын аяқтауды қалаған азаматтар да бар еді. Бас көтеруші жастар Парижде либералды түріктерден құралған шағын колония тауып алады. Олардың арасында 1878 ж. өткен алғашқы парламент мәжілісіне Бейрут делегаты ретінде қатысқан христиан әулетінен шыққан Халил Ганем де бар еді. Абдулхамид сұлтан парламентті таратқаннан кейін Ганем Парижге қашып, бұл жерде «La Jeune Turauie» атты газет шығара бастайды [9].

1896 ж. күзде жас түрік көшбасшылары Еуропада, соның ішінде Париж бен Женевада бас қоса бастады. Олар бұл қалаларда Абдулхамидтің ашу-ызасына тиетін іс-әрекеттерді үздіксіз жалғастыра береді. Абдулхамид сұлтан баспасөзге аты ілінгеннен бастап олардың аузын жабуға тырысып, «Мешвереттің» ізіне түседі. Ахмет Ризаның баспасөз бетіндегі шабуылдары басталған кезден Абдулхамид француз үкіметін «Мешверет» газетін жабуға және Ахмет Ризаны елден қууға көндіреді.

Қандай топқа жатса да, жастүріктердің барлығы түрлі діни бостандықтарға кепілдеме беретін 1876 ж. Заңның күшіне енуін талап етті. Бұл талап, империяға тәуелді ұлттардың ұлтшылдықпен байланысты мәлімдемелерін (хаттарын) қанағаттанарлық деп қабылдау деген сөз емес. Ризаның хаттарында да осы ой-пікірлер көрініс тапты.

Сол кезеңдегі жастүріктердің саяси көзқарастары туралы жазылған кітапша Мұрат Бей тарапынан 1897 ж. маусым айында жарық көреді. Оның сөзіне қарағанда, жер аударылған жастүріктер еуропалықтардың түріктерге қатысты ойдан шығарылған «варварлар» деген сөзінің дұрыс емес екендігін түсіндіре алмай, қиыншылықпен күн кешкен. Мұрат Осман империясына төнген қауіптерге екі нәрсенің себеп болғандығын, олардың біріншісі Абдулхамид болса, ал екіншісі Еуропаның алпауыт мемлекеттері екендігін атап көрсеткен. Сонымен қатар ол империяның құлауына себеп болған дерттердің бірі ретінде көрсетілген ислам дінін қорғау исламдық фанатизмнен басқа екендігін атап көрсетеді. Белгілі жастүрік көсемсөзшісі Туналы Хильмидің 1900-1902 жж. Женева мен Каирде бірнеше мақалары жарық көрді. Оның мақалаларында «Түркияның барлық тұрғындары – Османдар Түркістан тұрғындары» деген тезис ұсынды. Жалпы Туналы Хилмидің «Хұтбалары» тираниямен күресудің және елдің ұлттық проблемаларын шешудің қарапайым идеяларын ұсынған жастүріктер публицикасындағы қызықты үлгілердің бірі болды. Жастүріктер қозғалысының келесі бір өкілі Али Фахри 1900 ж. Женевада «Жас Түркияның тамыздағы съезі» атты кітапшасы жарыққа шықты. Осы еңбегінде империяның бостандыққа ұмтылған күштерін деспотизмге қарсы күресуге ашық үндеген ол «Бізге халықтың қанына бөккен қарғыс атқыр үкіметтің жаназасын шығару және барлық азаматтардың еркіндігі мен теңсіздігіне қол жеткізу үшін бірігу керек» [10] деп жазды. Сол үшін де конституцияны қайта енгізу жолындағы ортақ күрестің түрлері мен тәсілдерін айқындау, жастүріктерді ұйымдық жағынан нығайту үшін съезд шақыруды ұсынды. Осы кезеңдегі жастүріктердің публицистикасы Туналы Хильми «хұтбаларынан» Сабахаддинің «түсіндірмелеріне» дейін деспотизмге қарсылық пен күресті қалыптастыруда және Түркия тарихындағы алғашқы буржуазиялық революцияны дайындауда маңызды рөл атқарды. Бұл ХХ ғ. басына дейінгі бір ғасырлық түрік публицистикасының ең басты қоғамдық-саяси нәтижесі болды.

Сол кезде жастүріктер қозғалысының арасында Камил пашаға деген көзқарас біркелкі болмады. Парламенттегі дауыс беру оның пайдасына шешілді. Ұлы уәзір бұл жағдайды жастүріктердің шегінуі деп бағалап, өз жағдайын нығайтуға тырысты. 1909 ж. 10 ақпанда газеттер түрік үкіметінде біршама ауыстүйістер болғандығын хабарлады. Камил паша заңды белден басып, министрлер кеңесінің мақұлдауынсыз сұлтанмен келісіп, жастүріктер ықпалындағы Әскери-теңіз министрлігін жастүріктердің келісімінсіз өзінің жақтастарының құрамына енгізді. Әскери және соғыс-теңіз министріні қызметтен кетіруі арқылы әскери флоттың жоғарғы басшылық құрамын жастүріктердің ықпалынан алып, Камил паша мен оның жақтаушылары өз бақылауларын орнатты. Осы оқиғадан үш күн өткен соң И.А.Зиновьев Ресейдің ішкі істер министрі А.П.Извольскийге хат жолдады. Хатта Али Риза пашаның министрлер кабинетінен аластатылуы жөнсіз әрекет деп бағаланған [11].

Ультраоңшыл реакцияшылдар мен жастүріктердің қарама-қарсылығының шегі 1909 ж. 13 сәуіріне тура келді. Осы күні контрреволюциялық көтеріліс басталды. Стамбулдағы көтерілістің басталу алдында басылымдарды шектеу туралы заңға қарсы митингілер жүріп жатқан болатын [12].

Жастүріктер қозғалысының ең жоғарғы шыңы ретінде 1908 ж. революция Осман империясындағы ортағасырлық деспоттық биліктің іргетасын шайқалтты. Сонымен бірге еуропалық державалардың саяси, экономикалық басқыншылығына тосқауыл қоя алды. Елдің саяси-әлеуметтік және экономикалық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге этникалық жағынан да реформаның жаңғыртуға мүмкіндік алды. Жастүріктер революциясының басты жетістігі деп бағалауға болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ernest Edmondson Ramsaur. *Jön türkler ve 1908 ihtilali. Tarik Zafer Tunaya'nın önsözüle. Çeviri Nuran Yavuz. I Baskı -İstanbul, 2007. -31s.*
2. Ahmed Bedevi Kuran. *İnkılap tarihimiz ve jön türkler tan, Tan Matbası-İstanbul. 1945.-30s.*
3. Şerif Mardin. *Jön türklerin siyasi fikirleri. 1895-1908. Ankara, 1964.-152s.*
4. Алиев, Г.З. *Турция в период младотурок. (1908–1918 гг.) Издательство «Наука», Главная редакция восточной литературы. -М., 1972.-93.с.*
5. Петросян Ю.А. *Младотурецкое движение (вторая половина XIX начало XXвв). -М., 1971.- 306с.*
6. Selahattin Çetiner. *Çöküş yılları. II Abdülhamit, jön türkler, ittihat ve terakki. Remzi Kitabevi. - Ankara, 2008.-243 s.*
7. Tunaya T.Z. *Türkiyede siyasi partiler.-İstanbul 1952-157 s.*
8. Желтяков А.Д. *Печать в общественно-политической и культурной жизни Турции. -М., 1972. -261с.*
9. Ernest Edmondson Ramsaur, *Genç Türkler ve ittihat-teraki. «1908 ihtilalinin Hazırlık Dönemi». Tercüme: Hasan Yüncü. İstanbul, 2001 -49 s.*
10. Петросян Ю.А. *Турецкая публицистика эпохи реформ в Османской империи (конец XVIII- начало XXв.). - М., 1985.-107с.*

11. Шилькова В.И. Младотурецкая революция 1908-1909 гг. Издательство «Наука» Главная редакция восточной литературы. -Москва. 1977. -107с.

12. Kutschbach A. Die türkische Revolution in Juli 1908 and in April 1909. -179 p.

**ӘОЖ 958-01**  
**ГРНТИ 03.01.20**

*Оспанова А.Н.,<sup>1</sup> Даркенов Қ.Г.,<sup>2</sup> Утанов Б.М.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті, PhD докторы., профессор м.а., Астана қ. Қазақстан*

<sup>2</sup> *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті, т.ғ.к., профессор м.а., Астана қ. Қазақстан*

<sup>3</sup> *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті, аймақтану кафедрасының магистранты, Астана қ. Қазақстан*

### **ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АҚШ-ТЫҢ ӘСКЕРИ- САЯСАТЫ**

#### *Аңдатпа*

Мақалада АҚШ-тың Орталық Азиядағы саяси-әскери стратегиялық саясаты зерттелінді. Орталық азия аймақ елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде АҚШ-тың анықталады. Аймақ елдерімен АҚШ-тың екі жақты келісім шарттарының жүргізілуі, оның орындалуына басты назар аударылды. ХХІ ғасырдың бірінші жартысындағы Нью-Йорк оқиғасы АҚШ-тың Орталық Азияға қатысты жаңа саясатының басталуына сараптама беріледі.

**Кілтті сөздер:** АҚШ, НАТО, Орталық Азия, аймақ, қауіпсіздік, терроризм, экстремизм.

*Оспанова А.Н.,<sup>1</sup> Даркенов К.Г.,<sup>2</sup> Утанов Б.М. 3*

<sup>1</sup> *Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, доктор медицинских наук, профессор, Астана Казахстан*

<sup>2</sup> *Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, кандидат исторических наук, профессор, Астана Казахстан*

<sup>3</sup> *Магистрант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, факультет регионоведения, Астана Казахстан*

### **ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА США В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

#### *Аннотация*

В статье рассматривается военная политика США в Центральной Азии. Были выявлены причины изменения политики США в регионе. Соединенные Штаты уделяют особое внимание двусторонним соглашениям со странами региона и его осуществлению. Нью-йоркские события в первой половине ХХІ века считается как начало новой политики США в отношении региона Центральной Азии.

**Ключевые слова:** США, НАТО, Центральная Азия, регион, безопасность, терроризм, экстремизм.

*Osanova A.N.,<sup>1</sup> Darkenov KG,<sup>2</sup> Utanov B.M.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> Eurasian National University. L.N. Gumilyov, MD, professor,  
Astana Kazakhstan*

*<sup>2</sup> Eurasian National University. L.N. Gumilyov, Candidate of Historical Sciences, Professor,  
Astana Kazakhstan*

*<sup>3</sup> Master student of the Eurasian National University. L.N. Gumilyov, Faculty of Regional Studies,  
Astana Kazakhstan*

## **MILITARY - POLITICAL POLICY OF THE UNITED STATES OF AMERICA IN CENTRAL ASIA**

### *Annotation*

The article discusses the US military policy in Central Asia. The reasons for the change in US policy in the region were identified. The United States pays special attention to bilateral agreements with countries in the region and its implementation. New York events in the first half of the 21st century are considered to be the beginning of a new US policy towards the region of Central Asia.

**Keywords:** USA, NATO, Central Asia, region, security, terrorism, extremism.

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасында саяси-әскери салада көп тарапты өзара қарым-қатынас негізінде ынтымақтастық орнады. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан бергі уақыт аралығында ол тереңдей түсуде. Екі тараптың ынталануы, мүдде ортақтастығы бойынша өткізілген ресми кездесулер мен іс-сапарлар тиімді нәтиже беруде. «АҚШ пен ҚР арасындағы демократиялық серіктестік туралы хартия» екі мемлекет арасындағы қатынастарды динамикалық, тең құқылы және демократиялық серіктестік негізінде орнату жөнінде мәлімдеді. Сонымен қатар, бұл құжатта Қазақстанның геосаяси орналасу мүмкіндігі мен басымдығын жоғары бағалап, Қазақстан Азия мен Еуропа тоғысындағы стратегиялық орналасқан, сондықтан бұл факт аймақтағы қауіпсіздік пен бейбітшілікке айтарлықтай үлес қосуға мүмкіндік береді деп санады.

Қазақстан мен АҚШ арасындағы әскери-саяси қатынастардың негізін 1994 жылдың 14 ақпанындағы «ҚР Қорғаныс министрлігі және АҚШ Қорғаныс министрлігі арасындағы қорғаныс және әскери қарым-қатынастар саласындағы ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы меморандум» қаланды [1]. 2003 жылы Қазақстан мен АҚШ арасында әскери ынтымақтастықтың бесжылдық жоспарына қол қойылды.

АҚШ пен Қазақстан арасындағы қатынаста ядролық қарусыздану саласындағы ынтымақтастық маңызды. Қазақстан әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан ерікті түрде бас тартып, 500-ден астам сынақ өткізілген Семей ядролық полигонын жапты. 1995 жылы Қазақстан ядролық қаруды таратпау шартына қосылып, АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, кейін Франция және ҚХР сынды ядролық державалар тарапынан халықаралық кепілдікке ие болды. Бұл Қазақстанның халықаралық аренада ядролық қарудан бос мемлекет ретінде танытуға, әрі аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті сақтауға өз үлесін қосуға мүмкіндік берді.

Қазақстан мен АҚШ арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық саласы да екі тарапқа тиімді бағытта дамыды. 2003 жылы Қазақстан мен АҚШ бес жылға бағдарланған әскери ынтымақтастық жоспарын бекітті. Бесжылдық жоспар халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, аймақтық тұрақтылықты сақтау мақсатында мына салаларға ерекше назар аударды: халықаралық терроризмге бірігіп қарсы әрекет ету, бітімгерлік үдерістерді дамыту, Қазақстанның қарулы күштерінің әуе қорғаныс бөлімшелерінің қабілеттілігін арттыру, Каспий аймағының әскери инфрақұрылымын жетілдіру, шет тілдерінің әскери институтын құру және т.б. [2, 64 б.].

2008 ж. Қазақстан мен АҚШ-тың қорғаныс ведомстволары арасында 2008-2012 жылдарға арналған Бесжылдық жоспарына және оны іске асыруға қатысты меморандумға қол қойылды. Жоспар Қазбаттың, аэромобильді әскерді, Әскери-теңіз күштерінің жауынгерлік қабілеттілігі мен бітімгерлік әлеуетін күшейту, сондай-ақ Каспий маңындағы өңірдің әскери инфрақұрылымын дамыту салаларын қамтиды. Екіжақты байланыстардың жемісті дамуы ҚР қарулы күштерін модернизациялау жөніндегі жоспарлардың іске асырылуы, отандық әскери білім беру мен кадрларды даярлау жүйесіне оң әсер етуі тиіс [3, 98б.].



НАТО-мен Қазақстан «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы шеңберінде ынтымақтастық етуде, сонымен қатар 2002 ж. 7 маусымында Қазақстан Солтүстік атлантикалық серіктестік кеңесіне қатысады (САСК-СЕАП). Қазақстанның САСК(СЕАП)-қа қатысуының мақсаты – халықаралық қауіпсіздіктің аса өзекті мәселелері бойынша НАТО мемлекеттерімен диалогты қолдау. Сонымен қатар, САСК-СЕАП шеңберінде Қазақстан «Талдау және жоспарлау процессі» (ПАРП) бағдарламасына қатысты. Бұл бағдарлама келесідей мәселелерге арналған: бітімгерлік операцияларға қатысу үшін бөлімшелерді даярлау мен жоспарлау саласындағы қазақстандық қарулы күштердің трансформациясына және Қазақстан мен АҚШ-тың қарулы күштерінің оперативті өзара әрекеттесуіне көмектесу [4, 68 б.].

Бейбітшілік үшін серіктестік бағдарламасына қатысу Қазақстан үшін НАТО-мен келесідей бағыттар бойынша әрекеттесуге мүмкіндік береді:

- азаматтық төтенше жоспарлау;
- антидағдарыстық реттеу;
- қорғаныс құрылымдары мен қарулы күштерге демократиялық бақылау;
- қорғаныс саясаты мен стратегия;
- әскери оқулар мен әскери білім алу.

НАТО шеңберіндегі қазақстандық-американдық қатынастардың дамуы – АҚШ-тың Орталық Азия аймағындағы өзінің ықпалын Солтүстік-атлантикалық альянсы шеңберіндегі түрлі бастамаларды жүзеге асыру арқылы күшейтуге бағытталғаны көрнекі бола алады. Мұндай жағдайдың қалыптасуына соңғы жылдардағы НАТО бойынша Астана мен Вашингтон арасындағы байланыстардың интенсификациясы дәлел бола алады.

Қазақстан мен АҚШ арасындағы әскери-саяси ынтымақтастық екі мемлекеттің де бұл саладағы мүдделеріне қол жеткізуге арналған. Егер АҚШ-тың Қазақстанмен әскери-техникалық қатынастарының мүдделеріне келетін болсақ, АҚШ-тың мұндағы негізгі міндеттері - Орталық Азия аймағында террористік қауіп төнген жағдайда біріккен антитеррористік операцияларды жүзеге асыру мақсатында ҚР-ның бітімгерлік бөлімшелерін НАТО стандарттарына сәйкестендіру. Ал Қазақстан болса, өзінің қарулы күштерін модернизациялау мен трансформациялауға, сондай-ақ әскери білім беру мен ғылым бағдарламалары арқасында пайда көруге мүмкіндік алады.

АҚШ-тың посткеңестік мемлекеттерді НАТО шеңберінде ынтымақтастыққа тартудағы мүдделері саяси-әскери саладағы байланыстарды жолға қою мен кеңейтумен байланысты. Геосаяси тұрғыдан алғанда Орталық Азия аймағы екі алып мемлекет Ресей мен Қытайға жақын, ал кей аймақ мемлекеттері бұлармен көрші орналасқан. Орталық Азия мемлекеттерін еуро атлантикалық қауіпсіздік құрылымдармен ынтымақтастыққа тарту Вашингтон үшін Мәскеу мен Пекиннің бастамаларына балама жасауға байланысты. Бұл бастамалардағы негізгі мақсаттары – ОА мемлекеттерімен саяси-әскери ынтымақтастықты күшейту мен аймақтағы өздерінің жеке геостратегиялық мүдделерін нығайту.

АҚШ Қазақстан және басқа да Орталық Азия мемлекеттерімен біріккен оқуларды ұйымдастырудағы мүдделеріне келетін болсақ, бұл Орталық Азия немесе Кавказ аймақтарында аймақтық қақтығыс орын алған жағдайда Вашингтон мұндай қақтығыстарға НАТО механизмдерін пайдалана отырып араласуы мүмкін. Бұл жоспарларды Солтүстік альянстың мүше-мемлекеттерін бітімгерлік операцияларға тарту арқылы жүзеге асыруға болады. Мұндай оқуларға қатысу арқылы АҚШ Ресейдің ҰҚҚҰ шеңберіндегі бастамаларымен бәсекелесе отырып, Орталық Азия мемлекеттерімен біріккен әскери операциялардағы дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік алады.

АҚШ мен Қырғызстан арасындағы саяси-әскери қарым-қатынастар да жағымды сипат алды.

АҚШ үшін Қырғызстанның маңыздылығы 11 қыркүйектегі оқиғалардан артты. Бұл оқиғалардан кейін Қырғызстан үкіметі АҚШ-ты қолдайтындары жөнінде мәлімдеді және АҚШ-тың Ауғанстандағы контртеррористік операцияларына Қырғызстанның әуе кеңістігін пайдалану сұрауын мақұлдады. Американдық әскерилер Бішкекке жақын жерде орналасқан Манас халықаралық әуежайының аэродромын жөндеп қалпына келтірді және бұл 2001 жылы желтоқсан айында іске қосылды.

2002 жылы мамыр айында Манас базасында коалицияның 9 мемлекетінен 2000 әскерилері, 9 жүк ұшақтары, жанармай құюшылар және бірнеше теңіз әскерилері орналастырылды. АҚШ бастаған батыс коалиция күштерінің Қырғызстанда орналасуына жауап ретінде Ресей келесі жылы, яғни 2003 жылы Қантқа өзінің әскерилерін орналастырып, әуе базасын ұйымдастырды. Бұл база Манас базасынан небәрі 20 шақырым қашықтықта орналасты. Осылайша, Қырғызстан, бір мемлекет территориясында АҚШ және Ресей базалары орналасқан алғашқы мемлекетке айналды [5, 72 б.].

Қырғызстанда АҚШ және Ресей елдерінің әскери базалары орналасқан. Бұл мемлекеттердің базалардың Қырғызстан территориясында орналасуы елдің жоғарыдағы мемлекеттермен

катынастарының дамуына өз әсерін тигізеді. Қырғызстандағы басқа шетелдік база Бішкектен 25 км. қашықтықта Қант мекенінде орналасқан. Бұл база 2003 ж. ұйымдастырылып, мұнда Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымының Ұжымдық жедел әрекет ету күштері орналасқан (ҰЖӘК-КСОР).

2009 жылы 24 маусымында АҚШ қорғаныс министрлігі АҚШ пен Қырғызстан үкіметі тарапынан «өзара тиімділік» келісімі бекітілгені жөнінде хабарлады.

Өзбекстан мен АҚШ арасындағы саяси-әскери қарым-қатынастардың даму үрдісінің өзіне тән ерекшелігі болды. Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен салыстырғанда Өзбекстан нақты күш орталығымен ғана тығыз қатынастарды сақтауға тырыспай, өзінің сыртқы саясатындағы бағыттарды кеңейтуге ұмтылған жоқ. Өзбекстанның сыртқы саясат бағытының ерекшелігі Ресей ықпалынан шығып, Батыспен жақындасу ұмтылысымен сипатталады. Ташкенттің сыртқы саяси амбициялары келесідей факторларға сүйенді: халық саны, көрші мемлекеттерде ірі өзбек диаспораларының болуы не өзбектердің территорияда ықшамды өмір сүруі және мемлекеттің «орталық» географиялық жағдайы. Ташкенттің Орталық Азиядағы жетекшілікке талаптанған Өзбекстанның сыртқы саясаты аймақтағы өзінің позицияларын қостауға ұмтылған Ресейдің саясатына тап болды.

1990 жж. ортасында Өзбекстан басшылығы Батыс елдерімен қауіпсіздік және әскери-саяси саладағы қатынастарды интенсивті түрде дамытуды бастайды. Америка Құрама Штаттары Өзбекстанмен қатынастардың тереңдеуіне мүдделі болды, себебі бұл қатынастар Орталық Азиядағы американдық ықпалды күшейтуге мүмкіндік берді [6, 188 б.].

Өзбекстан-американ қатынастарының алғашқы кезеңінде, 1990 жж. ортасына дейін АҚШ Өзбекстанға демократияның өз моделін міндеттегісі келді, республикаға қатысты қатаң саясат ұстанып, адам құқықтарын бұзу жөнінде мәселелерді көтерді. Кейін аймақтағы Өзбекстанның стратегиялық мәртебесі жоғарылай келе, бұл проблемалар екінші қатар тізіміне қалды. Бұл жөнінде 1995 жылы сәуір айында өзінің Ташкентке жасаған сапары барысында АҚШ-қорғаныс министрі сөз қозғаған болатын. 1996 ж. маусым айында Вашингтонда өткен И. Каримов пен У. Клинтонның кездесуінде Клинтон Орталық Азия аймағындағы Өзбекстанның өзекті ролін атап өтті [7].

Орталық Азиядағы геосаяси жағдайының өзгеруі, әсіресе аймақтағы американдық ықпалдың кеңеюі тікелей Ресей мүдделерін қозғайды. Өзбекстан үшін АҚШ-қа арқа сүйеу өздерінің сыртқы саясатында Ресейге жақын бағытын ұстанатын басқа посткеңестік мемлекеттерге стратегиялық қарсылас бола алады. Мысалы, Тәжікстанға келетін болсақ, мұндағы Ресейдің ықпалы ресейлік әскерлердің тәжік-ауған шекарасындағы учаскені қорғауларымен байланысты.

2000 жж. ортасында Өзбекстанның сыртқы саясатының бағыты өзгере бастайды. Өзбекстан басшыларының сыртқы саясат бағытының өзгеруінің негізгі себебі – бірқатар посткеңестік мемлекеттерге орын алған «түсті революциялар». Бұл оқиғалар Ташкенттің АҚШ тарапынан Өзбекстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен тұрақтылықты сақтауына күдік келтірді. Өзбекстан басшылығы мемлекеттегі бірқатар американдық үкіметтік емес ұйымдардың (НПО) әрекетін шектеді, ал 2003 ж. желтоқсан айында Өзбекстан АҚШ-қа Ханабадта орналасқан әскери базасын ақылы түрде пайдалану жөнінде жаңа келісім жасауды ұсынды, ал 2005 ж. сәуір айында Ташкент ГУАМ ұйымынан шығуы туралы мәлімдеді.

2001 ж. 11 қыркүйек оқиғалары американдық-өзбекстандық қатынастарды одан әрі жандандырды. Бұған алғашқы қадам ретінде Өзбекстан Ауғанстандағы операцияны өткізудегі көмегін ұсынды. 2001 ж. қазан айында Ханабадтағы әуе базасы мен мемлекеттің әуе кеңістігін пайдалануға құқық беретін американдық-өзбекстандық келісімге қол қойылады.

АҚШ терроризмге қарсы тұру мақсатында Өзбекстан мемлекетіне сондай-ақ қаржылай көмек те көрсетті. Терроризмге дереу соққы беру мақсатында АҚШ Конгресі 2001 ж. Өзбекстанға оның әскери мүмкіндіктерін жақсарту үшін 25 млн. доллар қаражат бөлді. Кейін 2002 ж. қаңтарында терроризммен күрес жүргізу мақсатында Өзбекстанға АҚШ тағы 100 млн. доллар қаражат бөледі және 2002 ж. аяғына дейін 160 млн. доллар қаржы бөлу міндеттемелерін алады [8, 55 б.]. Мұндай қаржылай көмектер, Өзбекстанның қарулы күштерін белгілі деңгейде жақсартуға мүмкіндік берді.

11 қыркүйек оқиғаларынан кейін АҚШ өзінің геостратегиясына түзетулер енгізді. Бұл мемлекеттің посткеңестік Орталық Азия елдеріне қатысты позициясына да ықпал етті. АҚШ пен Өзбекстан арасындағы қатынастар ерекше сипатқа ие болды, Өзбекстан бұдан былай АҚШ-тың аймақтағы негізгі серіктестік роліне ие болған.

2003 ж. бастап АҚШ Тәжікстанға Есірткіні бақылау Агенттігінің операцияларына 11,3 млн. доллар қаражат бөлді және қазіргі уақытқа дейін бұл Агенттік қызметкерлерінің жалақыларына қосымша қаражат бөлуде. АҚШ пен Есірткіні бақылау Агенттігі Ауғанстандағы Талокандағы байланыстар

бөлімшесінің жұмысын қолдауда. Мұнда агенттіктің қызметкерлері Ауған ресми тұлғаларымен Ауғанстаннан Тәжікстаннан есірткінің заңсыз енуінің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізеді.

Тәжікстанда кейде АҚШ-тың Орталық қолбасшыларының демеуімен жүзеге асырылатын кезең кезеңмен теориялық тренингтер өткізіледі. Бұл тренингтер Орталық Азия және Оңтүстік Азия елдері арасындағы қауіпсіздік бойынша ынтымақтастықтың дамуына бағытталған.

АҚШ пен Түрікменстан арасындағы саяси-әскери қарым-қатынастар өте маңызды. Түрікменстан мен АҚШ арасындағы саяси-әскери қатынастардың дамуына екі тарап та қызығушылық танытуда. Бұл бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден, мемлекет өзінің сыртқы саясатында бейтараптылық ұстанымды ұстанады. Бұл, әрине, мемлекеттің сыртқы саясатына, саяси-әскери қатынастардың қалыптасуы мен дамуына өз ерекшеліктерін енгізіп, сыртқы саясатының сипатында да өз ізін қалдырады. Екіншіден, мемлекеттің географиялық орналасуы Ауғанстандағы операцияларды өткізу шеңберінде АҚШ үшін транспорттық-транзиттік дәліз себебінен маңыздылыққа ие. Мұнда, АҚШ пен Солтүстік альянс мемлекеттері елдің әуе кеңістігі арқылы Ауғанстанға гуманитарлық жүктердің транзитіне мүдделі. Түрікменстанның Ауғанстанмен ортақ шекарасының, мемлекет территориясында Кеңес дәуіріндегі Ауған соғысы кезінде пайдаланған әскери объектілердің бар болуы да батыс мемлекеттерінің Түрікменстанмен саяси-әскери қатынастардың дамытуына мүдделі етеді. Бұл өз кезегінде Түрікменстанның энергетикалық ресурстары мен қауіпсіздік мәселелеріне қызығушылық танытқан Ресейдің назарын аударуда.

Жалпы, АҚШ пен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы әскери-саяси қатынастар біршама ерекшеліктерге ие және бұл саладағы екіжақты қарым-қатынастардың дамуы АҚШ жетекшілік еткен Ауғанстандағы кампаниямен тікелей байланысты. Бұл орайда, АҚШ-тың НАТО сияқты халықаралық қауіпсіздік жүйелері арқылы Орталық Азиялық мемлекеттерге ықпал етуін атаған жөн. Бұл саладағы қатынастарды да АҚШ Орталық Азиядағы саясатын геосаяси тұрғыдан қалыптастыруда.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1 Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы қатынастар // <http://www.mfa.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stanny-yntyma-tasty-y/amerika-memleketterimen-atynastar/8-material-aza/86-aza-stan-respublikasy-men-amerika-ramy-shtattary-arasynda-y-atynastar>.

2 Бжезинский. Великая шахматная доска. – М., 1998.

3 *Внешинополитическая деятельность Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в 2010 году / подред. Б.К. Султанова. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. - 524 с.*

4 Нурғалиев М. Казахстанско-американское сотрудничество в контексте геополитических интересов США в Центральной Азии // *Центральная Азия и Кавказ. - 2007. - №2(50).*

5 Ноғажеева А.М. АҚШ-тың Орталық Азиядағы мүдделері және қауіпсіздік мәселелері // *ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2012. – №4(67). –71-77 бб.*

6 Nichol J. *Kyrgyzstan: Recent Developments and U.S. Interests / Congressional Research Service. – 2010 - 13 p.*

7 *Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы / подобц. ред. К.Л. Сыроежкина. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – 456 с.*

8 *Центральная Азия: 1991-2009 гг.: монография / под ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – 300 с.*

УДК 94(100)«11»  
МРНТИ 03.09.25

*Қ.Т.Жұмағұлов<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*т.ғ.д., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, Геттинген университеттерінің (Германия)  
Құрметті профессоры, Алматы қ., Қазақстан*

*Р.А.Жумабек<sup>2</sup>*

<sup>2</sup>*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультеті  
6М011400 – «тарих» мамандығының 2 курс магистранты  
Алматы қ., Қазақстан*

## КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫНЫҢ БАСТАЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӨНІНДЕ

*Аңдатпа*

Мақалада 1096 жылғы алғашқы крест жорығы басталғанға дейінгі кезеңдегі соғыстың басталуының себептері сипатталады. Сонымен қатар Крест жорықтарының басталуына түрткі болған Византияны императоры Алексей I Комниннің папа Урбан II-ге өтінішпен жіберген елшілігі жайлы, Византияның селжұқтармен қарым-қатынасына ерекше көңіл бөлінеді. XI ғасырдағы Европадағы саяси, әлеуметтік жағдайы, қарапайым халықтың жағдайы, рыцарьлардың әлеуметтік орны, сеньорлардың талаптары, шіркеудің өзінің әлеуметтік дәрежесін көтеруге тырысуы қарастырылады.

**Түйін сөздер:** крест, жорық, монарх, сеньор, майорат, католик, христиан, папа, феодал, рыцарь.

*Жумағұлов К.Т.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*д.и.н., профессор КазНУ им. Аль-Фараби Почетный профессор  
Геттингенского университета (Германия)  
г. Алматы, Казахстан*

*Жумабек Р.А.<sup>2</sup>*

<sup>2</sup>*КазНУ им. Аль-Фараби, Магистрант 2 курса специальности 6М011400 – «история»  
факультета истории, археологии и этнологии  
г. Алматы, Казахстан*

## О ПРИЧИНАХ НАЧАЛА КРЕСТОВОГО ПОХОДА

*Аннотация*

В статье описываются причины начала первого крестового похода в 1096 году. А также уделяется особое внимание на отношения Византии с сельджуками и на обращение императора Византийской империи Алексея I Комнина к папе Урбану II, которое стала, как бы, причиной начала Крестовых походов.

В ней рассматривается политическое, экономическое и социальное положение XI века в Европе, а также условия обычных людей, роль рыцарей в обществе, требования сенаторов и усилия церкви по повышению своего социального статуса.

**Ключевые слова:** крест, поход, монарх, сеньор, майорат, католик, христиан, папа, феодал, рыцарь.

*Zhumagulov K.T.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>D.h.s., professor of the Institute of KazNU named after al-Farabi, Professor Emeritus,  
University of Göttingen (Germany)  
Almaty, Kazakhstan*

*Zhumabek R.A.*

*KazNU named after al-Farabi, Faculty of History, Archeology and Ethnology  
2 course of master degree, specialty 6M011400 - "History"  
Almaty, Kazakhstan*

## ABOUT THE REASONS FOR THE CRUSADE

### *Annotation*

The article describes the reasons for the start of the first crusade in 1096. And also special attention is paid to the relations of Byzantium with the Seljuks and the appeal of the emperor of the Byzantine Empire Alexei I Comnenus to Pope Urban II, who became, as it were, the cause of the start of the Crusades.

It examines the political, economic and social situation of the XI century in Europe, as well as the conditions of ordinary people, the role of knights in society, the demands of senators and the efforts of the church to improve its social status.

**Key words:** cross, march, monarch, seigneur, majorat, catholic, christians, pope, feudal lord, knight.

Батыс Европада XI ғ. көптеген өзгерістер болды. Әсіресе экономикалық жағынан бұл кезде феодалдық құрылыстың нақты орнаған кезі еді. Сонымен қатар Еуропада қалалар құрылып, өсе бастады, ішкі және сыртқы сауда қатынастар (Византиямен және Шығыспен) өркендеді.

Ал бұл кезде шаруаларың қалай өмір сүрді деген сұраққа келетін болсақ, ол толықтай дерлік тәуелді еді. «Сервтар» деп аталатын тәуелді шаруалар барщина төлеп, өздерінің сеньорларының пайдасына барлық міндеттерді атқарды.

Қалалардың пайда болуының арқасында кеңінен сауданың дамуы шаруалардың жағдайын нашарлатты. Сеньорлар ендігі шаруашылық өнімдеріне және ауыл қолөнерлерінің бұйымдарына қанағаттанбады. Олар қала қолөнерлерінің жасаған қару-жарақ, сауыт-саймандары мен мұхиттың арғы жағынан итальяндық саудагерлердің алып келетін мата, шарап, әшекейлерді сатып алғысы келді. Соның арқасында сеньорлар жыл сайын салық мөлшерін ұлғайтып, шаруаларға ауыртпалық тудырды.

XI ғасырдағы кіші және үлкен сеньорлар арасындағы өзара соғыстары да оларды кедейшілікке алып келді. Бір тарихшының айтуы бойынша кем дегенде жаздың басталып аяқталғанынша бейбітшілік сақталса, ол жер тұрғындары бақытты саналған.

Феодалдар өздерінің соғысы кезінде шаруаларды аямай, олардың мүліктерін ұрлап тонады, өртеді, ал жиналған астықты мүлдем жойғандар да болды. Осының арқасында бірталай аймақтар ұзақ жылдарға дейін елсіз жағдайда болды.

Тәуелді шаруалар сеньорлардың қатыгездігі үшін жартылай аштықта тіршілік етті. Осы уақыттың шежірешілері табиғи апаттардың барлық түрлерін - құрғақшылық, бұршақ, су тасқыны туралы айтады. Ауыл шаруашылығына олардың жойқын әсерлері ауыл шаруашылық техникасының төмен деңгейі мен әлеуметтік өмірдің бүкіл жүйесі болды.

XI ғасырда ашаршылық мөлшері көбейді. Астық шықпаған жылдары каннибализм жағдайлары болған кездері де болды. Тарихта әсіресе XI ғасырдың соңында Батыс Шығыста жайлаған ашаршылық «жеті азғын жылдар» (1087-1095) деген атпен белгілі [1].

Сеньорлардың қатыгездігі шаруалардың наразылығын туғызды. Ол әр-түрлі дәрежеде көрінді. Кейбір жерлерде шаруалар көтеріліс жасады. Мысалға, X ғ. соңында Нормандияда, XI ғ. – Бретан, Фланрия, Англияда болды. Әсіресе Францияда феодалдық қысымға қарсы белсенді шаруалардың әрекеттері алғашқы крест жорығының басталуына дейін болды. Мерзімсіздер мұқтаждық пен аштықтан зардап шеккен адамдарға, өртеуге, тонауға, «байлар» жерін бүлдіріп, ең жексұрын сеньорларды жәбірледі. «Кедейлер байлардың мүліктерін тонау мен өртеуге ұшыратты» - деп сипаттайды Жамблудағы шежіреші-монах Сигбер.

Француз тарихшысы П. Лемерль, мысалы, тарихшылардың X Халықаралық Конгресінде (Рим, 1955) мәлімдеді: «діни фактордың жай өзі ғана крест жорықтарын толығымен түсіндіруі мүмкін емес. Бұл христиан тарихында теңдесі жоқ феномен, алайда шындығында іс жүзінде христиандыққа көбіне қайшы келеді.

Оның пікірінше, діни сезімдердің «жарылуына» алып келген «оң себептер» болды. Бұл (Басқа сөзбен айтқанда - крест жорықтары нақты себептері) «базалық» әлеуметтік және экономикалық себептер болды. Сонымен қатар Лемерль тікелей крест жорығы проблемасының шешімі «Францияда аграрлық қатынастар саласын» зерттеуден басталуы тиіс екендігін атап көрсетті.

Дегенмен, шаруа «көтерілістері» туралы қазіргі заманға дейін жеткен ақпарат аз және шашыранды. Шын мәнінде, белсенді шаруалардың көтерілістері сирек кездеседі. Көбінесе кенеттен шыққан шаруалар наразылық білдіруі бұл дәуірде пассивті формада болды.

Кейде шаруалар толықтай елді-мекенмен ауылдардан шығып, қалаған жаққа қарай жүре берді. XI ғасырда шаруалардың қашуы - әмбебап құбылыс. Ол туралы хаттар, хроникаларда және басқа да сол кездің әдеби ескерткіштерінде баяндалған. Осылайша шаруалар қашу арқылы бандалардың қарақшылық шабуылдарынан, аштықтан және қорқынышты аурулардан құтылуға ұмтылды.

Кейде шаруалардың сеньорлардың қатыгездігіне деген наразылығы басқаша формада да бейнеленді. Кейбірі қажыланып, өзін және өз отбасын өлтіруге барды. XI ғ. 90-жылдары осындай топтық өзін-өзі өлтірулер кездесті. Енді біреулері дін тұрғысында топ құрып, сырттан оқшаулануға тырысты. Бұндай топтарда феодалдық тәртәптер жиіркенішті болып есептелді.

Үшіншілері тікелей қақтығысқа батылы бармай-ақ шешім таппақшы болды. Көбісі монастырларға кетіп немесе тауа ретінде өмір сүре бастады. Бұл адамдар тобы әсіресе «жеті аздық жылдарында» күшейді [2].

Жоғарыда айтылған тұрмыс-тіршілік көріністері сол дәуірдің көрінісі және оларды назарға алмасак крест жорықтарының пайда болу себептерін толықтай түсіне алмаймыз.

Тәуелді шаруалар қажеттіліктерін қанағаттандыра алмай, феодалдарға тәуелдікте жүргенімен қатар ақылы жоқсыздығы, қараңғылығы түйреледі. Католиктік шіркеу шаруаларға мойынсұнушылық, шыдамдылық, қорқыныш сезімдерін үйретті. Апаттардың барлығын діни көзқарастарына сәйкес түсінген. Соның арқасында фермердің түсінігінше нашар егін, аштық, балаларын қабірге алып келген «оба» ауруы ең алдымен, «Құдайдың қаһарына», яғни жоғарыдан «белгісіз күнәлар» үшін жіберілген жаза ретінде болды. Ал ол күнделікті өмірдегі қайғы-қасіреттен құтылу үшін тек ашуланған аспан күштерінің көңілін жұмсарту арқылы жетуге болады. Бірақ қалай?

Шіркеуге толықтай бағынған қарапайым шаруалардың ойы бойынша олар құдайға деген шынайы адалдығын дәлелдеу және күнәларын өтеу үшін ерекше ерлік жасау керек екеніне сенді. Осылайша сеньорлардың қолынан шығып, қажеттеліктерін қанағаттандыру діндік сипат алды.

XI ғасырдағы Батыстағы экономикалық жағдай басыбайлы байларға да сезілді. Сауда дами келе сеньорлардың қажеттіліктері өсе бастады. Бірақ оларды қанағаттандыруда мүмкіндіктер шектелді. Шаруа жағына келгенде, жоғарыда айтылғандай қиыншылыққа тіреліп, өз сервтерінен де қауіпті сезіне алмады.

Ендігі феодалдар жаңа жерлер мен басыбайлыларды иемденуге тырысты. Сол мақсатпен олар өзара болмашы себеп бола қалса соғыстар – фйдтар жасай бастады. Фйдтар ауыл тұрғындарын одан әрі ашуландырды. Сонымен қоса соғысты табысты жүргізу үшін сеньордың қолында әскери қызмет жасауға міндеттелген вассалдар – рыцарьлар болу керек. Олардың еңбегі үшін жер берілді. Ал Батыста бос жер болмады, барлығы дерлік вассалдарға таратылып берілді. Монастырлар жаңа жерлерді ормандарды тазалап, шаруашылыққа қолайлы жерлерге айналдыру арқылы иемденді. Қашқын шаруаларды пайдаланып, шалшық саз-батпай жерлерді кептіріп, ормандарды шапты. Бірақ ол жаңа жерлер жетпей көптеген жерсіз рыцарьлар тобы қалыптасты. Бұған феодалдық иеліктердің мұрагерлік тәртібі – майорат (major — үлкен) та өз септеген тигізді. Ол тәртіп бойынша сеньор меншігі балалары арасында бөлінбей, тек үлкеніне ғана қалдырылатын. Нәтижесінде жер иеленушілердің отбасында құр қалған балалары, яғни «жерсіз», «тықыр тері», «дәулетсіз» деп аталғандар көп еді [4].

XI ғ. ірі феодалдар өз қажеттіліктерін толықтай өтей алмаса, ал ұсақ рыцарьлар тіптен өз шығындарын жаба алмады. Олар өз меншігін иеленуді аңсады.

Рыцарьлар өз жағдайларын қалпына келтірудің шешімін қарақшылық, тонауда көрді. Франция, Фландрия, Лотарингия жерлеріне олар топ болып, ауылдарға шапқыншылық жасап, шаруалардан барлығын тартып алды. Сонымен қатар олар жүретін жолдарда да тонаушылықты бастады.

Көптеген қамалдар қарақшылықтың ұясына айналды. XI ғ. деректеріне қарағанда рыцарьлар «қарусыз монахтарға, т.б. шіркеу қызметтеріне шабуыл жасауға» да барды. Керісінше, әсіресе бай шіркеулер оларды қызықтырды. Құрғақшылық, аштық, эпидемия және келесі жағдайлар: шаруалардың қашуы, бүлік шығаруы, рыцарьлардың қарақшылықтары, феодалдардың өзара қырқысы, міне осының бәрі Батыста аласапыран кезеңнің тууына, әлеуметті өмірдің тұрақсыздығына алып келді.

Үстем тап өкілдерінің қажетті мүдделері келесі міндеттерді шешуді қажет етті: сеньорлардың үдейген қажеттіліктерін, бағынышты күш санын көбейтуге, тектің байлығын ақшамен қамтамасыз ететін әдісті ойлап табу. Рыцарьларды кедейліктен, ал ірі феодалдарды беделін түсудегі қиыншылықтан құтқаратын тәсілді шіркеу ұсынды.

Католиктік шіркеу феодалдық құрылыстың тірегі. Сол кездері католиктік шіркеу феодалдық жериеленушілердің ең ірілерінің қатарына жатты және қатал түрде шаруалардың күшін пайдаланды. Жер бетіндегі тәртіптер құдайдың қалауымен жасалған және сондықтан оны өзгертуге болмайды деген түсінікті насихаттай отырып, қарапайым шаруаларды тізгінде ұстауға көмектесті. Осылайша феодалдық жүйенің толығымен арқа сүйеніші ретінде қызмет етті.

X-XI ғғ. Шаруалар өз сеньорларына қарсы шығып, қашып кеткенде, ал рыцарьлар монахтар мен клириктарды тонап жатқанда, католиктік шіркеу бірінші орында өз иеліктерінің сақтанышы туралы ойлады. Ендігі дау-дамайдың ұршығуы шіркеулердің иеліктеріне қауіп-қатер туғызды. Бұл мәселеде экономикалық жағынан мықты шіркеу иеліктері – монастырьлар ынта көрсетті.

X ғ. өзінде католиктік шіркеудің рухани және материалдық позициясын нығайту, ірі феодалдық жер иелену үшін пайда болған қауіп-қатерлерге қарсы күресте оның ұйымдастырылуын жақсарту мақсатында бірнеше өзгерістерді жүргізді. Бұл шіркеулік-реформаторлық қозғалыс тарихта клюнийлық деген атаққа ие болды. Себебі оны жүргізген Клуни атты бургундық монастырь еді. Ол бойынша қатал монастырлық ережелер енгізілді, целибат (рухани адамдардың үйленуіне тыйым салыну) жарияланды және т.б. тағы бірнеше өзгерістер енгізілді. Бұл тәртіптер арқылы клюнийлықтар халық алдында шіркеудің мәртебесін көтергісі келді. Папаның билігін шарықтату арқылы олар күшті орталықтандырылған шіркеу ұйымын құрғысы келді.

Папаның мәртебесін көтерудің бір жолы папаны сайлаудағы өзгеріс. Ендігі Қасиетті Рим империясының императорлары немесе ірі феодалдардың ешқайсысы сайлауға араласуға қатаң тиым салынып, 1059 жылғы Римдегі Латерандық собор қаулысы бойынша рим папасын кардиналдар коллегиясы сайлайтын болды.

X ғ. соңында клюнийлықтардың бастамасымен әскери қимылдарды тоқтатуға арналған тыйым салулар: ұзақ уақытқа («құдайдың бейбітшілігі») және қысқа уақытқа («құдайдың уақытша бітімі») – сенбінің кешінен бастап дүйсенбінің таңына дейін және діни мейрамдар кезінде болды. Алайда олар наразылықтардың себебін шешпегендіктен айтарлықтай қажетті нәтижеге жетпеді [5].

Сондықтан католиктік шіркеу реформалармен шектелмей, үстем тап өкілдерін қауіптен сақтап қалу үшін шешім іздеді. Ол үшін кішігірім рыцарьлардың және бай феодалдардың қызығушылықтарын біріктіру керек еді. Және де, әрине, ол шешім шіркеудің мақсатынан тысқары болмау керек. Бірақ жер мен поместьені аңсаған рыцарьлардың назарын қайда қарату керек? Өз иеліктерін ұлғайтқысы келген үстем таптарды ше? Бұл сұрақтардың жауабы бірден табылмады. Шешімін жүзеге асыру үшін талай жылдар кетті.

Шығысқа жорықты ұйымдастырған алғашқы қозғалыстар крест жорықтарының алдында жүзжылдықтың соңына келгенде ұйымдастырылған болатын. Оны кейбір ғалымдар «крест жорықтарының басталуынан бұрынғы крест жорықтары» деп атаған.

XI ғ. көптеп құрылған рыцарьлардың жасағы өз жерлеріндегі қарақшылықтармен қанағаттанбай, басқа елдерге жаулаушылық соғыстар жасайды.

Француз рыцарьлары Испаниядағы арабтардың жаулап алған территорияларын қайтаруға бағытталған күрес – реконкистаға қосылады. Рыцарьларды бай араб қалаларын тонау арқылы байлыққа кенелу мен жаңа жерлерді иемдену қызықтырды. Алғашқы болып 1063-1064 жылдар аралығында Испанияға Аквитандық герцогтігі және Тулуз графтығы рыцарьлары аттанды. Сосын Периней түбегіне жаңа жорықтар жоспарланды. Кастилия королі Альфонс VI-ның 1085 жылы Толедоны алуға тек француздар ғана емес, немістер де қатысты.

1087 жылы Францияда үлкен жасақ құрылып, оны герцог Эд Бургундский және граф Раймунд Тулузский (Иерусалимге жасалған крест жорықтарының болашақ қатысушысы) басқарды. Сонымен қатар Испанияға ірі феодал – виконт Мелюнский Гийом Шарпантье норман рыцарьларымен аттанды. Арабтармен соғыста ерекше агрессивті магнаттар тартыла бастады.

1016 жылдан бастап скандинавтықтар, нормандар Оңтүстік Италиядағы құнарлы жерлерді жаулап алуға аттанып, ондағы арабтармен және Византиямен қатыгез соғыстан кейін бірнеше феодалдық княздіктерді құрады.

1061-1072 жылдар аралығында нормандар Сицилияны жаулап алады. 1066 жылы Англияға жойқын шабуыл жасайды. 1073 жылы Византияда қызметте болған нормандық авантюрист Руссель де Байэль өз

әскерімен Кіші Азияның орталығына жетті. Сонда нормандық мемлекет құрады. Ол І крест жорығынан кейінгі оңтүстік италиялық нормандар бұдан 25 жыл кейін құрған мемлекеттің болашақ үлгісі болды. Бірақ Руссель де Байэль мемлекеті 3 мың әскері болып, 1 жылдан аз тұрса да басқа жаулаушыларға түп бейне ретінде болды.

XI ғ. толығымен дерлік рыцарлық бандалардың қатыгездіктерімен толы болды және олар әлемнің барлық бөліктеріне таралды. Соғыс қай жерде болмасын, оған қатысқысы келген олжа іздегендер көп болды.

Барлық осы қозғалыстар помещиктердің жағдайына алаңдаған және өз қуатын арттыруға тырысқан шіркеуінің назарын аударды.

Франциядағы әскери жалынды күшейту үшін римдік курия испандық жорыққа аттанушыларды дін үшін азап шегушілер ретінде көрсетуге тырысты. Клонийлықтар Испаниядағы араб-мұсылмандармен болған соғысты қасиетті деп жариялады. Папа Александр II 1063-1064 жж. Жорыққа қатысушыларына рұқсатын беріп, «крест үшін» соғысушылардың барлығына күнәларын кешіргенін жариялады. 1073 жылы клонийлық реформаторлардың бірі папа Григорий VIII француздарды Испанияға қарсы соғысқа түрткі болатындай себеп – «егер жоғарғы билік апостол тағы жаулап алынған жерлерді растаған жағдайда» жаулардан тартып алынған жерлерді иемдене алатынын хабарлады.

XI ғ. Батыс Европа халықтарының Иерусалимге қажылыққа баруы үдеді. Бұл да крест жорықтарының басталуына өз септігін тигізді. Қажылыққа бару папаның іздеген барлық әртүрлі феодалдар категорияларының байланыстыратын ортақ ұмтылысы. Қажылыққа баратын адамдар алуан түрлі. Дегенмен, қажылыққа бару таза діни іс-әрекет ретінде көрінгенімен қажылыққа барушылардың мақсаты бірдей болған емес. XI ғ. қасиетті жерге Франция, Испания, Англия және басқа да мемлекеттерден ірі феодалдар сеньорлары жол тартты. Басқалардың көздерінше осындай ірі феодалдардың сапары діни түсінікпен көбінесе сипатталса да, алайда теңіздің арғы жағына барудың басты себебі байлықтың артынан барып, Шығыстың алуан түрлі бағалы, қымбат заттарын иемденіп қалу еді.

Сеньорларға қаптаған рыцарьлар да еріп баратын. Олар теңіз ар жағына әулетін, өз жағдайын қалпына келтіруге, және өз жерлерінде жасаған қылмыстарын жабу үшін болды. Себебі, шіркеудің үйретуінше «қасиетті жерлерге» қажылыққа барған адамдар құдай алдында өз күнәларын өтейді. Ал рыцарьлардың жоғары айтылғандай күнәлары көп еді. Қанша адам өлтіріп, қылмыс жасап, тонаса да оның бәрі «жерсіз» рыцарьларға діни бағытты ұстануына кедергі болмады. Рыцарьлардың өмірінде дін өте маңызды рөл атқарды, алайда рыцарьлар шіркеудің ілімін олар өзінше қабылдады. Рыцарьлар әлбетте діни салттарды катал ұстанды, алайда христиандық этика олар өмірінде басты болмады.

Қажылыққа барушылардың ішінде қала және ауыл кедейлері де аз болмады. Шаруалардың көзінше қажылыққа бару үлкен ерлік ретінде көрінді.

Шіркеу қажылыққа баруды елемей қалмады. Католиктік шіркеудің жоғарғы шенеуніктері де белсенді түрде қажылыққа барды. Әсіресе, клонийлік монахтар бұл іс-әрекеттерге жәрдемдесіп, тақуалықты халық арасында танымал жасауға тырысты. Ал клонийлық папалар қажылықты өз мақсаттарына қолдануды көздеді.

Осылайша, шығысқа жасалған крест жорығының алдындағы бірнеше онжылдықтар ішінде католиктік шіркеу өзінің басты мәселесін шешудің жолдарын қарастыра бастады.

XI ғ. соңында римдік курия үстем тап өкілдерін біріктіретіре алатын ортақ орталығы болды. Григорий VII (1073-1085) кезінен бастап папалар клонийлық қозғалыстан кейінгі жинаған дәрежесін ұлғайтуға тырысып, тек христиан шіркеулеріне ғана емес, сонымен қатар беделді байлардың арасында өз беделін жүргізгісі келді. Григорий VII ойынша римдік билік патшалардың билікке келуі, епископтарды, герцог, король, императорларды, яғни барлық билік иелері тек шіркеу бастығының рұқсатымен ғана тағайындап орнынан алыну керек.

Григорий VII-да барлық христиан мемлекеттерін бағындыратын бағдарлама болды. Ол өз жоспарларын жүзеге асыру үшін практикалық шараларды қолданды. Ол шынайы түрде барлық христиан басшыларын лендік ант беруге (жыл сайын папаның қазынасына міндеттелген жарна төлеуге) мәжбүрлеуге тырысты. Алайда бұған қарсы болғандар көп болды. Оның ішінде «Қасиетті Рим империясының» императоры. Бұл римдік шіркеудің талпынысы сол кездегі шіркеудің беделінің өсуінің айқын көрінісі еді. Ең бай феодалдық ұйым ретінде католиктік шіркеу феодалдық тәртіптің нығайуын қалады. Сондықтан папалар тек шіркеудің материалдық жағдайын ғана қамтамасыз етіп қана қоймай, бір-бірімен соғысып жатқан феодалдардың күшін біріктіруге де ынталы еді [6].

Теократиялық бағдарламаның басты қадамдарының бірі – 1054 жылы римдік-католиктік шіркеуден бөлініп шыққан шығыс грек-православтық шіркеудің тәуелсіздігін жою. Осы жоспарды орындауға



талпыныстан шығыс мұсылмандарға қарсы жорықты ұйымдастырудың алғашқы шаблондары пайда болды. Оның қалай болғанын түсіну үшін XI ғ. әлеуметтік өмірмен танысу, яғни сол кездегі басты рөлде Византия болған оқиғаларды қарастыру керек.

Рим империясының мұрагері Византия бұрынғы иеліктерінің көбісінен айырылған еді. Балкан және Кіші Азия жерлеріндегі Византияның беделі тұрақсыз бола бастады.

Орталық Азиядан келген көшпелі түріктердің – селжұқтардың шабуылы Византияға ең қауіпті болды. Сұлтан Алп-Арсланның (1063-1072) билігі кезінде селжұқтар территориясының көп бөлігін Византияға тиесілі Арменияға басып кірді. Грузиямен соғысып жатып, Византияның әкімшілік-аумақтық бірлігі болған Капподокия мен Фригияға біртіндеп кіре бастады.

Селжұқтардан төнген қауіп күннен-күнге өсе бастады. Император Роман IV Диоген (1068-1071) оларды тоқтатуға тырысты. Византиялықтар селжұқтарға қарсы екі сәтті тойтарыс берді. Алп-Арсланмен бітім жасалды. Алайда Роман IV кенеттен селжұқтарға қарсы 300 мың жалданды әскерімен (олардың ішінде гректер, нормандар, армяндар, грузиндер, славяндар және түріктер де болды, ауызбіршілігі болмады) шабуылдады. Ең соңында әскер құрамындағы түріктер өз жақтастарына қарай ауысып кетті. 1071 жылдың 26 тамызында (Армениядағы Ван өзенінің солтүстігінде) Мазанкерттегі (грекше Манцикерт) селжұқтарға қарсы күресте византиялық жасақ алапат жеңіліске ұшырады. Селжұқтар көшпенділердің сенімді аяласын қолданды: көзбояушылық шегіністен бастап, жауларын алдап әкетіп, сосын бұрылып, үлкен күшпен византиялықтарға қарсы шыққан. Роман IV-тің әскері жойылды. Византияның тарихында алғаш рет император тұтқынға түсіп, жеңімпаз сұлтанның алдына әкелінді.

Мазанкерттегі жеңілістен кейінгі нәтижесінде империя өзінің бай Кіші Азиядағы жерлерінен толық айырылып, кейіннен 1078 және 1081 жылдарда селжұқтар түбектің батысында да қожайын болды.

Византия тек Мәрмәр өзенінің жағалауындағы азғантай қалаларын ғана сақтап қалды.

Егер Византия империясының бір жартысын селжұқтар жаулап алса, екінші жағы толығымен анархия жағдайында болды. Византияның ішкі саясаты тіптен тұрақсыз болды. Феодалдық топтардың әртүрлі топтары бір-бірімен билікке таласты. Ал жалдандылардың арқасында толып отырған әскер сенімсіз еді. Осы кезге дейін Византияда еркін шаруашылық толығымен жойылып кетті. Ірі жерлері-динаттар мен жемқор-шенеуніктердің арқасында кедейленген тәуелді адамдар империяның жауларымен соғысуға еш ынта көрсетпеді. Қазынада ақша жеткіліксіз болды себебі мемлекеттің табысы кеміді. Империя өзара жартылай тәуілсіз феодалдық меншіктерге бөліне бастап, толық ыдырау жолында тұрды.

Осы жағдайларды Григорий VII пайдаланбақшы болды. Оның мақсаты гректік шіркеуді апостолдық биліктің астына қойып, сосын Рим билігін және Византия империясының өзін бағындыру. Бұл римдік-католиктік шіркеудің материалдық қорын ұлғайтып, Шығыста папаның универсалды бағдарламасын жүзеге асыруға көмектесер еді. Селжұқтармен соғыста және ішкі талас-тартыстан әлсіреген Византия папаға жеңіл олжа болып көрінді.

Алғашында Григорий VII дипломатиялық әдісті пайдаланды. 1073 жылы ол Михаил VII Дукамен көнерген келісімді жаңғырту туралы келіссөздер жүргізе бастады. Папа грек шіркеуі Римдікке тәуелділікте болады деген мақсатпен шіркеу униясын ұсынады. Алайда Григорий VII-нің талаптарына Константинопольде қарсы шығады.

Нәтижесінде папа өз мақсаттарын әскер күшпен шешпекші болады. Ол Шығысқа әскери жорық бастауды ойластырып, оның шын мақсаттарын христиан дінін жақтайтын ұрандармен, селжұқ-мұсылмандарға қарсы көмектесу ниетімен жабады.

1074 жылы Константинопольмен келіссөздер басталғаннан кейін Григорий VII батыстың ірі феодалдарына Шығысқа қарсы соғыста мүше болуға үндеу тастайды. Папа шығыс шіркеуді құтқарып, соғысқа қатысушыларға көптеген сый-марапаттар жасауға уәде берді.

Григорий VII өзі жасаған кәсіпорынға үлкен мән берді. Жібержен хаттарында ол Батыс христиандарының әскерлерін жеке өзі басқаруға ниеттеніп, «теңізден шығуға» ұмтылатынын бірнеше мәрте қайталады. Папаның идеясы өте қарапайым болды: науқанның мақсаты бауырластарды сеніммен қолдап, грек христиандарын «кәпірлерден» құтқару болды [7].

Мұндай жоба батыстың рыцарлары арасында қолдау табуы керек еді. Себебі, оның алдында папаның санкциясымен дін туы астында Испанияда арабтарға қарсы шыққан еді. «Мен осы шаруада рыцарлар бізге қолдау көрсететініне шын сенемін», - деп Матильде Тосканскийге папа жазған болатын.

Шын мәнінде, христиан дінін қорғау ұрандары Шығыс «христиан» құтқарумен ештеңе байланыстырған жоқ, тек Рим империясының ниетін жасыруға арналған.

1074 жылдың соңында Рим Папасы неміс императоры И.В. Генриге 50 мыңнан астам адамнан құралған (итальяндықтар мен француздар) әскер жинағанын айтты. Алайда Григорий VII жоспарын жүзеге асыра алмады. Германия империясымен күрделі күрес оны Византиядан көңілін аударды.

Кейінгі жылдары да Григорий VII көңілі Генрих IV-мен күресуде болды. Бірақ оның ойлаған жоспары оның мұрагерлерінің іс-әрекетінен жалғасын тапты. XI ғасырдағы жағдай да соған ыңғайлы болды.

Кіші Азиямен қатар селжұқтар Сирияны, Палестинаны да жаулап алды. 1071 жылы олар Египеттің Фатимидтер халифатының билігінде болған Иерусалимді жаулап алып, 70-жылдары онда толығымен орнықты. 1084 жылы селжұқ басшыларының бірі Сулейман-ибн-Кутылмыш Византиядан Антиохияны жаулап алды, Дамаск және тағы басқа сириялық қалаларды да алды. Мәлік шах тұсында (1072-1092) Сирия, Ливан және Палестинаның көптеген бөлігі селжұқтардың қолында болды.

Жаулап алынған жерлері көп болса да селжұқтар бір орталықтандырылған мемлекет болмады. Селжұқ империясы тек шартты түрде өмір сүрді. Іс жүзінде мемлекет көптеген жартылай тәуелсіз аймақтардың әлсіз байланысқан ұйымын құрады. Селжұқ билеген ең маңызды жерлерінің бірі Кіші Азияда 1077 жылы құрылған Румдік (Ромейлік) сұлтанат болды. Орталығы алғашында Никада, кейіннен – Конье (Икония) болды. 1092 жылдан кейін селжұқ мемлекеті ыдырады. Ірі және кіші бөліктердің өзара соғысы басталды [8].

Кейіннен уақыт өте келе крест соғысы басталған соң батыс жазушылары оларды ақтай келе шығыс мемлекеттерінде селжұқтардың христиандарды қудалауы, христиандардың «қасиетті жерлерін» арамдауы, қажылыққа барушыларды қуалауы туралы аңыздар ойлап шығара бастады. Келесі ғасырлардың тарихшылары оларды асыра айтып, өздерінің толықтыруларын қосып отырды. Көптеген авторлар селжұқтар христиандыққа қауіпті бола бастап, бұл өз алдына папаның басқаруымен католиктердің асаласуын қажет етті деп жазады.

Селжұқтарға фанатикалық діни төзбестік тән емес. Шет елдерге олар адал сыртқы саясатты ұстанды. Дін мәселесі жөнінде селжұқтар христиандарға ешқандай қысым көрсетпеді. Керісінше селжұқтар Византияға келгенде жергілікті халық византиялық шіркеудің қысымынан босады.

Иерусалимге қажылыққа барушылардың алдында сәл де болса қиындық туса да (анархия жағдайында қиындық әлбетте болатын) әдейі қосылып, асырып айтылатын. Папа Батыс Еуропаның білмегенсіздігін пайдаланып, жалған ақпарат берген. Бұл Византиядағы апатты Рим бүкіл христиандарға төнген қауіп деп түсіндірді.

Григорий VII-нің жоспарын оның мұрагері Урбан II (1088-1099) қайта тірілтті. Тек қана тірілтіп қана қоймай, өзінен де қосты: барлық Жерортатеңіздік мемлекеттер оның ниеті бойынша римдік-католиктік шіркеудің эксплуатациялаудағы объектісіне айналды.

80-жылдардың басында нормандарды басқарған Роберт Гвискар империяның еуропалық провинцияларына шабуыл жасап, Константинопольге үрей тудырды. Византияның жаңа императоры Алексей I Комнин (1081-1118) қару мен айлалық дипломатияның арқасында нормандардан құтылды.

Осы кезде Шығыс пен солтүстіктен басқа қауіп төнді. Византияға қарсы ауыр салықтардан зардап шеккен Болгария жерін мекендеген славяндар қарсы шығып, көмекке көшпенді печенегтерді шақырды.

1088 жылы печенегтер Алексей Комнинге Силистр түбінде жеңіліске ұшыратты. Олар Андрианопольді, Филиппопольді тонап, астанасының шекарасына жетті. Осы кезде Константинопольге селжұқтардан да қауіп төнген. Кіші Азиядағы Смирне қаласында және Эгей аралдарының кейбірінде орнаған Чаха эмирі Константинопольге қарсы флотты аттандырды. Чаха печенегтермен келіссөздер бастап, империя астанасына қарсы ортақ жоспар ойлап тапты.

Осы Византияға ауыр күн туғанда рим шіркеуі қайтадан ықпал жасауға әрекеттенді. Урбан II-нің елшілері 1088 жылы Константинопольге келді. Алексей I-мен уния жөнінде келіссөздер жүргізілді. Византияның билеуші топтары сөз жүзінде Рим мен Константинополь арасындағы діни араздықта барлық талаптарына көнді. Себебі, империяға күрделі қауіп төнді.

1090-1091 жылдарда Византия императоры Батыс княздіктері мен мемлекеттеріне үндеу тастады: Византия әскери көмек сұрады. Алексей Комнин көп үміт күткен Рим папасына да елші жіберілді. Комнинге жедел түрде өз әскер қатарын ұлғайту керек еді. Алайда папаға толық сенуге болмайтын, себебі Римнің басшылық саясатын Константинопольде бұрыннан білген. Печенегтерге қарсы Византияның жаңа одақтасы – сары қыпшақтар (половцы) алаңға шықты.

1091 жылы сәуірдің соңында печенегтер жеңілді, Чахи эмирдің флоты көмекке үлгермеді. Сосын Чахидің өзіне кірісіп, Алексей I оған қарсы жаңа Никей сұлтаны – Килидж-Арсланды шағыстырды. Осылайша, әскердің, қастықтың, пара берудің арқасында Алексей I Константинопольге төнген қауіп-қатерден құтылды. Византия Мәрмәр өзенінің жағалауындағы пунктерін, Хиос, Самос, Лесбос аралдарын

қайтарды. Ендігі Риммен келіссөзді жалғастырудың керегі болмады. Византия талаптарына көнбегені Урбан II-ні ызыландырды [9].

Унияны ойластырған Урбан II келіссөздерден пайда болмайтынына көз жетіп, ол Григорий VII-нің жолын таңдады. Опасыздарға қарсы күресте көмек ретінде сылтауратып, Шығысқа жаппай жорықты ұйымдастыруды ынталанады. 1095 жылы ол «құдай табытын құтқару» («освобождение гроба господня») ұранымен Батыс Европа рыцарларының басын қосуға негізделген бағдарламамен шықты.

Осылай крест жорықтары идеясы халық арасында тарап, көп ұзамай бірінші крест жорығы басталады.

Тарихтан барлығымызға белгілі крест жорықтарының себебі – дін мәселесі деп ұзақ уақытқа дейін айтылып келген еді. Алайда, екі ғасырға созылған жорықтың басталу себебі, тек қана дін емес, одан әлдеқайда көп себептерден тұрады. Солардың ішінде: қарапайым халықтың, шаруалардың жағдайының төмендігі, байлар (сеньорлар) арасындағы бітпейтін соғыстар, жерсіз қалған рыцарлардың тым көптігі, әлеуметтік тұрақсыздық, тонау, аштықтың көбеюі және сол сияқты т.б. себептер.

#### *Список использованной литературы*

1. Заборов М. А. Папство и крестовые походы / *АН СССР*. — М.: Изд-во АН СССР, 1960. — 264 с.
2. Орта ғасырлар тарихы: Оқу құралы/ Қ.Т.Жұмағұлов, Р.С.Мырзабекова. — Алматы: Қазақ университеті, 2015. — 256 б.
3. Заборов М. А. Крестом и мечом. — М.: Советская Россия, 1979. — 240 с.: ил.
4. Федоров-Давыдов А. А. Крестовые походы. — М.: ООО «АСТ», 2008. — 384 с. Эпоха крестовых походов; Под ред. Лависса Э. И Рамбо А. — Смоленск: Русич, 2002. — 672 с.
5. Морисон С. Крестоносцы: Пер. с фр. — М.: Весь Мир, 2003. — 176 с.
6. Гусев И. Е. История рыцарства и крестовых походов. — Мн.: Харвест, 2010. — 210 с.
7. Лависс Эрнест. Эпоха крестовых походов. — Смоленск: Русич, 2010. — 576 с.
8. Бауэр С.У. История Средневекового мира: От времен Константина до первых Крестовых походов. /; пер. с англ В.Гончарова. — М.: АСТ, 2015. — 992 с.
9. Добиаш-Рождественская О.А. Эпоха крестовых походов. Запад в крестоносном движении. : Общій очерк. — М.: Ленанд, 2017. — 126 с.

**ӘӨЖ 897-11**  
**ГРНТИ 03.03.09**

*Оспанова Алия Абдужапаровна<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, PhD доктор, доцент м.а.*

*<sup>2</sup>Рустамбекова Мухаббат Ерубаетна*

*<sup>2</sup>Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, п.ғ.к., доцент м.а.*

## **КЕМАЛИЗМ ЖӘНЕ ТУРКИЯДАҒЫ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ПРОЦЕСТЕРІ (XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫ)**

### *Аннотация*

Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Туркиядағы басты оқиға-модернизациялау реформаларын жан-жақты қарастыру арқылы, «Кемализм» идеясы мен модернизациялау процесінің ортақ тұстары мен бір-біріне сәйкес келмейтін жақтары зерттелген. Мұстафа Кемал тұсындағы модернизациялаудың келесі қадамы-түрік ұлтының консолидациялануы саясаты тұрды. Кемалисттердің түсініші бойынша түрік ұлтжандылығы түрік ұлттық мемлекеті ұғымымен байланысты «ұлт-мемлекет» ұғымдарының шеңберінде қабылданды. «Ұлы Тұран идеясы» қол жетілмейтін және қауіпті түсінік ретінде жарияланды. Ұлтжандылық немесе национализм принципі ұлттық мемлекет шеңберінде ғана жүзеге асыруы керек болатын. Ұлтжандылық немесе национализм идеологиясы негізінде түрік ұлтының жалпы ұлттық өзіндік санасын бекіту және мәдени кеңістікті ұлғайтуға акцент жасалды.

**Кілтті сөздер:** реформа, модернизация, кемализм, зайырлылық.

## КЕМАЛИЗМ И МОДЕРНИЗАЦИЯ В ТУРЦИИ (20-30 ВЕКА)

Оспанова Алия Абдулжапаровна<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Международный казахский-турецкий университет им.Х.А.Ясави, PhD доктор, и.о. доцент

<sup>2</sup>Рустамбекова Мухаббат Ерубаетна

<sup>2</sup>Международный казахский-турецкий университет им.Х.А.Ясави, PhD доктор, и.о. доцент

### Аннотация

В статье рассматриваются основные аспекты «кемализма» и аспекты процесса модернизации, несовместимые друг с другом, с подробным обзором модернизации основных событий в Турции в 20 и 20 веках 20 века. По мнению кемалистов, турецкий национализм был принят в понятиях «национальное государство», связанных с концепцией турецкой национальной идентичности. «Великая идея Туран» была объявлена неточной и опасной. Принцип национализма или национализма должен был реализовываться только внутри национального государства. Исходя из идеологии национализма или национализма, акцент был сделан на укрепление национальной идентичности турецкой нации и расширение культурного пространства.

**Ключевые слова:** реформа, модернизация, демализм, секуляризм

## KEMALISM AND MODERNIZATION IN TURKEY (20-30 CENTURY)

Ospanova Aliya Abduzhaparovna<sup>1</sup>

<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University named after Kh.A.Yasavi, PhD doctor, acting assistant professor

Rustambekova Muhabbat Erubaevna<sup>2</sup>

<sup>2</sup>International Kazakh-Turkish University im.H.A.Yasavi, PhD doctor, Acting assistant professor

### Annotation

The article discusses the main aspects of "Kemalism" and aspects of the modernization process that are incompatible with each other, with a detailed overview of the modernization of the main events in Turkey in the 20th and 20th centuries of the 20th century. According to the Kemalists, Turkish nationalism was adopted in terms of the "national state", associated with the concept of Turkish national identity. "The great idea of Turan" was declared inaccurate and dangerous. The principle of nationalism or nationalism should be implemented only within the national state. Based on the ideology of nationalism or nationalism, the emphasis was placed on strengthening the national identity of the Turkish nation and expanding cultural space.

**Keywords:** reform, modernization, demoism, secularism.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Туркия жаңару жолына енді аяқ басқан мемлекет болатын. Мемлекетте келесідей маңызды буржуазиялық реформалар жүзеге асты: республикалық құрылым негізделді, халифаттық жокқа шығарылды, шариат соттары біріздендірілірді, әліппе реформасы жүргізілді.

1924 жылы Туркия республикасының конституциясы қабылданды. Жоғарыда аталған реформалар Туркия республикасының одан әрі дамуын анықтаушы күшке айналды десек қателеспейміз. Дегенмен де тарихшылар арасында бір өзекті сұрақ туындайды: XX ғасырдың 20-30 жылдары Туркияда жүргізілген өзгерістерді елдің модернизациялануы деп атауға бола ма? Егер ия деген жауап туындаса, осы модернизация кемализм идеологиясымен қалай сәйкестендірілді немесе қандай байланысы бар? Осы сұрақтардың жауабын табу менің мақаламның басты мақсаттары болып табылады.

Туркиядағы 20-30 жылдардағы модернизация тарихын зерттеуге қатысты зерттеулер ауқымы өте мардымсыз. Тікелей модернизация мен кемализм иеологиясының байланысын зерттеуге негізделген еңбектер аз болса да, Туркиядағы модернизациялау процесінің түрлі аспектілерін зерттеуге арналған келесідей авторларды атап өте аламыз.

Түрік либерализмінің қалыптасу және даму ерекшеліктері Дж. Федайы, С. Гюндюза, О. Ақяла, Т. Атеш монографияларында қарастырылған. Ірі түрік зерттеушісі Т. Чавдардың XIX ғасырдың соңындағы Осман империясы мен Республикалық Туркияның алғашқы кезеңдерінің тарихын зерттеумен айналысты. Танзимат кезеңіндегі саясат жаңа түрік қоғамының қалыптасуына және де мемлекет пен экономика

туралы жаңашыл түсініктердің қалыптасуына түрткі болды. Бірақ Т. Чавдардың пікірі бойынша Осман империясындағы дін басылар жаңа идеяологияның пайда болуынан, ол идеяология қалыптасып елдегі үстемдік етуші ислам дінінің, сұлтанаттың өзі мен сұлтанат режиміне беделіне нұсқан келтіреді деп қорытты.

Зерттеуші А. Ясай өз еңбектерінде еуропалық мемлекеттердің Туркияға қатысты ұстанымдары мен көзқарастарын зерттеді. Ғалымның пікірінше Батыс елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, Туркия вестернизацияға көшті.

Н.Г. Киреев еңбектерінде этатизм саясатының қалыптасу негіздерін талдайды және этатизм саясатының елдің экономика саласының модернизациялануына ықпал ету деңгейін зерттейді. Десек те автор тек қана сол дәуірдегі Туркия республикасының экономикалық саясатын ғана қозғап, ұлттық-мәдени, саяси реформаларға қатысты сұрақтарды шет қалдырады.

Н.Г. Киреев қозғамаған ұлттық-мәдени, саяси реформаларға қатысты зерттеулерді басқа ғалымдардың еңбектерінен табуға болады. мысалы, Полат Салих мәдени саладағы модернизация процестерін кеңінен қарастырады[1, 27 б].

Кеңестік тарихнамада Э.Ю. Гасанованың еңбектерін де атап өтуіміз керек. Автордың зерттеулерінде «национализм» идеологиясы мен осы саясаттың Туркияның дамуындағы ықпалын анықтаған. Тақырыпты ауқымды зерттеуге бағытталған еңбектердің ішіндегі ең бастысы ретінде «туркия тарихының очерктерін» атауға болады. еңбекте Ататүрк жүргізген барлық реформаларға қысқаша сипаттама жасалып, сол реформалардың тарихи нәтижелеріне қысқаша болсын тоқтала кеткен[2, 78 б].

Мұстафа Кемалдың жеке өмірбаяны мен осы тұлғаның туркия реформаларын жүзеге асырудағы ықпалы туралы бірқатар жеке зерттеулер де бар. Мысалы, Ю.Н. Розалиевтің «Мұстафа Кемаль Ататюрк. Өмірі мен қызметі очерктері» атты еңбегі[3,101 б].

Ең алдымен «модернизация» терминінің өзін қарастырайық. Кейіннен осы түсінікті реформаларды жүргізудің инициаторы Мұстафа Кемаль Ататүрктің модернизациялау туралы түсініктерінің сәйкестігі мәселесін анықтап көрсек. Түрік әлеуметтанушысы, өз кезінде жастүріктер қозғалысының идеологы болған, кейіннен Ататүрік кезеңінде кемализм принциптерінің бастаушысы болған Зия Гек Алыптің ойлары мен тұжырымдарына Мұстафа Кемаль сүйенді.

Энциклопедиялық сөздіктерде «модернизация-бұл қазіргі заман талаптарына жауап беретін өзгертулер мен жаңартулар»[4,206 б]-, деген ұғымды білдіреді. Туркияда Ататүрік кезеңінде модернизациялау ұғымына осы түсініктің аясында қаралған/қаралмағандығын анықтауға тиістіміз.

Мұстафа Кемаль «Матэн» газетіне берген мақаласында (1922 ж) «Туркиялық демократия Француз революциясынан басталған жолмен жүрсе де, тек өзіне тән ерекшеліктерімен дамыды. Өйткені әрбір халық өз реформациясын өз қоғамына тән талаптар мен заңдылықтарға сәйкес, уақыт талабына сәйкес, елдің ішкі жағдайына сәйкес жүргізеді»-деген болатын [5,137 б].

Туркия ХХ ғасырдың басында-ақ сұлтан билігі негізіндегі ортағасырлық Осман империясы ретінде өмір сүргенін ескерсек, сол кезеңдегі заманауи қоғамның идеалы Еуропа мен еуропалық қоғам болғаны сөзсіз. Егер ХХ ғасырдың 20 жылдарынан бастау алған елдің мәдени, дін, тұрмыстық өмір саласында жүргізілген реформаларды алатын болсақ бұл реформалардың барлығынан дерлік еуропалық қоғамға «елеңдеушілікті» байқаймыз. Ал, модернизация-заманауи талаптарға жауап беретін жаңартулар деген мағынаны білдірсе, Туркия Республикасында жүргізілген реформаларға модернизациялау процесі деген атау беруге болады.

Туркиядағы қайта жаңғыртулардың (реформалардың деген сөз) өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан Ататүрік идеялары мен Ұлы Француз революциясының арасындағы бірқатар ұқсастықтарды байқауға болады. еуропадағы модернизациялау процесі 1789 жылғы Декларацияның қабылдануынан кейін толық жүзеге асырылғандығын түсінген Мұстафа Кемалдың елді модернизациялаудағы алғашқы қадамы 1924 жылы қабылданған Конституция болып табылады. Бұл құжат өзіне 105 статьяны біріктірді, 70 статьяда бостандық, емін-еркін қозғалу, еңбек іс-әрекетін жасау, жеке меншікке иелену іспеттес құқықтар жариялануымен Туркиядағы модернизацияланудың негізі қаланды деген тұжырым айтсақ қателеспейміз.

Енді, кемализм идеологиясы мен осы идеядағы модернизациялаудың роліне тоқтала кетейік.

Түрлі ғылыми зерттеу жұмыстарында «кемализм» терминіне түрлі анықтама берілген, десек те көптеген еңбектерде кемализм принциптері жүйесі ретінде қарастырылады. Кемализмнің негізгі принциптері Туркия Республикасы Конституциясының 2-статьясында тіркелген. Кейіннен 1931 жылғы ҰРП ІІІ конгресінде кемализм принциптері Ұлттық-республикалық партияның алты принципіне айналды. Ол принциптер келесідей түрде жарияланды:

-Республикалық;

- Ұлттық.
- Халықтық.
- Этатизм.
- Бұқаралық.
- Революциялық принциптер[6, 79 б].

Әрбір принциптің астарында белгілі бір теориялық түсінік жатыр. Мысалы «республикалық принцип» дегенде партия мемлекетті басқарудың республикалық формасын жүзеге асыруға мүжжелі деген ұғымды білдіреді. «Ұлттық немесе национализм принципі»-ең алдымен ұлттық мүдделерді көздеуді, «халықтық принципі»-қоғам мүшелерінің барлық құқықтарын қорғау, «этатизм принципі»-мемлекеттің ел экономикасына белсенді түрде араласу арқылы экономиканы дамыту, экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу деген түсінікті ұғындырды.

«Бұқаралық принципі»-халықтың діни сезімдерін пайдаланушы дін өкілдерін мемлекеттік биліктен алшақтату, яғни дін мен билікті ажырату, «революциялық принцип» қоғамның өмір сүру қабілеттілігін қамтамасыз етуде революция идеяларына адал болуды білдірді. Осы аталғандарды ескере отырып, елдегі модернизациялау идеясы кемализм идеясының негізінде жүзеге асырылғандығын байқаймыз.

Кемализм принциптерінің негіздерін модернизация процесімен сәйкестендіре отырып, жеке-жеке қарастырып көрейік. Мысалы лаицизм (бұқаралық), халықтық, этатизм, ұлттық принциптерін алып көрейік. Менің ойымша республикалық және революциялық принциптері кемализм жүйесінде де, мемлекеттің дамуында да маңызды (басты) роль ойнаған жоқ деп ойлаймын.

Лаицизм Ислам дінінің елдегі ықпал ету салаларын қысқарту үшін қолданылды. Лаицизм Туркияның модернизациялануын қамтамасыз етуші басты құрал болғандығына біз толық қосыламыз. Өйткені көптеген ғасырлар бойы Шығыстық мұсылмандық мәдениет типіндегі Туркияда әлемді танудың діни көзқарастары басым болды, бұл дүниетаным Батыс елдерінің мәдени концепцияларынан аса айырықшаланды. Ал, жаңғыру, жаңару принциптерін негіздеуші модернизациялау үшін елді, халықты діни көзқарастармен, дінмен басқармай, бұқаралық, республикалық ұстанымдармен басқарудың қажеттілігі туындағандықтан Туркияда лаицизм саясаты кең ауқымда табысты түрде жүргізілді.

Ұлттық мемлекетті құрудың жаңашыл шарттары бойынша «ұлтжандылықты» саяси бірігудің басты құралы ретінде пайдалану, нәтижесінде модернизациялауға қол жеткізу, ұлтжандылықты діннің ықпалынан босату мақсаттарын жүзеге асырылу арқылы қол жеткізілді. Сонымен бірге модернизациялаудың теориялық негізі ретінде Гек Алп еңбектері алға тартылды.

1924 жылы М. Кемаль лаицизм радикалды саясатын жүргізе бастады. Аталмыш саясат діннің мемлекетке ықпалын нөлге шығарды, сондай-ақ діннің қоғамдағы ролін қысқартты.

1926 жылы Туркияның Ұлы ұлттық жиыны (№743) азаматтық кодекс қабылдады, сол жылдың наурыз айында шарият (діни) соттарын таратып, орнына бұқаралық сот ісін жүргізу енгізілді, сондай-ақ қылмыстық кодекс бекітілді (Италия қылмыстық кодексінің негізінде құрастырылған кодекс екендігін де айта кетейік). Десек те Туркияның мемлекеттік діні-Ислам діні деп жарияланды.

1934 жылы фамилия енгізу туралы заң қабылданды. Алдындары түрік ұлтының өкілдері тек есімге ие болатын. 1934 жылдың 24 қарашасында Мұстафа Кемаль «Ататүрік» (Түркілердің атасы) деген фамилияға ие болды. Фамилияның енгізілуі азаматтық істерді жүзеге асыруда көптеген мәселелерді шешті, бірдей есімдер арасындағы шиеленісті істерді шешуге көмектесті.

1934 жылдың желтоқсан айында мәжіліс әйелдерге сайлау құқығы және мәжіліске сайлану құқығын беру туралы заңды қабылдады. Осылайша түрік әйелдерінің құқығы формалды түрде ер адамдардың құқығымен теңестірілді. Осындай өзгерістер мен жаңашылдықтардың нәтижесіне 1935 жылдың ақпан айындағы сайлауда сайланған 399 депутаттың 17 әйел депутаттар сайланды. Барлық жарғылар, заңдар мен өзгеріс, жаңартуларда елдің еуропалануы саясатының қарқындығы көрініп тұрды.

Мұстафа Кемаль тұсындағы модернизациялаудың келесі қадамы-түрік ұлтының консолидациялануы саясаты тұрды. Кемалисттердің түсініші бойынша түрік ұлтжандылығы түрік ұлттық мемлекеті ұғымымен байланысты «ұлт-мемлекет» ұғымдарының шеңберінде қабылданды. «Ұлы Тұран идеясы» қол жетілмейтін және қауіпті түсінік ретінде жарияланды. Ұлтжандылық немесе национализм принципі ұлттық мемлекет шеңберінде ғана жүзеге асыруы керек болатын. Ұлтжандылық немесе национализм идеологиясы негізінде түрік ұлтының жалпы ұлттық өзіндік санасын бекіту және мәдени кеңістікті ұлғайтуға акцент жасалды.

Саяси тәжірибеде ұлтжандылық принципін жүзеге асыру түрік тілінің мәртебесін көтеруден басталды.

Гек Алп бойынша ұлт дегенде тек бір этникалық белгілер, географиялық өмір сүрудің біртұтастығы, саяси факторлармен ғана емес, мәдени біртұтастығы (тіл, мәдениет, өнер, дін, мораль және т.б.) байқалған

халықтар тобы деген түсінік қалыптастырды. Зия Гек Алп бірқатар реформаларды жүзеге асыру арқылы түрік мәдениетіне жалпы ұлттық сипат беру арқылы ұлттық мемлекет құруға болады деген тұжырымды ұсынды. Сондай-ақ автор ұлт, этнос, нәсіл іспеттес түсініктердің арасындағы айырмашылықтарға да тоқтала кеткен [7,137]. Осылайша Туркия республикасындағы ұлтжандылық немесе национализм принципінің негізгі қағидасы ретінде латын графикасы негізіндегі түрік тілінің енгізілуі алға тартылды.

Туркия республикасының аумағында араб алфавиті латын графикасы негізіндегі түрік тіліне ауыстырылатындығы туралы, түрік тілінің жаңа грамматикасы жасалынатындығы, әріпті және грамматиканы жасау туралы коммуссия ұйымдастырылатындығы утралы жарғы қабылданды. Мемлекеттік салаларда, қоғамдық өмірде «осман» тілін түркі тілі алмастыра бастады.

1928 жылдың 1 қазанынан бастап мемлекеттік мекемелер жаңа алфавитке көшті, 1928 жылдың 1 қарашасынан бастап бұқаралық ақпарат құралдары жаңа алфавитпен ғана мақалалар жариялау рұқсат етілді.

Туркия Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму моделі түрік либерализміне негізделіп, көптеген дамушы мемлекеттерге экономиканы дамытудың үлгі тұтар алгоритмі болып табылады. Туркия Республикасының саяси және әлеуметтік-экономикалық қайта жаңғыру процесінің негізін салған мемлекеттің алғашқы президенті Мұстафа Кемал Ататүрік болып табылады. Сонымен бірге Ататүрік реформалары XX ғасырдың 80 жылдарындағы неолиберализм реформаларының теориялық және тәжірибелік бастауы болды, нәтижесінде «Туркия экономикалық ғажайып кезеңі» бастау алды.

Туркия экономикасының ғажайып дәуірінің ғылыми феноменін зерттеу түрік қоғамының әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуы тұрғысынан саралауда маңыздылыққа ие.

Жаһандану жағдайында экономика, мәдениет және білім беру салаларын дамытуда халықаралық ынтымақтастыққа қол жеткізуге мүмкіндік берді. Қазіргі Туркия тарихында елдің әлеуметтік-саяси және экономикалық өмірін түбегейлі өзгерткен көптеген адамдардың есімдері бар. Туркия Республикасының негізін қалаушы Мустафа Кемал Ататүрік болып табылады.

Туркия экономикасы екі кезеңнен өтті: 1. Аралас экономика (мемлекет барлық экономика секторларын басқарады); 2. Ашық экономика (жаңашыл бағыт, мемлекет экономиканың секторларын басқармайды)[8, 182 б].

Осылайша, кемализм идеясы елдің модернизациялану жолдарына басты көрсеткіш болғандығын толық қолдай аламыз. Дегенмен де Туркияның заманауи еуропалық қоғам құрудағы жолы ұзақ, кедергілерге тоы болды, әрі қазіргі дейін жалғасып келеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1.Киреев Н. Г. *История этатизма в Турции.* – М.: Наука, 1991. – 340 с.
- 2.Гасанова Э. Ю. *Идеология буржуазного национализма в Турции.* – Баку, 1966.
- 3.Розалиев Ю. Н. *Мустафа Кемаль Ататюрк: Очерк жизни и деятельности.* – М.: Восточная литература, 1995.
- 4.Советский энциклопедический словарь. – М.: Русская речь, 1982. – С. 828.
- 5.Полат Салих. *Процесс развития светского государства в Турции // Религия и право.* – 2001, № 2. – С. 122–167.
- 6.Киреев Н. Г. *История этатизма в Турции.* М.: Наука, 1991. – С. 79
- 7.Güçalp Ziya. *Turkish Nationalism and Western Civilization.* – N.Y., 1959. – С. 137. *Цит. по: Фадеева И. Л. От империи к национальному государству.* – М.: Восточная литература, 2001. – С. 124
- 8.Гасратян М. А., Орешкова С. Ф., Петросян Ю. А. *Очерки истории Турции.* – М.: Наука, 1983. – С. 182.

ӘӨЖ 748-01  
ГРНТИ 03.03.09

Джумадуллаева А.Н.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>ХҚТУ т.ғ.к., доцент

## ХУ - ХУІ ҒҒ. ИТАЛИЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ

### Аннотация

Италияның әлеуметтік – экономикалық жағдайына әсер еткен факторлардың арасында Еуропаны ең ірі саяси күштердің соғыс ошағына айналдыру. Италия соғысының мәселесі көптеген әлеуметті-саяси және экономикалық себептерден көрінеді. Түбектегі мемлекеттер арасында ерекше орын алған Венеция еді. Аристократиялық республика біртұтастығымен, күшті құрылысымен ерекшеленді. Территориялық біріктіруді ең соңында аяқтағанмен саяси көрегендігі, қалаларының кәсіпкерлік дамуымен де сипатталады. Венеция республикасы жүн өндірісімен Верна мен Бремен қосылған соң гүлденген шегіне жетті. Бұл "terra ferma" (біріккен) қалаларының сауда өнеркәсібіне қолдау көрсетті.

**Кіліт сөзі:** Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев, Н. Макиавелли, Қайта өрлеу, Еуропаға жол, Еуропа, Италия, Флоренция, феодалдық, I Ферранте, Қайта өрлеу, Медичилер, Венеция, Милан, Папалық, Мемлекет, Неаполит корольдығы, Франция, Француз, Анжуй мұрасы, Халық

Джумадуллаева А.Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Международный казахский-турецкий университет им.Х.А.Ясави, PhD доктор, и.о. доцент

## XV-XVI ВВ. СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ИТАЛИИ

### Аннотация

Одним из факторов, влияющих на социально-экономическое положение Италии, является превращение крупнейших политических сил Европы в зону военных действий. Итальянская проблема войны отражена во многих социальных, политических и экономических причинах. Венеция была видным местом среди округов. Аристократическая республика характеризовалась единством и крепким строительством. В конце территориальной консолидации, однако, политическое видение и предпринимательское развитие городов

описано. Венеция стала процветающей после объединения Верны и Бремена с производством шерсти. Это поддержало торговую индустрию "terra farm" (объединенных) городов.

**Ключевые слова:** глава нашего государства Н.А. Назарбаев Назарбаев Н. Месавелли, Ренессанс, Путь в Европу, Европа, Италия, Флоренция, Феодал, I Ферранте, Ренессанс, Медичи, Венеция, Милан, Папа, Государство, Неаполитанское королевство, Франция, Французское наследие, Анжуское наследие.

Dzhumadullaeva A.N.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University named after Kh.A.Yasavi, PhD doctor, acting assistant professor

## XV-XVI CENTURIES SOCIAL DEVELOPMENT OF ITALY

### Abstract

One of the factors affecting the socio-economic situation of Italy is the transformation of the largest political forces in Europe into a zone of military operations. The Italian problem of war is reflected in many social, political and economic reasons. Venice was right in front of the county. The aristocratic republic was characterized by its unity and solid foundation. At the Constituency Territorial Consolidation, however, political and economic development of cities optional. Venice was recovering after the discovery of Verna and Bremen with the production of the parchment. It was a trade industry "Terra Pharm" (unified) cities.

**Keywords:** head of our state N.A. Nazarbayev Nazarbayev N. Mesavelli, Renaissance, Path to Europe, Europe, Italy, Florence, Feudal, I Ferrante, Renaissance, Medici, Venice, Milan, Pope, State, Neapolitan Kingdom, France, French Heritage, Anjou Heritage.



Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2008 ақпан айында халыққа жолдауында еліміздің жағдайын жақсарту мақсатында жан-жақты саяси-экономикалық және әлеуметтік саланы көтеру тұрғысында бірқатар істерді жүзеге асыру шараларын көрсетті. Сонымен қатар республикамыз елу елдің қатарына кіру мақсатында «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарлама дайындау қажеттігіне басты назар аударды. Аталмыш бағдарламаны іс жүзінде жүзеге асыру үшін, алдымен дәл осы Еуропа тарихын, соның ішінде ХҮІ ғасырдың тарихи туындыларын жетік меңгеру мақсатында кешенді зерттеулер жүргізуіміз қажет. Қайта өрлеу дәуірі Еуропа елдерінің мәдени және идеялық өмірінде аса зор прогрестік рөл атқарды. Әлемдік дәрежеде мәңгі құнын жоймайтын мәдениеттің озық үлгілері осы кезеңде жасалды. Дүние жүзі тарихында көрнекті рөл атқарған Қайта өрлеу дәуірінің ұлы тұлғаларының бірі Н. Макиавеллидің тарих ғылымына қосқан үлесі дерек көз ретінде қарастырылған. Орталық және оңтүстік Италиядағы транзиттік сауданың дамуы алдыңғы қатарлы сауда-банктік компаниялардың енуіне ықпал етті. Өндірістің дамуы феодалдық қатынастарды шиеленістірді. Савой герцогтығында жерге тәуелділік сақталды: барщина, талья, менморта және формарез т.б. Шаруашылық қысқарып, жер арендаға берілуімен тауар-ақша қатынастарын дамытты, рентаның ерте түріне алып келді. Село қауымдары қала билігіне өтті. Шаруалар еркіндік алған соң жерден айрылды. Арендатор жерге құқығын өтеу жағдайында музариядан жиі өтеді. Музария Италиядағы ХІІІ - ХІҮ ғғ. жартылай капиталистік аренда. Пополандар цехтар шекарасынан шығып кеткен үлкен шеберханалар ұйымдастырды. ХІҮ ғ. мануфактуралық шеберханалар Сиена, Лукка, Милан, Болонь тоқыма өнеркәсібінде және Венеция мен Генуяда кеме жасау ісінде пайда болды. ХҮ ғ. Флоренцияда 270 шұға өнеркәсібі жұмыс істеді. Жібек өндіру шұғаға қарағанда жылдам дамыды. Жұмысшылар арзан жұмысқа жалдануға мәжбүр болды. Егер жүн сол күні тазартылып бітпесе, одан айып ретінде ақшасы қысқартылды. Кәсіпкер жалдамалы жұмысшыны ешқандай ескертусіз жұмыстан шығара алатын еді.

Италияның әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер еткен факторлардың арасында - Шығыс Жерорта теңізіндегі түрік жорықтары, халықаралық сауда орталығының Атлантикаға ауысуы, 1494-1559 жж. Италиян соғыстары, жаулап алушылықтар, түбекті тоздырып, оның солтүстік және орталық бөліктерін сол кездегі Еуропадағы ең ірі саяси күштердің соғыс ошағына айналдырды. Бұл соғыстар елдің қалыпты әлеуметтік-экономикалық дамуын үзіп қана қойған жоқ, оны қалжыратып жіберді. Бүкіл орта ғасырлар бойы француз және испан феодалдық топтарының жаулап алулары оңтүстіктегі Анжуй мен Арагон династияларына байланысты болды. 1459 ж. бастап Арагондық династия өзінің ұлттық ресми тәуелсіздігін сақтап қалды. ХҮ ғ. Италиядағы ұлттық бірлігі жоқ жекелеген территориялардың сыртқы жаулаушылыққа төтеп бере алмауы ХҮ ғ. ортасында бес ірі мемлекеттің территориясын қамтыды. Солтүстік Италиядағы Венеция республикасы мен Милан герцогтығы; Орталықтан Флоренциялық Медичилер мемлекеті; түбектің шығыс бойына орналасқан оңтүстікте Споктодан солтүстікте Равеннаға дейінгі солтүстік және орталық Италияның территориясын біріктірген Папалық мемлекет; Оңтүстікті Неаполитан мемлекеті алды. Олардың арасында ұсақ мемлекеттер сақталды: Сиена және Лукка қала-мемлекеттері; папа иелігіне қосылған Мануя мен Феррара синьориялары; солтүстік-батыстағы шетте орналасқан феодалдық мемлекеттер - Савой герцогтығы, Салуццо мен Монферрато маркизаттары. Н.Макиавелли Италия дағдарысының негізгі себептерін алғаш рет ашып көрсетуге тырысты. Италиядағы жалдамалы әскерлер Флоренция республикасындағы "билеуші мен папалар" арасына шок салды, себебі италияндық князьдардың саясаты француз корольдерінің саясатынан артық болды. Макиавеллидің ойынша барлық жағдайда буржуазияның қолдауына сүйенді. Италияның талқандалуының басты себебі саяси бытыраңқылық және испания жаулаушылығының нәтижесі деді. Италия соғыстарының мәселесі көптеген әлеуметтік-саяси және экономикалық себептерден көрінеді. Неаполитан корольдігі Италия мемлекетінің ішіндегі ең әлсізі болатын. Арагон династиясы Неаполитан корольдігінде ешқандай күштерге ие емес еді. Феодалдық таптың өзі бір-бірімен жаулаушы үш топ - жергілікті провинциялық барондар, ұсақ дворяндар, әскери күш құрады. Макиавелли оларды саяси өмірде қабілетінен айрылғандар деп сипаттады. Соңғы феодалдық толқу басылған соң Неаполитан королі І Феррантенің барондық саяси билікті шектеуі король билігін тек сырттай нығайтты. Феодалдардың анархиясына шек қойылды, ал ҮІІІ Карл Неаполь шекарасына жақындады. Феодалдардың негізгі тобын құраушы жергілікті аристократия, король аппаратының негізін құрады, көбісі испандықтар болғандықтан жергілікті династиямен біріге алмады. Ал қала тұрғындары ешқандай мемлекеттік істерге араласпады. Олар Флоренция мен Венеция көпестеріне тәуелді, тек корольге салық төлегені болмаса, экономикалық дамытушы аздаған кәсіпкерлер француз агрессиясымен ешқандай нәтиже бере алмады. Қоғамның төменгі топтары - қолөнершілер, шаруалар биліктің ауысқанын күтті. Оңтүстік Италиядағы плебстер саяси ұйымдаспаған, түрлі билеуші топтардың қолшоқпарына айналды. Папалық мемлекет феодалдық иеліктердің конгломератынан,

коммуна және жекелеген жартылай тәуелсіз мемлекет - сеньорийлерден құралды. Папаның барлық шегінде "қос билік" еді - олар бір жағынан папалық легаттан басқарылса, екінші жағынан жергілікті коммуналдық билікке бағынды, көптеген папалық мемлекеттер басқа ірі Италияндық мемлекеттерінің қол астында қалды: Марни, Умбрия, Романия Венецияның, Милан және Флоренцияның территориялық объектісіне қызмет етті. Папалық мемлекеттің орталығы - Римдік Кампалья, Маритима және Патримоний - папалық барондар Орсини мен Колонн қол астына қарады. Италияндық соғыстар барысында мемлекеттер папаны Италия билеушісі ретінде таныды. Аймақтық мемлекет құру процесінде, Миланда сеньор билігі орнады, ол Людовик Моро тұсында абсолютизмге жақын еді. Герцогтық территориясында әсіресе шекаралық облыстарда ондаған тәуелсіз феодалдар өмір сүрді, олар герман императорының тікелей вассалына айналды. Жекелеген қалалар орталық билікке бағынды. Мәселен, 1447 ж. Филиппо Марна Висконти өлімінен кейін дукастың барлық қалалары тәуелсіздігін сақтап қалды. Жекелеген провинциялар арасында алауыздық туа бастады.

Флоренция мемлекетінде ХІҮ-ХҮ ғғ. феодалдық дворяндық саяси үстемдігінен айрылды. Флоренция мен оған бағынышты қалалар арасында қайшылық туды. Тосканның бірігуі ХҮ ғ. іске асты, яғни Флоренциялық саудагер топтардың арасында өтті. Жергілікті олигархия басқаруға ешқандай үлес қоспағаны былай тұрсын оның құқықтары шектеліп отырды. Флоренциядағы Медичилердің протекциондық саясаты, сыртқы сауда мен жекелеген қолөнер саудасын да құруға алып келді. Осылай салық саясаты ерекшеленді. Территориялық бірігуден пайда іздеген ірі қалаға айналды. Француз қалалары өз жеңілдіктерімен король билігінің пайдасына әрекет етті. Тарихи тұрғыдан қарағанда бұл күрес еркіндік үшін болған реакциялық сипаттағы оңтүстік француз қалаларының ХҮІ ғ. дінге қарсы соғысымен салыстыруға болады. Бірақ Пиза буржуазиясы оны елемей көтерілісті жалғастыра берді. Мұндай әрекеттерді Тосканның басқа да қалалары - Арrezzo (1494, 1498), Пистития (1501) жасады. Бұл Флоренцияның Италия соғыстары кезіндегі сыртқы саясаттың үнемі енжарлығымен және Флоренцияға тәуелділігімен анықталды (1527 ж. дейін).

Түбегтегі мемлекеттер арасында ерекше орын алған Венеция еді. Аристократиялық республика біртұтастығымен, күшті құрылысымен ерекшеленді. Территориялық біріктіруді ең соңында аяқтағанмен саяси көрегендігі, қалаларының кәсіпкерлік дамуымен де сипатталады. Венеция республикасы жүн өндірісімен Верна мен Бремен қосылған соң гүлденген шегіне жетті. Бұл "терра ферма" (біріккен) қалаларының сауда өнеркәсібіне қолдау көрсетті. Венециядағы ішкі саясат папамен италиян соғыстарының өне бойында белсенділік танытты. ХҮ ғ. ортасында Генуя мен Венеция түрік экспансиясынан зардап шеті, өз саудасының бағытынан айрылды, оның ауыртылығы Батыс Жерорта теңізіне, Шығыс және Португалия еншісіне - Солтүстік Африка порттары, Сирия, Египетке түсті. 1469 ж. Италия мемлекеттері жалпы лигаға біріккен саяси жүйені құрады, ол "Италия теңдігінің жүйесі" деген атпен белгілі. Бұл саяси саналы бірігу ғана емес, бытыраңқы Италияны нығайту статусын сақтап қалды. Бұл жүйенің әлсіздігі алғаш шетелдіктердің басып кіру қаупінен бұзылғандығынан көрінді. Францияның мақсаты бұрынғы Анжуй мұрасы - Неаполитан корольдығын қайтару еді (1491). Италия мемлекеттері француздардың араласуын өз мақсатына шешті. Франция жорығына Неапольдегі Апулий порттарын алуға тырысқан Венеция қарап қалмады. Милан, Венеция және Папа ҮІ Александр Франция жағына шықты. Людовик Моро, ҮІ Александр және Аенеция сенаты француз агрессиясының қаупін білу үшін одақ құрды (1493 ж. 25 ақпан). Мақсаты Италиядағы бейбітшілікті қолдау деп жариялады. ҮІІ Карл жорығына дейін Италия екі жаулаушы топқа бөлінді - Милан, Венеция, Папа бір жағынан, Неаполь мен Флоренция екінші жағынан. Екі жақ Франция мен Испанияға арқа сүйеді. Францияның әскери және дипломатиялық дайындығына қарамастан оның жеңіске жете алмайтынын елші Закария Контарини хабарлап қойды. 1494 ж. күзде Француз армиясы Альпіден өтті. Француз жорығының мақсаты оңтүстік кіріс көзін табу болды. Ал Италия басшысы Моро Милан герцогтығына кепілдік алды. Венеция Апулий портын Неапольмен одақтық келісімге келуге мүмкіндік алады. ҮІ Александр Неапольдегі келіспеушілікті реттеді. Саяси бытыраңқылық, экономикалық жағынан бай Италия жерлеріне француз дворяндарымен жүз жылдық соғыстың аяғына дейін еліктіре бастады. ҮІІІ Карл, кейін ҮІІІ Карл әскери рыцарлардың Аппенин түбегіндегі тонаушылық жорықтарын қолдады - олар дворяндарды байытып қана қоймай, француз көпестерінің шығыс жерорта теңізіндегі қарсыластарын әлсіреткен еді. "Заңды негізбен" бұл жоспар "Анжуй мұрасы" - Неаполитан корольдығымен іске асты. 1442 ж. бастап Арагон үйіне қараған ҮІІІ Карл әскерінің 1494 ж. Италия территориясына басып кіруі, 1494 ж. француз тағына "Анжуй мұрасының" қайтарылу, 65 жылға созылған ұзақ соғысқа ұласты. Ол Еуропаның әр бөлігінде байқалды. Италия соғыстарын екі ірі кезеңге бөлуге болады: 1494 - 1513 жж. (ҮІІІ Карлдың және ХІІ Людовиктің жорықтары) және 1515 - 1559 жж. (Франция және І Генрихтың Ү Карл Габсбургтан және испан королі ІІ

Филиппен соғыстары). 1494 - 95 жж. күз бен қыста француз әскерлері Неаполитан корольдығының оңтүстікке жылжыды. 1495 ж. ақпанда Неаполь алынды - жергілікті халық француздарды испан басқыншылығынан құтқарушы ретінде қарсы алды.

*Пайдаланған әдебиетер тізімі:*

1. Назарбаев Н. Президент жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2008 ж. 7 ақпан.
2. Антология мировой политической мысли. – М., 1997, -Т. I. – 830 с.
3. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 269 б.
4. Макиавелли Н. Рассуждения на первую декаду Тита Ливия. Государь // пер., вступ. ст. М.А. Юсима. – М., 2002. – 544 с.
5. Дживелегов А.К. Макиавелли Н. Сочинения. Т. I. – М., 1983. – 432с.
6. Веселовский А.Н. Вилла Альберти. Новые материалы для харак-теристики литературного и общественного перелома в итальянской жизни XIV-XV столетий. Собр. соч., Т. III. – Спб., 1908. – 611с.
7. Корелин М.С. Очерки итальянского Возрождения. – М., 1896. – С. 202.
8. Алексеев А.С. Макиавелли как политический мыслитель. – М., 1880. – 129с.

**ӘӨЖ 11-742**

**ГРНТИ 03.09.03**

<sup>1</sup>*Рустамбекова Мухаббат Ерубаетна*

<sup>1</sup>*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, п.ғ.к., аға оқытушы*

<sup>2</sup>*Оспанова Алия Абдужапаровна*

<sup>2</sup>*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, PhD доктор, аға оқытушы*

## **БАЛҚАН ДАҒДАРЫСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН УШЫҒУЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕНІҢ РӨЛІ**

*Аннотация*

Мақалада Балқан дағдарысының қысқаша тарихына тоқталынған және осы дағдарыстың қалыптасуы мен одан әрі дамуына алып келген басты фактор-этникалық «түсініспеушіліктер» мен өзара қақтығыстардың тарихына тоқталған. Косово өлкесінің ХХ ғасырдың 80-жылдарындағы ерекшелігін келесі тарихи мәселелермен сипаттай аламыз: Серб-албан қарым-қатынастарының ушығуына байланысты өлкеде өзіндік биліктің қалыптасуы; Конституциялық сипаттағы өзгерістер шеңберінде қарастырылатын реформалар мен жаңашылдықтар; Табыссыз косово оқиғасының нәтижесі ретінде халықаралық факторлардың қысымымен Македониядағы саяси ахуалдың түбегейлі өзгеруі

**Кілтті сөздер:** этникалық қақтығыстар, этникалық өзіндік идентификация, қақтығыс, автономиялық өлке.

<sup>1</sup>*Рустамбекова Мухаббат Ерубаетна*

<sup>1</sup>*Международный казахский-турецкий университет им.Х.А.Ясауи, PhD доктор, и.о. доцент*

<sup>2</sup>*Оспанова Алия Абдужапаровна*

<sup>2</sup>*Международный казахский-турецкий университет им.Х.А.Ясауи, PhD доктор, и.о. доцент*

## **РОЛЬ ЭТНИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ В ФОРМИРОВАНИИ И ОБОСТРЕНИИ БАЛКАНСКОГО КРИЗИСА**

*Аннотация*

Статья посвящена истории конфликтов и межэтнических конфликтов с краткой историей балканского кризиса и ключевым фактором формирования и дальнейшего развития этого кризиса. Особенность косовского региона в 80-х годах 20 века характеризуется следующими историческими проблемами. Формирование самоуправления в регионе в связи с обострением сербско-албанских отношений; Реформы и инновации претерпевают изменения конституционного характера: радикальные изменения

политической ситуации в Македонии под давлением международных факторов в результате неудачного Косово.

**Ключевые слова:** этнические конфликты, этническая идентификация, конфликт, автономная область.

*Rustambekova Muhabbat Erubaevna<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University im.H.A.Yasavi, PhD doctor, Acting assistant professor*

*Ospanova Aliya Abduzhaparovna<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>International Kazakh-Turkish University named after Kh.A.Yasavi, PhD doctor, acting assistant professor*

## **THE ROLE OF ETHNIC PROBLEMS IN SHAPING AND SQUANDERING THE BALKAN CRISIS**

### *Annotation*

The article is devoted to the history of conflicts and inter-ethnic conflicts with a brief history of the Balkan crisis and a key factor in the formation and further development of this crisis. Keywords: ethnic conflicts, ethnic identification, conflict, autonomous region. The peculiarity of the Kosovo region in the 80s of the 20th century is characterized by the following historical problems. Formation of self-government in the region due to the exacerbation of Serbian-Albanian relations; Reforms and innovations undergo constitutional changes: radical changes in the political situation in Macedonia under the pressure of international factors as a result of an unsuccessful Kosovo

**Keywords:** ethnic conflicts, ethnic identification, conflict, autonomous region.

Балқан дағдарысының сипаты төңірегіндегі ғылыми және саяси пікір-таластар-бұл азаматтық соғысты саяси жүйенің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы күрес деп санайды. Кейбір ғалымдар мен саясаткерлер бұл қақтығысты этнос аралық қақтығыс Югославия аумағында өмір сүрген әрбір ұлттың өзін-өзі таныту, өзін-өзі білдіруге деген ұмтылысы, сондай-ақ сол ұлттардың өзіндік санасының, мәдени салт-дәстүрлерінің, дәни ұстанымдары мен аумақтық идентификациясы әртүрлі болуына байланысты қақтығыстар туындады деп санайды. Кейбір ғалымдар аумақтағы қақтығыстың басты себебі Ұлы державалардың сол территориядағы стратегиялық мүддесін нығайту мақсатында күресінен туындады деп санайтындар да бар.

Қазіргі кезеңге дейін Балқан аймағындағы XX ғасырдың соңғы он жылдығында болған қақтығысқа қатысты қызығушылықтар азаяр емес. Дегенмен де Косовода болған дағдарыс іспеттес күрделі саяси-этникалық шиеленістердің тарихын зерттеуде алдымен сол шиеленістің шығу тарихын анықтап алған жөн деп ойлаймын.

XX ғасырдың 90-жылдардың соңында болып өткен Косово дағдарысының барысы мен нәтижелері, тарихи маңыздылығын және осы қақтығыстарда әлемдік ірі державалар АҚШ мен Ұлыбританияның саяси мүддесі туралы сөз қозғамастан алдын, осы тарихи оқиғаның алғышарттары қандай болған еді деген сауалға жауап бергім келеді.

Бірінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңында, яғни 1912-1913 жылдары Балқан аймағында Косово дағдарысының даму динамикасын көптеген аспектілері бойынша айқындаған құбылысқа тап болды. Бұл құбылыстар:

Бір жағынан, Сербия билеушілерінің тарихи, этникалық, діни және әлеуметтік-мәдени факторларды алға тарта отырып, серб-албан тұрғындары аралас өмір сүретін ауқымды территорияда өз биліктерін қалпына келтіруге және биліктерін бекітуге тырысуы болса;

Екінші жағынан, албан халқының өзіндік ұлттық санасының өсуі, бұл феномен бойынша албан либерлерінен халықаралық стандарттар бойынша мойындалатын балқан шекараларын өзгертуді және албан халқының өмір сүру кеңістігін ұлғайтуды талап етті [1, 10 б].

Косово дағдарысының себептерін анықтау үшін Балқан түбегіндегі осы мемлекеттің (немесе қазіргі таңда мемлекеттердің) тарихын білгеніміз жақсы.

XX ғасырдың басында, яғни 1912 жылдың 28 қарашасында Влер қаласындағы Барлық албан халқының конгрессінде Албания өзін Туркиядан тәуелсіз деп жариялады (алдын бұл мемлекет Осман империясының құрамында болған). Дегенмен де, 1912-1913 жылдары Лондондағы ұлы державалардың кеңесінде Албанияның тәуелсіздігін мойындамады және Туркияның жоғарғы суверенитетінде қалдырды. Ал, Косово жерлеріне келетін болсақ (ескі Сербия) бұл аймақты бірінші Балқан соғысында 1912 жылдың күзінде Сербия әскерлері босатып алғандықтан болар, осы аталған жерлер (яғни Косово

жері) Сербияның құрамына қосуға келісілді. Ұлы державалардың осы аталған шешімі, яғни Косово, Сербия араларындағы және Албания арасындағы шекаралық линия арқылы ажырату шешімі соңынан үлкен қасіретті тарихи оқиғаларға алып келгеніне көз жеткізе аламыз. Сол сәттен бастап-ақ аймақтағы бейбітшіліктің орнауынан алдын әскери қақтығыстардың саны күрт арта түсті. Серб әскери билік өкілдері албандықтар үшін Джяковице және тағы да басқа Ескі Сербияның бірнеше қалаларында базарларды жауып тастады. Албандықтар үшін қаталдатылған әскери (полициялық) режим жарияланды [2, 41 б].

Өз кезегінде албандықтар да өз территорияларынан бас тартуды көздеген жоқ болатын. Қатандалған серб іс-шараларына қарсы албандықтар көтерілістер мен шабуылдармен жауап беріп отырды. Осылайша, 1914 жылдың наурыз айында Призрена және Дреницы ауданында антисерб көтерілісі болып өтті. Бұл көтеріліс серб әскерлерінің араласуымен ғана басып, шаншылды. Осы тұста Косовоның ұлттық құрамына назар аударғанымыз жөн болар.

XX ғасырдың басында Косово аймағының ұлттық құрамы төмендегідей болатын.

**«1906 жылы Косово вилайетінің үштен екі бөлігі-албандықтар, бір бөлігі-сербтер болатын»**

- деп Балқан аумағына саяхат жасаған журналист Брайльсфорд мәлімет келтіреді. Тығыз орналасқан Печа және батыс Джяковицы аудандары 20 дан 25 мың албан отбасы, ал серб отбасы саны 5 мың деп тұжырымдады [3, 77 б].

Неміс ғалымы Густав Вайганд 1912 жылғы Косовоның этникалық құрамын келесідей мәліметтермен сипаттайды:

Кесте-1. Приштины округінің ұлттық құрамы

Этностың атауы	Пайыздық көрсеткіш
Албандықтар	67%
Сербтер	30%

Кесте-2. Призрена округінің ұлттық құрамы

Этностың атауы	Пайыздық көрсеткіш
Албандықтар	63%
Сербтер	36%

Кесте-3. Вучитрна округінің ұлттық құрамы

Этностың атауы	Пайыздық көрсеткіш
Албандықтар	90%
Сербтер	10%

Кесте-4. Феризия (Урошевца) округінің ұлттық құрамы

Этностың атауы	Пайыздық көрсеткіш
Албандықтар	70%
Сербтер	30%

Кесте-5. Гилан (Гнилане) округінің ұлттық құрамы

Этностың атауы	Пайыздық көрсеткіш
Албандықтар	75%
Сербтер	23%

Кесте-6. Митровицы округінің ұлттық құрамы

Этностың атауы	Пайыздық көрсеткіш
Албандықтар	60%
Сербтер	40%

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Косово Австро-Венгрия мен Болгарияның оккупациясына айналады, ал албандықтар сербтерге қарсы шығып, оккупанттарға жақтасады, нәтижесінде сербтер жаппай Косово аймағынан көшуге мәжбүр болды.

1918 жылы Косово сербтер, хорваттар және словендер корольдігінің құрамына енді (1929 жылдан бастап Югославия деп аталды).

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Югославия алты республиканың федерациясы ретінде қайта құрастырылды, ол республикаларға:

- Боснии-Герцеговина;
- Македония;
- Сербия;
- Словения;
- Хорватия;
- Черногория [4, 16 б].

Осылай, алты республиканың бір Югославияға федерациялық құрылымға бірігуі 1946 жылғы Конституциясында да бекітілді. Сол сәтте, Сербия Республикасының құрамында көптеген албан тұрғындары бар Косово автономиялы облысы да кірген болатын. Заңнама бойынша автономия құрылымы республикаға қарағанда құқығы да аз болатын. автономиялар шындап келгенде ешқандай заң шығару инициативасына ие бола алмады.

1946 жылғы Конституция бойынша мемлекеттің негізгі тұрғылықты ұлттарының қатарына келесі ұлттар деп жарияланған болатын:

- Сербтер;
- Хорваттар;
- Словендер;
- Македондар;
- Черногорлар.

Соединенные Штаты и другие участники ВТО предпринимают серьезные усилия для того, чтобы избежать подобного сценария, и поэтому предлагают Китаю помощь в выполнении обязательств, взятых им в рамках ВТО. Так, Генеральный консул США в Шанхае провел совместную работу с Американо-китайским советом делового сотрудничества по организации видео-конференций, в ходе которых американские эксперты в области торгового законодательства имели бы возможность общаться с китайскими должностными лицами. Кроме того, посольство США в Пекине вместе с Пекинским университетом и местным институтом дистанционного обучения организовало программу обучения правилам ВТО через Интернет для местного населения по всему Китаю. Европейский союз выделил около 23 млн. долларов для обучения должностных лиц в Китае правилам и концепциям ВТО, в том числе и концепции интеллектуальной собственности [8].

Несмотря на то, что Китай находится под огромным давлением требований о выполнении международных правил и всех обязательств, взятых им в ВТО, важно помнить, что торговые споры носят не односторонний характер. И Китай тоже будет прибегать к помощи механизмов ВТО для предъявления своих торговых претензий другим членам ВТО.

Китаю еще предстоит решить ряд проблем, однако уже нет сомнения в том, что вступление в ряды ВТО было правильным выбором и для него самого, и для мировой экономической системы. Членство в

ВТО неразрывно свяжет Китай с глобальным экономическим сообществом и со временем откроет перед ним дополнительные возможности в сфере занятости и инвестиций, равно как и придаст ему более высокую степень социальной стабильности по мере того, как власть закона будет становиться определяющим принципом экономической деятельности в Китае. Со своей стороны, американцы выиграют от расширения возможностей для экспорта в Китай, от создания дополнительного числа рабочих мест у себя дома и появления более разнообразных возможностей для капиталовложений за рубежом. По мере расширения торговых и деловых связей между США и КНР будут расширяться и непосредственные контакты между американскими и китайскими гражданами, усиливаться обмен идеями и технологиями. Растущее чувство взаимозависимости, порожденное участием в ВТО, должно помочь и выработке ощущения общей цели на фоне взаимодействия Соединенных Штатов и Китая по широкому кругу вопросов глобальной экономической стабильности, безопасности и благосостояния.

Тем не менее, именно торгово-экономический интерес, а не политическое сотрудничество, составлял базу отношений между ЕЭС и Китаем. Политические контакты в середине 1980-х гг. ограничивались нерегулярными встречами на уровне министров иностранных дел и редкими встречами на сессиях Генассамблеи ООН.

События на площади Тяньаньмэнь выявили коренные расхождения в подходах двух сторон к фундаментальным идеологическим ценностям и показали наиболее уязвимое звено в созданной структуре политического и экономического сотрудничества. Ответом на подавление студенческих волнений в Пекине стали широкие экономические и политические санкции со стороны США и стран Западной Европы. Однако довольно быстро выяснилось, что введенные западноевропейскими странами санкции вредили не только самому Китаю, который оказался перед угрозой международной изоляции и лишения источника финансирования и технологий.

В результате санкций Европа лишалась чрезвычайно перспективного рынка сбыта своей продукции, поскольку к началу 1990-х годов Китай занял уже достаточно весомую нишу в структуре европейской торговли.

Всвязи с этим уже в 1990 г. Брюссель отозвал большую часть наложенных торговых ограничений, перейдя к стратегии налаживания диалога с Китаем.

В 1992 г. был подписан Маастрихтский договор, приведший к образованию Евросоюза, что позволило западноевропейским государствам разработать относительно единую стратегию в отношении Азии, и в частности Китая (в 1994 г. Евросоюз даже опубликовал документ под названием «К новой стратегии в Азии») [9]. В целом в рассматриваемый период на китайско-европейские отношения в разной степени повлиял ряд факторов, прежде всего масштабные перемены в международной политике — распад СССР и усиление роли США на международной арене, а также углубление европейской интеграции.

В рамках внешнеполитической концепции нового руководства КНР во главе с Цзян Цзэмином Евросоюзу отводилась роль одного из главных партнеров, содействующего китайской модернизации и росту благосостояния страны. Более того, в 1990-е гг., после распада Советского Союза и укрепления позиций США на международной арене, Европейский союз начинает играть важную роль для Китая в качестве стратегического партнера и балансира в отношениях с Соединенными Штатами. Евросоюз также становится заинтересованной стороной в поддержании устойчивого развития Китая, темпы роста которого оказывают влияние на всю мировую конъюнктуру. Инфраструктура двусторонних отношений после кризиса 1989 г. постепенно развивалась и дополнялась новыми механизмами сотрудничества. В 1994 г. КНР и ЕС достигли консенсуса в вопросе установления политического диалога на условиях равноправия, взаимоуважения, признания суверенитета и невмешательства во внутренние дела друг друга. Пекин и Брюссель договорились о проведении встреч на разных уровнях, от экспертов до министров иностранных дел.

Китайское руководство в сентябре 1994 г. в ходе визита Цзян Цзэмия в Европу озвучило стратегию Китая в отношении ЕС, суть которой заключалась в построении отношений на основе взаимной выгоды через переговоры и консультации. Выпущенный Еврокомиссией в 1995 г. документ «Долгосрочная политика отношений с Китаем», предлагал расширить сферы взаимного сотрудничества, установив так называемые пять опор [10], которые заключались в содействии развитию человеческих ресурсов, экономическим и социальным преобразованиям в Китае, борьбе с бедностью, защите окружающей среды, научно-техническому и деловому сотрудничеству.

Вместе с тем, уже в это время Пекин в отношениях с европейскими партнерами начал занимать более твердые позиции, отстаивая свое право на проведение самостоятельной политики во внутренних делах. Так, например, в 1995 г. в ответ на инициированную ЕС в ООН новую резолюцию, осуждавшую КНР за

нарушение прав человека, Китай отказался от проведения очередной встречи на высшем уровне в Брюсселе. Однако через год – в 1996 г. Китай согласился на начало так называемого «Диалога по правам человека» - регулярных двусторонних встреч, на которых в закрытом порядке обсуждаются вопросы, волнующие правозащитную общественность Европы. В результате, в 1997 г. основные члены ЕС — Франция, Германия, Италия, Греция и Испания сами же отказались подписывать вышеуказанную резолюцию [2].

В мае 1996 г. КНР и ЕС заключили соглашение о сотрудничестве в сфере интеллектуальной собственности и высшего образования, а с 1998 г. установили режим регулярных встреч на уровне глав государств и правительств. В том же году Еврокомиссия приняла документ «К глобальному партнерству с Китаем». В этом документе Евросоюз, по-прежнему признавая наличие проблемы прав человека в Китае, ставит своей задачей решение данной проблемы путем содействия экономическому развитию КНР и ее вступлению в ВТО. Более того, впервые ставится долгосрочная цель вывести отношения на уровень партнерства ЕС—США, ЕС— Япония, ЕС—Россия. Документ призывает расширять политический диалог, увеличивать инвестиции в КНР и поддерживать социально-экономические реформы. С точки зрения сегодняшнего дня особенно важным пунктом данного документа представляется предложение исключить Китай из списка стран с нерыночной экономикой.

В целом, несмотря на то, что события 1989 г. продолжали влиять на развитие китайско-европейских отношений (эмбарго на поставку вооружений в КНР не снято до сих пор), в 1990-начале 2000-х годов стало очевидным отсутствие серьезных противоречий в процессе построения всесторонних отношений ЕС—КНР. К началу XXI века Китай и ЕС сумели наладить формат конструктивного сотрудничества, показывавшего тенденцию к росту.

Сегодня ключевая стратегия КНР – начинать не только с инвестиций в инфраструктуру двух стран, но в первую очередь воспитывать культуру взаимоотношений связанных на развитии уважения и равноправном партнерстве ЕС и КНР.

*Список использованной литературы:*

1. (Электронный ресурс), Виноградов А.О. *Внешняя политика Китайской Народной Республики в 1949—1976* 22.  
[http://www.perspektivy.info/oykumena/azia/vneshnaja\\_politika\\_kitajskoj\\_narodnoj\\_respubliki\\_v\\_1949\\_1976\\_gg](http://www.perspektivy.info/oykumena/azia/vneshnaja_politika_kitajskoj_narodnoj_respubliki_v_1949_1976_gg)  
(дата обращения: 4.10.2018.16:17)
2. (Электронный ресурс), <https://audi0sam.livejournal.com/21563.html> (Дата обращения: 6.10.2018)
3. Чжунго вайцзяо люшуньянь (1949- 2009) / *Международные отношения Китая за 60 лет (1949 – 2009)*, Пекин, 2009, изд-во Академии общественных наук КНР. С.23-25.
4. Чжунхуа жэньминь гунхэго шигао / *История Китайской Народной республики (в 4-х томах)*, Пекин, 2012, изд-во «Жэньминь чубаньшэ». С.228-231
5. Хоулэнчжань шидайдэ чжунго вайцзяо / *Внешняя политика Китая в эпоху после «холодной войны»*, Пекин, изд-во Пекинского университета, 2009. С.45-48
6. (Электронный ресурс), <http://www.febras.ru/partnerj/kitaj/212-economics1.html> (дата обращения: 15.10.2018)
7. Ю.М.Галенович, *История взаимоотношений России и Китая (в 4-х книгах)*, книга 3-я, Москва, «Русская панорама», 2011. С.38-39
8. Ю.М.Галенович, *Исторический счет к России и к СССР в «Истории Китайской Народной Республики»*, М., «Восточная книга», 2014. С.56
9. *К истории формирования отношений КНР ЕС А О Виноградов М О Луцик*  
Федеральное государственное бюджетное учреждение науки Институт Дальнего Востока Российской академии наук (Москва) Том: 2 Номер: 22 Год: 2017 С.352-368.
10. Ю.М.Галенович, *Исторический счет к России и к СССР в «Истории Китайской Народной Республики»*, М., «Восточная книга», 2014. С.21

ӘӨЖ 11-48  
ГРНТИ 03.01.10

*Джолдыбаева У.М.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,  
тарих ғылымдарының кандидаты*

## МӘДЕНИ МҰРА – ҰЛТ РУХЫН ЖАНДАНДЫРУ ФАКТОРЫ

*Аңдатпа*

Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін жариялаған кезден бірқатар бағдарламалар мемлекеттік деңгейде қабылданып, оларды жүзеге асыруда зор табыстарға жетуде. Атап айтқанда: мемлекетіміздегі тарихи-мәдени ескерткіштері мен нысандарды қалпына келтіру мақсатында 2004 жылы «Мәдени мұра», 2013 жылы алдыңғы қатарлы дүние жүзі мұрағаттарынан жүйелі түрде еліміздің тарихын жинақтап халыққа кеңінен насихаттауда «Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламаларының рөлі зор. Ғасырлар бойы бабаларымыз халқымыздың жерін қорғап, табиғи қорын үнемді пайдаланып, өнегелі тұрмыс салты мен қоршаған ортасын сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге айрықша мән бергені мәлім. Мақалада ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қабылданған аталған мемлекеттік бағдарламалардың 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тақырыптағы мақаламен үндестігі ашып көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** тарих, халық, мемлекет, бағдарламалар, президент, республика, мәдениет, мұра, жаңғыру.

*Джолдыбаева У.М.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>к.и.н., доцент КазНУ им. Аль-Фараби*

## КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ -ФАКТОР ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ НАЦИИ

*Аннотация*

За годы Независимости в Республике Казахстан были приняты и реализованы ряд государственных программ. С 2004 года была реализована программа «Культурное наследие», направленная на восстановление историко-культурных памятников и объектов на территории Казахстана. В 2013 году была принята программа «Народ в паточке истории», позволившая системно собрать и изучить документы из ведущих мировых архивов, посвященные истории нашей страны. На протяжении столетий наши предки сохранили уникальный экологически правильный уклад жизни, сохраняя среду обитания, ресурсы земли, очень прагматично и экономно расходуя ее ресурсы. Данная статья посвящена развитию Государственной программы «Культурное наследие», инициатором которой стал Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев. Важнейшим фактором культурного наследия является сохранение обычаев казахского народа и пропаганда культурного наследия в зарубежных странах. Также в статье отмечается созвучность этой программы с государственной программой «Духовное возрождение».

**Ключевые слова:** история, народ, государство, программы, президент, республика, культура, наследие, возрождение.

*Dzholdybaeva U.M.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of KazNU. Al-Farabi*

## CULTURAL HERITAGE -FACTOR SPIRITUAL REVIVAL OF THE NATION

*Annotation*

For years Independence in Republic of Kazakhstan were accepted and realized row of the government programs. From 2004 the program «Cultural heritage», sent to renewal of historical-cultural monuments and objects on territory of Kazakhstan, was realized. The program «People in the treacleof history», allowing system to collect and study documents from leading world archives, devoted histories of our country, was accepted in 2013. During centuries our ancestors saved the unique ecologically correct way of life, saving a habitat, resources of earth, very pragmatic and economy expending her resources. This article is sanctified to development of



the Government program «Cultural heritage», President of Republic of Kazakhstan became the initiator of that N.A.Nazarbayev. The major factor of cultural heritage are maintenance of customs of the Kazakh people and propaganda of cultural heritage in foreign countries. Also in the article the consonantness of this program registers with state

**Key words:** history, people, state, programs, president, republic, culture, heritage, revival. екст for translation

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы - тәуелсіз Қазақстан тарихындағы қоғамдық сананы жаңғырту мақсатында қолға алынған маңызды жоба болып табылады. Бүгінде белең алып отырған жаһандық қаржылық дағдарыстарға, мемлекетті қалыптастыру жолындағы күрделі кезеңге қарамастан, халықтың рухани дамуы мен тарихи санасын жаңғырту ісі Елбасының ұдайы қамқорлығы мен назарында. Жалпы жаһан жүзінде басқа мемлекеттерге ұқсамай, өзге ұлттардан ерекшеленетін ел болу мақсатында «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жұмысы қолға алынып, жоба бойынша заманауи мәдениеттің қазақстандық үлгісі жасалуда. ҚР Президенті Жарлығымен қабылданған бағдарлама еліміздің рухани және білім салалары мен мәдени мұрасын тиімді пайдалану мен сақтауды қамтамасыз етуде зор маңызға ие болғаны айғақ. Бұл орайда, *Н.Ә.Назарбаев*: «Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана танылады» [1] - деп атап көрсетті. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – мемлекетіміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, халқымыздың салт-дәстүрлерін қалпына келтіру, сақтау, жаңғырту және Қазақстанның мәдени мұрасын шет елдерде кеңінен насихаттау болды. Бағдарламаның 2004-2006 жылдарға белгіленген алғашқы кезеңі тарихи мұраны іздестіру, анықтау мен жинастыруға бағытталып, оған республикалық бюджеттен 2 млрд. 700 млн. теңге бөлінді. Нәтижесінде тарихи-мәдени маңызы бар 35 сәулет ескерткіші күрделі жөндеуден өткізіліп, қайта қалпына келтірілді. Соның ішінде: 30 археологиялық, 17 қолданбалы ғылыми-зерттеу жобалары іске асырылып, Батыс Еуропа елдері мен АҚШ, Жапония, Түркия, Мысыр, Қытай, Ресей және Армения елдерінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты 5 мыңдай құнды дерек табылып, олардың көшірмелері елімізге жеткізілді. 2007 жылдан бастап қалпына келтіріле бастаған Қазақстан аумағындағы 20 тарихи-мәдени маңызды ескерткіштің 9-ында жүргізілген жұмыстар аяқталып, сондай-ақ, Абылай хан ордасындағы 32 көне қалашық пен қоныс-қорғандарда археологиялық зерттеулер жүргізілді. Сондай-ақ, ұлттық және әлемдік әдебиет пен мәдениетті зерттеу жұмыстары бойынша жарық көрген еңбектердің саны 218 томға жетіп, 2007 жылы 74 кітап шығарылды. [2].

Бағдарламаның келесі кезеңінде жиналған құндылықтарды сараптап-зерделеу жұмыстары жасалып, республикалық бюджеттен 4 млрд-қа жуық қаражат бөлінген болатын. 2008 жылғы 13 маусымда «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің алқалы отырысында Елбасы: «Екінші кезеңде «Мәдени мұра» бағдарламасының халықаралық мәртебесін арттыруға біз мейлінше көңіл бөлуіміз керек», – дей келе, ЮНЕСКО ұйымының бірқатар жәдігерлерді қалпына келтіруге демеу көрсетуге дайын екендігіне назар аударды. Ерте замандардан ұлан-байтақ қазақ жері Еуразия кеңістігінің мәдени мәйегі, рухани түп-қазығы болып келді. Көне көшпенділер құрған дала өркениеті адамзат тарихында терең із қалдырды. ...Ұлы дала өркениеті әлі де тыңғылықты зерттеулерді күтіп отыр. Ендеше Қазақстанды ұлы дала өркениетінің қара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып, қалыптастыруымыз қажет», – деп атап өтті [3]. Сонымен қатар бағдарлама аясында ҚР Ұлттық кітапханасының мамандары 2005-2007 жылдары Батыс Еуропа кітапханалары мен мұрағаттарында құнды жазба деректерді табу және оның көшірмелерін алуда ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді. Деректерді іздестіру мына бағыттарда жүргізілді: қазақ кітаптары, қолжазбалар, Орталық Азия және Қазақстан жөніндегі аса ірі библиографиялық көрсеткіштер мен каталогтар; тарихи еңбектердің түпнұсқасы, мұрағат құжаттары; Қазақстанның шет елдердегі қазіргі тарихнамасы, ғылыми конференциялардың материалдары, XIX және XX ғасырдың басында ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар; саяхатшылардың жазбалары, карталар, гравюралар, көне жәдігерлерді жинақтау.

ҚР Ұлттық кітапханасының қорына енгізілген кітаптар «Мәдени мұра стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 ақпандағы №158 Қаулысына және ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағаттар комитетінің 2010 жылғы 23 шілдедегі № 94 бұйрығына сәйкес келеді. Елбасының сөзімен айтсақ: «Егер мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты дейтін болсақ, өркениетті ұлт, ең алдымен, өзінің тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған

ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен мақтана алады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқа ұлтқа таныла алады». Бағдарлама халықтың ғасырлар бойы жинаған бай мәдени мұрасын заманауи ұлттық мәдениетін, фольклорын, салт-дәстүрлерін, ұлттық тарихы үшін зор маңызы бар тарихи-мәдени, сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, ұлттық әдебиеттің толық қорын жинақтай отырып, зерттеу жүйесін құруды көздейді [4]. Сондай-ақ, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы білім беруді дамыту саласындағы негізгі құжат әрі стратегиялық ұлттық жоба болып табылады. Бағдарламаны әзірлеу мәдени құндылықтарымызды тиімді пайдалану және сақтау жөніндегі жұмыстарды жоспарлы қаржыландыру жолында барынша белсенді түрде кірісу қажеттілігіне негізделген. Еліміздің кітапханаларында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында түрлі мәдени іс-шаралар атқару арқылы «Мәдени мұра» қорын қалыптастыру; мәдени-әдеби мұраларды сақтау; сирек кездесетін және құнды әдебиеттерді қайта шығару; заманауи ұлттық мәдениет, фольклор мен салт-дәстүрлерді дамыту; тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштері туралы әдебиеттерді халыққа тарату; қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасын оқып-үйрену; жастарды мәдени құндылықтарды танып-білуге және оны дамытуға баулу жұмыстары да аса қарқындылықпен жүргізілуде. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 2004 жылдан бері 78 тарихи-мәдени ескерткішті қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді және олардың 28-і (35%) – 2008-2011 жылдары қайта қалпына келтірілді. Ғылымды мыңдаған артефактілермен байытқан, шыққан ата-тегіміз жөнінде толық мағлұмат беретін 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Шығыс Қазақстан облысындағы қорғандарында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде табылған алтын бұйымдар «скиф-сібір аң стиліне» жататындығы бүкіл әлемге әйгілі болды. Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет 11277 нысан тарих пен мәдениет ескерткіштерінің еліміздегі ескерткіштердің ішінде жергілікті маңызға ие тізіміне енгізілді. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения, сонымен қатар АҚШ пен Батыс Еуропада жүргізілген ғылыми-зерттеу экспедицияларының нәтижесінде мемлекетіміздің тарихына, өнеріне қатысты бес мыңнан астам мұрағат құжаттары, қолжазбалар мен баспа басылымдары табылды [5].

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ тілінде гуманитарлық білім беру қоры құрылды. Нәтижесінде 537 кітап 1500000-нан астам дана көлемінде шығарылды, соның ішінде: тарих ғылымына, археология, этнография ғылымдарына қажетті жаңа энциклопедиялық сөздіктер жарық көрді. Орта ғасырлар әуендерін, күйлерін кеңінен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күйі, 1000 әні» атты қазақтың дәстүрлі әндері антологиясы баспадан шықты. Бұл ұлт мәдениеті тарихын жинау, даярлау, өңдеу жолындағы зор табыс болып табылады. Сонымен қатар Дамаскідегі Әз-Захир Бейбарыс Сұлтан кесенесін, Каирдегі Бейбарыс Сұлтан мешітін қалпына келтіру, Дамаскідегі әл-Фараби тарихи-мәдени орталығы мен кесенесін салу жұмыстары сәтті аяқталды. Бағдарлама аясында «Қазақфильм» киностудиясында ұлттық мәдениетіміздің ерекшелігін сипаттайтын еліміздің маңызды тарихи орындары мен аса көрнекті тұлғаларына арналған 20 деректі фильм түсірді. Олардың қатарында: «Мәдени мұра», «Қорқыт. Күй тарихы», «Номадтардың музыкалық мұрасы», «Ежелгі Түркістан сәулет ескерткіштері», «Жүсіп Ата кесенесі», «Тамғалы петроглифтері» т.б. деректі фильмдер бар. Сондай-ақ, бағдарлама бойынша саяхаттық кластерді дамыту мақсатында бірқатар шаралар да жүзеге асырылуда. Бұл бағытта туристік бағыттарды әзірлеуге археолог мамандар да қатыстырылды. Тарихи-мәдени мұраны насихаттау барысында шетелде және өз елімізде Ұлттық кітапхана мен академиялық институттар қызметкерлері, жоғарғы оқу орындары оқытушылары қатысқан 200-ге жуық іс-шара ұйымдастырылды.

Сонымен қатар «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қазақ халқының ұлттық рухани байлығын бүкіл әлемге паш етті. 2014 жылы жарыққа шыққан 100 томдық «Бабалар сөзі» энциклопедиялық жинағының, сондай-ақ, құрамына Еуропа, Америка, Азия мемлекеттерінің әдеби шығармашылығы енген «Әлемдік әдебиет кітапханасы», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасы», «Әлемдік мәдениеттанушылық ойлар», «Экономикалық классика», «Әлемдік философиялық мұра» серияларының болашақ ұрпаққа берері мол. Қазақ халқының философиялық мол мұрасын көрсететін шығармалар мысалдарын біріктіруді алға тартқан «Қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасы» жинағы болды. Бұл - Ұлы дала ойшылдарының философиялық ой-тұжырымдары әлемдік рухани мәдениеттің алтын қазынасы әрі еліміздегі ғалым, жазушы, аудармашы, мұрағат қызметкерлері, кітапханашылардың нәтижелі еңбегінің жемісі.

ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері орналасқан Парижде 2006 жылдың сәуірінде «Мәдени мұра» бағдарламасының тұсаукесері өтті. Оның жұмысы жөнінде Президент Н.Ә.Назарбаев: «Бағдарлама тек

тарихи-мәдени мұраларды қайта қалпына келтірумен ғана шектелмейді. Бұл біздің ұлтымыздың маңызды рухани негіздерінің бірі болып табылатын ұлттың тарихи санасының шегін кеңейту мен оның алатын рөлін күшейту туралы болып отыр», [6] – деген болатын. Қазақстан Республикасының мәдениет министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, бағдарламаны жүзеге асыру барысында 35 тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 30 көне қала, қорым, қоныс пен қорғандарға маусымдық археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бағдарлама жүзеге асырылған 2004-2011 жылдары елімізде 93 тарихи және мәдени нысандардың 73-і жөндеуден өтті. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында ұлттық тарихи мұраны шетелде насихаттауға және қазақ тарихына қатысты деректерді жинауда қыруар жұмыс атқарылды. Нәтижесінде Қытай, Иран, араб мемлекеттеріндегі ағылшын, неміс, француз, итальян тілінде сақталған қазақ деректеріне қатысты мұрағаттардың бес мыңнан астамы Қазақстанға әкелініп, ұлттық мұрағатқа енгізілді. Бүгінде тарихи және этнографиялық мемлекеттік мұражайлардың, Қазақстандағы мемориалды ескерткіштердің желісі жасалып, еліміздегі тарих, археология, сәулет және мүсін өнерінің жылжымайтын ескерткіштерінің саны 25 мыңнан асты. Соның ішінде 11 мың кітапхана, 147 мұражай, 8 тарихи-мәдени қорық-мұражай, 215 мұрағат қалпына келтірілді. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің қайталанбас ескерткіші - Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі 2003 жылғы маусымда ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізіліп қалпына келтірілді. Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы», «Мәдениет туралы», «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» заңдары қабылданып, күшіне енді. Соңғы жылдары Астана қаласының мәдени инфрақұрылымын жақсарту жөнінде шаралар қолданылып, музыкалық комедия театры, мұражай, кітапхана және концерт залын қамтитын Президенттік мәдениет орталығы ашылды. Ұлттық кітапхана, киноконцерт залы мен цирк ғимараты іске қосылды.

Сондай-ақ, құжаттық мұраның бірегей үлгілерін сақтауда ортағасырлық ғұлама-ойшылдар: Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашғари, С.Бақырғани, М.Дулати, Қ.Жалайри, З.Бабырлардың тарихи-әдеби мұрасын зерделеуді жалғастыру қажеттілігі ескерілді, олар: атап айтсақ, «Кодекс Куманикус», «Қорқыт Ата» кітабының (Дрезден мен Ватикан қалаларында сақтаулы), «Оғыз-наме» (Парижде сақтаулы), «Бабыр-наме», «Махаббат-наме» (Лондонда сақтаулы), Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» (Каирде сақтаулы). Халқының мәдени мұраларының тарихи мәнге ие басқа да қолжазба ескерткіштердің көшірмелерін табу жұмыстарын жалғастыру азаматтарымызға зор міндет жүктейді. Қазіргі кезде Моңғолия және басқа да шет елдердегі ежелгі түркі руникалық ескерткіштерін тауып, оның көшірмелерін жасау жалғасын табуда. Келешекте «Қазақстан археологиясы», «Қазақстан петроглифтері» жинақтары шығарылу да жоспарда белгіленген. Бұл орайда: «Мен бұл бағдарлама өте татымды нәтиже берді деп санаймын. Өткен үш жылда еліміздің мәдени мұрасын зерделеудің, маңызды тарихи-мәдени, сәулетті ескерткіштерді қайта жаңғыртудың тұтастай жүйесін құруға қатысты үлкен жұмыс атқарылды» [7], – деп атап өтті «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мәселесі жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелерімен өткен кездесуде сөз сөйлеген Елбасы. Сонымен қатар 2013 жылғы 5 маусымда ҚР Мемлекеттік хатшысы М.Тәжин Отан тарихына қатысты өткен алқалы жиында: «Бағдарлама аясында 2004-2011 жылдар аралығында 26 арнаулы зерттеу жүргізілген. Бағдарлама жүзеге асырылған 2004-2011 жылдар аралығында Қазақстанның тарихы, археологиясы мен этнографиясы бойынша 26 арнаулы зерттеу жүргізілді. Дегенмен, бұл – тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ауқымды жұмыстың бастамасы. Қазір, мемлекетіміздің қалыптасқан белесінде біз өз тарихымызды осы заманғы ғылымның биігінен пайымдауға және ұлттық тарихтың бөлінбейтін бейнесін қалыптастыруға тиіспіз» - деп атап өтті. [8] ТМД елдерінде ғана емес, жалпы дүниежүзілік қауымдастық шеңберінде де жоғары бағаға ие болған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының пайдасы мен болашаққа берері мол екені күмәнсіз. Бұл бастама қазақтың рухани ғылыми мұрасына жаңғыруына өз септігін тигізетін шара және оның келешекте өзінің лайықты жалғасын табатынына сеніміміз мол.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» - деген пікіріне сүйене отырып, бұл жоба елімізде 2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының заңды жалғасы екендігіне көз жеткізе аламыз. Рухани жаңғыру» ұзақ мерзімді жоба болғандықтан оған артылған жауапкершілік те зор. Республика көлемінде бағдарлама аясында (ғылыми конференциялар, қоғамдық жұмыстар, экспедициялар, мәдени және спорттық шаралар) өткізілуде. Бұл жөнінде 2012 жылы Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясында еліміздің латын әрпіне 2025 жылы толықтай көшетіні туралы мәлімдей келе: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне

байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес», - деген болатын [9]. Сондай-ақ, 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдар мен қоғам өкілдері кеңесіп, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдауы қажеттілігіне баса назар аударады. Жалпы алғанда, 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындау жұмыстары жүргізілуі тиіс. Қазіргі кезде аталған комиссия тарапынан латын әліпбиінің бірнеше нұсқасы жасалып, ғалымдардың талқылауына берілген және жуық арада жаңа әліпбидің негізгі нұсқасы қоғам назарына ұсынылатыны мәлім. «Рухани жаңғыру» идеясы халқымыздың мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін жаңаша бағытта жаңғыртуға бағытталған. Жоба жоспарына қарағанда 2018 жылдан латын әрпіне көшу кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, құжатнама мен ресми жазбалар 2025 жылы латын әрпінде жазылатыны, ал жаңа әліпбиге толық ауысқанға дейінгі аралықта кирилл әліпбиі қолданыстан шықпайтыны белгілі. Сонымен қатар «Рухани жаңғыру» басым бағыттарының бірі – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясын» әзірлеу, яғни рухани құндылықтарды жаңғырту арқылы еліміздің туризм кластерін дамыту. Бұл жоба аясында бүгінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарихи-мәдени мұралар ескерткіштерін жүйелеу жұмысын бастады. ҚР Ұлттық музейі жанынан ғалым мен қоғам қайраткерлерінен тұратын «Қасиетті Қазақстан» орталығы құрылды. Жоба аясында еліміздің өлкетанушылары «Туған жер» бірлестігін құрып киелі орындарда далалық зерттеу жұмыстарын жүргізуге белсене қатысып, ғалымдарға көмек беріп жатқанын айта кеткен жөн. Ұлттық Комиссияның ұйғарымы бойынша өз кезегінде, далалық зерттеу жұмыстары негізінен 6 бағытта: Солтүстік Қазақстан (Қостанай, Петропавл, Көкшетау); Оңтүстік Қазақстан (Қызылорда, Шымкент, Тараз); Қарағанды облысы (Қарағанды, Жезқазған); Шығыс Қазақстан (Павлодар, Семей, Өскемен); Батыс Қазақстан (Маңғыстау, Атырау, Орал, Ақтөбе); Алматы облысы (Алматы, Талдықорған) жүргізілетіні белгілі болды. Жобаға байланысты археолог, этнограф, мәдениеттанушы, өлкетанушы ғалымдардан құрылған этномәдени-ғылыми экспедициялар 600 нысанда 22 ғылыми-реставрациялық зерттеу жұмыстарын бастады. Нәтижесінде, бұл жоба аясында қазақ тіліне 100 оқулық аудару жоспарланып, құрамында Жоғары оқу орындары мен Ғылыми Зерттеу Институты ғалымдары мен танымал саясаттанушылардан арнайы жұмыс тобы құрылып, жоспарға сәйкес, оқулықтарды іріктеуге арналған концепция мен әдістемелік жинақ әзірленді. Жұмыс тобы 17 оқулықтың аударма ісіне толық кірісті. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» - қазақ халқы мәдениетінің ғасырлар бойы жинаған мол мұрасын қайта жаңғыртуға бағытталғандығы айғақ. Бұл жобаға сәйкес әдебиет саласында - 216, театр, кино және хореография бойынша - 48, бейнелеу өнерінен - 182, музыка саласында - 200-ден астам шығарма енгізілген үздік туындылар тізімі жасалды [10].

Еліміздің ұлан-ғайыр жері мен рухани бай тарихы бар. Алайда, бұрын-соңды тарихымызда құдыретті жеріміздің біртұтас желісін жасамағанымыз аян. Еліміздегі көне қалаларды қалпына келтіру, ескерткіштер мен ғимараттарды күрделі жөндеу жұмыстары да жүргізіліп тұрады. Негізгі мақсат - Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі мен Ұлытаудағы жәдігерлерді, Тараз жерінде орналасқан ежелгі ескерткіштерді, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудағы қасиетті орындарды өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыру болып табылады. Тұтастай алғанда, қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің негізін құрайтын мәдени қазынамызды бүкіл әлемге танытудың бір қыры екені мәлім.

Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» идеясы халықтың санасын жаңғыртып, өркениетті қоғам құруды көздеген ұзақ мерзімді жоба. Елбасы бұл жобаны жүзеге асыруда жастарға үлкен жауапкершілік артып отырғанын айтқан жөн. Қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға мирасқа қалған елі мен жерін, тілі мен ділін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін көзіміздің қарашығындай сақтап қана қоймай, қаймағын бұзбай бүгінгі төл перзенттерімізге табыстағанда ғана еліміз өркениетті елдердің қатарына қосылары сөзсіз. Сондықтан, мемлекетіміз «Мәдени мұра» және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының сабақтас екендігін түйсіне отырып, осы мақсаттарға жету жолында әрі оны орындауда бүгінгі және келешек ұрпақтың алдында зор жауапкершілік пен міндет артып отыр, ал ол болашақта мәдениетті дәріптеудің басты құралына айналатынына сенім мол.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Егемен Қазақстан 12 сәуір, 2017.*
- 2. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы: ҚР Президентінің 2004 жылғы 13 қантардағы №1277 Жарлығымен бекітілген «Мәдени мұра» ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. - 2008. - 5 қараша.*

3. «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген қорытынды отырысының материалдары. 12 желтоқсан, 2011.

4. «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Астана, 2008.

5. Мәдениет туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 Заңы. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат.

6. Қалымбайұлы Е. Қазақстан – ұлы дала өркениетінің қара шаңырағы // Айқын. – 14-маусым, 2008. – 1-2-б.

7. Назарбаев Н.Ә. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Қазақстан музейлері. – 2007. - №2.

8. ҚР Мемлекеттік хатшысы М.Тәжиннің Отан тарихына қатысты өткен алқалы жиында сөйлеген сөзі. Астана. 5 маусым, 2013.

9. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2-шілдедегі №1488-ХІІ Заңы.

10. Закиева Ж. Культурное наследие Казахстана и стран Центральной Азии в свете выполнения Конвенции о Всемирном наследии // Вестник КазНУ. Сер. Политология. - №1. - 2006. - С.123-126.

11. Нысанбаев А.Н. Глобализация и проблемы межкультурного диалога в двух томах. - Алматы: Компьютерно издательский центр Института философии и политологии МОН РК, -2004.- Т. 1,- 276 с.

**УДК 81'22**

**ГРНТИ 04.01.17**

*Л.Н.Нурсултанова<sup>1</sup>, А.Е.Ибраева<sup>2</sup>, А.Д.Бекебаева<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>қауымдастырылған профессор, т.ғ.д,*

*<sup>2</sup>PhD, доцент,*

*<sup>3</sup>докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Астана, Қазақстан*

## **ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТІЛЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ**

### *Аңдатпа*

Қоғам дамуының гендерлік аспектілері заманауи халықаралық қатынастардағы маңызды және өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы уақытта гендерлік мәселелердің әр түрлі бағыттарын талдайтын зерттеушілердің жұмыстарында белгілі бір тәсілдер пайда болды. Гендерлік факторлар, гендерлік қатынастар, әйелдердің мемлекеттік құрылымдарда қатысуы әлі толық зерттелмеген аспектілердің қатарында. Соңғы жылдары мемлекеттің әлеуметтік дамуының гендерлік мәселелеріне аса назар аударыла бастады.

**Түйін сөздер:** зерттеу, гендер, халықаралық тәжірибе, Қазақстан, Орталық Азия, Ресей.

Л.Н.Нурсултанова<sup>1</sup>, А.Е.Ибраева<sup>2</sup>, А.Д.Бекебаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>ассоц.проф, д.и.н,

<sup>2</sup>PhD, доцент,

<sup>3</sup>докторант, Евразийский Национальный Университет им. Л.Н.Гумилева  
Астана, Казахстан

## МЕЖДУНАРОДНАЯ ПРАКТИКА ИЗУЧЕНИЯ ГЕНДЕРНЫХ АСПЕКТОВ

### Аннотация

Гендерные аспекты развития жизни общества являются одними из наиболее важных и актуальных вопросов в современных международных отношениях. В последнее время сложились определенные подходы в работах исследователей, которые анализируют различные направления гендерных проблем. Такие понятия, как гендер, гендерные отношения, участие женщин в государственных структурах всё ещё остаются в числе мало исследованных аспектов. В последние годы стало уделяться повышенное внимание гендерным проблемам социального развития государства.

**Ключевые слова:** исследования, гендер, международный опыт, Казахстан, Центральная Азия, Россия.

L.N.Nursultanova<sup>1</sup>, A.E.Ibrayeva<sup>2</sup>, A.D.Bekebayeva<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Associated professor, Doctor of Historical Sciences,

<sup>2</sup>PhD, docent,

<sup>3</sup>PhD student, Eurasian National University named after L.N.Gumilyov  
Астана, Казахстан

## INTERNATIONAL PRACTICE OF STUDYING GENDER ASPECTS

### Abstract

Gender aspects of the development of society are among the most important and pressing issues in modern international relations. Recently, certain approaches have emerged in the works of researchers that analyze different directions of gender problems. Concepts such as gender, gender relations, the participation of women in government structures are still among the few studied aspects. In recent years, increased attention has been paid to gender problems of social development of the state.

**Keywords:** research, gender, international experience, Kazakhstan, Central Asia, Russia.

Әдістеме. Халықаралық қатынастар саласындағы гендерлік зерттеулер әдістемесі бүгінгі таңда үлкен қызығушылық тудыратын мәселе. Бұл мақалада салыстырмалы талдау әдісі қолданылады.

Заманауи әлемде жаһандық гендерлік тәртіп қалыптасып жатқандықтан, бұл өз кезегінде терең сапалы өзгерістерге ұшыраған ғаламдық әлемдегі әйелдер рөлінің өзгеретіндігін білдіреді деген қорытынды жасауға болады.

Бұл мәселеге БҰҰ, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ секілді халықаралық ұйымдар үлкен мән береді. Халықаралық тәжірибе гендерлік мәселелер мен гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің маңыздылығын, оны зерттеу мен дамытудың нақты шараларының қажеттілігін көрсететін тиісті конвенцияларды, халықаралық келісімдер мен келіссөздердің, соның ішінде Пекин декларациясының (1995 ж.) жасалғандығын көрсетеді және ол өз кезегінде мәселенің өзектілігін күшейтеді. Парижде Парламентаралық Кеңестің (1994 ж.) қабылдаған іс-қимыл жоспары ерлер мен әйелдердің өз елдерінің саяси өміріне қатысуындағы теңгерімсіздікті жоюға бағытталған [1].

А.У.Таналинованың «Қазақстан Республикасындағы әйелдердің саяси құқықтарын жүзеге асыру мәселелері» тақырыбындағы мақаласы Қазақстан Республикасындағы әйелдерге қатысты дәстүрлі стереотиптерді қарастырады. Қазақстандағы мәселені шешу үшін оқу орталықтарының кең желісі, әйелдер кәсіпкерлері үшін әйелдердің көшбасшылық мектептері, қоғамдық ұйымдар мен өкімет өкілдері

құрылды. Сонымен қатар, министрлер мен саясаткерлерден бастап, орта және жоғары оқу орындарының оқытушыларына дейін барлық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілер үшін гендерлік білім беру бағдарламалары іске қосылды.

Мемлекеттік саясаттың кезекті басымдылығы сайланған органдарға арналған әйелдердің кандидаттар санының өсуі, қоғамның саяси саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу болуы тиіс. Халықаралық тәжірибе. Осылайша, Құрама Штаттарда әйелдердің жылдам саяси дамуы, соңғы 10 жылда Конгресте олардың өкілдік етуі 2,5 есе өсті, ал Сенатта 4,5 есе өсті. Жақында губернаторлар арасында әйелдердің үлесі 10%, жергілікті парламенттерде - 25%, негізгі элективті кеңселерде - 24% болды. Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері көрсеткендей, Америка халқы әйелдер президенті пайдасына дайын және оны қолдауға ниет білдірді.

XX ғ. соңы және XXI ғ. басы гендерлік саясатта серпіліс ретінде айқындалады. Осы онжылдық ішінде әйелдер президенттер, премьер-министрлер, үкімет министрлері болды. Бұл үрдіс 2011 жылы рекордқа қол жеткізген Латын-Қариб аралдары (бұдан әрі - ЛСС) мысалында ерекше байқалады: соңғы бес жылда аймақтағы төрт әйел президенті халық сайлауы арқылы сайланды Чили, Аргентина, Коста-Рика және Бразилия. Олардың мысалы Перу, Гватемале және Гаитидегі әйелдер саясаткерлерімен әрекеттеседі [2].

К.К. Идирисованың «Франция мен Қазақстандағы гендер» мақаласында гендерлік теңдік мәселесіне талқыланады. Автор Франция Республикасы мен Қазақстан Республикасындағы әйел-математиктердің әлеуметтік теңсіздігіне баса назар аударады. Айта кету керек, бұл мақалада ғылыми қауымдастыққа өзекті бірқатар қызықты аспектілер көрсетілген.

Ең бастысы, теңсіздіктің екі жақты сипаты ерлер мен әйелдердің білім беру және кәсіптік траекториясын салыстыру кезінде көрінеді. Бірдей жас санатына жататын және бірдей білім деңгейіне ие бір ұлт өкілі бола отырып, ерлер мен әйелдер өз лауазымдары бойынша әртүрлі ұстанымдарға, әр түрлі еңбек жағдайларына, сондай-ақ тең еңбек ете отырып, әр түрлі еңбекақы құнына ие болады.

Оған қоса, автор статистикалық деректерге негізделген мысалдар да келтіреді. Мысалы, 1999 ж. жалпы халық санағының қорытындысы бойынша, Қазақстанда ерлерге қарағанда әйелдердің білім деңгейі жоғары. Егер жоғары білім туралы дипломдарға ие болу туралы сөз қозғасақ, онда ЖОО бітіруші әйелдердің саны қала тұрғындары арасында 20-49 жас аралығындағы ерлер тобынан, ал ауыл тұрғындары арасында 22-44 жас аралығындағы ерлер тобынан асады. Бұл XX ғасырдың 70-80 жж. ғана ЖОО бітіруші әйелдердің саны бітірген ер адамдар санынан асып түсетіндігін көрсетеді [3].

Қазақстандық авторлардың «Діни экстремизмге қарсы іс-әрекеттегі әйелдерді белсенді етуі: нысандары мен тетіктері» мақаласында Қазақстанда радикалдандыру мен діни экстремизмге қарсы тұруға бағытталған шараларға әйелдердің қатысу мәселесі зерттелінеді. Қазақстан халықаралық қауымдастық мүшесі болғандықтан, бұл мәселе оны да айналып өтпейді. Сонымен қатар республикада радикалдандыруға ұшыраған әйелдермен жұмыстар жүргізіліп жатыр, оларға көмек ретінде діни клубтар, орталықтар, діни сауаттылық курстары құрылды, діни радикалдандыруға шақырылған интернет-ресурстар анықталды. Алайда, бұл мәселені шешу үшін әлі де жеткілікті күш жоқ.

Авторлар әйелдердің осы салада жұмыс істейтін түрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелермен өзара іс-қимыл жасауды, гендерлік теңдікке қол жеткізу жолдарын ойластыруды, жастарды оқытуды және т.б. ұсынады [4].

«Қазақ коммуникативтік мәдениетіндегі гендерлік стереотиптер» ұжымдық мақаласы біздің мәдениетіміздің гендерлік мәселелерін зерттейді. Қазақ мәдениетінде гендерлік айырмашылықтар киннің барлық түрлерінде кездеседі. Осылайша, біртекті мәдени ортада ерлер мен әйелдер бейресми түрде сәлемдесудің әртүрлі қимылдарын қолданады: ер адамдар ерлерді қолмен ұстап, қолдарын екі қолымен шайқау арқылы немесе ескі қолдануға тырысады, бірақ қазір белсенді түрде жандандырады, кеуде қуысының оң жағымен оң қолымен кеудеге құшақтап, кеуденің сол жағында. Қазақтардың гендерлік стереотиптерінің дәстүрлі жүйесі қатал нормативтерге негізделген. Әйелдердің еркектердің міндеттерін орындауы басқалар арасында теріс көзқарас пен айыптауды тудырады; қоғамның белгілеген гендерлік рөлдерінен кейін ерлер мен әйелдер оларды қатаң сақтауға тиіс. Гендерлік стереотиптер, әсіресе, ерлер мен әйелдердің белгіленген сценарийлерді қатаң ұстануы тиіс ритуализацияланған этикетте сипатталады. Ресеймен және Еуропа елдерімен салыстырғанда, гендерлік стереотиптер қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде өте зор [5].

Ногаева А.М. және Айжанова А.Ф. гендерлік қатынастар тұрғысында Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметін құру туралы мәселенің ретроспективасын қарастырады. Сондай-ақ, олар әйелдердің дипломатиялық қызметтегі іс-әрекеттерінің бүгінгі жағдайын айқындайды және гендерлік айырмашылықтар жағдайында Қазақстандағы дипломатияның даму болашағын анықтайды. Мақалада

Қазақстанның әйелдері дипломатия саласындағы ерлерге лайықты бәсекелестік танытып, мемлекеттің сыртқы саясатының дамуы мен нығаюына сөзсіз үлес қосатынындығы анықталды. Гендерлік айырмашылықтар атап айтқанда, жеке қасиеттер, кәсіби дағдылар мен кәсіби тәжірибе кез келген кәсіби салада дипломаттың әлемдік саясатта мемлекеттің мүддесін білдіретін маман ретінде сипаттайтын негізгі фактор болып табылатынын атап өтті. Қазақстан халқының қоғамдық санасының тұрақты өзгеруіне байланысты, әйел өмірдің кәсіби саласында, соның ішінде мемлекеттің сыртқы саяси имиджінің басты тұлғаларының ролінде жаңа мәртебеге ие болады.

Қазақстан Республикасы әйелдер үшін түрлі мүмкіндіктерді қолдайды және гендерлік теңдікті адам құқығы ретінде ғана емес, экономикалық құқық ретінде де қарастырады. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) 40% -ы және шағын және орта кәсіпорындарда (ШОБ) жұмыспен қамтылғандардың 52% -ы әйелдердің үлесіне тиеді. Қазақстан Республикасында әйелдер білім, армия, полиция, мемлекеттік қызмет, бизнес және басқа да қызмет салаларында көрініс табады. 2005 ж. әйелдер үшін маңызды реформалар болды: бірнеше саяси тағайындаулар жасалды, соның арқасында әйелдер жоғары саяси лауазымдарға ие болды. Қазақстан бойынша 2011 ж. Enterprise Survey есеп беруіндегі кәсіпорындардың 34,4% -ы әйелдерге толық немесе ішінара тиесілі екендігі, ал 28% -ында әйелдер жетекшілік етендігі айтылған. Қазақстан Үкіметі мен Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық Комиссияның қатысуымен дайындалған БҰҰДБ-ның 2016-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасының баяндамасы кедейлік пен әлеуметтік изоляциялану қаупі бар кәсіпкер-әйелдерге көбірек қолдау көрсетуге бағытталған.

Қазақ дипломатиясының маңызды тұлғаларының қатарына Бультрикова Б., Арыстанбекова А.Х., Мурзамадиева М., Джарбусынова М. жатады, олар әр жылдары дипломатиялық қызметте жоғары лауазымдарға ие болған тұлғалар [6].

Васильева И.Б. «Гендер әлеуметтік категория және оның сипаттамалары» мақаласында оның гендерлік аспектісі деп аталатын «гендер» санатының негізгі шекаралары қарастырылады. Қарастырылған санаттағы сипаттамалар сипатталған. Гендердің әлеуметтік-коммуникативтік аспектілерінің өзара байланысы, сондай-ақ оны қайта құрудың динамикалық сипаты көрсетілді, гендерлік фактордың байланыс процесіне әсері көрсетілді. Қоғам жынысты институционализациялайды, яғни ерлер мен әйелдерге тағайындалған отбасылар, білім беру жүйесі, заңнама, дін, рөлдер мен сипаттамалар сияқты маңызды әлеуметтік институттар арқылы әлеуметтік айналымға енгізіледі және әрбір секке тән қоғам тұрғысынан қарастырылады. Гендерлік мінез-құлық, лингвистикалық мінез-құлық сияқты, адам басқа адамдармен қарым-қатынас жасау барысында үйренетін сатып алынған мінез-құлық. Қоғамның гендерлік бағдарланған қызметінің нәтижесі әйелдер мен еркектерге арналған түрлі рөлдер болып табылады, олардың өмірін әртүрлі өмірлік тәжірибелерге ие және әр түрлі моральдық құндылық жүйелерінің тасымалдаушысы деп санайды. Гендерді құру үдерісі қарқынды: гендерлік ерекшеліктері қоғам туралы білімді меңгеру барысында қалыптасады және контекстке, тарихи дәуірге және мәдениетке байланысты және басқа әлеуметтік параметрлермен өзара әрекеттесуде [7].

Безрукова А.А. «Ресейдегі гендерлік зерттеулер: қалыптасу және даму мәселелері» мақаласында Ресейдегі гендерлік зерттеулердің таралуына байланысты мәселелерді талдайды. Гендерлік білім берудің дамуы посткеңестік кеңістіктің барлық елдерінде тез тарап, бірқатар қиындықтар мен проблемалар байқалды.

Бүгінгі күні гендер жаңа, қазіргі заманғы, дамып келе жатқан әлеуметтік санат ретінде қарастырылады. Бұл құбылыстарды зерттеудің өзекті міндеті - жынысты анықтауға түрлі тәсілдерді жүйелі түрде талдау. Гендер ұғымның негізгі бағыттарын шартты түрде айқындауға болады: гендер әлеуметтік талдау құралы ретінде; әйелдерді зерттеудегі гендер; гендер философиялық және постмодернистік тұжырымдамалардағы мәдени метафора ретінде.

Ресейде гендерлік зерттеулерді қалыптастыру процесі Батыстан айырмашылығы бар әлеуметтік-мәдени контексте орын алады: бұл онтологиялық, саяси, эпистемологиялық және когнитивтік айырмашылықтар.

Гендерлік зерттеулерді дамытудың алғашқы қадамдарында ерекше қиындықтар мен проблемаларға қарамастан, жиырма жыл бойы ол академиялық және білім беру салаларында белгілі бір дәрежеде танылған орыс гуманитарлық ғылымдарда жаңа бағыт ретінде институттану мүмкіндігіне ие болды. Жиырма жыл бойы гендерлік зерттеулердің «географиясы» айтарлықтай кеңейіп, бүгінгі таңда Ресей мен ТМД елдеріндегі 60-тан астам қалаларда гендерлік зерттеулер жүргізілуде. Ресей аймақтарының мысалында гендерлік мәселелерді зерттеуге қызығушылық артты [8].



А. Колодинаның мақаласында «гендер» және «феминизм» ұғымдарын анықтауға байланысты бірқатар мәселелер қарастырылады, олардың ұқсастығы мен айырмашылықтары көрсетіледі және осы ұғымдардың когнитивтік мүмкіндіктері ашылады. Заманауи Ресей қоғамындағы еңбек, отбасылық, әлеуметтік қызметтердегі әйелдердің негізгі проблемалары талданады, қазіргі Ресейдегі гендерлік мәселелерді шешуге кедергі жасайтын / алдын алуға ықпал ететін этноәлеуметтік және мәдени жағдайлар қарастырылады. Өлемдегі қазіргі заманғы әйелдер қозғалысы әйелдердің жаңа қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес өз іс-әрекеттерінің бағытын тез өзгертіп, жаңа мақсаттарды таңдағанын атап өту керек.

2010 ж. Бүкілресейлік халық санағының материалдары бойынша ресми дереккөздер соңғы жылдары Ресейдің экономикалық өміріндегі жалдамалы әйелдердің еңбек маңыздылығының айтарлықтай артып отырғандығын көрсетеді, себебі әйелдер қазіргі уақытта жұмыс істейтін халықтың 62% құрайды. Қазіргі заманғы әйелдер жаңа әрекеттерді, әсіресе, коммуникативтік-қызметтік сипатты меңгеру үшін өте оңай, өйткені олар орташа деңгейде ерлерге қарағанда жоғары білім деңгейіне ие.

Ел халқының басым көпшілігі кедейлік шегінен төмен болғанда, өмір сүрудің ең басты стратегиясы тірі қалу стратегиясына айналды, ол елдегі халықтың экономикалық белсенді бөлігі - ер адамдар - қорғаныссыз болған кезде, реформа курсының отбасына жағымсыз әсерін азайтуға және бейтараптандыруға қабілетті әйелдер болды. Бұл жастағы топта соғыспайтын ел үшін қолайсыз болды. Сонымен қатар, соңғы екі жарым онжылдықта, талдау көрсеткендей, Ресейдегі әйелдер белсенділігінің өзгеруі, ең алдымен, жұмыспен қамту саласында да, өмірлік қызметтің басқа салаларында да - отбасылық, ата-аналық, рухани, мәдени және т.б салаларда кері әсерін тигізуде.

Поэтому, реально оценивая ситуацию, следует, в первую очередь, более пристальное внимание уделять экспертам и экспертизе, особенно в области фундаментальных наук и высшего образования. Это можно объяснить национальными интересами Республики Казахстан, ведь обеспечение общественной безопасности предусматривает воспрепятствование снижению интеллектуального потенциала страны; обеспечение сохранения исторических, традиционных, духовных и культурных ценностей казахстанского общества; недопущение принятия решений и совершение действий заведомо способных привести, в частности, к снижению уровня и качества образования [35]. Тем более, когда, говоря о качестве образования, делают акцент на интернационализации образования, привлечении к преподаванию зарубежных специалистов, включение в образовательный процесс практиков из политики, бизнеса и сферы СМИ. И это правильно: таковы общие закономерности в мире. Однако следует иметь в виду, что

ни один иностранец не сформирует ваше национальное самосознание, не научит вас искренне любить вашу Родину. Также, как ни один дилетант в исторической науке не сможет дать научные исторические знания, каким бы воинственным этот невежда ни был.

Итак, надо признать, что информационные технологии и цифровая трансформация – это те новшества, которые стали характерными для современной мировой цивилизации, когда «обычная военная колонизация сменилась техническим порабощением» [36]. Ученые даже прогнозируют, что к 2030 – 2040гг. на смену интернету придёт нейронет, когда единый мировой электронно-биологический мозг будет объединять всех пользователей. К этому надо быть готовым. Несомненно, не надо игнорировать т.н. искусственный интеллект, который уже сейчас вносит значительный вклад в образование.

Ратую за научно-технологический прогресс, необходимо помнить, что цифровая эпоха обнажила проблему трансгуманизма, главной отличительной чертой которого является невостремленность общепринятых норм морали. Это отразилось и на системе образования.

В этих условиях университеты, как один из активных участников рынка образовательных услуг, при разработке и открытии новых учебных программ обязательно должны исходить из маркетинговых прогнозов. При этом, на наш взгляд, нельзя игнорировать партнёрство с гуманитариями, и, не в последнюю очередь, с историками [37]. Нельзя ориентироваться только на бизнес, который, как известно, рассматривает человека как «человеческий капитал», не всегда воспринимая его как личность.

Следует учитывать, что современное образование, даже с его интерактивностью и идеей либерального обучения (*liberal arts*), долго будет блуждать в потёмках, если не вернётся к прежнему миру с его гуманистическими ценностями. Выйти из этого состояния поможет внедрение в учебный процесс в качестве общеобразовательных таких гуманитарных дисциплин, как история человечества (наряду с современной историей Отечества); этика (как наука о морали и нравственности); эстетика (наука о прекрасном, творческом отношении человека к действительности), психология. В целом, как это принято в ведущих вузах мира, в том числе технических и экономических, на их долю должно приходиться не менее 30 процентов всего учебного времени. Человечество от этого только выиграет!

*Список использованной литературы:*

[1] Подробнее см.: Стиглиц Д. Е.: *Цена неравенства. Чем расслоение общества грозит нашему будущему.* – М., 2015.

[2] Подробнее см.: Пикетти Т. *Капитал в XXI веке* / пер. с англ.: Дунаев А. А. – М.: АД Маргинем Пресс, 2015. - Рец. на кн.: Пикетти Т. *Капитал в XXI веке.* - М., 2015. - 592 с. // *КиберЛенинка*: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/2016-03-001-piketti-t-kapital-v-xxi-veke-per-s-angl-dunaev-a-a-m-ad-marginem-press-2015-rets-na-kn-piketti-t-kapital-v-hhi-veke-m-2015-592-s>

[3] Мальцев А.А., Мальцева В.А. *Возвращение мрачной науки? Размышления о книге Т. Пикетти «Капитал в XXI веке» и будущем мировой экономики* // *Вестник международных организаций.* – 2018. – Т. 13. – № 1. – С. 204–219. – С. 210.

[4] Подробнее см.: Дарон Аджемоглу, Джеймс А. Робинсон. *Почему одни страны богатые, а другие бедные. Происхождение власти, процветания и нищеты.* – М.: АСТ, 2015. – Глава 3. *Как возникают богатство и бедность.*

[5] Ковальчук М.В. *Конвергенция наук и технологий – прорыв в будущее* // *Российские нанотехнологии.* – 2011. – Т. 6. – № 1-2. – С.21.

[6] Ковальчук М.В. *Сегодня возникла реальная технологическая возможность выведения «служебного» подвида людей.* URL: <https://mediamera.ru/post/24603>

[7] Ковальчук М.В. *Выступление в Совете Федерации 30 сентября 2015 года.* URL: <http://trv-science.ru/2015/10/08/vystuplenie-mikhaila-kovalchuka-v-sf/>

[8] См.: Жукова Е.А. *Человек в плену Hi-Hume.* URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/chelovek-v-plenu-hi-hume>; Ильин Г.Л. *«Трансгуманизация» современного образования* // *Высшее образование в России.* – 2018. – № 1 (219). – С. 133-142.

[9] *«Совершенно секретно! Только для командования!».* *Стратегия фашистской Германии в войне против СССР: Документы и материалы/Сост. В.И.Дашичев.* – М., 1967. – С. 119-120.

[10] См.: Четверикова О.Н. *Центры трансгуманизма в России.* URL: <https://vstanzaveru.ru/o-n-chetverikova-tsenyri-transgumanizma-v-rossii/>

[11] *Общее собрание членов РАН завершило работу.* URL: <http://www.ras.ru/news/shownews.aspx?id=01b243d3-aa29-4c3e-83cd-a95f737b9417#content>

[12] См.: Яницкий О. Н. *Модернизация гуманитарного знания: практика, метод, теория* // *Социологический журнал.* – 2017. – № 4. – С.84.

[13] См.: Князева Е. Н. Трансдисциплинарные стратегии исследований //Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin). – 2011. – №10 (112). – С.193-201.

[14] См.: Яницкий О. Н. Модернизация гуманитарного знания: практика, метод, теория //Социологический журнал. – 2017. – № 4. – С.85.

[15] См.: Торкунов А.В. Вызовы социогуманитарной науке в России //Полис. Политические исследования. – 2018. – № 5. – С. 8-16.– С.10.

[16] Герман Греф: «Надо вкладывать в образование». URL: <https://yeltsin.ru/news/german-gref-ne-otgorazhivaysya-stenoy-ot-vetra-postroy-vetryanuyu-melnicu/>

[17] Греф, Герман\_Оскарлович. URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Греф,\\_Герман\\_Оскарлович](https://ru.wikipedia.org/wiki/Греф,_Герман_Оскарлович)

[18] Ильин Г.Л. «Трансгуманизация» современного образования //Высшее образование в России. – 2018. – № 1 (219). – С. 133-142; Такижбаева Н.З. Управление знаниями и оценка качества образовательного процесса при изучении дисциплины «Современная история Казахстана» // Система управления знаниями в компании и университете: проблемы и перспективы: Материалы I Международной конференции в Казахстане по Управлению знаниями (Knowledge Management) [2-3 ноября 2017 года]. – Алматы: Алматы Менеджмент Университет, 2017. – 393 с. – С.46-48. – ISBN 978-601-7053-67-3. URL: <http://conference.almau.edu.kz/>; Школьники пугают семью и школу. Они плохо справляются с учебной программой, но хорошо с учителями //Газета "Коммерсантъ". – 2018. – 15 нояб. (№210). – С.5. URL: <https://www.kommersant.ru/doc/3799600>

[19] Коэн, Д.К. Ловушки преподавания [Текст] / пер. с англ. И. Муриан, О. Левченко; под науч. ред. М.Добряковой; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики» - М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2017.

[20] Андреев А.Л. Студент и история // Высшее образование в России. – 2016. № 7 (203). С. 38–44; Марухин В.Ф., Уткин А.И. Зачем и кому нужна историческая наука? Высшее образование в России. – 2016. – № 2. С. 159–160.

[21] Садовничий В.А. Знание и мудрость в глобализирующемся мире //Вестн. Моск.ун-та. Сер.20 Педагогическое образование. – 2018. – № 1. – С.3 – 24. – С. 19.

[22] Марта Нелл Смит. Гуманитарные науки – не роскошь. Манифест XXI века // Свободные искусства и науки на современном этапе: опыт США и Европы в контексте российского образования: Сборник статей / Под ред. Дж. Беккера, Ф. В. Федчина. — СПб.: СПбГУ, 2014. — С. 68 – 79.

[23] Дэн Эдельштейн. Как учить инновациям? О гуманитарных науках и экономике знаний //Свободные искусства и науки на современном этапе: опыт США и Европы ... – С. 101 – 109.

[24] Пять моих главных вызовов в преподавании. Круглый стол. Москва, НИУ ВШЭ, 8 сентября 2017 г. // Вопросы образования. – 2018. – № 1. – С. 200–233. – С.211 – 212.

[25] Круглый стол «Гуманитарная составляющая инженерного образования» //Педагогика. – 2018. – №2. – С. 70 – 101; Новикова Е.Ю. Компьютеризация социогуманитарных дисциплин в экономическом вузе //Дистанционное и виртуальное обучение. – 2016. – №5. – С. 97 –105; Цыгулева М.В., Федорова М.А. Формирование рефлексивной среды технического вуза как условие становления «гуманитарного инженера» //Высшее образование в России. – 2016. – № 5. С. 143–149.

[26] Бозиев Р.С., Перминова Л.М. Гаджеты в учебном процессе: за и против (по материалам опроса) //Педагогика. – 2018. – №8. – С.44 – 56.

[27] Александров Д.А., Иванюшина В.А., Симановский Д.Л. Образовательные онлайн-ресурсы для школьников и цифровой барьер // Вопросы образования. – 2017. – №3. – С.183 – 199; Е. Сагадиев: цифровизация позволит решить проблемы системы образования в РК. URL: <http://profit.kz/news/45123/E-Sagadiev-cifrovizaciya-pozvolit-reshit-problemi-sistemi-obrazovaniya-v-RK/>; Система образования сделала очень качественный скачок — Назарбаева. URL: <https://news.mail.ru/politics/35051030/>; Механизм подушевого финансирования школ объяснили в МОН РК. URL: <https://news.mail.ru/society/35193454/?frommail=1>

[28] См., например: Иванова А.В. Методика преподавания дисциплины «Информационно-коммуникационные технологии в профессиональной деятельности» для бакалавров истории // Дистанционное и виртуальное обучение. – 2016. – №1. – С. 64 – 71.

[29] Такижбаева Н.З., Асырбеков М.Х. Программа «Цифровой Казахстан» и смешанное обучение: взаимосвязь и взаимозависимость // ВЕСТНИК Казахского национального педагогического университета (КазНПУ) им. Абая, серия «Исторические и социально-политические науки». – 2017 – №3(54) - С.220-223.

[30] Рощина Я.М., Рощин С.Ю., Рудаков В.Н. Спрос на массовые открытые онлайн-курсы (МООК): опыт российского образования //Вопросы образования. – 2018. – №1. – С. 174 – 199.

[31] Иванова Н.Л., Попова Е.П. Профессионалы и проблема внедрения инноваций в вузе // Вопросы образования. – 2017. – №1. – С.184–206. – С. 200.

[32] Российским университетам принесли изменения // Коммерсант. – 2018. – 10 окт. – С.5. URL: <https://www.kommersant.ru/doc/3765674>.

[33] Четверикова О. Трансгуманизм может уничтожить человека. URL: <http://kolokolrussia.ru/s-nashey-kolokolni/olga-chetverikovatransgumanizm-mojet-unichtojit-cheloveka>; Сколково (инновационный центр). URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Сколково\\_\(инновационный\\_центр\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Сколково_(инновационный_центр)).

[34] Розанов А. акад. Научная истина – удаляющийся горизонт (беседа ведет Н.Лескова) // Наука и жизнь. – 2018. – № 6. – С. 8–17. – С.14, 17.

[35] Закон Республики Казахстан О национальной безопасности Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.07.2018 г.). URL: <https://online.zakon.kz/document>

[36] Общее собрание членов РАН. URL: <https://scientificrussia.ru/news/obshchee-sobranie-chlenov-ran-den-vtoroj-pryamaya-translyatsiya>

[37] Воробьев С.В., Каширина Т.В. Историческая память как фактор «мягкой силы» // Вопросы истории. – 2018. – №1. – С.111 – 114; Пляйс С. Воздействие теории и практики социализма на мир // Власть. – 2018. – 1. – С.116 – 120.

**ӨӘЖ 14.02**

**ГРНТИ 03.11.01**

Суамбекова Г.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> ф.ғ.м., Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты,

Алматы

Абишева Н. М<sup>2</sup>

<sup>2</sup> п.ғ.к., Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің оқытушысы,

Алматы

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТАРИХИ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

*Аңдатпа*

Мақалада ҚР-дың тәуелсіздік жылдарындағы тіл саясаты, оның жүзеге сырылуы, қазіргі жай-күйі, қазақстандық қоғамға отаншылдық сана-сезімді қалыптасырудағы рөлі, мемлекеттік тілді дамытып өркендетудің жолдары сөз болған. Сонымен қатар жаһандану заманында жас ұрпақ тәрбиесіне тілдік ортаның, әсіресе, теледидар, радио, электронды бейне құрал-жабдықтардың ықпалы өте күшті болып отырғандығы қамтылды. Сондықтан да, еліміз бойынша тіл саясатын одан әрі жетілдіре отырып, алдымен мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, оның қоғамдық салаларда қолданылуына жан-жақты жағдай жасауға, барша бұқара мен өскелең ұрпақты рухани-адамгершілікке, отаншылдыққа тәрбиелеуге және олардың бойына тілге деген қызығушылықты қалыптастыруға бағытталған үгіт-насихаттық іс-шаралар тұрақты түрде жүргізіліп отырылуы тиіс деген түін жасалды.

**Түйінді сөздер:** тіл саясаты, бұқара, өскелең ұрпақ, рухани-адамгершілік, отаншылдық, тәрбие, үгіт-насихат

Суамбекова Г.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> магистр, докторант КазНПУ им. Абая

Абишева Н. М,<sup>2</sup>

<sup>2</sup> к.п.н., Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак»,

Алматы

## ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК-ИСТОРИЧЕСКОЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЕ ОПИСАНИЕ

*Аннотация*

В статье рассказывается о языковой политике Республики Казахстан в годы независимости, его реализация, нынешнее состояние, роль Казахстанского общества в формировании патриотического

сознания, пути развития государственного языка. Кроме того, в эпоху глобализации на воспитание молодого поколения было отмечено, что влияние языковой среды, особенно телевидение, радио, электронного видеоборудования является очень сильным.

Делался вывод о том, что дальнейшее совершенствование языковой политики в стране, в первую очередь, на постоянной основе должны проводиться агитационно-пропагандистские мероприятия, направленные на повышение статуса государственного языка, создание всесторонних условий для его применения в общественных сферах, воспитание духовно-моральных, патриотических качеств всего народа и подрастающего поколения и формирование у них интереса к языку.

**Ключевые слова:** языковая политика, народ, молодое поколение, духовное моральность, патриотизм, воспитание, агитация и пропаганда.

*Suambekova G. B.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Master of Philology, Abay Kazakh National Pedagogical University doctoral student,  
Almaty*

*Abisheva N. M.<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup> candidate of Pedagogical Sciences Egyptian University of Islamic culture "Nur-Mubarak",  
Almaty*

## **THE STATE LANGUAGE-HISTORICAL THE COGNITIVE DESCRIPTION**

### *Abstract*

The article discusses the language policy of the Republic of Kazakhstan in the years of independence, its implementation, the current state, the role of Kazakh society in the formation of patriotic consciousness, ways the development of the state language.

In addition, in the era of globalization on the upbringing of the younger generation, it was noted that the influence of the language environment, especially television, radio, and electronic video equipment, is very strong. The conclusion that the further perfection of language policy in the country, first of all, was done on a constant basis should be spent agitational and propaganda activities, directed on increase of the status of a state language creation of application in public areas education spiritually- moral, patriotic qualities of all people and rising generation and formation at them interest to language.

**Keywords:** language policy, people, younger generation, spiritually- moral, patriotism, upbringing, agitational and propaganda.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев биылғы 6 наурыздағы Қазақстан халқына арналған Жолдауында бүкіл әлемдік дағдарыс кезінде еліміздің экономикалық-әлеуметтік күш-қуатын әлсіретіп алмауға қарсы жоспарланған басты іс-әрекеттерді атап көрсете келе, солардың ең маңыздысы – «Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік» деп, Қазақстан халқының ауыз бірлігіне, татулығына, ынтымақтастығына аса мән берді [1].

Әлбетте, еліміздің жергілікті ұлты – қазақтармен қатар елдегі барлық жетістіктер мен қиындықтарды бірге бастан өткеріп келе жатқан өзге ұлт өкілдерінің еліміздегі өзара ынтымақтастығын ұстап тұру тетіктерінің бірі – мемлекеттік тіл екені сөзсіз. Бұны да Елбасы әр сөзінде қадап айтып келеді. Дұрыс ұстанған тілдік саясат экономикалық әрі әлеуметтік қалыпты дамудың кепілі. Сондықтан, мемлекеттік тілді дамыту, оның қолданылу аясын кеңейту, өзге ұлт өкілдеріне оны оқытып-үйрету Қазақстан халқының татулығын ойлайтын барша қазақстандықтардың парызы болмақ. Осы мақсатқа орай, өз Отанына деген сүйіспеншілікті мемлекеттік тілді үйрету арқылы жас ұрпақ бойына қалыптастыру әрдайым назарда болуы қажет.

Еліміздің болашақта өркендеп-дамуы бүгінгі жастарға сапалы білім берумен қатар, мемлекеттік тілді дұрыс оқытып-үйретуде жатыр. Сондықтан да ол – ұлттық идея мен мемлекеттік тіл саясатының басты басым-дықтарының бірі болып қала береді.

Студенттерге тіл үйретуде оқытушыдан кейінгі ең басты орынды оқулық немесе оқу құралы алады. Ондағы мәтін, грамматика (тілдік материалдар), сурет, кесте, жаттығу, тапсырмалар жүйелі болу керек. Басқаша айтқанда, тіл үйренушілердің тіл білу деңгейіне орайластырылған оқыту материалдары – біршама жақсы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Тіл үйретуде мәтіннің алар орны ерекше. Тіл үйренушінің білім деңгейіне лайықталған мәтіндер арқылы олардың сөздік қорын және олардың көмегімен сөйлеу тілін, Отаны туралы таным-түсініктерін

одан әрі кеңейтуге, байытуға, дамытуға болады [2;82]. Тіл үйренуші грамматиканы қаншалықты жетік білсе де, сөздік қорсыз өзінің айтайын деген ой-пікірін тыңдаушыға ешқашан түсінікті етіп, толық жеткізе алмайды. Керісінше, сөздік қоры біршама жеткілікті кез келген өзге ұлттың өкілі өзі үйренгісі келетін тілдің грамматикасын білмей-ақ, өз ана тілінің сөйлем құрылысына сәйкестендіріп, сөздерді тізіп айтып, айтайын деген ой-пікірін әйтеуір бірдеңе қып жеткізеді.

Студенттерге немесе кез келген тіл үйренушілерге жаңадан үйретілетін сөздер мен сөз тіркестері олардың алдағы өміріне қажетті болуы керек. Мәселен, күнделікті сөйлеу тіліне (қарым-қатынас тіліне, кәсібіне, мамандығына). Әдетте, кәсіби тілді үйрету тіл үйретудің ең соңғы сатысына жатады. Бірақ біз сабақта студенттер мектепте сөйлеу тілін біршама меңгеріп келеді деген есеппен тілді оқытып-үйретуде оларға болашақ кәсібіне, мамандығына қатысты сөздер мен сөз тіркестерді қамтитын мәтіндерді пайдаланамыз. Бір жағынан біз оған, демек оқытып-үйретудің бұндай амал-тәсіліне соңғы жылдары дәстүрге айналған тілді болашақ мамандардың кәсібіне ыңғайлап оқытып-үйрету керек дегендіктен барып жүрміз.

Осы дәстүрді қатаң басшылыққа алған кейбір оқытушылар негізгі мақсаттан (кәдуілгі сөйлеу тілін үйретуден) ауытқып немесе кәсіби тілді үйрету деген осы екен деп, болашақ мамандардың басым көпшілігіне соншалықты қажеттілігі шамалы болса да, ғылыми терминдерді тереңдете оқытуға мән беріп кеткен. Сөйтіп, үйретіп жүрген ғылым терминдері, яғни ғылым тілі студенттердің алдағы өміріне, кәсіби қызметіне, мамандығына қажет пе, пайдасы бар ма, жоқ па дегенді қаперден шығарып алғандай.

Әрине, қазіргі оқытып жатқан студенттеріміздің біразы оқуын әрі қарай жалғастырып, магистратура, интернатура, ординатура, субор-динатура, аспирантурада оқып, ғылыми терминдердің қазақшасын оқып-үйренгендіктен, қазақша ғылыми мақалалар мен монографияларды оқыр, бәлкім өздері де бірдеңе қып қазақша еңбектер жазар, бірақ олар өте аз ғой. Бүкіл студенттердің 5%-ын құрай ма екен?! Сондықтан, азшылықтың мүддесін көздейміз деп жүріп, көпшілікке қиянат жасап жүруіміз әбден ықтимал.

Жоғары оқу орындарында қазақ тілінің сөйлеу және көркем әдебиет тілімен қатар ғылым тілін де оқытып-үйрету маңызды. Біз бұны жоққа шығармаймыз. Дегенмен, біздің ойымызша, оған аса беріліп кетуге болмайды. Себебі, олардың басым көпшілігі бұған базалық әрі психологиялық тұрғыдан дайын емес және жоғары білім мамандығын орысша алатындықтарынан, қазақша ғылыми еңбектер жазу жолына түспейді даусыз. Мұғалім, дәрігер немесе тағы басқадай маман болған кездерінде сол үйренген ғылыми терминінің барлығын пайдалана да бермейді. Сондықтан, мамандыққа, кәсіпке өте етене әрі тікелей қатысты жиі қолданылатын (актив) сөздерді қамтитын мәтіндерді пайдаланып, тіл үйреткенде осы мәселені үнемі қаперде ұстау керек.

Ал мәтіндегі күнделікті өмірге тығыз қатысы бар жиі қолданылатын кез келген сөзді олардың зерделеріне сіңіріп, сөздік қорларына қосып, тіл үйрете білу – оқытушы үшін үлкен жетістік. Ол үшін сабақта пайдаланылған мәтіндегі сөйлемдерге қатысы жоқ, басқа жолмен үйретілген сөздер бойынша мәтіндегі сөйлемдерден өзгеше сөйлемдер құрғызып, студенттерге жұмыс істету керек. Ал егер мәтіндегі сөйлемдердің немесе олардың өз бетімен құрастырған сөйлемдерінің қайсыбірі күнделікті өмірде жиі қолданылатын болса, оны тұтастай жаттатқызу да артық етпейді.

Соңғы жылдарға дейін тілді үйретуде қазақ халқының тарихы мен мәдениетінен, тіл байлығынан хабардар ету негізгі ұстанымдардың бірі болып келді. Тілді лингвоелтану аспектісінде оқыту, сөз жоқ, маңызды әрі қажетті фактор. Сонымен қатар қазіргі жағдайда тілді үйренушілердің кәсіби біліктілігіне қатысты оқыту әдістерін игеру қажеттігі байқалып отыр. Басқаша айтқанда, үйренуші алған білімін өзінің болашақ күнделікті кәсіби қызметіне пайдалана алатындай дәрежеде болуға тиіс [3;27].

Қалай дегенмен, кез келген студентке халықпен тікелей қарым-қатынас жасайтын болашақ мамандардың бірі ретінде қарап, оларға күнделікті сөйлеу тілін жеткілікті дәрежеде үйретудің маңызы зор. Дәл қазіргі жағдайда соның өзін қанағаттанарлықтай деңгейде оқытып-үйрете алсақ, аздық етпейтінін еліміздегі қазіргі тілдік жағдай нақты көрсетіп отыр. Ал қазақ тілін тәп-тәуір білетін бірен-саран студенттерге немесе магистрлерге ғылыми терминдер қолданылған мәтіндерді пайдаланып, тереңдете оқытуға әбден болады. Мәселен, магистрлер ғылыми-зерттеумен айналысуды немесе жоғары және орта кәсіби оқу орындарының оқытушысы болуды таңдаған.

Осыған байланысты алдағы уақытта арнайы мәтіндердегі таза ғылыми терминдерді оқыту керек пе, жоқ па деген мәселені қайта қарап, тіпті болмаса, сол мәтіндерді пайдалана отырып, негізгі салмақты күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер мен кәсіби лексиканы үйретуге күш салу керек сияқты. Әйтпесе, біз, мамандық беретін пәндерді оқытатын оқытушы-профессорлармен қатарласып, оларға қосамжарласып, кәсіби арнайы мәтіндер арқылы қазақ тілінің әр мамандыққа қатысты ғылым терминдерін оқытып-үйретеміз деп, мамандық беру жолына түсіп кеткендей болып жүрміз. Бұны кейбір



оқытушылардың студенттерге беретін түрлі тапсырмаларынан, қазақ тілі пәні бойынша студенттердің алған білімдерін тексеруге арналған емтихан, сынақ сұрақтарынан, тесті материалдарынан, оқыту-үйрету амал-тәсілдерінен нақты байқауға болады.

Ешбір тілді тілдік ереже-қағидаларсыз, грамматикалық ұғымдардың анықтамаларынсыз жүйелі түрде оқытып-үйрету мүмкін емес. Ал соларды студенттердің дұрыс түсінуі, жете меңгеруі үшін нақты мысалдарды қамтитын мәтіндер керек-ақ. Сонда ғана өзіміз үйретіп жүрген тілдік материалдарды олардың саналарында берік қалыптастыра аламыз. Осы орайда біздің алдымызда өзіміздің оқыту бағдарламаларымызға сәйкес келетін жалпыға арналған негізгі ортақ оқулық шығарылғанға дейін уақытша пайдалана тұратын, жеңілден ауырға, жайдан күрделіге қағидасы (принципі) ұстанылатын мәтіндер мен жаттығулар жинағын шығару міндеті күтіп тұр. Бұны қазіргі оқыту үдерісіміз қажет етуде. Қысқасы, тіл үйретуге пайдаланылатын мәтіндердің студенттердің білім деңгейіне лайықтылығы және оның студенттердің алдағы өміріне қажетгі сөздерді қамтуы, үйретілетін тілдік материалдармен сәйкестігі тіл үйрету сабағының аса маңызды мәселелеріне жатады.

*Пайдаланған әдебиеттер:*

- 1. Назарбаев Н.Ә. Дағдарыстан – жаңаруға. Егемен Қазақстан, №91, 2009 жыл, 6 наурыз.*
- 2. Аяпбергенова К.Г. Некоторые вопросы преподавания казахского языка в русской аудитории. А., Мектеп, 1982 год.*
- 3. Қадашов Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі. П.ғ.д. автореферат. Ал., 2001 жыл.*

**УДК 327.7+94(620)**  
**ГРНТИ 03.01.17**

*Дауренова А.А.<sup>1</sup>, Қилыбаева П.Қ.<sup>2</sup>, Нұрбаев Ж.Е.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2 курс докторанты,  
Астана қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, т.ғ.к., доцент,  
Астана қ., Қазақстан*

*<sup>3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, т.ғ.к., доцент,  
Астана қ., Қазақстан*

## **ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ДАМУ БАРЫСЫ**

*Аннотация*

Қазіргі әлемде жаһандық проблемаларды шешудегі ерекше рөл мемлекеттерге ғана емес, қазіргі заманғы әлем тәртібіне әсер ететін халықаралық ұйымдарға да тиесілі. Бұл мақалада Орталық Азия елдерінің Ислам Ынтымақтастығы Ұйымымен, соның ішінде Қазақстан Республикасының осы ұйымға кірген кезінен бастап қарым-қатынасы талқыланды. Сондай-ақ өзара ықпалдастықтың нәтижесі ретінде қарастырылған мүдделер мен мүмкіндіктер, сондай-ақ келесі даму кезеңдеріндегі қарым-қатынас жағдайы және келешегі анықталды.

**Кілт сөздер:** Ислам Ынтымақтастық Ұйымы, Қазақстан Республикасы, Орталық Азия, ИЫҰ-ның Саммиттері, Ислам даму банкі, Орталық Азия жөніндегі арнайы бағдарлама.

Дауренова А.А.<sup>1</sup>, Килыбаева П.К.<sup>2</sup>, Нурбаев Ж.Е.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, докторант 2 курса,  
Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, к.и.н., доцент,  
Астана, Казахстан

<sup>3</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, к.и.н., доцент,  
Астана, Казахстан

## РАЗВИТИЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ ИСЛАМСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ СОТРУДНИЧЕСТВА И СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

### Аннотация

В современном мире особая роль решения глобальных проблем заключается не только в государствах, но и в международных организациях, влияющих на современный мировой порядок. В этой статье рассматриваются взаимоотношения стран Центральной Азии с Организацией исламского сотрудничества, в том числе период вступления Республики Казахстан в организацию. Были определены интересы и перспективы, рассматриваемые в результате взаимодействия, а также состояние и перспективы взаимоотношения на следующих этапах развития.

**Ключевые слова:** Организация исламского сотрудничества, Республика Казахстан, Центральная Азия, саммиты ОИК, Исламский банк развития, Специальная Программа по Центральной Азии.

Daurenova A.A.<sup>1</sup>, Kilybayeva P.K.<sup>2</sup>, Nurbayev Zh.E.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, 2nd year doctoral student,  
Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, candidate of Historical Sciences, Associate Professor,  
Astana, Kazakhstan

<sup>3</sup>Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, candidate of Historical Sciences, Associate Professor,  
Astana, Kazakhstan

## DEVELOPMENT OF THE RELATIONSHIP OF THE ISLAMIC ORGANIZATION OF COOPERATION AND THE CENTRAL ASIAN COUNTRIES

### Summary

The modern world, the special role of solving global problems lies not only in the states, but also in the international organizations influencing the modern world order. This article discusses the relationships of Central Asian countries with the Organization of Islamic Cooperation, including the period when the Republic of Kazakhstan entered the organization. The interests and prospects considered as the result of interaction, as well as the status and prospects of communication at the next stages of development were identified.

**Key words:** Organization of Islamic Cooperation, Republic of Kazakhstan, Central Asia, OIC Summits, Islamic Development Bank, Special Program for Central Asia.

**Кіріспе.** Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін орталықазиялық елдер аймақтық ынтымақтастықты құруға және нығайтуға бағытталған бірқатар қадамдар жасады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда орталықазиялық аймақ елдері, өзінің саяси және экономикалық мүдделерін қорғау үшін, бірге немесе жеке – жеке көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болғандығын атап өтуімізге болады. Олардың қатарына Ислам ынтымақтастық ұйымы да (2011 жылға дейін Ислам конференциясы ұйымы деп аталды) кіреді. Ислам ынтымақтастық ұйымы (ИЫҰ) қайтадан тәуелсіздігін алған елдерге, олардың әлемдік экономикаға кірігуіне және олардың арасында ислам және исламдық ынтымақтастық негізінде интеграцияны дамытуға ықпал жасайды. Бұл өзара көмек ұйымы, оның мол қаржы ресурстары бар, әлемдік аренада белгілі моралдық және саяси беделге ие. Бірқатар мемлекеттер үшін ИЫҰ платформасы - бұл көптеген маңызды мәселелер бойынша өз позицияларын білдіруге және қолдау алуға мүмкіндік беретін платформа. Бұл қарым-қатынастың, өзара әрекеттесудің өте жеңіл шарттары бар ұйым. Оның шешімдері мүше елдер үшін міндетті емес. Ең бастысы, бұл бір - бірінен қашық орналасқан елдердің өзара әрекеттестігі үшін пікірталас алаңы.

Бір қарағанда, оларда өзара экономикалық мүдделер мен өзара әрекеттесуге арналған жобалардың болмауы мүмкін. Бірақ та, ИБҰ алаңында Орталық Азия, Оңтүстік Азия және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері өздерінің күшті жақтарын іске асыруға мүмкіндік алады.

**Ислам ынтымастық ұйымы аясындағы ықпалдастық.** Қазақстан 1995 жылы Ұйымның толыққанды мүшесі болды. ИБҰ-ға мүше болу Қазақстанға саяси және гуманитарлық салаларда мұсылман елдерімен ынтымақтастықты кеңейтуге, сондай-ақ әртүрлі мемлекеттік жобалар мен шағын және орта бизнесті дамытуға инвестицияларды тартуға мүмкіндік берді. Қазақстан ИБҰ Парламенттік одағының түрлі іс-шараларына, ИБҰ Парламентаралық Одағының отырысы мен конференцияларға тұрақты қатынасып ұйым аясында парламентаралық байланыстарды орнатуға белсене қатысады. Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы аясындағы ынтымақтастықта Ислам даму банкімен, басқа қаржы, консалтингтік және әр түрлі салаларда жұмыс атқаратын компаниялар және фирмалармен ынтымақтастыққа ерекше орын берілген.

Білім беру, мәдениет, ғылым және технология саласындағы Исламдық ынтымақтастық ұйыммен (ИСЕСКО) ықпалдастықты орнатуды жолға қою Қазақстанға ұлттық мәдени мұра ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіру, тілдерді зерттеу және оқыту, ислам әлемі елдерінің тарихы мен мәдениеті саласында тәжірибе алмасу сияқты ұлттық жобаларды табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді [1].

Астанада 2011 жылдың 28-30 маусымында ИБҰ Сыртқы істер Министрлер Кеңесінің 38-ші сессиясы өтті. Сол кезде Қазақстан осы халықаралық ұйымның төрағалығын қабылдады. Бұны тарихи кездесу деп айтуға болады, өйткені Ислам конференциясы ұйымын Ислам Ынтымақтастық Ұйымы деп атау туралы шешім қабылданды, адам құқықтары жөніндегі Тұрақты комиссия құрылды. Алғаш рет Орталық Азиямен ынтымақтастық жөніндегі ИБҰ іс-қимыл жоспары қабылданды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың мұсылмандық Умма алдында сөйлеген сөзі ИБҰ-ның Астана декларациясының негізін қалады, өзінің мазмұны жөнінен ХХІ ғасырда ислам әлемін дамытудың негізі жаңғырту мен реформа деп жариялаған Ұйымның ең прогрессивті құжаты болды.

Сыртқы істер Министрлер Кеңесі Ауғанстаннан заңсыз есірткі өндіру және сату айналымына қарсы күрес және бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны мен Арал теңізінің өңірлерін сауықтыру туралы бастаманы қоса алғанда, жүзден астам қарарды қабылдады. Қазақстан ИБҰ Сыртқы істер Министрлер Кеңесінің төрағалығы кезеңінде 2011-2012 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен бағдарламасында көрсетілген, айқындалған басымдықтарды тұрақты түрде жүзеге асырды.

Бұдан басқа, ұйымға мүше елдермен, Бас хатшылық және ИБҰ институттарымен бірлесіп, 2011 жылы VII Дүниежүзілік ислам экономикалық форумы мен ИБҰ министрлерінің 38-ші кездесуінде ұсынылған қазақстандық бастамаларды, азық – түлікпен өзара жәрдемдесу жүйесін, орта және шағын бизнеске қолдау көрсету механизмін құру және ИБҰ өкілдерінің G20 және басқа ұйымдардың саммиттеріне қатысуын қамтамасыз етуді іске асыру жұмыстары жүргізілді.

Ислам әлеміндегі күрделі геосаяси жағдайдың аясында ИБҰ Атқару комитетінің Сирия мен Ливиядағы дағдарысты реттеуге арналған төтенші отырысы өткізілді. Ұйымның назарында Сомалидегі гуманитарлық апатты жеңу, исламофобияға қарсы күрес және конфессияаралық қақтығыстарға жол бермеу мәселелері де болды. Қазақстан төрағалығының қолдауымен өткізілген кең ауқымды акция аясында Сомалиге 500 миллион доллардан астам қаржы жинақталды.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 3 жаһандық бастамасы БҰҰ тарапынан мақұлданды: 29 тамызды - Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп және Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарттың күшіне енуін жариялау, Ауғанстаннан есірткінің заңсыз айналымына қарсы тұру, сонымен бірге, ИБҰ мен ықпалды аймақтық ұйымдар арасындағы ықпалдастықты нығайту.

Сондай-ақ, Қазақстан Ұйымның мүше-мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жауапты негізгі орган болып табылатын ИБҰ-ның сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Тұрақты комитетінің (КОМСЕК) вице-төрағасы болып сайланды. ИБҰ Бас хатшысы Э. Ихсаноглу (2004 жылдың 31 желтоқсанынан — 2014 жылдың 31 қаңтарына дейінгі ИБҰ (ИКҰ) төрағасы) Қазақстан төрағалығының маңыздылығы мен жоғары кәсібилігін атап өтті, Ұйымның тарихындағы ең жарқын тараулардың бірі болатынын атап айтты.

ИБҰ Қазақстанның халықаралық аренадағы бастамаларын дәйекті түрде қолдап отырады және олардың табысты іске асырылуына үлес қосады. Атап айтқанда, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес пен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін шақыру туралы бастамалар Ұйымның жыл сайынғы құжаттарында көрініс табууда. ИБҰ Қазақстанның «Шығыс-Батыс»

бағыты бойынша байланыс көпірі ретінде қызмет ететін өркениетаралық және дінаралық үнқатысуды дамытудағы маңызды үйлестіруші рөлін мойындайды.

Ынтымақтастықтың маңызды аспектісі Ислам Ынтымақтастық Ұйымының қаржы құрылымдарымен, әсіресе ислам әлеміндегі ірі инвесторлардың бірі Ислам Даму Банкімен ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

ИБҰ Орталық Азия үшін ИБҰ-ның арнайы бағдарламасын құруды қолдайды. Бұл жоба Ұйымның сауда операцияларын, инвестицияларды ынталандыру және Орталық Азия үшін де, мұсылман қауымдастығына да ортақ мүдделерге ие индустриялық жобаларды жүзеге асыруда қолдау мен ынтымақтастықты көздейді.

Ынтымақтастықтың келесі кезеңі 2014 жылдың қазан айында Қазақстан мен ИБҰ-ның азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі бірінші Бас Ассамблеяны бірлесе ұйымдастырушылар екендігін хабарландыруы болды. Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының мәртебесі ратификацияланды, оның мақсаты-мүше мемлекеттерде ауыл шаруашылығын тиімді пайдалану, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, биотехнологияны дамытудың техникалық дайындығын қамтамасыз ету болды. Ұйым азық – түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін азық-түлік қорын құру арқылы төтенше және гуманитарлық көмек көрсете алады. Ұйым - ИБҰ-ның мамандандырылған мекемесі болып табылады [2].

2015 жылдың ақпан айында білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ислам ұйымы (ИСЕСКО) аясында «Алматы - ислам мәдениетінің астанасы» 2015 жылын шарасы өткізілді.

2017 жылдың 10-11 қыркүйегінде Астанада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Ғылым және технологиялар жөніндегі ИБҰ-ның бірінші Саммиті өтті. Саммитті шақыру бастамасын ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2016 жылғы сәуірде Ыстанбұлда өткен 13-ші ИБҰ Саммиті шеңберінде жария етті. Бұл шара ғылыми және технологиялық әлеуетті дамыту саласында мұсылман қауымының күш-жігерін біріктіруге бағытталған.

ИБҰ Саммитінің жұмысына төрт жұмыс сессиясы кірді:

- «XXI ғасырдағы қоғам өміріне ғылым ықпалының артуы»;
- «Тұрақты дамуды қамтамасыз етудегі ғылым мен технологияның рөлі»;
- «Қазіргі экономикадағы бәсекелестік және инновация»;
- «Ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастықты дамыту» [3].

Оның қорытындысы бойынша «Ғылым, технология, инновация және ислам әлемін жаңғырту» Астана декларациясы қабылданды. Саммитте қабылданған қорытынды құжаттар, Астана Декларациясы мен Іс-қимыл Бағдарламасы ИБҰ-ға мүше мемлекеттердің ғылым, технология және жаңғырту саласында алдағы он жылдағы ынтымақтастығын одан әрі дамытуға және нығайтуға берік негіз қалады. Бұл үдерісте Исламдық даму банкінің арнайы құрылған қорын белсенді тартуға маңыз беріледі.

Қазақстан делегациясы ИБҰ-ға мүше мемлекеттерді Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың татуластыру, өзара құрмет пен сенімді нығайтуға және ислам әлеміндегі өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға бағытталған бастамаларын жүзеге асыруға белсене қатысуға шақырды. Ислам әлемінің экономикалық дамыған елдердегі G-20 секілді арнайы ынтымақтастық алаңын құру жөніндегі күш-жігерді тезірек топтастырудың маңыздылығы баса айтылды. Қазақстан Президентінің бастамасымен құрылған Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының тиімді жұмыс істеуіне ерекше назар аударылады. Бүгінде бұл Ұйымға 32 мұсылман елі мүше, штаб-пәтері таяу арада Астанада ашылады.

2018 жылдың мамырында Дакка қаласында (Бангладеш) 45-й сессия Ислам ынтымақтастық ұйымы сыртқы істер министрлігі Кеңесінің 45 сессиясы өтті. Сессия «Тұрақты бейбітшілікке, ынтымақтастыққа және дамуға қол жеткізу үшін ислам құндылықтарын насихаттау» тақырыбында, ислам әлемі үшін қауіпсіздіктің тұрғысынан және оның одан әрі дамытудың келешегіне қатысты бүгінгі күндегі өзекті мәселелердің кең ауқымын қамтыды. Сессияда қаралатын негізгі мәселелерді қамти отырып қазақстандық делегацияның басшысы сыртқы істер министрі Кайратом Абдрахманов өз сөзінде Астанада Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының Хатшылығы (ИОПБ) жұмысын бастағаны туралы. Бұған 2018 жылдың ақпан айында Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының (ИОПБ) Жарғысын ұйымның он мүше – мемлекеттерінің ратификациялауынан кейінгі толық заңды күшіне енуі ықпал етті. Бұдан басқа, Қазақстан «Қазақстан Үкіметі мен Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының арасында Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының (ИОПБ) штаб-пәтері туралы» Келісімді ратификациялады деп мәлімдеді [4].

**Орталық Азиядағы ИБҰ-ға мүше елдер және олардың экономикалық жағдайы.** Орталық Азиядағы ИБҰ-ға мүше елдер: Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түркменстан және Өзбекстан Республикасы. Алайда аймақтық серіктестікті және

экономикалық интеграцияны кеңейту қажеттігін ескере отырып, Форумға Орталық Азиядағы ИБҰ-ға мүше мемлекеттермен бірге Ауғанстан мен Әзербайжан кірді. ИБҰ мүше Орталық Азия елдері маңызды геостратегиялық аймақта орналасқан. Аймақтағы Шығыс пен Батысты байланыстыратын маңызды жібек жолы мәдениеттер мен транзиттік дәліздердің қиылысында тұр және түрлі салаларда әртүрлі табиғи ресурстарға бай.

Қазақстанда шикізат пен табиғи ресурстардың мол қоры бар. 50 млрд. дәлелденген мұнай қорларының баррелімен Қазақстан мұнай қоры бойынша әлемде 11-орынды және 2 407 триллион текше метр барланған газ қоры бойынша 14-орынды иеленеді. Қазақстан әлемдегі уранның 12%-на ие және 36,5% өндіреді, бұл әлемдегі уран жеткізілімінің ең үлкен үлесі болып табылады. Қазақстан - Орталық Азиядағы көмірге бай ірі ел және 31,3 млрд. тонна дәлелденген қорлары бойынша әлемдегі 8-ші орында.

Түркменстан газдың негізгі экспорттері болып табылады және Орталық Азиядағы ең ірі газ кен орындарына ие әлемдегі елдердің бірі. Түркіменстан табиғи газ қоры бойынша әлемде 6-шы, оны өндіру бойынша 20-шы орында тұр. Түркіменстанда табиғи газдың 265 триллион текше фут және мұнайдың шамамен 600 миллион баррель барланған қоры бар.

Өзбекстанда 594 миллион баррель шикі мұнай бар, ал табиғи газдың дәлелденген қорлары - 1841 триллион текше метр. Өзбекстан көмірсутек ресурстарына бай, ал оның аумағының шамамен 60%-ы потенциалды мұнай-газ қорына ие. Өзбекстан жыл сайынғы табиғи газды өндіру тұрғысынан ТМД елдерінің арасында үшінші орынға ие және әлемде 15-ші орында.

Тәжікстан мен Қырғызстан гидроэнергетикалық мол қорларды өндіруге және тасымалдауға сүйенеді. Олар Орталық Азиядағы гидроэнергетиканың жалпы қуатының 70%-дан астамын құрайды. Тәжікстан су ағысының жоғары жағында орналасқандықтан, Орталық Азиядағы гидроэнергетикалық өндіріс тұрғысынан ең қуаты мемлекет болып табылады. Қырғызстанда көмір, мұнай мен табиғи газды ел ішінде тұтынуға жарамды кен орындары бар. Қырғызстан ТМД елдерінің ішінде металл өндіру бойынша үшінші, көмір қорлары бойынша Қазақстаннан кейінгі екінші орынды иеленеді.

Аймақтағы елдердің экономикасының салыстырмалы артықшылықтары мен комплементарлығы (бірін-бірі толықтыруы) бір елдерде қазба байлықтарымен, ал екіншісінде электр энергиясымен, негізінен, гидроэнергиясымен ерекшеленеді.

Шөлейт жерлердің кейбіреулері газ және мұнай құбырларымен, ал қалған бөлігі - мақта мен бидайдың ауқымды суармалы шаруашылықтарымен түйіседі.

Аймақ елдері тәуелсіздік алғаннан кейін бірден, әлемдік және аймақтық дағдарыстарға байланысты экспорт, жұмысшылардың ақша аударымдары және жеке меншік капиталдың қатты зардап шегуі сияқты, мәселелерге тап болды. Аймақтағы ИБҰ-ға мүше барлық мемлекеттер 2007 жылмен салыстырғанда 2008 және 2009 жылдары жекелей ЖІӨ-нің нақты төмендеуін бастан кешті. Күтілгендей, орташа есеппен 2012-2013 жылдары өңірдегі барлық мүше-мемлекеттердің экономикалық өсімі артты.

Бүкіләлемдік банктің жіктемесіне сәйкес, Қазақстан мен Әзербайжан ЖІӨ сәйкес 54,370 миллиард және 148,047 миллиард АҚШ долларын құрайтын орташа табысы бар елдердің санатына жатады. Өз кезегінде Түрікменстан мен Өзбекстан төменгі және орташа табысы бар елдер болып табылады, олардың ЖІӨ 20,001 миллиард және 38,987 миллиард АҚШ долларын құрайды. 2010 жылы Қырғызстан, Ауғанстан және Тәжікстанның тиісті экономикалық өнімділігі 4,615 миллиард АҚШ доллары, 15,541 миллиард АҚШ доллары және 5,682 миллиард АҚШ долларымен бағаланады [5]. «Казинформ» ХАА-тігі Bloomberg агенттігінің сарапшылары әлемдегі ең инновациялық экономикаға ие елдердің рейтингін құрды, онда Қазақстан 45,56 пункт көрсеткішімен 48-ші орынды иеленді, деп хабарлайды. Қазақстан 2016 жылы 50-ші орында болды, 2017 жылы өткен жылғы көрсеткішін 2 позиция бойынша жақсартты [6].

ИБҰ-ға мүше Орталық Азия мемлекеттерінің көпшілігінің ЖІӨ - нің айтарлықтай бөлігі экспортқа қатысты. Әйтсе де, барлық елдер дерлік бір немесе бірнеше өнімдер тобын экспорттық мамандандыруымен сипатталады: Қазақстан мен Әзербайжанда – мұнай мен газ, Тәжікстанда – алюминий мен мақта, Қырғызстан Республикасында – алтын, Өзбекстанда – мақта. Көріп отырғандай, экспорт құрылымы шикізаттық тауарлар мен жанармай, отынмен бақыланады, бұл осы елдердің экономикасының пассивті сауда балансының осалдығын көрсетеді. 2010 жылы осы елдермен сауданың жалпы көлемі бойынша ИБҰ-да ішкі сауданың үлесі: Тәжікстан 42.09%, Түркменстан 41.36%, Ауғанстан 39.39%, Қырғызстан 32.56%. Өзбекстан 28.83%, Әзербайжан 16.15% және Қазақстан 7,46% құрады.

Қазақстанның ИБҰ елдерімен сауда айналымы 2012 жылы 7,2%-тен 2016 жылға дейін 10,3%-ке артты. Қазақстан ИБҰ елдерін отандық өнімдерді өткізу нарығы ретінде қарастырады [7].

ИБҰ елдеріне экспорт Қазақстанның жалпы экспортының 11,4% құрайды. Қазақстан жыл сайын 6,5-тен 8,5 миллион тоннаға дейін бидай экспорттайды. Қазіргі уақытта Қазақстан ИБҰ елдеріне 1,5 млн

тонна бидай экспорттайды. ИЫҰ-ға мүше барлық елдерден 4,3 миллиард долларға тікелей инвестициялар тартылды. ИЫҰ-на мүше Орталық Азия елдерінің сауда-өндірістік құрылымына келетін болсақ, инвестициялар үшін ең тартымдысы ауылшаруашылық секторы.

Теңізге шығатын жолы жоқ Орталық Азияда тауарлар мен өнімдерді жеткізуге қатысты салыстырмалы қиыншылықтар болады. Ірі қалалар, аудандар мен Қара теңіз, Араб теңізі және Парсы шығанағы сияқты ең жақын порттар арасындағы орташа қашықтық 4000 км-ден асады. Мұның бәрі көлік қызметтері сапасының төмендігі мен көрші елдер арқылы транзит кезіндегі қиындықтармен тереңдеуде. Сонымен қатар, тауарлардың жеңілдетілген режимдегі шекарадағы қозғалысы кедендік рәсімдерді жеңілдетуді, жүктерді тексерудің әртүрлі түрлерін, сондай-ақ тауарлардың жекелеген категориялары үшін режимдерді талап етеді. Бұл тұрғыда әлемнің басқа бөліктерінде көліктік логистиканы дамыту аймақ елдері үшін басым мақсат болып табылады.

Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы негізгі проблемалар: өндірісті және экспортты әртараптандыру; экономиканың қарқынды өсуі үшін қажетті инфрақұрылымды дамыту; бәсекеге қабілеттілігін арттыру; экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету; саудада тарифтік және тарифтік емес кедергілерді жою және әзіргі көрсеткіштерді жақсарту, сондай-ақ бизнесті жүргізу және еңбек сапасы мен өнімділіктің төмен деңгейін шешу.

**Орталық Азиядағы Ислам даму банкінің қызметі.** 1973 жылы желтоқсанда Джиддадағы (Сауд Арабиясы Корольдігі) мұсылман мемлекеттерінің қаржы министрлерінің конференциясында Ислам даму банкі құру туралы Декларацияға қол қойылды. Жаңа қаржы институтының ресми ашылуы 1975 жылы 20 қазанда өткізілді. Қазіргі уақытта 53 мемлекет банктің мүшелері болып табылады. Қазақстан, аймақтағы басқа мемлекеттер сияқты, КСРО ыдырағаннан кейін ИДБ-ге 1995 жылдың қарашасында қосылды. Қазіргі уақытта ИДБ-ның меншікті капиталындағы Қазақстанның үлесі 2,5 миллион ислам динары (ID).

ИДБ алдына мынадай негізгі ұзақ мерзімді мақсаттар қойылды:

- ИДБ-ға мүше емес елдер мен ИДБ мүше және мен мұсылман қауымдастықтары елдеріндегі экономикалық даму мен әлеуметтік прогресті дамытуға мүмкіндік туғызу;
- ИДБ-ға мүше елдер арасындағы ынтымақтастық пен өзара ықпалдастықты дамытуға ынталандыру;
- ислам экономикасының, қаржылық және банк жүйелерінің дамуына ықпал ету.

Банктің Рабат (Марокко), Куала-Лумпур (Малайзия) және Алматы (Қазақстан) қалаларында үш аймақтық офисі бар.

Банк 2003 жылдың наурыз айының басында Орталық Азия аймағында (Албанияны қоса алғанда) 420 млн. АҚШ долларынан астам сомаға жобаларды мақұлдады. Олардың 94,6%-ы инвестициялық жобаларға, 5,4%-ы техникалық көмек, сауда-қаржы операциялары және арнайы көмек операциялары болды.

Жеңілдетілген несиелер мен гранттар жалпы қаржыландырудың Албания мен Тәжікстанда 100%, Әзербайжанда 78%, Қырғызстанда 71% және Қазақстанда 30% ғана құрады. Көлік және коммуникация саласындағы жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздегі қаржыландыру үшін Қазақстанға гранттар берілді. Барлығы, 2003 жылғы 31 наурыз бойынша, Банк республикаға 75,488 миллион АҚШ долларын тартуды мақұлдады.

Қазақстанда алғаш рет өңірлік тәжірибеде ИДБ қаржыландырудың жаңа түрлері пайдаланылды: бөліп төлеуге / лизингке сату, сонымен қатар истисна (ұзақ мерзімді жобаларды қаржыландыру үшін құрылған қаржы құралы) - жұмыстың орындалуы деңгейіне қарай – толық аяқталғаннан кейін немесе кезең – кезеңмен төлеу (Қарағанды-Астана жолының учаскесін салу үшін). Қаржыландырудың бұл түрі 5-6%-пен 10-15 жыл ішінде орташа мерзімді қайтару қаралады.

Орталық Азияның географиялық орналасуы және оның аймақтағы миссиясын ескере отырып, ИДБ өздерінің несиелерін көліктік секторға жұмылдырды. ЭЫҰ (Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымы) елдерінде мультимодальдық тасымалдау үшін ИДБ 0,272 млн. АҚШ доллары көлемінде грант ұсынды. Ислам банкі тобы Әзірбайжандағы Алият-Ғази Мухаммад, Түркменстандағы Мары-Теджен, Тәжікстандағы «Шагон-Зигар» және Қырғызстандағы Бішкек-Ош жолдарын салу жобаларын қаржыландырады. 2000 жылдан бастап Қазақстанда Алматы - Гүлшат және Қарағанды - Астана жолдарының құрылысы басталды. Жалпы алғанда, ИДБ Қазақстандағы көліктік секторды дамытуда жалпы қаржыландырудың шамамен 43%-ын инвестициялауды ұсынды [8].

ИДБ –ның Қазақстанда несие портфелінің 15%-і денсаулық сақтау саласындағы жобалар болып табылады. Мысалы, Алматыдағы Сызғанов атындағы хирургия орталығының жобасын айтуға болады.

Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласындағы осыған ұқсас жобалар Тәжікстанда («жедел жәрдем» ауруханасын жабдықтандыру), Түрікменстанда (диагностикалық орталықтарда) жүзеге асырылды.

ИДБ-і 2003 жылдың наурызында Азия даму банкімен бірлесе қаржыландырылатын Қарағанды облысында ауылды сумен жабдықтаудың жаңа жобасын мақұлданды. Банк осындай жобаларды Түрікменстанда (Балқан велаятының ауылдық жерлерінде) және Тәжікстанда (Душанбе қаласы мен айналасындағы аудандар үшін сумен қамтамасыз ету жобасы) жүзеге асырды.

Банктің Стратегиялық бағдарламасында жеке секторды дамыту ИДБ-ның негізгі бағыттарының бірі екені белгіленді, ол осы бағытта жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясы (ICD), Активтерді басқару департаменті (AMD) және Исламдық экспортты және инвестицияны сақтандыру корпорациясы (ICIEC) сияқты ИДБ топтарын қолдану қарастырылды. Бұл ұйымдар телекоммуникация, энергетика, мұнай және көлік салаларындағы ірі жобаларды бірлесіп қаржыландыру үшін ұлттық және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастуға мүдделі болды.

Техникалық ынтымақтастық бағдарламасының басты міндеттерінің бірі ИДБ мүше елдердегі адам ресурстарын дамыту болып табылады. Ислам банкі мүше елдерде лауазымды тұлғалардың кәсіби деңгейін көтеру, басқару және дамудың түрлі салалары бойынша кеңес беру және үйрету үшін мамандар ұсынады. ИДБ сондай-ақ Техникалық ынтымақтастық бөлімі (TSO) және Ислам зерттеу және тренинг институты (IRTI) арқылы семинарлар, жұмыс кездесулерін ұйымдастырады ИДБ 2002 жылдың сәуір айында . Қазақстанда ауылдық жерлерде тұратын әйелдер үшін шағын несие беру бойынша семинар ұйымдастырды. 2003 жылдың басында Қазақстан Ұлттық банкі ислам банкінің пайдалану тәжірибесімен бөлісу үшін Негара Малайзия банкінің заңды сарапшысын шақырды. Бұдан басқа, ИДБ Түркиядағы қазақстандық қаржыгерлерге арналған оқыту, үйрету турларын өткізді.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру, сауда және экономикалық өсуді нығайтуға арналған 2016-2020 жж. Орталық Азия жөніндегі арнайы бағдарлама (СПЦА) Орталық Азиядағы қатысушы елдер арасындағы ынтымақтастыққа қолдау көрсетуге бағытталған Ислам даму банкі тобының (ИДБ тобы) аймақтық бағдарламасы болып табылады. Бағдарлама Орталық Азиямен ынтымақтастық туралы (ПМСЦА) және ИБҰ-ның 10 – жылдық стратегиясын және ПМСЦА жеті негізгі басымдықтарының үшеуін және 10 жылдық стратегияның алты негізгі элементтерінің төртеуін тірек ете отырып Ислам ынтымақтастық Ұйымының (ИБҰ) жұмыс жоспарына негізделген. Оның құрамына алты қатысушы мемлекет кіреді: Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан Республикалары. Орталық Азия жөніндегі арнайы бағдарламаны (СПЦА) жүзеге асыру шеңберінде 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін 6 млрд. АҚШ доллары көлемінде қаржыландыру жоспарлануда, соның ішінде 2,5 млрд. АҚШ доллары жалпы ресурстар есебінен, 375 млн. АҚШ доллары жеңілдік шарттарымен, 1,25 млрд. АҚШ доллары саудалық және 500 млн. АҚШ доллары жеке секторды қаржыландыруға бағытталады [9].

**According to the initiative of the first and last President of the USSR, M. S. Gorbachev was held an all-Union referendum on whether or not to be the Soviet Union [1].**



### Resolution of the Congress of People's Deputies of the USSR

However, as a result of the 1990 elections, the union leadership turned out to be more categorically inclined to change than the new government apparatuses in the union republics. Socio-political power eventually moved from the center to the Union republics. Gorbachev did not dare to create a personal political support, fearing to lose the position of the leader of the nation. As a result, already in 1991, Gorbachev was in political isolation.

Another turning point in history was the victory in the presidential election of B.N. Yeltsin, who, subsequently (as Gorbachev, also) was repeatedly accused of the collapse of the USSR.

On the 8<sup>th</sup> of December, 1991, the “Belovezhsky End” and the dissolution of the USSR took place at the residence of the Belarusian leader “Viskuli” near Brest, Republic of Belarus, so there was another sharp turn in the history of the peoples of the post-Soviet countries. President Boris Yeltsin, head of the Supreme Council of Belarus Stanislav Shushkevich and President of Ukraine Leonid Kravchuk put their signatures under the agreement [2].

Editorial of the newspaper “Izvestia” on December 9, 1991.



“The Russian side dealt only with those paragraphs that had political goals. They did not care what we write on economic issues. Therefore, we created the economic part with Fokin... Most of all, the fate of the allied states was discussed, *how to deal with the states that do not participate in the meeting*, the scheme of foreign policy

activities and the country's defense scheme...” - from the memoirs of the Belarusian Cabinet of Ministers Vyacheslav Kebich [3].

Subsequently, the year of 1991 was declared the boom year for the independence of all fifteen countries of the former Soviet Union, the so-called parade of sovereignties.

In the Soviet period, Central Asia guided by historical and geographical criteria, it was customary to define as four allied states: the Uzbek SSR, the Kyrgyz SSR, the Tajik SSR, and the Turkmen SSR. Kazakhstan belonged to Central Asia but was named separately.

In 1992, at the summit of the countries of Central Asia, the first president of the Republic of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, proposed to abandon the definition of “Central Asia and Kazakhstan”, in favor of the definition of “Central Asia”, which will cover all post-Soviet countries of the region. However, from the point of view of geographical science, Central Asia is considered a very large region, which includes, in addition to Central Asia, the Republic of Tuva (RF), Mongolia, the western part of China, and Tibet; UNESCO adheres to the same concept [4, p. 342].

Geographically, the center of Asia is located in the Kyzyl city, Republic of Tyva, Russian Federation [Figure 1].

Figure 1. Center of Asia. Republic of Tyva, RF.



For the first time, the German geographer and traveler Alexander von Humboldt singled out the region of Central Asia as a separate region of the world in 1843 in his famous book “Central Asia” (v.1-3). Until the world-recognized luminary of geography, enlightened Europe and modern science of that time knew almost nothing about such a large area as Central Asia. As he admitted by himself about a trip, that the travelling to this region beckoned him as a seductive dream. Although that time was very difficult, the 19th century, the century of confrontation between the most powerful empires, England and Russia, whose areas of geopolitical interests begin to overlap in Central Asia. And in the future, the rivalry between two greatest empires of the 19th and 20th centuries was manifested more than once in various forms.

Alexander von Humboldt made his famous trip to Russia - to the Urals, Altai and the Caspian Sea in 1829. Only the first volume of the book “Central Asia” was translated from French into Russian (by P.I. Borodzich), edited by Professor D.N. Anunich in 1915 [5]. The nature of Asia was described by him in his works “Fragments on the geology and climatology of Asia” in 1831 (v. 1-2) [6].

The distant past saturated with various events in Central Asia indicates its necessary space and role in the system of inter-ethnic and intercultural dialogue in the history of the region. And, in spite of the expansionist nature of the involvement of external forces in the region, which undoubtedly brought about an important loss to nomadic and sedentary peoples, it is obvious that the range is being tracked by the positive dynamics of the formation.

The modern history of the region of Central Asia may be described as a history of intense competition for the impact in this part of the Eurasian continent in the post-Soviet period, as well as in the recent past.

As it is known, the importance of Eurasia as one of the geopolitically necessary elements of the history of the world's population was predicted in the beginning of the 20th century by well-known scientist and one of the founders of geopolitical science H. Mackinder in his report "The geographical axis of history" in 1904 at a meeting of the Royal Geographical Society Of England.

The essence of his leading thoughts was that the time of the greatest geographical discoveries is coming to an end, and the formation of land transport systems passing through Euro-Asia, the axial region of world politics, has a great impact, and though the Russian Empire occupies the central space. And control over the land transport of the region highlights the indisputable superiority of this state. But, according to the author, to consider Moscow as the center, and the world around - the periphery is already unacceptable in the twenty-first century. Mackinder announced the thesis that Eurasia's own Heartland is Central Asia and much of the Urals and Siberia, which plays a significant role in world affairs [7].

Today, Central Asia is moving in a different direction. The region is undergoing a major geopolitical shift, the result of which will be the weakening of ties with the North Atlantic society and the toughening of the influence and importance of China. The key partners of the states of Central Asia in the areas of politics, economics, security are Beijing, Moscow, and to some extent Washington: this is due to the dominant financial impact of China in the region and the residual stay of Moscow and Washington.

The future of the states of Central Asia depends, in addition to external relations, on five interrelated elements: the replacement of leadership, or the transition to a new generation of leaders; financial situation; corruption; political repression; Islamic radical extremism. And these issues require more thorough research in the context of new international politics and modern international relations.

#### *References:*

1 Архивный документ РФ: «О проведении референдума по вопросу о СССР» из онлайн портала Архивов России. Федеральное архивное агентство. URL: <http://rusarchives.ru/arhivnye-online-proekty> (дата обращения: 12.11.2018)

2 Архивный документ РФ: «Передовица газеты «Известия» 9 декабря 1991 года» из портала 100 главных документов Российской истории. URL: <http://doc.histrf.ru/20/soglashenie-o-sozdanii-sodruzhestva-nezavisimyykh-gosudarstv/> (дата обращения: 13.11.2018)

3 Кебич В.Ф. «Искушение властью: из жизни премьер-министра» - В.Ф. Кебич, - Минск: Парадокс, 2008 – С. 480.

4 О работе Научно-исследовательской ассоциации по изучению национальных и колониальных проблем (НИА НКП) за первое полугодие 1929/1930 г. (рус.) // Революционный Восток. — Москва: 1930. — № 8. — С. 342.

5 Гумбольдт А.Ф. «Центральная Азия (1843 год)» том 1. С. 606 – Москва, 1915 год, перевод с франц. П.И. Бороздича.

6 Гумбольдт А.Ф. «Фрагменты по геологии и климатологии Азии (1831 год)» тома 1-2.

7 Маккиндер Х. Дж. Географическая ось истории // Полис. — 1995. — № 4. — С. 168.

УДК 339.164  
ГРНТИ 03.01.09

<sup>1</sup>Nessipbayeva K.R.

*professor, doctor of historical sciences, Abay Kazakh national pedagogical university*

## EFFICIENCY OF THE KAZAKH-TURKISH ROUTE OF THE GREAT SILK WAY IN THE XXI CENTURY

### *Annotation*

In article the role and value of the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way is considered. At the same time the analysis of features of this route is given. The mechanism of formation of trade and logistic realization of efficiency of the Kazakh-Turkish route is considered. Calculation of the most effective route is a current problem of formation of a trade Great Silk way. The problem of the choice of a route of a trade Great Silk way arises in terms of trade and logistic efficiency. One of alternatives of modern formation and development of a trade Great Silk way is the Kazakh-Turkish route. This route includes China – Kazakhstan (port of Aktau) – Azerbaijan (port of Baku) – Georgia – Turkey - the European Union.

**Keywords:** trade, logistics, expenses, Great Silk way, efficiency, benefit, expenses, pricing

<sup>1</sup>Несипбаева К.Р.

*тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры*

## XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ТҮРІК БАҒЫТЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

### *Аннотация*

Мақалада Ұлы Жібек жолының қазақ-түрік бағытының рөлі мен маңызы қарастырылған. Осы бағыттың ерекшеліктеріне талдау жүргізілген. Қазақстан-Түркия бағыты бойынша сауда-логистикалық тиімділіктің қалыптасу механизмі қарастырылған. Ең тиімді маршрутты анықтау Ұлы Жібек жолының саудасын қалыптастырудың өзекті мәселесі болып табылады. Ұлы Жібек жолын бағытын таңдау мәселесі сауда-логистикалық тиімділік тұрғысынан туындайды.

Қазіргі кезеңдегі Ұлы Жібек жолы саудасының қалыптасуы мен дамуының балама нұсқаларының бірі - қазақ-түрік бағыты. Бұл бағытта Қытай - Қазақстан (Ақтау порты) - Әзірбайжан (Баку порты) - Грузия - Түркия - Еуропалық Одақты қамтиды.

**Түйінді сөздер:** сауда, логистика, шығындар, Ұлы Жібек жолы, тиімділігі, артықшылықтары, шығындар, баға құрылымы.

<sup>1</sup>Несипбаева К.Р.

<sup>1</sup>кандидат исторических наук, профессор КазНПУ

## ЭФФЕКТИВНОСТЬ КАЗАХСКО-ТУРЕЦКОГО МАРШРУТА ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ В XXI ВЕКЕ

### *Аннотация*

В статье рассматривается роль и значение казахско-турецкого маршрута торгового Великого Шелкового пути. При этом дается анализ особенностей данного маршрута. Рассматривается механизм формирования торгово-логистические эффективности реализации казахско-турецкого маршрута.

Расчет наиболее эффективного маршрута является актуальной проблемой формирования торгового Великого Шелкового пути. Проблема выбора маршрута торгового Великого Шелкового пути возникает с точки зрения торгово-логистической эффективности.

Одной из альтернатив современного формирования и развития торгового Великого Шелкового пути является казахско-турецкий маршрут. Этот маршрут включает Китай – Казахстан (порт Актау) – Азербайджан (порт Баку) – Грузия – Турция - Евросоюз.

**Ключевые слова:** торговля, логистика, затраты, Великий Шелковый путь, эффективность, выгоду, затраты, ценообразование

The Great Silk way becomes the global direction of international trade of the 21st century. The relevance of development of a trade Great Silk way consists in the considerable potential of trade and economic relations of the European Union and China. According to Eurostat the share of China in the total amount of trade with the EU made 15 percent and reached in 2015 year 521 billion Euros [1:2].

Important problem of formation of a trade Great Silk way is calculation of the most effective route. In terms of trade and logistic efficiency there is a problem of the choice of a route of a trade Great Silk way. At the same time, it is necessary to stop on the following questions. First, the historical, classical overland route of a trade Great Silk way which has very big extent takes place. Secondly, modern understanding and value of a trade Great Silk way consists in high requirements of investment and infrastructure providing to which the classical route does not correspond. Thirdly, development of scientific and technical progress allows to solve problems of investment and infrastructure ensuring international trade at qualitatively new level [2]. On the basis of achievements of modern science and technology and modern trade and logistic methods there is possible a combination of overland and sea stages on movement of cargo streams. All this updates the combined overland and sea route of a trade Great Silk way.

One of alternatives of modern formation and development of a trade Great Silk way is the Kazakh-Turkish route. This route includes China – Kazakhstan (port of Aktau) – Azerbaijan (port of Baku) – Georgia – Turkey – the European Union. The convention of the name the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way is as follows. First, on the route given Kazakh-Turkish final points the European Union and China are not specified, secondly, the certainty of the site of Azerbaijan and Georgia is meant. Designation the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way reflects real orientation of cargo streams through the Caspian Sea and the Caucasus.

The most important prerequisite of the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way is that now there was already a real Kazakh-Turkish route which provides local trade and logistic needs of Kazakhstan, Turkey, Azerbaijan and Georgia. The efficiency local trade and logistic the site opens great potential opportunities the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way.

Advantages of the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way are as follows. First, the European Union has three possible directions of cargo delivery to Turkey – a sea way from Northern Europe, a sea way from Southern Europe and an overland way from the Balkans. Secondly, China has two possible directions of cargo delivery to Kazakhstan – from East China to the East Kazakhstan region of Kazakhstan and from the Southern China to Almaty region of Kazakhstan. Thirdly, there are operating seaports of Baku and Aktau that allows to maximize profitability of this route. Fourthly, Kazakh-Turkish the route of a trade Great Silk way involves the minimum quantity of the parties – the European Union, China, Kazakhstan, Turkey, Azerbaijan and Georgia that allows minimizing political risks.

The main call of the 21st century can be considered the solution of problems of global trade and logistic needs of the European Union and China. At the same time it should be noted the next moments. First, investment investments in the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way will make approximately 2.5-3.5 trillion US dollars. Secondly, full-scale implementation of the project will take 15-20 years, at the same time is possible partial start of a route [3]. Thirdly, great organizational efforts and need of creation of investment and logistic consortium which has to include the European Union, China, Kazakhstan, Turkey, Azerbaijan and Georgia are necessary. Fourthly, the political will of all parties which are taking part in the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way is necessary.

The central place is taken by carrying out research works on investment logistically formation of the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way. From the theoretical point of view the paramount value has a research of the following problems. First, developments of the concept of the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way. Secondly, to reveal the economic nature of trade and logistic benefits and expenses. Thirdly to define the formation mechanism trade and logistic efficiency of the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way.

The first, the multifactor concept of the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way consists that on the way of the main highway to it separate branches will adjoin. Owing to globalist of a route each separate branch represents connection of the whole state to a trade Great Silk way. In particular, it can be the Iranian branch, the Turkmen branch, the Uzbek branch, etc. In essence the multivector concept the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way is closely connected with process of involvement of a number of the countries in a global trade logistics system which will contribute their social and economic to the development.

The second, identification of the economic nature of trade and logistic benefits and expenses. At the same time an objective basis of emergence of benefits is material flows and logistic operations. Trade and logistic benefits should be considered both in terms of growth of economy of the participating countries of a route, and with



receiving profit of trade and logistic firms. Trade and logistic expenses will include both investment, and operating costs.

The third to define the formation mechanism trade and logistic efficiency of revenues of corporations. The most important component of this mechanism is issues of pricing on services of the Kazakh-Turkish route of a trade Great Silk way. At the same time it is necessary to consider trade and logistic various socio-economic factors of efficiency in the formation mechanism.

*References:*

- 1 *EU's top trading partners in 2015: the United States for exports, China for imports. EUROSTAT, 31 March 2016.*
- 2 *Innovation, Diffusion, and Trade: Theory and Measurement Ana Maria Santacreu Working Paper 2014-042A. <http://research.stlouisfed.org/wp/2014/2014-042>. November 2014 FEDERAL RESERVE BANK OF ST. LOUIS Research Division*
- 3 *International Trade Theory and Policy: A Review of the Literature by Sunanda, Sen Levy Economics Institute of Bard College November 2010.*

**ӘӨЖ 09.791**  
**ГРНТИ 23.41**

*М.М. Қайырғалиев<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 6D050500 – Аймақтану I курс докторанты, [meshit\\_maksat@mail.ru](mailto:meshit_maksat@mail.ru). Астана. Қазақстан*

**ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНДАҒЫ ШАРИҒАТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ  
ОНЫҢ КЕЙБІР БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСТЕРІ**

*Аңдатпа*

Исламдық қаржы нарығында жұмыс істеп жатқан институттардың барлығы шариғаттық бақылаудан өткеннен кейін ғана тұтынушыларға қызмет көрсету мүмкіндігіне ие бола алады. Халықаралық қаржы орталықтарының исламдық қаржы тетіктерін дамытуда да шариғаттық бақылаудың алар орны ерекше. Сондықтан бұл зерттеуде исламдық қаржы институттарының жұмысындағы шариғаттық бақылаудың өзекті мәселелері қарастырылған. Шариғаттық бақылаудың анықтамасы беріліп, маңыздылығы атап көрсетілген және исламдық қаржыландыру тарихындағы шариғаттық бақылаудың даму кезеңдері баяндалған. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріндегі шариғат кеңесінің міндеттері мен құзыреті көрсетілген.

Ізденуші Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыру мекемелерінің шариғаттық бақылау тәсілдерін зерттеген. Сонымен қатар республикалық деңгейде шариғаттық бақылауды іске асыратын ұйымның қажеттілігі жөнінде пікір білдірген. Астана халықаралық қаржы орталығының жұмысын дамыту үшін де шариғаттық бақылау жөніндегі бірінғай органды құру қажет. Исламдық қаржы нарығын қалыптастырудағы шариғаттық бақылау жүргізуді реттеуге байланысты заңнамалық базаның кемшіліктеріне назар аударылған. Мақалада Ұлыбритания, Германия және басқа Батыс Еуропа мемлекеттерінің исламдық қаржыландыру саласындағы тәжірбиелері ескерілген.

**Кілт сөздер:** шариғаттық бақылау, исламдық қаржыландыру, сукук, Астана халықаралық қаржы орталығы, шариғаттық қадағалау, шариғаттық аудит.

М.М. Каирғалиев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>докторант 1 курса PhD D050500 по специальности Регионоведение,  
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
[meshit\\_maksat@mail.ru](mailto:meshit_maksat@mail.ru)  
Астана, Казахстан

## АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ШАРИАТСКОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИСЛАМСКИХ ФИНАНСОВЫХ ИНСТИТУТАХ И ИХ ИМПЛЕМЕНТАЦИЯ В НЕКОТОРЫХ СТРАНАХ ЗАПАДНОЙ ЕВРОПЫ

### Аннотация

В этом исследовании рассматриваются актуальные проблемы шариатского контроля в практической деятельности исламских финансовых институтов. Ибо все организации, работающие на исламском финансовом рынке как правило предлагают свои услуги клиентам после одобрения органа осуществляющего шариатский контроль. Кроме того, шариатский контроль особенно важен для развития не только отдельно взятых организаций, но и крупных финансовых центров. В данной статье дано определение шариатского контроля, подчеркнута значимость и этапы его развития в исламской финансовой индустрии. Указаны круг обязанностей и компетенция органа, осуществляющего шариатский контроль (совета по принципам исламского финансирования) закреплённые в нормативно-правовых актах Республики Казахстан. Наряду с этим соискатель высказывает своё суждение о необходимости создания органа реализующего, осуществляющего шариатский контроль на республиканском уровне. Формирования единого органа по шариатскому контролю также актуальна для развития международного финансового центра «Астана». Также обращено внимание на недостатки законодательной базы регулирующей осуществления шариатского контроля в процессе формирования исламского финансового рынка. Кроме того при написании данной статьи был учтен положительный опыт Великобритании, Германии, а также других стран Западной Европы в области исламского финансирования.

**Ключевые слова:** контроль шариата, исламские финансы, Сукук, Международный финансовый центр Астаны, контроль шариата, аудит шариата.

M.M. Kairgaliev<sup>1</sup>

<sup>1</sup>st year PhD student, L.N. Gumilev Eurasian National University,  
[meshit\\_maksat@mail.ru](mailto:meshit_maksat@mail.ru)  
Astana, Kazakhstan

## ACTUAL ISSUES OF SHARIAH REGULATION IN ISLAMIC FINANCIAL INSTITUTIONS AND THEIR IMPLEMENTATION IN SOME COUNTRIES OF WESTERN EUROPE

### Annotation

All organizations working in the Islamic financial market offer their services to clients after approval of the body that carries out Shariah control. Shariah control is particularly important for the development of Islamic financial institutions in international financial centers. In this study, topical issues of Shariah control in the work of Islamic financial institutions are discussed. The importance of Shariah control and the stages of its development are determined. Responsibilities and competence of the body that carries out Shariah control (council on the principles of Islamic finance) fixed in the regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan. At the same time, the author expressed the opinion about the need to create a body that carries out Shariah control at the republican level. Formation of a single body on Shariah control is also necessary for the development of the international financial center of Astana.

**Key words:** Shariah Supervision of the Islamic Banks, control of Sharia, Islamic finance, Sukuk, International Financial Center of Astana, audit of Sharia.

Кейінгі жылдары Қазақстанда исламдық қаржыландыру жүйесін енгізуге байланысты көп жұмыс істелініп келеді. Қазақстанда исламдық қаржыландыру жүйесін дамыту Ел басының үкіметтің алдына қойған стратегиялық міндеті болып табылады. Оны іске асыру аясында исламдық қаржыландыру өрісіндегі қаржылық институттарды тұрақты түрде дамыту үшін тиісті жағдайлар жасалуда. Атап

айтқанда арнайы жол картасы түзілді. Ислам қаржы жүйесін дамыту Астана халықарылық қаржы орталығының да негізгі жұмыс бағыттарының бірі болып табылады.

Алайда исламдық қаржы жүйесін қалыптастыру тиісті инфрақұрылымды дамытпай табысты бола алмайды. Сондықтан ең алдымен исламдық қаржы ұйымдары қызметінің шариғат талаптарына сәйкестігін қадағалайтын органның болуы маңызды рөл атқарады. Мұндай орган әлемдік практикада Шариғат кеңесі деп аталады. Шариғаттық қадағалау туралы мәселеге көшпес бұрын сол ұғымның мәнін ашып көрсету қажет. Шариғаттық қадағалау дегеніміз- қаржы институты жұмысының шариғат нормалары мен принциптеріне сәйкес келуін қамтамасыз ететін қызмет.[1]

Шариғаттық қадағалаудың осыған ұқсас анықтамасы Ар-Раджхи исламик банк тобының жарғысында да берілген. Онда «Шариғаттық қадағалау» дегеніміз – шариғат нормалары мен пәтәуа шығаруды қамтамасыз ететін қызмет делінген.

Қазақстанның заңнамаларында да « Исламдық қаржыландыру принциптері бойынша кеңес» деген органның болуы қарастырылған. Оған исламдық қаржы ұйымдарын шариғаттық қадағалауды іске асыру міндеті жүктелген. Бірақ жоғарыда атап көрсетілген кеңестің құзыреті мен міндеттерінің аясы қолданыстағы заңнамаларда тікелей қарастырылғанмен оның мүшелерінің біліктілік деңгейін анықтауға қойылатын талаптарды белгілеу ислам қаржы ұйымдарының өздеріне берілген. [2] Шариғаттық бақылау да қаржылық бақылау сияқты маңызды элемент. Қаржылық институттардың есебін аудиторлардың қортындысынсыз елестету қандай мүмкін болмаса исламдық қаржы институттарының қызметін де шариғат кеңестерінсіз елестету мүмкін емес. Мұндай органның міндетті түрде болуының қажеттілігі ең алдымен ислам қаржы үлгісінің шариғат нормаларына негізделгендігінде.

### **Шариғат кеңестерінің қалыптасу кезеңдері**

Шариғат кеңестерінің қалыптасуын және дамуын төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең немесе жеке-дара шариғат кеңесшілерінің кезеңі. Бұл кезеңде әрбір исламдық қаржы ұйымының жанында бір ғана шариғат кеңесшісі болады. Бұл кезең « Дубай ислам банкінде» және «Кувейттің қаржы үйінде» шариғат кеңесшісінің тағайындалған уақытынан бастау алады.

Екінші кезең шариғат кеңесшілері санының біреуден бірнешеге дейін өсуімен сипатталады. ( Әдетте олардың саны үштен беске дейін құбылып отырады.)

Үшінші кезеңде шариғаттық қадағалаудың екі сатылы жүйесіне көшу іске асырылады. Бұл жүйенің енгізілуі әртүрлі қаржылық ұйымдардың шариғаттық кеңесшілері арасында қайшылықтардың туындауына байланысты болды. [3]

Барлық мүдделі жақты қанағаттандыратын шешім қабылдау үшін осы мәселемен шұғылданатын мемлекеттік органның алдында соңғы инстанция болатын алқалы органды құру мәселесі тұрды. Бұл проблеманың шешімі мемлекеттік органдар жанынан олардың өздерінің шариғаттық кеңестерін құру жолы арқылы табылды. Бұл кеңес исламдық қаржы ұйымдары қызметінің бірінғай ержелерін жасаумен қатар қаржылық ұйымдардың шариғаттық кеңесшілері арасында даулы мәселе туындаса төреші ретінде де әрекет ете алды.

Мәселен 1985 ж. Малайзияда Ұлттық банктің жанынан шариғаттық түсініктеме ( консльтация) беру кеңесі, 1991 ж. Суданда жоғарғы шариғат кеңесі құрылды. Ал БАӘ ( Біріккен Араб Әмірліктері) мен Пәкістанда да соларға ұқсас әрекеттер жасады.[4] Мұндай жоғарғы шариғаттық кеңестер Исламдық қаржылық операциялардың бірінғай ережелерін жасаумен және сәйкестендірумен айналысты. Алайда Қатар, Бахрейн сияқты әлемдік белгілі исламдық қаржы орталықтары өте мұқтаж болса да , екі сатылы шариғаттық қадағалау жүйесін күні бүгінге дейін құра алмай келеді, ал даулы мәселелер туындаған жағдайда шешім шығару құзыреті Дін және уақыф министірлігіне берілген. Батыс Еуропа елдерінде ислам қаржы нарығында істейтін ұйымдарда шариғаттық бақылау органының болуы толық реттелмеген. Мысалы: Германияның заңдарында шариғаттық бақылау кеңесін жеке бақылау орган ретінде құру мүмкінді қарастырылмаған. Алайда Германияда жұмыс істеп жатқан тұңғыш исламдық Кувейт- Түрік (*Kuveyt Türk*) банкі бұл проблеманы шариғаттық бақылау кеңесі деген атпен емес *Ethical Board* яғни «этикалақ кеңес» деген атаумен өзгерту арқылы шешіп отыр.[5]Сондай-ақ Люксембург Ислам банкінде (*Islamic Bank of Luxemburg*) де шариғат кеңесшісі қызметі мүлде қарастырылмаған. [6]

Төртінші кезең шариғат принциптері мен шариғат аудитінің сақталуына түсінік беру қызметін көрсететін халықаралық ұйымдардың пайда болуы. Мәселен 2004ж. «Дубай Ислам банкі» Шариғаттық үйлестіру бойынша халықаралық ұйымды құрды. Сондай-ақ Бахрейнде орналасқан халық аралық *Shariyah Review Bureau* мекемесі батыс еуропаның көптеген исламдық қаржы ұйымдарына шариғат мәселелері бойынша кеңес беру қызметін көрсетеді.

Қазақстанда ислам қаржы нарығында мамандардың тапшылығынан дәл осы Shariyah Review Bureau көмегіне жүгініп отыр. Мысалы Республикамызда тұңғыш рет «ислам банк карталарын» шығарған Эль-Сафр финанс компаниясы және Заман ислам банкі осы мекеменің пәтуасын алуда.[7]

### **Шариғаттық кеңес мүшелеріне қойылатын талаптар**

Бастапқы кезде шариғат кеңесшілеріне исламдық қаржы ұйымдары тарапынан тек бір ғана «жалпы шариғатты» білу талабы қойылды. Алайда исламдық қаржы индустриясының даму үдерісі барысында шариғат кеңесшілерінің біліктілік деңгейіне деген талап өсе түсті. Қазіргі кезде шариғат ғылымын білу туралы талаппен қатар зайырлы білімінің (экономика немесе құқық саласында) болуы қажет етіледі. Соның өзінде бірінші талап өзгеріске ұшырады. Енді көптеген исламдық қаржы ұйымдарында шариғат кеңесшілерінен исламдық коммерциялық құқықты (муғамалят) жетік білу және пәтуа шығаруда тәжірбиесінің болуы қажет етіледі.[8]

Сонымен қатар шариғат кеңесшілері лауазымына қосымша талаптар да қойылады. Мәселен үміткерге шариғат кеңесінің беделді бір мүшесінен мінездеме-ұсынымның (рекомендацияның) болуы. Кейбір мемлекеттерде шариғат кеңесшісі лауазымын иеленуге мүмкіндік бермейтін шектеулер де қойылады. Мәселен Пәкістанда шариғат кеңесшісінің лауазымына үміткер адам алаяқтық әрекет пен жалған құжат жасауға байланысты қылмыстық және салық төлемегені үшін, әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған болуы керек. Сондай-ақ өзінің міндетін тиісті деңгейде атқармағаны үшін осы мәселемен тікелей айналысатын мемлекеттік органнан сөгіс және беделді исламдық діни ұйымдар тарапынан оның шығарған шешімдерінің шариғат нормалары мен принциптеріне сәйкессіздігіне байланысты ескертулер алмаған болуы тиісті. **Шариғат кеңесі мүшелерін тағайындау тәртібі**

Шариғат кеңесшілерін тағайындау жөнінде де және олардың біліктілік деңгейіне байланысты қойылатын талаптар мәселесінде де бірінғай стандарт жоқ. Дегенмен осы саладағы тәжірбиені талдай отырып шариғат кеңесшілерін тағайындаудың төрт шартты тәсілін атап көрсетуге болады:

- Жалпы жиналыстың шешімімен тағайындау;

- Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындау;

- **Директорлар кеңесінің ұсынысымен жалпы жиналыстың шешімімен тағайындау; Астана халықаралық қаржы орталығына шақырылған Германиялық Hannover ReTakaful сақтандыру компаниясы да шариғат кеңесін осы жүйемен бекітеді. [9]**

- Исламдық қаржы ұйымы ұсынған үміткерді мемлекеттік органның бекітуі (Бахрейн және Пәкістан) .

Шариғат кеңесшілері әдетте үш жыл мерзімге тағайындалады. Мұндай практика «Исламдық қаржы ұйымдары үшін Бухгалтерлік есеп және аудит ассоциациясы» тарапынан да ұсынылып отыр.

Алайда мұндай уақытша шектеу барлық мемлекеттерге бірдей тән емес. Шариғат кеңесшісін орнынан босатуды оны сол лауазымға тағайындаған орган іске асырады . «Дубай ислам банкісі» жарғысының 83 бабында шариғат кеңесі мүшесін лауазымынан босату директорлар кеңесінің тиісті қаулысын шығару арқылы іске асырылады деген ереже қарастырылған. Кейбір елдерде шариғат кеңесі мүшелерін тағайындау тәртібі және олардың саны исламдық қаржы ұйымы жарғысының міндетті нормасы болып табылады.[10] Сонымен қатар шариғат кеңесінің жұмыс ережелері және оның мүшелерінің толық құрамда жиналу тәртібі анықталған. Әдетте шариғат кеңесі мүшелерінің жиналысын кемінде 3 айда бір рет, ал кейбір ислам қаржы ұйымдарында оны апта сайын өткізу қажеттілігі белгіленген. (Кувәйт ислам үйінде).

### **Шариғат кеңесінің құзіреті мен міндеттері**

Шариғат кеңесі:

А) Төмендегідей құжаттарды даярлауға қатысады:

- құрылтайшылар келісім- шартын;

- ішкі құжаттарды;

- банктің жаңа өнімдерін;

- жылдық есеп және тағы басқа да анықтамалық материалдарды;

- банктің стратегиялық (бөлімшелер ашу, PR науқандарын өткізу, нарықтың басқа да қатысушыларын мен қосылып кету т.б.) мәселелерін.

Ә) Исламдық емес дәстүрлі қаржы ұйымдары мен жұмыс істеу тәртібінің ережесі мен аясын анықтайды;

Б) Банктің ағымдағы қызметін және оның бөлімшелерінің белгіленген талаптарды сақтауларын (шариғат аудиті) тексереді;

В) Банктің салымшылары мен қызметкерлерінің , басшылық пен мемлекеттік органдардың талап өтініштеріне жауап береді;

Г) Исламдық қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін мемлекеттік органдар мен сондай-ақ исламдық қаржы индустриясын дамытуға көмектесу үшін басқа қаржы институттарының шариғат кеңестерімен іскерлік қарым-қатынас орнатады;

Ғ) Исламдық қаржы ұйымдарының қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды іске асырады, тренингтер өткізеді;

Д) Банктердің қайырымдылық қорлары мен зекеттен түскен ақшалай қаражатты бөлу жүйесінің дұрыстығын анықтайды;

Е) Шариғат кеңестері өзінің қызметінің барысында жалпы мәселелер бойынша да пәтуалар шығарады.

Мәселемен танысу кезеңінде шариғат кеңесінің мүшелері қойылған проблеманы жан-жақты зерделейді. Қажет болған жағдайда өздері назар аударған қосымша материалдарды сұратуға, сонымен қатар исламдық қаржы ұйымының жекелеген қызметкерлерінен түсініктеме алуға құқылы.

Шариғат кеңесінің мәжілістерінде мәселелерді қарау тәртібі. Бұл кезеңде шариғат кеңесі мүшелерінің пікірлері тыңдалады немесе олардың біреуі шығып сөйлейді. Мәселе қаралып талқыланып болғаннан кейін ескертулер мен ұсыныс тілектер хаттамаланады.

### **Пәтуа шығару тәртібі**

Егер кеңестің барлық мүшелерінің немесе олардың басым бөлігінің пікірлері сәйкес келсе сұраным иесіне пәтуа беру туралы шешім қабылданады. Пәтуада қаралып отырған мәселенің шариғат принциптеріне сәйкестігі немесе сәйкессіздігі нақты көрсетіледі. Бірақ пәтуа шығару барысында оның негіздемелері, қайнар көздері және шешім шығару сатылары толық айтылмайды. [11]

Қазақстанда жоғарыда айтылғандай исламдық банкілер үшін шариғат кеңестерінің қызметін реттейтін заңнамалық базалар әлі қарастырылмаған. Атап айтқанда исламдық банкілерді құру ерекшеліктері мен қызметі ҚР “Банктер және банк қызметі туралы” заңында бекітілген. (Мұнан әрі Заң). Заңның 52-1 бабында шариғат кеңесінің (исламдық қаржыландыру принциптері бойынша) қызмет аясы негіздері реттелген. Заңның 52-2 бабы директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша ислам банкі құрылтайшыларының жалпы жиналысы тағайындайтын, банктің тәуелсіз органы болып саналатын шариғат кеңесін құруды өзіне міндеттейді. Алайда шариғат кеңесінің міндеттерін, қызметін, құзыретін оларды құру тәртібін, сонымен қатар оның мүшелеріне қойылатын талаптарды анықтау банктің құзыретіне жатады.

Біздің пікірімізше құзыретті мұндай заңнамалық деңгейде бөлу туралы көзқарас онша дұрыс емес. Мемлекет ең болмағанда шариғат кеңесшілеріне қойылатын ең төменгі біліктілік деңгейінің талаптарын анықтауға тиісті деп санаймыз. Мәселен жоғары білімнің, сала бойынша жұмыс тәжірибиесінің болуы т.б..

Бұл талаптар барлық исламдық қаржы ұйымдары үшін жалпыға міндетті болуы керек. Басқаша болған жағдайда бұл жауапты лауазымға тиісті білім деңгейі жоқ, кездейсоқ адамның тағайындалуып кетуі мүмкін. Мұндай жағдай өз тарапынан іске асырылып жатқан қаржылық операциялардың исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкес келмеуіне әкеліп соғуы ықтимал. Соның нәтижесінде ең соңында бүкіл исламдық қаржы жүйесіне көлеңке түсіруі ғажап емес. Тағы бір өзекті мәселе толыққанды исламдық кеңесті қаржылай қамтамасыз етіп тұруға жаңадан құрылған ұйымдардың мүмкіншілігі болмады. Осыған байланысты басқа исламдық қаржы ұйымдарының қызметіне жүгінуге мүмкіндік беретін тетіктер жасалуы тиіс. Заңға сәйкес шариғат принциптері бойынша құрылған кеңестің болуы тек акционерлік қоғамдарға ғана тиісті, ал жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (ұсақ несиелер беру ұйымдары, лизингтік компаниялар) нысандарында құрылған басқа қаржы институттарына мұндай талаптар қойылмайды. Осындай дәйектерді ескере келіп бұл саладағы қойылатын талаптарды оңайлату жолымен бір қатар жеңілдіктер беруге болады. Мұндай мәселелерді бірнеше мүшеден тұратын кеңес құрмай-ақ жекелеген шариғат кеңесшісінің шешуіне мүмкіндік беретін жағдай жасау керек.

Сондай-ақ кеңестердің исламдық құнды қағаздарды шығаруға келісім беру тәртібін де анықтау қажет. Себебі бүгінгі күні сукуктарды шығару құжын тек мемлекеттік холдингтер ғана иеленіп отырғандығын ескерсек исламдық құнды қағаздардың бірреттік шығарылымы үшін тұрақты жұмыс істейтін, жеке шариғат кеңесін құру қажеттігі күмән туғызады. Осыған ұқсас проблемалар исламдық инвестициялық қорларда да орын алып отыр. Батыс Еуропа елдеріндегі құнды қағаздар нарығында шариғат талаптарына сәйкестікті анықтайтын арнайы рейтинг жүйесі бар. Бұл рейтингі талаптарын анықтау шариғат кеңесшілерімен бірігіп жүзеге асырылады. Мысалы: «S & P Dow Jones Шариғат индексі» Ratings Intelligence Partners (RI) компаниясымен бірлесе отырып жасалған. Лондон мен Кувейтте жұмыс істейтін аталмыш компания Еуропа инвестициялық нарығында үйлестіруші- кеңесші қызметін атқарады. Ratings

Intelligence Partners (RI) компаниясының 4 мүшеден құралған жеке шариғат кеңесі бар. Еуропа елдеріне арналаған « S&P Europe 350® Shariah» шариғат индексі осы компанияның жұмысының көрсеткіші. [12] Шариғат кеңестерін құру кадрлар жетіспегендіктен қыйындай түсуде. Қазақстанда жоғары талаптарға жауап бере алатын мамандардың да жоқ екендігін атап өту қажет.

Алайда бұл тек Қазақстанның ғана емес сонымен қатар әлемдік деңгейдегі проблема болып табылады. Бұл міндеттерді шешу үшін шариғат кеңестерінің (исламдық қаржыландыру бойынша кеңестер) жұмыстарын реттейтін нормативтік актілерді жасау қажет, оны шет мемлекеттердің озық тәжірибиелеріне сүйенген жұмыс тобын құру арқылы іске асыруға болады. Егер Қазақстан исламдық қаржыландыру саласында аймақтық көшбасшы болуды жоспарласа онда шариғаттық қадағалау саласында өз мамандарын даярлауға қазірдің өзінде ерекше көңіл бөлуі керек. Бұл мәселені шешуде де Еуропа елдерінің тәжірибиесін ескерген жөн. Мысалы 2017 жылы Дүние жүзі бойынша тіркелген 683 исламдық білім беретін мекемелердің 105 Ұлы Британияда орналасқан. Олардың 76-ы курстар деңгейінде болса, 29-ы жоғары білім береді.[13] Бұл проблеманы шетелде оқуға ниет білдіргендер үшін “Болашақ” бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар бөлу жолымен шешуге болады. Олай болмаған жағдайда бұл үдеріс көп уақытқа созылып кетуі мүмкін.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 *Абу Шади Мухаммад. Ислам банктерінің илсам экономикасын қалыптастырудағы рөлі. / -Каир: Эль-Азхар университеті, - шығарылған күні көрсетілмеген. -627 б.*
- 2 *ҚР « Банктер мен банк қызметі туралы заңы» 52-4 бап.*
- 3 *Док. Мухаммад Әбдулғаффар Шариф. Исламдық банктер мен қаржы ұйымдарында шариғаттық бақылау. //Ислам қаржы ұйымдарындағы шариғаттық бақылау халықаралық конференциясы., - Манама, 2010. 8 бет.*
- 4 *Док. Умер Чанра, док. Тарикулла Хан. Ислам банктерін реттеу және қадағалау. /- Джидда, Сауыд Арабиясы, 2000.-416 бет.*
- 5 *Matthias Casper / Asma Ait Allali. Islamic Finance Made in Germany – A Case Study on Kuveyt Türk (KT Bank): Germany’s First Islamic Bank. Preprints and Working Papers of the Center for Religion and Modernity. Münster №15. 2017 жыл. 31бет.*
- 6 *Dr. Hussein M. Rababa’ah, Dr. Yousuf Muhammad Rababa’ah. The Significance of the ISLAMIC Law (Sharia) Supervision of the Islamic Banks: The Jordan Islamic Bank as a Model. / Journal of Islamic Studies and Culture. American Research Institute for Policy Development. June 2016, Vol. 4, No. 1, 167 бет.*
- 7 <https://alsagr.kz/about/team>
- 8 *Matthias Casper. Sharia Boards and Sharia Compliance in the context of European Corporate Governance. The Center for Religion and Modernity (CRM). Munster. 2012. 10 бет.*
- 9 *Hannover Re Takaful Financial Statement 2017. 10 бет. <https://www.hannover-re.com/1236143/hannover-retakaful-2017-signed-fs.pdf>*
- 10 *Док. Файсал Абдулазиз Фарх. Шариғаттық бақылау: шындық пен арман. Унв. Ум- Курра. 34 бет.*
- 11 *Доктор Мохд Дауд Бакар. Шариатские умы в исламских финансах. Астана. 2018 жыл. 54 бет.*
- 12 *S&P Dow Jones Indices: S&P Shariah Indices Methodology. 2018 жыл. 4 бет.*
- 13 *ICD Thomson Reuters Islamic Finance Development Report 2017. 69 бет.*

УДК 327  
ГРНТИ 03.01

Чжунген Пак<sup>1</sup>, Қилыбаева П.Қ.<sup>2</sup>, Нұрбаев Ж.Е.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2 курс магистранты, Астана қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, т.ғ.к., доцент, Астана қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, т.ғ.к., доцент, Астана қ., Қазақстан

## КОРЕЯДАҒЫ МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМ ЖӘНЕ МИГРАЦИЯЛЫҚ DAҒДАРЫС

### Аннотация

Мақалада Оңтүстік Кореядағы миграциялық саясаттың жан-жақты және біртекті емес сипаты сараланады. Республикадағы экономиканың жетекші секторларындағы біліктілігі төмен мамандар және жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі мәселесіне қатысты үкіметтің саясаты - шетелден еңбек ресурстарын тарту және отандық мамандарды елде тұрақтандыру мәселесі қарастырылады. Сондай-ақ, елде қалыптасқан демографиялық дағдарысқа байланысты мәселелер, оңтүстіккореялық мультикультурализм, оның негізінде туындаған әлеуметтік-экономикалық мәселелер қозғалады.

**Кілт сөздер:** Оңтүстік Корея, миграция, мультикультурализм, халықаралық неке, еңбек мигранттары, миграциялық дағдарыс.

Чжунген Пак<sup>1</sup>, Килыбаева П.Қ.<sup>2</sup>, Нұрбаев Ж.Е.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, магистрант 2 курса, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, к.и.н., доцент, Астана, Казахстан

<sup>3</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, к.и.н., доцент, Астана, Казахстан

## МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМ И МИГРАЦИОННЫЙ КРИЗИС В КОРЕЕ

### Аннотация

В статье анализируется разносторонний и неоднородный характер миграционной политики в Южной Корее. По вопросу нехватки высококвалифицированных специалистов и высококвалифицированных специалистов в ведущих секторах экономики в республике будет рассмотрена политика правительства - привлечение трудовых ресурсов из-за рубежа и подготовка отечественных специалистов в стране. Также затрагиваются вопросы, связанные с демографическим кризисом, сложившимся в стране, южнокорейского мультикультурализма и возникшие на его основе социально-экономические проблемы.

**Ключевые слова:** Южная Корея, миграция, мультикультурализм, международный брак, трудовые мигранты, миграционный кризис.

Joongkyung Park<sup>1</sup>, Kilybayeva P.K.<sup>2</sup>, Nurbayev Zh.E.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, 2nd year master's student, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Astana, Kazakhstan

<sup>3</sup>Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Astana, Kazakhstan

## MULTICULTURALISM AND THE IMMIGRATION CRISIS IN KOREA

### Annotation

The article analyzes the diverse and heterogeneous nature of migration policy in South Korea. On the issue of the shortage of highly qualified specialists and highly qualified specialists in the leading sectors of the economy in the country will be considered the policy of the government - attracting labor resources from abroad and training of domestic specialists in the country. The issues related to the demographic crisis in the country, South Korean multiculturalism and the socio-economic problems that have arisen on its basis are also touched upon.

**Key words:** South Korea, migration, multiculturalism, international marriage, labor migrants, migration crisis.

**Кіріспе.** Мультикультурализм – белгілі бір елдегі әр түрлі халық пен ұлттар арасындағы түрлі мәдениеттердің бірлесе өмір сүруі. Бұл иммигранттар қоғамын құрайтын елде қолданылатын ұғым.

Мәдениеттің артықшылығын жасырмай, сол қалпында қабылдай отырып, өзара адамзат үйлесімділігіне қол жеткізуден туған үміттен бастау тапты. Әртүрлілік маңызын тапқан адамзат қоғамында түрлі мәдениет пен таным біріктірілсе, бұдан жақсы болашаққа жол ашатын жаңа мәдениетті қалыптастыратын керемет үмітке негізделген қолайлы жағдай. Бірқатар мәселелердің нәтижесінде батыс елдерден бастау алатын мультикультурализм бойынша кездесулердің саны көтеріле бастады. Әсіресе, босқындардың өлімі катализатор болды, осылайша, АҚШ пен Еуропада мультикультурализмге қарсы тұрған өте шеткі немесе балама құқық ретінде жіктелген ұлтшыл топтар халық тарапынан қолдау тапты.

Алайда, Корея мемлекеті мен бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын мультикультурализм тұжырымдамасы батыс елдердегі және пән ретінде оқылуынан әлдеқайда айырмашылығы бар. Кореядағы мультикультурализм сырттан келгендерді қазіргі мәдениетке бейімдеу үшін ассимиляцияға жақындығы көрінеді. Тарихи тұрғыдан алғанда, Корея мемлекеті шетелдік мәдениетке аз уақыттың ішінде ұшырауына қарамастан, ұлттық бірегейлігімен және бірыңғай ұлттық сәйкестігімен ерекшеленеді. Сондықтан, мультикультурализмге қатысы бар алуан түрлілікті қабылдаудың орнына, оны Корей қоғамымен байланыстыруға тырысады және келіспеушілік көрсетеді [1].

**Корея республикасындағы неке мигранттарының жағдайы.** Оңтүстік Кореяда азиялық елдерден келетін еңбек және некелік мигранттар санының қарқынды өсуі нәтижесінде халықтың жалпы санының 2%-і шетелдіктер үлесіне тиеді.

Моноэтникалық мемлекет елдегі туудың төменгі деңгейі мен демографиялық мәселелерді, халықтың картаюы, ұл баланың тууына артықшылық берілуіне байланысты потенциалды қалыңдықтардың жетіспеуі мәселелерін шешу үшін мультикультурализм саясатын белсенді түрде жүргізіп жатыр.

Кореялықтардың негізінен жоғары білімділігіне орай және мамандықты қажет қылмайтын жұмыс орындарында жұмыс істегісі келмейтіндігі себепті, арзан жұмыс күштерін қажет орындарда (лас, қиын, қауіпті) жұмысшылардың қажеттілігі еңбек мигранттарына, негізінен Азиядан келетін ер адамдарға есік ашты.

Қарқынды индустрияландыру, урбанизация және ұл баланың тууына қатысты дәстүрлі көзқарастардың нәтижесінде қалыптасқан жыныстық дисбаланс Оңтүстік Кореяның неке нарығында ауыл тұрғындары үшін, сондай-ақ қала халқының төменгі әлеуметтік топтарының өкілдері үшін қалыңдықтың тапшылығын тудырды.

2000 жылы халықаралық некелердің үлесі 3,5% (11 605 адам) болды, ал 5 жылдан кейін ол 4 есе өсті және 13,5%-ті құрады. Кейінгі жылдарда мұндай некелердің үлесі 10% деңгейінде тұрақтылықты ұстап тұрды (2006 жылы - 11,7%, 2007 жылы - 10,9%, 2008 жылы - 11,0%, 2009 жылы - 10,8%, 2010 жылы - 10,5%, 2011 жылы - 9,0%) [2].

Алдыңғы кезеңдерге қарағанда некенің құрылымында айтарлықтай өзгерістер болды. Әдетте, мигранттармен некеге тұру, көбінесе корейлік ерлер мен шетелдік әйелдердің некелерінен тұрды. 2000 және 2001 жылдары мигранттардың некелерінде әйелдер 59,8% сәйкесінше 66,7% болды. 2002 жылдан бері корейлік ерлерге үйленген әйелдердің үлесі 70%-дан асады. Шетелдік әйелдердің мигранттармен некеге тұруына ең жоғары үлесі 2008 жылы байқалды (77,8%). Егер бұрынырақ халықаралық некелер «шетел азаматы - корей әйелі» құрылымымен сипатталса, шетелдік серіктер - батыс елдерінің АҚШ, Жапония, Германиялық ер адамдар болса, 1990 жылдардың соңынан бері некелер «Корейлік ер және шетелдік әйел» құрылымында болды. Соңғы жағдайда, әйелдер Кореяға қарағанда дамуы төмендеу «Қытай, Филиппин, Вьетнам, Таиланд» сияқты елдерден келгендер. 2000 жылдардың басынан бастап посткеңестік елдерден (Ресей, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан) келген әйелдермен некелесу жиі байқала бастады. Нәтижесінде, түрлі мәдениетті (мультикультурализм) отбасының үлгісі қалыптаса бастады, миграцияның «гипергамия» теориясына сәйкес, Кореяда жұмыс істейді делінген дамушы елдерден келген қалыңдықтар бай елдердегі (Жапония, Тайвань, Оңтүстік Корея) мәртебесі төмендеу ер азаматтарға тұрмысқа шығады.

2000 жылдың ортасынан бастап кері айналмайтын үдеріс ретінде еңбек және неке-мигранттардың көлемінің артуы Оңтүстік Кореядағы (Оңтүстік Корея тек корейліктер үшін) моноэтникалық неке туралы дақыртты жоққа шығарды. 2012 жылы Кореяда тұратын 15–тегі және одан да жоғары жастағы шетелдіктердің саны 1 млн. 114 мың адамды құрады.

Шетелдік жұмыс күші мен некелік мигранттар ағыны нәтижесінде Корея көп мәдениетті кеңістікке енудің үрдісін бастан кешті. Саяси, академиялық топтар арасында, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында Кореядағы мультикультурализм туралы пікірталастар өріс алды.




Мемлекеттің көпұлтты интеграциялық моделді қабылдауы, оның шетелдік этникалық мигранттарға ашық және олардың интеграциялануы үшін жағдай туғызуға жауапты екенін білдіреді. Сондықтан, мультикультурализм тұжырымдамасын қалыптастырудың бастапқы кезеңінде оның негізгі міндеті, азшылықтардың және ұлттық көпшіліктің тең мәртебесін, олардың мәдениетін сақтау мен дамытуда тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз етудің құқықтық және саяси жағдай құру болды. Көп мәдениеттікті жүзеге асыруда жетекші рөл мемлекеттің және оның институттарының құзырында. Корей үкіметі мультикультурализм айрықша саяси бағдарлама ретінде мемлекеттің шетелдіктерге қатысты саяси және құқықтық, әлеуметтік және мәдени шаралар жүйесін жүзеге асырудағы бастамашылық саясатын, сонымен бірге ұлттық көпшіліктің мәдениеті мен тіліне қатысты бағдарламаларды жүзеге асыруда теңгерімді сақтау керектігін түсінді.

The States participating in the Great Silk Road project do not intend to introduce discriminatory measures in relation to trade, movement of capital, goods and services. In order to ensure free trade and investment, the project’s participating States will begin a phased liberalization of the terms of trade, reciprocal trade and investment. Trade liberalization and investment will be carried out taking into account international principles and standards by harmonizing the legislation of the countries participating in the Great Silk Road project. In the process of trade liberalization, the countries participating in the project will be guided by the principles of optimizing domestic regulation, the need and sufficiency of the levels of harmonization of legislation of the countries participating in the project, with examples of mutual benefit and economic feasibility.

Another 100 billion yuan will be contributed to the Silk Road Fund. Funds will be encouraged to conduct overseas operations in yuans . According to preliminary calculations, their volume will be equal to approximately 300.0 billion yuan. The State Development Bank of China and the Import-Export Bank of China provided loans in yuans in the amount of 350 and 130 billion yuan, respectively, for projects within the Great Silk Road [4]. China also cooperates with the Asian Infrastructure Investment Bank, the new development banks BRICS and the World Bank. Together with these banking structures, guidelines for financing the Great Silk Road project have been defined. The International Financial Center Astana (AIFC) is open and functioning in Kazakhstan.

The Eurasian Economic Union is developing principles for a coherent monetary policy:

1. Phased implementation of harmonization and convergence of approaches to the conduct of monetary policy.
2. Creating the necessary organizational and legal conditions at the national and interstate levels for the development of integration processes in the monetary sphere, coordination and coordination of monetary policy.
3. Non-use of actions in the monetary sphere, which may adversely affect the development of integration processes.
4. Conducting economic policies aimed at increasing confidence in the national currencies of member states in the domestic foreign exchange market of each member state and in international foreign exchange markets.

In the political sphere for 2013-2017, it was already possible to coordinate with such countries as Russia - interfacing with the EAEU, Kazakhstan - interfacing with the Kazakhstan program "Nurly Zhol", Turkey - interfacing with the project "Central hallway", Mongolia - the "Development Path ", Vietnam - the project "Two hallways - one circle ", the UK - the strategy of "Northern Power house ", Poland - the plan "Amber Way". Work is also underway on the harmonization of policies with Laos, Cambodia, Myanmar, and Hungary. China has signed a cooperation agreement with more than 40 countries and international organizations, and more than 30 countries have strengthened cooperation in the field of production capacity.

The Great Silk Road is a road connecting different civilizations. This road leads to the fact that in the relations between different civilizations there is an interchange between cultures. There are conditions for the knowledge of each other, mutual understanding, mutual respect and mutual trust between nations.

In the process of implementing the initiative, a mechanism of cultural and interpersonal exchanges is being established, more platforms for cooperation are being created, and channels are being opened for profitable cooperation. Cooperation in the field of education is being strengthened, student exchange is developing, schools with joint management are being created. Analytical centers, on the basis of which networks and partnerships are created, are beginning to play an increasing role. New models of cooperation in culture, sports and healthcare are being formed. Relations in the knowledge of the cultural and historical heritage are developing. Tourist networks are being created to learn the cultural characteristics of countries and peoples. Exchanges are being established between non-governmental organizations from different countries, as well as between women's organizations, youth organizations that pursue the goal of inclusive development.

The international project “Great Silk Road” implies the strengthening of friendly relations and cooperation with all countries participating in this project. It will be possible to share experiences in the methods of development, without interfering in the internal affairs of the country. It will be possible to build a new model of mutually beneficial cooperation based on harmonious development.

Within the framework of the Great Silk Road project, agreements on practical cooperation with many countries will be concluded. These agreements cover transport, infrastructure, energy projects, projects in the field of telecommunications, and also include plans for the further development of relations in the field of economy and trade and industry.

The project of the New Silk Road acquires an ecological coloring. China emphasizes the “Green” character of the New Silk Road and is going to take an active part in all future climate conferences. This is evidenced by the “Beautiful China” environmental project, launched at the 19th CPC Congress, the goal of which is to ensure the harmonious synergy of man and nature, modernization should not only create more material and spiritual benefits to meet the growing needs of people in a wonderful life, but also provide more quality environmental products to meet the growing needs of the people in a healthy environment [5].

In our opinion, the modern New Silk Road will fundamentally change the world outlook of nations, unite the community of views, bring religion closer, strengthen cultural ties. At the same time, the solution of existing problems in the implementation of this project requires targeted political support from individual states and international organizations capable of creating a peaceful and good-neighborly environment, without which the normal functioning of such complex technological communication systems becomes almost impossible.

*References:*

1. *Negmatov, N.N. From the most ancient Aryan globalization of Eurasia to the modern integration of the World community / N.Negmatov // National interests and security policy of the states of Central Asia in the context of globalization. - Dushanbe, 2006.-p.14-18*
2. *Economic development strategy "" One belt - one way "" / RIA Novosti / [Electrons resource] Access mode: <http://ria.ru>.*
3. *Aldubasheva Zh.M. US foreign policy in Central Asia ... diss. for the degree of Dr. Phil. Science (Ph.D.), Almaty, 2013*
4. *"One belt, one way." The main theses of speech Xi Jinping / [Electron resources] Access mode: <https://inosmi.ru>*
5. *Xi Jinping: it is necessary to speed up the reform of the ecological civilization system, to build a "beautiful China". [Electron resources] Access mode: <http://russian.news.cn>*

*Оспанова Алия Абдужапаровна<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, PhD доктор, доцент м.а.*

*Рустамбекова Мухаббат Ерубаетна<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, п.ғ.к., доцент м.а.*

## **ТУРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ - АҚШ-НЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСІ РЕТІНДЕ (XX ҒАСЫРДЫҢ 50-60 ЖЫЛДАРЫ)**

Мақалада XX ғасырдың 50-60 жылдардағы Туркия мен АҚШ арасындағы саяси, экономикалық-әлеуметтік байланыстарға тоқталу арқылы «американдық көмек» ұғымының астарына тоқталынған. «Американдық көмектің» Туркия экономикасына ықпалы қандай ? деген сұраққа анық статистикалық мәліметтер арқылы жауап беруге тырыстық. Туркияда Екінші Дүние Жүзілік соғыстан кейінгі ел ішіндегі саяси жағдайларды объективті түрде қарастыруға тырысқан ағылшын ғалымы Дж. Льюис болды. Оның «Қазіргі заман ұлттары» сериясы бойынша шығарылған «Туркия» атты еңбегінде Туркия Республикасындағы XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы ішкі саяси өзгерістердің бірқатар себептерін өзара байланыстырды, басты себеп ретінде түрік ұлттық буржуазиясының мемлекеттік капитализм саясатын жүргізуге қарсылығын атап өткен.

**Кілтті сөздер:** серіктестік, этатизм, реформа, «американдық көмек», экспорт, импорт, несие.

Оспанова Алия Абдужапаровна<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Международный казахский-турецкий университет им.Х.А.Ясави, PhD доктор, и.о. доцент

Рустамбекова Мухаббат Ерубаетна<sup>2</sup>

<sup>2</sup>Международный казахский-турецкий университет им.Х.А.Ясави, PhD доктор, и.о. доцент

## ТУРЕЦКАЯ РЕСПУБЛИКА КАК СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ПАРТНЕР США (50-60-Е ГОДЫ 20-ГО ВЕКА)

### Аннотация

В статье основное внимание уделяется понятию «американская помощь», касающемуся политических, экономических и социальных отношений между Турцией и США в 50–60-е годы двадцатого века. Какое влияние оказывает «Американская помощь» на турецкую экономику? Мы попытались ответить на этот вопрос с помощью четких статистических данных. Английский ученый Джордж У., который пытался объективно рассмотреть политическую ситуацию в стране после Второй мировой войны во Второй мировой. Это был Льюис. Его работа, опубликованная в серии «Современные нации», взаимосвязала ряд причин внутривнутриполитических изменений в Турции в 50–60-х годах двадцатого века как основную причину возражений турецкой национальной буржуазии на проведение политики государственного капитализма.

**Ключевые слова:** партнерство, eatizm, реформа, «американская помощь», экспорт, импорт, кредит.

Ospanova Aliya Abduzhaparovna<sup>1</sup>

<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University named after Kh.A.Yasavi, PhD doctor, acting assistant professor

Rustambekova Muhabbat Erubaevna<sup>2</sup>

<sup>2</sup>International Kazakh-Turkish University im.H.A.Yasavi, PhD doctor, Acting assistant professor

## REPUBLIC OF TURKEY AS A STRATEGIC PARTNER OF THE UNITED STATES (50-60S OF THE 20TH CENTURY)

### Annotation

The article focuses on the concept of "American assistance", relating to the political, economic and social relations between Turkey and the United States in the 50s – 60s of the twentieth century. What impact does American aid have on the Turkish economy? We tried to answer this question with clear statistics. English scientist George W., who tried to objectively consider the political situation in the country after World War II in World War II. It was Lewis. His work, published in the "Modern Nations" series, interlinked a number of reasons for domestic political changes in Turkey in the 1950s – 1960s as the main reason for the objections of the Turkish national bourgeoisie to the pursuit of state capitalism.

**Keywords:** partnership, eatizm, reform, "American aid", export, import, credit

Этатизм саясаты төңірегіндегі шиеленістер елдегі ішкі саяси сипаттағы шиеленістермен толықтырыла түсті. Ірі саудагерлер мен кәсіпкерлер елдегі бірпартиялы жүйені одан әрі сақтаудың тиімсіздігін дәлелдеуге тырысты. Елдегі сөз бостандығы мен демократиялық нормаларды қалыптастыру үшін- оппозициялық партиялардың іс-әрекеттерін заңдастыруды талап етті. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Туркия реформаларды қажет етті.

Екінші Дүние Жүзілік соғыс жылдарында Туркия Германиямен соғыс жағдайында болмақ түгілі Германияның жақтасы және одақтасы болғанына қарамастан 1941 жылдың соңында АҚШ Туркияда ленд-лиз туралы заңды таратты. 1942-1943 жылдары соғыста Германия мен оның жақтастары жеңілетіндігі байқалғаннан кейін Туркия АҚШ-мен жақындасу саясатын бастады. 1943 жылы Каирде АҚШ мен Туркия президенттерінің кездесуі өтті, осы кездесуден кейін екі елдің арасындағы тығыз қарым-қатынастың негізі басталды десек болады. Екінші дүние жүзілік соғыстан бай, бақуатты экономикалы ел болып шыққан АҚШ бүкіл антифашисттік одақ елдерінің арасында экономикалық-қаржылық жағынан көп «пайда» тапқан, «кеңген» елге айналды. Соғыстан кейін бүкіл әлемдік саяси және әскери орталық Еуропадан АҚШ-на ауысты. Осы жағдайды өзінің экономикалық-әлеуметтік қиындықтары мен шиеленістерін шешу мақсатында Туркия АҚШ-мен байланысты нығайтуына себеп болды.

1947 жылы наурыз айының басында Туркия билеушілері АҚШ-нан арнайы түрде көмек сұрады. Мұхиттың арғы жағындағы өзінің экономикалық, саяси, идеологиялық және әскери күш-қуатын арттырған АҚШ Туркияға көмектесуге келісті. Туркияға көмектесуіне себеп болған екі себепті атап өтейік:

**Біріншіден**, АҚШ өз кезегінде Кеңестер Одағымен көршілес жатқан капиталистік елдермен қызықты;

**Екіншіден**, Туркия табиғи байлыққа мол мемлекет болатын, осы жәйтті АҚШ өз капиталы мен тауар экспорттарын молайту мақсатында пайдаланғысы келді.

1947 жылдың 12 наурызында АҚШ президенті Трумэн Грекия мен Туркияға әскери көмек көрсету туралы конреске жолдау жасады. «Трумэн доктринасы» жарияланғаннан кейін Туркиядағы ҰРП (Ұлттық-республикалық партиясы) мен ДП (Демократиялық партия) арасындағы партияаралық талас-тартыс тіпті ушыға түсті. ҰРП да, ДП да АҚШ билеуші топ өкілдерінің қолдауын табуға асықты:

ҰРП-АҚШ қолдауы арқылы өз билігін сақтап қалуды көздесе;

ДП-АҚШ қолдауы арқылы билікке келуді көздеді. ДП лидерлері АҚШ-ның Туркияға әскери көмек көрсету туралы ұмтылыстарын жан-жақты мақтау арқылы өз ілтипаттығын блдірді. Баяр былай жазады: «АҚШ түрік халқының маңыздылығын өз дәрежесінде бағалай алды, өйткені Туркия Таяу Шығыстағы, сондай-ақ бүкіл әлемдегі басты, маңызды фактор. Біз Трумэннің ұсыныстарын үлкен рахметпен және құрметпен қарсы аламыз». Сонымен қатар Демократиялық партия ҰРП қарсы кең көлемдегі оппозициялық іс-әрекеттерді жан-жақтан ұйымдастырды, түрлі баспасөз жиындарын, митингтер мен аты-шулы парламенттік пікір-таластар өткізді. ДП шыққан депутаттар көбінесе мәжіліс залынан шығып кету әдетін қолданды, жергілікті сайлауды байкоттауды да әдетке айналдырды. Халықтың назарын өзіне аудару мақсатында үкіметтің ішкі саясатқа қатысты жүргізіп жатқан барлық шараларын сынға алып отырды.

Дегенмен де, Мендерес үкіметі қалыптасудан алдын-ақ Мендерес пен Баяр ҰРП-ның сыртқы саясатын жан-жақтан қолдады. ҰРП-ның Еуропа мен АҚШ елдерімен тығыз экономикалық-саяси байланыстарын қолдады, КСРО мен «дұшпандық» қарым-қатынасты жүргізуді де дұрыс деп санады.

1950 жылғы сайлаудағы ДП жеңісі туралы АҚШ билеуші топ өкілдері де қолдау мәліметтерін жариялады. Мысалы сенатор Фулбрайт мәжіліс сайлауы ел өміріндегі басты оқиға болып табылатындығын, ДП билікке келуімен Туркияда демократия орнатылады деп санады.

1947 жылы 12 шілдеде Туркия мен АҚШ арасында «Трумэн доктринасының» негізінде бірінші әскери көмек көрсету туралы келісімге келген соң екі елдің арасында Туркияға әскери, экономикалық, техникалық және басқа да көмек түрлерін көрсету туралы келісімдердің бірнешеуіне қол қойылды. Сондай-ақ АҚШ Туркияны бірқатар әскери блоктарға енуіне септігін тигізді, оларға:

- Солтүстік-Атлант (1952 жылдың ақпан айы);
- СЕНТО (бұрынғы Бағдат пакті, 1955 жылдың ақпан айы);
- Екі жақты әскери келісім-шарт (1959 жылдың 5 наурызы).

Туркияға көрсетілген американдық әскери және экономикалық көмектің түрлерін келесідей ажыратуға болады:

- Қайтарымсыз қаражаттар;
- Несилер;
- Займдар;
- Техникалық көмек көрсету;
- Ауылшаруашылық саласына техникамен, қаражаттай көмектесу [1, 20 б].

Туркиялық және американдық баспасөз беттерінде Туркияға көрсетілініп жатқан «американдық көмек» туралы экономистер мен мемлекеттік қызметкерлердің түрлі мақалалары да жарияланып жатты. Дегенмен де бұл дәл айғақты мәліметтер емес. Осы мәселені, яғни Туркияға көрсетілген «американдық көмектің» көлемін анықтауға тырыстық.

1945-1952 жылдардағы, яғни Мендерес үкіметінің билік басына келерден алдыңғы және билік құрған алғашқы жылдарындағы американдық-түрік қарым-қатынастары мәселелері аз зерттелген. Сол кезеңдегі АҚШ Туркия Республикасына ықпалы және АҚШ-Туркия тығыз қарым-қатынасына деген мұсылман қоғамының көзқарастары (реакция) анықталмаған. Мендерес үкіметі тұсында жасалған экономикалық-әлеуметтік және саяси реформалар туралы әр тарихшының өзіндік пікірлері бар, біраулері Мендерес үкіметін Туркия Республикасының толық нарықтық қатынастарға өтудегі «бастаушы» үкімет десе, кейбір ғалымдар Мендерес үкіметі реформаларын «тездетілген», «асығыс» шаралар болды, әрі тиімсіздігімен, нәтижесіздігімен ерекшеленген реформалар деген пікір айтады. Мақала тақырыбының өзектілігін ескере отырып, мақаланың тақырыбы одан әрі кеңінен зерттеуді қажет ететіндігін байқаймыз.

Шетелдік зерттеулердің еңбектерін саралау арқылы келесі ғалым-тарихшыларды ерекшелей аламыз, түрік авторлары- Али Фуад Башгиль, Накы Джеват Аккерман, Тарик Тунай, О. Дж. Сардж, А. Хамди, батыс елдерінің зерттеушілері-Дж. Льюис, П. Кальвокоресси, Морган Филипс, С. Хантингтон, З. Бжезинский.

Ауқымды мағлұмат беретін түрік профессоры Али Фуад Башгильдің «1960 жылғы Туркиядағы әскери төңкеріс» атты монографиясы ерекше көзге түседі. Өз еңбегінде автор Демократиялық Партияның қызмет ету барысындағы кемшіліктері мен қиындықтарына баса назар аударады. Автор Демократиялық Партияның табыс әкелмеген саясатын ақтауға тырысты.

Туркияда Екінші Дүние Жүзілік соғыстан кейінгі ел ішіндегі саяси жағдайларды объективті түрде қарастыруға тырысқан ағылшын ғалымы Дж. Льюис болды. Оның «Қазіргі заман ұлттары» сериясы бойынша шығарылған «Туркия» атты еңбегінде Туркия Республикасындағы ХХ ғасырдың 50-60 жылдарындағы ішкі саяси өзгерістердің бірқатар себептерін өзара байланыстырды, басты себеп ретінде түрік ұлттық буржуазиясының мемлекеттік капитализм саясатын жүргізуге қарсылығын атап өткен.

Американдық саясатшы С. Хантингтон мен З. Бжезинский Туркияны аумақтық басты саяси ойыншы ретінде стратегиялық саяси дамуын төмен бағалады. Саясатшылардың пікірінше Туркия АҚШ үшін каспий-ортаазия ауданында негізгі плацдармы ретінде, Кавказдағы исламдық фундаментализмді шектеуші ел ретінде, сондай-ақ Балқан түбегінде саяси тұрақтандырушы ролін атқарған мемлекет ғана болды деп санайды.

Түрік тіліндегі монографияларды саралайтын болсақ бір ерекшелікке тап боламыз. 1950-1960 жылдар тарихын баяндауда түрік тілді авторлар сол кезеңдегі елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын бізге жеткізуді жөн көрмейді (басым көпшілігі), барлық дерлік тарихшылар, зертеушілер 1950-60 жылдар туралы хабарлама жеткізгенде сол кезеңдегі Туркияның сыртқы саясаты, елдің геосаяси саладағы орны, сол кезеңдегі саяси өзгерістерге баса назар аударады. Мысалы, Накы Джеват Аккерман өзінің «Туркияның демократиялық дамуы мен саяси партиялары туралы қысқаша мағлұматтар» атты еңбегінде елдегі қалың бұқараның наразылығын тудырған келесі заңнамалар туралы баяндайды, ол заңнамалар: бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң, полиция туралы заң, шаруаларды жермен қамтамасыз ету туралы заң, ауыл аймақ мектебі туралы заң, жеке мүлікке салық салу туралы заң және т.б. Дегенмен де, автор халық осы заңдарға қарсы тұрды немесе наразылық білдірді деген тұжырымдама бергенімен, түрік қоғамының қайсы класы (табы) аталмыш заңдарға қарсылық білдіргенін анықтап бермеген[2,56 б].

«Нью-Йорк таймс» мағлұматтары бойынша АҚШ-ның Туркияға жіберілген арнайы көмегі 1945 жылдың 1 шілдесінен 1960 жылдың 30 шілдесі арасында 1924700000 долларды құраған, АҚШ-ның басқа мемлекеттерге жұмсайтын әскери көмегінің 7 %. 1960 жылдың тамыз айында Туркиядағы АҚШ елшісі Ф. Уоррен Туркияға жасалынатын (жасалынған) американдық «көмек» туралы арнайы мәлімдеме жасады. Елшінің мағлұматтары бойынша Туркияға көрсетілген 12 жылдық көмектің (1948 жылдан басталған) көлемі төмендегідей:

- Әскери көмек ретінде-1878300 мың доллар (қайтарымызсыз қаражат);
- Экономикалық көмек-628000 мың доллар (қайтарымызсыз қаражат);
- Несие-150000 мың доллар;
- Техникалық көмек-29214 мың доллар;
- Ауылшаруашылық тауарлары ретінде американдық көмек-200 000 мың доллар.

Кесте-1. 1948-1960 жылдары АҚШ-ның Туркия Республикасына жасалған «американдық көмектің» көлемі (1960 жылдың тамыз айында Туркиядағы АҚШ елшісі Ф. Уорреннің мәліметі бойынша)

р/с	«Көмектің» түрі	«Көмектің» көлемі	«Көмектің» сипаты (қайтарымызсыз/қайтарымды)
1	Әскери көмек	1878300 мың доллар	қайтарымызсыз
2	Экономикалық көмек	628000 мың доллар	қайтарымызсыз
3	Несие	150000 мың доллар	қайтарымды
4	Техникалық көмек	29214 мың доллар	қайтарымды
5	Ауылшаруашылық тауарлары ретінде американдық көмек	200 000 мың доллар	қайтарымды

Ескерту. Статистикалық мағлұматтар 1960 жылы, 25 тамызда «Ақшам» газетіне жарияланған Туркиядағы АҚШ елшісі Ф. Уорреннің мәліметі бойынша жасалынған



Сонымен қатар, Туркия «көмек» пен несиелер түрлерін АҚШ ықпалында болған келесі экономикалық ұйымдардан алды:

-Реконструкциялау және дамытудың халықаралық банкі (Международный банк реконструкции и развития-МБРР);

- Халықаралық валюталық қор (Международный валютный фонд-МВФ);

-Экспорт-импорт банкі (ЭИБ).

Осы ұйымдар арқылы Туркияның алған қарыздары төмендегідей:

1.Халықаралық валюталық қорынан Туркия 1957 жылдың қараша айындағы мағлұматтар бойынша 48,5 млн. доллар пайызсыз несиеленсе, 21,5 млн. доллар «белгілі бір шарттар бойынша» несиеленсе;

2. Реконструкциялау және дамытудың халықаралық банкі мен Экспорт-импорт банкінен Туркия 1959 жылдың 1 шілдесіндегі мағлұматтар бойынша 58,5 млн. доллар пайызсыз несиеленсе, 24,2 млн. доллар «белгілі бір шарттар бойынша» несиеленсе [3,60 б].

Осылайша, 1945-1960 жылдар аралығындағы Туркияға берілген (жіберілген, жұмсалған) американдық «көмектің» жалпы көлемі 3. 084. 614. 000 долларды құраған.

Кесте-2. Экономикалық ұйымдар арқылы алынған Туркияның қарызы (1959 жылғы мәлімет)

р/с	Экономикалық ұйымның атауы	Несие көлемі (пайызсыз несиеленсе)	Несие көлемі (пайызы бар)
1	Халықаралық валюталық қор (Международный валютный фонд-МВФ)	48,5 млн. доллар	21,5 млн. доллар
2	Реконструкциялау және дамытудың халықаралық банкі (Международный банк реконструкции и развития-МБРР)	58,5 млн. доллар	24,2 млн. доллар
3	Экспорт-импорт банкі (ЭИБ)		

Ескерту. Статистикалық мағлұматтар 1960 жылы, 25 тамызда «Ақсам» газетіне жарияланған Туркиядағы АҚШ елшісі Ф. Уорреннің мәліметі бойынша жасалынған

Туркия экономикасы модернизациялауда американдық экономикалық көмектің маңыздылығы бар еді. Американдық көмекті тек бір жақты «теріс» жағымен ғана қарастыруға болмайды. Американдық көмектің нәтижесінде:

-мемлекет феодализмнің қалдықтарын жоюға мүмкіндік алды;

-мемлекеттік сектордағы этатизммен күресуге көмектесті;

- жеке кәсіпкерліктің қалыптасуына жол ашты;

-нарықтық қоғамға өтуге мүмкіндік алды.

Дегенмен де «американдық көмек» астарында АҚШ Туркияға экспортталған тауарларынан қол жеткізген пайдасы одан да көбірек.

Сол жылдары этатизмнің болашағы, мемлекеттік капиталдың ахуалы түрік және шетелдік теоретиктерді мазалаушы мәселелердің біріне де айналып үлгерген еді. көрнекті түрік экономисті Осман Окьяр сол кезде былай деген тұғын: «либерализация ұраны және либерализация туы 1946 жылы ДП құрылған сәтте көтерілген болатын. Билікке келген ДП, Мендерес үкіметі 1950 жылдардың басында либерализация саясатын ішкі және сыртқы саудада жүргізуге тырысты. Бірақ 1952 жылдың қыркүйегінен кейін бұл саясат кейінге қалдырылды, барлық экономика саласында мемлекеттің араласуы талап етілді, жаңа МЭҰ (Мемлекеттік экономикалық ұйымдар, ГЭО-государственные экономические организации) ұйымдастырылды». Либералды ағым да өзгерді, сыртқы сауда режимі мен шетелдік капиталға қатысты заңнамаларға көзқарастар да өзгерілді. Туркияның өзін-өзі қамтамасыз етуге қатысты идеялары, шетелдік капитал қауіпті деген идеялар өзгере бастады. Сондықтан Маршалл жоспарына негізделген экономикалық көмекті түрік зиялы қауымы оң қабылдады.

Мендерес үкіметі тұсындағы сауда серіктестері көрсетілген келесі кестеден Туркиямен тығыз қарым-қатынас жасау арқылы АҚШ қаншалықты деңгейде пайда тапқандығын американдық импорттық тауарлардың пайыздық көрсеткіштерінен байқай аламыз (кесте-3).

Кесте-3. 1957-1966 жылдары Туркия импортындағы елдердің үлесі (%)

р/н	Мемлекеттің атауы	1957 ж	1958 ж	1959 ж	1960 ж	1961 ж	1962 ж
1	АҚШ	30,7	27,9	26,3	25,8	27,5	29,1
2	Батыс Германия	11,2	14,4	16,9	21,0	16,7	17,1
3	Ұлыбритания	7,7	7,2	11,0	11,3	13,2	11,3
4	Италия	9,2	10,6	7,1	6,4	8,4	5,4
5	Франция	3,2	2,9	3,7	3,5	3,5	4,6
6	Жапония	0,4	0,3	0,4	1,0	2,6	2,7
7	Иран	0,3	0,0	0,6	0,0	0,5	2,2
8	Голландия	1,2	1,6	3,0	2,6	2,4	1,9
9	Чехословакия	6,1	3,9	2,7	1,5	2,3	1,9
10	Австрия	1,1	1,5	3,3	2,1	1,6	1,7

Дерек көзі: Iktisadi Rapor 1963

Турколог, экономика ғылымдарының докторы Г.И. Старченковтың еңбектерінде Туркия мен АҚШ одақтастығының нәтижесінде ХХ ғасырдың 50-70 жылдарындағы Туркия экономика саласының дамуы қарастырылған. Автор Туркияның әскери істер мен әскери өндіріс саласын дамытуда Туркия және АҚШ арасындағы экономикалық және стратегиялық одақтастықтың ерекше маңыздылығына назар аударады. Автор Туркия мен АҚШ арасындағы әскери одақтастықтың нәтижесінде Туркия Еуразия геосаяси кеңістігінде өз позициясын күшейту мүмкіндігіне ие болды деп санайды [4, 40 б].

Туркияның экономикалық және қаржылық жағдайы «нашарлаған» сайын «американдық» капитал мен «американдық» инвестиция шетелдік капиталды тарту мақсатында шығарылған түрік үкіметінің алдыңғы заңдары мен кепілдемелеріне қанағаттанбауды бастады. АҚШ үкіметінің қысымымен 1959 жылы қаңтар айында Туркия Республикасының мәжілісі Инвестиция туралы келіссөздерге өзгерістер енгізілді, ол бойынша американдық инвестициялық мүлікке кепілдемелер берілді, американдық инвестицияға қатысты мәселелерді Туркия соты емес АҚШ үкіметі немесе Халықаралық Сот шешу көзделді. Бұл келіссөз мерзіммен шектелген жоқ. 1959 жылдың шілде айында Туркияға экономикалық көмек көрсету және ФРГ кәсіпкерлеріне экономикалық жеңілдіктер мен қолдау көрсету бойынша келісімге қол қойылды.

Американдық экономикалық және техникалық «көмектің» жартысынан көбісі, сондай-ақ халықаралық банктер мен қаржы корпорацияларының қаржылай көмектерінің басым көпшілігі стратегиялық маңыздылығы басым темір жол, шоссе, аэродром, порттар құрылысына жұмсалғандықтан, бұл көмектің көпшілігін әскери «көмек» деп қарастырған жөн [5, 50 б].

АҚШ-ның Туркияға әскери, экономикалық және техникалық «көмек» көрсетуінің өзі Туркияның американдық сыртқы саясатта қандай маңызды рөлде болғандығын байқаймыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Гасратян М. А., Орешкова С. Ф., Петросян Ю. А. *Очерки истории Турции.* – М.: Наука, 1983. – С. 182.
2. Ю. Ульченко, Н.М. Мамедова. *Особенности экономического развития современных мусульманских государств (на примере Турции и Ирана)* - М.: ОАО «Издательский дом «Городец»», 2006. С.139.
3. Масумова Н.Р. *Развитие инноваций как фактор обеспечения устойчивого развития экономики Турции (тезисы доклада) // Устойчивое развитие территорий: проблемы и пути их решения. Материалы международной научно-практической конференции Днепропетровского регионального института государственного управления.* - Днепропетровск: ДРИГУ. - 2010. - С. 146-15С
4. Марсенюк Л. *Тенденции развития ТЭК Турции на современном этапе // Энергия: ЭКОНОМИКЕ техника, экология.* - 2011. -№ 1. - С. 9-15. (0,8 п.л.).
5. Масумова Н.Р. *Турецкая рабочая сила в странах Западной Европы // Сборни статей: Мусульманское пространство по периметру границ Кавказа Центральной Азии.* - ИВРАН. Крафт+. - 2012. - № 4. - С. 110-120.

**ӘӨЖ 18-А-798**  
**ГРНТИ 03.09.11**

*Рустамбекова Мухаббат Ерубаетна*  
*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, п.ғ.к., доцент м.а.*

*Оспанова Алия Абдужапаровна*  
*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, PhD доктор, доцент м.а.*

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ (2000 ЖЫЛДАН ҚАЗІРГЕ ДЕЙІН)**

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы экономикалық қауіпсіздік саласындағы байланысы тақырыбының зерттелу деңгейін жан-жақты қарастырылған. Ресейде де, Қазақстанда да екі елдің жақындауына және интеграциялық процестердің дамуына қарсы шығатын адамдар мен саяси күштердің барлығы мәлім. Екі елдің жақындасуына қарсы тұруды түрлі «саяси» сылтаулар айтылады, олар: «экономикалық пайданың жоқтығы» мен «Кеңестер Одағына қайта оралу» іспеттес сылтаулар. Сондай-ақ Қазақстан-Ресей қарым-қатынасын одан да жақындатуға қарсы тұрушы әрекеттердің жалғасын тауып жатқандығын ресейлік және қазақстандық оппозициялық БАҚ жарияланып жатқан мақалалар дәлел бола алады.

**Кілтті сөздер:** тарихнама, болжам, экономика, байланыс, қарым-қатынас, стратегия, экономикалық қауымдастық.

*Рустамбекова Мухаббат Ерубаетна<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Международный казахский-турецкий университет им.Х.А.Ясауи, PhD доктор, и.о. доцент*

*Оспанова Алия Абдужапаровна<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>Международный казахский-турецкий университет им.Х.А.Ясауи, PhD доктор, и.о. доцент*

## **ИССЛЕДОВАНИЕ ПАРТНЕРСТВА МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И РОССИЕЙ В ОБЛАСТИ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (С 2000 ГОДА ПО НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ)**

*Аннотация*

В статье рассматривается уровень исследований в области экономической безопасности между Республикой Казахстан и Российской Федерацией. Актуальные вопросы топливно-энергетического комплекса, инвестиционных проектов, торгово-экономических отношений и казахстанско-российских отношений в социальной сфере всегда находятся в центре внимания ученых и исследователей. Мы считаем, что комплексные исследования в этих областях дадут мощный импульс дальнейшему укреплению экономических связей между Республикой Казахстан и Российской Федерацией, делая выводы, делая обоснованные предложения. Актуальность статьи тесно связана с необходимостью более глубокого анализа отношений Казахстана и России.

**Ключевые слова:** историография, прогноз, экономика, коммуникация, коммуникация, стратегия, экономическое сообщество.

*Rustambekova Muhabbat Erubaevna<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University im.H.A.Yasavi, PhD doctor, Acting assistant professor*

*Ospanova Aliya Abduzhaparovna<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>International Kazakh-Turkish University named after Kh.A.Yasavi, PhD doctor, acting assistant professor*

## STUDY OF PARTNERSHIP BETWEEN KAZAKHSTAN AND RUSSIA IN THE FIELD OF ECONOMIC SECURITY (FROM 2000 TO THE PRESENT)

### *Annotation*

The article discusses the level of research in the field of economic security between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation. Topical issues of the fuel and energy complex, investment projects, trade and economic relations and Kazakhstan-Russian relations in the social sphere are always in the center of attention of scientists and researchers. We believe that comprehensive research in these areas will give a powerful impetus to the further strengthening of economic ties between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation, drawing conclusions, making sound proposals. The relevance of the article is closely related to the need for a deeper analysis of relations between Kazakhstan and Russia.

**Keywords:** historiography, forecast, economics, communication, communication, strategy, economic community.

2000 жылдардан қазірге дейінгі Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық саладағы байланыстарды зерттеу қазіргі заман тарихының күрделі кезеңін қамтиды, өйткені екі ел арасындағы болашақтағы байланыстар перспективасын болжау үшін ғана емес, бүкіл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасындағы қарым-қатынастың бағытын анықтауда маңыздылығын жоғарылатады. Дәл сол 2000-2017 жылдар аралығында Қазақстан-Ресей арасындағы экономикалық байланыстардың негізгі бағыттары қалыптасып бітті. Қазақстан мен Ресей арасындағы қандай саладағы болмасын байланыс бағыттары бүкіл саясаттанушыларды, экономисттер мен тарихшыларды қызықтырады. Бұл ауқымды тақырыпта көптеген зерттеу жұмыстары мен ғылыми монографиялар жазылғаны да белгілі. Бірақ отандық тарих ғылымында ТМД елдерінің арасында, әсіресе Ресей мен Қазақстан арасындағы саяси және экономикалық байланыстардың ерекшеліктері толық зерттелмеген.

Отын-энергетика кешені, инвестициялық жобалар, сауда-экономикалық байланыстар саласында және де әлеуметтік саладағы Қазақстан-Ресей байланыстары туралы өзекті мәселелер әрдайым ғалымдар мен зерттеушілердің назарында. Осы бағыттардағы кешенді зерттеулер жүргізу, нәтижелер шығару, негізделген ұсыныстар беру арқылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы экономикалық байланыстардың одан әрі нығаюына түрткі болады деп санаймыз. Мақаланың өзектілігі Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстарды тереңінен талдау жасаудың қажеттілігімен де тығыз байланысты.

Екі елдің арасындағы саяси институттардың және экономикалық даму бағыттарының эволюциясы бірдей емес екендігі белгілі. Өйткені, суверенитетті мемлекеттік мүдделер бар, сонымен қатар саяси және экономикалық дамудың ұлттық ерекшеліктері де бар. Сондықтан екі ел бірдей жағдайда нарықтық экономикаға көшкенімен, екі елдің дамуы екі түрлі жолда (немесе екі өзгеше бағытта) ағып жатқанына көз жеткіземіз. Сол үшін де туындаған екі елдің сыртқы экономикалық айырмашылықтары алдын ала анықталуы керек. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы қарым-қатынас қарқынына үшінші елдің (немесе блок) теріс мүддеге негізделген қызығушылықтарының объектісі болып жататынын да есте сақтауымыз керек. Кейде Мәскеу мен Астана арасында туындап жататын қайшылықтар мен түсінбеушіліктерді ресей-қазақстандық интеграцияға қарсы бағыттау әрекеттерін де көріп жатамыз.

Ресейде де, Қазақстанда да екі елдің жақындауына және интеграциялық процестердің дамуына қарсы шығатын адамдар мен саяси күштердің барлығы мәлім. Екі елдің жақындасуына қарсы тұруды түрлі «саяси» сылтаулар айтылады, олар: «экономикалық пайданың жоқтығы» мен «Кенестер Одағына қайта оралу» іспеттес сылтаулар. Сондай-ақ Қазақстан-Ресей қарым-қатынасын одан да жақындатуға қарсы тұрушы әрекеттердің жалғасын тауып жатқандығын ресейлік және қазақстандық оппозициялық БАҚ жарияланып жатқан мақалалар дәлел бола алады. Ол мақалаларды бағаламаудың да жөні болмас, анық фактілерге негізделген құжаттар арқылы, ғылыми тұрғыда Ресей мен Қазақстанның стратегиялық серіктес екендігіне дәлелдеудің қажеттілігінен біз Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық

серіктестіктің ғылыми зерттеулер қандай көлемде жүргізілгендігі, осы тақырыптың қамтылуы іспеттес мәселелерді шешуді жөн санады.

Қазақстан Республикасының Президенті, экономика ғылымдарының докторы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбектері теориялық та, тарихнамалық тұрғыдан да қызығушылықтар туындатары анық. 1992 жылдан бастап қазіргі күнге дейін анық фактілерге сүйене отырып, ТМД одақтастығының барлық әрекеттеріне жеке қатысқан Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстанның экономикалық модернизациялану жолдары жөнінде бізге толық мағлұмат береді. Сондай-ақ Елбасының еңбектерінде қазақстан-ресей арасындағы қарым-қатынастардың экономикалық жағына да баса назар аударылған[1].

Екі елдің арасындағы байланыс жөнінде О.А. Құрамысованың «Казахстанско-российские отношения: опыт, проблемы, перспективы»-атты монографиясы көптеген сұрақтарға жауап бере алады. Автор екі ел арасындағы экономика саласындағы байланыстарды ашуға көп көңіл бөлген. Сондай-ақ автор Қазақстан және Ресей арасындағы түрлі саладағы байланыстардың тарихнама мәселесі, осы тақырып аясындағы концептуалды негіздемелердің әлі күнге дейін жеткіліксіз екендігіне назар аударады[2].

Сонымен бірге С.Б. Тұрсынбекованың осы тақырыпқа қатысты мақаласын да ескере кетуіміз керек. Мақалада Қазақстан мен Ресей арасындағы әлеуметтік-экономикалық байланыстардың әдіснамалық негіздері жасалынған. Мақалада негізінен экономисттердің жұмыстарына жан-жақты тоқталған, ал осы тақырыпқа негізделген тарихшылардың зерттеулері жанама түрде қарастырылған, яғни мәселеге «тарихилылық» жағынан қаралмаған десек те болады.

С.Б. Тұрсынбеков және Ф.У. Айбазова Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы экономикалық байланыстарға қатысты тарихнамалық дерек көздерін классификациялайды, сондай-ақ аталмыш авторлардың ғылыми зерттеу жұмыстарының басты болжамы да ҚР мен РФ арасындағы экономикалық байланыс тарихына бағытталғандығын да естен шығармағанымыз жөн[3].

ТМД елдерінің арасындағы экономикалық саладағы байланыстарды талдау жасаудың қажеттілігі мәселесі одақтас елдердің пайда болған сәтінен бастап алға тартыла бастады. Осы тақырыпқа қатысты алғашқы зерттеу жұмыстары, мақалаларды мемлекеттік қызметкерлер, түрлі дәрежедегі депутаттары халықаралық сала журналисттері, экономисттер мен саясаттанушылар жүргізді.

Қазақстан-ресей арасындағы байланыстардың динамикалық қарқындылығына байланысты екі ел арасындағы экономикалық саладағы қарым-қатынастардың бағыты мен даму перспективаларына қатысты зерттеулерге қызығушылық күн өткен сайын арта түсті. Осы еңбектердің арасында Ресей стратегиялық зерттеулер институтының ұжымдық монографиясы: «Қазақстан: тәуелсіз дамудың шынайылығы мен перспективалары» атты жұмысты ерекшелеп алуға болады. Бұл жұмыста ТМД қалыптасқан алғашқы он жылдық көлемінде Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы экономика саласындағы байланыстардың эволюциясына кешенді түрде талдау жасалған. Аталмыш еңбекте тарихи дерек көздері өте аз, негізінен статистикалық мәліметтерге негізделген бұл жұмыс қазақстан-ресей қарым-қатынастар тарихнамасының қалыптасуына үлкен үлес қосты. Еңбекте Ресей және Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстардың қарқыны қарастырылған, болашақтағы жылдарға болжам жасалады, сондай-ақ екі елдің арасындағы сауда-экономикалық, өндірістік, әлеуметтік салалардағы байланыстарды бізге жеткізуде тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылған[4].

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы экономикалық және саяси байланыстардың қалыптасуы мен даму процестерін Мансұров Т.А., Исингарина Н.К., Малышева Д.Б., Раджапов М.С., Козыбаев М.К., Лаумулин, М.Т., Разуваев В.В., Шутов А.Д., Акашев А.К., Васильев Л.С., Огнева В.В., Құрамысова О.А., Абрамова Э.М және т.б. зерттеген. Аталған ресейлік және қазақстанның тарихшылар, экономисттер және әлеуметтанушылар КСРО ыдырағаннан кейінгі алғашқы он жылдықта екі елдің арасындағы экономикалық-әлеуметтік және саяси байланыстар төмен тенденцияда болғандығын, тек 2000 жылдан бастап екі ел арасындағы барлық салаларда байланыстар нығайып, бүр жүйеге келгендігін атап өтеді.

ҚР мен РФ арасындағы экономика саласындағы байланыстар тарихи тәжірибесінің тарихнамасына маңызды үлес қосқан тарих ғылымының докторы, ЕврАзЭС төрағасы Т.А. Мансұровтың зерттеулері өте маңызды. Ғалым көптеген фактілерге сүйенген материалдарға сүйене отырып, қазақстан-ресей арасындағы экономикалық байланыстардың бағыттарын ашады. Танымал ғалымның еңбектері Ресей мен Қазақстанда ғана емес, бұрынғы Кеңестер Одағы аумағындағы кеңістікте танымалдылыққа ие болды. Біз зерттейтін тақырыптың әдіснамалық негіздерін Т.А. Мансұровтың еңбектері мәнін ашады[5].

2000 жылдан қазірге дейінгі аралықтағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы байланыстар тарихын зерттегендер қатарына: А.Н. Борисевич, Ю. Гаврилов, С. Притчин, С.Ф. Гребениченко, И.С. Иванов, С. Лавров, А.С. Панарин, А. Потапов, Е.В. Скурко, В.В. Шмелев және

т.б. еңбектерін жатқыза аламыз. Аталмыш еңбектер Қазақстан және Ресей арасындағы түрлі саладағы байланыстарға тарихи талдау жасаудың қадамдары жасалған. Бұл еңбектердің басты ерекшелігі-кейбір авторлар өздері сипаттаушы тарихи оқиғаның куәгері болса, кейбіреулері бұрынғы Кеңестер Одағы аумағындағы сауда-экономикалық одақтастақ бағдарламаларын жасап шығару және жүзеге асыру істерінің қатысушылары болғандығында. Аталмыш еңбектер ХХ ғасырдың басындағы ҚР мен РФ арасындағы байланыстардың күрделі процестерден өткендігін көрсетеді.

Ресей мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастардың тарихи эволюциясы қалай жүріп өткендігі туралы арнайы ғылыми жинақтар мен профильді журналдардан мағлұматтар ала аламыз.

2000 жылдан бастап біз зерттеп отырған тақырып көлемінде, оның ішінде ҚР мен РФ арасындағы сауда-отын өнеркәсібі-экономикалық байланыстардың екі ел арасындағы саяси қарым-қатынастарға ықпалы жөнінде Е.М. Арынов, Р. Арыстанов, Н.С. Баймұратов, А. Батаянов, А.В. Иманкулов, Р.Л. Насанбаев, В. Парамонов, А. Строков, О. Столповский, Исмаила-Зяде, А. Турысбеков іспеттес ғалымдар зерттеумен айналысты.

Қазақстан және Ресей арасындағы байланыстардың ішіндегі көптеп қызығушылық тудыратын тақырып-екі ел арасындағы инвестициялық жобалардың ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылу мәселесі. Инвестициялық жоба-екі ел арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтудың, соның нәтижесінде екі елдің де экономикасын нығайтудың бірден бір жолы. Осы екі ел арасындағы жүзеге асырылған инвестициялық жобалардың тарихы (2000 жылдан қазірге дейінгі аралықтағы) жөнінде мағлұмат беретін еңбектердің басым көпшілігі РФ мен ҚР жүзеге асырған инвестициялық жобалардың жүргізілу (жүзеге асырылу) барысы ғана қарастырылған. Инвестициялық жобалар туралы жалпы ортақ қорытынды айтатын болсақ 2000 жылдан қазірге дейінгі аралықтағы Қазақстан экономикасына енгізілген Ресей инвестициялық жобалары басқа шетел ел инвестициялық жобаларымен салыстырғанда әлдеқайда аз көлемде екені бірден көзге түседі. Дегенмен де, қайсы елдің инвестициясы болмасын тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы күрделі, әрі қиын жылдары Ресейдің де, Қазақстанның да экономикалық тұрақтануына өз үлесін қосты. Әйтсе де ТМД аумағындағы инвестициялық жобалар мәселесі тек анықтамалық сипатқа ие екендігін де ескер керек. Осы аумақтағы инвестициялық жобалар қажетті кешенді талдаулар мен арнайы зерттеулер жүргізбестен орындалды, ТМД аумағындағы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы туралы арнайы тарихи зерттеулер мүлдем жоқтың қасы. Сөйтсе де ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығы тәмамдағанда Ресейдің де, Қазақстанның да экономикасының барлық салаларын көтеруде инвестициялық жобалардың маңыздылығын көрсететін тарихи объективті көзқарастар қалыптаса бастады.

2000 жылдан қазірге дейінгі аралықта Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы экономикалық саладағы интеграциялық процестердің эволюциялық өзгерістерін зерттеуге негізделген еңбектердің көпшілігі Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың (ЕврАзЭС) іс-әрекеттерін талдауға бағытталған. Осы кезеңде осы тақырып аясында Р. Арыстанов, А.Н. Марышев, Ж.К. Мукушев, А. Потапов, Э.М. Абрамов және т.б. мақалалары жарық көрді. Аталмыш мақалаларда ЕврАзЭС шеңберінде жүзеге асырылған болашағы бар жобалардың Ресей Федерациясы үшін де, Қазақстан үшін де маңыздылықтары ауқымды айғақты материалдар негізінде дәлелденген. Сонымен бірге ескере кететін бір жәйт осы мақалалардың барлығы дерлік позитивті сипатта жазылған бірде бір сыни пікірлер көрсетілмеген. Осының нәтижесінде табиғи түрде қарама-қайшылықтар мен сәйкес келмеушіліктер де туындайды.

Экономикалық қауымдастықтар негізіндегі екі елдің арасындағы байланыстар мәселесінің біріне-Ресей, Қазақстан және Белоруссия қатысқан Кедендік одақты қарастыруымызға болады. 2000 жылдан бастап бұл одақ арнайы зерттеулерге объективті бола бастайды. Оның ішінде Қазақстан, Ресей және Белоруссия арасындағы Кедендік одақ мәселесін талдауда (шығаруда) өз үлесін қосқандар Р. Аликулов, С.М. Аршынбаев, Т. Асанов, О.Ю. Бакаева, Г.М. Вильяминов, Д. Ермак, П.А. Иванкеевич, Н.К. Исингарин, Ж. Кембаев, Н.А. Королева, Т. Мансуров, А. Потапов, Ю.В. Шишков және т.б. болғанын атап өтуіміз керек.

Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстар тарихын зерттеудегі келесі маңызды бағыт: 2012 жылдың сәуір айында өткен «Қазақстан-Ресей: стратегиялық серіктестіктің экономикалық және саяси факторлары» атты алтыншы қазақстандық-ресейлік ғылыми-тәжірибелік конференция болатын. Конференцияда Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстардың бағыты, көрсеткіштері мен қазіргі заманғы өзекті мәселелері жөнінде Б.К. Сұлтанов, А.А. Башмаков, Л.М. Музапарова С.В. Жуков, Г.Г. Рахматулина, А.В. Яковлев, Г.А. Лесбеков, К.Б. Берентаев, В.Ю. Додонов іспеттес танымал ресейлік және

казакстандық ғалымдар Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық және саяси байланыстарға қатысты келесі кең ауқымды мәселелерді қарастырды:

- Біртұтас экономикалық кеңістік құру;
- Индустриалды-инновациялық саясат саласындағы серіктестіктер;
- Ғылым мен білім беру саласындағы байланыстар;
- Информациялық және экономикалық қауіпсіздік саласындағы байланыстар.

Аталмыш конференция мақалалары Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстардың бағыты мен қарқынын зерттеуде тарихнамалық мағлұматтардың кені болып табылады. Сондай-ақ бұл еңбектер біз зерттеп отырған тақырып аясында көптеген фактілерге негізделген материалдарды өзіне біріктіреді. Осы сұрақты зерттеуде Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстарды зерттеуге негізделген құнды еңбектердің авторы- И.А. Ақбергенов болатын [6].

Қазіргі таңда Батыстың көптеген ірі мемлекеттері, Шығыс, АҚШ өз дамуындағы экономикалық дағдарыстың шарықтау кезеңдерін бастан кешіріп жатыр. Бірқатар елдерде саяси режим ауысып, АҚШ халықаралық аренада өз ықпалдастығын одан әрі арттыруда. Осы фактілерге байланысты, аталмыш саяси оқиғалар Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық байланысына, екі елдің экономикалық қауіпсіздігіне қалай ықпал ететіндігі туралы ғылыми болжам жасауды қажет етеді. Сондықтан сыртқы ықпалдастықты болдырмау үшін ең алдымен екі елдің арасындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Назарбаев Н. *Евразийский союз: от идеи к истории будущего* Газета «Известия». 2011, 25 октября.
- 2 О.А. Құрамысованың «*Казахстанско-российские отношения: опыт, проблемы, перспективы*». -А. Фолиант., 2015 г., 206 стр
- 3 Турысбеков А. *Казахстан и Россия: стратегия интеграции // Международная научно-практическая конференция, 20-21 мая 2003*
- 4 Ибрагимов М. *Основные итоги ШОС: состояние и перспективы.* – М., 2010.
- 5 Мансуров Т. *Евразийский проект Нурсултана Назарбаева, воплощенный в жизнь.// Казахстанская правда.* – 2011. – 6 декабря.
- 6 Ақбергенов И.А. *Развитие экономических отношений Российской Федерации и Республики Казахстан. Дис. ... на соискание ученой степени канд. ист. науч.* – М., 2006.

УДК 327  
МРНТИ 11.25.91

*Aidarbek Amirbek<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> PhD, Acting Associate Professor, Department of International Relations, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, [aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz](mailto:aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz)

*Almasbek Anuarbekuly<sup>2</sup>*

<sup>2</sup> PhD Student, Division of Public Administration, Ankara Hacı Bayram Veli University.

*Makpal Anlamassova<sup>3</sup>*

<sup>3</sup> PhD, Senior Lecturer, Department of International Relations, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, [anlamassova@gmail.com](mailto:anlamassova@gmail.com)

### BAĞIMSIZLIK SONRASI KAZAKİSTAN'DA İYİ YÖNETİŞİM (GOOD GOVERNANCE): UYGULANMASI VE DEĞERLENDİRİLMESİ

Makalede bağımsızlık sonrası Kazakistan'da iyi yönetişimin uygulanmasını ve değerlendirilmesini üç aşamaya ayırarak incelemeye çalıştık. 1991-1999 yıllarını kapsayan birinci dönemi pasif dönem olarak adlandırdık ve bu dönemde devletin üst yöneticileri yönetişimden ziyade halkın temel istekleri olan ekonomik sorunların çözülmesi ve devletin yönetim yapısının yeniden kurulması, dış politikadaki önceliklerin belirlenmesi gibi konulara ağırlık vermişlerdir. Fakat bu dönemde iyi yönetişim alanında uluslararası kurumlarla görüşmeler sürdürülmüştür, ancak bunların pratikte uygulanması söz konusu olamamıştır. Kazakistan'da iyi yönetişim uygulanmasına yönelik 2000'li yıllardan sonraki dönemi iki aşamaya ayırarak inceledik, ilki 2000-2012 yıllarını kapsayan hazırlık dönemidir ve 2012 yılından bu yana devam eden iyi yönetişimin uygulanmasındaki aktif dönemdir.

**Anahtar Kelimeler:** Kazakistan, İyi Yönetişim, Bürokrasi, Özel Sektör, Muhafazakâr Yaklaşım, Modern Yaklaşım.

*Амирбек А.А.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>PhD, доцент м.а., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, [aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz](mailto:aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz)

*Ануарбекұлы А.<sup>2</sup>*

<sup>2</sup>PhD докторанты, Мемлекеттік басқару мамандығы, Анкара Хаджы Байрам Вели университеті.

*Аңламасова М.Қ.<sup>3</sup>*

<sup>3</sup>PhD, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, [makpal.anlamassova@gmail.com](mailto:makpal.anlamassova@gmail.com)

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТИІМДІ БАСҚАРУДЫ (GOOD GOVERNANCE) ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

*Аңдатпа*

Мақалада тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда тиімді басқарудың жүзеге асырылуы талданды және бағаланды. Қазақстандағы тиімді басқаруды үш кезеңге бөліп қарастырдық. 1991-1999 жылдарды қамтитын бірінші кезеңді «бастапқы кезең» деп атадық және осы кезеңде халықтың негізгі сұраныстары болып табылатын экономикалық мәселелерді шешу, мемлекеттік басқару құрылымын жаңадан қайта құрылымдау, саяси басымдықтарды айқындау сияқты негізгі мәселелерге баса назар аударылды. Қазақстанда тиімді басқарудың екінші кезеңі 2000 жылдан бастау алады. Мақалада бұл кезеңді өз ішінде екі кезеңге бөліп зерттедік. Біріншісі кезең 2000-2012 жылдар аралығын қамтиды және бұл кезеңде тиімді басқарудың ірге тасы қаланды. Екінші кезең 2012 жылдан бастау алады және тиімді басқаруды заманауи қағидаттарға сәйкес одан әрі дамытуға негізделеді.

**Түйін сөздер:** Қазақстан Республикасы, тиімді басқару, бюрократия, жеке меншік секторы, консервативті теория, модернистік теория.



*Amirbek A.A.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>PhD, Acting Associate Professor, Department of International Relations,  
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, [aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz](mailto:aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz)*

*Anuarbekuly A.<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>PhD Student, Division of Public Administration, Ankara Hacı Bayram Veli University.*

*Anlamassova M.K.<sup>3</sup>*

*<sup>3</sup>Senior Lecturer, Department of International Relations,  
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, [makpal.anlamassova@gmail.com](mailto:makpal.anlamassova@gmail.com)*

## **ANALYSIS AND EVALUATION OF GOOD GOVERNANCE IN KAZAKHSTAN**

### *Abstract*

Профессор Гарвардского университета Терри Мартин ввёл понятие «империя положительной деятельности», убедительно доказав, что стремление большевиков во что бы то ни стало удержать власть привело к активной политике поддержки национальных меньшинств. Терри Мартин пришёл к выводу о том, что эта поддержка реализовывалась за счёт ограничения в правах и возможностях титульной группы – русского населения [15]. Таким образом, в политической программе большевиков чётко фиксировался факт деколонизации национальных меньшинств. В результате сложилась соответствующая историографическая ситуация, в которой в разные периоды тиражировались имперские мифы о благотворном влиянии российской колонизации на судьбу коренных народов, преодолении экономической отсталости посредством смены культурного типа «инородцами» и перехода к оседлому образу жизни, «ущемлении естественных прав кочевников», «насильственной русификации» и т.д.

«Империя положительной деятельности», заявляя о своём существовании де-юре, должна была соответствовать новому статусу де-факто, поэтому сформировалась потребность в реанимации института имперских экспертов, усилия которого должны были быть направлены на сбор и систематизацию материалов о бытовой культуре народов и этнических групп национальных окраин [14; 20; 21]. Реализация национальной политики «империи положительного действия» началась в сфере этнографических изысканий, которые призваны были создать фактологическую базу новой имперской идеологии, обосновать права этнических меньшинств на национально-культурное своеобразие.

Перед исторической наукой ставились задачи историко-идеологического монтажа прошлого национальных окраин в контексте реальной политической ситуации. В работах И. Л. Ямзина и В. П. Воинина переселенческая проблематика обсуждалась в контексте распространения передовой русской земледельческой культуры, а такие конструкты, как «переселение» и «колонизация» оценивались в качестве сопутствующих явлений. Историки старой школы под колонизацией понимали процесс заселения и производственного освоения экономически маломощных территорий значительными массами людей, переселившихся из густонаселённых областей [25, с. 4]. В итоге термин «колонизация» становился всё более неадекватным, вызывая неприятные ассоциации с имперским колониализмом, поэтому на смену старой терминологии приходит новая, в которой используются такие менее одиозные понятия, как «освоение» и «заселение» [19, с. 49].

В рассматриваемый период советская историческая наука в осмыслении колониальных проблем стремилась зафиксировать несправедливость имперского прошлого, которое рассматривалось в русле концепции «абсолютного зла». Авторы 1920-х – начала 1930-х гг. сфокусировали внимание на проведении Столыпинской аграрной реформы, наиболее явственно продемонстрировавшей узловые проблемы российской аграрной колонизации. Предметом исследования специалистов выступала аграрная политика империи, законодательство и землеустроительная деятельность правительства, что наиболее ярко материализовалось в работах С. М. Дубровского, Н. Карпова и др. [5; 12].

С 1930-х гг. программа «империя положительной деятельности» постепенно уступает место идеологическому проекту национал-большевизма, в котором русский человек объявлялся «старшим братом» – титульным этносом России. Оформляются дополнительные контаминации мифа: «угнетение коренного населения окраин царизмом», «дружба русского народа и коренного населения в условиях

имперской экспансии». При этом неизменной продолжала оставаться имперская доминанта в изучении процесса включения Сибири в общеимперское пространство, которая чётко определяла пределы имперского доминирования, называя в качестве пограничной вехи 1917 г.

Не случайно первая половина 1930-х гг. стала временем подготовки и внутривнутрипартийного обсуждения учебников истории СССР, в процессе которого были сформулированы основные замечания партийных лидеров СССР по поводу «Конспекта учебника по истории СССР». Именно в процессе чтения и критики учебника в отношении оценки российского самодержавия сложились такие речевые конструкции, как «тюрьма народов» и «международный жандарм» [7].

С 1937 г. ситуация несколько изменилась. В критике, инспирированной большевистской бюрократией, зазвучали новые интонации. Теперь утверждается концепция «наименьшего зла», основным пафосом которой становится убеждение в том, что Российская империя защитила коренные народы от колонизации другими государствами [6, с. 13].

Симптоматично, что вторая половина 1930-х – начало 1940-х гг. стали переходной вехой в историографии аграрной колонизации Степного края в контексте «империя положительной деятельности» – «национал-большевизм», именно в связи с противоборством концепций абсолютного и «относительного» зла. По мнению М. П. Вяткина, Казахстан в XVIII–XIX вв. находился в условиях двойной агрессии, и ему угрожало порабощение, как с юга, так и с запада. А. М. Панкратова и её сторонники, соглашаясь с наличием опасности с двух сторон, не признавали оценки присоединения Казахстана к России как «наименьшего зла». Poleмика завершилась принятием компромиссного решения. С этого момента включение Казахстана в состав империи оценивалось как результат сговора казахской элиты и царского правительства [9].

Под знаком концепции «наименьшего зла» в 1940-х – начале 1950-х гг. появляется серия работ, в которых имперская политика аграрной колонизации оценивается, с одной стороны, негативно, с другой, – подчёркивается, что в условиях культурных контактов коренного и пришлого населения (русских переселенцев) кочевники постепенно принимали более прогрессивные методы ведения хозяйства, переходя к земледельческой оседлости. В данном отношении показателен текст рецензии Н. В. Устюгова на монографию Н. Г. Апполовой, в которой рецензент, репрезентируя позицию АН СССР (по сути – государства), отмечает насколько убедительно показано автором объективно-прогрессивное значение присоединения Казахстана к России [1, с. 82].

Однако, уже в 1950-х гг. концепция «наименьшего зла» переживает серьёзную трансформацию, приобретая отчётливый национал-большевистский формат. В историческом сообществе разворачивается дискуссия, о приоритетной роли русского народа в создании многонационального советского государства. В статьях М. В. Нечкиной и др. категорически отвергалась концепция «наименьшее зло» и подчёркивался факт добровольного присоединения степных областей Зауралья к России [3; 18, с. 45; 24, с. 85].

Таким образом, в историографии вопроса постепенно утверждалась позиция о добровольном присоединении Степного края к России, что отвечало ожиданиям как «инородцев» региона, так и русского крестьянства. В результате в советской историографии происходило постепенное смещение акцентов от оценки результатов аграрного освоения Степного края как сегмента имперской политики в параметрах теории «наименьшего зла» к признанию «исторической обусловленности» присоединения степных областей к России и его прогрессивном значении [2].

Во многом ориентируясь на вышеозначенные идеологические указания, советскими историками были внесены коррективы в оценку аграрной колонизации Степного края второй половины XIX – начала XX вв. По мнению историка И. Ф. Макарова, казахское земледелие до начала массовых переселений носило потребительский характер, при этом практически все «инородцы» так или иначе были включены в земледельческий процесс, в котором проявились все признаки позитивного влияния переселенцев на автохтонов: «...русские поселения являлись очагами, вокруг которых нарастало земледелие казахов» [14, с. 435].

Коллектив авторов многотомного издания «История Сибири», увидевшего свет в 1968 г., подводя итог параграфу об управлении народов Сибири и политике царизма, указывал, что «прогрессивное влияние русского народа сказывалось на всех сторонах жизни автохтонов: на развитии среди них хлебопашества, на распространении жилищ русского типа, хозяйственных построек, сельскохозяйственного инвентаря...Под влиянием русского народа...усиливались экономические и семейно-бытовые связи между народами...Передовая русская интеллигенция не раз выступала в защиту народов Сибири. А. П. Щапов называл их нашими братьями...Народы Сибири включались в общий процесс экономического

развития сибирских губерний и областей России... Наконец, ... выступали против общих врагов – против царизма и эксплуататорских классов» [10, с. 108].

Оформление концепции «добровольного присоединения» и «исторической обусловленности» включения степных областей Зауралья в контент Российской империи имело двоякие последствия для историографической ситуации в СССР в целом и вопроса аграрной колонизации Степного края, в частности.

Во-первых, принятая административно-командным способом идеологическая установка о добровольности и прогрессивности присоединения Степного края стала лишь «довеском» к общей схеме оценки в советской исторической науке вопросов аграрной колонизации азиатской части России. В 1960-х – 1980-х гг. утверждаются основные штампы в научной репрезентации проблемы: «аграрный кризис», «реакционная политика царизма», «крах переселений» и т.д. В указанный период рождается и выходит на первый план тенденция, в соответствии с которой колонизационный процесс начинает рефлексироваться отечественными историками в параметрах ещё не легитимированных в науке концептов «внутренняя колонизация» и «внутренний империализм». Происходило стремительное «расщепление» проблемного поля исследования аграрной проблематики, её регионализация.

К 1960-м гг. тезис о добровольном присоединении и его прогрессивном характере принял в историографии абрис незыблемой теории, подтверждённой практикой, что свидетельствовало об окончательном решении идеологической задачи империостроительства в СССР.

Во-вторых, растекание историографии в советский период по «домашним», региональным «квартирам», имело в отдаленной перспективе и позитивные результаты. Сибирские исследователи получили уникальную возможность активизировать работу в области аграрной истории окраин и, прежде всего, – экономических, географических, демографических её аспектов в связи с переселенческим движением в губернии и области Зауралья. Очевидно, что в рассматриваемый период, вопреки идеологическим препятствиям, продолжался сбор и систематизация сведений по истории аграрной колонизации Сибири. Всё это открывало потенциальные возможности для формирования новых подходов в историографии, в связи с оценкой эффективности имперской политики на окраинах страны, определения места степных территорий в общеимперском пространстве.

Стимулом к переоценке историографических подходов в обсуждении вопросов имперской колонизации окраин послужили работы Л. М. Горюшкина, написанные в 1980-х гг., когда была возобновлена историографическая полемика о влиянии переселений на процесс седентаризации аборигенных этносов различных регионов Зауралья, прямым поводом – монография Д. И. Исмаил-заде о переселении русских крестьян в Закавказье [8]. Л. М. Горюшкин откликнулся на выход монографии рецензией, опубликованной в сборнике научных трудов СО АН СССР в 1988 г. [4]. По мнению историка, автор монографии о переселениях в Закавказье поднял важную проблему изучения переселенческого движения на окраины с последующим осмыслением колонизационных мероприятий власти в масштабах всей Российской империи. Л. М. Горюшкин, будучи одним из разработчиков концепции развития капитализма вширь, полагал, что основу сельскохозяйственной эволюции составляло не помещичье, кабинетское или государственное, а крестьянское хозяйство [4, с. 235]. Таким образом, исследователь считал, что закономерности аграрной эволюции могут быть поняты лишь при рассмотрении русских крестьян как органической составной части всего крестьянства, в том числе и окраин империи. Л. М. Горюшкиным, на страницах рецензии, был сделан принципиальный вывод, в соответствии с которым были поставлены под сомнение идеологически сконструированные и господствовавшие в историографии аграрной колонизации концепции «империи положительной деятельности» и национал-большевизма.

Во второй половине 1980-х – начале 1990-х гг. В этот период, что в значительной мере стало следствием ослабления идеологического диктата власти, резко возросли масштаб и продуктивность этнографических изысканий, направленных на изучение коренных групп населения Степного края. Предметом научной рефлексии этнографов становятся вопросы этнической истории автохтонов степных приграничных областей, этнического самосознания, этногенеза тюркских народов Российской империи второй половины XIX – начала XX вв., что в перспективе исторической деидеологизации сыграло знаковую роль в формировании новых подходов к исследованию проблемы в отечественной исторической науке [11; 13; 16; 22].

Несмотря на мощный идеологический пресс, под которым находилось общество, и марксистско-ленинский формат методологии советского времени, этот период трудно характеризовать как малопродуктивный с исследовательской точки зрения. Вопросы аграрной колонизации Степного края всегда являлись частью аграрного вопроса в России и переселенческого процесса, в который зауральские

земли были включены с высокой степенью интенсивности. В советском фазисе историографии происходил активный прирост фактического и статистического материала по истории освоения степных областей, издавались сборники документов и материалов, монографии, посвященные истории аграрного освоения Сибири и сопредельных территорий, что стало важным фактором сохранения и эволюции историографической традиции вопроса.

*Список использованных источников и литературы:*

- 1 Абдилдабекова А. М. *Россия и Казахстан (XVIII – начало XX в.): вопросы историографии*. Алматы: Казак университеті, 2007. 136 с.
- 2 Борзунов В. Ф. *К вопросу об экономическом значении Сибирской железной дороги в конце XIX – начале XX вв.* // *Вопросы истории Сибири и Дальнего Востока*. Новосибирск: [Б.и.], 1961. С. 97-107.
- 3 Брагинский И. С. *К вопросу о значении присоединения Средней Азии к России* // *Вопросы истории*. 1953. № 8. С. 21-40.
- 4 Горюшкин Л. М. *Книга о переселении русских крестьян в Закавказье (в связи с освоением Сибири) // Хозяйственное освоение Сибири в период капитализма. Историография проблемы*. Новосибирск: Наука, 1988. С. 235-243.
- 5 Дубровский С. М. *Столыпинская земельная реформа: из истории сельского хозяйства и крестьянства России в начале XX века*. М.: Изд-во Академии наук СССР, 1963. 599 с.
- 6 Дюсебаев Н. К. *Актуальные проблемы истории Казахстана в трудах М. П. Вяткина* // *Вестник Том. гос. ун-та*. 2012. № 4 (20). С. 57-60.
- 7 *Замечания по поводу конспекта учебника по «Истории СССР»* // *На фронте исторической науки*. Ростов н/Д: [Б.и.], 1936. С. 14-17.
- 8 Исмаил-заде Д. И. *Русское крестьянство в Закавказье. 30-е годы XIX – начало XX в.* М.: Наука, 1982. 311 с.
- 9 *История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней: Издание 1943 года. 3-е изд.: перераб.* Алматы: Алматы кітап, 2011. 670 с.
- 10 *История Сибири с древнейших времён до наших дней. В 5-и т. Т. 3.* // *Под ред. А. П. Окладникова*. Л.: Изд-во «Наука», 1968. 527 с.
- 11 Калышев А. Б. *Культура и быт современного сельского населения Павлодарского Прииртышья: автореф. дис. ... канд. ист. наук*. М: [б.и.]. 1989. 24 с.
- 12 Карпов Н. *Аграрная политика Столыпина*. М.: «Наука», 1925. 241 с.
- 13 Лапузина Н. И. *К вопросу об этническом самосознании казахов юга Омской области // Проблемы этнической истории тюркских народов Сибири и сопредельных территорий*. Омск: ОмГУ, 1984. - С. 182-184.
- 14 Макаров И. Ф. *Казахское земледелие в конце XIX – начале XX вв. (по материалам экспедиционных обследований 1896-1905 гг.)* // *Материалы по истории сельского хозяйства и крестьянства СССР*. М: [Б.и.], 1959. 480 с.
- 15 Мартин Т. *Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923-1939*. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), Фонд «Президентский центр Б. Н. Ельцина», 2011. 663 с.
- 16 Масанов Э. А. *Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР*. Павлодар: НПФ «ЭКО», 2006. Т. 36. 551 с.
- 17 Некрасов А. А. *Советская историческая наука 1930-х - начала 1950-х гг.: текст лекций для студентов, обучающихся по специальности «История»*. Ярославль: ЯрГУ, 2010. 63 с.
- 18 Нечкина М. В. *К вопросу о формуле «наименьшее зло» (Письмо в редакцию)* // *Вопросы истории*. 1951. № 4. С. 44-48.
- 19 Ремнёв А. В., Суворова Н. Г. *Колонизация Азиатской России: имперские и национальные сценарии второй половины XIX – начала XX века*. Омск: Издательский дом «Наука», 2013. 248 с.
- 20 Руденко С. И. *Очерк быта северо-восточных казахов: материалы комиссий экспедиционных исследований // Казахи: сб. статей антропологического отряда Казахстанской экспедиции АН СССР. Исследование 1927 г.* Л.: Издание АН СССР, 1930. Вып. 15. С. 1-72.
- 21 Самойлович А. М. *Казахи Кош-Агачского аймака Ойротской автономной области // Казахи: сб. статей антропологического отряда Казахстанской экспедиции АН СССР. Исследование 1927 г.* Л.: Издание АН СССР, 1930. Вып. 15. С. 303-328.

22 Томилов Н. А. *Казахи Западной Сибири в конце XVI – первой четверти XIX вв. // Этногенез и этническая история тюркских народов Сибири и сопредельных территорий.* - Омск: ОмГУ, 1983. - С. 68-86.

23 Чуркин М. К. *Крестьянские переселения в Сибирь в историко-экономической и культурно-антропологической традициях отечественной историографии второй половины XIX – начала XXI в. // Источниковедческие и историографические аспекты сибирской истории.* Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гос. ун-та, 2015. С. 228-265.

24 Якунин А. О. *О применении понятия «наименьшее зло» в оценке присоединения к России нерусских народностей // Вопросы истории.* 1951. № 11. С. 83-86.

25 Ямзин И. Л., Воишин В. П. *Учение о колонизации и переселениях.* М.; Л.: Гос. издательство, 1926. 332 с.

**ӘӨЖ 11-94**  
**ГРНТИ03.81.37**

*Бегалиев О.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*«Қорқыт ата» мемориалды музейі кешенінің ғылыми қазметкері*  
*E-mail: b.oljas\_91@bk.ru*

## **ОҒЫЗ ТАЙПАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР**

*Аңдатпа*

IX-X ғасырларда басында оғыз тайпалары Сырдың төменгі ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан зор территорияны мекендеген. Мақалада оғыздар туралы ортағасырлық алғашқы деректер және Сырдарияның төменгі ағысындағы ірі қалалары Жанкент, Женд, Кескен күйік, Сортөбе қалашықтарының орналасу аймағы, ондағы соңғы уақыттағы жүргізілген археологиялық зерттеулердің қысқаша тарихы қарастырылған. Сонымен қатар осы тайпадан шыққан Қорқыт ата туралы қысқаша берілген. Қазіргі уақытта Оғыз тайпаларына қатысты қазіргі көзқарастар мен пікірлер қарастарылып отыр.

**Түйін сөздер:** Арал маңы, Сырдария, Қаратау, Оғыз тайпасы.

*Бегалиев О.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Научный сотрудник Музея Мемориальный комплекс Коркыт-ата*  
*E-mail: b.oljas\_91@bk.ru*

## **ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ ОГУЗСКИХ ПЛЕМЕН**

*Аннотация*

В IX-X веках Огузские племена обитали огромной территорией от нижнего течения Сырдария до низовья Волги. В статье рассматриваются первые средневековые данные о огузах и зона расположения крупных городов нижнего течения Сырдария Жанкент, Женд, Кескен куйк кала, Сортөбе в которых представлена краткая история археологических исследований последнего времени. Кроме того, краткое исследование представлено об Коркыт ата из этого племени. В настоящее время рассматриваются современные взгляды и мнения относительно огузских племен.

**Ключевые слова:** Приаралья, Сырдария, Каратау, Огузские племена.

*Begaliev O.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Researcher of the memorial Museum complex "Korkyt ata"*  
*E-mail: b.oljas\_91@bk.ru*

## **WRITTEN SOURCES OF OGUZ TRIBES**

*Annotation*

In the IX-X centuries Oguz tribes inhabited a huge territory from the lower reaches of the cheese to the lower Volga. Mailed the Oghuz is the first medieval data on the Oguz and the area of the major cities in the lower reaches of the Syr Darya-Zhankent, Zend, Kuskin kuwik, Sortöbe, which presents a brief history of archaeological

research. In addition, briefly presented about the Korkyt ata of this tribe. Current views and opinions on the Oguz tribes are being considered.

**Key words:** Aral, Syrdarya, Karatau, the Oguz tribes.

Оғыз тайпалары кең-байтақ жерді мекендеді. Оғыздардың қоныстары Ырғызда, Жайықта, Жемде, Ойылда, Аралсор көлінің оң жақ жағасында болды, шығыста оғыздардың кейбір топтары Балқаш көлінің оңтүстік жағасына дейін барды, мұнда олардың Форғұз деген бекінісі болды. X-XI ғасырлардың басында араб деректерінде мысалы, әл-Якубидің еңбегінде айтылады [1,146-150].

Оғыздар, сондай-ақ Арал маңын, Сырдария аңғарын, Қаратау баурайын, Шу өңірін мекендеді. Олар Каспийдің солтүстік өңірінде, Сырдарияның төменгі ағысында қоныстанды. Оғыздар билеушілерінің бірінің бекіністі ордасы Дахлан қаласы болды. «Нұзхат әл-мұштак» шығармасында оғыздардың әскері көп болғаны және олардың Таразға жасаған шапқыншылықтары туралы айтылады. Соғыстардан кейін бітім жасалып, сауда жүргізіліп тұрды. Оғыздар билеушісі Әли хан барани тайпасынан шықты. Ибн Фундуктың деректерінде Шах Мәлік туралы біршама мәліметтер беріледі. Шах Мәлікті Әбу Әл Фаварис Шах Мәлік ибн Әли әл Барани деп атайды. Барани есімімен басқада оғыз династияларынан шыққан билеушілерде аталды. Барани «қой» деген мағынаны береді. Қара Қойлы династиясымен туыстық жақын қатынасы болды. Қой билеуші династияның тотемдік белгісі саналды [2,155-164; 3,544].

Ортағасырлық шығарма "Нушхат әл-муштакта" Жаңа Гузия туралы мәліметтер берілген. Жаңа Гузия мемлекеттің орталығы болып саналды [4,220-222]. Бұл аймақта оғыз билеушісінің қысқы резиденциясы болып саналды. Идрисидің деректерінде оғыз билеушілері Хора, Жентте уақытша тұрған. Жаңа Гузия деп Сырдарияның төменгі ағысында Янгикент (Жанкент) қаласы аталды. Жаңа Гузия атауы шығуы оғыздардың Сырдарияның бойын жаулауымен байланысты болды. X ғасырда Жанкент қаласының хорезм инженерлерінің көмегімен қамалы күшейтіледі [5,664].

Жанкент қаласы туралы алғашқы дерек Ибн Рустенің еңбектерінде кездеседі. Хорезм теңізінің шығыс жағалауындағы жаңа қоныстағы патшалар туралы сипаттайды. Өкінішке орай Ибн Русте қаланың нақты қай жерде орналасқанын айтпаған. Масудидің деректерінде Арал теңізінде мұсылмандар өмір сүретін жаңа қала орналасқан. Қалада түріктердің оғыз тайпалары өмір сүреді. Олар көшпелі және отырықшы дәстүрді ұстанады. Сонымен бірге жоғары, орта, төмен болып бөлінеді. Жанкент туралы қызықты деректерді Ибн Хаукал береді [6,181-184]. Оның айтуынша жаңа қоныс оғыздардың астанасы болып табылады. Жанкент Сырдария бойындағы қоныстардың ірілерінің бірі саналады. Оғыз патшаларының тек астанасы ғана емес қысқы резиденциясы [7,295]. Оғыздардың Жаңа Гузияны саяси орталығы қылуының көптеген себептері болды. Бастысы Жанкенттің орналасқан аймағы Орталық Азиядағы жер өңдеушілер оазистерінің түйіскен жерінде еді. Жаңа Гузия оғыз даласын Хорезм, Мәуеренахр аймағымен жалғайтын дәліз рөлін атқарды. Сырдария қалалары құрлықтағы және өзен қатынасындағы маңызды пункттерге айналды [8,11-15]. Ибн Хаукалдың деректерінде Сырдария өзені арқылы Жанкент қаласына бидай тиеген кемелер қатынаған. Жанкент шығысы Сығанақ қаласына, батысы Орал өңіріне, солтүстігі Қимақияға алып баратын маңызды сауда жолында орналасты [8,167-181].

Ә.Х. Марғұланның еңбектерінде Қорқыт Атаның аңызы жайлы көптеген деректерді қарастырған. Ғалымның пікірінше Қорқыт ата Сыр бойын мекендеген оғыз тайпаларының арасынан шыққан данышпан қария, болашақты болжап сөйлейтін қария болған [10,135]. Қорқыт ата мұрасын зерттеуші Ә.Х. Марғұланың Сырдария бойындағы Янгикент (Жанкент), Жент, Узкент (Өгізкент), Баршынкент (Қыз қала), Сүткент, Отырар, Сауран, Сығанақ, Түркістан, тағы басқа оғыздар дәуіріндегі ең атақты қалаларға шолу жасайды. Бұл сол дәуірден келе жатқан түбегейлі мұраның бірі — Бегім ана, Сараман мұнаралар, қоса сәулетті күмбіздер, Қорқыт ата жерлеу кешендердің, көпшілігін оғыз дәуірімен байланыстырған [10].

Оғыз мемлекеті Еуразияның саяси әскери тарихында елеулі рөл атқарды. 965 жылы оғыз жабғуы мен Киев князі Святослав арасында Хазарларға қарсы әскери одақ құрылып, Хазар қағанатын талқандайды. Бұл одақ екі жақтың да көздеген мақсаттарынан, сауда-экономикалық мүдделерінен туындады [11,496]. Егер Хазар мемлекетін талқандау орыс көпестері үшін Шығыс елдерінің бай базарларына жол ашса, оғыздар үшін Дон, Қара теңіз маңындағы далалар мен мал жайылымдары қажет болды. 985 жылы князь Владимирмен одақтасып, Еділ бұлғарларын талқандауға қатысады. X ғасырдың соңы - XI ғасырдың басында оғыз мемлекеті құлдырай бастады [12]. Бұл, бір жағынан, Әлихан тұсындағы алым-салықтың өсуіне халық наразылығының күшеюімен, екінші жағынан, Шығыстан төнген селжұқ тайпаларының толассыз шабуылдарымен түсіндіріледі. Әлиханның мұрагері Шах Мәлік тұсында Оғыз мемлекеті қайта күшейді. Тіпті 1041 жылы Хорезмді басып алды. Ішкі талас-тартыс, селжұқтарға қарсы сыртқы шабуылдар оғыз мемлекетін әлсіретті. Осы тұста солтүстік-шығыста қыпшақ тайпаларының шабуылдары



күшейді. Бұл оғыз мемлекетінің өмір сүруін тоқтатуына алып келді. Араб деректерінде «Мафазат әл – Ғұз» деп аталған Оғыздар даласы Дешті Қыпшақ құрамына енді [13,296].

Бұл мемлекеттің әлсіреуі Женд облысын басып алған селжұқ көсемдерінен күрес кезінде тіпті күшейе түсті. Селжұқтардың көтерілісін хан билеушілеріне қарсы көшпелі оғыз тайпалары мен Сырдария қалаларының отырықшы тұрғындары қолдады. Бірақ көп ұзамай селжұқтар Жент аумағынан кетуге мәжбүр болып, халық көтерілісі жанышталды [15,36-51]. Халық көтерілісі мен селжұқтардың бас көтеруінен әлсіреген Оғыз мемлекеті қыпшақтардың шабуылынан кейін ол біржолата құлады. Орта Азия мен Еділ бойынан Еуропаның ішіне қарай қашқан оғыздардың соңына қыпшақтар түсті. Орта Азия мен Еділ бойынан Еуропаның ішіне қарай қашқан оғыздардың соңына қыпшақтар түсті. 1060 жылы Киев, Чернигов, Переяславль княздіктерінің біріккен әскері түріктерге қарсы жорық аттанды. Оғыздар бұл уақытта печенегтерді ығыстырып, оңтүстік орыс даласының бір бөлігін иеленеді.

Орыс әскерінен талқандалған және қыпшақтардың қуғынына ұшыраған оғыздар Днепрдің ар жағына, одан соң Дунайға қашуға мәжбүр болды. Оғыздардың бір бөлігі Днепр мен Дунайда қалып, қыпшақтар мен Киевке тәуелденді. Басым бөлігі Дунайдан өтіп, Византия жеріне барды. Алғашқы кезде оғыздар бұлғарлар мен гректерге соққы беріп, Иллирия мен Фессалоникті тонады. Бірақ қысқы суық пен аштықтан әлсіреген оғыздардың негізгі күшін бұлғарлар талқандап тастайды [14,290].

Осыдан соң оғыздардың бір бөлігі Византияға бағынып, бір бөлігі оңтүстік орыс даласына кері оралады. Балқанда қалған оғыздар Византия императорынан Македониядағы қазына жерінен үлес алады. Дунай сыртына қарай кері оралған оғыздар орыс жерінің шекарасына жақын орналасады. 1080 жылы оларды Владимир Мономах талқандап, қалғандарын Русь шекарасының бойына тарата қоныстандырады. Олар орыс жерінің оңтүстік -батыс шекарасын қыпшақтардың шапқыншылықтарынан қорғау қызметін атқарады. Оғыздардың бір бөлігі Мәуереннахрдағы қарахандықтардың және Хорасандағы селжұқ билеушілерінің қол астына бірігеді. Қыпшақтардан талқандалған қалған бөлігі Дешті Қыпшақтағы түркі тілдес халықтар арасына сіңіп кетеді.

### **Сырдарияның төменгі ағысындағы оғыздарың ірі археологиялық ескерткіштері**

*Жанкент қаласы* – қазіргі Сырдарияның төменгі ағысы Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы Өркендеу ауылынан оңтүстікке қарай 1,5 км жерде орналасқан.

Қалашықтың жоспары шығыстан батысқа қарай созылып жатырған «Г» әрпі тәрізді, шығыс бөлігі шығынқы тіктөртбұрышты болып келеді. Оның аумағы шамамен 15 га, 415 x 230 (шығыс бөлігінде – 320 м) м. Бүгінгі күні ескерткіштің ең жақсы сақталған бөлігі оның фортификациясы – Шығыс беткі жартылай дөңгелек шығынқы мұнаралары бар сыртқы қабырғалары пахсадан құйылған. Бекіністің оңтүстік-батыс бұрышы кейінгі уақыттағы тұрғындар салған жолмен қатты бүлінген. Әлі күнге дейін қабырғалар бойымен аралары 25-40 м болатын дөңгелек қарауыл мұнараларының іздері байқалады.

Зерттелу тарихына келетін болсақ алғаш бұл қаланы 1858 жылдың маусым айында археологиялық комиссияның тапсырысы бойынша П.И.Лерх Жанкент қаласына шағын археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, қаланың жоспарын түсіреді. Орыс Императорлық археология Қоғамының мүшесі П.Лерхтің осы зерттеулер аясында «Археологические поездки в Туркестанский край в 1867 году» атты кітабында жарық көрді [17,55-102]. Сырдарияның төменгі ағысын кешенді зерттеу Хорезм археологиялық -этнографиялық экспедициясының бастамасымен 1946 жылдан археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, Жанкент қаласынан беткі қабатынан керамика материалдарын жинастырылып, әуеден суретке түсіріліп топожоспарын жасаған [18].

Археологиялық зерттеу жұмыстарының жаңа кезеңі 2005 жылдан қазіргі уақытқа дейін Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институты, РФ Миклухо-Маклай атындағы Этнология және Антропология институты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ұшжақты келісім жасалып қазба жұмыстары жүргізіліп келеді [19;20,11-13]. Қазіргі уақытта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті археологиялық экспедициясы, **қаланың ішінде шахристан мен цитаделінде қазба жұмыстары жүргізіп келеді және бірнеше тұрғын үй бөліктер ашылып, төбесін жабылып қайта қалпына келтіріліп, туристік орталыққа айналып отыр. Қазба жұмыстары кезінде табылған қыш ыдыстар кешені ғылыми айналымға енгізілді [21,188-240].**

*Ортағасырлық Женд қаласы* – Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қала орны. Қаланы оғыздар салған. Ортағасырлық Женд қаласы X-XII ғасырлардағы Сырдарияның төменгі ағысындағы үлкен қалалардың бірі саналған. Осы аймақта орналасқан ортағасырлық Жанкент, Баршынкент, Асанас, Хувара, қалалары бірігіп, Женд өлкесінің қалалары тобын құрады. Қала өз дәуірінде көркейіп, үлкен беделге ие болғаны сондай, кейбір деректерде Арал теңізі Женд көлі деп аталды. Ортағасырлық

Жаһаннамед шығармасында қала туралы Жендтің маңында Женд көлі деп аталатын көл бар, оны кейде хорезмдік деп те атайды. Көлдің аумағы 100 фарсах, ені 32 фарсах, суы ащы. Сырдың төменгі ағысындағы басқа қалалар секілді Женд қаласының XIV ғасырдан кейінгі тағдыры белгісіз [7]. Ол жайында жазба деректерде ештеңе айтылмайды. XIII ғасырдың 2 жартысында Сырдың бойындағы қалаларды аралаған ортаазиялық саяхатшы Жамал Қарши бір кездегі қаланың орнынан кішігірім елді мекенді көрген. В.В.Бартольд бұл өңірдегі қалалардың XV ғасырдан бастап қанырап бос қалуы Сырдарияның өз арнасын басқа жаққа өзгертуімен байланысты болар деп пайымдайды [22].

*Ортағасырлық Кескенкүйік қаласы* – Жанкент қаласынан батысқа қарай 40 км қашықтықта орналасқан. 1946 ж. С. П. Толстовтың жетекшілігімен ХАЭЭ-ның әуеден барлау отряды алғашқы археологиялық барлау жұмыстарын жүргізген [17,55]. Әуеден фотоға түсіріліп, схематикалық жоспары жасалынған 1958 ж. Мәскеулік биолог В. М. Смириннің және 1963 ж. Б. И. Вайнбергтің басқаруымен Кескен-күйік қалада қайта деректер жинақталып, археологиялық барлау қазбасы салынған [23].

2006 ж. Ж. Құрманқұловтың басшылығымен Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институты, Шірік-рабат археологиялық экспедициясының (ШРАЭ) археологиялық барлау отряды (отряд жетекшісі Ә.Ә. Тәжекеев) археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ескерткіштің географиялық координаттары анықталып, қаланың үстіңгі қабатынан археологиялық заттар жинап алынды. Қаланың жоспары шеңбер пішіндес келген (көлемі 500x700), шығыстан батысқа қарай созылып жатқан саз кесектен салынған дуалмен қоршалған. Оның ішінде солтүстік бөлігіне жақын, қала деңгейінен 3 м биік, саз кесектен салынған бөлме құрылыстары бар шаршы пішінді (көлемі 250x250 м) цитаделі орналасқан. Дуалы көлемі 28x28 және 40x40 см аралығында шаршы пішінді саз кесектермен қаланған. Саз кесектердің басым бөлігі Хорезмнің афригид кезеңіне тән 33x33 және 35x35 см көлемді болып келеді [23]. Кескен-күйік қаланың керамикалық кешенін Л. М. Левина үш топтамаға бөледі: жетіасарлық, жетіасар кешенімен аралас – жетісулық және аз мөлшерде – афригидтік, хорезмдік. Сонымен қатар, жинақталған басқада деректерге: тастан және шыныдан жасалынған моншақтардың бай коллекциясы, қола сырғалар, сақиналар, белбеу доғалары және т. б. заттар жатады. Аталған деректер бойынша Кескен-күйік қала VII-IX ғғ. мерзімделеді [18].

*Ортағасырлық Сортөбе қаласы* Қызылорда облысының Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кентінен 12 шақырым оңтүстік-батыста, Сырдария өзенінің сол жарқабағында орналасқан. Үштен бір бөлігін Сырдария өзені шайып кеткен ескерткіштің қазіргі сақталған орталық қалдығының көлемі 100x80 м., биіктігі 2,5-3 м [23].

Сортөбе I ескерткішінде 2007 жылы Ж. Құрманқұловтың басшылығымен Шірік-рабат археологиялық экспедициясының археологиялық барлау отряды (отряд жетекшісі Ә.Ә. Тәжекеев) және «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» (директоры М. Елеуов) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің археологиялық тобы Сортөбеде болып, оның жобасын сызып, суретке түсіріп, су шайып жатқан құлама жарқабағында тазарту жұмыстарын жүргізіп, судың жағасында, суда жатқан заттарды жинап, олардың суретін салды.

Батыс қабырғасы 80 м, оңтүстік қабырғасы 70 м ұзындықта сақталған, биіктігі 2,5-3 м төбенің солтүстік және шығыс қабырғаларын Сырдария өзені толық шайып кеткен. Оның өзен шайып кеткен солтүстік-шығыс бөлігінің оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай ұзындығы 120 м, осы бөлігіндегі мәдени қабатының қалыңдығы 3,5-4 м [24, 209]. Сортөбе қалашығы Қорқыт ата мемориалдық кешеніне ең жақын ескерткіш ара қашықтығы 10 км болып табылады. Қызылорда облысының әкімі Қ.Е.Көшербаевтың қолдауымен, 2017 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері қазба жұмыстарын жүргізді.

Қазіргі уақытта оғыз тайпаларының жазба деректері жүйеленіп және көптеген ірі ғалымдардың еңбектері жарық көрген. Араб, парсы және түрік тілдерінде жазылған ортағасырлық жазба деректер оғыздардың тұрмыс-тіршілігі мен тайпалық құрамы, саяси құрылымы жайлы да ақпараттар алуға мүмкіндік береді. Солардың ішінде XI ғасырда түркі тілінде жазылған Махмуд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрк» шығармасында оғыздардың әлеуметтік құрылымы мен тайпалық құрамы былайша сипатталған. Оғыздарда қалыптасқан мемлекеттің болғаны туралы алғашқы хабарламалар ортағасырлық араб тарихшылары әл-Якубидің (IX ғ.) және Ибн әл-Факихтің (X ғ.) шығармаларында кездеседі. Араб деректемелерінде, сонымен қатар, оғыздардың әулеттік билеушілерінің Сырдарияның төменгі бойы мен Арал өңірін басып алғанға дейін-ақ өздерінің ордасы болғаны, оның Ескі Гузия деп аталғаны және оның астана делінгені жайлы айтылады. Сырдарияның төменгі ағысынан қазіргі ірі қалалары Жанкент, Женд, Кескен күйік, Сортөбе қалаларының археологиялық тұрғыдан зерттелуі бұл халықтың материалдық мәдениеті, қалалардағы бекініс қабырғаларының мықтылығы Орта Азия территориясындағы үлкен қуатты мемлекет болғандығын дәлелдейді.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Ал-Якуби. Извлечения из «Китаб ал-булдан» // *Материалы по истории туркмен и Туркмении.* – М.; Л.: Издательство АН СССР, 1939. – Том I. – С.146-150.
2. Ибн Фадлан. Извлечения из «Записки» // *Материалы по истории туркмен и Туркмении.* – М.; Л.: Издательство АН СССР, 1939. – Том I. – С.155-164.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – А.: Атамұра, 2010. – 1 том. – 544 б.
4. Ал-Идриси. Извлечения из «Нузхат ал-муштак фи ихтирак ал-афак» или «Китаб-роджер» // *Материалы по истории туркмен и Туркмении.* – М.; Л.: Издательство АН СССР, 1939. – Том I. – С. 220-222.
5. Бартольд В.В. Работы по исторической географии и истории Ирана // *Сочинения.* – М.: Наука, 1971. – Том VII. – 664 с.
6. Ибн Хаукаль. Извлечения из «Китаб ал-месалик ва-л-мемалик» // *Материалы по истории туркмен и Туркмении.* – М.; Л.: Издательство АН СССР, 1939. – Том I. – С. 181-184.
7. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Аишхабад: Ылым, 1969. – 295 с.
8. Сыдыкова Ж.Т. Место Джанкента в средневековой истории Приаралья: огузы и их города по средневековым письменным источникам // *Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.).* – А.: «Арыс», 2014. – С. 11-15.
9. Ал-Истахри. Извлечения из «Китаб месалик ал-мемалик» // *Материалы по истории туркмен и Туркмении.* – М.; Л.: Издательство АН СССР, 1939. – Том I. – С. 167-181.
10. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. -135 б.
11. Константин Богрянродный. Об управлении империей. – М.: Наука, 1991. – 496 с.
12. Махмуд Кашгарский. Извлечения из «Диван лугат ат-тюрк» // *Материалы по истории туркмен и Туркмении.* – М.; Л.: Издательство АН СССР, 1939. – Том I. – С. 309-313.
13. Агаджанов С.Г. К этнической истории огузов Средней Азии и Казахстана // *Известия АН Туркменской ССР.* 1977. – №4. URL: <http://archive.li/nUiMa> (дата обращения: 30.05.2018).
14. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – А.: Ғылым, 1995. – 296 с.
15. Байпаков К.М. Огузы, туркмены и сельджуки в городах Жетысу и южного Казахстана // *Известия НАН РК,* 2007. – №1. – С. 35-61.
16. Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. // *Отчет ИАК.* – СПб.: Типография ИАН, 1870. – С. I – X.
17. Толстов С.П. Города гузов // *СЭ.* 1947. – №3. – С. 55-102.
18. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Восточная литература, 1962. – 323 с.
19. Курманкулов Ж.К., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Археологические работы на городище Джанкент в 2006 г. – Кызылорда: «Инжу-Маржан», 2007. – 124 с.
20. Аржанцева И.А., Рузанова С.А. Городище Джанкент и проблема «болотных городищ» // *Древние цивилизации на Среднем Востоке. Археология, история, культура (Материалы международной научной конференции, посвященной 80-летию Г. В. Шшикиной).* – М.: Государственный музей Востока, 2010. – С. 11-13
21. Амиргалина Г.Т. Керамический комплекс // *Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011-2014 гг.)/сост.: И.А. Аржанцева, А.А. Тажекеев.* – Алматы, Издательство «Арыс», 2014. С.188-240.
22. Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов // *Сочинения.* – М.: Наука, 1968. – Том V. – 757 с.
23. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. – А.: Аруна, 2011. – 504 с.
24. Билалов С.У. Сортөбе қалашығындағы жүргізілген зерттеулердің нәтижелері. Оразбаев оқулары -2018. Халықаралық ғылыми конференция. Алматы, 2018 209-215 б.

УДК 951/959 (5 Каз)  
МРНТИ 03.20

*А.Т. Шукеева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Докторант, Ш. Уәлиханов атындағы КМУ  
Көкшетау қ., Қазақстан

### **АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША КӨКШЕТАУ ӨңІРІНЕ ҚОНЫС АУДАРЫЛҒАНДАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ (1954-1956 жж.)**

*Аңдатпа*

Мақалада Ақмола облысының Орталық мемлекеттік мұрағаты материалдары бойынша 1954-1956 жылдары Көкшетау өңіріне қоныс аударылғандардың күнделікті өмір тарихы қарастырылады. «Тың эпопеясы» кезеңіндегі Солтүстік өңірлерде, соның ішінде Көкшетау облысында бұрынғы қоныстанушылар мен тыңгерлердің жасаған күнделікті тіршілігі мен өзара қарым-қатынасы бүгінгі күнге дейін арнайы зерттелмеген тың тақырыптардың бірі болып табылады.

**Түйін сөздер:** спецпереселендер, Солтүстік Қазақстан, тың игеру, миграция, күнделікті өмір.

*А.Т. Шукеева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Докторант, КГУ им.Ш. Уәлиханова  
г. Кокшетау, Казахстан

### **ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ СПЕЦПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ КОКШЕТАУСКОГО РЕГИОНА ПО МАТЕРИАЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ (1954-1956 гг.)**

*Аннотация*

В статье рассматривается история повседневной жизни спецпереселенцев Кокшетауской области на материалах Акмолинского государственного областного архива. Повседневная жизнь и взаимоотношения бывших переселенцев в северных регионах Казахстана, в том числе в Кокшетауской области в годы целины являются одной из тем, которая до сих пор не изучена.

**Ключевые слова:** спецпереселенцы, Северный Казахстан, целина, миграция, повседневная жизнь.

*Shukeeva A.T.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Doctoral student, Kokshetau State University named after Sh. Ualikhanov  
Kokshetau, Kazakhstan

### **EVERYDAY LIFE OF SPECIAL PEOPLE IN THE KOKSHETAU REGION ON THE MATERIAL OF THE AKMOLA STATE REGIONAL ARCHIVE (1954-1956 yy.)**

*Abstract*

The article deals with the history of everyday life of special settlers of the Kokshetau region on the materials of the Akmola State Regional Archive. Daily life and the relationship of ex-migrants in the northern regions of Kazakhstan, including in the Kokshetau region during the years of virgin lands is one of the topics that has not yet been studied.

**Key words:** special settlers, Northern Kazakhstan, virgin lands, migration, daily life.

Көкшетау тарихи-географиялық аймағының тарихы Қазақстан тарихында орны мен рөлі ерекше жерлердің бірі саналады. Оның біздің заманымызға таяу кезеңдегі әйгілі болған тұсы Абылай мен Уәли хандығы мен Кенесары көтерілісі, қазақ хандығының күйреуі оқиғаларымен тығыз байланысты [1].

Көкшетау өзінің аймақтық-әкімшілік ретіндегі маңызын Ресей империясының үстемдік кезеңінде де, кеңестік дәуірде де жоғалтқан жоқ. Егерде, Қазақ хандығының протектораттығы кезеңі аяқталған кезеңде Көкшетау сыртқы округі (дуаны) орталығы болып келсе, кеңестік дәуірде әкімшілік-саяси статусы онан әрі көтеріліп бұрынғы Көкшетау уезі территориясы негізінде 1944 ж. Көкшетау облысы Қазақ ССР-і Президиумының 15 наурыздағы арнайы жарлығымен құрылды Оның құрамына Айыртау, Келлер, Көкшетау, Красноармейск, Чкалов Солтүстік Қазақстан облысынан, Арықбалық, Зеренді, Рузай, Шучье, Еңбекшілдер аудандары Ақмола облысынан берілген болатын. [2]

Көкшетау өңірі патшалық дәуірде Ресейдің ішкі аудандарынан интенсивті түрде қоныс аударушылар келіп орналасқан бес аумақтың бірі саналды. Соның нәтижесінде Көкшетау уезі енген Ақмола облысындағы жердің 73% жер переселендердің қолына өтіп кеткен [3].

Сол дәуірден бастап Қазақстан толқын толқын болып бірінен соң біріне жалғасқан миграциялардың лектерінің астында қалды. Екінші дүниежүзілік соғыс өрті тұтанған мезетте Қиыр шығыстан көрейлер, Батыстан поляктар қоныс аударып келген болса, КСРО үшін Отан соғысына айналған уақытта Қазақстан жаңа, арнайы қоныс аударушылар немістер мен қырым татарларының, кавказ халықтарының мекеніне айналды. Көкшетау облысында 1952 жылдың 1 - ші желтоқсанында қоныс аударылған халықтардың ұлттық құрамын мына кестеден айқын көруге болады.

**Ұлттық құрамы бойынша:**

Шешендер – 5655 адам

Ингуштар - 14450

Немістер – 49545

Гректер - 1194

Поляктар - 23270

Украиндар - 223

Балқарлар - 909

Тәжіктер - 1636

Өзбектер - 999

Қырғыздар - 114 [4]

Ал, Көкшетау облысындағы ең ірі санды депортацияланған ұлттар қатарына шешендер, ингуштар, немістер, поляктар, гректер олардың әрқайсысының саны мың адамнан асты, мәселен бір ғана неміс халқының Көкшетау облысындағы саны 1956 жылғы статистикалық дерек бойынша 56619 адамды құраған олар облыстың 392 елді-мекенін қоныстанды, оның ішінде ересектер - 34956 адам, балалар саны 21665 адам, ауылдық жер тұрғындары - 51388 адам қалалық мекендерде 5281 неміс ұлтының өкілдері қоныстанды, Олар жалпы алғанда облыс халқының 13,6% құрады. Олар әсіресе Көкшетау облысының Келлер ауданында олар жалпы аудан халқының (37 %), Красноармейскіде (18%), Чкаловта (26%), Арықбалықта (15%), Рузайда (16%) құрап, осы аудандарда шоғырлана орналасты [5]. Соғыс кезінде қоныс аударылғандарды жұмыспен, тұрғын жаймен қамтамасыз ету үлкен проблемаға айналды. Мысалы Көкшетау облысында жұмыс істемейтін «спецпереселендер» 556 адамға жеткен, оның 495 Шучье ауданынан, ал Красноармейскіден-59, Көкшетау қаласының өзінде небары 10 адам жұмыссыз деп есептелген [6]. Кейбір елді-мекендерде неміс ұлтының өкілдері жалпы халықтың 90 % құрады. Ондай елді-мекендер Келлер ауданындағы саны 5, олар: Розовка, Келлеровка, Нагорное, Леонидовка және Любимовка, ал Чкалов ауданында – 3 елді-мекен – Донецкое, Ландман, Ясная поляна, Айыртау ауданында бір ғана колхоз «Красное Знамя», Красноармейскіде – Линеевка селосы, Қызылту ауданында Телмано елді мекені еді. Қоныс аударушыларлардың абсолют көпшілігі жоғарыда атап көрсеткеніміздей ауылдық жерлерде тұрып, ауылшаруашылық салаларында еңбек етті. Төмендегі кестеден олардың қандай жерлерде еңбек еткенін білуге болады.

**Немістер**

Колхоздарда - 14377

Совхоздарда - 1844

МТС - 3539

Басқадай кәсіпорындарында - 3199 [7].

КСРО Министрлер кабинетінің депортацияға ұшыраған «спецпереселендердің» кейбір шектеулерін алып тастау жөніндегі қаулысы шыққан соң «спецпереселендер» өмірінде айтарлықтай өзгерістер орын алды.

Оған дейінгі қоныс аударып келген ұлттардың әлеуметтік жағдайы нашар жағдайда болғандығын мынандай фактілерден байқаймыз: архив құжаттары көптеген «спецпереселендер» қысқа арналмаған үйлерде тұрып жатқандығын ондай үйлердің Келлер ауданында 25 үй, Айыртау ауданында - 2 үй, Красноармейск ауданында - 4, Шучинскіде-11, Арықбалық ауданында -22 үй болғандығынан хабар береді. Мысалы Қарлықөл ауылында тұрып жатқан Горссман Генрих пен Лиснер Лидия отбасылары есік-терезесі қираған үйде тұруға мәжбүр оның үстіне осы екі отбасы мүшелерінің қысқы жылы сыртқы киіммен, аяқ киіммен де қамтамасыз етілмегені туралы мәліметтерді байқаймыз. [8] Сондай-ақ Көкшетау, Зеренді, Арықбалық, Келлер және басқа аудандарда «спецпереселендердің» азы түлікпен, отынмен және малдары шөппен жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген. Жергілікті

басшылардың қайсыбірі олардың отын-шөбін тасуға көлік те беруден бас тартып отырған. Жер аударылып келгендердің балаларының барлығы оқуға тартылмай қалғандары да жие кездесті. Көкшетау ауданына ата-анасы жер аударылып келген Қызылсая аулының қазақ орта мектебін бітірген Людмила Ганза бүгінде Көкшетау қаласында тұрады. Қоныс аударылғандардың отбасылары ауыл-селоардағы үйлерге орналастырылды. Өздері де соғыстың қиыншылығынан жетім-жесір болып отырған жергілікті халықтың да тұрмыс жағдайы онша мәз емес болатын. Осыған байланысты конфликтілі жағдайлар да туып отырған. Бүгіндей алғанда қазақ ауылдарына орналастырылған әсіресе неміс ұлтының өкілдері жергілікті жағдайға тез бейімделіп кетіп отырған. Олар жергілікті қазақ халқының тілі мен мәдениетін игеріп кеткен неміс және басқа ұлт өкілдері жие кездесті. Олардың бүгінгі ұрпақтары қазіргі уақытта шетелде тұрып жатқан грек Константин Бразалис, поляк ұлтының өкілі Ольга Юркова Қазақстан, қазақ халқы туралы жылы пікірлер айтып, қазақ халқының адамгершілік қадір-қасиетін зор алғыс сезіммен еске алады. Бұл таза қазақ халқының ешкімді жат көрмейтін қолынан келсе қайырымды болуға тырысатын менталдық мінезіне байланысты еді. Қазіргі кезде Германияда тұрып жатқан бұрынғы қазақстандық немістердің пікірінше КСРО-ның басқа жерлеріне түскен немістерге қарағанда, Қазақстанға түскендер «бақыттырақ» дегенді айтады. Олардың пікіріне келсек, Қазақстан жеріне қоныстанған немістер арасындағы өлім-жітім әлдеқайда аз болған, келгендердің 90 % аман-есен ел қатарына қосылып кетті деген тұжырым жасаған және өзіміз де қазақтар сияқты кең жүректі адамдарға айналдық деген А. Шмидтің пікірін бүгін де естуге болады.

Кейбір колхоз және шаруашылық басшылары социалистік заңдылықты бұзып өз қарауындағы жер ауып келгендерді ұрып-соғып, күш көрсеткен, жұмыстан жеткілікті негізсіз босатқан жағдайлар да ұшырасты. Медициналық көмек көрсетудің де сын көтермейтіндігі туралы мәселелер 1949 жылғы 2-ші қарашада Көкшетау облыстық партия комитетінің арнайы отырысында қаралды. Обкомның отырысында осы мәселелерді дереу шешудің шараларын қабылдады [9].

Жоғарыда көрсеткеніміздей халқының көпшілігін неміс ұлтының өкілдері құрайтын қелді мекендер бір кездері яғни 1905-1909 жж. қазақ даласына қоныс аударып келгендер негізін қалаған елді-мекендерге неміс ұлтының қоныс аударушыларының жаңа толқынының келіп қосылуының нәтижесінде пайда болды. Осы жылдары Көкшетау облысындағы неміс қоныстанушыларының саны едәуір көбейді. Ресми үкімет орындарының мәліметтерін негізге алсақ неміс ата-аналар өз балаларының орыс тіліндегі мектептерде білім алғанын қалайтындықтырын, өз ана тілін пән ретінде оқуды дұрыс санайтындықтарын жеткізген [10]. Қоныс аударып келген «спецпереселендер» комендатурада арнайы тіркеуде тұрып, үнемі белгіленіп отырды. Олар өз еркімен тұрған жерлерінен басқа жаққа кетуге құқы болған жоқ. Ал 1956 жылы шектеулер алынып тасталған соң «спецпереселендердің» партия қатарына өтіп, түрлі лауазымды қызметтер атқаруына мүмкіндіктер ашылды. Олардың ішінде социалистік еңбектің екпінділері аталған, КСРО-ның орден-медальдарымен марапатталған адамдар аз болған жоқ.

Коммунистік билік режимі кезінде кез келген ұлттың азаматы мансап карьерасын жасайын десе, ол ең алдымен коммунистік партия қатарына өтуге тиісті болатын. Сол себепті де еңбекке өте ықтияттылығымен кзге түскен неміс ұлтының өкілдерінен 1955 жыл мен 1956 ж. алғашқы 6- айының ішінде 64 – адам партияға қатарына кандидат, партия мүшесіне, 315 адам комсомол қатарына өткен. Олардан бұдан былай «спецпереселен» деген статус алынып тасталынды. Осы кезде шешен, ингуш халықтарың өкілдерінің басым көпшілігі елдеріне қайта бастаған болса, неміс, поляк, грек ұлтының өкілдері қозғалмай Қазақстанда тұрып қалды. Олар ел өміріне, шаруашылығына белсене араласты. Төмендегі кесте бұрынғы «спецпереселендердің» қоғамдық-саяси өмірге араласуының деңгейін көруге болады.

Сайланып және қызмет атқарады	неміс
Обком мүшелері	---
Аудандық партия комитеті мүшесі	1
Бастауыш партия ұйымдарының хатшылары	18
Аудандық комсомол комитеті мүшелері	29
Бастауыш комсомол ұйымының хатшылары	98
Жұмыс істейді	
а) Лекторлар	5
б) Үгітші, насихатшылар	178
Сайланды:	
Аудан және қала кеңесіне	9

Ауыл және кент депутаттары	146
Қызмет жасайды:	
а) кеңес қызметінде	56
б) колхоз төрағасы	4
в) колхоз төрағасы орынбасары	1
г) трактор егіс бригадаларының бригадирлері	229
д) Ферма меңгерушісі	83

Осы кестеден байқағанымыздай аз уақыттың ішінде Көкшетау облысында бұрынғы «спецпереселендер» ішінен ең саны көп неміс ұлтының өкілдерінің жергілікті саяси және шаруашылық жүйелеріне жылдам интеграцияланып кеткендігі туралы тұжырым жасауға негіз бола алады. Қазақстандағы неміс және поляк диаспорасының осындай әлеуметтік мінез-құлқын бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Ең алдымен Орталықтың немістерге қатысты саясаты басқа бұрынғы «спецпереселендерге» карағанда өзгешерек болды. Шешен-ингуш ұлтының өкілдері өз жерлеріне оралуға мүмкіндік алды, олардың автономиялық – мемлекеттік құрылымдары қалпына келтірілді. Еділдегі Неміс автономиясын қалпына келтіру деген мәселе тіпті де көтерілмеді. Германияға «ниеттес» болды деп айыпталған халық өкілдері үшін Германияға қарсы соғыста жеңімпаз болып шыққан Ресейдің ортасында олардың автономиясын қайтадан қалпына келтіру КСРО-да қалыптасқан саяси-әлеуметтік, психологиялық ахуалға қайшы келді. Үшіншіден, Еділ бойы, Қырымдық немістердің Германияға немесе алыс бір шетелдерге де қоныс аударуына КСРО-ның «темір шымылдык» жағдайында өмір сүруі ол мүмкіндікті толықтай жоққа шығарды. Осы себептер жинақтала келгенде прагматикалық ойлауға бейім неміс ұлтының өкілдері өздерінің жақын перспективадағы болашағын негізінен Қазақстанмен байланыстырды деуге негіз бар.

Еділ бойы немістері арасында түрлі сала мамандары мен интелегенция өкілдері баршылық еді. Келесі кесте тек қана Көкшетау облысына қоныс аударып келген неміс интелегенциясының сапалық құрамын көрсетеді [11].

	Немістер ішінен	
	Бары	Мамандығы бойынша жұмыс істейді
Инженер және механиктер	15	15
Агрономдар	24	24
Зоотехниктер	1	1
Фельдшерлер	32	32
Мұғалімдер	228	228
Басқа мамандар	34	34
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>334</b>	<b>334</b>

Көкшетау облысының обком хатшыларының бірі С. Иванов 1956 жылдың 10-шы тамызында жазған өзінің анықтамасында былай деп тұжырымдар жасайды: « Әсіресе, көптеген неміс ұлты өкілдері ішінен өндіріс озаттары шығуда. Қалалық және аудандық партия комитеттерінің есептері бойынша осындай тізімге алынғандар саны 1150 адам ( оның ішінде 78 1955 ж. ВСХВ - Бүкіл Одақтық ауылшаруашылық көрмесінің қатысушылары).

Көкшетау ауданының Чаглинка астық кеңшарында жұмыс жасайтын бұрынғы «спецпереселенц» Лидия Гамбург 1955 жылы әрбір сауын сиырдан 3200 литр сүт сауған. Осы кеңшардың бақташысы комсомол мүшесі П Сол кездегі Көкшетау облысының облыстық партия комитетінің басшылығы облыстағы неміс ұлты өкілдерінің жағдайын жан-жақты талдай келе келесі қорытындыларға келген облыста арнайы ұлттық аудандар немесе колхоз,совхоздар ұйымдастырудың қажеттілігі жоқ. Оны немістердің өзі де қалап отырған жоқ. Сонымен бірге неміс,шешен,ингуш ұлтының өкілдерімен әңгімелесе келе партия обкомы жеке ұлттық мектептерді ашуды жөн деп таппайды деген шешімге келген [12]. Әрине, бұл бір жағынан «Тың көтеру» науқаны қарсаңындағы білім беру саласындағы Орталықтың Қазақстанға қатысты саясатымен байланыстыруға болады.

Сол 1956 жылғы дерек бойынша немістер тұрып жатқан ауданның бірі Рузай ауданында өзінің жеке қосалқы шаруашылығы бар отбасылар 619 болса,оның 527-сі неміс ұлтының өкілдері. Олардың барлығы дерлік материалдық жағынан жақсы тұрады,өздерінің жеке үйлері,бақша телімі,сиырлары,ұсақ малдары және құстары бар. Ауданда өзінің жеке шаруашылығы жоқ,материалдық көмекке зәру отбасылар жоқ. Мектеп жасындағы балалар 397 бала оның 310 неміс. Мектепте оқып жатқан оқушылар 356 бала, оның 289 – неміс балалары. Бұрынғы «спецпереселендерінің балаларының барлығы орыс тілінде оқытылып жатыр себебі олардың барлығы орыс тілінде жақсы сөйлейді. Осы құжатта ұлттардың ана тілінде оқытудың немесе ұлттық кеңшарларды құрудың қажет еместігін Рузай ауданының хатшысы П.Синельников қайтадан қадап тұрып айтады [13]. Біз бұдан кейбір Солтүстік облыстардағы Балуан немесе Қызылсая сияқты ірі ауылдарға келіп қалған неміс немесе басқа да отбасылардың бірен-сараң балалары ғана болмаса Қазақстан сияқты ұлттық Республикада қазақ тілінде емес орыс тілінде білім мен тәрбие алғандығын көреміз. Герольд Белгер секілді қазақ, неміс әдебиетіне еңбек сіңірген әдебиет пен қоғам қайраткері орыс тілді емес, қазақ тілді социумның туындысы болғанын байқаймыз. Жалпы алғанда жер аударылып келген неміс ұлтының өкілдерінің қазақ тілі мен мәдениетіне деген ерекше ықыласымен неміс ұлты басқа еуропалық немесе кавказдық этностардан айрықша болды деуге негіз бар. Қазақтармен араласып тұрған әсіресе осы ұлттың өкілдерінің көпшілігі жергілікті қазақ халқының тілі мен мәдениетін игеріп, қазақтармен тығыз араласты. Көкшетау ауданының аралас ауылдарында атап айтқанда Көкшетау қаласынан 25 шақырым жердегі Васильков кентіндегі немістердің көпшілігі қазақ тілінде өте жатық сөйлеп кеткенін сол жердің байырғы тұрғындары әлі күнге дейін ұмытқан жоқ.

Ал 1954 жылдан Солтүстік Қазақстан тың эпопеясының эпицентрі ретінде жаңа бір қуатты миграциялық ағынға тап болды. Тың көтеру кезеңі әсіресе солтүстік өлкедегі халықтың күнделікті өмір – тіршілігінде, оның ішінде жергілікті халықтың өмір сүру ырғағында түбегейлі өзгерістер жасады. Қазақстанның «Тың өлкесі» Одақтық үкімет тарапынан басты назарға алынуы, бұрын-соңды болып көрмеген орасан көлемдегі қаржының салынуы, сонымен бірге бір ғана 1954 жылдың өзінде тың совхоздарына 48,9 мың адамның келуі «Тың өлкесіндегі» халықтың менталды жақтарына аз ықпал тигізбегені[14,91]. анық. Көкшетау облысының өзіне ғана туысқан республикалардың 18 облысынан 1954 жылды 2—шы наурызына дейін 2921 адам келген болса, 20-21 наурызда тағы да 1500 адам келгені туралы нақты деректерді архив құжаттары жеткізіп отыр [15]. Тың өлкесіне түгел шаруашылығымен басқару құрамымен келгендер де кездесті. Олар бұрынғы тұрған жеріндегі халықтың мінез-құлқын бірге ала келгендігі түсінікті.

Осы ретте бізді қызықтырып отырған мәселе сол тың көтеру науқаны кезіндегі арнайы қоныстадырылған халықтар мен мен тыңгерлердің күнделікті өмір-тіршілігі. Өткен ғасырда Батыс тарихнамасында аса бір актуализацияланған бағыттың бірі тарихты жасаушы үлкен адам емес, қарапайым адамдар өмірі деген методологиялық принцип танымал болып тұрған болатын. Адам өмір-тіршілігінің барлық қыр мен сырын зерттеуші мәдени-антропологиялық әдіснама қолданысқа енді.

Ендігі жерде тарихшы әмбебап зерттеушіге айналуға тиісті деп санады. Ол бір мезгілде психолог, әлеуметтанушы, құқықтанушы болуы қажет [16,30]. Тыңға келген қоныс аударушылардың географиясы да кең ауқымды болып шықты. Мәселен, 1954 жылдың 20-21-ші наурыз аралығында Көкшетау облысына қоныстанғандардың 202-сі Липецк облысынан, Мордва АССР-нен, Сталинград облысынан келгендер, олар Рузай ауданының тың совхоздарына орналастырылды.Еңбекшілдер ауданына Ленинградтан, Одессадан келгендер МТС – терге шофер, механизатор болып орналастырылды [17].



Көкшетау облысында тың көтеру кезеңінің алғашқы жылында ғана 25 жаңа астық совхоздары құрылды, соның ішінде 11 Қызылту ауданында, 12 –сі Рузаев ауданында, 1 совхоз Айыртау ауданында тағы 1 совхоз Чкалов ауданында құрылған болатын. Жері далаңқы байырғы тұрғындары аз санды жерлерде жаңа тың совхоздары көптеп құрылған болса, халқы тығыз орналасқан, патша заманынан жері игерілген Айыртау ауданында тың совхоздарының ашылуының сирек болуының негізгі себебі осы еді.

Бүкіл Кеңестер Одағындай сол кезеңдегі адамдардың өмір-тіршілігі шамадан тыс идеологияның үстемдік етуші партияның ықпалында ғұмыр кешкендігі сол дәуірдің мейлі ол қала болсын, мейлі ол аграрлы территориялар болсын ондағы өмір сүріп, тіршілік құрған жұрт партия, комсомол ең аяғы пионер ұйымдарына тартылды. Мәселен, жаңа ашылған совхоздардағы жалпы халықтың саны 11 мыңды құраса оның ішінде коммунистік партия мүшелері 313 адам, комсомолдар 4492 адам болған, ал қалған жұмысшылар мен партияда жоқ қызметкерлердің саны 10232 адамды құраған. Көкшетауда жаңа ашылған барлық шаруашылықтарда мамыр айы ішінде коммунистік бастауыш партия ұйымдары құрылды.

Көкшетау облысында құрылған 24 совхоздың басшылық құрамына сол кездегі Кеңестер Одағының әр түпкірінен келген басшылар жайғасты. Олардың бірқатарын Қазақстан ОК –і ұсынды [18].

Айыртау ауданындағы тыңгерлер арасында саяси-партиялық, бұқаралық үгіт насихат жұмыстарына зор көңіл аударылып, еңбекшілердің бұқаралық жұмыстар жүргізілді. Тыңға келгендерді жұмыспен қамту, қоғамдық тамақтануды жолға қою, «щитовой үйлердің» бөлшектерін жаңа жерлерге жеткізу сияқты мәселелер шешіліп отырды. Бригадаларда күн сайын газеттер оқылып, радиотыңдаулар ұйымдастырылды. «жауынгерлік парақтар» шығарылып онда коллектив өміріндегі жаңалықтар көрініс тапты. Айыртау астық совхозында Интересный және Лопутка сияқты құрылыс бригадаларының жұмыстары үлгілі деп танылды. Орталық елді мекендерді көгалдандыру жұмыстары барысында алмұрт, үйенкі, терек талдары, алма ағаштарының көшеттері отырғызылды. Жері далаңқы болып келетін Қызылту ауданының «Бидайық» совхозында бау-бақша өсіру бастамасы көтерілді [19]. Көкшетауға тыңның екі жылында Көкшетау облысына 120 мың адам келіп жалпы 54 совхоз ұйымдастырылды. Тыңгерлермен бірге арқадағы тыңды жергілікті халық бірге көтерісті. Қалалардың тың совхоздарын қамқорлыққа алуы дәстүрге айналды мәселен 1954 жылы Көкшетау қаласынан егін жинау науқанына 1500 адам қатынасты. Көкшетау механикалық зауыты облыстағы колхоздар мен МТС-терге жүйелі көмек беріп отырды. Қалалық партия ұйымы совхоздарға тек шаруашылық жағынан ғана көмек беріп қоймай, әрі мәдени-ағарту жұмыстарымен айналысып лекторлар мен баяндамашыларды, көркем өнерпаздардың концерттік бригадаларын жіберіп отырды, кітапхана қорын молайтты [20]

Тың эпопеясы кезеңіндегі Көкшетау облысындағы бұрынғы «спецпоселендер» мен тыңгерлердің күнделікті өмір тіршілігін зерттеу барысында тарихи-антропологиялық тұрғыдан қарастырғанда осы кезеңдегі екі социумның арасындағы едәуір айырмашылықтарды болжауға болады. Қоныстанушылардың екі толқыны бір-бірінен менталдық айырмашылықтарын олардың арасында шығып отырған қақтығыстардан аңғаруға болады. Соғыс жылдары қоныс аударып келгендер елі мен жерінен зорлықпен ажырағандар, олардың арасында кеңес билігіне наразылар жие кездесті. Солтүстік Кавказ тұрғындары арасында отбасы-кландық байланыстардың діни сенімнің маңызы күшті фактор болды. Сол себепті де осы халық өкілдерін оқуға тарту, комсомолдық басқа да саяси ұйымдарға тарту кедергілерге тап болып отырды. Еуропа тектестер мемлекеттік және саяси ұйымдарға жоғарыда көрсеткеніміздей біршама оңай тартылып отырды. Тыңгерлер психологиясы өзгеше еді. Олардың басым бөлігін славян тектілер құрады және мемлекет тарапынан зор материалдық, қаржылық және моральдық көмек берілді. Тыңгерлер жергілікті халық пен өздеріне дейін Қазақстанға депортацияланған халықтарға қарағанда өздерін мүлде бөлек психоэмоционалдық жағдайда ұстады. Сол себепті де кейбір тыңдағы ұлтаралық қатынастардағы кикілжіндер осы жағдайға байланысты туындауы мүмкін деген пайым жасауға негіз береді. шартын жасасқан «тыңгерлерге» бір жолғы 15 сом жәрдем ақы, жол шығыны өзіне және отбасы мүшелеріне де берілді. Ал Одақтық үкіметтің 1958 жылғы арнайы шешіміне сәйкес отбасы басы 300 сом, әр отбасы мүшесіне 60 сомнан беріліп, жол шығыны да көтерілді. [21,93-99].

Сол себепті де «тың эпопеясы» кезеңіндегі Солтүстік өңірлерде соның ішінде Көкшетау облысында бұрынғы қоныстанушылар мен тыңгерлердің жасаған күнделікті тіршілігі мен өзара қарым-қатынасы бүгінгі күнге дейін арнайы зерттелмеген тың тақырыптардың бірі болып табылады.

*Қолданылған деректер мен әдебиеттер тізімі:*

- 1 Әбуев Қ. Ақмола облысының тарих және мәдениет қайраткерлері: библиографиялық очерктері – Көкшетау: Әрекет, 2018, 336 б.
- 2 АОМА - 730 қор, 14-тізбе, 889- іс, 5парақ

- 3 Байжұманова З.Б. Көкшетау өңірінің тарихы халық жадында Отан тарихы №1(77)-2017, 125 б
- 4 АОМА – 1 қор, 2 - тізбе, 107-іс, 1а парақ
- 5 АОМА - 730 қор, 14-тізбе, 889- іс, 2 парақ
- 6 АОМА – 1 қор, 2 - тізбе, 107-іс, 3 парақ
- 7 АОМА – 1 қор, 2 - тізбе , 52 - іс, 87 парақ.
- 8 АОМА – 1200 қор, 1 - тізбе , 24 - іс, 13парақ.
- 9 АОМА – 1 қор, 1 - тізбе , 494 - іс, 13парақ.
- 10 АОМА – 1 қор, 2 - тізбе , 52 - іс, 88 парақ.
- 11 АОМА – 1 қор, 2 - тізбе , 52 - іс, 89 парақ.
- 12 АОМА – 1 қор, 2 - тізбе , 52 - іс, 91 парақ.
- 13 АОМА – 1 қор, 2 - тізбе , 52 - іс, 96 парақ.
- 14 Сужиков, Г. Демаков. Влияние подвижности населения на сближение наций / М – Алматы: Наука, 1979. 91 с
- 15 ҚРПА- 1Том, 708 қор, .27 тізбе, .288 іс, 81 парақ
- 16 З. Б. Мырзатаев Күнделікті өмір тарихы: пәнаралық сипаты мен ерекшеліктері Вестник КазНПУ им. Абая ,серия Исторические и социально-политические науки» №2 (37),2013 ж. 30 б
- 17 ҚРПА- 1Том, 708 қор, .27 тізбе, .288 іс, 82 парақ
- 18 ҚРПА- 1Том, 708 қор, .27 тізбе, .288 іс, 106 -107 парақтар
- 19 ҚРПА- 1Том, 708 қор, .27 тізбе, .288 іс, 110-111 парақтар
- 20 ҚРПА- 1Том, 708 қор, .27 тізбе, .288 іс, 24 парақ
- 21 Абдраимова А. Социальные последствия целинных и залежных земель в Казахстане Евразийское сообщество 2008.- №4-С.93-99

**ӘӨЖ 11-987**  
**МРНТИ 03.20.00.**

*Серік А.Н.<sup>1</sup>*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті<sup>1</sup>,  
бМ041900 - Музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығының 1 курс магистранты<sup>1</sup>*

## **БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ–ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ**

*Аңдатпа*

Мақала бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі–Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану музейінің өлкенің тарихи мұрасын қорғау, киелі орындарды сақтау, олардың саны, санаттары және қорғалуын анықтаудағы қызметі жұмыстың өзектілігі болып табылады. Бүкіләлемдік жаһандану жағдайында Батыс Қазақстан өңірі халқының тарихи-мәдени мұрасын оның дамуының негізі мен кепілі ретінде сақтап қалудың қажеттілігі жұмыстың маңыздылығын арттырады.

**Түйін сөздер:** Батыс Қазақстан облысы, жәдігерлер, музей, өлкетану, тарихи мұра, экспонаттар.

*Серік А.Н.<sup>1</sup>*

*Казахский национальный университет имени Аль-Фараби<sup>1</sup>,  
Магистрант 1-го курса по специальности бМ041900 – музейное дело и охрана памятников<sup>1</sup>*

## **ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ ЗАПАДНО–КАЗАХСТАНСКОГО ОБЛАСТНОГО ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ**

*Аннотация*

Одной из актуальных проблем сегодняшнего дня является охрана исторического наследия края, сохранение святынь мест, определение их количества, категории и охраны. В условиях всемирной глобализации необходимость сохранения историко-культурного наследия народа Западного Казахстана как основы и гарантии его развития повысит значимость работы.

**Ключевые слова:** Западно-Казахстанская область, экспонаты, музей, краеведение, историческое наследие, экспонаты.

*Serik A.N.*

*Al-Farabi Kazakh national University<sup>1</sup>,  
Undergraduate of 1st course specialty 6M041900 – Museum and monument protection<sup>1</sup>*

## **THE STORY OF THE CREATION OF THE WEST KAZAKHSTAN REGIONAL LOCAL HISTORY MUSEUM**

### *Annotation*

One of the urgent problems of today is the protection of the historical heritage of the region, the preservation of Holy places, determining their number, category and protection. In the context of global globalization, the need to preserve the historical and cultural heritage of the people of Western Kazakhstan as the basis and guarantee of its development will increase the importance of the work.

**Key words:** West Kazakhstan region, exhibits, Museum, local history, historical heritage, exhibits.

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің жылынамасы ХІХ ғасырдың 30–жылдарынан басталады. Орынбор өлкесінің шекаралық және азаматтық басқармасының 1834 жылғы есебінде Оралда «әскери училище құрылысы басталғаны» туралы жазылған. Ал Орынбор корпусы командирінің 1836-1837 жылдардағы есептерінде «әскери училище құрылысы аяқталып онда сабақ басталғаны» баян етіледі. Осы училище тұрақты жұмыс істей бастаған 1836 жылы музейдің де негізі қаланған деп ұйғарым жасауға болады. Себебі, Орал әскери училищесінің Жарғысында: «Кітапханашы, ол әрі училище музейінің караушысы, училище кітапханасы мен музейіндегі рет-ыңғай үшін, сондағы кітаптардың, аспаптар мен заттардың бүлінбей, жоғалмай сақталуына жауап береді», деп атап көрсетілген. Музей 1836 жылы Орал әскери оқу орнында, кейінірек көркем және графикалық факультет, қазіргі уақыттағы «Пушкин» қонақ үйі ғимаратында орналасқан [1, 15 б.].

1870 жылы музей Оралдың реальдық оқу орны, қазіргі Жаһанша Досмұхамедов атындағы Орал педагогикалық колледж ғимаратына көшірілген. 1906 жылы Музей училище жанынан Орал казак әскери музейі болып бөлініп, екі қабатты ғимаратқа шығады. Кейін онда балалар ауруханасы болды. 1920 жылы Орал казактарының әскери-тарихи музейі негізінде тарихи-өлкетану музейі құрылды.

Музей халыққа білім беру губерниялық (округтік) бөлімінің қарауында болған. Ол «Қызыл таң», қазіргі «Гагарин» кинотеатрының екінші қабатында бірнеше бөлмелерде орналасқан. 1941 жылы Ұлы Отан соғыс жылдарында музей жабылып, музей ғимараты Краснодар қаласынан көшірілген партия мұрағатына берілді. 1969 жылы Музей екі ғимаратта орналасты: біріншісі-Архангел Михаил шіркеуінде (кеңес өкіметіне дейінгі кезең); екіншісі-Құтқарушы Христос ғибадатханасында (өлкетану бөлімі). 1977 жылы музейге үшінші ғимарат берілді: тағайындалған атамандар үйінде, қазіргі Ішкі істер бөлімінің әскери ауруханасының бір бөлмесінде әдебиет бөлімі ашылды. 1980 жылы музейге төртінші ғимарат берілді. Музей 1879 жылы орыс-қырғыз мектебіне арнап салынған архитектуралық ғимаратқа көшіріліп, осы ғимаратта күні бүгінге дейін орналасуда. Осы жылдары музей ең үздік белгімен марапатталып Бүкіл Одақтық ауыспалы Қызыл туына ие болды [2, 8 б.].

Бүгінде музей 1879 жылы шығыстық стилде орыс-қырғыз қолөнер мектебіне арнап салынған ғимаратта орналасқан. Бұл ғимараттың тарихына тоқталып өтсек: орыс-қазақ қолөнер мектебі үшін арнайы салынған ғимарат 1879 жылы бой көтерген. Қазақстандағы осындай типті бірінші оқу орны. Ғимарат екі қабатты, жартылай жертөселі, мавритан стилінде салынған (сүйір терезе ойығы, шатыр тіректеріндегі күмбездер және стильдегі мұнара, т.б.). Ғимараттың құрылымы анық жоспарланған, бөлмелер доғалы тоғыспалармен біріктірілген, қасбет жабыстырылып мәнерленген сәулет элементтерімен безендірілген. Ғимаратта әртүрлі саладағы оқу орындары мен ұйымдар орналасқан.

Алғашқы кездерде екі жылдық орыс-қазақ мектебі болған, бұл жерде ұлдарды сауатты болуға, сонымен қатар, токарлық, ағаш ұсталық, темір соғу және слесарьлық істеріне оқытқан. Азамат соғысы кезінде, 1919 жылдың аяғынан бастап бұл ғимаратта облыстық әскери комиссариатты жұмыс жасаған. 1920-1930 жылдары оқу сыныптары, интернат, асхана, клубтары бар Орал кәсіптік техникалық мектебі, ал кейін ғимаратта №75 қалалық кәсіби-техникалық училище орналасқан. 1963 жылы ол Батыс Қазақстан Ауыл шаруашылық институтына берілген. 1973 жылғы 12 сәуірдегі Орал облыстық атқару комитетінің шешімімен ғимаратқа мәдениет басқармасы көшіп келді. Қазіргі уақытта бұл ғимаратта облыстық тарихи-өлкетану мұражайы орналасқан. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков «Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарынан танысудан басталатыны мәлім»,—демекші, өлке тарихын келешек ұрпаққа жеткізу жолында ата-бабаларымыздың

көзінде асыл құндылықтарды жинап, сақтап, олардың тарихымен және өлкеге танымал тұлғалардың игілікті істерімен, өркениетті мәдениетімен көрерменді таныстыру–бүгінгі музейлердің негізгі міндеті мен басты парызы болып отыр. Қандай әлеуметтік-саяси өзгерістер болса да, музей өзінің басты міндетін орындауда: ол-мәдени мұраны сақтау болып табылады. Расында да неше бір заман белестеріндегі қоғамдық құбылыстарды, аласапыран әлеуметтік саяси оқиғаларды, керек десеңіз күллі адамзаттың, бізді қоршаған кеңістіктің, табиғи ортаның таңғажайып өзгерістерін алақанға салғандай етіп алдына тосатын музейдегі материалдық мұралар мен қатпарлы қалың құжаттар-баға жетпес

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Достық даңғылы 184 үйде орналасқан. Музейдің жалпы алып жатқан аумағы–2432,7 м<sup>2</sup>. Музей қорындағы жәдігерлердің жалпы саны-136 980 астам бірлік сақталуда. Негізгі қорда–64 655 бірлік, қосымша қорда–72 325 бірлік.

Музейдің жұмысы сан қырлы. Музейдегі экспонаттарды ғылыми-танымдық талаптар тұрғысынан ұтымды жүйелеу, оны көпшіліктің талғамына сай ұсыну, зерделенген жәдігерлер негізінде басылымдар шығару елдегі, облыстағы атаулы күндер мен тарихи тұлғаларға арнап көрмелер жабдықтау, өлке тарихына қатысты мәдени шаралар өткізу, белгілі бір көрнекті тұлғалармен кездесулер ұйымдастыру, қаладағы оқу ордаларының студенттеріне дәрістер оқу т.б. қызметтерді атқару арқылы халқымыздың асыл қазынасын болашақ ұрпаққа жеткізу.

Музей қызметкерлерінің 2016 жылдан бері қолға алып келе жатқан бір бастамасы келушілер арасында сауалнама жүргізу. Зерттеу сәуір айында ұйымдастырылып, оған 68 адам қатысты. Зерттеу жұмысына арнайы адамдардан топ құрылып, музейге келушілердің жасына қарамай сауалнама жұмыстарын жүргізе бастады. Бір айға созылған зерттеу жұмысы өз нәтижесін берді. Қатысушыларға музейге байланысты келушілердің көзқарастарын білу, қандай мақсатпен келетіндері турасында түрлі сауалдар қойылған. Сауалнама негізінде келушілердің құрамы туралы қорытынды жасалынып, келушілердің ескертпе-ұсыныстарын талдауға мүмкіндік болған. Сауалнама қорытындысы төмендегі кестеде көрсетілген.

1-кесте. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейіне келушілер арасында жүргізілген сауалнама

Р/с	Сауалнама	Пайыздық көрсеткіші (%)
1	Өлке тарихымен терең танысқысы келетіндер (35 жасқа дейін)	72%
2	Келушілер арасында қала тұрғындарының үлесі	62%
3	Қала қонақтарының үлесі	38%
4	Туыстары мен таныстарының кеңесімен келгендер	45%
5	Ақпаратты мерзімді баспасөз, радиотеледидардан, 23 пайызы ғаламтордан алған.	24%
6	Музей туралы ақпаратты ғаламтордан алғандар	23%
7	Музей туралы қызметкерлерден естігендер	8%
8	Экспозиция залын таныстырушының қызметіне жүгінетіндер	66%
9	Таныстарын қаламен таныстыруда музейге апарамын?	64%
10	Музейге дем алу үшін келетіндер	28%
11	Музейге тәрбие және білім беру үрдісіне байланысты келушілер	54%

1-кестеден көріп отырғанымыздай, жүргізілген сауалнаманың қорытындысында өлке тарихымен терең танысқысы келетіндердің 72%-ы 35 жасқа дейінгілерді құраған. Музейге келушілердің 62%-ы Оралдың тұрғындары, 38%-ы ғана қала қонақтары болып шыққан. Сауалнамаға қатысушылардың 45%-ы туыстары мен таныстарының кеңесімен келгендігін айтса, 24%-ы ақпаратты мерзімді баспасөз, радиотеледидардан, 23%- ғаламтордан алған. 8%-ы музей қызметкерлерінен естіген болып шықты. Зерттеуге қатысушылардың 66%-ы экспозиция залдарын жеке аралағаннан гөрі, таныстырушының қызметіне жүгінгенді жөн көреді. Ал «Сіз қонағыңызды қалаңызбен таныстыру үшін қайда апарар едіңіз?» деген сауалнама сұрағына «Музейге» деп жауап берушілердің пайыздық үлесі 64%-ды құраған. Қала тұрғындарының музей табалдырығын аттауына не себеп? Жүргізілген сауалнама көрсеткендей, басты мақсат–оның ақпарат пен білім көзі болғандығынан. Ал музейге дем алу үшін келетіндердің үлесі 28%-ды көрсетсе, келушілердің 54%-ы тәрбие және білім беру үрдісіне байланысты отбасы, сыныптастары, топтастарымен барғанды ұнататындықтарын көрсеткен. Жүргізілген сауалнама барысында музей жұмысына жасалған ескертулер мен ұсыныстар да болды. Ең бастысы, сауалнама көрсеткіші тұрғындардың қала тарихына қызығушылығы жоғары екенін байқатты.

2-кесте. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейіне келушілер санының көрсеткіші (2000-2017 жылдар) [3, 12 б.].

Р/с	Жылдар	Келушілер саны
1	2000 жыл	53 007 мың адам
2	2001 жыл	76 942 мың адам
3	2002 жыл	49 736 мың адам
4	2003 жыл	48 210 мың адам
5	2004 жыл	59 430 мың адам
6	2005 жыл	61 172 мың адам
7	2006 жыл	45 379 мың адам
8	2007 жыл	34 843 мың адам
9	2008 жыл	31 342 мың адам
10	2009 жыл	32 689 мың адам
11	2010 жыл	33 588 мың адам
12	2011 жыл	33 703 мың адам
13	2012 жыл	38 129 мың адам
14	2013 жыл	44 873 мың адам
15	2014 жыл	51 520 мың адам
16	2015 жыл	55 549 мың адам
17	2016 жыл	64 801 мың адам
18	2017 жыл	72 159 мың адам

2-кестеден көріп отырғанымыздай, музейге келушілер саны 2000-2001 жылдар аралығында өсіп, келушілер саны 23 935 адамға көбейген. Ал 2002 жылы келушілер саны керісінше 27 206 адамға азайған. Кестеден байқап отырғанымыздай 2000-2007 жылдар аралығында музейге келушілер саны тұрақсыз болған, яғни кей жылдары келушілер саны өсіп отырса, кей жылдары мүлде түсіп кеткен. Бұл музейдің алғаш ашылған жылдарындағы бірнеше рет ғимарат ауыстыруымен байланысты болуы мүмкін. Екінші бір себеп, насихаттау жұмыстарының аздығында деген қорытындыға келдік. Музейге келушілер саны 2008 жылдан бастап көбейіп отырған: 2009 жылы 2154 адамға, 2010 жылы 2246 адамға, 2011 жылы 2361 адамға, 2012 жылы 6787 адамға, 2013 жылы 13 531 адамға, 2014 жылы 20 178 адамға, 2015 жылы 24 207 адамға, 2016 жылы 33 459 адамға, ал 2017 жылы бұл көрсеткіш 40 817 адамға дейін көтерілген. Музейге келушілер санының артуы насихаттау жұмыстарының тұрақты әрі жүйелі түрде жүргізілуі, музейге келушілерге жылына бір рет «музей түнінің» ұйымдастырылуы және әр түрлі ашық-дәріс сабақтарының көптеп жүргізілуі келушілер назарын өзіне аударады.

2006 жылы Ақ Жайық өңірінің тарихи асыл қазынасы мен құндылықтары сақталып отырған қара шаңырақ-облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрылғанына 170 жыл толды. Осыған орай Европа мен Азияның кіндігінде орналасқан Орал қаласында Қазақстан мұражайлары мен көршілес Ресей елінің өкілдерінің қатысуымен «Батыс Қазақстандағы мұражай ісі: тарихы және қазіргі заман» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Музей өз мамандарының іскерлігін арттыруға ерекше көңіл бөліп отырады, әсіресе жас кадрлар тәрбиесі басты назарда. Облыстық музейдің үш филиалы – «КСРО Батыры М. Мәметова» музейі, «М. Шолохов атындағы музей кешені», «Табиғат және экология» музейлерінің өз алдына дербес музей болып бөлініп шығуы – музей қызметкерлерінің біліктілігінің жылдан-жылға артып келе жатқанының нақты айғағы. Мұражайдың дербес бөлімі болып табылатын Мәншүк Мәметова мұражайында оның ерлігінен хабар беретін материалдар мен заттық деректер, Е. Пугачев мұражайында орыс көтерілісшісі Е.А. Пугачевтің Оралда болуын баяндайтын құжаттар, соғыс қарулары; Табиғат және экология мұражайында өлкенің географиялық жер жағдайының кескіндеме-карталары, кен байлықтарының үлгілері, өлкеде кездесетін өсімдіктер мен жан-жануарлардың қатырылған бейнелері қойылған [4, 45 б.].

Батыс Қазақстан облысының рухани қазына-асыл мұралардың тарихи қоймасы аталған музей бүгінде өлкеге келуші туристерге, қонақтар мен жергілікті қауымның игілігіне айналып, тарихи зердеге қозғау салатын тарих пен тағылымның ордасы мен мәдени-рухани орталық дәрежесіне дейін көтеріліп отыр. Ал мұражай қызметкерлерінің іскерлігі, біліктілігі арқасында өлкеде сан алуан мәдени шаралар ұйымдастырылып, тақырыптық басылымдар жарық көріп көпшіліктің ризашылығына бөленуде.

Ғасырлар қойнауынан бастау алатын еліміздің тарихы мен мәдениетінен, салт-дәстүрі мен әдебиетінен, шежіре мұраларынан сыр шертетін мәдени құндылықтар еліміздің түкпір-түкпіріндегі музейлерде сақтаулы. Батыс Қазақстан тарихи-өлкетану музейі бүгінгі таңда жас ұрпаққа құнды мұралар мен тарихи жәдігерлері арқылы білім беруге арналған көпқырлы әлеуметтік ақпараттар институтына айналып келеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Западно-Казахстанская область // Редактор-проф. Сдыков М.Н. – Алматы: Аруна, 2011. – С. 38-39.
2. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының 2017 жылғы есебі - Орал, 2017 - 72 б.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd, ЖШС, 2005. – 520 б.
4. Кушаев Г.А. Этюды древней истории степного Приуралья. – Уральск, 1993. – 120 с.

**УДК 11-958**  
**ГРНТИ 03.61.21**

<sup>1</sup>Бексеитов Г.Т.

<sup>1</sup>Казахский Национальный университет имени аль-Фараби,  
Международная научно-исследовательская лаборатория «Геоархеология»  
Пр аль-Фараби 71, Алматы 050040, Казахстан  
Тел: + 707 506 62 62. E-mail: [bek\\_ok@mail.ru](mailto:bek_ok@mail.ru)

<sup>2</sup>Тулегенов Т.Ж.

<sup>2</sup>Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык»  
Г Иссык, Казахстан  
Тел: + 7 777 127 62 72. E-mail: [tur4ik\\_kz@mail.ru](mailto:tur4ik_kz@mail.ru)

<sup>3</sup>Оспанов Е.Б.

<sup>3</sup>Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, «Музей палеолита Казахстана»

<sup>4</sup>Сатаева Б.Е.

<sup>4</sup>Казахский Национальный университет имени аль-Фараби  
Международная научно-исследовательская лаборатория «Геоархеология»  
Пр аль-Фараби 71, Алматы 050040, Казахстан  
Тел: + 7 707 788 98 94. E-mail: [botakozsatayeva@gmail.com](mailto:botakozsatayeva@gmail.com)

## **ПРОВЕДЕННЫЕ 2017 ГОДУ ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ НА АВАРИЙНЫХ КУРГАНАХ БЕРИККАРА (ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ)**

*Аннотация*

В статье рассмотрены вопросы исследования аварийных памятников (курганов РЖВ) Бериккара которые были расположены вдоль строящейся автодороги ведущей от трассы Тараз-Каратау до туристического комплекса «Тау самалы». В ход исследования был получен интересные материалы о материальной культуре древних кочевников этого региона. Хронологические данные осложнены из-за отсутствия в них четко датирующих материалов, кроме трех бронзовых изделий относимых к сако-усуньскому периоду.

**Ключевые слова:** Курган, артефакт, керамика, географические координаты.

*Бексеитов Ф.Т.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасы, Әл-Фараби даңғылы 71, Алматы 050040, Қазақстан  
Тел: + 707 506 62 62. E-mail: [bek\\_ok@mail.ru](mailto:bek_ok@mail.ru)*

*Тулегенов Т.Ж.<sup>2</sup>*

<sup>2</sup>*«Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы  
Есік қаласы, Қазақстан  
Тел: + 7 777 127 62 72. E-mail: [tur4ik\\_kz@mail.ru](mailto:tur4ik_kz@mail.ru)*

*Оспанов Е.Б.<sup>3</sup>*

<sup>3</sup>*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, «Қазақстанның палеолит мұражайы»  
Әл-Фараби даңғылы 71, Алматы 050040, Қазақстан  
Тел: + 702 243 10 03. E-mail: [yerbolat\\_27@mail.ru](mailto:yerbolat_27@mail.ru)*

*Сатаева Б.Е.<sup>4</sup>*

<sup>4</sup>*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,  
«Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасы  
Әл-Фараби даңғылы 71, Алматы 050040, Қазақстан  
Тел: + 7 707 788 98 94. E-mail: [botakozsatayeva@gmail.com](mailto:botakozsatayeva@gmail.com)*

## **2017 ЖЫЛЫ БЕРІҚҚАРА ҚОРЫМЫНЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚОРҒАҒДАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ (ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ)**

### *Аңдатпа*

Мақалада Тараз-Қаратау тас жолынан «Тау Самалы» туристік кешеніне дейінгі тас жол бойында орналасқан Берікқара қорымының бұзылған ескерткіштерінде (ЕТД қорғандары) жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары қарастырылған. Зерттеу жұмыстары барысында аймақтан көне көшпенділерінің материалдық мәдениеті туралы қызықты материалдар қоры алынды. Сондай-ақ сақ-үйсін кезеңіне жататын үш қола бұйымды алып қарағанда, олардың нақты хронологиялық мерзімдеу арақашықтығының күрделі екендігін байқай аламыз.

**Түйін сөздер:** Қорған, артефакт, керамика, географиялық координат.

## **FIELD ARCHAEOLOGICAL RESEARCH ON THE EMERGENCY KURGANES OF BERICCARA CARRIED OUT IN 2017 (JAMBYL REGION)**

*Galymzhan Bexeitov<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, International scientific-research laboratory "Geoarcheology"  
Al-Farabi ave. 71, Almaty 050040, Kazakhstan  
Phone: + 707 506 62 62. E-mail: [bek\\_ok@mail.ru](mailto:bek_ok@mail.ru)*

*Tulegenov T.ZH.<sup>2</sup>*

<sup>2</sup>*State Historical and Cultural Reserve Museum "Issyk" G Issyk, Kazakhstan  
Tel: + 7 777 127 62 72. E-mail: [tur4ik\\_kz@mail.ru](mailto:tur4ik_kz@mail.ru)*

*Erbolat Ospanov<sup>3</sup>*

<sup>3</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, "The Paleolithic museum of Kazakhstan"  
Al-Farabi ave. 71, Almaty 050040, Kazakhstan  
Phone: + 702 243 10 03. E-mail: [yerbolat\\_27@mail.ru](mailto:yerbolat_27@mail.ru)*

*Botakoz Satayeva<sup>4</sup>*

<sup>4</sup>*Al-Farabi Kazakh National University,  
International scientific-research laboratory "Geoarcheology"  
Al-Farabi ave. 71, Almaty 050040, Kazakhstan  
Tel: + 707 788 98 94. E-mail: [botakozsatayeva@gmail.com](mailto:botakozsatayeva@gmail.com)*

*Annotation*

The article deals with the study of emergency monuments (mounds RZHV) Berikkara which were located along the road under construction leading from the Taraz-Karatau highway to the tourist complex "Tau Samaly". In the course of the study, interesting material was obtained about the material culture of the ancient nomads of this region. The chronological data is complicated due to the absence of clearly dated materials in them, except for the three bronze items belonging to the Saka-Usun period.

**Key words:** Kurgan, artifact, ceramics, geographical coordinates.

Казахстан является наследником не только материальной, духовной культуры, но и политической культуры народов, населявших территорию Казахстана в древности и средневековье. Более того, становление казахской государственности предопределено предшествующими этапами исторического развития этих народов, создавших свои государственные объединения. В этом нам помогают не только письменные источники, но и археологические находки.

Раскопки проводились на курганах, попадающих на полосу дорожного строительства при въезде в туристический комплекс «Тау самалы». Работы имели охранно-спасательный характер. Иначе говоря, были задействованы конкретные рычаги правовых основ охраны и использования объектов историко-культурного наследия.

Курганный могильник Бериккара расположен в 80 км к западу от г. Тараз под северными склонами горы Каратау (Жуалинский район, Жамбылская область). Раскопки на аварийных курганах проводились 2017 году под руководством Г.Т. Бексеитова.

Отметим, что объектом археологических работ ИИМКа - Казахстанского филиала Академии наук и Комитета наук при СНК КирССР под руководством А.Н. Бернштама, в 1936 и 1938 гг. была в основном долина реки Талас Казахстан и Киргизии [1, С. 66].

К западу от Таласской долины, фактически в районе реки Асса нами было зафиксировано резкое исчезновение городского типа поселений. Вместо памятников земледельческого оазиса здесь обнаружены археологические памятники кочевников. Так, на территории бывший колхоза Урнэк, на одной из террас реки Асса была открыта стоянка с характерной сетчатой керамикой сарматского типа. Вскоре был открыт и курганник сарматской эпохи на северных склонах Каратау, к югу к озера Бийли-Куль. Центр курганника был расположен около Бериккара, где экспедицией было зарегистрировано 457 курганов [2, С. 136].

Однако опыт полевой работы на некрополях Джетытобе, Уштобе и Бериккара (1986-1989 гг.) в окрестностях бывшего г. Джамбула потому что слои суглинка, заполняющие пространства между каменными панцирями, заметно отличаются один от другого только своим цветом, по структурой и составом. Разумно допустить, что грунт для создания очередного слоя насыпи брался в другом месте и, очевидно, через какой-то промежуток времени, после чего новая грунтовая подсыпка облицовывалась камнем. Так появилась новая идея о разновременности сакских курганов с досыпками, число каменных рубашек которых закономерно соответствует числу погребений в кургане [2, С. 137-138].

Основная масса курганов находится напротив ущелья Бериккара. В 1938 г. здесь было зарегистрировано и описано 457 курганов и кольцевых выкладок. Могильник представляет собой множество цепочек, расположенных параллельно и вытянутых с юга на север (с небольшим отклонением к востоку).

Все надмогильные сооружения разбиваются на 31 группу, каждая из которых содержит в среднем от 5 до 20 курганов (в одну или в несколько цепочек, идущих параллельно друг другу). По величине курганы разбиты на три группы.

1. Большие курганы, диаметром 25-50 м, высотой 2,5-3,5 м;
2. Средние курганы, диаметром 12-24 м, высотой 0,40-1,5 м;
3. Малые курганы, диаметром 4-12 м, высотой 0,10-0,25 м.

Характер насыпей весьма различен. Насыпи, состоящие из земли со щебенкой и из плитняка, покрывают широким кольцом склоны курганов и оставляют открытой плоскую или запавшую вершину; провал происходил либо в результате ограбления, либо осадки могилы. Аналогичные насыпи из земли со щебенкой, имеют вершины, ограниченные сплошным кольцом из одного ряда камня или несколькими камнями, поставленными на ребра. Кольцо из камней находится почти всегда в основании насыпи. Другие насыпи даже состоящие сплошь из щебенки, плитняка и камня или только из камня, имеют плоскую или круглую вершину. Курганы этой группы часто снабжены дополнительными выкладками в виде колец вокруг насыпи или рядом с нею в виде полумесяцев или дорожек, а иногда и прямоугольных выкладок [3, С. 109].



К последнему типу принадлежат курганы без насыпи, заметные лишь по скоплениям камня и щебенки, расположенных широким поясом в виде кольца. Иногда это просто кольцо из камней, поставленных на ребра.

Все насыпи слегка задернованы и почти всегда имеют в центре впадину большей или меньшей величины.

В каждой отдельной (из 31) группе могут быть встречены все перечисленные выше типы курганов; однако процентрываются в основном три пятна распространения земляных курганов: в северной части могильника, в южной и небольшое пятно между ними. Курганы с каменными насыпями заполняют все промежуточное пространство, причем цепочки крупных: курганов с дополнительными выкладками расположены в основном с восточной стороны могильника, в каждой отдельной группе можно выделить цепочку крупных курганов, параллельно которой идет цепочка средних, а в непосредственной близости к ней помещаются курганы малой величины [2, С. 15].




Рис. 1. Ситуационный план

Памятники археологии исследуемого участка состояли из 5 курганов, диаметры курганов от 0,9 до 0,17 м, высота от 0,2 м до 0,6 м. заметные лишь по скоплениям камня и щебенки, расположенных широким поясом в виде кольца, вытянутые в цепочку по направлению Север-Юг (рис. 1).

Ниже остановимся на описании исследованных памятников, где приведем общие характеристики исследований:

Курган №1 (географические координаты: UTM 0634504; 4754748). Насыпь из крупной щебенки с плитняком, слегка покрыта растительностью. Диаметр кургана – 17 м, высота – 0,4 м. Было принято решение о сносе восточной половины насыпи, а южную часть сохранить для изучения архитектуры кургана и этапов его строительства. Снесено было скрыто около 50% насыпи произведены затем была зачистка вскрытой площади основания насыпи и вертикального разреза кургана по направления север-юг (рис. 3). Конструкция насыпи однослойная, каменно-земляная. Поверхность покрывают камни, уложенные плотно в два ряда (рис. 4). Таким образом, курган облачен в каменный панцирь. При этом выявились контуры могильной ямы и характер строения насыпи. Могильная яма достаточно четко отличается от окружающей галечно-гравийной поверхности гораздо более светлым оттенком уплотненной, однородной структурой. Она представляет овальную формы, вытянутой по направлению запад-восток (рис. 5). Размеры могильной ямы: 340x130x0,60 м. Заполнена могилы формы из смеси гальки и черной земли. Погребение потревожено грабителями (рис. 6-7). Из сохранившихся инвентарных вещей на дне могилы у изголовья погребенного обнаружены две раздавленные керамические сосуды, округлое бронзовая зеркало дисковидной формы, бронзовый браслет и шпилька бронзовое (рис. 8). Все найденные предметы отреставрированы и задокументированы.



Рис. 3. Разрез кургана № 1. Вид с северо-востока




Рис. 4. План разреза кургана № 1



Рис. 5. Могильное пятно. Курган № 1.



Рис. 6. Погребение. Курган № 1.




Рис. 7. План погребения кургана № 1.




Рис. 8. Найденные находки в кургане № 1.

Курган №2 (географические координаты: UTM 0634500; 4754730). Диаметр достигает 13 м, высота – 0,3 м., фактически являются маленький, сплюснутым курганом, представляет собой небольшой, уплощенный холмик (рис.9). На насыпи не обнаружена впадина и воронки. Ров визуально не прослеживается. По центру, по линии ЗВ была заложена траншея шириной в 3,5 м. По южному профилю четко видно чередование слоев: верхний слой состоит в основном из смеси земли, покрытой щебенкой и плитняком (рис.10-11). В центральной части после тщательной зачистки и нивелировки поверхности выявились четкие контуры могильного пятна. Пятно зрыты выделяется от окружающей поверхности желтой глиной белесового цвета (рис. 12). С поверхности кургана подводит к яме грабительский ход. Размеры могильной ямы: 220х90х0,70 м. Погребение оказалось ограбленным, находок не обнаружено (рис. 13-14).



Рис. 9.Курган № 2. Вид до раскопок.



Рис. 10. Разрез кургана № 2.




Рис. 11. План разреза кургана № 2.



Рис. 12. Могильное пятно кургана № 2.



Рис. 13. Потревоженное грабителями захоронение кургана № 2.




Рис. 14. План и разрез могильной ямы кургана № 2.

Курган № 3 (географические координаты: UTM 0634494; 4754724). Насыпь состоит из земли, щебенки и плитняка, кольцом окружает плоскую вершину (рис. 15). Диаметр кургана – 9 м, высота – 0,3 м. Была снята центральная часть насыпи до уровня материковой поверхности с углублением в него на 30-35 см. Зачистка полученного таким образом разреза кургана было произведена по направлению запад-восток (рис. 16-17). Могильная яма, размером 260х110х0,90 м, ориентирована с запада на восток (рис. 18). Погребение оказалось совершенно разграбленным (рис. 19-20).



Рис. 15. Курган № 3. До раскопок.



Рис. 16. Стратиграфический разрез кургана № 3




Рис. 17. План стратиграфического разреза кургана № 3.



Рис. 18. Могильное пятно. Курган № 3.



Рис. 19. Разграбленное захоронение кургана № 3.




Рис. 20. План и разрез захоронения кургана № 3.

Курган № 4 (географические координаты: UTM 0634487; 4754713). Насыпь земляная, выложенная по поверхности средним и крупным плитняком. Диаметр – 9 м, высота – 0,2 м (рис. 21). При снятии верхнего слоя насыпи обнаружена кольцевая выкладка из плитняка. Центральная часть насыпи была снесена спецтехникой по линии З-В. Произведена зачистка полученного таким образом разреза кургана по направления СЮ-ЗВ (рис. 22-23). В середине раскопа грунтовая могила напоминает овальную форму, ориентированная В-З (рис. 24). Могильная яма размером 240х0,90х0,60 м. Погребение оказалось пустым, находок нет (рис. 25-26). У подножья кургана на юго-восточной части насыпи при входе раскопок выявлены фрагменты керамики (рис. 27).





Рис. 21. Общий вид до раскопок. Курган №4



Рис. 22. Разрез кургана № 4




Рис. 23. План разреза



Рис. 24. Могильное пятно кургана № 4.



Рис. 25. Могильная яма кургана № 4




Рис. 26. План и разрез могильной ямы кургана № 4.



Рис. 27. Фрагменты керамики выявленные в ходе раскопок у подножья кургана №4.

Курган № 5 (географические координаты: UTM 0634483; 4754699). Насыпь из щебенки и плитняка. Диаметр – 5 м, высота – 0,15 м. Данный объект характеризуется концентрическими кольцами в один круг (рис.28). Общая ширина кольцевого пояса достигает 5 м. При раскопе могильной ямы ничего не обнаружено.



Рис. 28. Курган № 5. До раскопок

Курган № 6 (географические координаты: UTM 0634783; 4755490). Насыпь из щебенки и плитняка. Диаметр – 11 м, высота – 0,6 м. Насыпь кургана частично сневелировано до нашего приезда (рис.29). Для выявления центральной могилы нами было решено сневелировать всю курганную территорию. На древней материковой поверхности в центре кургана выявлена грунтовая могильная яма, овальной формы (рис. 30). Обследованная могильная яма ориентирована длинной осью по направлениям запад-восток. Размеры: 240х0,80х0,80 м. Погребение сильно потревожено.



Рис. 29. Курган № 6.



Рис. 30. Могильная яма кургана № 6.




Рис. 31. План и разрез могильной ямы кургана № 6.

В то же время несмотря на воздействие вышеописанных негативных факторов по результатам нового исследования удалось выявить следующие особенности. Все погребения производились в простых грунтовых могилах, ориентированных по линии запад-восток, иногда с некоторыми отклонениями. Над могилами возводилась невысокая насыпь, которая заметна лишь по скоплениям камней из крупной щебенки с плитняком, с включениями мелких камней, склоны которой перекрывались слоем щебня и мелкой гальки. Толщина этого слоя увеличивалась ближе к основанию насыпи, ввиду чего при вскрытии насыпи в плане он иногда фиксировался в виде каменного кольца, опоясывающего подкурганную площадку. В большинстве случаев в профилях над ним просматривается слой желтой глины пылевидной структуры, который, по всей вероятности, имеет надувное происхождение. В ходе проведенных стратиграфических наблюдений факт происхождения его из грабительских воронок подтвердить не удалось. Насыпи большей своей частью не проявляют сложности в своем внутреннем устройстве, что во многом определяется их незначительными размерами.

В ходе поисковых работ поэтапно была произведена фото и графическая фиксация плана и стратиграфических разрезов археологического объекта, составлено описание.

Полевые археологические работы завершены согласно Инструкции о порядке учета, обеспечения сохранности, использования и реставрация недвижимых памятников истории и культуры.

*Список использованных литературы:*

- 1 Бернштам А.Н. Таласская долина (1936-1938 гг.) ТСАЭ. - Алма-Ата, – С.28-36. 5 Археологическая карта Казахстана, 1960, с. 66.
- 2 Таласская долина ТСАЭ 1936-1938 гг. / Составлены под ред. проф. А.Н. Бернштама. Материалы и исследования по археологии. Казахской ССР.и Алма-Ата, 1949. Т. 1. С., 136-138.
- 3 Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. (Историко-археологический очерк). КОГИ.– Алма-Ата.1941. – С. 15. 109.

УДК 951/959 (5 Каз)  
МРНТИ 03.20

*А.Т. Бексейітова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Т.ғ.к., Ш. Уәлиханов атындағы КМУ-ң профессор м.а.  
Көкшетау қ., Қазақстан*

## **НҰСҚАУЛЫҚ КІТАПТАРДЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ БОЙЫНША АҚМОЛА ОБЛЫСЫНА ШАРУАЛАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЛДАРЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада Ақмола облысына шаруалардың қоныстануы жайлы сипатталады. Сондай-ақ қоныс аударудың әлеуметтік-демографиялық салдары қарастырылады. Ақмола облысына шаруаларды қоныстандыру қазақ даласын отарлау тарихындағы ең маңызды және күрделі кезеңдердің бірі екендігі мақала барысында баяндалады. Қазақ даласындағы көшпелілердің XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап Ресей бодандығына өте бастағаны белгілі. XIX ғасырдың басында патша өкіметі Омбы, Петропавл, Семей және т. б. қалаларында жергілікті отырықшы халықты қалыптастыруға тырысты. Осы мақсатпен 1808 жылы жергілікті желілік казак әскері құрылып, жермен, жалақымен және азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Осы кезден бастап қазақ даласын отарлау ісі патша үкіметі тарапынан ең маңызды міндеттердің біріне айналды. Мақалада қоныстандыру үрдісінің аймақтық ерекшелігі талданады.

**Түйін сөздер:** Ақмола облысы, отарлау, Қоныс аудару қоры, қазақтар, шаруалар, бекіністер, жергілікті тұрғындар.

*А.Т. Бексейітова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>К.и.н., и.о. профессора КГУ им.Ш. Уәлиханова  
г. Кокшетау, Казахстан*

## **ПЕРЕСЕЛЕНИЕ КРЕСТЬЯН В АКМОЛИНСКУЮ ОБЛАСТЬ И ЕГО СОЦИАЛЬНО- ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ ПО ДАННЫМ ИНСТРУКТИВНЫХ КНИГ**

*Аннотация*

В статье рассматривается переселение крестьян и их расселение в Акмолинской области. Также рассматриваются социально-демографические последствия переселения. Переселение крестьян в Акмолинской области является одним из важнейших и сложных этапов в истории колонизации казахской степи. Известно, что кочевники из казахских степей стали русскими веками с 1930-х годов. В начале XIX века Царская Империя, Омск, Петропавловск, Семипалатинск и другие. б. в городах города. С этой целью в 1808 году была создана местная сеть казачьих войск, которая была обеспечена землей, заработной платой и продовольствием. С тех пор колонизация казахских степей стала одной из важнейших задач царского правительства. В статье анализируются региональные особенности вселенского процесса.

**Ключевые слова:** Акмолинская область, колонизация, Фонд переселения, казахи, крестьяне, крепости, местные жители.

*Bekseitova A.T.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Candidate of historical Sciences, associate Professor, Kokshetau State University named after Sh. Ualikhanov  
Kokshetau, Kazakhstan*

## **THE RESETTLEMENT OF PEASANTS IN AKMOLA REGION AND ITS SOCIO- DEMOGRAPHIC IMPLICATIONS ACCORDING TO INSTRUCTIONAL BOOKS**

*Abstract*

The article deals with the relocation and resettlement of farmworkers in the Akmola region . It also considers the social and demographic consequences of migration. The intersection of peasantry in the Akmolinsk region is one of the most significant and staggering stages in the history of the colonization of the Kazakh steppe. It is obvious that the Kazakhs of the Kazakh steppes had been living in the Russian provinces in the 1930s. In the

nineteenth century the Tsarist Empire, Omsk, Petropavlovsk, Semipalatinsk and others. p. in the cities of the city. With 1808 this year, the site was built in the walnut columns, which was provided by the land, the plot of pledge and prodovolstviem. With the colonization of the Kazakh Stephens, one of the most important tasks of the Tsarist government. In the statue, the regional phenomena are analyzed in the Velsen process.

**Key words:** Akmola region, colonization, resettlement fund, Kazakhs, peasants, fortresses, local residents.

Ақмола облысына шаруаларды қоныстандыру қазақ даласын отарлау тарихындағы ең маңызды және күрделі кезеңдердің бірі. Ресей өкіметінің қазақ даласын отарлауында екі кезеңді ажыратып көрсетуге болады: 1) өлкеде ерікті отарлаушылардың пайда болуы; 2) олардың ізімен үкіметтік әскерлердің келуі. Ерікті отарлауды тіршілік тауқыметінен қашып немесе оңай табыс табуды көздеп келген шаруалар, қылмыскерлер, сектанттар мен әр түрлі топтар құрады. Өз бетімен келіп қоныстанушылар көбіне оңтүстік Орал мен қазақ өлкесінің солтүстік-шығыс бөлігіне қоныстанды. XVI- XVIII ғасырларда бұл аймақтарда ерікті қоныстанушылардың саны мыңдап саналды [1, 148]. 1713 жылы Сібір генерал-губернаторы князь Гагарин І Петр патшаға Ертіс өзені бойында бірқатар бекіністер тұрғызу мүмкіндігі туралы мәлімдеді [2, 16]. Бұл мақсатты жүзеге асыруға 1715 жылы Бухгольц басқарған 3 000-ға жуық адамнан жасақталған экспедиция аттандырылды. Экспедиция Ямышев көлінің жағасында бекініс тұрғызуды бастады, алайда, жоңғарлардың қоршауында қалып, үлкен шығынға ұшырағаннан кейін Омь өзенінің сағасына қарай шегінді. 1716 жылы Омбы қаласының (әскери бекінісінің) негізі қаланды. Келесі жылдары патша өкіметінің Ертіс бойын иеленуге ұмтылуы жүзеге асырыла бастады. Ямышев көлінің маңындағы бекініс және Семей бекінісінің (1718 жылы) негізі қаланды. 1720 жылы Лихарев басқарған 440 адамнан құралған, зеңбіректермен қаруланған жасақ Зайсан көлі мен Қара Ертіске дейін барды. Қайтып келе жатқан жолында олар Өскемен бекінісін тұрғызды [3, 189]. Патша үкіметі орыс билігін күшейту үшін, жер аударылғандарды Ямышев бекінісіне тұрақты орналастыру және Жоңғариямен, Тибетпен және Қытаймен сауда қатынастарын жүргізу туралы жарлық шығарылды. XVIII ғасырдың 30–40-шы жылдары Жоңғарияның күшеюі орыстардың алға қарай жылжуын уақытша тоқтатып, оларды шекараны нығайтуға назар аударуға мәжбүр етті. 1745 жылы орыс үкіметі жаяу және атты әскерлердің бес полкін шекараны күзету үшін және жаңа бекіністер тұрғызу үшін аттандырды. Осы уақытан бастап өлкені қарқынды түрде әскери отарлау мен орыс шекарасының оңтүстік бағытта дала өлкесіне қарай біртіндеп кеңеюі басталды. 1752 жылы генерал Киндерман Есіл өзенінің бойында Әулие Петр және Павел бекінісін тұрғызып, кейін оның атауы Петропавл болып өзгертілгені белгілі. Алайда, одан бұрын дала өлкесінің солтүстік және солтүстік-шығыс шекарасы бойымен ұзындығы 720 верстаға созылған бекіністер, форпостар мен редуттар шебі (2 алтыбұрышты бекініс, 9 төртбұрышты бекініс, 33 редут және 42 маяк) салынды. Оларда 3 642 адам тұрды. Бекіністердің тұрғызылған орны тұзды көлдердің тізбегіне жақын орналасқандықтан, Горькая шебі деген атауға ие болды. Бұл шеп Омбы бекінісін батысқа қарай Орынбор әскери қоныстар шебімен және Ертіс өзені бойымен оңтүстік-шығыс бағытта Семей бекінісімен байланыстыру үшін салынды. Қытайлар жоңғарларды жеңгеннен кейін (1758 жылы) патша өкіметі Ертістің бойынан Зайсанға дейінгі аумақты иеленіп алуды көздеді, алайда, Зайсанды қытайлықтар басып алған болатын. Орыстар өз бекіністерін тек Бұқтырмаға дейін жеткізе алды. Қытайлықтар орыстардың оңтүстікке жылжуын тоқтату үшін Нарым өзені бойында Қалба жотасының оңтүстік сілемдеріне дейін бірқатар бекіністерін салып үлгерді. Орыс үкіметі қытайлардың қарсылығына тап болғаннан кейін өз назарын қазақ даласының оңтүстігіне қарай аударды [1, 152].

Қазақ даласындағы көшпелілердің XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап Ресей бодандығына өте бастағаны белгілі. XIX ғасырдың басында патша өкіметі Омбы, Петропавл, Семей және т. б. қалаларында жергілікті отырықшы халықты қалыптастыруға тырысты. Осы мақсатпен 1808 жылы жергілікті желілік казак әскері құрылып, жермен, жалақымен және азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Осы кезден бастап қазақ даласын отарлау ісі патша үкіметі тарапынан ең маңызды міндеттердің біріне айналды. Атап айтқанда, Сібір қырғыздары(қазақтары) Жарғысы негізінде халықты қоныстандыру үшін 1824 жылы Көкшетау округі, 1832 жылы Ақмола округі және 1859 жылы Атбасар округі ашылды [4, 160]. Қоныстандыру қозғалысы 1846-1850 жж., Орынбор және Саратов губернияларынан әкелінген орыс казактары мен шаруаларын дала өлкесіне қоныстандыруға арналған үкімет бұйрығы шыққаннан кейін жүйелі сипат алды. Шақыртылған шаруалар мен казактар, барлығы 3 852 адам Ақмола облысына сырттан келген алғашқы қоныстанушылар болды. Олар Көкшетау уезіндегі егіншілікке жарамды ең шұрайлы жерлерді иеленіп, мұнда бай және халқының саны көп станицаларды құрды. Осыдан кейін Ақмола және Атбасар уездерінде бір уақытта дерлік екі казак станицасы құрылды және осы уақыттан бастап отарлау ісі жоспарлы түрде әрі жылдам жүргізілді. Ақмола облысының құрылуы қарсаңында оның сол кездегі

аумағында халық саны 375 370 адамға, оның ішінде отырықшы халық 101 910 адамға жетті. Отырықшы халықтың уездер бойынша орналасуы келесі кестеде берілген:

Кесте 1

Уездер	Елді мекендер саны			Отырықшы халық саны			
	Қалалар	Казак қоныс-тары	Шаруа қоныс-тары	Қалаларда	Казак қоныс-тарында	Шаруа қоныс-тарында	Барлығы
Омбы	1	27	–	28 505	13 683	–	42 188
Петропавл	1	44	–	9 604	25 829	–	35 488
Көкшетау	1	15	–	1 685	16 593	–	18 278
Атбасар	1	1	–	939	–	–	939
Ақмола	1	1	–	5 072	–	–	5 072
Барлығы:	5	88	–	45 805	56 105	–	101 910

*Ескерту:* Атбасар және Ақмола уездеріндегі казак станицаларының халқы қала халқының құрамында көрсетілген.

Кестеде көрсетілгендей, 1870-ші жылдарға дейін облыс аумағында бірде-бір шаруа қонысы пайда болмаған және отарлаушылар ретінде толығымен казактар ғана рөл атқарды. Бірақ, 1870-ші жылдардан бастап өлкені отарлаудағы басты роль қоныстанушы шаруаларға ауысты. 1861 жылы Ресейде шаруалардың басыбайлық құқығы жойылғаннан кейін қара шаруаны қанап езуге үйреніп қалған помещиктер жұмыс күшіне мұқтаж болып, қара шаруалардың аяғына тұсау салуға түрлі шараларды қолданды. Өкімет те, помещиктер де шаруаларды басқа жаққа жіберуге ықыластары болмады. 1860-1890 жылдары Петропавл және Көкшетау уездеріне қоныстанушылардың барлығы 2 140 жанұясы, 13 000-дай адам келгеніне қарап, олардың аса көп келмегенін байқаймыз [6, 71]. Бірақ, Ресейде капиталистік қарым-қатынас өркендеген сайын, өкімет қоныстану саясатын күшейтті. XIX-XX ғасырлар тоғысында Ресейдің еуропалық бөлігінде жер қатынастарының айтарлықтай шиеленісе түсуі ондағы кең көлемдегі аграрлық дағдарысты туындатты. Мемлекеттің белсенді түрде жағдай жасауы арқасында шаруаларды көп қоныстанған оңтүстік-батыс пен орталық губерниялардан империяның шеткі оңтүстік-шығысына қоныстандыру арқылы аграрлық қайшылықтарды экстенсивті жолмен шешіп, патшалық самодержавие өзінің помещиктік жерге қожалық етуін сақтап қалуға тырысты. Қоныстандыру саясатының алдыңғы кезеңінде мемлекеттік билік әр түрлі көтермелеу шаралары арқылы көмек көрсетіп, азды-көпті жағдайы бар, жаңадан көшіп барған жерлерінде егін шаруашылығын оңалта алатын отбасыларды ғана қоныстандырса, ендігі кезекте XX ғасырдың басынан қоныс аудару құқығына мүлтік жағдайына қарамастан барлығы дерлік ие болды. XIX ғасырдың соңына дейін Қазақстанның далалық аймағы мен Түркістан өлкесі қоныстану үшін ресми түрде жабық болатын. Қоныстану өз бетінше жүрді, ал өңірдің қандай да бір әкімшілік аймақтарына қоныс аударғысы келгендер алдын-ала жергілікті әкімшіліктен арнайы рұқсат қағазын алулары тиіс еді.

Ақмола облысы өзінің тарихи, географиялық және этнографиялық жағдайы бойынша шаруалардың Сібірге қарай қоныс аударуының бірінші кезеңінде, ұлан-байтақ Батыс Сібір жазығының отарланушы аудандарының ішінде маңызды рөл атқарды. Шындығында, Ақмола облысына шаруалардың қоныс аударуы 1870-ші жж. 2-ші жартысында басталғанымен, облыс аумағы ұзақ уақыт бойы қоныстану үшін жабық болып келді. Алайда, 1889 жылы 13 шілдеде «Село тұрғындары мен мещандардың қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы туралы» заң шыққанға дейін-ақ орыс шаруалары көп жағдайда өз еріктерімен келіп қоныстанып отырған [7, 30]. Мәселен, 1866 жылдың өзінде-ақ Көкшетау уезіндегі Саумалкөл маңында Пермь және Тобыл губернияларынан келген шаруалар қоныс тепкен кішігірім елді мекен пайда болып, төрт жылдың ішінде ондағы үй саны 50-ге жетті. Кейін, 1884 жылы өздігінен көшіп келгендер тағы екі қоныс: Петропавл уезінде орналасқан Явленное және Көкшетау уезінде орналасқан Құндықкөл елді мекендерін құрды [5, 76]. Өлкеге өз еркімен алғаш қоныстанушылар көп жағдайда Сібірдің әр түрлі қалаларынан келген мещандар, ал ең бастысы Тобыл губерниясының Ақмола облысымен жапсарлас жатқан Қорған және Есіл уездерінен келген шаруалар болды [1, 155]. Әдетте, Ақмола облысына қоныс аударуды көздегендер мұнда алдымен арнайы адамдарды – ходоктарды жіберетін. Бұл адамдар ыңғайлы жерлерді қарастырып, казактардан кішігірім жер телімдерін аздаған



ақыға жалға алып отырды немесе олардың рұқсатынсыз-ақ өңдей бастады. Жалға алынған немесе басып алынған жерлерде үй-жайлар салынды, егін егілді. Жердің құнарлығына көздері жеткеннен кейін, олар бұл жерлерді ұзақ мерзімге заңдық актілерімен бекітіп алып, жерлестерін немесе басқа да орыс қоныстанушыларын өздеріне шақыра бастады. Бірте-бірте бұл иеліктер орыс шаруаларының бірнеше үйлерден тұратын кішігірім елді мекендеріне айналды. Уақыт өте келе олардан жергілікті қазақтардың қарсылық көрсетуіне қарамастан, тұтас селолар өсіп шықты. Қазақ даласында орыс шаруаларының қоныстарын құруға алғаш ресми рұқсат берілгенге дейін-ақ (1879 жылы) Ақмола облысында өз еркімен қоныстанушылардың 317 жанұясы тұрып жатты.

XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Қазақ даласын орыс отарлауының жағдайы Батыс Сібір генерал-губернаторы Казнаковтың 1875 жылғы есебінде былай суреттелген: «Далалық облыстардың жағдайы ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Қазақтардың орыс бодандығын қабылдаған уақыттан бері олардың азаматтығында жасалған табыстар өте аз. Олардың егіншілікпен айналысуға деген әрекеттері қытай үкіметі енгізген деңгейде ғана қалып отыр. Егер қазақтар орыс халқынан алыста, өздерінің бос жатқан кең даласында көшіп-қонуды жалғастыра берсе, олардың Ресей қоластындағы бодандығы тек сөз жүзінде және санақ бойынша ғана қала бермек. Қазақтармен көршілес бекіністер шебінде тұратын қазақтар саны жағынан аз болғандықтан, бұл істе пайдасы шамалы, олардың өздері қазақша сөйлеуді үйреніп, көшпелі халықтың бірқатар әдеттерін қабылдап алған». Қазақ даласын таза жер өңдеуші элемент – шаруалармен қоныстандыру қажеттілігі жөнінде мәселені көтере отырып, генерал-губернатор Казнаков отарлаудың жаңа кезеңі үшін ауқымды міндеттер қойды және оның негізгі принциптерін айқындап берді. Бұл жөнінде ол: «көшпелі халықты ығыстырмай, абайлап, отырықшы халықты дала өлкесіне ішкерілей енгізу, орыс халқының қазақтармен өзара қарым-қатынастарын жиілету – осынау жартылай жабайы халықтың мінез-құлқын жұмсартудың және әл-ауқатын көтерудің жалғыз тәсілі болып табылады», – деді [1, 156].

Қазақ өлкесін отарлау жөніндегі бұл пікір орталық билік тарапынан қолдауға ие болды. Сондықтан, қазақ жерінде негізінен почта және сауда жолдары бойында орналасатын орыс елді мекендерін құру туралы шешім қабылданды. Өйткені, бұл сауда көліктерінің қозғалысына ыңғайлы, ал жаңадан құрылатын қоныстарда егіншіліктің дамуы, астықтың арзандауына және көшпелілердің өмірінің жақсаруына жағдай туғызады деп түсіндірілді. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін Батыс Сібір басқармасы жанынан дала өлкесін отарлау тәртібі туралы ережені жасап шығаратын ерекше комиссия құрылды.

Осыдан кейін қоныстану учаскелерін құру жөнінде жұмыстар басталды. Алдымен дала өлкесіне алдын-ала шолу және отырықшы мекендерді салу үшін ыңғайлы орындар іздестіру жүргізілді. Бұл дайындық жұмыстары 4 жылға созылғанымен, олар күтілген үмітті көбінесе ақтамады. Олай болу себебі, қоныстануға жарамды жер таңдау үшін нақты негіз – егжей-тегжейлі табиғи-тарихи және статистикалық мәліметтер болмады, сондықтан қажетті есептеулер тым қарабайыр және жобалап алына салды [1, 157].

Ақмола облысы құрылған кездегі отырықшы халықтың санын 28 жыл өткеннен кейінгі кезеңдегі, яғни XIX ғ. 80-90 жж. халық санының жағдайымен салыстыратын болсақ, онда отырықшы халықтың 1,8 есеге өсіп, жалпы саны 185 500-ге жуық адамға жеткенін көреміз. XIX ғ. 60-90 жж. аралығындағы отырықшы халықтың өсімін мына кестеден көре аламыз:

Кесте 2

Уездер	Қалаларда		Казак станицаларында		Шаруа қоныстарында	
	барлық келгендер	%	барлық келгендер	%	барлық келгендер	%
Омбы	21 987	77	6 970	50,8	9 268	—
Петропавл	11 025	108	13 734	53,2	34 820	—
Көкшетау	2 318	136	13 140	80	46 079	—
Атбасар	1 383	150	—	—	9 337	—
Ақмола	2 620	52	—	—	12 868	—
Барлығы:	39 333	85,8	33 814	60,3	12 868	112 372

*Ескерту:* Атбасар және Ақмола уездеріндегі казак станицаларының халқы қала халқының құрамында көрсетілген.

Бұл кестеден отырықшы халықтың саны ең алдымен қоныс аударушы шаруалардың есебінен, одан кейін Омбы және Петропавл қалаларында халықтың өсуі есебінен ұлғайғаны байқалады.

Облыс халқының жалпы өсімінің ең көп бөлігі, атап айтқанда 61 537 адам Көкшетау уезінің үлесіне тиді. Оның себебі, Көкшетау уезінің табиғи жағдайы жағынан отарлау үшін қолайлы болуында. Петропавл уезінде де халықтың күрт өскені байқалды, мұны қоныс аударушыларға арналған мекендердің салынып, оларға шаруаларды көшіріп әкелумен түсіндіруге болады. Қоныс аударушылар толқыны негізінен Көкшетау, Атбасар және Ақмола уездеріне қарай ағылды. Есіл өзені бойындағы жерлер егін шаруашылығы үшін өте қолайлы, шабындығы мен қайыңды ормандары мол, өзен салалары мен көлдерінде балық көп кездесетін жерлер еді. Сондықтан, бұл жерлерге шаруалар көптеп қоныстанып, нәтижесінде Явленное (2 633 тұрғыны бар), Коноваловское (2 393 тұрғын), Мариинское (3 175 тұрғын) сияқты ауқатты селолар пайда болды [5, 76].

Ақмола және Атбасар уездеріне негізінен далалық ішкі губерниялар: Самара, Воронеж, Харьков губернияларынан және Дон облысынан қоныс аударған шаруалар келді. Бұны Ақмола және Атбасар уездерінің далалық губерниялар халқы ғана тіршілік ету үшін бейімделе алатын, орман-тоғайы жоқ дала аймағы болуымен түсіндіруге болады.

Қоныстанушы шаруаларға алдымен жан басына 30 десятинадан жер телімі берілсе, 1882 жылдан бастап жан басына берілген жер 15 десятинаға дейін қысқартылды. 1882-1884 жылдары Ақмола облысындағы қоныстанушыларға арналған 30 жер телімінің 18-іне шаруалар қоныстандырылды [1, 157].

1889 жылы 13 шілдеде Мемлекеттік Кеңестің маңызды шешімі – «Село тұрғындары мен мешандардың қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы туралы» заңы қабылданып, соған сәйкес шаруалардың қазақ даласына қоныс аударуының жаңа кезеңі басталды. Бұл заң бойынша Ақмола облысы шаруалардың бос жатқан қазыналық жерлерге өз еркімен қоныстануына рұқсат берілген аймақтардың қатарына енгізілді. Осының нәтижесінде отарлау қозғалысының ауқымы айтарлықтай кеңейе түсті, атап айтқанда, 1889 жылдың басында облыста 8 352 адам тұратын 19 шаруа елді мекендері болса, сол жылдың аяғында облыста 24 шаруа қоныстары, ал олардағы халық саны 11 740 адамға жетті. 1890 жылдың мамыр айында Орынбор арқылы Ақмола облысына 905 жанұя, оның ішінде 810 жанұя Самара губерниясынан, барлығы 5 326 адам келді. 1890 жылы қоныс аударушылар легінің көп болғаны соншалық, күзге қарай Ресейдің еуропалық бөлігінің 32 губерниясынан Ақмола облысына жер алуды көздеп келген 15 000-нан астам шаруалар шоғырланды.

1891 жылы Еуропалық Ресейдің, Орал бойы мен Батыс Сібірдің көп бөлігін қамтыған ауыр қуаңшылықтың салдарынан шаруалардың қалың легі Ақмола облысының жері арқылы Томск губерниясының Барнаул округіне, сондай-ақ Семей облысына қарай жаппай көше бастады. Бірақ, күз мезгілі болуы себепті олардың айтарлықтай бөлігі Көкшетау, Атбасар және Ақмола уездерінде, Петропавл және Омбы қалаларында, жол бойындағы қазақ станицалары мен поселкелерінде қыстап қалды. Ақмола облысында қыстап қалуға мәжбүр болған қоныс аударушылардың жалпы саны 7 000 адамға дейін жеткен. Аса қажеттіліктен туындаған бұл қоныс аудару 1892 жылы да тоқтамады және қарастырылып отырған кезеңде ешқайда жайластырылмаған 4 390 адамнан тұратын 915 шаруа жанұясы Ақмола облысында қалып қойды. Осыған байланысты, қалып қойған шаруалардың ауыр жағдайы ескеріле отырып, 1892 жылы 26 наурызда және 23 сәуірде олардың Ақмола облысының аумағындағы бос жатқан қазыналық жерлерге орналасуына үкімет тарапынан рұқсат етілді. Сонымен қатар, жерге тұқым сеуіп, үй салулары үшін оларға қоныс аудару қорынан несиелер мен жәрдемақылар берілді [5, 77]. Транссібір темір жолының салынуы (1891-1905 жж.) қоныс аударушыларды жеткізу үшін қажет материалдық инфрақұрылымды жасап берді. Белгілі тарихшы Санжар Асфендияровтың мәлімдеуінше, 1891 жылы Еділ өлкесінде болған ашаршылық және Солтүстік Қазақстанның жерін басып өтетін Сібір темір жолының салынуы патша өкіметінің қоныстандыру саясатын күшейте жүргізуіне үлкен жағдай туғызды [6, 71]. 1893 жылы 4 наурызда бекітілген Сібір теміржол комитетінің ережесі бойынша қоныстанушыларға темір жол желісі бойындағы алдын ала бөлініп қойылған жерлерге орналасуға рұқсат етілді. «Бос жатқан қазыналық жерлерді» есепке алу үшін 1893 жылы 13 маусымда үкіметтің рұқсатымен ерекше уақытша межелік жұмыстармен айналысатын партия құрылды. Бұл межелік партия 1893-1895 жылдар аралығында Петропавл уезінде 37 жер телімін, Омбы уезінде 20 жер телімін қоныстанушыларды орналастыру үшін бөліп берді. Сондай-ақ, Петропавл уезінде 9, ал Омбы уезінде 10 жер телімі қосымша қорға алынды. Қоныстанушыларға арналған жер қорының жалпы көлемі 383 695 десятинаға жетті. Алайда, межелік партияның жұмысы мұнымен аяқталып қалмады. Мәселен, Көкшетау уезінде жаңа келгендерді жайғастыру үшін 1895 жылы жалпы ауданы 42 736 десятина жерді құрайтын 8 қоныс аудару және 1 қосымша жер телімі айқындалып, межеленді.

Дала генерал-губернаторлығының 12 уезінде қазақтардың жерді пайдалануы бойынша құнды материалдарды 1896-1901 жылдары Қоныстану басқармасының белгілі статисті Ф. А. Щербина басқарған экспедиция жинақтады. Соның ішінде Ақмола облысының 5 уезіндегі қазақтардың шаруашылығы зерттелді. Экспедицияның көздеген мақсаттарының бірі – жергілікті халықтың «артық жерлерін анықтап», оларды қоныстандыру қорына алу еді [8, 29].

1894 жылдан 1904 жылға дейінгі кезең аралығында Сібірге қоныс аударушылар мен ходоктардың шамамен 16%-ы Ақмола облысына жіберілді. 1906 жылы облысқа 61 771 адам көшіп келді, бұл жалпы қоныс аударушылардың 30%-н құрады. Ал 1908 жылы облысқа аумағына қоныс аударғандардың саны 140 350 адамға жетті. 1894-1906 жж. аралығында Ақмола облысына қоныстанған шаруалар мен олар құрған елді мекендердің санын келесі кестеден көруге болады:

Кесте 3

Жылдар	Елді мекендер саны	Ерлер саны	Әйелдер саны
1894 жыл	54	20 382	19 213
1895 жыл	87	32 180	29 629
1896 жыл	132	52 583	46 816
1897 жыл	134	59 607	53 642
1898 жыл	138	64 252	58 059
1899 жыл	150	69 857	64 567
1900 жыл	200	83 033	77 057
1901 жыл	206	87 898	81 417
1902 жыл	217	90 613	82 454
1903 жыл	233	96 317	90 303
1904 жыл	248	105 489	98 282
1905 жыл	260	105 938	99 577
1906 жыл	299	122 609	105 435

Самодержавиелік өкіметтің қоныстандыру саясатының жаңа бағыты этникалық және әлеуметтік топтардың бірін қалдырмай еркін қоныстануын мойындады, яғни, Дала өлкесінің жергілікті басқару орындарынан қандай да бір рұқсат алудың қажеттілігі туындамады. Бұл бағыт 1903 жылы 12 наурызда, 1904 жылы 6 маусымда, 1905 жылы 3 қарашада және 1906 жылы 10 наурызда қабылданған «Ауыл тұрғындары мен мешандардың (калалық ұсақ буржуазияға жататын ұсақ саудагерлер, қолөнершілер) өз еріктерімен қазыналық жерлерге қоныс аударуы» туралы заңдарынан көпшілік-құқықтық көрініс тапты [9, 604]. Олар қоныс аудару құқығын кеңейтумен қатар потенциалды мигранттарды кепілден босатты. Қоныс аударушылар үшін өтеу төлемдері азайтылып, кейіннен мүлдем алынып тасталды және белгілі бір әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктер мен материалдық көмек көрсетілді.

1905-1907 жылдардағы революцияның қарсаңында және бастапқы кезеңінде Ресейдің еуропалық бөлігіндегі аграрлық толқулар одан сайын өрши түсті. Бұл II Николайдың үкіметін алдыңғы аграрлық саясатты түбегейлі қайта қарастыруға және шаруалар қауымын жою туралы шешім қабылдауға итермеледі. 1906 жылдың 9 қарашасында Министрлер Кеңесінің төрағасы Петр Аркадьевич Столыпин (1906-1911) шаруаларды қауымнан хуторға бөлу туралы үкімін шығарды. Қауымнан шығу шарттарын 1910 жылғы 14 маусымда қабылданған заң шаруалардың қоныс аудару бастамасын құқықтық және материалдық-қаржылық ынталандыру жолымен біржола бекітті. Бұл қабылданған заңнамалар қауымдық жер пайдалануға айтарлықтай ауыр соққы болды және деревнялардың әлеуметтік-экономикалық бөлінуін едәуір тереңдетті.

Жаңа қабылданған аграрлық заңдардың негізінде П. А. Столыпин үкіметі «Қазыналық жерлерге қоныстандыру Ережесін» жасады. Қабылданған нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес шаруалар мен жер иеленуші мешандар қауымнан шығуға, өздерінің жер үлестерін сатуға және қоныс аударуға немесе ходоктарды (жер көріп қайтушылар) «Азиялық Ресейге қоныстану үшін қазыналық жерлерді көріп қайтуға» жіберуге құқылы болды [10, 245]. Мемлекеттік саясат кедей шаруалардың империяның шеткі оңтүстік-шығысына қоныс аударуына белсенді көмек көрсетуімен қатар кешенді әкімшілік іс-шаралар өткізуді де өз мойнына алды, яғни, қоныстануға арналған жерде тұрақты егін шаруашылығын қалыптастыру үшін жер өңдеу жұмыстарын жүргізді. Бастапқыда қоныс аударған шаруалар өздерінің қоныстарына орналасқаннан кейін отбасындағы адам басына 30 десятинадан жер алды. Бастапқы кезде

казактарға жан басына шаққанда 25 десятинадан берілсе, XX ғасырдың басынан 20 десятина жер үлестірілді. Қоныс аударушыларға жер телімдерін үлестіріп берудің көпжылдық тәжірибесі Қазақстанда жергілікті көшпелі халықтан ең құнарлы жерлерді әкімшіліктің тартып алуымен жүзеге асты. Бұл аграрлық саясаттың негізі өлкенің барлық территориясында мемлекеттік меншік құқығының болуында және уақыт өте келе казактар иеленіп отырған жерлерді қоныс аударушы шаруаларға, казактарға және т. б. өзге ұлттың қоныстанушыларына үлестіру үшін кең көлемдегі экспроприациялау (бір топтың жеке меншігінен, бұрынғы әлеуметтік артықшылығынан айырылуы) жүргізілді. Яғни, Столыпинның аграрлық реформасының нәтижесінде көшпелі казактардан жерлерін тартып алу үрдісі жаппай жүргізілді. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін көшпелі казак халқынан 40 млн. десятинадан астам жер тартып алынды, бұл өлкенің жер көлемінің 20%-ын құрады.

XX ғасырдың басында орыс самодержавиесінің Қазақстан мен Орталық Азиядағы аграрлық саясаты жаңа қоныс аудару саясатының маңызды ажырамас бөлігіне айналды. Бұл саяси бағыт бірнеше маңызды геостратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталды:

- астық тұқымдас дәнді дақылдарды себуди ұлғайту және тауарлы астық пен басқа да дәнді дақылдардан жасалатын тағамдардың өндіріс көлемін ұлғайту үшін өлкенің аграрлық экономикасында отырықшы егіншіліктің секторын көбейту;

- көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан казактардан ең құнарлы жерлерді тартып алып, оны егін шаруашылығы саласында дәстүрлі маманданған этностық топтарға беру;

- ресейлік отаршылдықтың әлеуметтік базасын географиялық шет аймақтар, халық аз қоныстанған, конфессионалды қол үзілген аймақтарда кеңейту;

- жергілікті көшпелі халықтың жерді иелену және пайдаланудағы ескі қауымдық жүйесін сақтап қалу;

- шекараның бойына дейін ішкі далалық аудандарда отырықшы православиелік халықты қоныстандыру арқылы көршілес ірі мемлекеттермен, ең алдымен Қытаймен, қауіпсіздіктің стратегиялық осал тұстарын нығайту [10, 246].

Орыс-украин шаруаларын елдің шеткі оңтүстік-шығысына қоныстандыру қажеттігінің маңыздылығы сонда, империяның еуропалық бөлігінде аграрлық қайшылықтардың шешілуі, казак жерін мемлекеттік-әкімшілік басқарудың жеңілдеуі, халықтық отарлаудың және аграрлық егіншіліктің, сауда және өнеркәсіптік қатынастардың экономикалық игерілуі ресейлік самодержавиенің қоныстандыру саясатын тұтастай айқындайды.

XX ғасырдың алғашқы 15 жылында Ресейдің көптеген қара топырақты губерниялары мен Украинадан Қазақстан жеріне көптеп орыс, украин, татар және неміс шаруалары қоныс аударды. 1912 жылға дейін қоныстанушылардың шыққан басты аудандары Полтава, Курск, Чернигов, Тамбов және Воронеж губерниялары болды. Келесі бірнеше жылдың ішінде Екатеринослав, Полтава, Херсон, Курск, Харьков, Киев, Таврия, Чернигов, Воронеж, Подольск, Бессарабия және Тамбов губернияларынан ең көп қоныстанды [11, 97]. Қоныс аудару қозғалысы бірқалыпты емес, әр жылда әрқелкі болды. Қоныс аударушылардың көбі Қазақстан жеріне 1908 жылға дейін орнықты. Кейін қоныс аудару қарқыны төмендеді. 1912 жылы Ресейдің оңтүстік-батыс аудандарындағы астықтың шықпай қалуы және ашаршылықтың салдарынан қоныс аудару айтарлықтай өсті, бірақ бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін қайтадан азайды. 1897-1916 жылдар аралығында Қазақстанға қоныс аударған 1,14 млн. адамның 731,5 мыңы немесе 47%-ы Ақмола облысы аумағына орналасты [10, 246]. Облыстың әкімшілік және қоныс аудару органдары жерге орналастыру комиссиялары жіберген ходоктарды қабылдаумен және тіркеумен қатар, облысқа түрлі уақытта арнайы берілген рұқсатсыз, төлқұжатпен келген «ерікті» қоныс аударушыларды орналастырумен де айналысты. 1909-1910 жылдары облысқа өз еркімен қоныстанғандардың санын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді. Жиналған мәліметтерге сәйкес, 1909 жылы облыста уақытша тұрып жатқан 56 500 ер адам анықталды, ал 1910 жылғы 20-қазандағы мәліметтер бойынша олардың саны 46 220-ға дейін азайғаны, яғни, 10 000 адамға жуық кемігені анықталды. Бұдан өзге, аталған уақытта облыс аумағында 637 келімсек (ходок) тұрған.

Уақытша тұрып жатқандарды орналастыру үшін 1910 жылы Жерге орналастыру мен егіншілік Бас басқармасы оларға Қиыр Шығысқа баруы үшін ходок куәліктерін беруге рұқсат етті. Бір жыл ішінде мұндай куәліктерге 1 248 жанұя ие болды. Уақытша тұрып жатқан жанұяларды облысқа келу уақыты бойынша қарастырсақ: 1907 жылға дейін 2 250 жанұя, 1907 жылы – 1 768 жанұя, 1908 жылы – 4 296 жанұя, 1909 жылы – 4 647 жанұя, 1910 жылы – 2 341 жанұя болған. Бұл облыстағы «ерікті» қоныс аударушылардың 15 %-ы бес жылдан астам уақытша тұрып жатқанын көрсетті. Өз еркімен қоныс аударушылардың басым бөлігі шаруа мекендерінде жалға алушылар ретінде тұрып, шаруашылықпен айналысты және жер алуға үміттенді. Мұндай шаруалар отарлау мақсаты үшін ең қажет элемент болып

табылды: олар қоныстанушылардың арасында тұрып, ауыр жағдайларға төзе білді. Жерді жалға алғаны үшін ақы төлеумен қатар, уақытша тұрып жатқандар, әдетте, мал баққаны үшін, балаларын оқытқаны үшін жергілікті шаруа қауымдастықтары пайдасына салық төледі [12, 10]. 1910 жылы тіркелген қоныс аударушыларға Үкімет тарапынан мынадай көмек көрсетілді: шаруашылық жүргізу, жалпы қажеттіліктері үшін несиелер, азық-түлікке және егістік тұқымына астық, үй салу үшін ағаш кесуге рұқсат беретін тегін билеттер берілді және дәрігерлік көмек көрсетілді. Сол жылы шаруашылық жүргізу үшін 1 430 900 сом 16 тиын көлемінде несиелер берілді. Қоныс аударушыларға мұндай несиелер 1906, 1907, 1908 және 1909 жылдары да беріліп отырған. Несиелер көлемі 1909 және 1910 жылдары едәуір ұлғайған, атап айтқанда, 100 сом және одан да көп несиелер берілген жанұялар саны көбейді. Бұл жағдай шаруашылыққа қажет құралдардың, негізінен, күш-көлік ретінде және сүтін пайдаланатын ірі қара малдың қымбаттауымен түсіндіріледі. Қоныс аударушылар бастапқыда берілген несиенің бір бөлігін азық-түлікке жұмсауға, сондай-ақ қазыналық ормандардан ағаштың тегін берілуін қысқартуға байланысты, үй салу үшін ағаш сатып алуға жұмсады.

Қазына тарапынан тегін бөлінетін ағаш жергілікті жерлерде тым аз болуы себепті, қоныстанушылардың барлығына бірдей берілген жоқ. Ағашты солтүстіктен оңтүстікке жеткізу шаруаларға қымбатқа түсті, облыс аумағының оңтүстігінде орманды жерлер болмады.

Темір жол бойымен қозғалыстың облыста жеке ұйым ретінде бөлініп шығуына байланысты, жолақысына берілетін несиелер көлемі азайды. Бір жылда 38 ходокқа 221 сом, әрқайсына орта есеппен 6 сомнан берілген, қоныстануға бара жатқан 9 жанұяға жалпы 90 сом, әр жанұяға 10 сомнан жолақы несиесі берілген.

1910 жылғы Қоныс аудару басқармасының сметасы бойынша облысқа 100 000 сом бөлу жоспарланған, бірақ іс жүзінде шығындар 13 258 сомға асып кетті. Сол жылы рұқсат етілген несиелерден 28 709 сом несиенің жетіспеушілігіне байланысты берілмей қалды, бұл сома 1911 жылға қалдырылды.

1910 жылы берілген несиелер жұмсалыу бағытына қарай төменде көрсетілгендей бөлінді:

- 20 қоғамдық мектептерге . . . . . 37 900 сом
- 6 қоғамдық шіркеуге . . . . . 25 500 сом
- дұға оқу үйлеріне . . . . . 2 000 сом
- шіркеу керек-жарақтарына . . . . . 1 500 сом
- 5 шіркеулік-причталық үйлерге . . . . . 11 000 сом
- 7 серіктестік пен 2 жеке тұлғаға диірменге . . . . . 4 300 сом
- 2 серіктестікке кірпіш зауытына . . . . . 1 000 сом
- 21 құдыққа . . . . . 2 320 сом
- 1 шұға матасын шығаратын кәсіпорынға . . . . . 600 сом
- 2 май шайқайтын кәсіпорынға . . . . . 950 сом
- 3 қоғамдастыққа нан сақтайтын дүкендерге . . . . . 912 сом 30 тиын
- 1 серіктестікке ұстаханаға . . . . . 200 сом
- 13 қоғамдастыққа ішкі жер бөліктерін межелеуге . . 18 375 сом 71 тиын

---

Барлығы . . . . . 106 568 сом 01 тиын [12, 12].

Қоныс аударушыларды тіркеу бойынша Челябинск пунктінің мәліметтеріне сәйкес, 1911 жылы Сібірге қоныс аударушылардың 21 690 жанұясы, барлығы 185 933 адам келген. Бірақ, 12 233 жанұя немесе 117 866 адам Ресейге қайтадан көшіп кеткен. Жоғарыда көрсетілген қоныс аударушылардың ішінде 1911 жылы Ақмола облысына 2 928 жанұя, 26 806 адам келді, ал 24 123 адам облыс аумағынан көшіп кетті [13, 8].

1912 жылға дейін барлық қоныс аудару ісімен жергілікті қоныс аудару ұйымдары айналысты. Сол уақытта облыс аумағында ауыл халқының тұрмысын жақсарту міндеттері жүктелген 16 шаруа басшыларымен 5 уездік съездер жұмыс істеді. 1913 жылы шаруа басшыларының саны 26-ға жеткізіліп, құрамы қоныс аудару ұйымдарының шенеуніктерімен толықтырылды. Енді олар қоныс аудару істерін өз учаскелері бойынша жүргізетін болды. Шаруа басшыларының қызметін екі міндетті мүшеден және кеңседен тұратын Облыстық Басқарманың Шаруа бөлімшесі бақылап отырды [14, 9]. Осылайша, Дала өлкесіне шаруалардың қоныс аударуы көшпелі қазақ ауылының экономикасына өз әсерін тигізді. Көшпелі қазақ қоғамына жағымсыз әсер еткен факторлардың қатарына өлкенің байырғы халқынан үлкен көлемде жердің алынуын, олардың жем-шөбі мен су көздері аз аймақтарға ығыстырылуын жатқызамыз. Патша өкіметінің Ресейдің ішкі губернияларынан шаруаларды қазақ даласына, оның ішінде Ақмола

облысының аумағына қоныс аударту арқылы отарлау саясаты және осы аймақта өзіне әлеуметтік тірек дайындауды көздеген мақсаты жүзеге асырылды.

XIX ғасырдың 2-ші жартысы – XX ғасырдың басында шаруалардың жаппай қоныс аударуы салдарынан Дала өлкесі халқы саны жағынан көбейіп, халықтың полиэтникалық және поликонфессионалдық құрамы қалыптасты.

*Қолданылған деректер мен әдебиеттер тізімі:*

1. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Том 18. Киргизский край. СПб., 1903. – 488 с.
2. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сборник документов и материалов. Издательство Академии наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1961. – 732 с.
3. Аполлова Н. Г. Присоединение Казахстана к России. Издательство Академии наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1948. – 247 с.
4. Красовский М. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Область сибирских киргизов. Часть III. Санкт-Петербург, 1868. – 268 с.
5. Памятная книжка Акмолинской области на 1909 год. Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1909. – 263 с.
6. Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. Алматы: «Санат», 1994. – 120 б.
7. Кауфман А. А. Переселение и колонизация. Санкт-Петербург. 1905. – 445 с.
8. Тольбеков С. Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века. Издательство «Наука» Казахской ССР. Алма-Ата, 1971. – 636 с.
9. Полное собрание законов Российской империи. Собрание третье. Том XXIV. 1904. Санкт-Петербург: Государственная типография. 1907. – 1271 с.
10. Ерофеева И. В. Столыпинская аграрная реформа и массовое переселение славянского и немецкого крестьянства (1900-1907) // В книге: Масанов Н. Э., Абылхожин Ж. Б., Ерофеева И. В., Алексеенко А. Н., Баратова Г. С. История Казахстана. Народы и культуры. Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – 608 с.
11. Бекмаханова Н. Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху развития капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.). Москва: «Наука», 1986. – 245 с.
12. Памятная книжка и адрес-календарь Акмолинской области на 1912 год. Омск: Акмолинская областная типография, 1912. – 451 с.
13. Памятная книжка г. Омска и Акмолинской области на 1913 год. Омск: Акмолинская областная типография, 1913. – 532 с.
14. Памятная книжка Акмолинской области на 1915 год. Омск: Областная типография, 1915. – 158 с.

УДК 93  
МРНТИ 05.11.15

Ж.С. Аубакирова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>к.и.н., доцент Восточно-Казахстанского государственного университета им. С.Аманжолова,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

Г.Ниязханқызы<sup>2</sup>

<sup>2</sup>к.и.н., доцент Восточно-Казахстанского государственного университета им. С.Аманжолова,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

## ПИСЬМЕННЫЕ ОБРАЩЕНИЯ ЖЕН РЕПРЕССИРОВАННЫХ КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ РЕПРЕССИЙ В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

### Аннотация

В статье впервые опубликованы обращения жен репрессированных в виде заявлений, ходатайств и жалоб, извлеченные из архива Департамента внутренних дел Восточно-Казахстанской области. Через анализ письменных обращений женщин в статье предпринимается попытка создания социального портрета "жен изменников Родины". В большинстве случаев административно сосланные были домохозяйками, занимавшиеся воспитанием детей, не имеющие образования, верящие в советское правосудие и справедливость, отбывавшие наказание без официального предъявленного обвинения и установленного срока отбытия наказания. В содержании дел ЧСИР не у всех есть документальное подтверждение о вынесении приговора судебного или внесудебного органа.

В статье также дается анализ нормативных актов репрессивной и реабилитационной политики Советского государства для восстановления наиболее полной картины конкретной общественно-политической ситуации в КазССР 1937-1940 гг.

**Ключевые слова:** репрессии, заявление, ходатайство, жалоба, члены семей изменников родины (ЧСИР).

Ж.С. Әубәкірова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>т.ғ.к., С.Аманжолов ат. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті  
Өскемен қ, Қазақстан

Г.Ниязханқызы<sup>2</sup>

<sup>2</sup>т.ғ.к., С.Аманжолов ат. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті  
Өскемен қ, Қазақстан

## ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАНДАРДЫҢ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ЖАЗБАША ӨТІНІШТЕРІ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ

### Аңдатпа

Мақалада бірінші рет қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің өтініштері Шығыс Қазақстан облысының Ішкі Істер департаментінің мұрағатынан алынған мәлімдемелер, өтініштер мен шағымдар түрінде жарияланды. Авторлар мақалада әйелдердің жазбаша өтініштерін талдау арқылы «Отанына сатқындық жасағандардың әйелдерінің» әлеуметтік портретін жасауға әрекеттенеді. В большинстве случаев административно сосланные были домохозяйками, занимавшиеся воспитанием детей, не имеющие образования, верящие в советское правосудие и справедливость, отбывавшие наказание без официального предъявленного обвинения и установленного срока отбытия наказания. Көп жағдайда әкімшілік жазаға тартылған әйелдер балаларды тәрбиелеумен айналысатын, білімі жоқ, кеңестік сот төрелігіне және әділдікке сенетін, жазасын ресми тағылған айыпсыз және жазаны өтеудің мерзімі белгіленбеген жазаны өтейтін үй шаруасындағы қарапайым әйелдер болды. Істердің мазмұны бойынша соттың немесе соттан тыс органдардың үкімі туралы құжаттық дәлел жоқ.

Мақалада сондай-ақ, 1937-1940 жылдардағы ҚазКСР-да нақты әлеуметтік-саяси жағдайдың барынша толық көрінісін қалпына келтіру мақсатында Кеңес мемлекетінің репрессиялық және реабилитациялық саясатының нормативтік актілеріне талдау жасалынды.

**Түйінді сөздер:** қуғын-сүргін, өтініш, қолдау хат, шағым, сатқындардың отбасы мүшелері.

*Zh.S.Aubakirova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>k.i.n., associate professor of S.Amanzholov East Kazakhstan State University,  
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

*G.Niyazkhankyzy<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>k.i.n., associate professor of S.Amanzholov East Kazakhstan State University,  
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

## **WRITTEN APPEALS OF REPRESSED WIVES AS A SOURCE IN THE HISTORY OF REPRESSIONS IN THE EAST KAZAKHSTAN REGION**

### *Abstract*

The article first published appeals of women repressed. In the form of statements, petitions and complaints, extracted from the archive of the Department of Internal Affairs of the East Kazakhstan region. Through an analysis of the written requests of women, the article attempts to create a social portrait of "wives of traitors to the Motherland". In most cases, administratively exiled were housewives, engaged in raising children, having no education, believing in Soviet justice and justice, serving a sentence without formally charged and the prescribed period of serving the sentence. In the content of cases of the ChSIR, not everyone has a documentary evidence on the sentencing of a judicial or extra-judicial body.

The article also provides an analysis of the normative acts of the repressive and rehabilitation policies of the Soviet state in order to restore the most complete picture of the specific socio-political situation in the KazSSR 1937-1940.

**Key words:** repression, application, petition, complaint, family members of traitors to the motherland (CSIR).

Исследования, освещающие репрессивную политику советской власти на региональном уровне, сегодня становятся наиболее актуальными. Вводятся в оборот новые архивные документы, среди которых ранее не опубликованными и не изученными стали письменные обращения жен репрессированных. Сегодня данный нарратив является интересным исследователю для восстановления механизма незаконных массовых репрессий, организованных советским партийно-государственным аппаратом.

30 июля 1937 года вышел приказу № 00447 народного комиссара внутренних дел СССР Николая Ежова «Об операции по репрессированию бывших кулаков, уголовников и других антисоветских элементов». Этот приказ положил начало так называемому «Большому террору» 1937–38 годов.

Согласно данному документу, репрессиям должны были подвергнуться следующие группы населения (формулировки из приказа):

1. Бывшие кулаки, вернувшиеся после отбытия наказания и продолжающие вести активную антисоветскую подрывную деятельность.
2. Бывшие кулаки, бежавшие из лагерей или трудпоселков, а также кулаки, скрывшиеся от раскулачивания, которые ведут антисоветскую деятельность.
3. Бывшие кулаки и социально опасные элементы, состоявшие в повстанческих, фашистских, террористических и бандитских формированиях, отбывшие наказание, скрывшиеся от репрессий или бежавшие из мест заключения и возобновившие свою антисоветскую преступную деятельность.
4. Члены антисоветских партий (эсеры, грузмеки, муссаватисты, иттихадисты и дашнаки), бывшие белые, жандармы, чиновники, каратели, бандиты, бандпособники, переправщики, реэмигранты, скрывшиеся от репрессий, бежавшие из мест заключения и продолжающие вести активную антисоветскую деятельность.

---

*Статья выполнена в рамках проекта КН МОН РК: «Память о жертвах политических репрессий (1920-1950-е гг.) и ее фиксация в сакральном ландшафте Казахстана (на примере Восточного Казахстана)» ИРН проекта АР05130870*



5. Изобличенные следственными и проверенными агентурными материалами наиболее враждебные и активные участники ликвидируемых казачье-белогвардейских повстанческих организаций, фашистских, террористических и шпионско-диверсионных контрреволюционных формирований.

Репрессированию подлежат также элементы этой категории, содержащиеся в данное время под стражей, следствие по делам которых закончено, но дела еще судебными органами не рассмотрены.

6. Наиболее активные антисоветские элементы из бывших кулаков, карателей, бандитов, белых, сектантских активистов, церковников и прочих, которые содержатся в тюрьмах, лагерях, трудовых поселках и колониях и продолжают вести там активную антисоветскую подрывную работу.

7. Уголовники (бандиты, грабители, воры-рецидивисты, контрабандисты-профессионалы, аферисты-рецидивисты, скотоконокрады), ведущие преступную деятельность и связанные с преступной средой.

Репрессированию подлежат также элементы этой категории, которые содержатся в данное время под стражей, следствие по делам которых закончено, но дела еще судебными органами не рассмотрены.

8. Уголовные элементы, находящиеся в лагерях и трудпоселках и ведущие в них преступную деятельность.

9. Репрессии подлежат все перечисленные выше контингенты, находящиеся в данный момент в деревне — в колхозах, совхозах, сельско-хозяйственных предприятиях и в городе — на промышленных и торговых предприятиях, транспорте, в советских учреждениях и на строительстве [1].

Однако на самом деле репрессиям подверглись не только указанные в этом документе категории населения. НКВД собрал данные на все категории населения, подлежащие репрессиям, и дал плановое количество граждан, которых хотели подвергнуть репрессиям [1].

По вынесенным приговорам репрессированных можно разделить на две категории: первая — приговоренные "тройкой" к высшей мере наказания; вторая — приговоренные к лишению свободы на 8–10 лет с отбыванием наказания в лагерях или тюрьмах. В таблице 1 представлено плановое количество репрессий в целом по Казахской ССР и в Восточно-Казахстанской области. Однако фактически "план" был перевыполнен в несколько раз. Наказанию были подвержены и члены семей осужденных.

**Таблица 1 - Плановое количество репрессий в Казахской ССР и ВКО [1].**

Область	Первая категория (расстрел)	Вторая категория (лагерь)	Всего
Восточно-Казахстанская область	300	1050	1350
Всего	2500	5000	7500

В так называемые «тройки» входили, как правило, три руководителя — начальник управления НКВД, первый секретарь обкома и председатель облисполкома. Согласно документам в утвержденный состав троек Восточно-Казахстанской области после выхода приказа № 00447 вошли председатель — начальник управления НКВД ВКО Борис Николаевич Чирков, членами — первый секретарь Восточно-Казахстанского обкома партии Саул Маркович Свердлов, председатель Восточно-Казахстанского облисполкома Шакир Якупович Юсупов.

30 июля 1937 года вышел приказ Н. Ежова, через несколько дней 3 августа 1937 года Шакир Якупович был сам арестован и водворен в тюрьму г. Алма-Аты, поэтому следует отметить, что принять участие в деятельности «троек» ему не пришлось.

По делу вместе с ним проходил целый корпус руководителей Казахстана, начиная от районного уровня, заканчивая республиканским, среди которых были Т. Рыскулов, Т. Жургенев, К. Сарымұлдаев, У. Кулумбетов и другие.

25 февраля 1938 года Ш.Я.Юсупов Военной Коллегией Верховного суда СССР приговорен к высшей мере наказания, реабилитирован 11 марта 1957 года за отсутствием состава преступлений.

Его супругу Чулпан Шаяхметовну Юсупову обвинили в соучастии в антисоветской деятельности мужа и арестовали 14 апреля 1938 года на основании приказа № 00486, отправив ее дело на рассмотрение Особого совещания при НКВД СССР, который принял решение об осуждении ее на 8 лет. В архиве Департамента внутренних дел Восточно-Казахстанской области хранится заявление Чулпан Шаяхметовны, которое она написала 9 мая 1956 года на имя генерального прокурора СССР Р.А. Руденко с просьбой о снятии с нее судимости. В заявлении она написала следующее: "В 1938 году я была арестована органами НКВД в г. Алма-Ате и по постановлению Особого совещания при НКВД СССР была осуждена как член семьи изменника родины. Мой муж Юсупов был арестован в 1937 году. Срок наказания 8 лет я отбыла полностью в исправительно-трудовых лагерях в поселке №26 Карагандинских лагерей. Освобождена в 1946 году" [2].

В каждом письме осужденной женщины были особые строки, касающиеся их детей, наполненные горестью, Ч.Ш.Юсупова пишет: "У меня было двое детей, сын Болат 1931 года рождения, и дочь Клара 1934 года рождения. После моего ареста дети были оставлены на воспитание Жумашеву Абдулле, проживающему в городе Алма-Ата. Будучи в лагере, я получила известие о том, что дочь моя умерла в 1944 году, а сын был отдан в детдом. Где он находится в настоящее время, я не знаю. После своего освобождения я разыскивала сына неоднократно, но мои розыски оказались безрезультатными и я до сих пор не знаю ничего о нём" [2].

Известно, что до ареста Чулпан Шаяхметовна не работала, занималась домашним хозяйством и воспитанием детей, а после освобождения работала в Акмолинске мастерицей в швейной мастерской.

11 апреля 1957 года Чулпан была реабилитирована Военным трибуналом ТуркВО за отсутствием состава преступления.

Из письма Чулпан Шаяхметовны понятно, что ей было предъявлено обвинение - нахождение в родственных отношениях с изменником родины, из других же писем можно узнать, что женам могли не предъявлять никаких обвинений, они не знали, за что они и их мужья были осуждены, некоторые из них во время следствия даже не допрашивались, многие из них отбывали не установленный срок наказания, были и такие, которые в своих заявлениях просили установить им срок наказания. В письмах они писали, что их мужья были арестованы, но женщины не знали о том, что в большинстве случаев они были уже расстреляны.

В другом письме-заявлении административно ссыльной Ольги Павловны Залевской, проживавшей на момент ареста в селе Ермак Кагановичевского района Павлодарской области, говорится следующее: "15 сентября 1937 года был арестован мой муж, Залевский Векентий Яковлевич, работавший на станции Аягуз Турксиб ЖД, где он работал в качестве вагонного мастера, с тех пор я о нем ничего не знаю. 30 октября 1937 года была арестована и я, тем же Аягузским НКВД, затем меня увезли в город Семипалатинск, где пробыла в тюремном заключении 7 с половиной месяцев. За это время меня ни разу не допрашивали и не сказали в чем я обвиняюсь, имея 50 лет от рождения, я совершенно не чувствую за собой ни какого преступления. Сослали меня и даже не было мне суда и не знаю свой срок наказания.

5 июня 1938 года я приехала в с. Ермак и нахожусь здесь по настоящее время. Со времени своего приезда в с. Ермак я работаю в уборщицей в местном отделении Госбанка, никаких замечаний не имею, стараюсь честно и аккуратно выполнять свои обязанности.

За это время мое здоровье сильно пошатнулось, я страдаю сердечной болезнью, суровый климат и тяжелые условия жизни, все больше и больше подрывает мои силы. Образования ни какого я не имею, до ссылки я была домохозяйкой, специальности нет ни какой.

Поэтому прошу вас очень пересмотреть мое дело, т.к. ни какой вины за собой не имею, и никто ни разу не предъявлял мне обвинения. Если мой муж в чем, то виновен, то я о его преступлении не знаю, и никогда не знала. Даю честное гражданское слово, а потому я не знаю, почему я должна нести большое наказание за него. Прошу еще раз не откажите в моей просьбе, и прошу Вашего помилования и облегчите мои страдания"[3]. Письмо было написано 28 декабря 1940 года с обращением в прокуратуру Казахской ССР.

Прокурору транспортных дел станции Аягуз и дорожному прокурору Алма-Аты 6 января 1938 г. было направлено заявление от Медушевской Любви следующего содержания: "Я, Медушевская Любовь, находилась на иждивении Медушевского Иосифа с 1935 года по настоящее время, то есть до взятия его под стражу. Я была взята им, как на иждивение от моей матери. И так как я желаю учиться дальше, а мать моя неграмотная, воспитывать нас ей было трудно, семья у нас была очень большая, и я пошла к ним на воспитание.

Они меня усыновили и я жила у них до настоящего времени. Теперь я осталась одинокой, а дальше учиться у меня средств не хватает.

Деньги во время ареста Медушевских точно не знаю, сколько, но было около 4000 рублей были взяты, так и корова, которая в настоящее время находится в столовой райтранспорта - 1 на Турксибе 32 разъезда. О вышеупомянутых деньгах и корове, прошу выделить мне для дальнейшего моего воспитания.

Прошу Вас обратить внимание на мое заявление и сообщите результаты по адресу станция Матай, Матайская средняя школа №12, ученице Медушевской Л.И." [4]

Второе письмо-заявление Л. Медушевская пишет на имя Лаврентия Берии через два года 3 августа 1940 года, из текста обращения становится ясным, что в жизни ссыльной ничего не изменилось за это время. Следующий шаг - ею было подготовлено ходатайство: "Прошу разрешить обратиться к Вам с просьбой о помиловании меня, снятии с меня ссылки. Я посылала ходатайство на имя Народного

Комиссара Железнодорожного транспорта Л. Кагановича и Верховному Прокурору. Но до сих пор ответа нет. Я обращаю Ваше внимание и повторяю свою просьбу. Я была арестована 30 октября 1937 года на Турксибе 32 разъезда Аягузским НКВД, а муж был арестован 9 сентября 1937 года, неизвестно по каким причинам. Он работал осмотрщиком вагонов в Киевской области на станции Казатино и проработал там 36 лет. В 1936 году мы были командированы в КССР на Турксиб по разверстке НКПС.

Просидевши в Семипалатинской тюрьме 8 месяцев. Я была 17 июня 1938 года осуждена и сослана на жительство в Павлодарскую область Кагановичевский район с. Ермак. Срок ссылки мне не был указан. Меня обвиняют в укрывательстве мужа, но вины за собой я не чувствую, мне уже 52 года. Я неграмотна, в политических делах ничего не понимаю.

Родилась я в Киевской области в селе Казатино, родилась в бедной семье, отец работал на транспорте рабочим и в 1905 году попал под поезд. Я осталась сиротой, мать осталась батрачкой.

По приезду в Ермак с 1938 года и по настоящее время я работаю в колхозе «Путь Ленина». Но здоровье моё не важное, к физическому труду я не способна, но работы все выполняю хорошо. Ещё раз прошу Вашего помилования, прошу разобрать моё дело и о результатах сообщить через Ермаковское НКВД [5].

В прокуратуру поступали и жалобы, текст одного из них представлен ниже.

Шоқаев Мұртазаның мал-мүлкі туралы мынадай мәлімет беріледі: Революцияға дейін екі бөлмелі үйі, мал қорасы, 12 жылқысы, 10 түйесі және 10 сиыры болған. Революциядан соң бұл мал-мүліктен қалғаны: бір жер төле, бір киіз үй, 1 сиыр және екі бұзау. Басқаша айтқанда, Мұртазаның да, Мырзакенің де асыптасыған мал-мүліктерінің болмағандығы, ел ішіндегі орта дәулетті отбасылар болғандығы байқалады. Ал олардың саяси қудалауға түсіп жүргендіктерінің негізгі себебі, әрине Мұстафа Шоқаймен туыстық қатынастарының болғандығы еді.

Енді «контрреволюциялық» топ мүшелері ретінде аталған басқа кісілер кімдер еді? Бұл ретте алдымен, әрине, Дүйсембин (анкетада Дүйсембинов-авт) Сыздыққа тоқталған жөн. Анкетада оның 1877 жылы Шығыс Қазақстан облысы бұрынғы Боққарын ауданындағы №11 ауылда туылғандығы, ендігі уақытта Оңтүстік Қазақстан облысында облыстық жер басқармасында заңгер-кеңесші қызметінде екендігі туралы мәлімет берілген. Біліміне байланысты 1891 жылы Қарқаралыда ауыл шаруашылығы мектебін, 1898 жылы Омбыда төрт жылдық училищені бітіргендігін, соңғы уақытта ешқандай партияда жоқтығын, 1917-1918 жылдары Алашорда партиясына тілектес болғандығын көрсетеді. Мал-мүлікке байланысты ол революцияға дейін он жылқысы, 50-60 қойы, 4-5 сиыры болғандығын жасырмайды. Содай-ақ ол анкетада 52 жастағы зайыбы, кәмелетке тола қоймаған төрт ұлы, асырап алған бір баласы барлығын айтады.

С.Дүйсенбиннің көрсетуінде көзге ұрып тұрған нәрсе, әрине, оның «Алашорда партиясына тілектес болғандығы» туралы мәлімет еді. Бұл арада ешқандай да жалғандық жоқ-тын. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 253 санында, «Сарыарқа» газеті осы жылғы 19 санында Семей қаласында «Алаш» партиясының 15 кісіден тұрған уақытша облыстық комитетінің құрылғандығын, оның төрағасы болып Халел Ғаббасовтың, хатшысына Сыздық Дүйсенбиннің сайланғандығы туралы мәлімет жариялаған еді. Міне осы оқиғадан жиырма жыл өткен соң да НКВД органдарына оны тұтқынға алуға негіз болған, әрине, осы факті еді.

С.Дүйсенбин тергеу материалында Семейден соң 1932 жылы Қырғызстанға Фрунзе қаласына, содан соң Ош қаласына, 4 ал 1933 жылы Оштан Шымкент қаласына қоныс аударғандығы жөнінде мәлімет береді. Осының бәрі, әрине, саяси қудалаудан ығысып, із жасырудың әрекеті еді.

«Контрреволюциялық» топтың мүшесі ретінде қамауға алынған Әлімбаев Кәрім кім еді? К.Әлімбаевқа қатысты дерек көздері оның 1892 жылы Алматы облысы Қордай ауданында №5 ауылда өмірге келгені, бастауыш білім алып, телеграфист мамандығын игергендігі, әлеуметтік тегі жағынан орташа дәулетті отбасынан екендігі, отбасында 41 жастағы зайыбынан басқа алты баласы болғандығы туралы мәлімет береді. Тергеу материалдарында К.Әлімбаевтың ұзақ жылдар бойы жер басқармаларында, Егіншілік Халық Комиссариатында жауапты қызметтер атқарғандығы, 1929 жылы «Алашордалықтарға жақын» деген күдікпен қамауға алынып, бірақ дәлелденбегендіктен босатылғандығы туралы мәлімет бар.

К.Әлімбаевқа байланысты НКВД тергеушілерінің мынадай ұстанымда болғандығы байқалады. К.Әлімбаевтың денсаулығы әлсіздеу, мүгедектігі бар болған. Оның жағдайын байқаған тергеушілер алғашқы қамауға алғанда Кәрім арқылы қазақ ұлтшылдарының жер мәселесіне байланысты ішкі ұстанымын білуге күш салады. Кәрім болса тергеушілердің бұл үмітін «ақтап» біраз нәрсе айтып та берген еді. Мәселен ол жер комиссариатының басында отырған қазақ қызметкерлерінің жерге орналастыру ісінде басымдылықты қазақ шаруаларына бергендігі жөнінде мәлімет береді. НКВД



органдары К.Әлімбаевты «өз адамына» айналдырғысы келген сияқты, бірақ ол әрекеттерінен ештеңе шықпаған. Беласаров Досқұл туралы. Жеке тұлға қамауға алынған соң оған толықтырылатын анкетада Досқұлдың Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданы Күркіреуік колхозының (Аша ауылынан) қатардағы диқаны екендігі айтылған. Сол кезде жүк таситын түйешілер артелі құрылып, Досқұл соның құрамындағы бригадалардың бірінің бригадирі болған. 1930 жылға дейін керуенде мақта және басқа жүк тасуды кәсіпке айналдырып, 1930 жылдан бастап ел қатарлы артель, колхозға кіріп, диханшылыққа ден қойса керек. Басқанша айтқанда, қатардағы қара шаруа тірлігін кешкен. Ешқандай партия жоқ. Қолына қараған әйелі, үш жас балалары, кәрі әке-шешесі, екі бауыры бар екендігі көрсетілген. №794 іс бойынша қамауға алынғандардың қатарында 1890 жылы өмірге келген, Қызылорда ауданы Сулутөбе ауылында туып өсен М.Шоқайдың жерлесі, кедей шаруа отбасынан шыққан Құлтасов Фазылбек те бар еді. Оған тиесілі анкетада мұғалімдер семинариясын бітіріп, революциялық өзгерістерге дейін халық мұғалімі, ал өзгерістерден соң түрлі мекемелерде қызмет жасағандығы, 1924 жылдан бастап тұрғындардан шикізат жинайтын қызметте, ал отбасында зайыбынан басқа бес баласы, сексендегі әпкесі бар екендігі көрсетіледі.

Бұл арада Фазылбектің белгілі себептерге байланысты анкетада Ташкент қаласында мұғалімдер даярлайтын қазақ курстарында, Қазақ ағарту институтында оқытушылық қызмет атқарғандығы туралы мәлімет беруден тартынғандығы байқалады.

Оны көрсеткен күнде белгілі тұлғалармен қызметтес болғандығы туралы мәселе туындайтындығын ескерген болса керек. Осы арада №794 іс бойынша қамауға алынған кісілерді тергеуге тартуға негіз болған себептерге тоқталайық. Мәселен, Ішкі Істер Халық Комиссариатының Қызылорда аудандық бөлімінің бастығы Свиноренконың Қалмұхамедов Мырзакені қамауға алуға рұқсат сұраған анықтамасында «біздегі бар мәлімет бойынша Қызылорда ауданының №14 ауылының тұрғыны Қалмұхамедов Мырзаке ССРО-ғы советтік билікті құлатып, оның орнына капиталистік құрылымды қалпына келтіруді көздеген контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымының мүшесі ретінде соңғы жылдары қазақ тұрғындарының арасында контрреволюциялық кадрлар даярлау ісін жүргізуде» деген негіздеме береді. Яғни, елдің алыс бір түкпіріндегі қолында не билігі, не байлығы жоқ, шала сауатты, жұмысы жоқ адамның осындай жалпы мемлекеттік мәні бар күрделі саяси жұмыспен айналысқандығы туралы тұжырым жасалынады. Тура осы мазмұндағы анықтама Шоқаев Мұртазаға да байланысты беріледі. Анықтамада берілген осы мазмұндағы тұжырымды түпкірдегі аудандағы НКВД-ның шала сауатты кіші офицерінің жазған сандырағына жатқызуға бола ма? Әрине болмайды. Мұндай «сандырақтың» астарында

« бұл елдің тереңінде советтік билікке деген сенім әлі жоқ, өйткені советтік билікті орыс билігі деп түсінеді, таптық санасы қалыптаспаған, сондықтан да советтік ұстанымды күштеу арқылы енгізуге тура келеді, ал Мұстафа Шоқаевтың контра тұқымдары, үрім-бұтағымен баяндалған идеяны қазақ бұқарасы арасында орнықтыруға қарсы тұрған кедергі, әр уақытта кек алуға даяр тұрады, яғни олардың қарсылығын күшпен сындырып, өздерін жоюдан басқа амал жоқ» деген тұжырым жатты. Биліктің аудандағы жалғыз сенімді тірегіне айналған НКВД офицерінің басқаша ойлауы да мүмкін емес-тін. Тура осы мазмұндағы тұжырымды Сыздық Дүйсенбинге байланысты облыстық НКВД басшылары даярлаған қаулыдан да кездестіреміз. Сондай-ақ бұл қатардағы жай, қарапайым факті емес. Қаулы НКВД органдарының сол мезгілдегі қазақ қоғамындағы аяқ алысын түпкілікті стратегиялық мақсат-мұратын дәл де тура түсінуге мүмкіндік беретін құжат. Одан мәтін тіліндегі нұсқадан үзінді келтірейік: « ... Дүйсенбин Сыздық будучи враждебно – настроенным против Советской власти, как активный деятель и член Восточного правительств алаш-орды систематический высказывает антигосударственную агитацию против советской власти, так же состоит членом контрреволюционной националистической организации существующей в г. Чимкенте». НКВД офицерлері С.Дүйсенбиннің саяси келбетін осылайша анықтап, бұған қосымша мынадай мәліметтер береді: «Дүйсенбин Сыздық 1877 г.р. казах, семейный, безпартийный, служащий, интеллигент, происходит из аула №12 б. Кентской волости, Каркалинского уезда, из рода «Жағалбайлы» быв. член Восточного правительства алаш-орды, ныне работающего в Ю/К ОБЛЗУ».

Осы арада қаулының кейбір тұстарына тоқталуға тура келеді. Қаулы авторлары Шоқаев Мұртаза мен Қалмұхамедов Мырзаке сияқты Дүйсенбин Сыздықты да контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымының мүшесіне жатқызады. Ал осы бүкіл қазақ қоғамын «темірдей құрсауына алған» ұлтшылдар ұйымының бар екендігіне дәлел бола алатын бірде-бір құжат, факт келтірілмейді. Өйткені ондай құжат жоқ-тын. Соған қарамастан репрессия жылдары қазақ қоғамынан саяси «қызметі» үшін қамауға алынған барлық кісілерге таңылған ортақ айып осы. Яғни қазақ қоғамындағы советтік билікті жою мақсатында құрылған

ұлтшылдар ұйымы бұл аңыз, ОГПУ – НКВД қойнауынан саяси репрессиялық шараларға негіз ретінде қолдан жасалынған идеологиялық миф. Бұл біріншіден.

Екіншіден, НКВД тергеушілері С.Дүйсембинге байланысты оның Шығыс Алашорда үкіметінің мүшесі болғандығын жайдан-жай еске алып отырған жоқ. Олар кеше ғана Алашорда үкіметінің Советтік билікке балама өкімет ретінде өмірге келгендігін, оның ұлттық сипатын, қазақ қоғамында оны жақтайтын күштердің бар екендігін, қазақ санасына соншама жақын тұрған, тіптен сенім отын жағып, оны тербететін жалғыз үміт екендігін жақсы біледі.

Үшіншіден, жалпы советтік кезеңде қазақ қоғамында Алашорда, Алаш идеясы коммунистік идеологияға жалғыз балама идея рөлін атқарды. Советтік идеологияның оған соншама өшігуі, өзі билік тұғырынан кеткенше ұмыта алмауы осы жағдайға байланысты еді.

Міне осы тұрғыдан алғанда Сыздық Дүйсембин сияқты кезінде алаш қозғалысына ат салысып, белсенділік танытқан тұлғалардың үстінен жіті ЧК- ОГПУ-НКВД бақылауының орнатылуына таң қалудың өзі артық болар еді. Советтік құпия полицияның бұл мінезін жақсы білген С.Дүйсембиннің алдымен қырғыз елінің астанасы Фрунзеге, оның артын ала Ош қаласына, Оштан Шымкент келуі із жасырып, өзінің Алаш қозғалысы қатарында болғандығын ұмыттырудың әрекеті еді. Сол жылдары мұндай күйді басынан өткізген ол жалғыз емес-тін. Қазақ қоғамында НКВД-ның құрығынан үрейленіп, ой азабына түскен екі адамның бірі еді. Бұл қоғамның бүкіл болмысын, мінезін түбегейлі өзгертіп жіберген ауыр жағдай еді.

С.Дүйсембинге байланысты қабылдаған қаулыда оның «Жағалбайлы» руынан екендігі айтылады. Қаулыны жазған НКВД офицерлеріне С.Дүйсембиннің руы не үшін қажет болған еді? Бұл, әрине, олардың ұлттық мінездің нәзік тұстарынан хабардар екендігінің, қазақ қоғамын бақылауда ұстау үшін руаралық қатынасты, рулық сезімді пайдаланып отыруға бейім екендігінің көрінісі еді.

Сонымен, № 794 тергеу ісі бойынша тергеушілер үшін негізгі тұлға, әрине, Мұстафа Шоқайдың бауыры Шоқаев Мұртаза еді. Мұртазаны тергеуге алу 1937 жылы 10 тамызда басталып, оған қойылған ең алғашқы сұрау: «Сіздің шетелдегі бауырыңыз Мұстафа Шоқаевпен қандай да бір байланысыңыз бар ма?»

«Жауап: ағатайым Шоқаев Мұстафамен бірге 1934 жылды қоса санағанда соған дейін хат алысып тұрдым.

Сұрау: ағаңыз Мұстафамен қалай және кім арқылы алғаш рет жазба түрде байланыс орнаттыңыз?

Жауап: Мен ағайым Мұстафамен жазба түрде байланысты 1922 жылы Сұлтанбек Қожанов арқылы орнаттым.

Сұрау: Қайда және қандай жағдайда Қожанов сізді шетелде жүрген бауырыңыз Мұстафамен байланыстырғаны жөнінде толығырақ айтыңызшы?

Жауап: 1922 жылы октябрь айында маған, Қызылорда ауданындағы №14 ауылға Ташкенттен Қожанов Сұлтанбектің арнайы жіберген адамы Юсупназаров Абдулла келіп, құпия түрде мені Ташкентке Қожановтың шақырып жатқандығы, ондағы мақсаты менімен сұхбаттасып және Мұстафа бауырымнан келген хаттарды тапсыру екендігін жеткізді. Мен тез арада Ташкентке жолға шығып, Қожановтың пәтерін тауып алып өзімнің Шоқаев Мұстафаның інісі екендігімді, шақыру бойынша келгенімді айттым. Қожанов сол арада маған Мұстафадан келген хатты тапсырып, бұл хатты Мұстафадан Міржақып Дулатовтың алғандығын, ал оны маған жеткізу үшін Қожановқа бергендігін айтты. Бұл хатта бауырымның мекен-жайы қатесіз берілген еді. Сол арқылы тұрақты хат алысып тұрдым».

Тергеушінің Мұртазадан білгісі келген жағдайлары, әрине, аз емес-тін. Мәселен, Мұртаза С. Қожановпен өзара болған сұхбатта бауыры Мұстафа туралы жағымды пікір айтқанын, Мұстафаның шетелге кеткені көрегендік болғандығын, сол жақта жүріп қазақ халқын құтқару үшін көп нәрсе жасай алатындығын, бұл ретте олардың ұстанымы өзара үйлесімді екендігін баяндайды. Одан әрі С. Қожановтың Мұртазадан материалдық жағдайына байланысты мәлімет алып, көмектесуге әрекет жасағандығын айтады.

Тергеушінің бұл арада, әрине, Мұртазаның контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымына қашан және қандай жағдайда «кіргендігі» және ол ұйымға кімдер мүше екендігі туралы мәселені елеусіз қалдыруы мүмкін емес-тін. Мұртаза жауап арасында Өзбекстанға Қокан ауданына қоныс аударғанын, осы әрекетте жүріп түйешілер артелімен жақындасып, Беласаров Досқұл сияқты азаматпен таныс болғанын баяндайды. Бір ғажабы түйешілер артелі барлық «контрреволюциялық» қызметін шетелдегі Мұстафа Шоқайдың нұсқаулары бойынша жүргізіп отырған екен. (14) Бұл күлкі тудыратын «мәліметтің», тергеушілердің фантазиясынан туындағанын түсіну, әрине қиынға түспейді. Түйешілер артеліне байланысты мұндай мазмұндағы мәлімет тергеушілерге не үшін қажет болған еді? Тергеушілердің бұл сюжетті өрбітіп отырғандағы мақсаты қазақ отбасыларының мыңдап ашаршылықтан, советтік жүйенің

қыспағынан көрші елдерге көшіп кету үрдісіне мүлдем басқа сипат, мазмұн беру әрекетінің көрінісі болатын. Яғни, бұл көш жан сақтаудан туған шара емес, антисоветтік күштердің әдейі ұйымдастырған контрреволюциялық қызметі деген ойға негіздеме берген сымақтарының көрінісі еді.

Мұртаза тергеушінің сұрауына жауап ретінде Мұстафа ағасынан бір рет 1927 жылы 80 сом ақша алғанын, ал Өзбекстанға келген соң көмек ретінде жолдастары екі мың сом жинап бергендерін айтады. Сондай-ақ, ағасы Мұстафадан алған хатын шамамен 40 адамға жуық түйешілердің жиынында дауыстап оқылғаны туралы мәлімет береді (15).

Қалмұхамедов Мырзакеден 1937 ж. 23 қазанда сержант Матиков жауап алады. Жауабында Мырзаке ешқандай да контрреволюциялық ұйымға мүше еместігін, М.Шоқайдан ешқандай тапсырма алмағандығын, ал өзін кінәлі санамайтындығын мәлімдейді (16).

1937 жылы 23 қазанда жүргізілген тергеуде С.Дүйсембин де Шымкент қаласында тұрған кезінде ешқандай да контрреволюциялық қызметпен айналыспағандығын мәлімдейді (17).

1937 жылы 26 қазанда берген көрсетуінде Әлімбаев Кәрім де ешқандай да контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымға мүше еместігін, антисоветтік жұмыспен айналыспағандығын мәлімдейді [18].

Белгілі дәрежеде, Беласаров Досқұлдан 1937 жылы 25 қазанда алынған тергеу материалытанымдық тұрғыдан қызығушылық туғызады. Досқұл 1934-1935 жылдары Өзбекстанда Наманган қаласында тұрып ашаршылық жылдары сонда көшіп барған қазақ отбасыларын (откочевниктерді) кейін қайтару ісімен белсенді түрде айналысады. Белсенді де байсалды іс адамы Досқұлды қазақ отбасыларын көшіру ісімен айналысатын түйешілер артелі өздеріне бастық етіп сайлайды. Өзбекстанға көшіп барған отбасыларын кейін қайтару ісімен сол жылдардағы Ташкент тұрғыны Сұлтанбек Қожанұлының да айналысқандығы байқалады.

Беласаров Д. басқарған түйешілер артелі 800-ге жуық қазақ қожалықтарының кейін қайтуын ұйымдастырып, ал оның өзі тікелей жүзге жуық шаруашылықтың кейін қайтуына жағдай туғызып, басшылық жасайды. Тергеушіге берген жауабында «Келес ауданына қайтып оралған сон, мен Беласаров, қайтып көшіп келгендерді орналастыру ісімен айналыстым, ал бірақ ешқандай да контрреволюциялық жұмыс жүргізген емеспін» деп көрсетеді [19].

Істе Қалмұхамедов Мырзаке мен Шоқаев Мұртазаның саяси ұстанымы мен көзқарастарына байланысты олардың жерлестерінің куәліктері тіркелген. Жерлестері бұл әулеттің ел арасында беделді болғандығының, сондай -ақ революциялық өзгерістерге дейін мыңғырған малы болмаса да, орта ауқатты шаруашылықтары болғандығын, 30-ншы жылдардың басында ет салығын өтемегендігі үшін, мәселен, Мырзакенің малы тәркіленіп, өзі бес жылға сотталып соңын ала ақталғандығын, ал Мұртазаның бауыры Мұстафадан хат алып, ол хатты ел болып оқып, көздеріне жас алдырғандықтарын баяндайды [20].

1937 жылы 1 қарашада №794 тергеу ісі бойынша айыптау қорытындысы бекітіледі. Қорытынды осы жылдары жүргізілген барлық тергеу істері бойынша даярланған айыптау қорытындысына ұқсас. «Шоқаев Мұртаза, Қалмұхамедов Мырзаке, Дүйсембинов Сыздық, Әлімбаев Кәрім, Беласаров Досқұл, Құлтасов Фазыл Қазақстанда құрылып,

«национал-фашистер» Қожанов, Рысқұлов және Жандосов басқаратын контрреволюциялық ұлтшылдар орталығының басшысы Мұстафа Шоқаевтың тікелей нұсқауымен Совет үкіметін құлатып, буржуазиялық ұлтшылдар мемлекетін құрмақ» екен. Сондай-ақ бұл топтағылардың қылмыстық қызметі дәлелденіп, ал өздері болса оны «толық мойындаған» екен [21].

Бұл тергеу ісі бойынша 1937 жылы 1 қарашада (яғни, айыптау қорытындысы бекітілген күні) Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД-ның басқармасы жанындағы үштік Шоқаев Мұртазаны, Қалмұхамедов Мырзакені, Дүйсембинов Сыздықты, Беласаров Досқұлды және Құлтасов Фазылды ең жоғарғы жаза – ату жазасына бұйырып, мал-мүліктерін тәркілеу туралы шешім қабылдайды [22]. Әлімбаев Кәрімге байланысты он жылға концлагерге жабу туралы қаулы шығарады [23].

Үштіктің шығарған шешіміне байланысты мынадай жағдайға көңіл аударуға тура келеді. Істе ату жазасына бұйырылған кісілерге байланысты шешімнің 1937 жылы 2-3 қараша күндері түнгі сағат 12-де орындалғаны, яғни олардың атылғаны туралы актіден көшірме тіркелген [24]. Сонымен бірге үштік шығарған шешімнің бетіне карандашпен «Отменено. 4/V-41г» деген белгі қойылған.

Бұл қойылған белгі негізсіз. Өйткені сол 1941 жылы 19 мамырда Қазақ ССР прокуроры Барановтың қолымен бекітілген қорытындыда №794 тергеу ісі бойынша үштік қабылдаған шешімді қайта қарауға ешқандай да негіз жоқ деп көрсетілген [25].

Тергеу ісі бойынша тіркелген құжаттардың арасында кейінгі жүрген ақтау тұсында №794 іс бойынша Шоқаев Мұртаза және басқа сотталған кісілердің ісінің қайта қаралғанын куәландыратын құжат жоқ.

Яғни, бұл ешқандай да негізсіз репрессия құрбаны болған адамдардың ісіне осы уақытқа дейін әділ баға берілмегендігін айғақтайтын жағдай.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасы Іскі Істер Министрлігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің архивы. (бұдан былай ТООДА-авт.) бқ., №794-і Шоқаев Мұртаза ж.б. ісі, 1т.
2. Сонда, 16-21 н.п.
3. Сонда,
4. Сонда, 34-35 н.п.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. 1 кітап, Алматы, -
6. ТООДА., №794 іс, 1т., 70-81 н.п.
7. Сонда, 98н., Қазақстан Республикасы Президентінің архивы (ҚРПА) №141 қ., 1т., 2409 іс, 1-7 н.п.
8. Сонда, 38-39 об. н.п.
9. Сонда, 40-41 об. н.п.
10. Жизнь и деятельность правителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане. Сборник документов и материалов. Часть 2. Шымкент 2004, с.137 (бұл 1918 жылға тиесілі).
11. ҚРПА., 141қ, 1т., 43 н.п.
12. Сонда, 4, 9 н.п.
13. Сонда, 46 об.п.
14. Сонда, 47-48 н.п.
15. Сонда, 49 н.
16. Сонда, 67-69 н.п.
17. Сонда, 82-86 н.п.
18. Сонда, 98 н.
19. Сонда, 101-107 н.п.
20. Сонда, 161-164 н.п.
21. Сонда, 188-195 н.п.
22. Сонда, 203-206, 208 н.п.
23. Сонда, 207 н.
24. Сонда, 209, 210, 211 н.п.
25. Сонда, 214-216 н.п.

**ӘӨЖ 174-23**  
**ӘӨЖ 03.01.09**

*Ханкелді Әбжанов<sup>1</sup>,  
<sup>1</sup>тарих ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі*

### **МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫСЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада ұлт зиялыларының Түркістан мен Қазақстанда қалыптасуына және дамуына М.Шоқайдың тарихи көзқарастарының эволюциясы патшалық және большевиктік Ресейдегі бетбұрысты оқиғалар шегінде ашылады. Маман кадрларды даярлау, олардың өсуі, құрамы және қызметіне тән мәнді белгілер мен ерекшеліктер анықталған, тоталитаризмнің тұтас халықтар мен олардың интеллектуалды әлеуетіне қарсы қылмысы әшкереленген. Ресей мен кеңес империясының күйрейтініне күмәнденбеген М.Шоқай Шығыс және Түркістан халықтарының еркін дамитынына сенді.

**Тірек сөздер:** Түркістан, Қазақстан, тоталитаризм, Мұстафа Шоқай, ұлт зиялысы

Ханкелді Әбжанов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>доктор исторических наук, академик НАН РК

## МУСТАФА ШОКАЙ И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ

*Аннотация*

В статье прослежена эволюция исторических взглядов М.Шокая на формирование и судьбы национальной интеллигенции Туркестана и Казахстана в контексте переломных событий в царской и большевистской России. Выявлены сущностные черты и особенности подготовки, роста, состава и деятельности кадров специалистов, разоблачены преступления тоталитаризма в отношении целых народов и их интеллектуальных сил. М.Шокай предсказал неизбежный крах как российской, так и советской империи, верил в свободное развитие народов Востока и Туркестана.

**Ключевые слова:** Туркестан, Казахстан, тоталитаризм, Мустафа Шокай, национальная интеллигенция.

*Hankeldi Äbjanov<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Doctor of Historical Sciences, Academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan

## MUSTAFA SHOKAY AND NATIONAL INTELLIGENTSIA

*Annotation*

The article traces the evolution of M. Shokay's historical views on the formation and destinies of the national intelligentsia of Turkestan and Kazakhstan in the context of crucial events in Tsarist and Bolshevik Russia. The essential features and features of the training, growth, composition and activities of the personnel of specialists are revealed, the crimes of totalitarianism against whole nations and their intellectual forces are exposed. M. Shokay predicted the inevitable collapse of both the Russian and Soviet empires, believed in the free development of the peoples of the East and Turkestan.

**Key words:** Turkestan, Kazakhstan, totalitarianism, Mustafa Shokay, national intelligentsia.

М.Шокайдың өмірі мен мұрасы туған халқына, түрік әлеміне қызмет етудің үздік үлгісі әрі айғақ-дәлелі болып табылады. Текті ұрпақтың гимназияда оқып жүргенде-ақ байқалған өркенді қасиеттері Еуропаның қақ төріндегі Берлинде көз жұмғанша бір мысқал бәсең тартпастан шыңдала берді, бүгінде мәңгілік құндылыққа айналды. Тарих қойнауынан жеткен өміршең мәңгілік құндылықтарға сүйенгенде ғана «Мәңгілік Ел» ұлттық идеямызды жүзеге асыра аламыз.

Адамның нағыз болмыс-бітімі сын сағатында көрінетіні рас болса, М.Шокайдың барша тағдыры сынақ пен қауіп-қатерге толы ортада өтті. Күдігінен үміті зор жастық шағында да, тозақ алдында тұрғанда да туған халқының атына, өзі ұлықтаған үміт, сенім, иманға қылаудай ақау түсірмеді. Әріге бармастан 1941 жылдың күзіндегі тағдыранықтағыш оқиғаларды еске алсақ та жетіп жатыр. Соғыс басталған жылдың қыркүйегінде Сувалки (Польша) лагеріндегі түркістандық әскери тұтқындар алдында сөйлеген сөзінде отандастарына: «Сендерге қарап жүрегім қан жылауда. Тікенек сымның арғы жағында ұстайтындай не жазып едіңдер? Жоқ. Аллах көріп тұр, Түркістанның бостандық сүйген ұлдарының орны Отанымыздың ұшы-қиыры жоқ даласында», деп, неміс тұтқынынан босануларына және өз үйлерінде бейбіт те адал еңбекпен өмір сүрулеріне тілек білдіреді. Оларға жұмыс тауып беруге, болашақ отанымыз Түркістанға қажетті мамандық алып шығуға септесуін өзінің басты мақсаты санайтынын айтады[1, 151-152].

Ал қайтыс боларынан бір ай бұрын 1941 жылғы қарашада әйелі Мария Шокайға Берлиннен жазған хатында: «Ондаған шақырымдарды артта қалдырып, лагерлерді аралаймын. Күшім бітуге таяу. Жанымның қаншалықты шаршағаны онсыз да саған түсінікті ғой. Өлгім келеді» депті[2, 448-449].

Осы екі деректен-ақ ұлт мақтанышы М.Шокайдың азаттыққа, ұлт зиялысына қатысты дүниетанымы, ұстанымы, бағдары, талабы айдан анық көрініп тұр. Адамзат тағдыры қыл үстінде қылпылдаған сәтте мұндай сөздерді халқын шексіз сүйген перзенті ғана айта алады. Жеті жұрттың тілін білетін қайраткерге түркістандық бауырларының, елінің ертеңіне алаңдауы жанын жегідей жеді. Санасы мен жүрегінде күйректіктің, сатқындықтың, қорқақтықтың, үрейдің нышаны, қарақан бастың қамы жоқ екенін көреміз.

Ол түрік дүниесі зиялысының тарихы мен тағдырына, қуанышы мен ренішіне саясаткер, ғалым, заңгер, күрескер, тіпті әлем азаматы көзімен қарады. Әмбебап әрі кең тынысты ой иесі болу – өмірде

сирек кездесетін құбылыс. Дүниенің төрт бұрышында – Еуропа мен Америкада, Азия мен Африкада жүріп жатқан үдерістердің бастау- бұлағын, заманауи жай-күйін, болжамды нәтижелерін, шарапаты мен кесапатын жан-жақты дәйектеу барысында әлденеше халықтар мен мемлекеттердің тұлғаларын, зиялыларын, мамандарын әлеуметтік-кәсіби, қоғамдық-саяси, мәдени-имандық, ұлттық, т.б. тұрғыдан көре алды, түркістандықтармен салыстыра-шендестіре зерделеуді артық санамады. Әсіресе «Туркестан под властью Советов» кітабының, халықаралық жағдай, Кеңестер Одағы, Қазақстан, Түркия, Германия, большевизм, оның аграрлық, ұлттық, кадрлық саясаты, айтулы оқиғалар жайлы мақалаларының, жазысқан хаттарының теориялық-методологиялық, саясаттанулық, тарихнамалық, деректік маңызы аса жоғары.

Шоқайтануда әзірге тарихшы ғалымдар ұтқырлық танытып, толымды нәтижелерге қол жеткізді. Шығармалар жинағын 2 том, 12 том көлемінде жарыққа шығарды. Саясаттанушылардың сылбырлығы қайран қалдырады. Шоқай саяси ғылымның тарихы мен теориясына әлемдік деңгейде олжа салған ой иесі ғой. Оның қоғам мен билік, саяси режим мен институттар, тұлға, қоғамдық-саяси қозғалыстар, саяси қақтығыстар мен дағдарыстар, әлемдік саясат пен халықаралық қатынастар жайлы пайым-тұжырымдары ғылыми ой-санасын ғана білдірмейді. Әрқайсын өз басынан өткен тағдыр тағылымымен қорыта алды. Саясаттанудағы жаңашылдығы замандастары француз социологы әрі политологы Р.Аронның (1905-1983), орыс философы Н.А.Бердяевтың (1874-1948), «буржуазияның Марксі» атанған М.Вебердің (1864-1929), Италия ойшылдары В.Паретоның (1848-1923), Г.Москаның (1853-1941), Нобель сыйлығының иегері, австралиялық Ф.А.фон Хайектің (1899-1992), т.б. мұрасымен иық тіресе алатынына тарыдай күмәнім жоқ. Тоталитаризм мәселесін зерттеген Х.Аренд (1906-1975) былай деп жазған екен: Сталин «подорвал народные Советы, усиливая в них большевистские ячейки, из которых исключительно стали назначаться высшие функционеры в центральные комитеты и органы. К 1930г. последние следы прежних общественных институтов исчезли и были заменены жестко централизованной партийной бюрократией, чьи русификаторские наклонности не слишком отличались от устремлений царского режима, за исключением того, что новые бюрократы больше не боялись всеобщей грамотности»[3, 363]

Тап осы ойды Х.Арендтен де бұрын Қазақстан мен Түркістанның мысалында Шоқай қағазға былайша түсірген: «... қазіргі жағдайдағы Түркістан – Түркіменстан, Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан деген атаулармен кеңестік республикалар түрінде көрінсін немесе Қазақ, Өзбек, Қырғыз,Тәжік, Түркімен аудандары, яки аумақтары деп аталсын, бәрі бір ештеңе өзгермейді. Олар Орта Азия Бюросы делініп немесе басқа бір аттармен аталып, бәрі бір Мәскеу диктатурасының тепкісінде болады»[4, 98-99]

«Қолда барда алтынның қадірі жоқ», деп бабаларымыз бекер айтпаған- ау, сірә. Жат қолына қараған жылдары жүкқан дерттен – басқалардан өзімізді төмен санаудан әлі айықпадық. Әйтпесе 2 томдық «Саясаттану негіздері» оқу құралында Р.Әбсаттаров ағамыз қазақтың XX ғасырдағы белгілі ойшылдары мен саяси қайраткерлерінің көзқарастарын «біздің жұмысымыздың көлемі... жеке-жеке қарастыруға мүмкіндік бермейді» деген сылтаумен аттап өте шықпас еді[5, 93]. Есесіне Батыстық саяси ғылымның XXғасырдағы қалыптасуына 13 бетін арнапты.

М.Шоқай – интеллектуалды ізденіс пен нәтижеге жетудің әлемдік шыңына көтерілген тұлға. Оның көзқарасына тарихи нақтылық, алалаудан ада әділдік, ұлттық және жаһандық үйлесімді табуға ұмтылыс тән. Ешқандай «измге» (пантюркизм, реваншизм, либерализм...), теориялық ілімге басымдық бермейді. Солардың бәрін біле тұра Ұлы даланың, оның әрбір азаматының нағыз бақытын, кешегісін, бүгіні мен ертеңін мемлекеттік тәуелсіздіктің бар-жоғымен өлшеді.

Қай тақырыпқа қалам тартса да, оны халқының азаттығымен байланыстырмай тұрмады. Мәселен, бұрынғы Ресей Уақытша өкіметінің төрағасы Керенскийдің көзқарас эволюциясын: «Ақпан революциясынан бұрын Түркістандағы патшалық Ресейге қарсы ой-пікірлер мен қозғалыстарды қолдап, насихаттап жүрген Керенский бүгін (1930жылы – А.Х.) сол патшалық Ресейді мінсіз мемлекет етіп көрсетеді» деуімен сыни тұрғыдан ашса, поляк халқының жолбастаушысы Пильсудскийдің қалдырған ізін «өз халқын азат ету жолында қажымай-талмай күрескен аса көрнекті қайраткер болуымен бірге, ол орыс империализмі тепкісінде жатқан барлық халықтардың бостандық алу жолындағы күресіне оң көзқарасын ашық білдіріп келген бірегей мемлекет адамы еді» деп дәйектеген[4, 108, 458].

Ал азаттыққа жетудің басты алғышарты, субстанциясы ретінде тұтас Түркістан идеясын ұсынды. Оның мәні – ұлттық ауызбірлік, ұлттық татулық, ұлттық мүдде, оны жүзеге асыру миссиясы оқығандардың мойнында деп білді. Жоспарсыз, бағдарламасыз көтеріліске шыққанды құптамады. Ең алдымен барлық күштерді мықты саяси ұйымның маңына топтастыруға шақырды.

Отандас зиялылардың бүгіні мен ертеңін тұтас, азат Түркістан идеясымен ажырағысыз бірлікте зерделеген ол Ә.Бөкейхан, Әлимардан бек Топчибашы, Ғабитжан Махмуд, Мұнуар Қари, М.Жұмабаев,

М.Ауезов, С.Асфендиаров, Ю.Ақшора, С.Сәдуақасов сынды ой иелерінің тарихтағы орнын идеологиялық, партиялық ашу-ызасыз, адасусыз дәл сипаттады. Мағжанның «Алыстағы бауырыма» өлеңін түрікшілдік идеясы үшін ең құнды және ең пайдалы өлең ретінде бағалады. 1932 жылы М.Ауезов пен Ә.Ермеков бұрынғы «қателіктерін» мойындап хат жазғаны белгілі. Осыған орай «Тәубеге келген «алашордашылар» мақаласын жариялап, М.Ауезовті «бейшара», Ә.Ермековті «бакытсыз» эпитетімен айдарлайды[4, 294]. Шындығына келгенде, тоталитарлық және отарлық өктемдік салтанат құрған елдегі озық ойлы зиялының тағдыры басқаша болуы мүмкін емес еді. Демек, қанша жерден құлағымызға түрпідей тигенімен бұл анықтауыштар ірі тұлғаның жеке басына қарата айтылмаған, кеңестік барша зиялының шығармашылық еркіндігі мен құқықтары шектеулі екенін дөп басып тануға шылбыр ұстататын методологиялық пайымның ұлттық ерекшелікпен сыртқа шыққан түрі.

Саналы ғұмыры ХХ ғасырдың алғашқы 41 жылына дөп келген Шоқай алысты болжай алса да, М.Ауезовтың, Қ.Сәтбаевтың, С.Асфендиаровтың жойқын интеллектуалды талантын егжей-тегжейлі талдамағаны рас. Бұл үшін оны айыптауға негіз де жоқ. Әркім өз заманының перзенті. Мүмкін олардың тағдырын оққа байлап бермеудің амалы шығар бұл. Өйткені Париждегі әрбір қадамын НКВД тыңшылары кірпік қақпастан аңдып отырғанын, ұйымдастырушысы Сталин екенін жақсы білді.

М.Шоқай ұлт зиялыларын әлеуметтік-кәсіби белгілеріне қарай топтастыруға, айталық, инженер, агроном, дәрігер, мұғалім, ғалым т.б. қауымдарына жіктеп, әрқайсын бөле-жара қарауға аса үлкен мән бермейді. Әрине, әр топтың өзіндік орны мен салмағы бар екеніне күмән келтірген жоқ. Техникалық интеллигенция миссиясын жоғары бағалады. Ұлт зиялысының қайнар көзі – студент жастардың Түркістан мен Қазақстандағы, шет елдердегі санына, оқуына, тағдырына үлкен қызығушылық танытуы әсте кездейсоқтық емес. «Туркестан под властью Советов» кітабында мынадай ақпараттар келтіреді: 30-шы жылдар ортасында Қырғызстандағы үш педагогикалық техникумда 227 студент оқып жатса, оның 59 ғана қырғыз ұл-қыздары екен. Оқу 1 және 2 курстарда қырғызша, орысша, 3 курста тек орыс тілінде жүргізілгендіктен қырғыз балалары техникумдардан шығып қала беріпті. 1935 жылы Қаракөл педтехникумын бітіргені жөнінде диплом алған 11 маманның бәрі орыс ұлтының өкілі екен. «Общее положение, - дейді Шоқай, - во всех советских «национальных» техникумах, «вузах» и «втузах» отличается от каракольского весьма мало»[6, 330].

Айтылған ақиқат КСРО ыдырағанша сақталып келді. Егер 1946 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институты студенттерінің 26 пайызы қазақ болса, арада он жыл өткенде ол 38,6 пайызға ғана жетті. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында 9 пайыздан 48,4 пайызға өсті. 1956 жылы Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтында оқитындардың 40,7 пайызы қазақ еді. 1965-66 оқу жылында Қазақстан жоғары оқу орындары студенттерінің 22 пайызы, арнайы орта оқу орындары студенттерінің 38 пайызы қазақ жастары болатын.

Қазақ студенттерінің үлесі, әсіресе техникалық оқу орындары мен қазақ тұрғындары аз облыстарда мардымсыз деңгейде қала берді. Айталық, Шымкент құрылыс материалдарының технологиясы институтында 50-ші жылдардың аяғына дейін қазақ жастарының үлесі 30 пайыздан асқан емес. Бұл аздайын республикадағы барлық техникалық жоғары оқу орындары кеңес өкіметінің алғашқы 40 жылында небәрі 929 инженер-қазақ даярлап шыққан екен. 1947 жылы қазақтар Петропавл ауыл шаруашылық техникумында студенттердің 48 пайызын, Қазалы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында 55 пайызын құрапты. 50-жылдардың аяғында да осы ахуал сақталып қала берді. 1957 жылы, мәселен, Қазақстан ауыл шаруашылығы министрлігіне қарайтын арнайы орта оқу орындарында 18,2 мың адам оқыса, олардың 6431-і ғана қазақтар еді (35 пайыз), ал орыс студенттерінің саны 8,9 мың, яғни 49 пайыз болатын[7, 172-173].

Студенттер құрамындағы қазақ балаларының басқа ұлт өкілдерінен сандық жағынан артуына 70-ші жылдар мұғдарында қол жетті. Басты себеп біреу: республикадағы ірі-ірі ЖОО-лардың басшылығына Д.Қонаевтың қолдауымен Ө.Жолдасбеков, Е.Бөкетов, Н.Жандильдин, С.Еспембетов сынды көрнекті ұйымдастырушылар келді. Мұның сыртында шалғай аудандарға маман даярлау бағдарламасы жүзеге аса бастады.

1986 жылғы әйгілі желтоқсан көтерілісінен кейін Мәскеу билігінің қазақ ректорлары мен студенттеріне қырғидай тигені белгілі. 271 студент оқу орнынан қуылды. Жүздеген адам жұмысынан кетуге мәжбүр болды. Жоғары оқу орнының 12 ректоры қызметінен, 18 профессор мен ғылым докторы ұстаздық қызметтен шеттетілді[8, 162]. Ендеше тоталитарлық елдегі ұлт зиялысының болашағы бұлыңғырлықтан ажырамайтынын М.Шоқай дәл болжай алды.

Зиялыға қатысты өзекті мәселелерде – мәнін, миссиясын, өркениеттік әлеуетін дәйектегенде өмір кеңістігіндегі демократиялық, саяси-идеологиялық, демографиялық ахуал мен алғышарттарды қаперден

шығармады. Ал кеңестер билеген туған еліндегі зиялылар туралы ақиқатты іздегенде басты-басты үш методологиялық қағидатқа сүйенді. Олардың біреуі кеңестік ұлт зиялысын зерделеуде тағдыранықтағыш маңызға ие болса, екеуі ешқашан танымдық, прагматикалық құндылығын жоймайтын мәңгілік өлшем мен көрсеткішке жатады.

Әуелгі, яғни уақытқа байлаулы методологиялық қағидатқа келсек, ол – ұлт зиялысының лениндік-сталиндік большевизм колшоқпарына айналғанын-айналмағанын ажырата білу мәселесі. Шоқай социалистік қоғам орнату жайлы лениндік ілімді Түркістан тәрізді ұлт республикасында жүзеге асыру мүмкін еместігін сан мәрте айтқан. «... Не имевший понятия о Туркестане и туркестанском крестьянстве Ленин проводил свою марксистскую теорию в жизнь», деп жазды 1935 жылы [6, 359]. Лениннің іліміне арбалғандарды, тіпті Т.Рысқұловты да сын садағымен түйреп өтеді, жалған теорияның зардабын да әшкерелейді. «Этот союз, - дейді ол, - одержимого «революционными предрассудками» Ленина с живущим «революционными сказками и слухами» Рыскуловым стоил нашей стране миллионы жизни его беднейшего населения!» [6, 360].

Тіпті туған еліндегі коммунистік партия мен кеңес өкіметін заңсыз деп жариялады. Легитимды емес билік пен большевизмнің Қазақстандағы болсын, Түркістандағы болсын саяси басшыларын, құқық қорғау және күштік саладағы мақұлбайларын, құдайсыздары мен қолжаулықтарын М.Шоқай ешқашан зиялы санаған емес. Ұлы дала елінің жат қолына қарағанда да өсіп-өнуі, бәсекелік қабілетті, елішілік тұрақтылықты, бірлік пен бірегейлікті сақтай алуы мың өліп, мың тірілген қазақ халқының жанкештілігі арқасында мүмкін болды. Патшалық тұсындағы Қазақстанда байырғы халық өкілдері мемлекеттік билікке шектеулі мөлшерде ғана тартылса да, орыс әкімшілігіне жағымпаздықпен, кейде сатқындықпен қызмет еткен болыстар, тілмаштар, ұсақ чиновниктер көзге түскенін бекерлеу мүмкін емес. Дегенмен, бұлар Кеңестік Қазақстандағы партиялық, құқық қорғау, күштік номенклатураның қасында періште дерсіз. Елімізде күні бүгінге дейін жемқорлықтың, парақорлықтың, көзбояушылықтың ініне су құйылмай отырғаны да осынау қауымнан, адамзат өркениетіне жат кеңестік тоталитаризмнің озбырлығы мен жүгенсіздігінен қалған мұраның зардабы. Ал интеллигенцияның басқа топтары қай ғасырда болмасын өзіне тиесілі міндеттерін атқарып жатты. Мұғалімдер бала оқытты, дәрігерлер ауруды емдеді, агрономдар жерді баптады, инженерлер үй тұрғызды, жол салды, ғалымдар жаңалық ашты.

Мына мәселені де ескеруіміз керек. Қазақстанға эволюциялық жолмен емес, революциялық жолмен орныққан кеңестік жаңа құрылыс интеллигенцияның аттөбеліндей тобына ғана жойдасыз басымдық берді. Бұлар партия органдарында, жазалаушы мекемелерінде шоғырланды. Соның өзінде осы қауымның бәрін Шоқай зиялылар қатарынан жаппай шығарып тастаған жоқ. Сол жүйенің ішінде жүріп халқына қызмет істеген Смағұл Сәдуақасовтай, Сұлтанбек Қожанұлындай, Сейтқали Мендешұлындай бірегей жандарды құрметпен ауызға алады. Яғни, алға қойған мақсаты қара бастың ғана қамы емес, «халқы үшін қам жеп, ел үшін еңіреп туған» азаматтар бар екенін айта алды. Қалай десек те, біріншіден, бұлар азшылық еді, екіншіден, тоталитарлық теория мен практиканың жолын кесуге қауқарсыз еді, үшіншіден, ұлтжанды қасиеті барлар түптің түбінде қуғын-сүргіннен аман қалуы мүмкін емес еді. Бұған сталиндік жылдарды айтпай-ақ, одан берідегі Ж.Тәшенев тағдырын куәға тартсақ болады. Жүмекең «қызыл патша» Хрущевпен арыстандай айқасқанда партия қызметінде мыңдаған қазақ бар болатын. Біреуінің «қыңқ» деуге шамасы жетпеді. Ұстанымдарында, жүрек пен санада елге, жерге, халыққа қызмет еткізетін үміт, сенім, иман қалмаған еді.

Большевизмнің ұстаханасы партиялық аппарат пен тоталитаризмнің жазалаушы қылышы құқық қорғау және күштік салада шоғырланғандар - мемлекетті, халықты апатқа ұшыратқандар. Адамзатқа қарсы қылмысқа саяси-идеологиялық, құқықтық негіз қалағандар. Мұндайларды қалайша зиялыға жатқызуға болады. Бұлардың мойнында миллиондардың қаны бар. Ал адам қаны су емес. Осының құқықтық бағасы берілмегендіктен шаруалар көтерілістері, үздіксіз қуғын-сүргін, 1931-33 жылғы ашаршылық өзінің объективті бағасын ала алмай келеді. НКВД архиві толық ашылған жоқ. «Өкінішке қарай, - делінген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында, - тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес» [9]. Күйреген идеологиялардың бірі - большевизм.

Енді танымдық, прагматикалық, мерзімдік құндылығын жоймайтын екі методологиялық қағидатқа келейік. Бұлар М.Шоқайдың тұтас Түркістан, азат Түркістан идеяларынан туындаған. Олардың біреуі – зиялы қауымның, әсіресе саяси қайраткерлердің тұтастық, азаттық мүддесіне интеллектуалды еңбегі мен әлеуетін жегуі, екіншісі – интеллектуалды әлеуетпен және кәсіппен экономика мен руханиятты, әл-ауқат пен халықты көтеруге қызмет етуі мәселелері.



Ұлттық тарих мысалында айтар болсақ, Түркістан зиялыларының тұтастық пен азаттық ісіндегі биік миссиясы ұлт-азаттық көтерілістері тұсында және Алаш қозғалысы жылдарында ерекше көзге түсті. Екінші методологиялық пайым отарлық және тоталитарлық қыспақтағы интеллигенция мәселесін зерттеуге септесетінін жоққа шығармаймыз. Дегенмен оның ғылыми ақиқатқа жеткізетін әлеуеті тәуелсіздік тұсында ашылатынына көзіміз жетуде.

Жинақтай айтсақ, зиялы қауымның мәнін және миссиясын анықтайтын методологиялық өлшем мен қағидат медальдың екі жағындай ажырағысыз тұтастықтағы құбылыс. Осынау екі методологиялық қағидаттың тезіне сай зиялы – «неолиттік революциядан» бері нағыз зиялы. Марапатқа, мансапқа, мадаққа лайық жан. Өкініштісі – зиялыға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жылпосты, айталық, ғылымда сумақайлықпен (плагиат) дипломға, аттестатқа қол жеткізген әріптесімізді зиялы санап шатасатынымыз бар.

Ал Шоқай методологиясының құдіреті адамның білімін, білігін еңбегінің мазмұнын бізге беймәлім қырынан сипаттағаны немесе соларды танып-білуге шылбыр ұстатқаны емес, яғни интеллигенцияны объект мәртебесінде зерделегені емес, оның интеллектуалды жасампаздығын уақыт пен кеңістіктегі, этнос тағдырындағы шешуші фактор әрі субъект ретінде дәйектегені. Қазақстан жағдайында – ол отар ел перзенттерінің туған халқы мен азаттық үшін күресін, мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткен сәттен отаны мен азаматтарының баянды егемендігін үздік интеллектуалды ықпалымен, жаңашылдығымен қамтамасыз етуі. Отар халық үшін тұтастыққа, мемлекеттік тәуелсіздікке жету қанша қиын болса, оны сақтай алу, нығайту, ұрпақтан ұрпаққа аманаттау одан да қиын. Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз деген сұраққа М.Шоқай былайша жауап береді: «Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсат төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады»[4, 174-175]. Зиялысы әлсіз халық есеймейді, адал қызметімен халық қолдауына ие болмаған зиялы қауым пұшайман күйде қалады. М.Шоқайдың пікірінше, осынау екі қауымның бірлігін нығайтуда зиялылар белсенді позиция ұстауы керек: «Зиялылар өз халқына қызмет етудің, халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білулері тиіс»[4, 176].

М.Шоқай ұлтының асыл қасиеттерін санасы мен жүрегіне дарытқан, оны әлемдік өркениет табыстарымен байыта алған Тұлға. Бүгін әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бағыты ретінде анықталған бәсекелік қабілет, прагматизм, білімнің салтанаты, сананың ашықтығы осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын оны әлемдік білімпаздар, методологтар шоғырына қосты. Қазақ халқы большевиктік бұғаудан бостандыққа шығатынын болжай алуы – кемел көрегендіктің классикалық үлгісі. «Біз,-деп жазды «Үлкен террор» басталған 1937 жылы,- ұлттық мемлекетімізге қол жеткенін көріп қана қоймай, оны құру істеріне де қатынасқымыз келеді. Біз үміттеріміз бен армандарымыздың орындаларына ешқандай шүбә келтірмейміз»[6, 86].

Шоқай арманы жүзеге асқан қазіргі таңда шоқайтануды асқаралы биікке көтеру иісі түрік ғалымдарының қасиетті қарызы мен парызы болып табылады.

Ол үшін мына іс-шараларды атқару керек:

1.М.Шоқай мұрасын әлем кітапханалары мен архивтерінен іздестіруді тоқтатпау. Оның өз қолтаңбасымен украин досы А.Я.Шульгинге сыйлаған «Туркестан под властью Советов» кітабы АҚШ-тағы Колумбия университетінде сақтаулы екенін 2001 жылы жазған болатынбыз.

2.М.Шоқай еңбектерін тәуелсіз түрік халықтарының тіліне, қолдан келсе, БҰҰ алты тіліне аударуды жүзеге асыру міндеті күн тәртібінде тұр. Кезінде бұл шығармалар Түркістанды, халықтарын әлемге танытқан еді.

3.М.Шоқай Кеңестік қуғын-сүргіннен қашып шетелге кетуге мәжбүр болды. Тоталитарлық билік КСРО ыдырағанша оны күйелеуін, жала жабуын тоқтатпады. Енді осының бәрін әшкерелеген, айыптаған, Шоқайды ақтаған саяси шешім қабылдайтын уақыт келді. Бұл бастаманы Қазақстан қолға алуы керек.

4. Оның шығармаларында Қазақстанның ғана емес, мұхитан мұхитқа дейінгі елдердің саясаткерлері, әскери мамандары, ғалымдары мен жазушылары, дін иелері, ұлт-азаттық қозғалыс басшылары, тіпті студент жастары талдау мен таным объектісіне айналған. Егер шоқайтанушылар тобы немесе орталығы Тұлғаның Еуропа мен Америка, Азия мен Африка елдеріне қатысты қоғамдық-саяси, экономикалық, тарихи, т.б. интеллектуалды тұжырымдарының шетелдік тарихнамамен үндестігін, парқы мен нарқын аша алса, Қазақстан ғылымының айдарынан жел есер еді.

Шынтуайтына келгенде, ХХ ғасырда тәуелсіздікке дейінгі Қазақстаннан шыққан бірде-бір қандасымыз интеллектуалды ізденісі және саяси қайраткерлігі арқасында Еуропаның төрінде отырып, М.Шоқайдай жаһандық «толық адамға», танымал тұлғаға айналған емес.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс.2014.Т.XI. - 568 б.
- 2 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс.2014.Т.XII. - 476 б.
- 3 Политология: хрестоматия/Сост.проф.М.А.Василик, доц.М.С.Вершинин.-М.: Гардарики.1999. - 846 б.
- 4 Шоқай М.Таңдамалы.-Алматы: Қайнар.1998. Т.1 – 512 б.
- 5 Әбсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. Екі томдық. - Алматы: Қарасай. 2011. Т.1- 424 б.
- 6 Шоқай М.Таңдамалы.-Алматы: Қайнар.1999. Т.2 – 520 б.
- 7 Назарбаева Г.,Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр.Мақалалар.-Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС. – 2003.- 296 б.
- 8 Әбжанов Х. Қазақстан:ұлттық тарих, идея, методология.-Алматы: «Елтаным баспасы».-2014.- 328 б.
- 9 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.12 сәуір.2017.

**ӘӨЖ 189-64**  
**ГРНТИ 03.01.09**

*Джолдыбаева У.М.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,  
тарих ғылымдарының кандидаты*

### **ҚАЗАҚ САЗЫН АСҚАҚТАТҚАН КЕМЕҢГЕР**

*Аңдатпа*

Мақала көрнекті композитор, дирижер Қазақстанның халық әртісі, өнертану ғылымының докторы, профессор өнер қайраткері Ахмет Жұбановтың өмірі мен шығармашылығына арналған. Өзінің айшықты ғұмырында қазақ ұлтының саз өнерін кеңінен зерттеу, тарату мен насихаттауда өлшеусіз еңбек сіңірген А.Жұбанов қазақ халқының өнер тарихында сапалы кәсіби музыка зерттеушісі ретінде жүздеген туындылар жазып қалдырған.

А.Қ.Жұбанов еліміздің қазақ фольклорын ғылыми тұрғыда зерттеуде көп еңбек сіңіріп, қазақ ұлт аспаптары оркестрін құрған бірегей тұлға. Сонымен бірге Алматы қаласында дарынды балаларға арналған музыка мектебінің ашылуына зор еңбек сіңірген композитор, дирижер. Бүгінде А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыка мектебінде Қазақстанды дүние жүзіне танытатын болашақ өнер саңлақтары білім алып, тәрбиеленуде.

**Түйін сөздер:** тарихи, музыка, творчество, дирижер, композитор, Қазақстан, өнер, шығармалар, мектеп, өмір

*Джолдыбаева У.М.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> доцент кафедры истории Казахстана, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби,  
Кандидат исторических наук*

### **ЗАГАДОЧНЫЙ МАСТЕР КАЗАХСКОЙ МУЗЫКИ**

*Аннотация*

Данная статья посвящена истории жизни и творчества выдающегося композитора, дирижера, музыковеда, академика, Народного артиста КазССР Ахмета Жубанова. За свою яркую и недолгую жизнь он внес огромный вклад в дело исследования и пропаганды казахской национальной музыки, развития в Казахстане музыкального искусства. Он является автором множества музыкальных произведений в профессиональной казахской музыке. Исследователь казахского фольклора с научной точки зрения А.Жубанов впоследствии способствовал открытию казахской музыкальной школы для одаренных детей в г. Алматы, которое ныне носит его имя и прославляет Казахстан.

**Ключевые слова:** история, музыка, творчество, дирижер, композитор, Казахстан, искусство, произведения, школа, жизнь

*Dzholdybaeva U.M.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Associate Professor, Department of History of Kazakhstan, Kazakh National University. Al-Farabi, Candidate of Historical Sciences*

*Annotation*

This article is devoted to the history of life and creativity of the outstanding composer, conductor, researchers, artists Ahmet Zhubanov. On the basis of his interest in music, he made an enormous contribution to the study and promotion of the Kazakh national music development in Kazakhstan music.

For the bright and short life he brought in an enormous contribution to the matter of research and propaganda of Kazakh national music, development in Kazakhstan of musical art. He is the author of a great number of pieces of music in professional Kazakh music.

The researcher of Kazakh folklore from the scientific point of view of Ahmet Zhubanov afterwards assisted opening of Kazakh musical school for the gifted children in Алматы, that now carries his name and glorifies Kazakhstan.

**Keywords:** history, music, work, conductor, composer, Kazakhstan, art, works, school,

Ұлы даланың ірі тұлғасы, еліміздің саз өнерінің қайраткері, көрнекті ұстаз, халық ұлт аспаптары оркестрінің негізін қалаған бірегей сазгер, академик, Ахмет Жұбанов ақыл-ойы мен парасатын, бойындағы бар шығармашылығын қазақ кәсіби музыка өнерінің қарыштап дамуына теңдессіз үлес қосты. А.Жұбановтың сазгерлік қызметі 30-шы жылдардың екінші жартысынан халық аспаптар оркестріне арнап өңдеген күйлері мен орыс және батыс композиторларының туындылары арқылы көрінеді. Қазақтың тұңғыш рет түсірілген «Амангелді» атты көркем фильміне арнап, М.Гнесинмен бірге шығармашылық одақ құрып музыка жазды. Сонымен қатар композитордың лирикалық табиғаты; фантазия, сюита, марш, увертюра, ән-романстар, хорлар мен камералық, аспаптық туындыларында сан қырынан ашылды. Симфониялық оркестрге арналған туындылары қатарына 5 бөлімнен тұратын «Абай» сюитасы (1944), «Төлеген Тоқтаров» фантазия-увертюрасы (1947), М.Әуезовтің «Абай» спектакліне арнап жазылған музыкасы, сондай-ақ Л.Хамидимен бірге жазған «Абай» және «Төлеген Тоқтаров» опералары жатады. Композитордың халықтық сипатты иеленген «Отан», «Ақ Шолпан», «Біздің қала», «Күнім менің – Москва», «Лирикалық ән», «Қарлығаш», «Майданнан хат», «Ант» әндерін, «Қазақ биі» «Би күйі», «Ария» атты аспаптық шығармалары да кеңінен танылғанын атап өтуге болады. Ахмет Қуанұлының «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» (1938), «Исатай-Махамбет» (1938) пьесаларына, «Амангелді» фильміне (1938) арнап музыка жазғанын үлкен мақтанышпен айтуға тұрарлық еңбегі деп бағалауға болады. Сазгердің аспаптық-камералық, фортепианоның, ұлт аспаптары оркестрінің сүйемелдеуімен домбыра, жеке аспаптарға, скрипка мен фортепианоға арналған шығармалары елімізді бүкіл әлемге танытуда. А.Жұбановтың шығармашылығында туған жеріне деген сүйіспеншілігі айқын көрініс тапқан гимн тектес патриоттық әндер, лирикалық әндер, халқымыздың жанрлық әндері бар екені мәлім.

- 6 Chokaev M. Otryvki iz vospominanii o 1917 g. Sostavlenie, predislovie, primechanie S.Ishakova. –Moskva, 2001. –100 s. (in Russ.).*
- 7 Dvizhenie Alash. Sbornik dokumentov i materialov. Aprel' 1901 g.- dekabr' 1917 g. –Almaty: Alash, 2004. – 552s. (in Russ.).*

8 Agzamhodzhaev S. *Istoriya Turkestanskoj avtonomii: (Turkeston Muhtorijati)*. –Tashkent: Izd.-poigr. Ob'edinenie «Toshkent islom universiteti», 2006. – 268s. (in Russ.).

9 Chokay-ogly M. *Turkestan pod vlast'yu Sovetov (K harakteristike diktatury proletariata)*. – Parizh: “Jash Turkestan”, 1935, –148 s. (in Russ.).

10 Martin T. *Imperiya «polozhitel'noi deyatel'nosti». Nacii i nacionalizm v SSSR. 1923-1939 / T.Martin; [per. s angl. O.R.Shhelokovoi]*. – M.: Rossiiskaya politicheskaya enciklopediya (ROSPJeN): Fond «Prezidentskii centr B.N. Elcina», 2011. – 855 s. (in Russ.).

11 Shokaj M. *Izbrannye proizvedeniia: v treh tomah. 1-t.* – Almaty: Izd. «Kainar», 2007. – 352 str. (in Russ.).

УДК 930 (574)  
МРНТИ 03.20.00

Хасенова Ж.О.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ. Қазақстан  
E-mail:khasenovaz@mail.ru

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ САЯСИ КУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАУЫ МЕН АҚТАЛУЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада ХХ ғасырдың бірінші жартысында Қазақстандағы ұлт зиялылары көшбасшыларына қатысты кеңестік мемлекеттің мемлекеттік жазалау саясатына талдау жасалды. А. Байтұрсынұлының ғылыми, шығармашылық, қоғамдық, саяси қызметі көрсетілді. Архивтік құжаттар негізінде БК(б)П-ның ұлттық саясатының зорлық-зомбылық және бұрмалау механизмдері анықталды. БМСБ және ПХК Үштігі органдарының А. Байтұрсынұлының ісін тергеу барысындағы билік органдарының бұрмалануы көрсетілді. А. Байтұрсынұлының ісін қайта қарастыру туралы өтініштерді тарихи талдау, оны ақтау механизмін зерттеуге, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру ісіндегі биліктің жасаған кедергілерін анықтауға мүмкіндік берді.

**Түйінді сөздер:** ұлт зиялылары, кеңестік билік, куғын-сүргін, үкім, ақтау

Хасенова Ж.О.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Казахстан

### К ПРОБЛЕМЕ ИЗУЧЕНИЯ РЕПРЕССИЙ И РЕАБИЛИТАЦИИ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

*Аннотация*

В статье анализируется государственная репрессивная политика советского государства в отношении лидеров национальной интеллигенции Казахстана I половины ХХ века. Показана научная, творческая, общественная, политическая деятельность А. Байтұрсынова. На основе архивных документов выявлены механизмы насилия и искажения национальной политики ВКП(б). Обозначены фальсификации органов власти в ходе следствия дела А. Байтұрсынова органами ОГПУ, Тройки УНКВД. Исторический анализ ходатайств о пересмотре дела А. Байтұрсынова позволил изучить механизм реабилитации Байтұрсынова, выявить препятствия, чинимые властями в деле восстановления исторической справедливости.

**Ключевые слова:** национальная интеллигенция, советская власть, репрессии, приговор, реабилитация

*Zhazira Khassenova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>PhD doctoral student, L.N. Gumilev Eurasian National University,  
Astana, Kazakhstan*

## **TO THE PROBLEMS OF STUDYING REPRESSIONS AND REHABILITATION OF AHMET BAYTURSYNOV**

### *Annotation*

The article analyzes the repressive state policy of the Soviet state in relation to the leaders of the national intelligentsia of Kazakhstan in the first half of the XXth century. The scientific, creative, social, political activity of A. Baitursynov is shown.

On the basis of archival documents, mechanisms of violence and distortion of the national policy of the CPSU (b) were revealed. The falsifications of the authorities during the investigation of A. Baitursynov's case by the bodies of the USPA and the Troika of NKVD were identified. The historical analysis of the requests to review the case of A. Baitursynov made it possible to study the mechanism of Baitursynov's rehabilitation, to identify the obstacles imposed by the authorities in the restoration of historical justice.

**Key words:** national intelligentsia, Soviet power, repression, judgment, rehabilitation

XXI ғасырдың екінші оңжылдығы тарихшылардың ғылыми қауымдастығы үшін тарихи маңызы зор мерейтойларға толы болды. Қазақстанның тарих ғылымы үшін қазақ халқының тәуелсіздігі идеясын ту еткен Алаш-Орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толуы ең маңызды оқиға еді. XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының перзенті, қазақ зиялыларының көрнекті өкілі, араб алфавиті негізінде жасалған жетілген қазақ әліпбиінің авторы, фонетика, синтаксис, қазақ тілінің этимологиясы, сөздік теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарының авторы, ақын-ағартушы және аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсынұлы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Оның қарымды қаламынан туындаған «Әліппе», «Оқу құралы», «Тілтану», «Әдебиет танытқыш», «Қазақ әдебиетінің тарихы» және көптеген туындыларды айтуымызға болады.

Қазақ ұлттық зиялыларының саяси қуғын-сүргінге ұшырауы мен ақталуларына қатысты істерінің барлығы бірдей Қазақстанның тарих ғылымының зерттеу аясына енгендігін де ескеру қажет. «Ахмет Байтұрсынұлы ісі» бойынша № 909-59 қадағалу өндірісі (надзорное производство) бірегей дерек болып табылады [1]. Ресей Федерациясы Мемлекеттік Архиві құжаттары саяси қуғын-сүргіннің бюрократиялық тетіктері мен А. Байтұрсынұлының ақталуы процесінің барлық күрделі кырларын зерделеуге мүмкіндік береді.

Архив деректері әкесінің тұтқындалуынан кейін (Байтұрсын 1885 жылы үлкен ағасы Ақтаспен бірге уезд бастығы Яковлевтің басын жарғаны, яғни патша билігіне қарсылығы үшін Сібірге каторгалық жұмысқа айдалған еді), 1886 жылы Ахмет Торғайдағы екі сыныптық қазақ-орыс училищесіне оқуға түседі. 1891 жылы оны аяқтаған соң Орынбор қаласындағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебіне түсіп, аталған оқу орнын 1895 жылы тәмәмдайды. Одан кейін тілдерді, еуропа әдебиетін оқып, жүйелі түрде өзін-өзі дамытумен айналысады.

«XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралыда тұрғанда революциялық қозғалыстарға қатысты, алғашында заңсыз жұмыс жасап, 1905 жылы 17 қазандағы манифесттен кейін қазақ халқының көрнекті әрі белсенді жетекшілерінің бірі ретінде танылды. 1909 жылы 1 шілдедегі реакция тұсында тұтқынға алынып, Семей түрмесіне жабылды. Онда 1910 жылдың 21 ақпанына дейін сотсыз, тергеусіз қамауда болды» [1, 12-13 пп.]. Оған автономды өзін-өзі басқару идеясын таратып, қазақтар мен орыстар арасында ұлттық араздықты туындатты деген айып тағылды. Ахметтің өзі тұтқындалу себебіне қатысты сауалға былай деп жауап берген: «Өзімнің күшім жеткенше қазақ халқының мүддесін қорғап петиция жазуға көмектестім. 1909-1910 жылдары түрмеге қамалдым. Осы себептен қазақтар арасында өмір сүру құқығынан айырылдым» [2, 284 б.]. Ресейлік «Речь» газетінде Мемлекеттік Думаның мүшесі Н. Скалозубовтың «Қазақ ақыны Ахмет Байтұрсынұлы түрмеде» деген мақаласы жарияланады [3]. Мақалада автор А. Байтұрсынұлының түрмеден босатылуы туралы Ішкі Істер министрі П.Г. Курловқа өтініш білдіреді. Көп ұзамай: «Бір апта ішінде Семей қаласынан шығып кетуі тиіс, үш жыл ішінде қазақ даласынан тыс жерде өмір сүруі қажет» деген шешім шығарылады [2, 284 б.]. Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы қайтадан Орынборға келеді.

1910-1918 жж. Ахмет Байтұрсынұлы жалпыұлттық «Қазақ» газетінің шығарушысы, бас редакторы болып, қазақ халқының өзекті мәселелері туралы мақалалар қатарын жариялайды. Мақалаларының

арасында қазақ жерлерінің тартып алынуына қарсылық, көшпелі өмірден отырықшылыққа көшуге қарсылық, жерді игеру мен мал шаруашылығы әдістері туралы, халықты бірлікке әрі саяси күресті белсенді жүргізуге шақырған мәселелер тереңнен қозғалады. «Публицистикамен қатар А. Байтұрсынұлы өлеңдер жазып, «Маса» өлеңдер жинағын шығарып, И.А. Крыловтың қырық мысалын қазақ тіліне аударады» [1,13 п.].

1917 жылғы ақпан буржуазиялық революциясынан кейін Ахмет Байтұрсынұлы қоғамдық-саяси өмір ағынына белсене кіріседі. Өлкелік және облыстық сиездерге белсенді жетекші болады. «А.Байтұрсынұлы патша тақтан құлаған соң Бүкілресейлік құрылтай жиналысына Торғай облысынан «Алаш» ұлттық партиясы тізімі бойынша мүше болып сайланады [1, 13 п.].

1919 жылы наурызда Ахмет Байтұрсынұлы Кеңес үкіметімен жүргізілген келіссөздерге қатысады. Сол жылдың көктемінде «Алаш-Орда» Уақытша Халық Кеңесінің Шығыс бөлімі «Қазақстан территориясында Кеңес билігін орнатуға атсалысуға рұқсат етуі шартымен өздеріне кешірім беруін» сұрап Кеңес үкіметіне өтініш білдіреді. Бұл өтініш қанағаттандырылады. БОАК Президиумы келесідей мазмұндағы циркуляр жариялайды: «Бүкілресейлік Орталық комитетінің 1919 жылы 4-көкек күнгі қаулысына сәйкес Қазақ және Сібір революциялық комитеттері мен Челябинск губерния комитетінің жоғарыдағы қаулысын тұрғындарға жеткізсін, сонымен қатар БОАК-нің төралқасы: бұрынғы «Алашорда» үкіметінің мүшелері кеңес жұмысына тартылсын және оларды бұрынғы қайраткерлігі үшін қудалауға болмайтынын түсіндірілсін» [4, 11-11об. - пп.].

Кеңес өкіметінің жоғарғы органы актісіне сәйкес және РК(б)П ОК нұсқауы бойынша Ахмет Байтұрсынұлы коммунистік партия қатарына қабылданады. Оның коммунистік партия қатарына кіруі сол уақытта коммунистердің ірі идеологиялық жеңісі ретінде қабылданды. «Бір кездері қырғыз (қазақ – Ж.Хасенова) ұлтшылдары үшін қорқынышты болған большевиктер партиясына Байтұрсынұлының ашық кіруі, олардың қаналған қырғыз халқының құтқарушысы ұлтшылдық пен өздерінің үй іші істері туралы уағыздарында емес, коммунистік партия туы астындағы пролетариатпен толық қосылуда екендігіне көздері жеткендігін көрсетті. Бұл барлық қырғыз қозғалыстарының ірі жеңілісінің үздік көрсеткіші» [1, 17-18 пп.].

«1920 жылы 15 сәуірде Қазақ өлкелік Әскери-революциялық комитеті органы «Қырғыз өлкесінің Хабаршысы» Ахмет Байтұрсынұлының ашық хатын жариялады... Соңғы он жылдықта қырғыз халқының қоғамдық ойының дамуындағы барлық саяси қозғалыстары Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Ол саяси дамудың барлық кезеңдерінен өтті: бейбіт ұлттық либерализмнен қазан революциясы мен кеңес өкіметін мойындауға дейін. Ұзақ толғаныс пен күрестен кейін ол қырғыз ұлтшылдығынан халықаралық коммунизмге келді» [2, 33 б.]. А. Байтұрсынұлы большевиктер партиясын қатарына өткеннен кейін бәрінен бұрын РК(б)П ұлттық саясатты жүзеге асырады деп үміттенді: «Жолдас Лениннің ұлттардың өзін-өзі анықтауына қатысты көзқарасы... өмірде дұрыс қолданып әрі дұрыс енгізілсе қаналған ұлт ретінде қырғыз халқының мүддесін қорғауға болады. ... мен Ресей Коммунистік большевиктер партиясына кіруді шештім. Партияға бағдарламасын жүзеге асыруға, Шығыс мәселелері бойынша көмек беру үшін мені Р.К.П. мүшелері қатарына қабылдауды Комитеттен өтініп отырмын» [5, 7 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ Автономды Кеңестік Социалистік Республикасының білім беру даярлығы бойынша жұмыстарға белсене араласты. Бірнеше рет В.И. Лениннің қабылдауында болды. 1919 жылы 24 шілде күні Ленин халық комиссарлары кеңесінің: С.С.Пестковскийді – төраға, ал Сейітқали Меңдешевті, Бақытжан Қаратаевті, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамедияр Тұнғашинді, В.Л. Лукашевті және Ә.Т. Жангелдіні қазақ өлкесін басқаратын әскери революциялық комитетінің мүшесі етіп тағайындау туралы қаулысына қол қойылды. «Осы тағайындаулар қазақ зиялыларының кеңес үкіметімен санасуға мәжбүр болған шынайы саяси күш екендігін көрсетті» [2, 32 б.]. Сол жылдың желтоқсан айында Ленин Кремльде Қырғыз Өлкесін басқару бойынша Әскери-революциялық комитеттің төрағасы С.С. Пестковскийді, ӨРК мүшесі Ахмет Байтұрсынұлы олардың өтініштері бойынша қабылдайды. Пестковскийдің өлкенің шаруашылық және саяси жағдайы туралы, ағартушылық жұмыстардың қиыншылықтары туралы баяндамасын тыңдайды. А. Байтұрсынұлы кедейлердің пайдасына ауқатты көшпелілердің малын үлестіріп беру саясатын жүзеге асыруға асықпауды ұсынды.

Қазревкомның болашақ мүшесі А.Байтұрсынұлы Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны анықтау мен бекітуге белсене қатысты. Аханның және өзге де зиялылардың дәлелді нұсқауларының арқасында Қостанай облысы Қазақстанға қайтарылды [6, 26 п.].

«1920 және 1921 жылдағы Кеңес Республикасының бірінші және екінші құрылтайында А. Байтұрсынұлы екі рет үкімет мүшесі – Қазақ АССР-нің Оқу-ағарту халық комиссары болып сайланды [1,



15 п.]. «1925 жылдан Қазақ ағарту институтының оқытушы профессоры, Оқу-ағарту комиссариатының жанындағы Ғылым мен әдебиет жөніндегі комиссияның (Академиялық орталықтың) төрағасы және қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болды» [7, 20 п.]. А. Байтұрсынұлы мемлекеттік қызметпен қатар ғылыми және педагогикалық қызметтермен де айналысты, жаңа қазақ алфавиті мен грамматикасын жасады. 1895-1909 жылдары аралығында Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық және болыстық екі сыныптық училищелерде мұғалімдік қызмет атқарады. Кейін «Орынбор қаласындағы Халыққа білім беру қазақ институтында, кейін КазМУ-де» қазақ тілі мен әдебиетінен, мәдениет тарихынан сабақ береді [1, 1 п.].

1920 жылы А. Байтұрсынұлы В. Ленинге бірнеше хат жазады. Онда Кеңестердің Қазақстандағы қызметін сынға алады. 1921 жылы партияны тазалау науқанында оны партия қатарынан шығарады. Партия қатарынан шығарудың негіздемесі келесідей: «біріншіден, партия жиналыстарына қатыспайды, екіншіден, өз уақытылы партия жарнасын төлемейді, үшіншіден «Алаш-Орда» ұйымына қатысады» [2, 291 б.]. А. Байтұрсынұлы 1921 жылы 15 қарашада РК(б)П қатарынан шығаруға қарсы қарсылық білдіріп, қабылданған шешімнің әділетсіздігін айтып арыз жазады. Қазақ халқын қорғап, халық арасында ағартушылық жұмыстарымен айналысу мақсатында өзін большевиктер партиясы мүшелігіне қабылдау қажеттігін айтады. «Егерде мені коммунистік идеяға қарсы қылықтарым және іс-әрекеттерім үшін партиядан шығарса, мен бір ауыз сөз айтпас едім. Ондай қылықтар менің тарапымнан болмады. Сондықтан да, комиссияның мені партия қатарынан шығару туралы қаулысы жетілікті дәрежеде негізсіз және оны болдырмауды өтінемін» [2, 293 б.]. Аханның тұлғасы кеңестер билігі өкілдері үшін қауіпті болғандығы да түсінікті. Себебі, «А. Байтұрсынұлы халық рухының ірі тамырларының бірі болғандықтан» [2, 293 б.], - билік мүддесін сескендірді.

Сонымен, кеңестер билігінің алғашқы он жылдығында зиялылар саяси себептен қудалауға ұшырады. «1936 жылы желтоқсанда одақтас республикаға айналған Қазақстан даласында саяси қуғын-сүргін зобалаңы болып жатты» [8, 412 б.]. Жүз мыңдаған істердің дәлелсіз болғандығы тарихтан белгілі. Олардың көпшілігі тарихи талдауды күтуде.

1929 жылы 2 маусымда Ахмет Байтұрсынұлы Қызылорда қаласына филологтар мен әдебиетшілердің жиналысына шақыртылып, сол жерде тұтқынға алынып, Алматы түрмесіне жіберіледі. «Қызылордадағы ОГПУ абақтысында шамамен 1929 ж. 2 маусымнан осы жылдың 8 шілдесіне дейінгі уақытқа, яғни бір ай 6-7 күн болған» [9, 369 б.]. «Әкеміздің істі болғаны туралы біз ешнәрсе білмедік. Архангельскіден әкемізден хат алғанда, біз оның ОГПУ арқылы сол жаққа жөнелтілгенін білдік. 1929 жылы қазан айында Бадрисафа анамызды (Александра - автор) және мені арнайы қоныс аударушылар ретінде Томск қаласына жөнелтті. Біз ол жақта 1932 жылдың қазанына дейін өмір сүрдік. Томскіден менің анамды Батыс – Сібір өлкесінің Нарын ауданына жер аударды» [1, 15 п.].

«А.Байтұрсынұлы 1921 жылы Орынбор қаласында контрреволюциялық ұйым құрып, Заки Валидов басқарған Орта Азиялық пантүркілік ұйыммен байланыс жасағандықтан, ал 1927 жылы далада қарулы көтеріліс жасау мәселесін талқылауға қатысқандықтан, осындай қылмыстары үшін РСФСР ҚК 58-2, 58-4 және 58-11 баптары бойынша кінәлі деп табылды» [1, 32 п.]. Сол жылы «12 маусымда қызметінен босатылып, 20 маусымда оның үйіне тінту жүргізіліп, кітаптары, жазба дәптерлері, маңызды жазбасы бар қойын дәптерлері, қолжазбалары мен хаттары тартып алынады» [2, 283 б.].

1930 жылы 14 сәуірдегі ОГПУ Коллегиясы Қаулысымен Ахмет Байтұрсынұлы ату жазасына кесіледі. «Қаулының төменгі жағына «қаулы маған жарияланды, мен өзімді кінәлі санамаймын» деген А. Байтұрсынұлының қолы тұр» [9, 370 б.]. «1931 жылы 8 қаңтарда БМСБ қаулысымен үкім 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылады. 1932 жылы 4 қарашада БМСБ Коллегиясы қаулысымен жазалаудан мерзімінен бұрын босатылып, Солтүстік өлкеге (Архангельск) 3 жыл мерзімге жер аударылады» [1, 7 п.]. «Ұлттық-буржауазиялық контрреволюциялық бүлікті басқарған «Ахмет Байтұрсынов ісі» саяси мүддемен Отанын сатқан деген мазмұндағы 58 бап бойынша Қазақстанда ең бірінші болды. Сол жылдары А. Байтұрсынұлы адам төзбес азапты басынан кешірді.

1934 жылы А. Байтұрсынұлы Е.П. Пешковаға (А.М. Горькийдің әйелі) жазған өтінішінен кейін халықаралық Қызыл Крест қоғамының араласуымен айдаудан босатылады. Ол адамның көмегінің арқасында Батыс Сібірдің Кривошеин ауданындағы, Жуково ауылындағы әйелі Бадрисафаның қолында тұруға рұқсат етіледі, сол арадан екеуі Алматыға қайтып оралды» [1, 6 п.].

Ахметтің бостандығы мен өмірі, шығармашылық қызметі ұзаққа созылмады. «Большевиктер билігінен басталып, Сталиннің өлімінен кейін де жоғалмаған кеңестік тәртіптің басты белгісі мемлекеттік күштеу болды. Күштеу, зомбылық кез-келген саяси – әлеуметтік міндеттерді шешудің әмбебап құралы ретінде

колданылды» [10, 1 б.]. Кеңестер елінде жазалау шаралары жаппай саяси қуғын-сүргін орнады. Күдіктену мен сенбестік, ғайбат сөйлеу орын алды.

1937 жылы 8 қазанда Ахмет Байтұрсынұлы қайтадан тұтқындалады. Оның жолдасы Бадрисафаның «Қайда алып бара жатырсыздар?», - деген сауалына «Ана дүниеге» деген жауап беріледі [2, 311 б.].

1937 жылы 25 қарашада А. Байтұрсынұлы Алматы облысы УНКВД Үштігімен ату жазасына кесіледі. Оған «Қазақстанда Кеңестер билігін құлатуды мақсат еткен контрреволюциялық ұлтшыл Алаш партиясы мен Алаш-Орда үкіметінің негізін салушылар мен жетекшілерінің бірі болған деген айып тағылды. Осы мақсатпен А. Байтұрсынұлы және өзгелер басқарған алашордалықтар қарулы отрядтар құрып, Қазақстан жерінде жазалау операцияларын жүргізді. Контрреволюциялық Колчак үкіметімен одақтас болды» [1, 6 п.]. 1938 жылы 8 желтоқсанда үкім орындалып, А. Байтұрсынұлы атылады.

«Сталиннің өлімінен кейін, 1960 жылдың ортасына дейін жаңа саяси қуғын-сүргін 1930-1940 жж. террор құрбандарын ақтау үрдісімен қатар жүрді» [10, 1 б.]. Ахметтің қарындасы – Бектемісова Сәуле Халиевна, ағасының адал есімін қайтару үмітімен 1959 жылы 15 ақпанда екінші мәрте КСРО Бас Прокуроры атына арыз жазады. «Менің Сізге жолданған бірінші арызым Қазақ КСР Прокуратурасына түсті. Алайда, арыз қаралмады» [1, 2 п.]. «1938 жылы ағам 60 жастан асты. КазМУ-де оқытушы болды. ПХК органдарымен тұтқындалды. Айыптаудың қыр-сырын білмедім. Алайда, ПХК қызметкерлері маған менің ағамның «халық жауы» ретінде істі болғандығын айтты. Мен ағамды қазақ халқының жауы болды дегенге сенбеймін. Ол мүмкін емес. Революцияға дейін ағам қазақ халқының азаттығы үшін аянбай күресті. ...Менің ағам қазір ақталып жатырған адал адамдар сияқты қателікпен репрессияға ұшыраған деп пайымдаймын. Сізден жергілікті прокурорға тапсырмай-ақ тікелей менің ағам Ахмет Байтұрсынұлы айыпталуы бойынша ісін әділетті және гуманды шешуіңізді, нәтижесін маған хабарлауыңызды өтінемін» [1, 2-3 пп.].

Осы арыз 1959 жылы 12 наурызда КСРО Бас Прокуратурасы канцеляриясына келіп түседі. 1959 жылы 23 наурызда Қазақ КСР Прокуроры орынбасары атына Юстицияның 3 кластық Мемлекеттік кеңесшісі А.П. Чурбанов жолдас сұрау жібереді:

«КСРО Прокуратурасына Бектемісова Сәуле Халиевнаның 1938 жылы сотталған ағасы Ахмет Байтұрсынұлы ісіне қатысты арызының келіп түсуіне байланысты, Сізден аталған іс бойынша қорытындыны жіберуді өтінеміз.

А. Байтұрсынов ісіне қатысты бірінші арыз 1958 жылы 15 сәуірде жіберілген.

Мемлекеттік қауіпсіздік органдарындағы тергеуді бақылау бойынша прокурор (Афанасьев) 15.05.1959 ж.» [1, 4 п.].

Жауап қысқа қайтарылды. 10.02.1959 жылы Г.В. Самолуков атына Мошлинның қолмен жазылған жауабының мәтінін түпнұсқа түрінде берсек:

"Г.В.! Стоит ли требовать дело сюда? Может быть, следует отказать без истребования дела?" 16.02.1959 ж. Самолуковтың қолы, қызылмен жазылған: «ОТКАЗАТЬ» [1, 5 п.]. А. Байтұрсынұлы есімі кеңестік жүйеге қорқынышты болғандығы соншалықты, шындықты ашып көрсетуге қауқарсыздық танытты. Шындықтың салдарынан, халықтың көңіл-күйінен қорықты. Бұл кеңес халқының «жылымық» жылдарынан жағымды әсер алып жатқан уақытында болды. Саяси қуғын-сүргін халықтың санасында қорқыныш ұялатып кеткендіктен, оның салдары сандаған жылдарға жалғасты.

Дегенмен де, ақтау тетіктері жұмыс жасай бастады. 1959 жылы 8 сәуірде Қазақ КСР прокуроры орынбасары, Юстицияның 3 кластық Мемлекеттік кеңесшісі А.П. Чурбанов қолы қойылған «құпия» грифімен КСРО Прокуратурасы Мемлекеттік қауіпсіздік органдарындағы тергеуді бақылау бойынша бөлім прокуроры Афанасьев атына 23.03.1959 жылғы; № 13/6-909-59 Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тексеру қорытындысы туралы хат түседі.

«Жүргізілген тексеру көрсеткендей, А. Байтұрсынұлы 1930 жылы ОГПУ органдарымен қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 1920 - 1929 жж. Қазақстанда жүргізген контрреволюциялық қызметі үшін, демек алашордашыларға кешірім бергеннен кейін сотталған. А. Байтұрсынұлы 1935-1937 жж. кеңестерге қарсы қызметіне қатысты тағылған айып бойынша объективті дәлелдер жоқ» [1, 6 п.].

1935-1937 жж. А. Байтұрсынұлы кеңестерге қарсы қызметі дәлелденбесе де ақталмайды. БМСБ Үштігінің шешімін қайта қарауды ақылға сыйымсыз деген пікір айтылады [1, 7 п.].

Мемлекеттік қауіпсіздік органдарындағы тергеуді бақылау бойынша бөлім прокуроры атынан, юстицияның аға кеңесшісі Васильев Бектемісова Сакен Халиевнаға 1959 жылы 21 сәуірде хат жолдайды: «Ағаңыз Ахмет Байтұрсынұлы ісі бойынша Сіздің арызыңыз тексерілді. Ахмет Байтұрсынұлы 1937 жылы тұтқындалып, дұрыс жазаланған. Істі тоқтатуға негіз жоқ» [1, 8 п.].

Сөйтіп, А. Байтұрсынұлын ақтаудан бас тартады. Алайда, әділеттіліктің орнауына деген үміт үзілмейді. Қазақстандағы кеңестік тәртіптің саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесінің келесі кезеңінде Ахметтің қызы әкесін ақтау туралы арыз жазады. Қайта құру жылдарында әділетсіз сотталғандардың құқығын қалпына келтіру мен әділеттіліктің орнығуы туралы талаптар күшейді. 1988 жылы мамыр айында КОКП ОК Саяси бюросы атына, заңсыз саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар ісін қарастыру бойынша Комиссияға Алматыда тұратын Шолпан Ахметовна Байсаловадан арыз келіп түседі. «1938 жылы 7-қазан күні менің әкем А. Байтұрсынұлы Қазақ КСР-нің ПХК мекемесі тарапынан Алматы қаласында екінші рет тұтқынға алынды. 1930 жылдары жаппай саяси қуғын-сүргін жылдарында жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әкем *Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынұлының* ісін қарауды өтінемін» [1, 12 п.]. Шолпан Ахметқызы: «Менің өзім жер аударылудан 1933 жылы Алматыға қайтып оралдым, Байсаловқа тұрмысқа шықтым, алайда 1950 жылы әкем үшін түрмеге қамалып, Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 58 бабы бойынша 10 жылға сотталдым. Кесімді мерзімді Шамалғанда өтедім және 1953 жылы бостандыққа шықтым, содан кейін толық ақталдым» [1, 16 п.], - деп жазады. Сталиннің «баласы әкесі үшін жауап бермейді» деген қағидаты орындалмады. Тоталитарлық тәртіп «халық жауының» туғандары мен жақындарын мұқият бақылады.

Одан әрі қорытындай келіп: «КОКП-ның Саяси Бюросының комиссиясынан екі рет қатарынан заңсыз қысымға ұшыраған менің әкем Ахмет Байтұрсынұлының Кеңес Одағының Азаматы деген адал атын қалпына келтіруді өтінемін. Республиканың қазақ тұрғындарының барлығы да Ахмет Байтұрсынұлов жасап кеткен қазақ тілінің грамматикасын осы уақытқа дейін қолданып келеді, ал оның авторының есімі әлі де жабық күйінде қалып отыр. Сондықтан да, Ахмет Байтұрсынұлының әдеби және ғылыми еңбектеріне қойған шектеуді алып тастауларыңызды және оның авторлық құқық қалпына келтірулеріңізді өтінемін» [1, 16 п.].

1988 жылы 30 тамызда Мемлекеттік қауіпсіздік органдарындағы тергеуді бақылау бойынша бөлім бастығы, юстиция кеңесшісі Л.Ф. Космарская Қазақ КСР прокурорына, II кластық юстиция мемлекеттік кеңесшісі Г.Б. Елемесовқа КОКП ОК Саяси бюросы Комиссиясына келіп түскен Ш.А. Байсалованың арызының көшірмесін жібереді.

«КСРО Бас Прокурорына баяндау үшін және КОКП ОК Саяси бюросы Комиссиясына ақпарат дайындау үшін тексеру нәтижесі мен қабылданған шаралар туралы КСРО Прокуратурасына 1988 жылдың 10 қазанынан кешіктірмей хабарлауды тапсырады» [1, 20 п.].

Қазақ КСР прокуроры істі қарап Ш.А. Байсалованың арызына жауап береді. II кластық юстиция мемлекеттік кеңесшісі Г.Б. Елемесов Ахмет Байтұрсынұлына қатысты Үштік қаулысының күшін жою туралы мәселеге және қылмыс құрамы жоқтығына байланысты істі тоқтату мәселесін қарайды.

1988 жылы 04 қарашада Қазақ КСР прокуроры Елемесов қатысқан Алматыда өткен Қазақ КСР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша Сот коллегиясы отырысында (төрағасы Т.К. Айтмухамбетов, коллегия мүшелері Е.Л. Грабарник, К.Т. Кенжебаев) № II/2 нкр-18/8 келесідей шешім шығарылады:

«Республика Прокуроры А. Байтұрсынұлына қатысты Үштік қаулысының күшін жою туралы және қылмыс құрамы жоқтығына байланысты істі тоқтатуға қарсылық танытып отыр. А. Байтұрсынұлы өзін кінәлімін деп мойындамаған және қандай да бір контрреволюциялық партиямен байланыс жасамағандығын көрсеткен. Қазақ ағарту институты төрағасы ретінде Кеңес билігінің жүргізген жекелеген шаралары туралы өзінің келіспеушілігін айтқан. Көзқарастың алшақтығы көбінесе қазақ әріптерін латынға көшіруге қатысты болған» [1, 20 п.].

А. Байтұрсынұлы өзі құрастырған алфавитті қолдануды ұсынады. «Түркітанушы Кононовтың көзқарасынша аталған алфавит сол заманда қазақ тілінің ең жетілген, ең сапалы оқулығы болған» [2, 294 б.]. Одан әрі оған Г. Кабдалиевамен байланыс жасаған деп айып тағылған («Жапония Кеңес өкіметімен соғысқысы келеді»). «Ол бұл әйелге ешқандай саяси істермен байланысы жоқтығын, ал егерде Жапония Кеңестер Одағына шабуыл жасағысы келсе, оны қазақтардан сұрамайтындығын айтқан» [2, 16 б.].

Г. Кабдалиеваның тағдыры қасіретті болғандығы, оның тірі қалып 1960 жылдары ақталғандығы туралы тәуелсіздік жылдарында қана белгілі болды [2, 315 б.].

«Сонымен қатар, іс бойынша қылмыстық-процессуальды кодекс дөрекі бұрмаланған. Ешқандай қылмыстық іссіз, айыптау мақсатында қана тергеу жүргізілген. А. Байтұрсынұлына кінәсі мойнына қойылмай қамауға алынған. Тергеу аяқталған соң қылмыстық іс материалдарымен таныстырылмаған. Қорғау құқығынан айырылған. Содан кейін «сырттай үкім» шығарылған.

Осылайша, ол қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тартылып, жазаланған. Осы айтылғандар негізінде Қазақ КСР ҚПК 375 бабына сүйене отырып, сот коллегиясы анықтады: Алматы облысы бойынша УНКВД Үштігінің 1937 жылғы 25 қарашадағы қаулысы жойылып, Ахмет Байтұрсынұлына қатысты іс

қылмыс құрамы жоқтығына қатысты тоқтатылсын. Қазақ КСР прокуроры шешімі қанағаттандырылсын» [1, 30-31 пп.].

КСРО Прокуратурасына Космарская атына қазақ КСР прокурорының аға көмекшісі, юстиция кеңесшісі Т.К. Кульбаевтан қорытынды келіп түседі:

«Ш.А. Байсалованың арызы қаралды және келесіні хабарлаймын:

Оның әкесі Ахмет Байтұрсынұлы, 1870 жылы туылған, 1930-1937 жылдары контрреволюциялық қылмысы үшін айыпталып екі рет қылмыстық жауапкершілікке тартылып, соттан тыс органдармен саяси қуғын-сүргінге ұшыраған.

Қазақ КСР Прокуроры қабылдаған шешімнің заңсыздығына қатысты республиканың Жоғарғы Соты А. Байтұрсынұлы ісін қылмыс құрамы жоқтығына қатысты тоқтату туралы қарастырды. 1988 жылы 4 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы Соты істі қарап, толық қанағаттандырды. Шолпан Ахметовна Байсаловаға 1988 жылы 10 қарашада әкесінің ақталғаны туралы анықтама берілді» [1, 21 п.].

1988 жылы желтоқсанда Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды ақын-жазушылардың шығармашылық мұрасын зерттеу бойынша комиссия қорытындысы бойынша Қазақстан КП ОК Бюросы Қазақ КСР Баспа ісі бойынша мемлекеттік комитетке Қазақ КСР Ғылым Академиясының тілтану, әдебиет және өнер институтымен бірлесе отырып классиктердің таңдамалы шығармалары мен ғылыми еңбектерін даярлауды, баспадан шығаруды тапсырады.

Осылайша, ұлттық көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының ақтау процесі өз мақсатында жетті. Қазақ зиялыларының көрнекті өкілі, қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғаның есімін халқына қайтару үшін жарты ғасыр қажет болды. Бүгінгі таңда Ахмет Байтұрсынұлы есімі Қазақстан мектептері мен көшелеріне берілген. Алматы қаласындағы Тіл білімі Институты, Қостанай Мемлекеттік университеті ғалымның есімімен аталынады.

Ахмет Байтұрсынұлы ақталғаннан кейін оның балалары мен немерелері ғалымның атындағы Қоғамдық қор құрып, ғалымның отбасы тұрған үйін музейге айналдырды. 2000 жылы Қостанайда Ахмет Байтұрсынұлына ескерткіш орнатылды. А. Байтұрсынұлының рухани мәдениетті дамытуға қатысты, тіл білімі мен қазақ халқының мемлекеттілігі туралы айтқан идеялары қазіргі таңда да өзектілігін жойған емес.

Мәңгі есімізде!

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1 Ресей Федерациясының Мемлекеттік Архиві - 8131-қ. – 31-т. – 86105-і іс Надзорное производство № 909-59 Байтұрсунов Ахмет

2 Журтбай Т. Боль моя, гордость моя - Алаш!: Трилогия / Тұрсын Журтбай; пер. Орынбая Жанайдарова. – Астана: Аударма, 2016. – 1104 с.

3 Скалозубов Н. Казахский поэт Ахмет Байтұрсынов в тюрьме // Речь. - 1910. - 21 февраля.

4 ҚР ОМА. - 14-қ. – 3-т. – 4-і іс Выписка из протокола заседания Президиума ВЦИК о допущении бывших членов правительства Алаш-Орды к советской работе и об отмене преследования за прошлую деятельность 3 июня 1920 г. Военно-революционный Комитет по управлению Кирккраем

5 Байтұрсынов А. В Оренбургский Комитет Р.К.П.(б) // Известия Киргизского Края, № 3.

6 ҚР ОМА. -14-қ. – 3-т. – 17-і іс. Об оставлении Кустанайского уезда к Тургайской области (доклад тов. Байтұрсынова) Протокол № 20 заседания Кирревкома от 07.04.1920 г.

7 ҚР ОМА. - 81-қ. - 1-т. - 1652-і іс Личное дело и послужной список Ахмета Байтұрсынова во время работы в Наркомпросе 1926-1927 гг. Кзыл-Орда Наркомпрос КССР

8 Мунчаев Ш.М., Устинов В.М. История Советского государства. – 2-е изд., доп. и перераб. – М.: Норма, 2008. - 720 с.

9 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. - Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.

10 Жемкова Е., Рогинский А.Б. Между сочувствием и равнодушием - реабилитация жертв советских репрессий // Статья на основе доклада, сделанного на международной конференции «После диктатур: работа с жертвами в Европе» (Институт имени Ханны Арендт по изучению тоталитарных режимов, Дрезден, 27–29 июня 2013 года), опубликована на немецком языке в сборнике *Nach den Diktaturen. Der Umgang mit Opfern in Europa. Dresden, 2016*

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ  
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

УДК 930:94(81/82)  
ГРНТИ 03.09.03

*Айбусынов А.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>магистрант 1 курса КазНПУ им. Абая*

**НАУЧНЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ ИНДЕЙЦЕВ В СЕВЕРНУЮ АМЕРИКУ**

*Аннотация*

В данной статье рассматриваются важнейшие научные подходы в изучении переселения индейцев в Северную Америку. Среди подходов выделяются три группы: антропологический, археологический, генетический. Данные этих исследований позволяют проследить переселения индейцев с территории Евразии на американский континент.

Индейцы являются коренными жителями Северной Америки, поселившиеся тут задолго до появления белого человека. Ученые не обнаружили останки человекообразных обезьян или доисторических людей ни в одной из стран Северной Америки. Этот факт доказывает, что первые люди современного типа в Америке пришли из других территорий. Научные исследования антропологов, археологов, генетиков доказывают, что коренные народы Северной Америки относятся к монголоидной расе и генетически наиболее близки жителям Алтая, Сибири и Монголии.

**Ключевые слова:** переселение, антропология, археология, генетика, коренной народ, раса, заселение, артефакт, народ

*Айбусынов А.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты*

**ҮНДЕСТЕРДІҢ СОЛТҮСТІК АМЕРИКАҒА ҚОНЫС АУДАРУ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ  
КӨЗҚАРАСТАР**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада үндестердің Солтүстік Америкаға қоныс аудару туралы зерттей отырып, маңызды ғылыми тәсілдер қарастырылады. Олардың арасында үш топ бар: антропологиялық, археологиялық, генетикалық. Осы зерттеулер арқасында үндестердің Еуразия аумағынан Америка құрлығына көшу туралы бақылау жүргізуге болады.

Үндестер Солтүстік Американың байырғы тұрғындары және олар ақ адамнан бұрын қоныстанған. Ғалымдар Солтүстік Американың кез-келген елдерінде адами маймылдардың немесе тарихтан бұрынғы адамдардың қалдықтарын таппады. Жоғарыда айтылған факт алғашқы адамдардың Америкаға басқа аумақтардан келгенін дәлелдейді. Антропологтардың, археологтардың, генетиктардың ғылыми жұмыстарына сүйене отырып, Солтүстік Американың байырғы халықтары монголоид нәсіліне жатады және генетикалық тұрғыда Алтай, Сібір және Моңғол тұрғындарына ең жақын болып келеді.

**Түйін сөздер:** қоныс аудару, антропология, археология, генетика, байырғы халық, нәсіл, қоныс, артефакт, халық

Аубусынов А.<sup>1</sup> -

<sup>1</sup> master course 1 course KazNPU named after Abai

## SCIENTIFIC APPROACHES IN STUDYING OF RESETTLEMENT OF INDIANS TO NORTH AMERICA

### Annotation

In this article the major scientific approaches in studying of resettlement of Indians to North America are considered. Three groups of approaches are distinguished: anthropological, archaeological, genetic. Data of these researches allow to track resettlements of Indians from the territory of Eurasia on the American continent.

Indians are aboriginals of North America, lodged here long before appearance of the white person. Scientists did not find remains of anthropoids or prehistoric people in one of the countries of North America. This fact proves that the first people of modern type in America came from other territories. Scientific research of anthropologists, archeologists, geneticists proves that indigenous people of North America treat Mongoloid race and are genetically closest to residents of Altai, Siberia and Mongolia.

**Keywords:** resettlement, anthropology, archeology, genetics, indigenous people, race, settling, artifact, people

До сих пор ни в одной из стран Северной Америки не были найдены останки человекообразных обезьян или доисторических людей. Этот факт говорит о том, что первые люди современного типа пришли в Америку извне. Ни для кого не секрет, что коренными жителями Северной Америки являются индейцы, обосновавшиеся тут задолго до появления белого человека.

Последние исследования показывают, что коренные народы Северной Америки относятся к монголоидной расе и генетически наиболее близки жителям Алтая, Сибири и Монголии. Следует выделить следующие основные научные подходы в исследовании переселения индейцев в Северную Америку: **антропологический, археологический, генетический.**

Прежде всего, хотелось остановиться на данных **антропологических исследований.** По антропологическому типу индейцы принадлежат к американоидной расе. Общая приблизительная численность индейцев в Америке — свыше 30 млн. чел. По данным на начало XXI века, их общая численность превышает 60 млн. человек. Ныне существует около 1 тысячи индейских народов, а в конце XV века было около 2200.

Следует также обратиться к **археологическим материалам.**

Доказано, что индейцы переселились в Северную и Южную Америку через Берингово перешеек в давние времена. На основании исследования ученых из Университета Флориды было доказано, что миграция проходила в три этапа: 1) 43-36 тысяч лет назад – миграция азиатских предшественников в Берингию; 2) 36-16 тысяч лет назад – заселение Берингии; 3) 16-15 тысяч лет назад – проход через ледниковый коридор.

Археологические данные подтверждают распространение интенсивное заселение Америки в пределах 13 тысяч лет назад — время формирования культуры Кловис. Находки в Аляске и Чили датируются 2-мя с половиной тыс. лет раньше. А ветхие и исключительные артефакты относятся к азиатской части Берингии — территории, ныне занимаемой востоком Чукотки и Беринговым проливом. Как раз они дают возможность представить, собственно что север восточной Берингии — место, где в данный момент находится запад Аляски, — еще был заселен 30 тысяч лет назад. Геологические находки доказывают, собственно что 60 тыс. лет назад на месте Берингова пролива была территория — именуемый Берингийский мост, затопленный 11–12 тыс. лет назад по причине таяния льдов и подъема уровня мирового океана. Но большая часть Америки оставалась отрезанной от Евразии до 12–13 тысячелетия до н. э., вплоть до этапа открытия межконтинентального коридора меж ледовыми покровами Кордильер и Лаврентьевским ледовым щитом, простиравшимся до Атлантического побережья сегодняшних Канады и США.

Долгое время полагалось, что мост между Евразией и Америкой был открытой бесплодной местностью. Палеонтологические находки говорят при помощи бурения в Беринговом море и вдоль побережья Аляски – ныне затопленных низинах Берингии – нашли пыльцу деревьев, кустарников и окаменелых насекомых. Собственно Берингия была абсолютно благоприятным местом для жизни с сравнительно богатой растительностью, а ещё тут водились крупные стадные животные - мамонты, бизоны [1]. Пришедшим из Азии праотцам довелось дожидаться 20 тысяч лет, пока же растают льды и станет свободной проход, благо обстоятельства обитания это разрешали. А при представившейся

способности они двинулись на юг в поисках наилучшей жизни, лишь только не в сторону уже заселенной Азии, а к неведомым ранее просторам необузданного Запада.

К научным исследованиям переселения индейцев в Северную Америку подключились ученые-генетики. К огорчению, доказать **генетические исследования** в обозримое время вряд ли получится: гигантская доля стоянок, сделанных людьми за 20 тыс. лет ожидания, ныне лежит на дне Берингова пролива. Некоторое время спустя, как описано в литературном источнике, не все, применительно к иным мероприятиям и народам, «воды за ними сомкнулись», избавив их от «погони» в лице иных, опоздавших на тысячи лет колонизаторов. Эти геологические конфигурации и сделали оригинальные обстоятельства для отделенного становления. Не все, дожидаться «земли обетованной» праотцам янки довелось 500 поколений взамен одного. Ну, а далее руководствовалось парадоксально резвое расселение, за некоторое количество тысяч лет позволившее оккупировать буквально все места до Магелланова пролива. Численность «первооткрывателей», исходя из контраста ДНК с поправкой на время, составляло от 1000 до 5400 человек. Точное установление того что, когда и при каких обстоятельствах люди начали расселяться в Америке стало известно в 19 веке. Переселение людей из Азии в Америку произошло примерно 12000 лет назад. По мнению ученых люди перебрались не водным путем, а пешим ходом по Берингово перешейку [2]. По словам А.Ахметова д.ф.н автор книги « Азия- Берингия – Америка или Азиатское происхождение американских «индейцев».» говорится что в 1926 году группа ученых – палеонтологов из музея Естественной истории в городе Денвер, под руководством Д.Фиггинса проводили раскопки в милях к западу от городка Фолсом, штат Нью- Мексико. При раскопках были обнаружены кости бизонов, вымерших несколько тысячелетий назад. Рядом также были обнаружены два кремня, обработанные человеком. Некоторое время спустя ученые наткнулись на ребро бизона и рядом с ним – нашли такой же кремень, обработанный человеком. Настал момент когда Д.Фиггинс опроверг теорию о том, что люди начали заселять новый свет только 12000 лет назад и сообщил об этом всему миру. Но высокопоставленные ученые опровергли утверждение Д.Фиггинса. Однако в 1927 году Д.Фиггинс организовал вторую экспедицию и группа наткнулась на еще одно бизонье ребро и мастерски сработанный наконечник меча, вонзившийся в него. На это раз влиятельные ученые- приверженцы старой точки зрения изменили свое мнение. Вслед за этим они же начали провозглашать на мировом уровне свой свежий взор, согласно которому «первые американцы начали заселять эти материка 15000 или 20000 лет назад».

Большинство генетиков уже согласилось с тем, что коренные жители Америки произошли от сибиряков, которые перешли по перешейку из Чукотки на Аляску – позднее, после окончания Ледникового периода. В пользу подобной догадки гласили генетические изучения современных индейцев, но не хватило достоверных ископаемых свидетельств. А.Ахметов подчеркнул роль трех всемирно известных ученых, которые исследовали расселение людей в американских материках, и каждый из них привнес, что то новое. Алеш Хардличка один из первых ученых который смог собрать богатый антропологический материал. Во время изучения материалов хранящиеся в различных музеях США, особое внимание привлекли черепа представителей коренных народностей, населявших американские материка. А.Хардличка составил каталог по коллекциям с постоянных выставок музеев. Второй исследователь – это Г.Ф.Дебец, впервые изучавший соматологические особенности чукчей и азиатских эскимосов. Третий это М.Г.Левин, исследовал черепа чукчей и коренных эскимосов- азиатов. Его работы написанные на основе собранных материалов, расширяют круг сведений о народностях, населяющих Дальний Восток Азии. А также М.Левин изучил группы крови жителей дальнего востока Азии - чукчей , эскимосов, ламутов и издано ценное исследование о их истории и этнологии. Алеш Хардличка утверждал, что американские «индейцы» произошли от азиатских монголоидов. Во время Второй Мировой войны в научных целях приезжал в Советский Союз для изучения краниологических особенностей коренного населения Сибири. В итоге чего сделал вывод о наличии морфологических сходств между сибиряками и «индейцами» Северной Америки. В исследовании А.Хардличка были неувязки, дело в том, что между азиатскими и американским монголоидами существуют значительные соматологические и морфологические различия, которые и индивидуализируют их внешние облики [2].

Журнал Science опубликовал статью о том, что в одном из пещер на территории Мексики был обнаружен скелет девочки возрастом 12-13 тысяч лет. Из зуба мудрости скелета получилось извлечь митохондриальную ДНК - генетический ткань, передающий потомственную информацию по материнской линии. Автор исследования Джеймс Чаттерс заявил что анализ ДНК показал генетическую связь между скелетом девочки и предками жителей Сибири [3]. Его коллега Анжелика Корзелс из

университета штата Нью-Йорк не была связана с исследованиями, но называет находку «очень интересной» потому, что удалось найти полный скелет.

В 1920 году в центральной Сибири неподалеку селения Мальта были найдены останки ребенка. В результате исследования ДНК было обнаружено, что их возраст составляет 24 тысяч лет и 30 % индейской расы содержат черты его генофонда [4]. Рядом лежали кремневые орудия, вышитое бисером ожерелье с кулоном, и другие предметы каменного века. В данный момент останки годовалого ребенка хранятся в Санкт - Петербурге, в Государственном музее Эрмитаж, и были представлены ученым из Дании, Америки, Великобритании для анализа ДНК. Исходя из анализа костного материала предплечья, был выявлен пол ребенка, им оказался мальчик. Анализ ДНК показал, что ребенок обладает тесной генетической связью с коренными американцами - индейцами, и западными евразийцами, в частности, с некоторыми группами народов ледникового периода, распространенные ранее в Европе, Центральной и Южной Азии. Известно, что азиатские кочевые народности доисторического периода были довольно мобильны, дабы распространять свой генофонд на огромные территории, от центральной Сибири как на запад, та и на восток. Научная работа интернациональной группы научных работников обосновывает, собственно что праотцы коренных американцев мигрировали в Америку из Сибири, а не из Европы, как предполагалось ранее, а ДНК мальчика – старейший полный геном древнего человека. А также окончательное доказательство того, что первые переселенцы Северной Америки были родом из Азии, а не из Европы, и что эти люди были прямыми предками американских индейцев, помогло секвенирование генома полуторалетнего мальчика Ледникового периода со стоянки Кловис. Современные индейские популяции являются на 80% потомками цивилизаций Кловис. Также ученые определили, что мальчик Кловис разделяет около 1/3 своих генов с 24000 – летним сибирским ребенком Мальта. В горах штата Монтана в 1968 году были найдены останки ребенка Кловис, датированные 8 веком до н.э., вместе с ними – более 100 древних артефактов, орудия из бивни мамонта, наконечники копий и т.д. Ученые извлекли ДНК из костных тканей мальчика и доказать, что его генотип родом из Сибири – отсюда появились первые люди в Америке, заселили некогда безлюдный континент, породив культуру Кловис. Самое интересное, что люди Кловис просуществовали всего лишь несколько сотен лет после своего возникновения, народность Кловис загадочным образом исчезла. Они не были первыми жителями Америки – эта цивилизация эпохи палеолита является первой широко распространенной доисторической культурой, которая возникла приблизительно 13 тысяч лет назад [5].

Главный вопрос - являемся ли мы родственниками или нет.

Первым европейцем, встретившим индейцев, был итальянский мореплаватель Христофор Колумб. Он же и назвал незнакомый народ «индейцами», поскольку полагал, что его корабли достигли Индии. Европейская колонизация, начавшаяся на этих землях после открытия Колумба, вынудила коренное население Америки оставлять свои родные земли и бежать на запад к побережью Тихого океана. Однако колонизаторы с каждым годом продвигались всё дальше вглубь материка. В XIX-XX веках руководство США за бесценок выкупало земли коренного населения и переселяло индейцев в резервации. На сегодняшний день в резервациях проживает около 4 миллионов человек. Поскольку американское правительство закрывает глаза на царящие в резервациях антисанитарию, болезни, нищету и преступность, потомки североамериканских индейцев вынуждены жить в тяжелейших условиях, лишённые элементарных удобств и достойного медицинского обслуживания. В мировой истории самым известным геноцидом является гитлеровский геноцид евреев. Об уничтожении индейцев, потерпевших намного большие потери, почти не говорят. Но интересно, что американская история в отношении индейцев показала не только вопиющую жесткость и бесчеловечность, но и стала образцом подражания для гитлеровского режима. Идея концентрационных лагерей не была «оригинальной идеей» Гитлера. Биограф Джон Толанд писал, что Гитлер в некоторой мере был вдохновлен системой индейских резерваций.

*Список использованной литературы:*

- 1 Заселение американского континента проходило в три этапа Пётр Смирнов*
- 2 Азия – Берингия – Америка или Азиатское происхождение американских «индейцев» Адил Ахметов.*
- 3 Science 16 May 2014: Vol. 344, Issue 6185, pp. 750-754 DOI: 10.1126/science. 1252619 Late Pleistocene Human Skeleton and mtDNA Link Paleoamericans and Modern Native Americans*
- 4 Окладников А.П. Новые данные о палеолитическом прошлом Прибайкалья (к исследованиям в Бурети 1936-1939 гг.)*
- 5 Таинственный геном человека. Райн.Ф New Science*



ӘӨЖ 11 -758  
ГРНТИ 03.09.03

Аймбет Ұ. Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>2 - курс магистрант, тарих, археология және этнология факультеті, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ТАРИХЫ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ

*Аңдатпа*

Орталық Азияның тарихын зерттеудің өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазіргі таңда Орталық Азия халықтарының тарихын зерттеуде шетелдік тарихшылардың еңбектері ерекше маңызға ие. Шетелдік тарихнама Орталық Азия халықтарының тарихын, көрнекті ағартушыларын, ұстанған саясатын, ұлт-азаттық қозғалысын, ішкі және сыртқы жағдайын, мәдениетін, түркі тілдес мемлекеттердің бір-бірімен қарым-қатынасы туралы және де тағы да басқа да өзекті мәселерді өздерінің еңбектерінде қарастырды.

Қазақстанға, Орталық Азияға қатысты шетелдік тарихнаманың қазіргі даму кезеңінде К.Л. Есмағамбетов, Қ.Р. Несіпбаева, М.Т. Лаумулин, Т.К. Бейсембаев секілді ғалымдардың жұмыстары ерекше орын алады. К.Л. Есмағамбетов өзінің зерттеу еңбектерінде американдық және ағылшындық зерттеушілердің орыс басқыншылығы мен отарлау саясатын әр түрлі тарихнамалық кезеңде сипатталғанын қарастырады. Орталық Азия туралы жазылған шетелдік басылымдардың библиографиялық көрсеткішінен құралған М.Т. Лаумулин мен Т.К. Бейсембаев ғылыми еңбектері Орталық Азияға байланысты шетелдік тарихнамада өзіндік ерекшеліктерге ие. Орыс-қазақ қатынастары мәселесіне байланысты ағылшындық және американдық тарихнама негізінде талдау әдісі К.Р. Несіпбаеваның зерттеу жұмысында кеңінен қолданылған.

**Түйін сөздер:** Орталық Азия, тарихнама, ұлт-азаттық қозғалыс, библиография.

Ұ.Н. Аймбет.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>магистрант 2 - курса, факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби

## ЗАРУБЕЖНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЕ О ИСТОРИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.

*Аннотация*

Исследование истории Центральной Азии имеет свои характерные особенности. В настоящее время особое значение в изучении истории народов Центральной Азии имеют труды зарубежных историков. Зарубежная историография рассматривает историю народов Центральной Азии, выдающихся просветителей, политику, национально-освободительное движение, внутреннее и внешнее состояние, вопросы культуры, взаимодействия тюрко-язычных государств и другие актуальные проблемы.

В изучение истории Казахстана и Центральной Азии в зарубежной историографии на современном этапе развития особое место занимают работы ученых, таких как К.Л. Есмағамбетова, К.Р. Несіпбаева, М.Т. Лаумулина, Т.К. Бейсембаева. К.Л. Есмағамбетов в своих исследовательских работах рассматривает, что американские и английские исследователи описали русскую оккупацию и колониальную политику в разные историографические периоды.

Научные труды М.Т. Лаумулина и Т.К. Бейсембаева о Центральной Азии основанные из библиографического указателя зарубежных изданий имеют свои особенности. Широко использовались в исследовательской работе К.Р. Несіпбаева метод анализа на основе английской и американской историографии по проблемам русско-казахских отношений.

7. Толеубаев А. Т. «Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов»: (XIX - нач. XX в.) / *Алма-Ата: Гылым, 1991. - 213с.*

8. Фрезер Дж.Дж. «Золотая ветвь: Исследование магии и религии»: В 2 т. Т. 1: Гл. I-XXXIX /— М.: ТЕРРА—Книжный клуб, 2001. — 528с.



Рис.1 Средневековое городище Кастек (вид с запада)





Рис.2 Средневековое городище Кастек. Ступенчатые алтари X века (вид с севера).




Рис.3 Ритуальный сосуд, найденный на территории средневекового городища Кастек (X век)

ГРНТИ 01.03.20  
ӘОЖ 574.46

## «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫНДАҒЫ» ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ

Жұман С.Ә.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>т.ғ.к., доцент

Оспанова Р.Р.<sup>2</sup>  
<sup>2</sup>т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ –нің доценті

### Аңдатпа

Мақалада дүниежүзі халықтары көне замандардан бері бір-бірлерімен әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынаста, рухани-мәдени байланыста тұрмыс-тіршілік етіп келе жатқандығы баяндала келе, онсыз адамзат өркениетінің жалпы дамуы мен бүгінгі күнгі қалпын көз алдымызға елестете алмайтындығы айтылады. Сонымен қатар бүгінгі таңда қоғамдық жаршыға айналған Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы кешегі «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының заңды жалғасы екендігі талданған. «Ұлы даланың жеті қырындағы» парасат-пайымы терең, мәнді-мағыналы, жан-жақты қамтылғандығы негізге алынған. Бағдарламада айтылған атқа міну мәдениетін, аң стилін, Алтын адамды, Түркі әлемінің бесігі болған кең байтақ Ұлы даламызды, Ұлы жібек жолын, Түркі әлемінің генезисін, Ұлы даланың Ұлы есімдерін, Дала фольклоры мен музыкасының мың жылын, тағы басқа жауһарларымызды қайта жаңғырту, ұлықтау, паш ету, айтары жоқ «өшкеніміз жанған, өлгеніміз тірілген» үлкен мәселелерді қамтығандығы мақала барысында қаралған.

**Тірек сөздер:** Ұлы дала, Елбасы, түркі әлемі, ұлы есімдер

Жуман С.А.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Кандидат технических наук, доцент

Оспанова Р.Р.<sup>2</sup>  
<sup>2</sup>Кандидат экономических наук, доцент КазНПУ им. Абая

## РАССМОТРЕНИЕ ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ В СТАТЬЕ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА «СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

### Аннотация

В статье рассматривается история казахской письменности и роль в статье главы государства «семь граней великой степи» письменность и культ казахского народа. Наши предки, жившие в Великой степи тысячелетия, имели богатую письменность и мифологию. Открыто руническое письмо – это тоже давно известный факт. Так что никакого призыва заново переписать историю нет. Вопрос в том, чтобы спокойно и убедительно на доказательной научной основе представить целостную картину всего движения нашей национальной истории.

И эта статья – вдохновляющая для всех народов, населяющих евразийскую территорию. Идеи о том, что нужно провести Всемирный тюркологический конгресс в Казахстане, что нужно открыть новые программы по изучению и извлечению документов, которые до сих пор еще хранятся в зарубежных хранилищах, прекрасно свидетельствуют о намерениях открыть широкой аудитории все, что было складировано в архивах.

**Ключевые слова:** Великая степь, президент, тюркский мир, великие имена

*Zhuman S.A.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Candidate of Technical Sciences, Associate Professor*

*Ospanov R.R.<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup> Candidate of Economic Sciences, Associate Professor KazNPU named after Abai Abaya*

## **CONSIDERATION OF THE HISTORY OF KAZAKH WRITTEN IN THE ARTICLE OF THE HEAD OF THE STATE "THE SEVEN VIRGENS OF THE GREAT STEPPE"**

### *Abstract*

The article discusses the history of Kazakh literature and the role in the article of the head of state “The Seven Facets of the Great Steppe”, the writing and cult of the Kazakh people. Our ancestors who lived in the Great Steppe of the Millennium, had a rich writing and mythology. Open runic letter is also a well-known fact. So there is no call to rewrite history. The question is to calmly and convincingly, on an evidence-based scientific basis, present a complete picture of the entire movement of our national history.

And this article is an inspirational one for all nations inhabiting Eurasian territory. The ideas about the need to hold a World Turkic Congress in Kazakhstan, that new programs should be opened to study and retrieve documents that are still stored in foreign repositories, perfectly indicate the intention to open to the general public everything that was stored in the archives.

**Keywords:** Great Steppe, President, Turkic world, great names

Бүкіл дүниежүзі халықтары көне замандардан бері бір-бірлерімен әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынаста, рухани-мәдени байланыста тұрмыс-тіршілік етіп келеді. Онсыз адамзат өркениетінің жалпы дамуы мен бүгінгі күнгі қалпын көз алдымызға елестете алмаймыз. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы кешегі «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының заңды жалғасы екендігі аян. «Ұлы даланың жеті қырындағы» парасат-пайымы терең, мәнді-мағыналы, жан-жақты қамтылған. Бағдарламада айтылған атқа міну мәдениетін, аң стилін, Алтын адамды, Түркі әлемінің бесігі болған кең байтақ Ұлы даламызды, Ұлы жібек жолын, Түркі әлемінің генезисін, Ұлы даланың Ұлы есімдерін, Дала фольклоры мен музыкасының мың жылын, тағы басқа жауһарларымызды қайта жаңғырту, ұлықтау, паш ету, айтары жоқ «өшкеніміз жанған, өлгеніміз тірілген» үлкен мәселелерді қамтыған.

«Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді» – дейді Елбасы. Білім рухани жаңғырудың алғышарты десек те болады. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана барлық бәсекеге төтеп бермек. Негізгі тақырыпқа тоқталмас бұрын, алдымен осы рухани жаңғыру ұғымын қалай түсінудеміз деген сауалға аз-кем тоқталып өтсем. Жалпы біздің халқымыз ұзақ жылдардан бері, өз жолымен жүріп келсе де, өз ата дәстүрі мен асыл дінінен айырылып қол үзе жаздағаны рас. Өзінен үстем болған мәдениеттердің ықпалында кетіп, өзге елдің құрамында болып, осы жылдар ішінде көптеген руханияттан ажырап қалдық. Жалпы рухани жаңғыру біз үшін өзіміздің аса құнды дәстүрлімізге бет бұрып, ұлттық даму жолына түсу деп білген жөн. Рухани жаңғыру деген ол ұлттың мәдениеті, діні мен ділі, әдебиеті мен тарихы тұрғысынан жаңғыру деп тусінген дұрыс. Міне осындай рухани жаңғыру кезеңінде ең алдымен біз елін, жерін, халқын шын сүйетін иманды ибалы ұрпақ болуымыз керек. Әрине, белгілі бір уақыт ауқымында әлемдік өркениеттен таса қалып, оның ықпалына ұшырамай, өз алдына тұрмыс-тіршілік кешкен жекелеген ұлт-ұлыстардың, тайпалардың біздің ғаламшарымыздың түкпір-түкпірінде өмір сүргені рас, бірақ олардың да ертелі-кеш басқа халықтармен қарым-қатынасқа түсіп, жалпы адамзат дамуының көшіне ілескеніне тарих куә.

Көптеген ұлттар мен ұлыстар қоныстануының географиялық жағдайына қарай, белгілі бір территорияны ұзақ уақыт мекендеп, бір-бірлерімен көрші тұрып, тіршілік етті. Осындай тарихи объективті себеп-салдарлардың нәтижесінде олардың арасында әлеуметтік-экономикалық тығыз байланыс орнады. Ал ондай байланыс өзінің ықпал ететін түрлі тетіктері арқылы олардың тұрмыс-тіршіліктеріне әсер етіп, сан алуан ортақ ұқсастықтардың пайда болуын ғана туғызып қоймай, өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасып дамуына да, өзіндік мәдени, рухани құндылықтарының өркендеуіне де ықпалын жасады.

Бірінен екіншісіне ауысқан тұрмыстық-материалдық және рухани-мәдениеттік жетістіктер өзінің барған жерінде қанат жайып, одан әрі өркендеп дамыды. Қабылдаушы елдің өзіндік әдет-ғұрпы мен тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен ой-санасының әсерінен жергілікті мәдениетке сіңісіп, ассимиляцияға

ұшырады. Жаңа жағдай мен ортаға бейімделіп, өзгеше сыр-сипатқа ие болды. Сөйтіп, ұлттық бітім-болмысы мен ұлттық ерекшелігі бар мәдениет пен өркениеттің өзіндік өзгеше үлгісі ретінде жалпы адамзат өркениеті мен мәдениетіне ұласып жатты. Сондай-ақ, бір-бірінен алыс отырған түрлі елдер де әлеуметтік-экономикалық жақтан селбелесе байланысып, тұрмыс-тіршілігін түзеп, өмір сүріп, бүгінгі күнге келді.

Кез келген ұлттық тіл мен әдебиеттің кемелденуі жазба әдебиеттің, демек жазудың қалыптасып дамуымен тығыз байланысты екені шындық. Оның пайда болуына адамзат өркениетінің дамуы себеп болған еді. Өркениеттің дамуы барысында ауызша қарым-қатынас жасау жеткіліксіз болып, бір-бірімен алыстан хабар алмасу, ауызша айтылған пікірді мәңгілікке қалдыру сияқты қажеттілік пайда болды. Соның себеп-салдары ретінде жазу өмірге келген еді.

Жазуды қолдану, жазба тілге көшу – тіл дамуының жаңа кезеңінің бетін ашатын құбылыс. Жазу – адам баласының зор жетістігі, тілінің кемелденіп, жаңа деңгейге көтерілгенінің айғағы. Жазусыз адамзат өркениеттің дамуын елестету де мүмкін емес. Себебі бүкіл адамзат жазудың арқасында ғана бүгінгі ғылым мен технологияның қарыштап дамыған заманына жетіп отыр.

Ұлттық тіл мен әдебиеттің жаңа деңгейге көтерілуі, кемелдікке жетуі көне заманнан бері көптеген ойшылдарды толғандырып келе жатыр. Ұлттық әліпби мен жазуды дамыту арқылы жаңа сапаға ауысу, жаңа сипаттағы әдебиетке көшу – саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік т.б. көптеген факторлармен де тығыз байланысты. Оған түрлі ел-жұрттың өзара әдеби-мәдени және тілдік байланысы да кіреді.

Жазу арқылы тілдік қолданыстар, сөз саптау түрлері жаңғырып, әдеби нормалар бір ізділікке түсіп бекиді, тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметі (стилі) жіктеледі, әр тараптанады, жалпыхалықтық сипат алып, қолданыс ауқымы кеңейеді.

Тіл – тарихи категория. Ол өзінің ішкі даму заңдылығы бойынша өсіп өрбиді, дамып жетіледі. Солай бола тұрса да, оған белгілі бір дәуірдегі саяси-әлеуметтік құрылыстың да, өзге елдермен болған әлеуметтік-экономикалық байланыстың да ықпалы ерекше болады.

Тіл әрбір заман-дәуірде өз халқының өмірімен бірге өседі, онымен біте қайнасып, бірге күн кешеді. Ел басынан өткен өзгерістер тайға таңба басқандай болып жазылып (сақталып) қалады. «Тіл – халықтың тарихы, халық – тілдің анасы» деп бекер айтылмаған.

Тілдің ішкі даму заңымен қатар, сыртқы сан алуан себептердің (саяси-әлеуметтік құрылыс (формация), өзге елдермен болған әлеуметтік-экономикалық байланыс т.б.) ықпалынан ұзақ уақыт өте келе, кез келген тіл өзгеріске ұшырайды немесе жаңа сапаға ие болып, дамып өркендейді. Сондай сыртқы әсерлердің сан алуан ықпалын басынан өткеріп, дамып жетілген тілдердің бірі, ешқандай даусыз, қазіргі қазақ тілі екені рас.

Қазіргі қазақ тілі бүгінге жеткенге дейін түрлі алмағайып замандарды, талай тарихи кезеңдер мен оқиғаларды өткеріп, дамып жетілді. Әр замандағы саяси-экономикалық құрылыстың, қоғамдық қарым-қатынастардың, түрлі елдермен болған әдеби-мәдени байланыстардың ықпал-әсеріне қарай, түрленіп, сан алуан бағыт алып дамыды. Әр заман өз ізін қазақ тіл тарихында қалдырды.

Адамзат тілінің жазу тарихы өте ерте замандардан басталады. Жазудың қалыптасып даму тарихына шолу жасасақ, ең алғашқы пиктографиялық (суреттік) жазу түрі б.з.д. 3300 жыл бұрын Шумер мемлекетінде пайда болыпты. Одан кейін идеографиялық (иероглиф) жазу, буын жазуы, әріп (дыбыс) жазуы деген сатылардан өтіпті. Бұлар бір-бірінен түр-тұрпатына, қолданылу кезеңдері мен біртіндеп кемелденуіне қарай ерекшеленеді.

Кез келген халық мәдениетінің, өркениетінің деңгейін анықтайтын басты белгілердің бірі – оның жазуы екені даусыз. Көп уақыт бойы еуропалықтар жабайы санап келген түркі халықтарының төл жазуының болғандығы XIX ғасырда Дания ғалымы Вильгельм Людвиг Петер Томсен көне түркі жазба ескерткіштерінің құпиясын ашқанда ғана белгілі болды.

Көне түркі (Орхон-Енисей) дәуірі – түркі тілдері жазуы тарихының алғашқы кезеңі ретінде саналып жүр. Көне түркілік жазба мұралардың таңбалық емлесі руналық (сына, бітік) жазуға жатады. Жазба мұралар V-VIII ғасырларға тиесілі. Бұл дәуірде қазіргі Орталық Азия жерін тұтастай және Шығыс Еуропа мен Батыс Моңғолияның бірталай жерін қамтыған аралықты түркілік ру-тайпалар мекендегені және олардың басын біріктірген Ұлы Түрік қағанатының билік құрғаны тарихтан мәлім.

Осы дәуірдің сақталған көне жазбалары қазіргі кезде табылған жерлерінің атауымен Орхон-Енисей-Талас жазба ескерткіштері деп аталады. Бұл жазбалар қазіргі бүкіл түркі жұртына ортақ мұра болып есептеледі. Сондықтан қазақ жазуының да бастау көзі болып саналады.

Әлбетте, бұл – қазақ әдеби тілінің қалыптасып даму барысында, яғни даму тарихында көне түркілік жазуға дейін ешқандай жазу түрлері болмады дегенді білдірмейді. Оған дәлел – Қазақстан өлкесі

бойынша табылған үңгірлердегі, тас-жартастардағы, археологиялық қазба жұмыстары арқылы әйгіленген көне дәуірдің дүние-мүліктердегі (артефакт) түрлі пішіндегі суреттер мен таңбалар (пиктографиялар) болып табылса, белгілі түркітанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы 2013 жыл 20 қыркүйекте «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында тың деректер келтіреді.

Қаржаубай Сартқожаұлы Алтай тауының Моңғолияға қарасты Кіші Ойғыр немесе Ақсай деп аталатын жеріндегі әрбір тастың бетінде б.з.б. XIV-XII мың жылдыққа, б.з.б. VI-IV мың жылдыққа, б.з.б. III-I мың жылдыққа, б.з.б. VIII-I ғасырларына және б.з. XI ғасырына дейінгі дәуірге тиесілі суреттердің аса мол екенін айтады.

Алексей Окладников дейтін атақты археологтың 1965 жылы Қобда аймағының Солтүстік-Сенгір үңгірін зерттеп, сол үңгірден 13 топ суретті фотоға түсіргенін, сол суреттерді біздің жыл санауымыздан 30-25 мың жыл бұрынғы суреттер екенін дәлелдеп, Еуропа өнертанушыларының «әлем сурет өнерінің атасы Еуропа» деген тұжырымдарын жоққа шығарды. «Осылайша, алып Алтай, ұлы Алтай әлем мәдениетінің, өнерінің алтын бесігі екенін дәлелдеп, түркі тектес халықтардың рухын көтерді» деп атап көрсетеді.

Қаржаубай Сартқожаұлы осы сұхбатында қазақ жазуының тарихына қажетті тағы да мынадай тың дерек ұсынады: «Ғылымда сақтар мен ғұндардың жазуы болды ма, жоқ па деген мәселе талас тудырып жүрген. Қытай, Еуропа деректері арқылы «бұларда жазу болды» деген болжам жасалғанымен, қандай жазу екені белгісіз еді. Осы жолы біз сурет галереясы тұрған екі тау саласынан сақ, ғұн дәуірінің үш мәтінін тауып әкелдік. Мәтін бітік (руна) жазуының көне түрімен жазылған. Мұндағы таңбалар, графикалардың белгіленуі өте көне. Орхон жазуының жүйесімен оқуға келмейді. Енді осының методологиясын жасауымыз керек. Содан кейін барып ежелгі сақ, ғұндарды сөйлете аламыз» [1]. Ғалымның осы пайымдауын ескерсек, қазіргі қазақ жазуының тамыры тым тереңде жатыр деп айта аламыз.

IX-XV ғасырлар қойнауында қолданылған ұйғыр жазуы (кейде соғды жазуы деп те аталады) да көне түркілік руникалық жазудың (Орхон-Енисей-Талас) заңды жалғасы болып табылады. Өйткені бұл жазу қазіргі ұйғырлардың ғана емес, бүкіл түркі жұртына ортақ жазу болған еді. Аталған кезеңдегі Тоғыз оғыз бірлестігінің (X-XI ғғ.), Оғыз мемлекетінің (X-XI ғғ.) және Қарлұқ қағанаты (756-940 жж.) мен Қараханид мемлекетінің (940-1212 жж.) жазба тілі еді.

Бұл мемлекеттік құрылымдардың құрамында қазіргі ұйғырлармен қатар түркілік ру-тайпалардың көпшілігі болды. Көне ұйғыр жазуы арқылы XI ғасырдың жазба мұрасына жататын Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны (1069-1170 жж. Көне ұйғыр тіліндегі нұсқасы Вена қаласындағы Корольдік кітапханада, ал араб әрпіне көшірілген екіншісі, үшінші нұсқасы Каирдың Кедивен кітапханасы мен Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр) бізге жетті. Зерттеушілердің айтуынша, кейінірек XIV-XV ғасырлардағы Мауараннахрдың атақты билеушісі Ақсақ Темір әмірлігінің де, сондай-ақ Алтын Орда хандығының да араб жазуымен қатар қолданған жазба тілдерінің бірі – ұйғыр жазуы болыпты.

VI ғасырда Ұлы Түркі қағанаты ыдырап, оның орнына Батыс Түркі қағанаты (603-704 жж.) және Шығыс Түркі қағанаты (682-744 жж.) орнады. VIII ғасырда бұл қағанаттар да тарих сахнасынан кетіп, түркі тайпалары немесе түркілік ру-тайпалар негізінде құрылған мемлекеттік бірлестіктер сол кезеңдегі күшейген Араб халифаты үстемдігінің ықпалына түсе бастады. Сөйтіп, түркі халықтарының дәуірі жүріп тұрған кезеңнің руналық жазуы олардың басынан бақ тайып, арабтардың үстемдігін мойындағаннан бастап бірте-бірте қолданыстан шығып, ұмытыла бастады.

Ислам дінін тарату мақсатында мектеп, медреселер ашқан арабтар өз жазуын пайдаланып, өз сөздерін қолданды. Қандай да болсын оқыту (діни, ғылыми, біліми, әдеби, мәдени т.б.) тілі араб жазуына негізделгендіктен, түркітілдес халықтар арасына араб, парсы сөздері кеңінен тарай бастады. Араб-парсы тілінен олардың тіліне тек діни сөздер ғана емес, ғылым мен білімге, мәдениет пен әдебиетке, дүниетанымға, мемлекеттік-әкімшілікке қатысты да көп сөз енді. Өйткені сол кездегі араб ғылымы мен білімі, араб әдебиеті мен мәдениеті – дүниежүзі бойынша озық болатын.

Алайда аталған кезеңнің алғашқы ғасырларында араб жазуы арқылы сауат ашқандар жалпы халықтың өте аз мөлшерін ғана құраған еді. Көпшілік халық оқу-жазуды білмейтін. Сол себептен араб-парсы сөздері көшпелі халыққа, негізінен, ауызша тарап, түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ ру-тайпалары тілінің ішкі заңдылықтарына бағынып, олардың сөздік құрамына дыбыстық-құрылымдық жағынан өзгеріп енді.

Ал сан ғасырлар бойы көне ұйғыр және араб жазуымен түркіше жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік (Құтты білім)» (1069 ж.) атты дастанын, араб жазуымен түркіше жазылған Махмұт Қашқаридың «Дивану лұғат-ат түрік (Түрік тілі сөздігі)» (1072 ж.) атты еңбегін, Ахмет Юғнакидің

«Ғибат-ул хакаиқ (Ақиқат сыйы)» атты дидактикалық поэмасын (XII ғасырдың соңында жазылып, 1444 жылы соңғы көшірмесі жасалған), Қожа Ахмед Яссауидің «Диуани хикмет (Даналық кітабы)» (1060-1063 жж.) шығармасын, «Кодекс куманикус (Қыпшақ сөздігі)» (1303 ж.) тарихи жазба ескерткішін, Мұхаммед Хорезмидің «Мұхаббат-наме» (1353 ж.) атты дастанын, Сейф Сараидың «Гүлстан бит-түрки» (1391 ж.) атты поэмасын, Қадырғали Жалаиридың «Жамиғ-ат таурих» (1598-1600 жж.) атты тарихи шығармасын, Әбілғазы Баһадурдың «Шежіре-и түрік» (1640 ж.) тарихи шежіресін және осылар секілді басқа да көптеген жазба мұраларды тек арабша хат танығандар ғана оқып түсінген. Олардың таралымы да мардымсыз болған. Себебі ол заманда бапахана ісі онша дами қоймағандықтан, көбінесе қолмен көшіріліп, санаулы данамен тарайтын. Бұқара халықтың кейбір сауатты өкілдері ғана болмаса, көпшілік оларды жаппай тұтына алмайтын. Оқығандардың көмегімен жалпы мазмұнымен таныс болып, жадында сақтағандар жыр-киссалар, аңыз-әңгімелер т.б. ауыз әдебиеті жанрларының өзге де түрлері арқылы ауызша таратып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған.

Түркі әлеміне кең тараған араб жазуы моңғол шапқыншылығына байланысты XIII ғасырдың екінші ширегінен бастап түркілік сипат ала бастады. Себебі Шыңғыс ханның екі ұлы – Жошы хан мен Шағаттай хан билеген ұлыстар қазіргі Қазақстан мен Орталық Азияның жерін қамтыған болатын. Олардың билігіне қараған халықтың басым бөлігін түркілік ру-тайпалар құрады.

Мешіт-медресесі бар қалалар орналасқан оңтүстік өлкеде Шағаттай ұлысының билігі жүрді. Сондықтан да арабша түркілік жазу біршама отырықшылық кәсіпке негізделген осы ұлыста айтарлықтай дами түсіп, «шағатай» жазуы деген атауға ие болды. Алайда екі ұлыстың арасындағы саяси-мәдени байланыс, сауда-саттық сияқты қарым-қатынас тығыз болды. Негізінен көшпелі түркі (қазіргі қазақ) ру-тайпаларынан құралған Жошы хан ұлысы (кейінірек Алтын Орда деп аталды) да араб жазуын пайдаланды. Тіпті Араб халифатының Египеттегі ел биліктін тартып алған мамлюктер (қыпшақтар) мемлекетінің құрылуына (XII- XIV ғғ.) және «Алтын Орда» хандығы (XIII-XIV ғғ.) билігінің күшеюіне байланысты араб жазуына негізделген түркілік жазу кеңірек өріс алып, өркендей түсті.

Еуразия ауқымында түркі тілін білу қажеттігі туындап, араб жазуы негізінде «Кодекс куманикус» (Қысқаша қыпшақ сөздігі. Авторы белгісіз. Бұл еңбек «қыпшақ жазуының» жәдігері. Сөздік армиян жазуымен де жазылып, мұра болып қалған) сияқты еңбектер жазыла бастады. Жоғарыда аталған жазба мұралардың көпшілігі осы дәуірге тиесілі, яғни орта түркі жазба ескерткіштері болып саналады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, «шағатай» жазба әдеби тілі қазіргі халықтар мен ұлттардың жазба әдеби тілі сияқты жалпыхалықтық емес, хат білетін сауатты адамдарға ғана арналды. Оны сауатты адамдар ғана оқып қолдана алатын болған. Сондықтан да оны кез келген қарапайым адам күнделікті сөйлеу тілі сияқты емін-еркін пайдалана алды десек, артық айтар едік. Алайда ол жазу тілі болғандықтан, әрине, оның өзіне тән емле ережелері мен хат жүзінде қалыптасқан үлгілері, дағдылы дәстүрлері болды. Ол ережелерді көркем шығарма не хат-хабар, ісқағаздары, тағы басқадай дүниелерді жазатын адамдар мен оқитын адамдар ғана жетік біліп, мұқият сақтап отырған. Оның нақты көрінісін жоғарыда аталған жазба мұралардан тыс, сол дәуірге жататын тарихи жазба құжаттар мен хат-хабарлық (*эпистолярлық жазбалар, әсіресе XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырда Санг-Петербург, Қазан қалаларынан басылып шыққан түрлі мазмұндағы эпостық және лиро-эпостық жырлар мен хиссалар тілінен, солардағы сөз саптау үлгілерінен көреміз.*

Шағатай жазба тілі кең қолданыста болған кезеңдегі түрлі жазбалар мен әдеби шығармалардың тілі мен көркемдігіне және мазмұнына тереңірек бойлап қарасақ, дін-ислам ұстанымының басым күйде болғанын байқаймыз. Ол оның, ең бірінші кезекте, араб-парсы тілі элементтерінің аса молдығынан аңғарылса, екіншіден, ұзақ жылдық араб-парсылық жазбаша әдеби дәстүрдің үстемдігінен байқалады.

*Шағатай тілі өз кезінде түркітілдес халықтардың, соның ішінде қазақ жазба әдеби тілі мен жалпыхалықтық тілінің дамуына айтарлықтай ықпал етті. Ол – көне дәуірден бері келе жатқан түркілік ауыз әдебиеті үлгілерін, алуан түрлі сөз өрнектерін, сөз қолданыстарын хатқа түсіруге жағдай жасай отырып, олардан қол үзбеуімізге септігін тигізді. Сонымен қатар тілімізге кері әсер еткен де еді.*

*Мәселен, шағатай жазуымен жазылған түрлі жазбаларда араб-парсы сөздері ретсіз көп қолданылатын еді. Соның зардабы күні бүгінге дейін сақталып келе жатқаны да шындық. Бұның ең негізгі себебін араб жазуының қазақшаға бейімделмей алынып, ұзақ жылдар (сан ғасырлар) бойы қолданылуынан, яғни араб жазуына негізделген төл әліпбиіміздің сол кезеңде қалыптаспауынан деп түсінуге болады.*

«Қазақтың жазба әдеби тілінің қалыптасуына орта түркілік жазба әдебиеттермен қатар татар тілінің де тигізген теріс әсері аз болмаған. Қазақ еліндегі сауатты адамдардың бәрі дерлік татар молдалары мен сол

молдадан оқыған адамдардан сабақ алғандығы және сол кездегі баспа орындарында татар интеллигенттерінің болуы, шығарылған кітаптардың бәрі дерлік татар редакторларының қолынан өтуі себепті кітаптардың тексінде татар тіліне тән неше түрлі сөз қолданыстары мен сөз формалары мол кездеседі. Бұл жөнінде И.И. Ильминскийдің айтқан мына бір сөзі өте орынды болу керек: «Өкінішке орай, далалы аймаққа татарлар алып келген, кейіннен қырғыздар арасына кең тараған мұсылманша сауаттылық татарша бағыт алып отыр. Сондықтан қырғыздар жазған қағаздар мен хаттардың ішінен таза қырғыз тілінде жазылған нұсқасын табу қиын. Бұған қосымша, араб алфавиті қырғыз тілінің дауысты дыбыстарын дәл бере алмайды. Тіпті кейбір таза қырғызша жазылған ескерткіштің өзі де татар тілінің әсеріне ұрынған» [2, 5].

Ал, осы ой Мүрсейіттің жоғарыда аталған қолжазбасынан мынадай бір сөйлем арқылы дәлелденеді: «Мусаннап Ибраһим Мархум Қунанбай ұғлының қазақтың мінездері туғралы айтқан сөзі уа насихаты йедгер үяүн тийишлидүр Михаил Ибраһим ұғлына (Мүрсейіттің қолжазба дәптері. 1905, 129-6.). Осы сөйлемді татариланбаған деп кім айта алады? Осындағы тийишлидүр мен қазақтың деген сөздердің өзі-ақ бұл сөйлемнің татариланып кеткенін көрсете алады.

Ал, «йазғучы молла Мүрсейіт Бікі мархум ұғлы» дегенде арабизм мен орта түркілік жазу дәстүрінен басқа қазақ тілінде айтылған ештеңе де жоқ.

Дегенмен, бұл сияқты ықпалдар қазақтың өзінің халықтық тілінің негізінде жасалған жазбаша әдеби тілінің жүйесінде тұрақты орын ала алмаса да, атадан балаға, баладан келешек ұрпаққа ауысып, жетегін үзбей келе жатқан ондай дәстүрлі үлгілер ойлылық пен даналықты, шешендік пен тапқырлықты көркем бейнелеудің амал-тәсілдері болып орнығып қалған.

Орта түркі әдеби тілі мен қазақтың әдеби тілінің сабақтастығындағы осындай бір дәстүрлі үлгі фразалық тіркестердің құрылымы мен қолданылуынан анық көрінеді. Мысалы, орта түркі жазба әдеби тілінде «сұлу» сөзінің баламасы ретінде ай йүзім, йүзі күн, толун ай, пісте ағыз (оймақ ауыз) сияқты фразалар; «көріксіз» сөзінің баламасы ретінде булт йүзлүг, сынык көңүл сияқты фразалық тіркестер айтылса, «үшқыр» сөзінің синонимі болып көңіл құшы, көңіл сұңқуры тәрізді тіркестер қолданылған. Ал, Абай өлеңдерінде: Көңіл құсы құйқылжыр шар тарапқа, Адам ойы түрленіп ауған шақта (Абай, 1-т., 202-б.) немесе Сынык көңілім көп кешер, Майда қолмен ұстасаң (Абай, 1-т., 249-б.) деп, көңіл құсы, сынык көңіл түрінде айтылады.

Бұл – әрине, орта түркі жазба әдеби тілінен ауысқан көптеген игі әсерлердің бір ғана көрінісі. Орта түркі әдеби тілінен осы сияқты көркемдеуіш құралдармен бірге әлеуметтік, философиялық, жалпы ғылыми және мәдени атау – терминдермен молығу қазақ әдеби тілінің қорын байытып қана қойған жоқ, оның цивилизациялы халықтар әдеби тілдері дәрежесіне көтерілуіне мүмкіндік жасады. Яғни, әдеби тіл сөздік қорының толығып, икемділігінің артуы жазуды, жазба тілді қабылдап қалыптастыруға жағдай жасады» [3, 65-67].

VIII ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жылдарына дейін жеткен арабша түркілік жазу дәуірі шартты түрде Қараханид (X-XII ғғ.) және Алтын Орда (XII-XV ғғ.) кезеңі деп екіге бөлініп қарастырылады. Осы кезеңдердің жазуын «қадим» (ескі) жазуы деп те атайды. Ал арабша түркілік жазудың XV ғасыр мен XX ғасырдың басына дейінгі кезеңін жаңа дәуір дейді. «Жадид» (жаңаша) жазуы осы дәуірдің соңғы онжылдықтарында қалыптасып дами бастады.

Қадим жазу үлгісі, зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қазақ жерінде «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Айқап» сияқты қазақтың алғашқы газет-журналдары шыға бастаған кезеңге дейінгі уақытта кең қолданыста болған. Бұл жазудың бір ерекшелігі дауысты дыбыстарды арнайы таңбаламай, харакаттар арқылы белгілейтін. Ал жадид жазуы харакаттардың орнына арнайы дауысты дыбыстардың таңбаларын пайдаланды.

Сөйтіп, жадид жазуының қолданысқа енуі – қазақтың төл сөздерін барынша дұрыс таңбалап жазуға жасалған алғашқы қадам болды. Алайда жадидше жазуда да араб әліппесіндегі қазақ тілі дыбыстық жүйесіне еш қатысы жоқ әріп-таңбалардың барлығы – түгелге дерлік пайдаланылды.

Бұл болса, қазақ сөздерінің табиғи бітім-болмысына нұқсан келтіріп, олардың емлесі (орфографиясы) мен айтылымы (орфоэфиясы) арасындағы үйлесімді тым алшақтатып жіберетін еді. Сол себептен XX ғасырдың басында араб әліпбиінің осы бір кемшілігін жойып, қазақ сөздерін дәл таңбалай алатындай етіп, ұлттық әліпби жасау қажеттілігі туындады.

Осы ретте ескере кететін бір жәйт – қазақ ұлтының Ресей империясының құрамында болған жылдардың соңына таман, яғни XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында қазақ сөздерін дұрыс таңбалап жазуға қатысты орыс (кирилл) жазуын қазақшаға икемдеу бағытында да жұмыстар жүргізілді. Бұл миссонерлерлік, орыстандыру саясатының мақсаты еді. Осы мақсат-мүддені көздеген

орыс оқымысты-миссонерлері сан ғасырлар бойы қазақ қоғамына белгілі бір дәрежеде қызмет етіп келген араб жазуын барынша жоққа шығаруға тырысып, оның кемшін тұстарын көрсетіп дәлелдеп бақты. Олардың сол миссионерлік түпкі ойын ашып көрсеткен еңбектер кеңестік жүйе күйрегеннен бері айтарлықтай дәрежеде жазылып келеді. Солардың ішіндегі ең іргелісі деп танымал ғалым, ф.ғ.д., профессор Мекемтас Мырзахметовтің «Қазақ қалай орыстандырылды» [4] деген маңызды еңбегін атап көрсетуге болады. Басқа ғалымдар да бұл саясаттың түпкі мақсатын терең түсініп, өз еңбектерінде мәнін ашуда. Мәселен, ф.ғ.д., профессор Айтмұхамет Тұрышев «Сарыарқа самалы» газетінде жарияланған «Жазба тілдің қысқаша тарихы» деген мақаласында: «Миссионер ғалымдар араб таңбаларының қазақ тілінің дыбыстық жүйесін нақпа-нақ бейнелеудегі кемшіліктерін көрсетіп, кириллицаға тезірек көшіруге әрекеттенді. Олар өз ойларын «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» сынды басылымдарда жариялап отырды.

«Дала уәлаяты» газетін шығарушылардың бірі – Д.Сұлтанғазин араб жазуының орнына орыс әрпін қолдануға қарсылық білдіреді. Ол қазақ білмейтін бөтен әліпбиді қолданғанша, араб қаріптерін жетілдіру керек деген ойын айтады. И.Ильминскийдің орыс әріптерін пайдалану керек деген пікірін қатты сынға алады. Тоқетері, Сұлтанғазин араб әліпмесін қазақ тіліне лайықтап өзгерту туралы ұсыныс жасайды.

1912 жылы «Қазақ» газетінде басылған Ахмет Байтұрсынұлының «Бастауыш мектеп» деген мақаласында: «... қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб қарпін тастатып, орыс қарпін алдырамыз дейді. Сол үшін балалар ана тілін оқымай, орыс тілін оқысын, ана тілін оқыса да, орыс қарпімен оқысын дейді. Өкіметке керегі – мемлекеттегі жұрттың бәрі де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, ал халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуының сақталуы» деп қазақтың дініне, тіліне, жазуына төніп келе жатқан қатерді ескертеді» [5],– деп жазады.

Сөйтіп, Н.И.Ильминский, А.В.Васильев, А.Е.Алекторов, В.В.Катаринский, Н.Ф.Катанов сияқты т.б. адамдар қазақтарды біртіндеп орыстандыру, шоқындыру мақсатында орыс әліпбиіне негізделген қазақша әліппелер дайындады. Бұны Н.И. Ильминскийдің: «Орыс мектептерінде тәрбиеленуші қазақ жастары арасында, сөз жоқ, мұсылман дініне салқын қарайтын, өз ана тілдерін жанын сала сүйетіндер бар. Соларға орыс алфавиті қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін сақтаудың негізгі амалы деп ұғындыра алсақ, олар қырғыз тіліне орыс алфавитін енгізуде көп нәрсеге көмектесе алар еді» [6, 20],– деген сөзінен нақты аңғаруға болады.

Православие дінін уағыздап, бүкіл қазақ жұртын шоқындыруды, орыстандыруды көздеген миссонерлер тіпті қазақ топырағынан шыққан алғашқы ағартушы ғалам-педагогтардың бірі – атақты Ы.Алтынсариннің өзін де осы мақсатқа пайдаланды. Алайда олардың орыс жазуына негіздеп құрастырған әліпбилері қазақ тілі дыбыстық жүйесін дәл таңбалап бере алмағандықтан, өміршең бола алмады.

Арабша түркілік жазуды өңдеп-жетілдіріп, қазақтың төл әліпбиіне айналдыру мақсатындағы талпыныстар, іс-әрекеттер жалғаса берді. 1907-1914 жылдар аралығында М.Нұрбаев («Әліппе». – Уфа, 1910 ж.), З.Ерғалиұлы («Қазақ әліпмесі». – Қазан, 1910 ж.), М.Малдыбаев «Қазақша әліппе». – Қазан, 1912 ж.), Х.Сәрсекеев, И.Арабаев («Әліппе». – Уфа, 1913 ж.), К.Сырғалин («Қазақша ең жаңа әліппе» – Қазан, 1914 ж.) сияқты т.б. қазақ авторларының әліпби нұсқалары баспадан шықты. Олардың қайсыбірі қысқа мерзімдік қолданыста да болды.

XX ғасырдың басы мен 1930 жылдар аралығында қазақ әліпбиі, жазуы, емлесі, қазақ тілін оқыту-үйрету әдістемесі жөнінде көптеген ғылыми-көпшілік мақалалар, пікірлер мен көзқарастар сол кезеңдегі «Айқап», «Қазақ», «Серке», «Абай», «Қазақ тілі», «Мұғалім», «Шора», «Тан», «Шолпан», «Сана», «Жаңа мектеп», «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан» сияқты т.б. басылымдарда көптеп жарияланды. Мысалы: Ахмет Байтұрсынұлы: «Дыбыстарды жіктеу туралы» («Жаңа мектеп», 1927, №5), «Емле туралы» («Еңбекші қазақ, 1929, 27-март), «Жоқшыға дерек» («Еңбекші қазақ», 1925, 14 дек.) т.б.; Міржақып Дулатов: «Үлгілі іс», «Қазақ мектебінде оқу үлгілері, («Қазақ», 1914, 9 июль), «Жаңа жазу ережелері» («Қызыл Қазақстан», 1923, №23, №17-18) «Шәкірттер жайынан» («Қазақ», 1913, 16 июль) т.б.; Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілін қалай оқыту керек» («Жаңа мектеп», 1925, №2), «Емле, әріп жайынан» («Еңбекші қазақ», 1927, 27-апр.), «Емлені өзгертуге жоба» («Қазақ тілі», 1924, 6-февр.) т.б.; Мағжан Жұмабаев: «Жазылшақ оқу құралдары һәм мектебіміз» («Бостандық туы», 1921, 11-ноябрь), «Қазақстандағы оқу жұмысының құрылысы» («Еңбекші қазақ», 1929, 12-дек.) т.б.; Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Бір мәселе», «Қазақ тілі іске асын деген қаулы туралы», («Еңбекші қазақ», 1929, 19 март); Мұхтар Әуезов: «Қайсысын қолданамыз» («Абай» журналының №2, 1917), «Ғылым тілі» («Абай» журналының №7, 1918) секілді т.б. қазақ зиялылары түрлі басылымдарға өз ой-пікірлерін білдіріп, мақалаларын жариялаған еді.



Қазақ ұлттында жазба мәдениеттің қалыптасу маңыздылығын – «Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деп ерекше атап көрсеткен А.Байтұрсынұлы арабшаға негізделген қазақ жазуын төл әліпбиге айналдырудың нағыз реформаторы болды. Ол, ең әуелі, қазақ тілі дыбыстық жүйесін ретке келтіріп, содан соң араб әліпбиін қазақ сөзін дәл таңбалауға бейімдеп, ұлттық тілдің төл дыбыстарының таңбаларымен толықтырады. Оқытудың көне әдісін жаңа оқыту әдістерімен алмастырды. Оның жаңа әліпбиі – қазақ даласында «төте оқу» немесе «төте жазу» деген атпен кең тарады.

А.Байтұрсынұлының әліпбиі сол уақыттағы түркі, тіпті орыс ғалымдары тарапынан да жоғары бағаланып, жалпы қолданыста болғанымен, ресми түрде 1924 жылы ғана қабылданды. 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін 6 наурызда қазақ жазуын латын жазуына көшіру қолға алына бастады [7,170]. Содан кейін латынша қазақ жазуы 1928 жылы қабылданып, 1929 жылы оның емле ережесі қолданысқа толық енді. Сөйтіп, қазақ жазуының латынша түрі өмірге келді.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, арабшадан латын жазуына көшу мәселесі оп-оңай шешіле қоймаған. 1926-1928 жылдары бұл мәселе қызу талқыланып, сол уақыттағы Алаш зиялыларының көпшілігі оған қарсы болса да, ақыр аяғында үлкен дау-дамай, пікірталасдан кейін еліміз 1929 жылы латын жазуына өтіп, содан соң 1937-1940 жылдары толығымен латыннан кирилл әліпбиіне ауысты. Осы өзгерістер қазақтың жазу мәдениетіне ғана емес, оның жандүниесіне де, ұлттық ой-санасына да үлкен із қалдырды. Ал тіліміздің өзіндік ерекшелігін бүлдіріп, табиғи заңдылықтарын бұзған кириллшеге негізделген қазақ жазуы бүгінге дейін кең қолданыста болып келе жатыр.

1990 жылдары кирилл жазуынан қайтадан латын жазуына көшіру мәселесі өзекті тақырыпқа айналып, талқыланған еді. Осы кезеңде түркітілдес Әзірбайжан, Түрікменстан, Өзбекстан латын жазуын қабылдап, оған толықтай көшкен болатын.

2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Президентіміз: «Қазақ әліпбиінен латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Өйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек» [8], – деген сөзінен кейін бұл мәселе қазақ қоғамын біраз дүрліктіріп барып басылды.

Араға біраз уақыт салып, бұл мәселе тағы да көтерілді. Бүгін де қазақ қоғамының өзекті де маңызды мәселелерінің бірі – осы, латынға көшу мәселесі болып отыр. Оған ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2012 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады» [9], – деп латын графикасына көшудің нақты мерзімін белгілеп берген сөзі себеп болды.

Содан бері еліміздің қазақтілді қоғамы арасында латынға көшу жөніндегі қоғамдық пікір аса жандана түсті. Небір ғылыми, ғылыми-көпшілік баяндамалар жасалып, мақалалар жарияланды. Латыншаға негізделген қазақ әліпбиінің жобалары қалың қауымға ұсынылып, талқыланды. Оның күрделі де маңызды мәселелерін қарастырып талқылаған ірілі-ұсақты талай жиындар, арнайы конференциялар мен семинарлар, сипозиумдар өтті.

Осылардың өзекті де маңызды мәселелерді көтергендерін және 1928 жылдан басталған қазақ жазуын ауыстырудың тарихын зерделеп, ой таразысына салсақ, тереңірек бойлап, кеңірек ой жүгіртсек, жалпы арабшадан латынға, латыншадан кирилге көшудің қоғамдық-әлеуметті қажеттілігі мен экономикалық тиімділігі т.б. уәждерінен гөрі саяси астары басым болғанын аңғарамыз. Олар, көбінесе, ғылыми-технологиялық, компьютерлік-бағдарламалық, электронды құрал-жабдықтық, саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, педагогика-психологиялық, тарихи-мәдени байланыстық (түркілік ұлттардың бірдей әліпби пайдаланып тұтасуын) және т.б. жанама себептерді алға тартып жүр. Біздің ойымызша, жазу ауыстыру арқылы ұлттық-лингвистикалық мәселені шешіп, рухани тәуелсіздікке қол жеткізу – ең негізгі мәселе. Демек латыншаға көшу тіліміздің өзіндік табиғи бітім-болмысын сақтап қалу үшін қажет.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Сартқожаұлы Қ. «Егемен Қазақстан» газеті. 2013 жыл 20 қыркүйек.*
- 2 Ильминский И. И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861.*
- 3 Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары. Алматы: «Ғылым», 1987 ж.*

4 Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы: «Атамұра-Қазақстан», 1993.

5 Тұрышев А. Жазба тілдің қысқаша тарихы. «Сарыарқа самалы» газеті./ <http://www.mtdi.kz/03.07.2013>

6 Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о перименении русского алфавита к инородческим языкам. Казань, 1883.

7 Резолюция I тюркологического съезда о новом латинированном алфавите//Культурное строительство в Казахстане (1918-1933), Алматы, 1965.

8 Назарбаев Н.Ә. Президенттің Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі. <http://www.akorda.kz>.

9 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты /Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан.

**ӘӨЖ 94(578)**

**ГРНТИ 03.01.09**

*Нағашыбекқызы М.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты*

## **ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада Әлихан Бөкейхановтың тарихи көзқарастары мен танымдары сараланған. Әлихан Бөкейханов «Қазақтың тарихы» деген еңбегінде: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туашағына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артында өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады», – деп жазған ой түйіндерінен ұлт деп еңіреген халық зиялысының ұлы ойын аңғаруға болады. XX ғасыр басындағы қазақ халқының дербес ел ретіндегі тағдыры, тарихы, жері мен шекарасы, тілі мен діні туралы мәселелер арада ғасырға жуық уақыт өтсе де, күн тәртібінен түскен жоқ. Жоғарыда аталған мәселелерді Әлихан Бөкейханов XX ғасыр басында алғашқылардың бірі болып көтерді.

Тірек сөздер: Әлихан Бөкейханов, XX ғасыр, ұлт зиялысы, халық тарихы

*Нағашыбекқызы М.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Магистрант 2 курса КазНПУ имени Абая*

## **АЛИХАН БОКЕЙХАНОВ И ВАЖНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА**

*Аннотация*

В статье дается оценка исторических взглядов и познаний Алихана Бокейханова. Алихан Бокейханов в своей книге «История казахов» утверждает: «Народ, который потерял свою историю, страна, забывшая свою историю, не знает - где она, что делает или чем является, и что случится с ней. Если одна нация теряет свою историю, страна - забывает свою историю, она сама близка к исчезновению». Эти высказывания отражают великие мысли народного интеллигента. Судьба, история, земля и границы, язык и религия казахского народа начала XX-го века, как независимой страны, до сих пор остаются на повестке дня. Алихан Бокейханов одним из первых поднял эти вопросы в начале XX-го века.

**Ключевые слова:** Алихан Бокейханов, XX век, национальная интеллигенция, история народа.

*Nagashybekkyzy M.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*The 2-year student KazNPU named after Abai*

## **ALIKHAN BOKEYKHANOV AND THE MAIN PROBLEMS OF THE HISTORY OF KAZAKHSTAN**

*Annotation*

The article assesses the historical views and knowledge of Alikhan Bokeikhanov. Alikhan Bokeykhanov, in his book “The History of the Kazakhs,” states: “The people who have lost their history, the country that has

forgotten its history, do not know where it is, what it does or what it is, and what will happen to it. If one nation loses its history, the country forgets its history, it itself is close to extinction. ” These statements reflect the great thoughts of the national intellectual. Fate, history, land and borders, the language and religion of the Kazakh people at the beginning of the 20th century, as an independent country, still remain on the agenda. Alikhan Bokeykhanov was one of the first to raise these questions at the beginning of the 20th century.

**Key words:** Alikhan Bokeykhanov, XX century, national intelligentsia, history of the people

«Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген Алаш басшысының елінің болашағы үшін жүргізген күресі, көзқарастары мен дүниетанымы қазіргі таңда өркениет көшіне бет түзеген еліміз ғана емес, бүкіл түркі жұрты үшін мол рухани мұра. Қазақ елінің келешекте тәуелсіздік алатынына үлкен сенім артып, осы жолда бар күш-жігерін жұмсаған алаш ардақтысының қызметі біз үшін баға жетпес қазына болып табылады. Сондықтан да бүгінгі таңда болашаққа нық қадам басып, өркениетті елдер қатарын қосылуға ұмтылып отырған еліміз үшін тарихи танымдық тұрғыда ұлт ұстазының қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметі мен бай шығармашылық мұрасын оқып үйренудің маңызы зор. Өз елінің алдындағы перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын қыстау жағдайда болса да оны адал орындаудан жалтармаған қайраткерлер қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім елінің ер тұлғалы азаматтары ретінде тарихта ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып қала бермек [1, 5 б.].

Осы мәселелердің төңірегінде ұлттық деңгейге көтеріп, «Айқап» және «Қазақ» газеттері басылымдарында пікірталасқа айналдырды. Баспасөзде жүрген бұл пікірайтыс екі баламалы пікірге бөлінді. Оны жақтаушылар: Б. Қаратаев, М. Сералин, Ж. Сейдалин және басқалар болды. Ішкі Россиядан шаруалардың жаппай көшіп қоныстануы отырықшылыққа көшуді қолдады. Яғни егіншілікке қолайлы жерден үлес алып отырғысы келді. Осы пікірді ұстаушылар отырықшы нормамен жер үлесін алып еді. 1913 жылы 11 маусымда думада сөйлеген сөзінде: «Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін – яғни переселендерге қазақтан жерді көбірек алу үшін істеп отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес ептілік. Біз министрлер Советінен ептілік етуге рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ-тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді: қазаққа отырықшы болып жер алуға риза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз дедік. Айтуымыз-ақ мұң екен, қазақтар отырықшы нормамен жер бер деп жабыла сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік», - деген еді переселен басқармасының бастығы Глинка. Яғни үкімет орындарының 15 десятина үлес нормасын не үшін шығарғандығын осылай жеткізген болатын.

Сондықтан да мәселенің осы мәнін түсінуге шақырған «Қазақ» газеті мен Ә. Бөкейхановтың әрекетін қазақ байлары мен буржуазиясының таптық мүддесін қорғады деп бағалау, жаңсарлық болар еді. Ішкі Россияда айдауда жүрген Ә. Бөкейхановқа патшалық биліктің отарлау саясатын әшкерелейтін мақалаларын жазу оңайға соқпады. Оның айтқан ойлары дәлелді, негізділігінен ғана патша жандармының жазасынан тыс қалып отырды. Және сонымен патша чиновниктері өз кезегінде жер мәселесі жөнінде Әлихан Бөкейхановтың біліктілігін мойындауына тура келді. Мысалы, 1914 жылы 24 қарашада «Қазақ» газетінде Орынбор губерниясының жандарм бастығы генерал-майор Бабич Торғай губернаторының жазған хатына «из крупных сотрудников известны: Алихан Букейханов, бывший член I-вой Государственной Думы, специалист по аграрному вопросу степных областей», деп көрсетті [2, 216.].

1918 жылға дейінгі «Қазақ» газетін ұйымдастыруда қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде аса үлкен роль атқарды және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне Ә. Бөкейхановтың атқарған еңбегі зор. 1913 жылдың ақпанынан шығып бастаған «Қазақ» газетіне дейін ұлттық газет шығару алға баспаған еді. 1896-1907 жылдары «Степной край», «Иртыш», «Омичь», «Голос степи» сияқты газеттерде жұмыс жасауы оның газет шығару ісіндегі тәжірибесімен және жоғары билік басындағы жақын адамдармен таныс болуы «Қазақ» газетін ұйымдастыруынан көрінеді. Ол газеттің бастапқы сандарынан бастап «қыр баласы» деген лақап атпен елдегі ең өзекті мәселелерді көтерді. Ташкентте атқаратын темір жол инженері М. Тынышпаев 1914 жылы наурыз айында өзінің Иркутскідегі танысына: «...В Оренбурге издается киргизская газета поэтами-киргизами Байтурсыновым и Дулатовым, людьми преданному своему делу. Руководит А.Букейханов, конечно, я имею касательство и подписываю. Газета очень распространяется», – деп хабарлайды. Әрине, осы көріністен кейін «Қазақ» газетті ұйымдастыруда Ә. Бөкейхановтың еңбегін өз деңгейінде бағаламау әділетсіздік болар еді.

Ә.Бөкейхановтың «Қазақ» газеті бетінде қалам ұштаған негізгі тақырыбы, әрине, жер мәселесі болды. Оның мақалаларын айқара аша отырып жер мәселесінде тар ұлтшыл, ескі феодалдық тәртіпті жақтаушы болмағандығына көз жеткізу қиын емес еді. Ол біріншіден жер үлесін патшалық билік тұсында үлестен

тыс қалып келген жергілікті халық алуға тиіс деп санады; екіншіден жерді меншік есебінде үлестіріп беруге қарсы болып, жер барлық қауымға кесіліп, өз іштерінде тәртіп орнатып, әділдік жолымен пайдаланғанын жақтады. Үшіншіден, жер үлесі шаруларға жердің жергілікті табиғатына, топырағына сінгендігін қалады. Бұл ой-толғаныстар нақты тарихи құндылыққа негізделгенін мойындау керек [3, 216.].

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанға буржуазиялық қатынастар еніп, ұлттық буржуазия мен интеллигенция қалыптаса бастады. Жалпыхалықтық ояну жағдайында ұлттық мемлекеттік бірлік мәселесі қайта бас көтерді. Міне осындай мәселе төңірегінде көтерілген тарихи кезең қалыптасты.

Бұл тарихи кезеңдегі қоғамның прогресті функцияларының мемлекет туралы ұғым-түсінігін, бағыты мен бағдарын Ә. Бөкейхановтың еңбектерінен көруге болады. Осы мәселелердің ең негізгі жақтарына бағыт ала отырайық.

Ә.Бөкейханов және басқалар буржуазиялық-демократиялық бағыттағы интеллигенция өкілдерінің түпкі мақсаты ұлттық мемлекет құру идеясы болды. Олар 1905-1907 жылдардағы орыс революциясынан кейінгі кезеңде конституциялық демократиялық партияның құрамына еніп, конституциялық демократия негізінде қазақ ұлтына автономия алудан үміттенді. Бірақ олардың бұл үмітінің негізсіз екенін уақыт көрсетіп берді. Ақпан төңкерісінен кейін кадеттер партиясына үміт артқан тәжірибесіз ұлттық интеллигенция өкілдерінің саяси алшақтығы көрінді. Ә. Бөкейханов «мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген ашық хатында: «Кадет партиясы жер адамға меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сытырылып, жалаңаш шыға келеді», - деп жазды [4, 26 б.].

Ә. Бөкейханов бастаған бір топ қазақ интеллигенттері майдандағы жұмысқа қазақ жастары алынған соң өз еріктерімен майданға аттанып, Петроградтағы билік орындарымен жүргізілген келіссөздерден кейін, Минскіге барды. Және де ол Бастыс Майдан штабы жанындағы земскі және қалалық одақтың бұратана бөлімін ұйымдастырып, өз мойнына алады. Мұндағы бөлімнің міндеті жігіттерге қажетті тұрмыс жабдықтарымен қамтамасыз етумен бірге түрлі көмектер көрсету болатын. Қазақстаннан дәрігерлер шақырылды, қазақ мұғалімдерін тартып, жігіттердің сауатын ашу ниетінде кружоктар ұйымдастырылды. Осы мезгілде олардың арасында «Еркін дала» ұйымы құрылды. майдандағы жігіттерге қуат беріп, саяси танымын арттырған «Қазақ» газетінің қызметі тарихи маңызға ие болды. Тарихтың жарқын беттеріне айқын көрінген қазақ интеллигенттерінің майдандағы жұмысшыларға көрсеткен ағартушылықпен қатар дәрігерлік, азаматтық қызметтерін жатқызуға болады.

Алайда құқықты бұл шешім орындалмай қалды. 1926 жылы 26-ақпанда Бүкілресейлік Орталық Комитеті Қазақстандағы басшылықпен көп кеңеспей-ақ, оған қарсы жерге орналастыру шараларын жоққа шығаратын қаулы қабылдайды. Голошекин 6-өлкелік партия конференциясында Қазақстанда жерге орналастыру процесін ұлттық тұрғыда емес, таптық принципте жүргізу туралы шешім қабылдады. Бұл деген жаңа переселендерге жол ашу еді. Н.Нұрмақов, С.Сәдуақасов сияқты қайраткерлердің бірі сол тұстағы республика егіншілік халкомы Ж.Сұлтанбеков болды. Конференция шешімін Ж.Сұлтанбеков переселен шенеуніктерінің қолынан шыққан, отаршылдық рухтағы құжат есебінде бағаланды.

Голошекин 6-шы өлкелік партия конференциясында өзінің баяндамасында Сұлтанбековтың Ә. Бөкейхановқа барып жолығуына мынадай баға берді. «Сұлтанбеков жер нормасын анықтауға Москваға барып, нұсқаулар алу үшін Өлкелік комитеттің жауапты хатшысына жолықпай, Әлихан Бөкейхановқа жолығады. Бұл масқара емей не?» Ол кезде Әлихан Бөкейханов КСРО Ғылым Академиясы жанынан құрылған Қазақстандағы жер нормасын анықтау комиссиясының мүшесі еді. Осы хабарды орталық комитетке жылдам жеткізуші М. Төлепов болған еді. Ол хатында: Үстіміздегі жылдың шілдесінің соңында егіншілік халкомы Сұлтанбеков жолдас Қырымға бара жатып Москваға тоқтады. Сұлтанбеков жолдас заттарын қонақ үйіне қалдырып, тура сол күні Әлихан Бөкейхановқа барып кешті сонда өткізді. Таң ертең әңгімелерін тағы да жалғастырады. Бөкейхановқа жолыққаннан кейін ол Төреғожин және Төлеповпен әңгімелескенде былай дейді: «Әлихан Щевцовпен сөйлесіп, ойлағандай етіп бітіруге уәде берді». Мұндағы әңгіме орталықтағы мекемелер келіспей отырған Қазақстандағы жер нормасы жайында болатын.

Бұл жерде партияның күрделі ішкі істерін «Алашорда басшыларымен талқыға салуға болмайды. Өйткені соның нәтижесінде, партия қарарында, әсіресе егіншілік халкомы сияқты аса маңызды мекемелерге большевиктер идеологиясына жат, өте реакциялы алашордалық идеологияның енуі әбден мүмкін, ал ондай жағдайда біздің жұмысымыз қиындай түспек».

Әрине, бұл Голошекинге нағыз керекті материал еді. Ол жер мәселесінде қазақ коммунистері қателік жіберіп отыр, оның қателігі алдыңғы кезекке таптық емес, ұлттық факторларды қоюларында екенін, сонымен Бөкейханов бастаған алашордашылардың жер жоспарын іске асыруында деп көрсетті.

1926 жылы комиссияның жұмысы толық аяқталмай жатып Ә. Бөкейхановты контрреволюциялық қызмет жүргізді деген желеумен ОГПУ қызметкерлері Ақтөбеде тұтқынға алады да, Москваға, Бутырка абақтысына жөнелтеді. Бірақ, оны 15 күннен соң шығарып жіберуге мәжбүр болады.

Озбыр биліктің бұл қоқаңлоққысы күресте шыныққан қайраткердің жүрегін мұқалта алмады. 1927 жылы одақтық егіншілік комиссариатында Әлихан профессор Щецов ұсынған жер нормасын қорғап сөз сөйлеп, отаршыл ниеттегі шенуніктерді әшкере қылып сынға алады. Мысалы, ол Қазақстанға қоныс аудару бағытын қолдаған профессор Верацагинге жауап сөзінде: «Профессор Верацагин бұрын да қазақтардың жерін тартып әперіп орыс помещиктері мүддесін қорғаған еді. Егер ол айтқандай Тула шаруалары шынымен де жерге мұқтаж болса, біз қазақтар олармен Верацагин сияқтылар арқылы емес, тікелей келіссөз жүргізуді қалаймыз. РСФСР Егіншілік комиссариаты ұсынып отырған жер нормасы қазақтарды қанағаттандыра алмайды, өйткені ол көбірек артық жер шығаруды көздейді. сондықтан да бұл нормалар болашақта Қазақстанда жаңа отарлау саясатын жүргізуге бағытталған», - деп тура айтады.

Бұл – бар өмірін қазақ халқының тағдыры үшін күреске арнаған үлкен саясаткердің ашық түрде ашынып айтқан соңғы сөзінің бірі болатын. 1928 жылы басталып кеткен сот процестері қайраткер Ә. Бөкейхановқа қарсы және де оның пікірлес серіктерін саяси өмірден біржола ығыстырып жіберген болатын.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1922 жылдан бастап Москвада, ОГПУ орындарының бақылауында болуға тиіс болды. Оның Москвадан ұзап шығуына тыйым салынды. 1928-1930 жылдары екі мәрте Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлері тұтқынға алынып сотталады. ОГПУ орындары Әлихан Нұрмұхамедұлын бірақ рет шақырып түсінік алуымен тоқталады.

1937 жылы 27 қыркүйекте КСРО Жоғары соты әскери алқасының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілген Әлихан Бөкейханов 1989 жылдың 14 мамырда ККСРО Жоғары Сотының қаулысы бойынша әректінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан ақталады[5].

Сол кездегі Әлихан Нұрмұхамедұлы мен оның пікірлес серіктері өмір сүрген дәуірде қазақ елінің алдында тұрған көкейкесті мәселе – ұлттық теңдік, саяси бостандық еді.

Алашорда басшысы Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялыларының XX ғасыр басында қазақ автономиясының құрмақ болған алғашқы ұстанымдарын, саяси күресін, жалпы Алаш қозғалысын зерделеу, тәуелсіздіктің арқасында ғана жүзеге асқаны ақиқат! Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы, бастауы-осы Алаш арыстары; Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедовтер, Міржақып Дулатов, т.б. Ақ түмен көтерген тегеурінге бергісіз батыл, мемлекетшіл және отандық идеясы болатын. Алаш қайраткерлері атанған тарихи міндеттің де зор маңыздылығы осында. Елдігіміздің тұғырын көтеруде Елбасымыздың игілікті мақсаттарымен Алаш азаматтарының ниеттері арасында үлкен сабақтастық жатыр. Мемлекет Басшысы өзінің Жолдауында «Бабаларымыз тірі болу үшін бір болса, біз әрдайым ірі болу үшін бір болуымыз керек» деп тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат еткенімізді жариялады. Және оның ең басты шартын да атады. «Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерең істері және жас ұрпақтың жасанпаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз деуінің өзінде үлкен астар жатқандығын байқаймыз. Алашордалықтардың ұлы жолдағы арқалаған аманат жүгінің, халқына жасаған қайырымды ісінің жалғастырушысы бүгінгі елдің азаматтары мына – Сіздер мен біздер. Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев: «Алаштың» басты мақсаты қазақ қоғамының бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді. Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. Өткеннің мұрасына мұқият қарауды Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов сынды арыстар өсиет етіп қалдырды.

Міне, қазақ даласының киелі топырағы асау желмен бір аунап, үкен қозғалысқа түскен сияқты. Дүбірмен өткен өмір асулары арайлап таңмен таласып, дүниені дүр сілкіндірді[6]. Ел тілегі-егемендік, қалық арманының салтанатты шағы туды. Еліміздің тәуелсіздігі- ата- бабамыздың асқақ арманын тудырған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіске терең бойлап, тебірене толғансақ, халқымыздың бастан кешкен телегей – теңіз тарихын көз алдыңнан тізбектеп өткізсең. Әр тізбектің өзіндік бір тарихы, күресі бар. Қазақтың сан ғасырлық тарихның ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы – тарихи-саяси, айрықша қубылыс ретінде ұлтымыздың мәдени- рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені, ол қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Алаш қозғалысы кеңес өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келеді. Оның

жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.-Алматы: Санат, 1995.-368 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш нәм алашорда.-Алматы: Ататек, 1995.-256 б.
3. «Қазақ» газеті. Бас редактор Ә.Нысанбаев. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.-366-367, 369-373, 380 б., 414 б. (560 б).
4. Бөкейханов Ә. Шығармалар.- Алматы: Қазақстан, 1994.- 232-233 б. (384 б.).
5. Қазақстан ғылымы: талдамалық шолу. Наука Казахстана: аналитический обзор. Астана, 2013. – 192 бет.
- 6 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.2017. 12 сәуір.

**ӘӨЖ 743.11**  
**ГРНТИ 09.03.01**

*Ә.С. Бейсеков<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының магистранты,  
Алматы қ., Қазақстан*

#### **«ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ӨТЕПБЕРГЕН ХАМЗАҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЙНЕСІ»**

*Аңдатпа*

Сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып беріліп келген ұлттық өнер ХХ ғасырда кәсіби деңгейдегі оқытылу жүйесіне көшті. Соның нәтижесінде алғаш оркестрлер құрылып, сол оркестрде өзіндік үнімен орын алған домбыра прима аспабы. А.Жұбанов әйгілі орыстың Андреев атындағы халық аспаптар оркестрінің құрамынан осы аспаптың дыбысын естіп, жоғары дыбысты аспаптың оркестр үшін керек екенін ұғынды және оркестр құру барысында аса қажетті аспап болғандықтан музыкалық жоғары және орта оқу орындарында оқытылу керектігі айтылды. Домбыра прима аспабы бүгінгі таңда елімізде кәсіби деңгейде оқытылуда. Оның дәлелі - көп жылдық тәжірибелі ұстаздар қауымының еңбектері мен білікті мамандардың дайындалуы. Осы орайда аспап дамуына өзіндік үлес қосқан ұлағатты ұстаз Өтепберген Хамзаұлының өмір жолы шығармағармашылық бейнесі, домбыра приманың қазақ аспаптық музыкасындағы дамуы мен оркестрдегі орны жайлы болмақ.

**Кілт сөздер:** домра прима, музыка, үш ішекті, оркестр, ансамбль, концерт.

*Бейсеков А.С.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Казахская национальная консерватория имени Курмангазы  
г.Алматы, Казахстан*

#### **«ТВОРЧЕСКИЙ ПОРТРЕТ ПОЧЕТНОГО ПЕДАГОГА ОТЕПБЕРГЕНА ХАМЗИНА»**

*Аннотация*

Данная статья о музыкальном инструменте который, развивался в музыкальной культуре русского народа в XVI-XVII веках. Следом в начале XIX века начавшую свою профессиональную карьеру благодаря основателю русского народного оркестра В.В. Андрееву. В настоящее время распространенный в народных оркестрах в странах СНГ, в частности музыкально инструментальной культуре Казахстана. Развитие домбры примы

творческой деятельности почетного педагога Отепбергена Хамзина и истории развития музыкального инструмента домра-прима в казахской инструментальной музыке, а так же о ее роли в оркестре. Мы рассматриваем процесс развития в контексте Отепбергена Хамзина.

**Ключевые слова:** домра прима, музыка, трехструнный, оркестр, ансамбль, концерт.

*Beisekov A.S.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kurmangazy Kazakh National conservatory  
Almaty, Kazakhstan*

### **«CREATIVE PORTRAIT OF THE HONORARY TEACHER OTEPBERGEN HAMZIN»**

#### *Abstract*

This article is about the musical instrument which was developed in Russian musical culture in the 16 th – 17 th century. At the beginning of the 19 th century began his professional career thanks to the founder of the Russian Folk Orchestra V.V. Andreev. Now common in Folk orchestra in the CIS countries in particular in the musical culture of Kazakhstan instrumental. Developed dombra prima. Is devoted to the life and creative activity of the honorary teacher Otepbergen Hamzin and the history of the development of the musical instrument domra-prima in the Kazakh instrumental music, as well as its role in the orchestra.

**Key words:** domra – prima, orchestra, music, ansamble.

*Қашанда халық оған жаршы болар,  
Асылын алақанмен аршып алар.  
Өнердің аспанында жарқыл қағып,  
Тұрады Өтепберген, Қаршығалар.*

(Нарынның наркескен ақыны – Нұралы Әжіғалиев).

Өнердің қай саласында болмасын, онымен біте қайнасып, ыстық-суығын бірдей сезініп, өзі ұстанған өнерді дамытуға айтулы үлес қосатын, бірақ, осы еңбегін өзгелердей үкілеп ешкімнің алдына атақ – даңқ дәм етіп көлденең тартпай-ақ, халық берген бағаны қанағат тұтып, елеусіздеу күй кешкендей болып көрінгенімен, ғаламат іс тындырып жүретін тума талант, дарынды өнер иелері болады. Өтепберген Хамзаұлын сондай таланттар қатарына қосар едік. Алғаш кәсіптік музыка табалдырығын аттағанда өзінен емтихан алып, тұсауын кескен атақты академик А.Қ. Жұбанов болатын. Ал, бұл күнде Өтепберген Хамзаұлының есімі қазақ ұлттық музыка әлемінде кеңінен танымал.

Хамза мен Қанзиба отбасында 11 бала дүниеге келсе, соның жетеуі заман қиындығынан аман қалып, әулеттің дәстүрлі де абыройлы атын одан ары жалғастырды. Өтепберген Хамзаұлы осы жеті баланың ең кенжесі. Ө. Хамзаұлының болашақта үлкен музыкант болуына біріншіден Қазақстанның батыс өңіріндегі айырықша дамыған күй өнері әсер етсе, екіншіден, осы жанұяда өсіп, домбыра, мандолина, скрипка аспаптарында шебер ойнай білген туған ағасы Алдамбергеннің ықпалы аз болған жоқ. Үшінші сыныпта оқып жүріп-ақ мандолина баян тартқан Өтепберген ауыл көркемөнерпаздарының сәні бола білді. Оныншы сыныпты бітірген соң 1961 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияның екі жылдық дайындық курсына оқуға түсті. 1961 – 1964 жылдары әскери міндетін Владивосток қаласында атқарып, одан кейін оқуын қайта жалғастырып, консерваторияны 1971 жылы бітірді. Талантты жас 1966жылдың өзінде Қазақтың Академиялық Құрманғазы атындағы оркестіріне қабылданып, күні бүгінге дейін өзінің сүйікті оркестрінен қол үзген жоқ. 1972 жылғы оркестр конкурсында Өтепберген Хамзаұлы өз замандастары – Меруерт Каленбаева, Қаршыға Ахмедияровтармен бірге оркестр концертмейстері деген жауапкершілігі мол қызметке ие болды. 1966 – 1978 аралығында оркестр Қазақстанның барлық облыстарын аралап, сондай-ақ Кеңестер Одағының түкпір – түкпірінде болып, алыс – жақын шетелдерге гастрольдік сапармен барды. Осындай естен кетпес сапарларының бірінде Өтепберген Хамзаұлы 1972 жылы Мәскеудің Съездер сарайы сахнасында күрделі формалы үлкен концертті оркестр сүйемелдеуімен ойнап, тыңдаушыларды бір сүйсіндірсе, 1976жылы Италия сапары кезінде тағыда оркестр сүйемелдеуімен Н. Будашкиннің концертін де ойнады, яғни оны Қазақ тарихында күрделі формалы шығарманы оркестр сүйемелдеуімен шетелге шығарған бірінші қазақ деуге болады. Сонымен қатар Өтепберген Хамзаұлы аталмыш оркестірмен әлемнің бірқатар елінде өнер көрсетті. Атап айтсақ: Франция, Италия, Португалия, Сирия, Венгрия, Польша, Болгария, Чехия, Словакия, Қазақ КСР – ның Мәскеуде өткен декадасы (1966ж), Мәскеудің Останкино телестудиясы (1966ж), Мәскеудің Үлкен театрында өткен концерт (1968ж), Қазақ КСР-нің Армениядағы декадасы (1968ж), Украинада өткен концерттер (1969ж), Украина, Белоруссиядағы концерттер(1970ж), Белоруссия, Прибалтика елдеріне сапар (1970ж), Қазақ КСР- нің декадасы Өзбекстанда (1971ж), Мәскеуде өткен 7 конгрес (1971ж), Орталық Солтүстіктегі концерт (1972ж), Мәскеу, Кремльдік Съездер сарайындағы концерт. СОКП-ның 25 съезіне концерт. КСРО ның құрылғанына 50 – жыл толуына арналған концерт (1972ж), Одақтар үйінің

Калонна залындағы концерт. Мәскеуде Ж.Жабаевтың 125 жылдығына арналған концерт. Мәскеуде М.Төлебаевтің 75 жылдығына арналған концерт (1973ж), Қырғызстанға гастрольдік сапары (1973ж), Тәжікстандағы фестиваль (1974ж), Молдавия, Мерцишор фестивалы (1977ж), Қазақ КСР-нің декадасы Эстонияда (1982ж), Қазақстанның Ресейге қосылғанына 250 жыл, Мәскеу (1982ж), Қазақ КСР – нің декадасы Ленинградта (1989ж), Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай Украинадағы концерт (1995ж), Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай Өзбекстандағы концерт (1995ж), Құрманғазының 175 жылдығына орай Қырғызстандағы концерт (1998ж).

Құрманғазы атындағы оркестр кезінде Бүкілодақтық оркестрлер сайыстарында бірінші орынды иеленіп, КСРО Саяси бюро және әлемдік Конгресс шешімімен «Халықтар достығы» орденімен марапатталды. Оркестрдің қол жеткізген жетістіктерінде Өтепберген Хамзаұлының да қосқан үлесі мол деп айтар едік.

Өтепберген Хамзаұлы оркестр ұжымында жұмыс барысында көптеген дирижерлармен қызметтес болды. Атап айтсақ КСРО халық әртісі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Профессор, «Парасат» орденінің иегері, Шамғон Сағадинұлы Қажағалиев және КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы Нұрғиса Атабайұлы Тлендиевтер есімін атауға болады.

Өтепберген Хамзаұлы ең бірінші рет кәсіби музыка ұстазы ретінде 1968 жылы Республикалық Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектебінде Дүйсен Жібітаев деген оқушыға домбыра прима аспабынан дәріс беруден бастаған. Бұл күнде Д. Жібітаев ҚР – нің еңбек сіңірген қайраткері, Тәттімбет атындағы оркестр дирижері. Сол сияқты Өтепберген Хамзаұлынан әр кезде дәріс алғандардың алдыңғы қатарынан көрінген шәкірттері: С. Нұртазин (Алматы), Д. Шаштайұлы (Қаскелең мәдени ағарту колледжінің директоры), Б. Бимырзаев (А. Жұбанов атындағы музыка мектебінде оқытушы, Алматы), С. Қашағанов (К. Байсейітова атындағы музыка мектебінің оқытушысы, Алматы), Н. Хамзин (Сарыарқа ансамблінің көркемдік жетекшісі, дирижер, мәдениет қайраткері, Астана), Е. Басықараев (Құрманғазы атындағы ҚҰК – нің профессоры, мәдениет қайраткері), З. Измұратова (Құрманғазы атындағы ҚҰК – нің доценті, Сарын ансамблінің көркемдік жетекшісі, мәдениет қайраткері), А. Садуақасқызы (Құрманғазы атындағы оркестрінің әртісі), Р. Битешов (Құрманғазы атындағы оркестрінің әртісі), Е. Ысқақов (Құрманғазы атындағы оркестрінің әртісі), А. Рахимова (Құрманғазы атындағы оркестрінің әртісі), Э. Жұмашева (Құрманғазы атындағы оркестрінің әртісі), Б. Әділбеков (Ж. Елебеков атындағы РЭЦК – нің оқытушысы, «Отырар сазы» оркестрінің әртісі), А. Нартаев (Татарстан, Қазан консерваториясының түлегі), Е. Бақтыгереев (Қарағанды қаласындағы Тәттімбет атындағы академиялық оркестрінің бас дирижері), Өтепберген Хамзаұлы сыныбынан 120 оқушы бітіріп олардың 40тан астамы Халықаралық және Республикалық конкурстардың лауреаттары атанды.

Өтепберген Хамзаұлы ұсаздық қызметпен қоса 1991 – 1997 жылдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің музыка факультетінде басшылық қызмет атқарды.

Осы жемісті еңбегі еленіп бүгінгі таңда Құрметті профессор, Қазақстан музыка қайраткерлері одағының мүшесі, Халыққа білім беру ісінің үздігі медалымен және Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрілігінің көптеген мадақтау қағаздарымен марапатталған.

Өтепберген Хамзаұлы жайлы баспасөз беттерінде мақалалар жиі жарияланады. 2004 жылы Ақтөбе қаласының «А-Полиграфия» баспасынан жарық көрген «Саз саңлақтары» атты кітапқа (редакторы Г.Жұмағалиева) «Шертердің хас шебері» деген тараумен Өтепберген Хамзаұлы жайлы журналист Самат Ибраевтің «Сиқырлы саусақтар сыры», дүлділ домбырашы Қаршымбай Ахмедяровтың «Жұлдызың жансын, жерлесім» Александр Столповскийдің «Сиқырлы домбыраның сазы», ақын Фариза Оңғарсынованың «Тағдыр» мақалалары енген. Бұл кітап Өтепберген Хамзаұлының 50 жылдық мерейтойы қарсаңында жазылған болатын. Мұнымен өмірдегі өзі ұстанған бағытының дұрыстығына басқалардың көзін жеткізуде. («Жұлдызың жансын, жерлесім» Қ. Ахмедяров. 143 бет.) «...Менің жол үстінде ғұмырын өткізген шағын ауылымнан шығып, өнер өріне қанат қаққан, қиындықтарынан тайсақтап, адалдық соқпағынан айырылмаған інім, біздің ауылымыздың алтын қазақтарының бірі болған Хамза ағамыздың «Құдайдан сұрап алған» Өтепбергені тағдыр жолымен талантын қамшылап келе жатқанын мақтан етемін». («Саз саңлақтары». Фариза Оңғарсынова «Тағдыр» 151бет.) «...Біз, Алдамберген, Өтепберген, мен – үшеуміз домбыра, мандолин, скрипка тартып, өзімізше ансамбль құрып, Жаңылсын қосылып ән салатын. Көп сөйлемейтін Хамзекең сүйсініп, көздері күлімдеп, ал Қанзипа шешеміз бізге дәмді тамақ пісіріп, біздің қылықтарымызға қарап, сүйсініп жүретін жылдар. Өтепбергеннің өмірбаянындағы ерекше айқын беттер. Өйткені өнер адамы үшін творчестволық ортада, өз



бойындағы киелі сәуленің дүниеге шашырай төгілуіне әсер етер ортада жүру үлкен бақыт». Өтепберген Хамзаұлының 60 жылдық мерейтойына орай «Өнеге» журналында (авторы А.Столповскийдің) «Өтепберген Хамзаұлын біле түскен сайын, оның күш – қуатына, еңбекқорлығына таң қаласың. Тәжірибелі оқытушы, музыкант орындаушының бұл қасиеттері, оның бұрынғы түлекткері мен қазіргі шәкірттерінен байқалады. Олар үшін ұстаздары тірі үлгі», - деген цитаталар берілген. Осы жолдардан Өтепберген Хамзаұлының еңбекқорлығын, өз ісіне адалдығын, өзінің мамандығын шексіз бағалайтынын білуге болады. Ал 2011 жылы «Казакстанская правда» газетінің № 127-128 сандарының 12 бетінде Өтепберген аға жайлы Сафар Әналеевтің «Роман с оркестром» деген үлкен мақаласы жарық көрді. Бұл 70 жылдық мерейтой қарсаңында Өтепберген Хамзаұлының Құрманғазы атындағы академиялық оркестріндегі 40 жылғы еңбегі, оркестрдің Өтепберген Хамзаұлы үшін рөлі, орындаушы Өтепберген шығармашылығы жайлы жазылған үлкен мақала.

Құрметті профессор көптеген конкурстардың лауреаттарын дайындаған, оқушыларының ортасында үлкен беделге ие болған тәжірибелі ұстаз – Өтепберген Хамзаұлы, Қазақстандағы домбыра – прима аспабының жоғарғы және орта оқу орындарында оқытылу барысында үлкен ықпал еткен маман. Өтепберген Хамзаұлының ұстаздық тәжірибесінен туындаған оқушы мен ұстаздың қарым – қатынасы мен оқушының қалай дайындалу керектігін дөп басатын методикалық тұжырымдар, шығарманың оқушыға қиындық тудыратын тұстарын дайындалудағы өзіндік жаттығулары – болашақ маман үшін таптырмас әдіс.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Ө.Хамзаұлы, Е.Басықара. *Шертер үйрену мектебі – Алматы 2011.-3-5с.*
2. Ө.Хамзаұлы, Е.Басықара. *Домбыра – прима үйрену мектебі – Алматы 2015.-9с.*
3. *Ізмұратова З.Ш. Шертердегі орындаушылық өнер 1999.- 12с.*
4. *Ізмұратова З.Ш. Шертер мен Домбыр примаға арналған хрестоматия Алматы 2016.- 20с.*
5. *Еркебұлан М. «Әлемге әйгілі оркестр» Алматы 2005.- 5с.*
6. *Гизатов // Казахский оркестр им.Курмангазы // Алматы 1994.- 11с.*
7. *Ж. Шәкәрім // Көне дүние күмбірі-мелодий древности // Алматы – 2-3с.*

**ӘӨЖ 574.11**  
**ГРНТИ 09.03.01**

*Б. Әбдіберікұлы<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Құрманғазы атындағы ҚҰЖ-ның магистранты  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ТӨЛЕПБЕРГЕН ӘБДІРАШЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПОРТРЕТИ**

*Аңдатпа*

Қазақстанда оркестрлік дирижерлік өнер екі бағытта (мектепте) қалыптасқан және дамып отыр. Олар: бірі – қазақ ұлт-аспаптары оркестрі; екіншісі – симфониялық оркестр. Екеуінің ағымы бөлек. Дирижер – үлкен теориялық білімі, практикалық тәжірибесі бар музыкант. Әртүрлі музыкалық аспаптардан құралған үлкен ұжымды басқару үшін, ол оркестр құрамына кіретін барлық аспаптарды, олардың жеке ерекшеліктерін, техникалық мүмкіндіктерін жақсы білуі керек. Қазақстан дирижерлік өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан екі бағытты да қамтып, өшпестей із қалдырған Т.Әбдірашевтың мұрасын қамтимыз. Мақалада Қазақстан Республикасының Халық әртісі, бүкілодақтық Ленин Комсомол сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік "Құрмет" сыйлығының иегері, профессор – маэстро Төлепберген Әбдірашевтың шығармашылық қызметі болмақ. Дирижердің өмірбаянын әр түрлі кезеңдерге шолу жасай отырып, қазақ дирижерлік өнерінің даму үрдісін көрсетеміз.

**Кілтті сөздер:** Дирижер, оркестр, опера, симфония, композитор, консерватория, күйші.

Абдиберикулы Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Магистрант КНК им.Курмангазы

г.Алматы, Казахстан

## ТВОРЧЕСКИЙ ПОРТРЕТ ТОЛЕПБЕРГЕНА АБДРАШЕВА

*Аннотация*

Оркестровая искусство в Казахстане развивается по двум направлениям (школа). Это: оркестр казахских народных инструментов; а другой - симфонический оркестр. Два потока являются отдельными. Толепберген Абдрашев являлся крупным дирижером – исполнителем современности оперно – симфонического жанра музыкального искусства Республики Казахстан. Исполнительское мастерство Т.Абдрашева получило признание во многих странах мира, таких как США, Германия, Куба, Великобритания, Южная Корея, Россия и мн.др. В статье будет представлена творческая деятельность народного артиста Республики Казахстан, лауреата Всесоюзной премии имени Ленинского комсомола, лауреата государственной премии «Құрмет», профессора – маэстро Толепбергена Абдрашева. Рассматривая биографию дирижера на разных этапах, мы показываем процесс развития дирижерского искусства Казахстана.

**Ключевые слова:** Дирижер, оркестр, опера, симфония, композитор, консерватория, куйшы.

*Abdiberikuly B.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Master student of KNC named by Kurmangazy

Almaty, Kazakhstan

## CREATIVE PORTRAIT OF TOLEPBERGEN ABDRASHEV

*Abstract*

Orchestral art in Kazakhstan develops in two directions (school). These are: Kazakh folk instruments orchestra; and the other is a symphony orchestra. The two streams are separate. Tolepbergen Abdrashev was a major conductor - contemporary performer of the opera and symphonic genre of musical art of the Republic of Kazakhstan. The mastery of T.Abdrasheva gained recognition in many countries of the world, such as the USA, Germany, Cuba, Great Britain, South Korea, Russia and many others. The article will present the creative activity of the national artist of the Republic of Kazakhstan, the winner of the All-Union Prize named after the Lenin Komsomol, the laureate of the state prize "Kurmet", the professor - maestro Tolepbergen Abdrashev. Considering the biography of the conductor at different stages, we show the process of development of the conductor's art of Kazakhstan.

**Key words:** Conductor, orchestra, opera, symphony, composer, conservatory, kuishy.

Маэстро Төлепберген Әбдірашев Қазақстан Республикасының халық әртісі, бүкілодақтық Ленин Комсомол сыйлығының лауреаты, халықаралық «Герберт фон Кароян» дирижерлар конкурсының лауреаты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік "Құрмет" сыйлығының иегері, профессор.

М.М.Бахтиннің айтуы бойынша «өмірбаяны мен өнердегі тұлғалық қабілетін бір-бірінен ажыратуға болмайды».

Т.Әбдірашевтың оқыған оқу орындары және ол жердегі тәлім беретін мықты педагогтар, оның творчествасының қалыптасып дамуына, және өз стилін қалыптастыруына зор үлесін қосқан Құрманғазы атындағы консерватория (Алматы), П.И.Чайковский атындағы консерватория (Москва) және де Вена музыкалық акедемиясы.

Ежелден ән мен күй табиғатымызға ауадай жақын әрі қажет болғанымен, оның ғылыми-теориялық тұрғыдан жүйеленуі әлдеқайда кенже дамыған. Мұның өзі кез-келген халықтың өркендеу жолындағы заңды көрініс десек те біздің музыкалық тарихымызда басқалардан да гөрі кешіректеу қалыптасқаны рас. Соның әсерінен шығар, жекелеген шығармалары классикалық озық үлгілерден ешқандай кем түспегенімен Құрманғазы, Дәулеткерей, Ақан сері сияқты таланттарымыздың дүние жүзілік кең ауқымда қабылдана бермейтіні аса өкінішті. Ел, жер, шекара деген түсініктерден мүлдем аспандап кеткен Моцарт, Бетховен, Брукнер, Сибелиус, Малер, Чайковский, Шостаковичтің музыкада жасаған "төңкерістеріне" адамзат баласының керемет іңкәр болуы да осыдан. Өнерде бағы тасыған бұлардың қай-қайсысымен де йығы теңдес Құрманғазы сияқты жүз, мың жылда жалқы туатын құбылыстың жоғарыда аталғандармен

бірегей қабысып тұрмау себебін ең алдымен революцияға дейін халық санасын улап келген мешеуліктен, талантқа деген қамқорлықтың жоқ болғанынан іздейміз. Шүкіршілік, мұндай керенаулықтан міне, алпыс жылдан асты, арыла бастадық. Шуман, Лист, Шопен, Бизені туғызған ортаның бұл күндері қазақтың музыкалық бай дәстүрінен де мағлұматы бар, жер шарының түкпір-түкпіріне қалықтай ұшқан халқымыздың қасиетті ән-күйлері қаншама. Осынау игілікті істің негізінде дарынды өнер шеберлеріміздің атқаратын маңызы ерекше. Бұлардың арасында әнші, күйші, биші, жыршы сияқты атаулар құлағымызға соншалықты таныс, ал дирижер дегенде, сәл тосырқай қарайтынымызды жасырудың керегі жоқ. Өйткені, жазып-сызуы ерте дамыған елдердің өзінде ХІХ ғасырдың басында ғана өнердің дербес түрінде өрістегенін ескерсек, біздегі хал-ақуалының сипатына қанағаттанған мереймен қараймыз.[4]

Ахмет Жұбанов бастап, Шамғон Қажғалиев жалғастырған дирижер өкілдерінің бүгінгі толқыны ішінде талантты жас 1977 жылы студент кезінде Батыс Берлинде өткен Дүние жүзілік "Фонд Герберт фон Караян" атындағы халықаралық конкурстың лауреаты Төлепберген Әбдірашевтің есімін айрықша айтамыз. Творчествалық бет-бағдарысы айқындалып келе жатқан жігіттің өнерге келуінің өзі ғажап жәйт. Симфония, оркестр, партитура деген сөздерді кішкентай кезінде естімеген, алыс түкпірдегі қарапайым қойшы баласының мектеп бітіргенге шейін нотаның не екенінен хабарсыз болғанына сену қазір тіпті мүмкін емес. Қызылорда облысының Жаңақорған ауданының Бесарық ауылдық кеңесіне қарасты Кеңес ауылында туылған. Осы ауданның "Талап" ауылында оныншы класты №54 орта мектепті 1966 жылы бітірді, дирижер мамандығын таңдауды былай қойғанда, мұның тіпті не нәрсені білдіретіні де ойына кірмеген.

Мектепті бітірген жылы анасы қайтыс болды да, ауылдан еш қайда ұзауға жағдайы келмейді. Трактор айдап, совхоздың қайнаған жұмысының бел ортасында жүрді. Бірақ жастайынан қиялын тербеткен сиқырлы күш алысқа жетеледі де тұрды. Көп ұзамай Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияның, дайындау курсынан бірақ шықты. Сірә, адамның бойындағы қабілетін оятып, сыртқа жарқ етіп шығуында тілмен жеткізу қиын сиқырлы бір жұмбақ жатса керек. 1967 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияға оқуға түсіп, екі жыл бойы музыка әліппесін үйреніп, қазақтың халық аспаптары кафедрасына қобыз класы бойынша оқуға түсіп, қобыз және дирижер мамандықтары бойынша бітіріп шықты. Оған қобыздан мамандығынан сабақ берген Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Меруерт Каленбаева ал, дирижерлық мамандығы бойынша дәріс берген Қазақстанның халық әртісі, профессор Тұрғыт Османов шәкіртінің болашағынан зор үміт күтіп оған өнердің қыр-сырын үйретуден жалықпады. Үшінші курста шебер педагог, дарынды дирижер, Қазақ ССР-нің халық әртісі Тұрғыт Османовтың ақылымен бойындағы қабілетін дирижерлық бағытта жалғастыруға мүмкіндік алды. Тұрғыт Османов тарапынан жасалынған қамқорлықтың шегі жоқ еді. Халық аспаптары оркестрінің дирижеры деген мамандық бойынша консерваторияны аяқтап, Шымкент қаласындағы музыкалық училищесінде Төлепберген Әбдірашев 1974-1975 жылдары оқытушылық қызметте болады. Келесі 1975-1979 жылдары нар тәуекел деп, Москваның Петр Ильич Чайковский атындағы консерваториясына сапар шекті. Опера - симфониялық дирижер класы бойынша бағын сынамақ болды. Үш орынға қырықтан астам үміткер жиналған, сол үшеудің бірі болып Лениндік сыйлықтың лауреаты, Совет Одағының халық әртісі Геннадий Рождественскийдің класына қабылданғанда, қатты толқыған. 1977 жылы Москвада оқи жүріп, Батыс Берлинде өтетін дирижерлардың халықаралық конкурсына қатысу бақытына ие болды. Бүгінгі заманның бірінші дирижері саналатын Герберт фон Караянның жеке қаражатымен ұйымдастыратын дәстүрлі конкурсынан талай-талай атақты шеберлердің кезінде тұсауы кесілген. Бұл жолы да дүние жүзінің барлық түкпірінен дерлік өкілдер топтасыпты. Сырттай бәрі мықты көрінгендердің арасынан Төлепбергенге таңданып та, күмәндәнеп та қарағандар кездесіпті, конкурс шарты оңай емес еді, он сегіз шығарма орындау керек болса, қандайы тап келетінін қайдан білесің.

Мәскеу консерваториясын бітіргеннен кейін республикамызға келіп, мемлекеттік симфония оркестріне дирижер болып орналасады. Қашаннан жаңалыққа жаны құмар Төлепберген үнемі ізденіп, білімін жетілдіріп отырады. Ол Австрияның Вена қаласындағы музыка академиясында білімін көтереді.

Төлепберген Әбдірашев мемлекеттік Абай атындағы опера және балет театрының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік симфония оркестрінің, Қазақтың мемлекеттік академиялық Құрманғазы атындағы оркестрінің, Нұрғиса Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық Отырар сазы атындағы оркестірлерінің бас дирижеры және көркемдік жетекшісі қызметін атқарды.

Төлепбергеннің осындай өнер жолындағы еңбегі де орынды бағаланып келді. Ол Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Бүкілодақтық комсомол сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясының профессоры, Қазақстан

Республикасының мемлекеттік сыйлықтарын беру комитетінің әдебиет және өнер саласы бойынша мүшесі болды.

Сергек сезімталдық, мейірімділік, ұшқыр қиял кішкентайынан сенімді серігі болса, музыкалық білімнен сусындаған тынысымыз оқу жылдары философиялық, тұжырым, ойлау жүйесінің көкжиегін одан әрі кеңейтті.[1]

Шарасынан төңкеріле жаздап, төңірегіне елегізі қарайтын нұрлы көздерінен ұшқын шашырайтын кішкентай қара баланы әдебиет пәнінің мұғалімі Мағжан Махамбетов назарынан тыс қалдырмауға тырысатын. Мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесіне де баулыған сол кісі. Домбыраның құлағында ойнайтын оқушысы халық композиторларының күйлерін орындаған кезде ұстаз жүрегі мазасызданып, өзгеше ойға шоматын. Бәлки, үлкен өнерге апарар жолға жетектеген де Мағжан мұғалімнің әсері шығар. Балалық шақтың әр адамның зейінінде әрқилы із қалдырып, тұтастай тағдыр жасауда мәңгі өшпейтін өзіндік белгілері болуы жиі ұшырасады. Сол өзіндік белгілер кейін алды-артыннан сағымдай бұлдырап, ұдайы бір үміт, бір сенім белгісінде кезектесе жарысып, жан-жағыннан демейді де отырады. Адам үшін тіршілік бал дәуреннің ертегідей елестерінен ғана алғашқы демін алады екен.[2]

Музыкалық мәдениеті көне замандардан нақтылы жүйеге келтірілген елдердің білгіштері қайталап жазудан жалықпайтын бір тұжырым бар : «дирижерлықты үйренбейді, дирижер болып туады». Таласу қиын. Біздерге тосын ұғым тәрізді көрігенімен, дирижерға қажетті қасиеттің ешқайсысы да қанымызға жат болмаған. Түбірі француз тілінен өрбіген, " басқару, менгеру " дегенді білдіретінін ескерсек, атауының ғана оқыстау естілетінін байқаймыз. Мазмұн жағынан, яғни музыканы қабылдау, түйсіну, оны түрлі бағытта тарату, дамыту, елден - елге насихаттаудан жүрдай болдық деуге хақылымызба?! Ендеше Әбдірашевтың о бастан дирижер боп туғанына шүбә келтірмейміз. Өзін адам қалпында сезіну сәтінің қызық көрінісінен-ақ оның табиғи болмысы әнді, күйді, сазды менгеруге лайық қаласа тіпті кез - келген үнді " уыстап алып лақтыруға " шамасы жететінінен хабардар қылады. Төлепберген таңдаған өнердің құдіреті де осында, "құлақтан кірген" әуенді алақанымен аялап, әлсіз діріліне шейін жан-тәнінің елегінен өткізуінде.

Соңғы жылдары республикамыздың музыкалық өміріндегі маңызды жаңалықтарында Төлепберген Әбдірашевтың елеулі үлесі бар. Оның ішкі жан дүниесіне Бах, Шуберт, Брамс, Рахманинов, Чайковский, Сибелиус сияқты романтик симфонистер жақын болғанымен, шеберлігін айқындап, өзіндік өрнегін табу үшін, әр алуан дәуір мен бір-біріне ұқсамайтын композитор шығармаларына зерделікпен ұдайы үніліп отырды. Дирижер ойы, қиялы, көзқарасының басты құралы оркестр десек, ондағы адамдардың әрқайсысының орындаушылық өз беті бар. Оркестірмен жұмыс істеу, қандай да спектакльдің көркемдік деңгейін көтеру дирижердан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Кейіпкер көңіл күйінің әр сәтіне шейін, жалпы шығарманың тұтас мазмұнын, әуездік желісін жадында сақтап, титтей өзгерісін қалт жібермейтін Төлепбергеннің дирижерлық елгезектігін театр артистері өте жоғары бағалайды.[ 2 ]

Әбдірашевтың шығармашылық мұрасы Қазақстанның заманауи музыкалық мәдениетінде алатын орны ерекше.

Дирижер Әбдірашевтың шығармашылығының бастапқы кезеңі Қазақ КСР Мемлекеттік симфониялық оркестрімен байланысты. 1987 жылы Әбдірашев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік симфониялық оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері болды. Әбдірашевтің әрі қарай дирижерлық қызметі негізінен осы оркестрмен байланысты, оның жетекшілігімен елдегі ең үздік музыкалық ансамбльдердің бірі болды, ол жеке дыбыстық және қайталанбас репертуармен белгілі болды. Қазақ композиторлары М.Төлебаев, Е.Брусиловский, Ғ.Жұбанова, Е.Рахмадиев, Қ.Қожамяров, С. Мұхамеджанов, Б.Жұманиязов, М.Сағатов, А.Серкебаев, Т.Қажғалиева т.б. композиторлардың шығармаларының керемет интерпретациясы, тамаша оқулары мен партитуралар және Әбдірашевтің мемлекеттік симфониялық оркестірмен құрған, концерттік жетістіктері мен дыбыстық жазбадағы тамаша жетістіктері болды.

Шебердің кең музыкалық мүдделері отандық музыкамен шектелмеген. Оның репертуарында әр жылдарда Бах, Глюка, Гендель, Моцарт, Р. Страусс, Россини, Визе, Верди, Григ, Шуберт, Вебер және т.б. сияқты шетелдік композиторлардың шығармаларымен толығып тұрды. Әбдірашев кеңінен танымал туындылардан басқа, Сен-Санса, Листтің «Фауст-симфония», Берлиоздің «Траурно-триумфальная симфониясы», сондай-ақ қазіргі заман авторлары А.Шнитке, А.Петров, Б.Тищенко, Э.Данисов пен С. Губайдуллина сияқты танымал композиторлардың шығармаларын орындаған. Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің - «Абай» операсы, П.Чайковскийдің «Евгений Онегині», Ғ.Жұбанованың «Құрманғазы» операларын, С.Слонимскийдің «Мария Стюарт» операсы, балеттен - П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик», С.Прокофьевтің «Золушка», П.Гертельдің «Тщетная предосторожность» және басқа да шығармалар болған. [ 3 ]

Біздің жұмысымыз үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағатында табылған Төлепберген Әбдірашевтың шығармашылық жұмысы туралы бейнежазба өте пайдалы әрі қызықты болды. СССР-дің Халық әртісі, Лениндік сыйлығының лауреаты Геннадий Николаевич Рождественскиймен сұхбаттасуының фрагментін қосу қажет деп санаймыз. Сонымен, ол былай дейді: "Жаңадан келе жатқан қазақ музыканттары жайлы сөз қозғағым келеді. Мен бұл қазақтың музыканттары жайлы түсірілген фильмді кейінірек көретін шығармын, бірақ мен қазіргі таңда көрермендермен бірге нағыз өнерпазды көріп жүрмін. Дирижер Төлепберген Әбдірашев П. И. Чайковский атындағы Мәскеудің мемлекеттік консерваториясында менің класымнан бітіріп шықты, оқу жылдарында маған тек қана қуаныш сыйлайтын. Менің есімде оның бірінші консультация күні келіп яғни оқуға түсуге даярлық кундерінде көріп, мен бірден түсіндім, менің алдыма нағыз кәсіби музыкант, нағыз болашақ әртіс келіп тұрғанын. Мен оны нақты қалай түсіндірімізді білмеймін, бірақ мен оның бойынан сезім байқағаным, ол нағыз алған бағытынан таймайтынын, оның музыкаға деген махаббаты, оның үлкен еңбекқорлығы оқу жылдары бізге айқын дәлел болды. Төлепберген Әбдірашев Мәскеу мемлекеттік консерваториясында оқу жылдары Батыс Берлинде өткен халықаралық Герберд Фон Караян атындағы дирижерлер байқауына қатысып, одан лауреат атанды, ол оның бірінші халықаралық конкурсы және халықаралық үлкен жеңісі еді. Кейінірек, мен оның Вена қаласындағы Вена музыка академиясында стажировкада жүргенін бақылап жүрдім. Әрине, маған оның ондай жетістігін көру өте қуанышты еді. Ол әрбір өзінің сағатын, минутын Австрия мәдениетімен, музыкасымен танысып білу үшін кейін өзінің творчестволық ойына пайдалану үшін бұл уақытты ол өте ұтымды пайдаланатын. Бүгінгі күнде Төлепберген Әбдірашев Қазақстан музыка мәдениетінің көрнекті өкілі болып есептеледі. Мен ойлаймын оның осындай дарабоздығымен еңбекқорлығымен осындай жетістікке жеткені өте әділетті деп есептеймін. Әрине мен оған тек қана үлкен табыстар тілеймін және сондай биіктен көрінетініне кәміл сенемін -дейді Геннадий Николаевич Рождественский". [ 1 ]

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік симфониялық оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Қанат Ахметов айтқандай, "...Герберт Фон Караян дирижерлер конкурсындағы жеңісінен кейін Төленді консерватория қабырғасында, әзілдеп Төлеп фон-Берген Әбдірашев деп қалжындап жүрді" Осы сөздерден-ақ түсінікті Төлепберген Әбдірашев өз шығармашылығында ұлы биіктерге жетті, ол халықаралық өнер танушылардың жоғары бағасына ие болды.

Дирижердің шығармашылық портретін Ресейдің Халық әртісі, Ярославль академиялық губернаторлық оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері М. Аннамамедовтің сөздерімен толықтырғмыз келеді. 1975 жылы олар Мәскеу Консерваториясына оқуға барған кезде Әбдірашевпен кездестіп, танысыпты. "Музыкалық дүниедегі өзінің шығармашылығын керемет түрде атқарған қазақтың танымал дирижері өз халқына шынайы қызмет көрсетудің үлгі тұтар символы болып қала бермек. Төлепберген Әбдірашев Ұлы тұлға". [1, 138б]

Биыл қараша айында Мемлекеттік Жамбыл атындағы филармониясында Төлепберген Әбдірашевқа арнап «Посвящение Маэстро» атты фестиваль өтіп жатыр. Бұл шарада шет мемлекеттерден әлем саңлақтары және де маэстроның шәкірттері өнер көрсетеді. Бұл шара жаңадан қадам басқан жас дирижерлерға үлкен септігін тигізбек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. О.Абдуллаев. *Маэстро Төлепберген Абдрашев.* [мәтін] Алматы 2010. – 138б.
2. *Аудио запись Т.Әбдірашевтың жұбайынан алған сұхбат.* [үнтаспа] 24 қазан 2017.
3. *Аудио запись Т.Әбдірашевтың ұлы Бахтияр Төлепбергенұлынан «Классика» радиосынан алынған сұхбат.* [үнтаспа] 2017.
4. *Темірғалиев Ж. // Қазақ оркестрін аспаптандыру* // [мәтін] Алматы 2010ж 10б.

**ҰСЫНЫСТАР ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

- <sup>i</sup> Алишина Х.Ч. Семантическая и генетическая дистрибуция истории ономастикона средневековых памятников письменности // Тюркские народы: материалы V Сибирского симпозиума «Культурное наследие народов Западной Сибири». Тобольск; Омск, 2002.
- <sup>ii</sup> Трофимова О.В. Ведомость Тюменской воеводской канцелярии 1746 года как источник по этнической истории татар // Тумашевские чтения: актуальные проблемы тюркологии: материалы Всероссийской научно-практической конференции, посвященной 80-летию академика Д.Г. Тумашевой. Тюмень, 2007. С. 208.
- <sup>iii</sup> Чехов А.П. Остров Сахалин (из путевых записок). Южно-Сахалинск, 1995.
- <sup>iv</sup> Потапова Н.В. Вероисповедная политика Российской империи и религиозная жизнь Дальнего Востока во второй половине XIX – начале XX вв. (на примере Сахалина): монография. Южно-Сахалинск, 2009. С. 183.
- <sup>v</sup> Кабузан В.М. Дальневосточный край в XVII – начале XX в.: историко-демографический очерк. М., 1985.
- <sup>vi</sup> Потапова Н.В. Вероисповедная политика Российской империи и религиозная жизнь Дальнего Востока во второй половине XIX – начале XX вв. (на примере Сахалина): монография. Южно-Сахалинск, 2009. С. 183-185.
- <sup>vii</sup> Кириллов И.И. Очерки истории Восточного Забайкалья. Читинская область. Т. 1. Чита, 2007. С. 131.
- <sup>viii</sup> Баринов И.А. Взаимоотношения шиитов и суннитов в Восточном Забайкалье (1907–1909 гг.) // Известия Иркутского государственного университета. Серия: Политология. Религиоведение. 2012. № 1 (8). С. 221-225.
- <sup>ix</sup> Перинов В.В. Мусульмане в Забайкалье: середина XIX века – 1917 год: автореф. дисс. ... к. ист. н. Улан-Удэ, 2010.
- <sup>x</sup> Лобанов В.Г. Старая Чита. Чита, 2001. С. 149
- <sup>xi</sup> Кальмина Л.В. Этническая политика самодержавия и некоренные этнические группы в Байкальском регионе. Тюмень // Вестник археологии, антропологии и этнографии. 2009. № 10. С. 97.
- <sup>xii</sup> ЦГА РУ. Ф. И-461. Оп. 1. Д. 1260. Л. 99 об.
- <sup>xiii</sup> Семёнов Г.М. О себе (Воспоминания, мысли и выводы). М., 1999. С. 94.
- <sup>xiv</sup> Откровения отца Филофея // В.В. Маркович, Три атамана. М., 2003. С. 226.
- <sup>xv</sup> Семёнов Г.М. О себе (Воспоминания, мысли и выводы). М., 1999. С. 30.
- <sup>xvi</sup> Шохуморов А. Разделение Бадахшана и судьбы исмаилизма. М.; Душанбе, 2008. С. 96.
- <sup>xvii</sup> Салманов Ф.К. Сибирь – судьба моя. М., 1988.
- <sup>xviii</sup> Константинова Н.Н. «Не может произойти соблазна в вере...» // Забайкалье: наука, культура, жизнь. 2003. № 5. С. 42.
- <sup>xix</sup> Малашенко А.В., Старостин А.Н. Ислам на российском Дальнем Востоке // Россия в глобальной политике. 2016. Т. 14. № 4. С. 196-212.
- <sup>xx</sup> В г. Красноярске с 1993 г. В 2007 г. совершил хадж. – см.: Для мусульманина не знать хотя бы суру «Фатиха» стыдно // Исламский край. 2009. июль.
- <sup>xxi</sup> Национальная организация русских мусульман. - <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- <sup>xxii</sup> Силантьев Р.А. Ислам в современной России: энциклопедия. М., 2008. С. 479.
- <sup>xxiii</sup> Старостин А.Н. По мусульманским общинам Урала и Сибири. Материалы к курсу «Краеведение: история ислама на Урале». Екатеринбург, 2015. С. 22.
- <sup>xxiv</sup> Тощенко Ж.Т. Теократия: фантом или реальность? М., 2007. С. 157.
- <sup>xxv</sup> Так, в 2017 г. Курганским городским судом был вынесен заочный приговор Миртаги Агаеву. 26-летнего уроженца Азербайджана (но он вырос в Кургане) обвинили в участии в боевых действиях в Сирии на стороне запрещённого в РФ «Исламского государства». Примечательно, что до 2014 г. юноша вёл активную общественную жизнь: являлся членом правления Курганского регионального отделения Всероссийского азербайджанского конгресса и участником многих мероприятий. Суд назначил Агаеву 4 года лишения свободы в колонии общего режима, но он скрывается от правосудия на территории Азербайджана. – см.: «На видео он стрелял по людям из автомата». Курганскому террористу вынесли приговор. URL: <http://uralpolit.ru/article/kurgan/29-08-2017/118627> (дата обращения: 15.07.2018); Россия – это разноцветие культур. URL: <http://www.edinros-zaural.ru/rossiya-eto-raznocsvette-kultur.html> (дата обращения: 15.07.2018)
- <sup>xxvi</sup> Интервью с П.А. Агаджановым в г. Тюмени 11.02.2018 г. // Полевые материалы А.Н. Старостина; Мечети и мусульманские организации Тюмени // Муслим-инфо (Тюмень). 2018. № 1 (76) февраль;

Исламовед проехался по мечетям Тюмени // Муслим-инфо (Тюмень). 2018. № 2 (77) февраль.